

7. 1917/18 302
2-12

ЗАҶҒА - ҚҶРМЕТ, ӘЛЕҰМЕТКЕ - ӘДІЛЕТ



В 2012

ЗАҢА – ҚҰРМЕТ, ӘЛЕУМЕТКЕ – ӘДІЛЕТ

(Атырау облысы прокуратурасының
өткен тарихы мен бүгіні)



АРЫС

«Арыс» баспасы
Алматы
2003

ББК 67.99(2К)32

3-22

Жалпы редакциясын басқарған Атырау облысының прокуроры, 3-дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі **Мұқтар Әкебайұлы ЖӨРГЕНБАЕВ**.

Құрастырған – Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері, облыстық "Прокуратура жаршысы" қоғамдық құқық қорғау газетінің бас редакторы **Төлеген ЖАҢАБАЙҰЛЫ**.

Әдеби өңдеуге қатысқан Қазақстан Журналистер одағының мүшесі **Тарас НАУРЫЗӨЛІ**.

3-22 ЗАҢҒА – ҚҰРМЕТ, ӨЛЕУМЕТКЕ – ӘДІЛЕТ. Құрастырушы-редактор **Төлеген ЖАҢАБАЙҰЛЫ**. Алматы, "Арыс" баспасы, 2003. – 216 бет + 16 бет суретті жапсырма

ISBN 9965-17-074-6

Прокуратура органдары ұстанған бағытты одан өрі өрістетіп, бірлігімізді бекіте түсіп, тарихымызды түгендеуді жалғастыру парыз. Кешегімізге құрметпен қарасақ, бүгінгіміз берекелі, келешегіміз келісті бола түсері ақиқат. Осы мақсатпен тырнақтап жинақтап, өздеріңізге ұсынылып отырған бұл кітапқа түрлі авторлардың, олардың ішінде прокуратура қызметкерлерінің, бүгінде ортамызда жүрген және марқұм болған ардагерлердің, сондай-ақ өлкетанушылардың, журналистердің Атырау прокуратура органдарының өткен жолдарын, бүгінгі тыныстарын баян етуге арналған макалалары, очерктер мен естеліктер кіргізіліп отыр. Кітапта баспа бетін тұңғыш рет көріп отырған естеліктер, тарихи құжаттар, мұрағаттық суреттер, жәдігерлер баршылық.

Кітап қалың оқырман қауымға арналады.

ББК 67.99(2К)32

3 1203020100
446(05)-03

ISBN 9965-17-074-6

® «Арыс», 2003

ӨТКЕННІҢ ӨРНЕКТІ ІЗДЕРІ

(оқырмандардың есіне)

Асу белдерден өтіп, артында алпыс бес жылға жуық жолды қалдырған Атырау прокуратура органдарының тарихы шежіреге кенде емес. Сол қатпар-қатпар тарихты хаттап, қағазға түсіріп, кеше мен бүгінді сабақтастырып, қалың оқырманға кітап етіп ұсыну көзделген еді. Соның сәті, міне, енді түсіп отыр.

Кезінде үлгеріп, өшпестей, жоғалмастай етіп түгендемесең, жылдар өткен сайын өткеннің іздері көмескілене береді. Облыс прокуратурасының әрісі мен берісін саралап, жинақтау барысында да осы қиындықтар мен кедергілер болмай қалмады. Мұндайда кітапханалардағы сан сырды қойындарына жинақтаған газет-журналдар, мұрағат қорларындағы сарғайған құжаттар, мұражайлардағы көне жөдігерлер, қатарлары сирей бастаған аяулы ардагерлер, зиялы заңгерлер, әрине, барша қауым көмекке келді. Біреудің жоғын біреу түгендеді.


Кітапта Атырау прокуратурасының құрылғаннан бергі тарихы, республика көлемінде қызметтерде болған атыраулық атақты заңгерлер, облыстың тұңғыш прокуроры Төрешев Қалқаннан бермен қарайғы прокурорлар, еңбегі сінген, құрметке бөленген прокуратура қызметкерлері хақында баян етіледі. Олардың бірқатарының өмір жолдары мен қызметтері туралы жазылған очерктер, мақалалар берілді. Бір тобы суреттер арқылы қамтылды. Қатардағы қызметкерлер де қалыс қалған жоқ. Жасыратыны жоқ, әлі де болса аттары аталмаған, өмірдеректері қолға түспей, кітап беттерінен тысқары қалған қызметкерлер болуы әбден мүмкін. Олардан алдын ала кешірім сұраймыз.

Сонымен қатар, кітапта прокуратура органдарының бүгінгі тынысы, сан салалы қызметтерін, өсу жолдарын көрсету де алға мақсат етіліп қойылды. Бұлар — қала, аудандар және арнаулы прокуратуралардың прокурорларының, облыстық прокуратураның бөлім бастықтарының, қызметкерлердің мақалаларында көрініс тапты. Өткенді және бүгінгі әр саланың, прокуратуралар мен бөлімдердің қызметтерін бейнелейтін суреттер де көптеп беріліп отыр.

Өлең өрнектері мен этюдтарға да кітаптың мазмұнын байыта түсер деп әдейі тарау арналды.

Кітаптың “Заңға — құрмет, әлеуметке — әділет” деп аталуына сай заңдылықпен жақтас болып, халыққа әділеттілікпен қызмет көрсетуді парыз санаған Атырау прокуратурасының тарихын шама-шарыққа қарай түзу, бүгінін көз алдарыңызға әкелу ниетінен туған кітап өрнекті із қалдырса ойымыздың орындалғаны дейміз.

Құрастырушы



И



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

83-бап

1. Прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдарды, Қазақстан Республикасының Президенті Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Республика Конституциясы және заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғынға асырады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ “ПРОКУРАТУРА ТУРАЛЫ” ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының “Қазақстан Республикасының прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” 2002 жылғы тамыздың 9-ындағы № 346-ІІ заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы” 1995 жылғы желтоқсанның 21-індегі № 2709 заң күші бар Жарлығының атауы өзгертіліп, “Прокуратура туралы” Қазақстан Республикасының заңы болып аталды.

1-бап. Қазақстан Республикасының прокуратурасы*

1. Қазақстан Республикасының прокуратурасы – Республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуына, жедел-іздістіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, өкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретін мемлекеттік орган.

2. Прокуратура кез келген заңдылық бұзушылықты анықтау және жою жөнінде шаралар қолданады, Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар өзге де құқықтық актілерге наразылық жасайды, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайларда тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

* Заңнан үзінді



Рашид ТУСПБЕКОВ,
*Қазақстан Республикасының Бас прокуроры,
2-дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі*

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ НЕГІЗІ – ТАРИХТЫ ТҮГЕНДЕУ

Еліміздің өмірінде прокуратураның алатын орны ерекше. Заңдылықтың сақталуын қадағалау, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау және басқа да жүктелген сан салалы міндеттерді атқару оның еншісінде. Прокуратура органы мекемелерде, кәсіпорындарда және құқық қорғау органдарында кез келген заң бұзушылықты жоюға міндетті. Президентке тікелей бағынатын және есеп беріп отыратын, заңдардың, Елбасы Жарлықтарының және басқа да құқықтық-нормативтік актілердің республика аумағында біркелкі, дәл қолданылуын жоғарғы қадағалауға ықпал етуде.

Атырау облысының прокуратурасы – қиын-қыстау және өрісті жолдардан өтіп, артында айшықты іздері қалған, өзіндік тарихы бар прокуратура органы. Онда небір тағылымды заңгерлер қызмет атқарған. Облыстық және Мақат ауданының прокуратураларында халық тергеушісі болып қызметін атқарып, майданға аттанған, соғыста ерен ерліктің үлгісін көрсетіп, Кеңес Одағының Батыры атанған Муса Баймұқанов заңгерлер үшін үлгі болды. Алғашқы еңбек жолын осы облыстық прокуратурада заңгер ретінде бастаған елімізге белгілі ғалым, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі Салық Зимановтың өмір жолдары бүгінгі және келешек ұрпақтар үшін шынайы өнеге. Сондай-ақ, республикамыздың тұңғыш прокуроры Шафхат Бекмұхамбетов прокуратураның ірге тасын қалап, аяғынан тұрып кетуіне өзіндік үлесін қосты. Отызыншы жылдардың бас кезінде Қазақстан прокуратурасында жетекшілік еткен Боран Айтмағамбетов те заңгерлерге тұлғалы ұстаз. Аталған азаматтар Атырау өңірінің төл перзенттері және мақтаныштары. Тарихымызды таразылағанда осындай арыстар ұрпақтар үшін мәңгі есте қалады.

Облыстық прокуратура қатпар-қатпар тарих беттерін ақтарып, кешегі мен бүгінгіні байланыстыра отырып, болашақ ұрпақтар үшін “Заңға – құрмет, әлеуметке – әділет” атты кітап шығарып, қоғамға ұсынулары – игі іс, құптарлық қадам.

Келешегімізге құрметпен қарасақ, бүгінгіміз берекелі, келешегіміз келісті болары ақиқат. Облыс прокуратурасының тарихты қозғап, бүгінгі күннің тынысын өрнектеу арқылы өшпес тарихын түптеген қазіргі және келер ұрпақтарға сабақ болар қадамы өте орынды.

Біздер тәуелсіздіктің арқасында өзіміздің мәдени-тарихи жолдарымызды хаттауды қолға алғанымыз болашақ үшін атқарылған зор іс. Ұрпағымыз өзіміздің тарихымыз арқылы әлемдік деңгейдегі білімнің коусарына бет қояды.

“Заңға – құрмет, әлеуметке – әділет” атты кітап – танымдық, тәрбиелік және тарихи жағынан баршаға рухани азық үшін арналған құнды дүние.



Мұқтар ЖӨРГЕНБАЕВ,
*Атырау облысының прокуроры,
3-дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі*

АСҚАРАЛЫ АСУ

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдарда қоғам өмірінде болған әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер, демократияландыру, жариялылық процестерінің кең қанат жаюы, мемлекет өмірінің құқықтық бастауларының нығая түсуі прокурорлық қалағалаудың жаңа да сапалы деңгейін қалыптастырды.

Прокуратура Республикамыздың мемлекеттік билік органдары жүйесінде бірыңғай орталықтандырылған дербес жүйе екендігі Конституцияның 83-бабында жарияланған. Президентке ғана есеп беретін және республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл өрі біркелкі қолшанылуын, желел іздестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, өкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғарғы қалағалауды жүзеге асыратын айырықша құқық прокуратураға берілген. Конституцияда бекітілген адам және азаматтың құқылары мен бостандықтарының сақталуы міндеттерін жүзеге асыру құқықтық жүйенің негізі болып табылады.

Заман талабына, саясатына сай прокуратураның алдындағы міндеттері өзгеріп, функциялары жаңарғанымен ең басты мазмұны заңдылық пен құқықтық қорғауды нығайту, мемлекет мүддесін, азаматтардың әлеуметтік, экономикалық және жеке құқықтары мен бостандықтарын қорғау екендігі ешбір өзгеріссіз қалып отыр.

Атап айтқанда, соңғы он жылда өтпелі кезеңнің бастау тұсында құлдырауға кезіккен Атырау жыл сайын буынын бекітіп, қанатын қатайта түсті. Әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарып, саяси ахуалы тұрақтанған, халқының әл-ауқаты артқан облысқа айналды. Облыс орталығы – Атырау қаласы үш-төрт жылда адам танымастай өзгеріп, республикадағы сәулетті шаһарлар қатарынан орын тепті. Осы оңды өзгерістерге облыстың прокуратура органдары қосқан үлес айтарлықтай. Заңсыздықтар мен жолсыздықтарға дер кезінде тосқауыл қоя білді. Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды басты парызы санады. Өндіріс орындарын, нарық қарлығаштары – кәсіпкерлікті аяқтан шалып, етекпен тартуға жол бермеді. Мұның бәрі, сайып келгенде, қарқынды дамуға мүмкіндік жасады.

Биыл тәуелсіз Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрылғанына 10 жыл толып отыр. Осы 10 жыл еңсені көтеріп, өрісті кеңейтті.

Негізінде, прокуратураның тарихы әріде жатыр. Шегініс жасап, өткенге көз жіберсек, “прокуратура” сөзінің француз, латын тілінде “қамқоршымын”, “басқарамын” деген мағына беретінін, прокуратура қызметінің XII-XIV ғасырларда Францияда пайда болып, қалыптасқанын білеміз. Ресейде прокуратура құрылымы 1722 жылы I Петрдің дәуірінде басталған. Ал Қазақстан аумағында 1922 жылы құрылды.

Кенес Одағының құрамындағы Қазақстан прокуратурасы, оның ішінде Атырау облысының прокуратурасы ұзақ жолдан өтті. Әр заманның талабына, саясатына қарамастан заңгерлер адал қызмет етті. Осы кезеңдегі прокуратура органдарында еңбек еткен әріптестеріміздің өз істеріне берілгендігі, адаллығы әрқашан да есімізде.

Белгілі мәліметтерге қарағанда, Қазақ КСР-інің алғашқы прокуроры жерлесіміз Шафхат Бекмұхамедов болған. Ол-өйгілі ағартушы, Мақаш өкім Шолтырулының баласы. Шафхат Мақашұлы прокуратураның қаз тұрып, аяғын тең басып кетуіне үлкен еңбек сіңірген. Сондай-ақ, отызыншы жылдардың басында жерлесіміз Боран Айтмағанбетов те қазақ елі прокуратурасының басқару тізгінін ұстаған. Олар — біздің заңды мақтанышымыз. Сөйтіп, атыраулық заңгерлер еліміздің бас қадағалау органының өркен жаюына сүбелі үлес қосқан.

1938 жылғы қаңтар айында Гурьев (қазіргі Атырау) облысы құрылды. Оған дейін Орал (қазіргі Батыс Қазақстан) облысының құрамына кіретін Гурьев округі болды. Облыс құрылуына байланысты бұрынғы округтік прокуратура 1938 жылғы ақпанның 15-інде облыстық прокуратура болып қайта құрылып, өз алдына дербес жұмыс істей бастады. Оның алғашқы прокуроры Қалқан Төрешов Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін осы аса жауапты қызметті абыройлы атқарды. Содан кейін отыз жылдай уақытта облыстық прокуратураға Б.Тапалов, К.Бейсенбин, Г.Лұқпанов, А.Нұрғазин, Т.Назир-ов тәрізді аға буын өкілдері басшылық етті. Соғыс, халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңдерінде жемісті қызмет істеп, қиыншылықтарды жеңуге, шаруа көшін оңға бұруға көп көмегін тигізіп, ықпал еткен абзал жандар жана толқын — жас кадрлар тәрбиелеп, білікті де тәжірибелі заңгерлер лектерін баулышы. Бұл — прокуратураның кейін үлкен бедел, абырой биіктерінен көрінуіне мол септігін тигізген жойт.

Отызыншы жылдардың аяғы мен қыркыншы жылдардың алғашқы кезеңінде Атырау прокуратура органдарында халық тергеушісі қызметін атқарған заңгер Муса Баймұқанов ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен сұрапыл шақта өз еркімен майданға аттанып, ерен ерліктерімен көзге түсті. Ол Жеңіс сағатының соғуына санаулы күндер қалғанда жау оғынан мерт болды. Бірақ, артына өшпес із тастап кетті. Көзі тірісінде жоғары атаққа ұсынылған Муса Баймұқановқа кейін КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Қазір Мақат кентінде оның атында мектеп бар, сол мектеп алдына, облыстық тарихи-өлкетану мұражайына, облыстық прокуратураның мұражайына мүсіндері, облыстық прокуратураның қабырғасына ескерткіш тақта орнатылған. Батыр — заңгердің өмір жолы мен ерліктері жайында журналист Айбосын Елеусінов “Намыс оты” атты кітап жазды.

Соғыстан соңғы жылдарда Атырау прокуратурасында заңгер Салық Зиманов өзінің еңбек жолын бастады. Қазір ол Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі. Әлемге аты өйгілі ғұлама ғалым Салық Зиманұлы өзі алғаш еңбек еткен ортаға жиі ат басын бұрып тұрады. Өткен жылы күзде ғана Атырау прокуратурасында болып, өзінің бай өмір іс-жолынан, тәжірибесінен сыр шертті.

Батыр-заңгер Муса Баймұқанов пен ірі ғалым-заңгер Салық Зимановтың өмір жолдары мен сіңірген еңбектері бәріміз үшін мақтаныш, үлгі, өнеге.

Жетпісінші-тоқсаныншы жылдардың аралығында облыс прокуроры лауазымында болған 3-дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшілері Д.Досполов, О.Боранбаев, И.Сейітов және Ж.Тұяқбаевтар облыстық прокуратураның заман талабына сай өркен жаюына мұрындық болды.

Тәуелсіздікке қол жеткізген егемен Қазақстанда 1992 жылы Республиканың тұңғыш Бас прокуроры болып бұрын Атырау облысының прокуроры болған, қазіргі Парламент Мәжілісінің Төрағасы Жармақан Айтбайұлы Тұяқбаев тағайындалды.

Содан бергі он жыл ішінде Қазақстан ғажайып алға басу үрдісінен көрінсе, оған прокуратура органдарының қосқан үлесі өлшеусіз зор. Ата заңымыздың, өзге де заңдардың, Елбасы жарлықтарының қолданылуын қадағалауда, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда, халықтың арыз-шағымдарын қарауда және басқа да салаларда еңселі белестерден көрінді. Елімізде құқықтық мемлекет құру жолындағы бағыт өз нәтижелерін бере бастады. Жасыратыны жоқ,

бүгінде прокурорлар нықтарына түсіп отырған жауапкершілік жүгі өте ауыр. Азаматтардың конституциялық құқықын қорғау, оны жемқорлардың аяққа салып таптауына жол бермеу, заңдарың қолданылысын үзбей қадағалап отыру, бір сөзбен айтқанда, қоғамда қылмыскерлердің емес, заңның үстемдігін орнату біздің алдымызда тұрған ұлы мақсат болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің “Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесін жетілдіру шаралары туралы” жарлығын жүзеге асыру мақсатында облыс прокуроры және оның орынбасарлары күні бұрын хабарлай отырып, азаматтарды он күн бойы қабылдаулары өз тиімділігімен, ықпалдылығымен ерекшеленді. Осы қабылдаулар барысында бірқатар кемшіліктердің беті ашылды, ақиқаттарға қол жеткізілді. Жоспарлы тексерулер, қадағалаулар жүргізумен қатар “Шенеунік және көсіпкер” акциясын өткізу, заңның үстемдігін орнату мақсатында басқа да жеке қабылдаулар жүргізу, азаматтардың шағым-арыздарына мұқият қарау, жариялылықты арттыру өз нәтижелерін берді. Осы маңызды іс өзінің ұдайы жалғасын тауып келеді.

Прокуратурада қаралып, шешілуге жататын арыздар негізінен қанағаттандырылып, азаматтардың құқықтары қалпына келтірілді. Оған дәлел-тек соңғы бес жылда 3474 арыз-өтініштің қанағаттандырылуы. Азаматтардың өтініштеріне сергек көз-қараспен қарау олардың бізге алғыс хаттар жазып, рахмет айтуларын жиілетті. Бұл, шын мәнінде, прокуратура органдарының құқықтық мәртебесін көтеріп, беделін арттырады.

Соттарда маңызды процестерге қатысып, заңды шешімдердің, үкімдердің шығарылуына ықпал етеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзінің республика Парламентінің екінші шақырылымының төртінші сессиясында сөйлеген сөзінде “Біздің стратегиялық басымдықтарымыздың бірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы батыл да аяусыз күрес жүргізу болып қала береді” деп атап көрсеткеніндей, сыбайлас жемқорлықпен күрес ешқашан толас таппайды. Тек үстіміздегі жылдың алғашқы 9 айында жүргізілген 66 тексерудің қорытындысымен 146 ұйғарым орындалып, 37 наразылық қанағаттандырылды. Төртіншік жауапкершілікке – 104, әкімшілік жауапкершілікке – 7, материалдық жауапкершілікке – 4 құқық бұзушы тартылды. Сондай-ақ, 11 қылмыстық іс қозғалып, оның 9-ы сотқа жолданды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы барлығы 48 қылмыс анықталып, есепке қойылды.

Мемлекетіміздің жоғары дамыған мемлекеттермен қатар тұруы үшін прокуратура қызметкерлері аянбай еңбектенуде, соның ішінде прокурорлық қадағалаудың барлық бағыттарында Атырау облысы прокуратурасы қызметін абыройлы атқаруда. 1991-1999 жылдары облыс прокуратурасының басқару тізгінін ұстаған К.Ахметов, М.Есімов, Б.Ерғалиев прокуратура органдары қызметкерлерінің қызмет жасауына қолайлы жағдай жасап, прокуратура кеңсесін салып, кеңейтуге, құрал-жабдықтармен жабдықтауға, жас кадрлармен нығайтуға айтарлықтай үлес қосты.

Облыстық прокуратура органдарында ұзақ жылдар бойы өзінің қызметтік борыштарын адал атқарған, қазір ортамызда жоқ Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген заңгерлер – Бисенбі Бисенқұлов, Сатан Шөреев те есімдерін ту етіп көтерерлік тұлғалар. Сондай-ақ, Д.Әбішев, О.Юсупов, Н.Мұқамбетов, Р.Ғұбайдоллин, К.Нұржанов, М. Борашев, С.Смағұлов, Е.Сүлейменов, Х. Орақов, Г.Дәулетияров, Т.Өтелбаев, И.Төпішев, С.Мұқанғалиев, Т.Сарғожиндер, қазір ортамызда жүрген Ғ.Жапаров, А.Төлекбаев, С.Шағиева, Р.Балмұқанов, Ә.Әбуов, А.Орақов, Ө.Мырзалиев, Б.Жұбанов, Б.Қалмұратов, С.Дүйсенбекова сынды ардагерлер заңдылық жолында өздерінің күш-жігерлерін аямай жұмсаған абзал ағалар мен апалар. Қазақ мұндайда “Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын” дейді ғой. Біз ардагерлерімізге ортамызда дін аман жүре беріңіздер, біздің өнеге өрісіміз өздеріңізсіздер дегіміз келеді.

Ертеде Балаби шешен Сырым Датұлына “Ат пен ер қандай жерде, не үшін шабады” деп сауал тастағанда, Сырым “Ат шабысына қарай, ер намысына қарай шабады” деп жауап беріпті. Сол айтқандай, намысына қарай шабатын азаматтар, алдыңғы толқын

ағалардың істерін абыройлы жалғастырып келе жатқан заңгерлер бүгін де көптеп саналады. Олардың қатарында облыстық прокуратураның бөлім бастықтары Ә.Күмғанбаева, Р.Қадырғалиева, А.Мөженов, С.Еңсегенов, Құрманғазы, Жылыой ауданының прокуроры Б.Халықов, Қ.Қасымов, табиғат қорғау прокуроры Б.Жазбаев, облыс прокурорының аға көмекшісі С.Жұмашева және басқаларды атауға болады.

Заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуда өздерінің тыңдырымдылығымен көрініп келе жатқан жастар С.Көпбаев, А. Ергазиева, Б.Сағиев, Т.Бурабаева, Л.Нұрмағанбетова, Е.Білалов, М.Шаждиев, Ә.Бозбанова, А.Досымбаев және басқалар – біздің ертеңгі үміттеріміз.

Облыстың прокуратура органдарында ұрпақтар сабақтастығын орнықтыру, өткенімізді қастерлеу, ардагерлерді ардақтау берік дәстүр болып қалыптасты. Саяси-қуғын сүргін құрбандарын, сталиндік зобалаңның салдарынан қудалауға ұшырағандарды ақтау ісіне облыстық прокуратура белсене араласты. 1440 іс бойынша 2043 адам ақталды. Мұндай қамқорлық Атырауға өзге шет өңірлерден жер аударылған 6490 адамға да қатысты. Қазақстан бойынша сол саяси-қуғын сүргін құрбанына ұшыраған қырық шақты прокурорлардың бірі – бұрынғы Теңіз (қазіргі Құрманғазы) ауданының прокуроры болған Айдар Кұлбасов. Олардың есімдерін мәңгі есте қалдыру бағытында қыруар жұмыстар қолға алынды. Мәселен, “Сталиндік қуғын-сүргіннің тірі тұтқындары” атты “Рухь –Память” азаты кітабының жарық көруі. Ол кітапқа қуғын-сүргін құрбандары болған жүздеген атыраулықтың есімдері енді. Сондай-ақ, облыстық прокуратураның жанынан “қызыл қырғын” құрбандарына арналған алаң ашылды. Сөйтіп, саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтап, жоғалған есімдерін қайта өмірге оралтуда, кеш те болса әділдіктің үстемдік құруына прокуратура зор үлес қосты деуге болады. Сөз жоқ, бұл – еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуінің игі нәтижесі.

1996 жылғы мамырдың 1-інен бері облыстық прокуратураның құрылтайшылық етуімен тұрақты жарық көріп келе жатқан облыстық “Прокуратура жаршысы” қоғамдық құқық қорғау газетінде басқа сан түрлі мәселелермен қатар осы тақырыптар да ұдайы қамтылып келеді. Алғашқы нөмірі 2000 данамен шыққан бұл газеттің таралымы 4300 данаға жетті.

Іс тегін кадр шешеді. Облыс құрылған кезеңде санаулы қызметкерлердің бастарын құраған облыс прокуратура органдарында бірае-бір жоғары білімді заңгер болмаса, қазір бізде 142 қызметкер бар. Олардың 121-і жедел қызметкер, бәрі де жоғары білімді заңгерлер. Жас кадрлар – біздің келешегіміз. Сондықтан оларды тәрбиелеуге, қызметке орналастыруға және оқытып, білімдерін жетілдіруге мұқият назар аударылады. Бізде үш жер – Атырау қалалық, Жылыой және Құрманғазы аудандық прокуратуралары базалық органдар. Оларда аймақтық семинар-кеңестер, оқулар, тәжірибе алмасулар өткізіледі.

Жұмысты ұйымдастыру жаңа ғасырдың, жаңа тыныстың деңгейінде қойылуда. Облыстық, қалалық және аудандық прокуратуралар, облыс бойынша құқықтық статистика және ақпарат орталығы республикада бірінші қатарда болып модемдік байланыс жүйесіне көшіп, электрондық почтаны пайдаланады. Қажет жағдайда “Интернетке” шығады.

Кешегісіз бүгін жоқ. Осыған орай облыстық прокуратура өз ғимаратының ішінен арнайы мұражай ашты. Онда прокуратура тарихы жинақталған. Бір сөзбен айтқанда, өткеннің шежіресі. Сол сияқты өткен жылы кітапхана жасақталды, қазір одан қазақ классиктерінің шығармаларын, заңгерлер жазған кітаптарды, газет-журналдарды оқуға болады. Оған қарсы бөлмеден мемлекеттік тілді тереңірек және толық үйрену, сондай-ақ, қызмет бабында компьютерді қолдануға икемділікті арттыру мақсатымен компьютер сыныбы ашылды. Ол сыныпта аптасына екі рет қазақ тілін оқып-үйрену сабағы өткізіледі.

Айта кету керек, екі жылдан бері облыстық прокуратурада іс қағаздары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Жиналыстар, мәжілістер, отырыстар мемлекеттік тілде өтеді, тиісті орындарға қатынас қағаздар мемлекеттік тілде жіберіледі.

Елімізде заңдылықтың нығаюына, соңғы кезде заңдарды өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы жетілдіріп, өмір қажет еткен жаңа заңдардың қабылдануына республиканың Бас прокуроры Рашид Төлеутайұлы Түсіпбековтің үлесін атап өткен ләзім.

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың “Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы” Қазақстан халқына жолдауында “Біз азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау ісінде мемлекетіміз бен қоғамымыздың күш-жігерін еселей беретін, нақты іс-қимылымызбен орталықтағы, сондай-ақ жер-жерлердегі бюрократиялық жолсыздықтарға қарсы күресетін боламыз” деуі бізге бағыт-бағдар сілтегендей. Елбасының осы тұжырымдамасын нақты басшылыққа ала отырып, облыс прокуратура органдары істі жаңаша ұйымдастырып, жүргізуді алдына басты мақсат етіп қойып отыр.

Егемен Қазақстан прокуратурасының он жылдық қадамы, қол жеткізген нәтижелері келешекке кең жол ашады, өріс береді. Алда үлкен міндеттер тұр, белбелестер жатыр. Күш-жігерімізді, мақсат-мұраттарымызды еліміздің өркен жая беруіне жұмсау – азаматтық борышымыз.



Кітап басуға дайын болғанда Жергенбаев Мұқтар Әжебайұлы Оңтүстік Қазақстан облысының прокуроры болып тағайындалды.

Мұқтар Әжебайұлына жаңа қызметінде сәттіліктер тілейміз.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАҢА ПРОКУРОРЫ — Рақымбек МАМЫРБАЕВ

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының

БҮЙРІҒЫ

2003 жылғы наурыздың 11-і.

№ 50/6

Қазақстан Республикасының “Прокуратура туралы” заңының 11-бабының 7-тармағын және 17-баптың 5-тармағын басышылыққа ала отырып

БҮЙІРАМЫН

Аға заң кеңесшісі **МАМЫРБАЕВ Рақымбек Нұрмұхаметұлы** Атырау облысының прокуроры қызметіне тағайындалсын және осы прокуратураның алқа төрағасы міндетіне бекітілсін, ол Бас прокуратураның өкімшілік және азаматтық істер бойынша сот қаулылары мен атқару өндірісінің заңдылығын қадағалау департаментінің бастығы қызметінен және Бас прокуратураның алқа мүшелігі міндетінен босатылсын.

Негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі.

Қазақстан Республикасының Бас прокуроры,
2-дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі:

Р.Т.ТҮСІПБЕКОВ



Рақымбек Нұрмұхаметұлы МАМЫРБАЕВ

1952 жылы туған, заңгер. Саратов заң институтын үздік бітірген.

Еңбек жолын 1969 жылы Семей облысының Аягөз ауданындағы Таскескен астық дайындау мекемесінде сепараторшылықтан бастаған. 1973 жылы әскер қатарынан оралғаннан соң осы облыстың “Қазақстан” кеншарында және Саратов заң институтында жұмыс істеген. 1978 жылы жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін Шығыс Қазақстан облысының Шемонайха заң консультациясында адвокат болған. 1979-85 жылдары Марқакөл, Глубоков аудандарында халық судьясы, 1985-89 жылдары Шығыс Қазақстан облыстық сотының мүшесі, облыстық сот төрағасының орынбасары сынды еңбек жолдарынан өткен. 1989-99 жылдары Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстық соттарының төрағасы, ал 2000-2002 жылдары Астана қаласы соты азаматтық алқасының судьясы қызметтерінде істеген. Соңғы кезде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкімшілік және азаматтық істер бойынша сот қаулылары мен атқару өндірісінің заңдылығын қадағалау департаментінің бастығы қызметінде болған.

“Аға заң кеңесшісі” дәрежелік шені бар.

ОБЛЫС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН

- 1938 жылғы ақпанның 15-інде Гурьев (қазіргі Атырау) облыстық прокуратурасы құрылды.
- Облыстың алғашқы прокуроры болып ТӨРЕШОВ Қалқан тағайындалды.
- Қыркыншы жылдардың басында облыста бір қалалық және тоғыз аудандық прокуратура болды.
- Ұлы Отан соғысында асқан ерлік көрсеткені үшін 1936-1941 жылдары Атырау прокуратура органдарында қызмет істеген заңгер БАЙМҰҚАНОВ Мусаға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Облыстық прокуратураның қолдауымен ерен ер туралы журналист Айбосын ЕЛЕУСІНОВТИҢ “Намыс оты” атты деректі повесі баспадан жарық көрді. Облыстық прокуратура ғимаратына ескерткіш тақта орнатылды.
- Майданнан оралғаннан кейін заңгерлік еңбек жолын Атырау прокуратурасында бастаған ЗИМАНОВ Салық кейін есімі өлемге өйгілі ғалым атанды. Ол – Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, профессор, Қазақстан Президентінің “Бейбітшілік және рухани келісім” сыйлығының, ҚР ҰҒА-сының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты.
- Бұрын ұзақ жылдар бойы Пугачев көшесіндегі орыс көпесінің ескі үйін кеңсе еткен облыстық прокуратура 1987 жылдан бастап Бақтыгерей Құлманов (бұрынғы Чапаев) көшесіндегі жаңа орынға көше бастады. Қазір ол ішінде мәжіліс залы, қысқы бағы, саунасы, дәмханасы, мұрағат, мұражай бөлмелері, кітапханасы және компьютер сыныбы бар екі қанатты, төрт қабатты сәнді ғимарат.
- Сексенінші жылдардың аяқ шенінде Атырау облысының прокуроры болған ТҮЯҚБАЙ Жармақан Айтбайұлы тәуелсіздікке қол жеткізген егемен Қазақстанда 1992 жылы Республиканың тұңғыш Бас прокуроры болып тағайындалды, қазір ол республика Парламенті Мәжілісінің төрағасы.
- 1996 жылғы мамырдың 1-інде облыстық прокуратураның құрылтайшылық етуімен “Прокуратура жаршысы” қоғамдық құқық қорғау газетінің алғашқы нөмірі оқырмандарға жол тартты.
- 1999 жылы желтоқсанда облыстық прокуратураның мұражайын, кітапханасы және компьютер сыныбын ашу салтанаты өтті.
- 2001 жылғы маусым айында Қазақстан Республикасының Бас прокуроры ТҮСІПБЕКОВ Рашид Төлеутайұлы іс сапармен Атырау облысында болды.
- 2001 жылғы желтоқсанда облыстық прокуратураның тікелей қолдауымен облыстық прокуратура ғимараты жанынан саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған алаң ашылды, ал 2002 жылғы мамырда “Сталиндік қуғын-сүргіннің тірі тұтқындары” атты “Рух-Память” азала кітабы баспадан шықты.
- 2000 жылдан бастап облыстық прокуратура жиналыстарды, алқа отырыстарын, іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көшті.
- Соңғы үш жылда облыстық прокуратураның тікелей араласуымен саяси қуғын-сүргін құрбандары болған, қудалауға ұшыраған 1440 іс бойынша 2043 адам ақталды. Бұл өзге шет өңірлерден жер аударылған 6490 адамға да қатысты.
- 2002 жылы республикада алғашқы болып Атырау облыстық, қалалық және аудандық прокуратуралар модемдік байланысты қолданып келеді.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ПРОКУРОРЛАРЫ


ТӨРЕШОВ Қалқан Мұстафаұлы	(1938-1941 жылдары) – аға заң кеңесшісі
ТАПАЛОВ Бәйіш Хасанұлы	(1941-1948 жылдары) – аға заң кеңесшісі
БИСЕНБИН Қожахмет	(1948-1953 жылдары) – аға заң кеңесшісі
ЛУҚПАНОВ Ғұбайдолла	(1953-1963 жылдары) – аға заң кеңесшісі
НҮРФАЗИНОВ Таути	(1963-1966 жылдары) – аға заң кеңесшісі
НӘЗІРОВ Төлеген	(1966-1972 жылдары) – 3-дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі
ДОСПОЛОВ Долла Досполұлы	(1972-1975 жылдары) – 3-дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі
БОРАНБАЕВ Ориалы	(1975-1979 жылдары) – 3-дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі
СЕЙІТОВ Иманғали Сейітұлы	(1979-1988 жылдары) – 3-дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі
ТҮЯҚБАЕВ Жармахан Айтбайұлы	(1988-1991 жылдары) – 1-дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі
АХМЕТОВ Қабдығали Николайұлы	(1991-1994 жылдары) – 3-дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі
ЕСІМОВ Мағдан Таубайұлы	(1994-1996 жылдары) – аға заң кеңесшісі
ЕРФАЛИЕВ Бақытбек Сабырұлы	(1996-1999 жылдары) – аға заң кеңесшісі
ЖӨРГЕНБАЕВ Мұқтар Әкебайұлы	(1999 жылдан бастап) – 3-дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі



I тарау

КҮНДЕРДЕ ӨТКЕН БЕЛГІ КӨП

(Естеліктер мен ойға оралғандар)



Салық ЗИМАНОВ,
*Қазақстан Республикасы Ұлттық
Ғылым академиясының академигі,
заң ғылымының докторы*

ПРОКУРАТУРАДАҒЫ ҚЫЗМЕТІМ

Менің прокуратура органдарында қызмет етуім, тікелей болмаса да, Ұлы Отан соғысы кезіндегі армиядағы қызметіммен белгілі дәрежеде байланысты еді. 1946 жылы шілде айында погонымды тастамаған күйімде әскерден қайтқан мен Бүкілодақтық заң институтының Казан филиалының бірінші курсына сырттай оқуға түстім. 1939 жылдың аяғында әскерге шақырылғанға дейінгі Гурьев облысының Форт-Шевченко қаласындағы орта мектепте бір жыл мұғалім болғанымды есептемегенде, менде азаматтық мамандық болған емес. Енді міне, жеті жылға жуық үзілістен соң, 25 жасқа толған, ересек тартқан шағымда гвардия майоры шенімен өзім өсіп, орта мектеп бітірген ыстық қалам Гурьевке (қазіргі Атырау) қайта оралдым. Облыстық партия комитетінің әскери бөліміне (мен 1943 жылдан коммунист едім) барып, қызметке орналасу жөнінде сөйлестім. Менің “әскери” өмірдеректерімді және заңгерлік жоғары оқу орнының студенті болып қабылданғанымды ескеріп, маған облыстық “Осоавиахим” қоғамының төрағасы лауазымын иелену немесе облыстық прокуратураға қызметке орналасу ұсынылды. Таңдау өзімнің еншімде қалдырылды. Мен болсам прокуратураға баруға табан тіредім. Бірақ, ол менің балалық арманыммен байланысты емес болатын. Ол кезде тіпті басқа саланы қалаған едім. 1938 жылы Гурьев қаласындағы қазақ орта мектебін бітірген мен Алматы қаласындағы Молотов атындағы медицина институтына баруға бекінгенмін. Алайда, отбасы жағдайы (көп балалы отбасында асырайтын әкемнің қайтыс болуы) онымды жүзеге асыруға кедергі келтірді. Педагогтік

білімсіз мұғалімдік қызметке бардым да, 1939 жылдың аяғында кеңес армиясы қатарына шақырылдым.

Облыстық прокурор Б. Тапалов мені өзіне өңімелесуге шақырып отырып, қай қырымнан қарағанын (сірә, обкомның әскери бөлімінің рөлі үстем тұрған болар) есімде қалдырмаппын. Мен ол кісіге баруға жиналған едім, алдымды орап кетті, өйтсе де жоспарымыз үйлесім тапты. Прокурор маған өзінің қарамағында қызмет істеуді ұсынды. Мен ұсынысты қабылдап, бастапқыда облыстық прокуратураның тергеу бөлімінің тағылымдамашысы болып қызметке кірістім. Бұл 1946 жылғы шілде еді. Үш айдан кейін аға тергеуші, кейін облыс прокурорының тергеу жөніндегі көмекшісі болып тағайындалдым.

Соғыстан кейінгі қиын кезең еді. Барлық жерде кедейлік, жоқшылық орын тепті, әсіресе, аудандарда ұжымшарлар мен кеншарларда жағдай нашар болды. Соғыс кезіндегі еліміздің және аймақтардың материалдық және адам ресурстарын сарқа жұмылдыру көрінісі қайда барма көзге ұрып тұрды. Карточкалық жүйе әлі бар еді. Солай бола тұрса да, халықтың ынта-жігері жоғары болды. Майдангерлер өз ошақтарына оралып жатты. Соғыста оздерінің ұлдары мен жақын-жуықтарын жоғалтқан әрбір отбасының қайғыларын жеңіс моралы қайтарандай. Еліміз бен аймақтар ауыр жараларын емдеуге құлшына кірісті.

Соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда елімізде жалпы қылмыс кедейлік жағдайдың өзінде жоғары болмады. Аз да болса еркіндік туды. Ұсақ бузақылық пен қылмыстық көріністерге кешіріммен қарау ахуалы үстемдік алды. Ал социалистік меншікті ұрлап-жырлауға деген

жауапкершілік төмендетілмей, қайта онымен күрес күшейтіле түсті. Құқық қорғау органдары жүйесінде, бұрынғыша, мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің жергілікті органдары мен қызметкерлері басты рөл атқарды. Олар соғыс кезінде “қашқын” делінгендерге жатқан, тұтқында болған кеңестік жауынгерлер мен тұрғындарды тексеріп, жауапқа тартты. Сонымен қатар, кеңес өкіметі мен оның басшыларына “ниеті теріс” делінген адамдар да назарларынан түспеді. Шын мәнінде, прокуратура органдары екінші ролде болып, баяу болса да өзінің конституциялық мәртебесін қайта қалыптастыра бастады.

Соғыстан кейінгі қалпына келтіру кезеңі бейбіт өмірге белсенді көшумен ұштасты. Бірінші кезектегі міндеттер қатарында экономиканы өркендетумен қатар, мемлекеттік аппаратты нығайту тұрды. Бірнеше жаңа “бейбіт” министрліктер (азық-түлік резерві, материалдық ресурстар, дәмді тағамдар өнеркәсібі және т.б.) құрылды. Осы міндеттер қатарында заңдылықты, өндірістік тәртіпті нығайту және көпшілік арасындағы идеологиялық тәрбиені күшейту де болды. Бір мезгілде бірге-бірте халықтың материалдық қамтылуы жақсарды және азық-түлік тағамдарының бағалары арзандады. Осы бір өтпелі кезеңде прокуратура органдарының ролі өсті, 1946 жылдың басында Одақтың Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен еліміздің прокуроры лауазымы КСРО Бас Прокуроры аталды.

Облыстық прокуратурада қызмет істеу мен үшін қызықты және тартымды болды. Жергілікті орындарда қылмысты тергеуге және мекемелердің құжаттарын прокурорлық тексеруге байланысты қиын шиеленісті оқиғалар үстіндегі адамдардың қайғылы немесе қуанышты жүздерін, олардың саған қарым-қатынастарын көру мені әділдікке және халыққа жақынырақ болуға үйретті. Бұл менің азаматтық өмірімдегі үлкен мектеп болды.

Менің республика прокуратурасына қызметке ауысуым 1947 жылғы жаздың соңында Гурьев қаласына республика прокуроры Румянцевтің өз тобымен келуімен байланысты. Бұл комиссия өз жұмысын облыстық прокуратураның кадрлық құрамымен танысудан бастады. Кезек маған да келді. Менімен әңгіме

лесуді республика прокуроры өзі облыс прокурорының қатысуымен өткізді. Сірә, алдын-ала танысып алған болуы керек, оның стольның үстінде менің жеке ісім жатты. Ол армиядағы қызметім және Қазандағы оқуым, тергеушілік жұмысым туралы ұзақ сұрады. Бір жағынан, погонсыз офицерлік формалы киімді киюді жалғастыруым итермелеген болар деп ойлаймын.

... Менің ертерек есеюіме әскердегі жауапты өмір әсер етті. Соғыста офицерлер лауазым бойынша тез өседі. 23 жаста мен миномет полкын (1944 жылғы маусымнан 615-миномет полкінде командирдің саптық бөлім жөніндегі орынбасары болдым) басқардым. 1945 жылдың басында, бұрынғы лауазымда қала отырып, 5-танк армиясының 8-механикаландырылған корпусының құрамындағы механикаландырылған артиллериясы бригадасының қолбасшысы міндетін уақытша атқардым, 1945 жылғы тамызда Мәскеудегі бронетанк әскерлері академиясына жолдама ала тұрып, оған барудан бас тарттым. 1946 жылғы маусымда артиллерия полкінің штаб бастығы лауазымынан әскерден босатылып, елге қайттым. Әскери ордендерім болды.

Бұл әңгімелесу көкейімде ұзақ сақталды. Ол әдеттегі қызмет бабындағыдай емес, жылы, тартымды әсер қалдырды. Менің кейбір оқшаулануым бірте-бірте жоғалды. Республика прокуроры менімен жұмсақ сөйлесіп, тергеушілік қызметімді мақтап және облыс прокурорының көмекшісі ретінде соғтағы сөйлегендеріме жағымды баға берді.

Оның өз ықыласы бойынша республика прокуроры Румянцевпен бірнеше рет бірге болып, жақын танысуыма тура келді, сүйетін ермегі болуы керек, кешкі мезгілдерде Жайық жағасына балық аулауға ертіп жүрді, бір рет демалыс күні катермен теңізге де бардық. Бөрінен бұрын менің қандай адам екенімді зерттеу үшін қасына жақын ұстады-ау деп ойлаймын. Ол мені аты-жөніммен емес, жәй ғана “артиллерист” деп атайтын болды. Республика прокуроры ең ақырында менен астанаға, республика прокуратурасына қызметке ауысуды сұрады және маған маңызды істер жөніндегі тергеуші лауазымын ұсынатынын айтты. Мен әлі үйлестірген елім, келісім бердім. Көп

ұзамай облыс прокуроры Б.Тапалов республика прокурорынан алған жеделхатты көрсетті. Онда мені өзінің қарамағына іссапарға жіберуді ұсыныпты. 1947 жылғы күзде Алматыға барып, ол күнде ресми атағандай, республика прокуроры жанындағы маңызды істер жөніндегі тергеуші міндетін атқарушы болып қызметке кірістім. Бұл лауазым КСРО прокуратурасының номенклатурасына кіретін. Қазақ КСР прокурорының мені маңызды істер жөніндегі тергеушілік лауазымға бекіту жөніндегі алғашқы ұсынысы органдардағы жұмыс тәжірибесі әлі жеткіліксіз және жоғары заңгерлік білімі жоқ деген дәлелмен қабылданбады. Оның бәрі дұрыс еді. Айтылғанның бәрі менде жоқ болатын. Сөйте тұра, өзімнің ірі қылмыстық істер жөніндегі тергеу жүргізуіме байланысты қызмет істеген қысқа мерзімде екі алғыс және сыйлықтар алып үлгерген едім. Республика прокуроры Мәскеуге барған сапарында мені бекітуге қол жеткізетінін айтып сендірді. Мен өзімнің бұрынғы лауазымдық қызметімде істей бердім.

Қыркыншы жылдардың аяғында, мен Алматыға қызметке ауысқанда республика прокуратурасы Совет (қазіргі Қазыбек би, 50) көшесінің Фурманов көшесімен қиылысындағы "Наркоматтар" үйінде орналасқан болатын. Республика прокурорының үш орынбасары: біріншісі тергеу бойынша (Мұқамедьяров), арнаулы іс бойынша (А.П.Чурбанов) және кадрлар жөніндегі орынбасарлары болды. Республика прокуратурасының жанында маңызды істер жөнінде үш тергеуші болды, олардың жұмыстарына азербайжан, көп сөйлемейтін, адаммен жанасқыш, ойлы азамат С.Ж.Агабеков ұзақ жылдар бойы басқарған тергеу бөлімі жедел бақылау жүргізіп отыратын. Оның орынбасары ұлты бойынша неміс, мәдениетті, тәжірибесі мол қызметкер Демме деген еді. Ұжым үшін қызметте ұстамдылық, жинақылық тән болды. Мен өзгелер тарапынан қысым көрсетуді, ізіңе түскен артық бақылауды байқамадым. Қайта республика прокурорының орынбасарлары, кейде бірінші басшысының өзі өткізетін жедел мәжілістердегі нақты істерді тергеу барысы жөніндегі баяндауларым жағымды жағынан қабылданып жүрді. Ол кезде кешкі мезгілде, біржа-

рым сағат үзілістен кейін 19.00 сағатта кеңсеге қайта оралып, 22.00 сағатқа дейін отырып жұмыс істеу белгіленді.

Мен республика прокуроры Румянцев туралы жеке бірнеше сөз айтқым келеді. Ол кезде 50 жаста еді. Ірі тұлғалы, толықтау, бір аяғы протез, таяқпен жүретін. Ашық дауыспен сөйлейтін. Сірә, Қазақстанға Саратов облысынан ауыстырылған тәрізді, прокурорлық қызметті бақайшағына дейін жақсы білетін, бір мезгілдерде сұсты болып көрінетін, бірақ қайтымы тез, кадрларды бағалай және сыйлай білетін. Ол мені назарынан түсірмеді, қызметте бітмегенімді айтып, үйретіп отырды және тұрмыстық жағдайыма да көмегін тигізді. Одан көп нәрсені, әсіресе, тергеуші мен прокурор этикасы, сондай-ақ, қоғамдық және партия ұйымдарының басшыларымен өзара қарым-қатынас жасау жайын үйрендім. Республика прокурорының ПМ, КГБ-лардың тергеу органдарын қадағалайтын арнайы істер жөніндегі орынбасары, генерал Алексей Павлович Чурбановпен де арамызда өте жақсы іттипатты қарым-қатынас қалыптасты. Біздің жылы қарым-қатынасымыз мен прокуратура жүйесінен кеткеннен кейін де ұзақ жылдар бойы сақталды.

1948 жылғы күзде мен үшін республика прокуроры Румянцев пен республика мемлекеттік қауіпсіздік министрінің бірінші орынбасары Ф.Сәкенов арасында аздаған "келіспеушілік" орын алды. Бұл былай болған еді. Бір жыл ішінде Қазандағы заң институтының үш курсы шұғыл бітіріп, Бүкілодақтық сырттай институттың Алматы филиалына ауыстым. Бітіру емтиханын КГБ полковнигі Ф.Сәкеновпен бірге тапсырғанмын. Ол мені өзіне тартып, екеуіміз Ленин көшесіндегі күзетілетін жеке үйінде жиі болып, емтиханға бірге әзірленетінбіз. Біз екеуіміз де мемлекеттік емтиханның барлық пәндерін (ол алтау болатын) "өте жақсыға" тапсырдық та мемлекеттік комиссия біздің екеуімізді аспирантурада оқуға ұсынды. Ф.Сәкенов маған Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігіне аға тергеуші болып қызметке ауысуды ұсынып, қызметке алуға күпия түрде құжат әзірледі. Бұл республика прокуроры Румянцевке белгілі болды. Ол кадрларды алдап-арбау деп түсініп, маған да

ұрысты, кейін белгілі болғандай Сәкенов екеуінің арасында “сыпайы” оңгіме жүрген сияқты. Ауысуға келісім бере қоймасам да, өзімді ыңғайсыз сезіндім. Бірақ, жаңа жердегі материалдық жағдайдың жақсылығын ұғынып, толқығаным рас.

Менің резервде жоғары заң оқу орнын бітіргеннен кейінгі ұсынылған аспирантура бар еді. Ол кезде мемлекет жас ғылыми қызметкерлерді даярлауды бірінші кезекке қоятын және КСРО халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Сталин қол қойған аспирантура туралы Ереже болды. Онда мекеме басшылары аспирантураға қабылданған адамдарды қызметтен босатуға міндетті деген нұсқау бар еді. Менің ішкі дүнием заңтану бойынша

ғылыми жұмысқа ауысу артықшылығына тартты. Республика прокуроры менің өндірістен қол үзіп аспирантураға баруымды қаламады, прокуратурада қалуды үгіттеді, сырттай шұғылдану үшін кешкі мезгілдерде жұмыстан босатуға уәде берді. Бірақ, кеудемде буырқанған ғылымға деген ынта-ықылыс ақыры менің болашақ тағдырымды шешті. Қазақ КСР Ғылым академиясының күндізгі оқитын аспирантурасына оқуға түстім. Сөйтіп, менің келешек өмір жолым біржола ғылыммен ұштасты.

Прокуратура жүйесіндегі қысқа да болса қызмет етуім менің ғұмырымда орнықты, ұмытылмас айшықты із қалдырды.

Рахметолла ҒУБАЙДОЛЛАУЛЫ,
прокуратура ардагері, 3-дәрежелі
мемлекеттік заң кеңесшісі

ӘДІЛЕТ ЖОЛЫ

Зейнетке шыққаным біршама уақыт болса да естелік жазу жолына бірден түспей өзімді ұзақ мерзім тежеп келдім. Себебі, жұртқа жария ететіндей менің өмірімде елден бөлек айрықша белестер болған жоқ деп есептедім. Егер қызмет бабында әділеттілікті жақтап, тағдыр тәлкегіне тап болған шарасыз адамдарға қорған болсам, ол менің азаматтық борышым деп санадым.

Қырық жылдан астам өмірім прокуратура жүйесінде қатардағы қарапайым қызметкерден бастап, әр түрлі лауазымды жұмыстарда өтті. Қоғамдық өмірге де белсене араластым. Бұл жинақтап айта салуға жеңіл тұжырым болғанмен, бір адамның басына қуанышы да, азабы да мол, жүйкені тыныш қоймаған, санаға да, саулыққа да терең із тастаған жылдар еді. Ең қиыны сол – өзің әділ болуымен қатар, басқадан әділеттілікті талап ету. Тындап отырсаң, бірқатар адамдар прокурордың ауыр жүгін жеңіл бағалайды. “Заң мен билік қолында, қалай шешсе, солай болады, жаны қиналмайды ғой” деп есептейді. Оның үстіне соңғы жылдары жалпы прокуратураның керегі бар ма дейтіндер де болды. Бұл пікір, өз міндетіне үсірт қарайтын жекелеген прокурорлар жөнінде айтылса дұрыс болар,

саусақтардың бөрі бірдей емес қой. Дей тұрғанмен, бұндай жеңіл баға жалпы прокуратура атына айтылса, үлкен жансақтық дер едім. Кеңестер Одағының тұсында, қазіргі парламенттерде жан-жақты әділ заң шығару қиын деген пікірлер көп айтылып жүр. Ал, шығарылған заңның орындалуын қадағалау, оның қағидаларының мүлтіксіз іске асырылуын басқалардан талап ету қияметтің қияметі дер едім. Бұл қиын міндет тек прокуратураға тапсырылған. Мекемелердің, өндіріс орындарының, тіпті өкіметтің, жергілікті басқару орындарының басшылары кейде заңды белінен басып жатады. Соның салдарынан мемлекеттің, азаматтардың мүдделеріне, жұмсартып айтқанда, орасан нұқсан келтіріледі. Бұндай жағдайларда прокурор шешімді шаралар алып, заң талаптарын бұрмалаушыларды төртінке шақырып жатады. Ал, заң бұзушы шенеуніктерге бұл ұнай ма? Әрине, ұнамайды. Қателігін түзегенің үшін ризашылығын білдірудің орнына, олардың кейбіреулері сана-сезім деңгейінің, жеке басының мәдениетінің төмендігінен алақоздік білдіріп неше түрлі лақап таратып, прокуратураға қарай күйе жағып жатады. Айта берсе, прокурор жұмысының қиыншылығы жеткілікті. Оларды

азаматтық тұрғыдан жеңе білу, кінәлілерді заңды сыйлау рухында тәрбиелеу, үлкен парасаттылықты, сабырлы төзімділікті қажет етеді. Прокурордың да “ет пен сүйектен жаралған” пенде екенін ескерсек, адамгершілігі, адал еңбегі дұрыс бағасын алмаған жағдайларда, оның ішкі жанайқайын сезуге болатын сияқты.

Жалпы прокуратураның қызметін жоққа шығару — күн сәулесін тұмшалаумен бірдей сияқты деп есептеймін.

Қазіргі кезде заң орындарында істейтін жастар қауымы және өзіммен қанаттас жауапты жұмыстарда болған көптеген азаматтар әр түрлі жағдайда кездесіп қалғанда, өткен өмірім туралы менің естелік жазуым керектігін жиі еске салып жүр. Олардың пікірлерінше, бұндай еңбек адамдарды заңды құрметтеуге, өділеттің ақ жібін аттамауға, бір-біріне қиянат жасамауға терең ой қозғайды және кейінгі жастарды табандылыққа, мейірімділікке тәрбиелеуге пайдалы өсерін тигізеді деп есептейді. Саналы өмірменді осындай игі мақсаттарға бағындырған адаммын деп, құдай алдында да, адамдар алдында да айта аламын. Сондықтан, до-

старымның бұл ұсынысын қабыл алдым. Асқар Сүлейменов айтқандай, өзгенікін еске түсіруден, өзіндікін еске түсіру күшке түсетіні белгілі. Шамам келгенше өткен өмір өрнектерін қағаз бетіне шынайы және тартымды түсіруге тырыстым. Адам өз өмірінің суретшісі ғой, бірақ, суретшілердің де шеберлік деңгейі бірдей емес екені белгілі. Мен жазушы немесе журналист емеспін, иіні келмей, орамы жетпей, бояуы солғын шығып жатса, кешіріммен қарауларыңызды сұраймын. Бірқатар ағалар мен достарымның адамдарға деген көзқарасы, жадымда сақталған жақсы қасиеттері кейінгі ұрпаққа үлгі болар деген оймен естелікке кірістім. Кейбір оқиғаларды жазғанда жеке адамдардың аты-жөні аталмай кететін жерлері бар. Олардың арттарында өсіп келе жатқан буындар бар немесе кейбіреулері өмірден озып кеткен адамдар еді. Естелік, менінше, сыни мақала емес қой, барлық жағдайларда адамдардың түсін түстеп жатудың қажеті болмас, тек жазылғандардан жастар байыпты ой түйсе, негізгі мақсатымның орындалғаны деп есептеймін.

ӨМІР БАСПАЛДАҚТАРЫ

Мен 1930 жылғы 17 қыркүйекте бұрынғы Гурьев облысы Новобогат ауданының, Бегайдар ауылында дүниеге келіппін. 5-сыныпқа дейін Новобогат селосының Аманкелді орта мектебінде оқыдым.

Адамның балалық, жасөспірім шақтары негізінен мектеп қабырғасында өтеді ғой. Гурьевтің Жамбыл атындағы орта мектебі (кейіннен орыны жойылып кетті) маған өте ыстық еді. 10-классты осы мектепте бітірдім. Құлын-тайдай тебісіп өскен құрбы-құрдастарым әрдайым көз алдымда тұрады. Олар — Салықов Жұмажан, Нақбаев Жұмаш, Еңсегенов Аман, Төремұратов Жеткіншек, Мұхамбетов Тұрсын, Тұрақбаев Салауат, Алтаева Мұхсина, Жұмақұлова Ағиба, Киікбаева Ғазиза, Абдрахманов Арон, Айтқалиев Құсни, тағы басқалары. Менен бір класс бұрын оқығандар — Жұмағалиев Әміреш, Жарбосынов Бинеш, Наубетов Арондар қоңылдес достар еді. Бұлардың бәрі де облысқа, республикаға танымал адамдар.

Соңғы уақытқа дейін көбірек жолдас болып, араласқан досым Еңсегенов Аман деген азамат — салмақты мінезді, досқа адал, адамдарға мейірімді, ауыл шаруашылығының маманы. Біраз жыл кәсіподақ ұйымының жетекшісі, совхоз директоры болып жемісті жұмыс жасап, зейнеткерлікке шығып, Атырауда тұрады. Нұр үстіне нұр қонып, екеуміз бажа да болдық.

Орта мектепті 1948 жылы бітірдім. Шәкірт ретінде менің орта білім алуыма тер төккен ұстаздарым — Рысмағамбетов Қайыржанға, Жайлыбеков Атшыбайға, Төлебаев Диярға, Дворецкая Антонинаға, Такенова Мариямға, Жангиров Фильмғалиға, Фазылов Хұсынға, Нығметжанова Гүлқайға, Тасымова Нағимаға, Қызылбаева Қамаға, тағы басқа көптеген аға-апайдарыма ризашылығымның шегі жоқ. Өмір даңғылына маған бірінші жолдаманы солар берді ғой. Олардың бірқатары қазір бұл дүниеден сапар шегіп кетті, жаңдары жонатта болғай! 9-класстан

кейін жазғы каникул кезінде семьядағы тұрмыс жағдайына байланысты Гурьев қалалық прокуратурасына қағаз тасушы (курьер) болып жұмысқа кірдім.

Менімен қала прокурорының сол кездегі орынбасары Кошев Хасан ең бірінші сөйлесіп, жұмысқа қабылдады. Сабырлы, бірқалыпты мінезді, асықпай сөйлейтін адам еді. Мені өзіне шақырып, жиі қағаз көшіртетін, “шебер жазасы” деп мақтан та қоятын. Ол кезде іс-қағаздары негізінен қолдан жазылатын. Ара-тұра әр түрлі тақырыпқа, баласынбай, маған әңгіме айтатын. Ол сөздер менің көңіл күйімді көтеріп тастайтын. Сол Хасекеңнің баласы — Кошев Бақыт қазір Маңғыстаудың Түпқараған ауданында сот төрағасы болып жұмыс жасауда. Бұның алдында ол бірнеше жыл прокуратура органдарында жауапты жұмыстарда болған. Бұның өзі бар күшін әділдік жолына сарп еткен Хасекең ағамыздың өмірі жалғасын табуда деген сөз. Барлық ата-ананың тілегі де осы ғой. Сөз орайы келгендіктен айта кетейін, Ақтөбе облыс прокурорының бірінші орынбасары Құтқожин Парасаттың, Атырау облыстық прокурорының орынбасары Сүлейменов Фибраттың, Атырау қаласының прокуроры болған Орақов Аяның, таратылған Маңғыстау облыстық тергеу комитеті департаментінің бастығы Борашев Аташтың, Ақтау қалалық сотының төрағасы Сабырбаев Мараттың, тағы басқаларының өкелерімен аралас-құралас, қатар жұмыста болдым. Қазір де олардың жақсы жақтарына қуанып, кемшіліктеріне қынжылып отыратынымды жасыра алмаймын.

Көп кешікпей мені облыс прокуратурасының тергеу бөліміне хатшылыққа ауыстырды. Ол кезде облыс прокуроры Тапалов Бөйіш Хасанұлы, орынбасары Қасаев Уахит Тынәліұлы болатын. Елхалық оларды қатты сыйлайтын. Ал, тергеу бөлімінің бастығы, қазіргі академик Салық Зиманов еді. Ол Отан соғысына бастан-аяқ қатысып, әскери майор дәрежесімен елге оралған еді. Әскери қолбасшыдан сыйлыққа алған екі аяқты ИЖ мотоциклі Гурьевте тек сол кісіде болғаны есімде. Сөкеңнің адамгершілік немесе кәсіби биіктеріне баға беруге ол кезде менің өрем жетпейтіні белгілі.

Бірақ ол ақжарқын, ашық жүзімен адамдарды өзіне тартып тұратынын се-

зетін едім, көптеген прокуратура, милиция қызметкерлері оның алдын босатпайтын (Мен ол кісімен бір бөлмеде отыратынмын). Сөкеңнің оларға айтқан пайдалы ақыл-кеңесі менің де зердеме құйылып жатушы еді. Ол кісінің отырыс-тұрысы, адамдармен сөйлесу мәнері, қызмет бабындағы іс-қағаздарды жасақтауға, басқа да ірілі-уақты кеңсе жұмыстарына үлкен жауапкершілікпен қарауы мені үнемі еліктететін. Мен де өз міндеттерімді орындауға мұқият болуға тырысатынмын. Көп кешікпей Гурьевке сол кездегі республика прокуроры К.Я. Румянцев келіп, бірнеше күн болды, жергілікті жағдаймен танысты. Сөкең ол кісіге қатты ұнаған болуы керек, оны өзімен бірге Алматыға жұмысқа алып кетті. Бүгінде тек Қазақстан емес, көптеген басқа елдерге танымал болған, заңгерлік әлемінде жарық жұлдыздардың бірегейі дәрежесіндегі Сөкең ағамыздың өмір жолын одан әрі баяндау артық болар. Еңбек жолым басталарда Сөкеңнің қол астында аз уақыт болса да тәлім алғанымды мақтанышпен еске аламын.

Орта мектепті бітіргеннен кейін жоғары оқу орнына баруға тұрмыс жағдайы көтермеді. Соғыстан кейінгі жылдар. Әтиғолла ағамыз әскер қатарында азаматтық борышын өтеп жатты. Отбасында еңбек ететін әкеміздің айлығы нашарлай да жетпей жататын. Сондықтан, мен бір жылдай сот жүйесінде, әуелі халық сотында, кейін облсотта хатшы болып қызмет еттім. Сол кездегі облсоттың басшыларының арызбен келген адамдарды жылы жүзбен қабылдап, асықпай-үсікпей тыңдаулары, оларды аса ризашылық сезімге бөлеп, істің әділ шешілетініне сенімдерін арттыратын. Облсоттың басшысы Сидеғали Елшібаев өз ісіне мейлінше адал еді, қарауындағыларға қатаң талап қойып отыратын. Сидекең Гурьев облысында 13 жыл судья болғанда Жоғарғы Соттан бірде-бір үкімі немесе шешімі бұзылмаған дегенді естігенмін. Ол кісінің тіке қарағанынан жасқанатын едім. Тек мен емес басқа жауапты қызметкерлер де қысылып тұратын. Ұжым мүшелері ол кісіні “папа” деуші еді. Бет әлпеті сұсты болғанмен, адамдарға қамқоршы, үлкен жүректі жан еді. Судьялар тарапынан жіберілген қателіктерге қатал болды және тез шара қолданатын.

Бірде Қызылқоға ауданынан бұзақылығы үшін сотталған бір адамның қылмыстық ісі кассациялық шағыммен облсоттың коллегиясына түскен. Сидекең осы іспен танысып отырып, бір уақытта біресе күледі, біресе бет ауызы тыржиып кейиді (ауыз бөлмеде көріп отырмын). Сол сәтте маған “коллегия мүшелерін дереу шақыр” делі. Мен жүгіріп жүріп, “папа” шақырып жатыр деп бөрін жинадым. “Бақсақ, бақа екен” демекші, әлгі сотталған бұзақы мас күйінде клубта, кейін көшеде қоғамдық төртінгі бұзып, былапыт сөздерді боратқан көрінеді. Ал оны соттаған С. деген судья, шығарған үкімінде “анаңды үйтейін, аузыңды бүйтейін” деген бұзақы айтқан сөздерді сол күйінде өзгеріспестен жазып қойынты. Сидекеңнің бүлініп отырғаны осы екен. “Мына үкімді халық алдында қалай оқыды екен, сондықтан судьяның өзін бұзақы деп соттау керек” деп, Сидекең отырып алды. Ақыры аудандық судья көп кешікпей орнынан босатылды. Сидекеңнің орынбасарлары Тапалов Сәни, Кенжеғараев Ержан, облсот мүшелері Меңешева Нәбия, Елешев Сабыр сияқты апа-ағаларыммен қызметтес болуым мен үшін ісіміз қалған жоқ. Әрқайсысының кейбір ізгілік жақсы қасиеттері жалымда сақтаулы. Әсіресе, менің пікірімше Тапалов Сәни ерекше адам еді, іскерлігі, турашылығы, тағы басқа жеке қасиеттері маған қатты ұнаушы еді, өскенде сол кісідей болсам деп ойлаушы едім. Сөкең кейін Жоғарғы соттың ұзақ жылдар мүшесі болып, республиканың заң кадрларын тәрбиелеуге аз еңбек сіңірген жоқ.

1949 жылы Алматы мемлекеттік заң институтына оқуға түстім. Ол кезде институт Чайковский көшесіндегі № 52-үйде болатын. Кейін Шевченко, Амангелді көшелерінің қиылысындағы (соғыс кезінде қару-жарак шығаратын зауытқа берілген деп естідім) үш қатарлы заң институтының бұрынғы мекенін қайтып берді. Білетін адамдардың айтуынша, бұл ғимаратты республикаға танығал мемлекет және қоғам қайраткері Оразбаев Шаһан ағамыз заң халық комиссары болып тұрғанда салдырған көрінеді.

Институтта оқу мен үшін өте қиын болды. Мамандық алу оңай емес, төлуге тура келді. Екі жыл бойы пәтер жалдап тұрдым, жатақханада орын болмады. Са-

бақтың бәрі бірдей орыс тілінде жүргізілді. Қазақ мектебін бітіріп барған адамға басқа тілде марксизм-ленинизм негіздері, капитализмнің саясиэкономиясы (ол күнде оқулық жоқ) сияқты сабақтарды жете меңгеру аса қиын екені түсінікті. Арнайы оқулық болмағандықтан Маркстің “Капиталын” тікелей оқуға тура келді, оны орыстардың өздері де түсінбейді. Саясиэкономия кафедрасының меңгерушісі профессор Барабтарло деген суық түсті, сұсты адам. Лекция оқығанда “Маркс саясиэкономияны беске біледі, мен төртке білемін, ал сендер мықтаса үшке білесіңдер” деп зәремізді алатын. Бірақ, қаншама қатал болғанымен, сол кездегі оқытушылардың ары таза, өзін талаптансаң қол үшін беруге әрдайым бейім болып тұратын. Солардың бірі — политэкономиядан семинар сабағын жүргізетін Жанкелдин Токтағали ағай, өте бір мейірімді адам еді. Менің онымен ешқандай таныстығым жоқ. Ол кісінің негізгі жұмысы ЦК-ның жанындағы Партия тарихы институтында, философия ғылымының кандидаты болатын. Бірінші өткізілген семинар сабақтан кейін, неге екенін білмеймін, маған назарым аударып, үнемі қамқорлыққа алды.

Маған уақыт бөліп, саясиэкономияны түгел қазақша түсіндірді, орыс тілін өзімнен оқу керектігін айтты. Сол кісінің ақылымен орыс тілін фонетика, морфологиясынан бастап, бос уақытымда қайта оқыдым. Төкеннің “Гурьев дейтін алыс облыстардың бірі ғой, одан астанаға келіп, қалай-солай оқуға болмайды ғой” деген сөздері мені үнемі ілгері талпындырып жүруші еді. Ертенгі сағат 7-де шығып, жатар орыныма түнгі сағат 12-лерде оралатынмын. Институттан шыққаннан кейін орталық көпшілік кітапханаға барып дайындалуды өдетке айналдырдым. Бір тәуліктің тамақ іше алмай жүретін (ақша жоқтықтан) күндерім де болды. Жылы киімнің де тапшылығы өз алдына бір әңгіме. Ара-тура студенттермен бірге көтерме жұмыс та жасаймын. Мен үшін институттан алатын степендия негізі тіршілік көзі еді. Оқу озаты болып, көтерме степендия алып жүрген кездерім де болды. Мұның бәрін тізіп жазып отырған себебім — менің замандастарымның соғыстан кейінгі өте ауыр жылдарда білім алу жолында

қандай тауқыметтерді бастан кешкендерін көзге елестету еді. Мамандыққа байланысты сабақтар негізінен 3-курстан бастап оқытылды. Олармен бірге медицина, қаражат, бухгалтерлік есептің негіздері туралы т.б. білім саласынан кең мағлұмат берілетін. Профессорлар С.Я.Булатов, М.А.Ваксберг, В.И.Попов, К.Шайбеков, Л.В.Дюков, Маркеловтар тек менің емес, жалпы студенттер қауымының жоғары қастерлейтін ұстаздары еді. Бұлардың әрқайсысының өмірі шытырман оқиғаға толы үлкен тарих. Мысалы, Василий Иванович Попов бір онгіменің үстінде менің Гурьев облысынан екенімді біліп, "мен сенің туған жерің Бегайдарда болғанмын" деп елдегі сол кездегі бірқатар ақсақалдардың атын атады. Сұрастыра келгенде, Василий Иванович Кеңес өкіметінің бастапқы жылдарында ВЧК-ның құрамында болып, Нарын құмын аралаған екен. Ал, Сергей Яковлевич Булатов деген профессорымыз өте зерек адам, бір кезде қалет партиясының басшыларының бірі болып Сталинге қарсы шығып, біраз қуғынға ұшыраған екен. Бұны біз сырттан еститінбіз, ал Сергей Яковлевич өзі туралы тіс жармайтын. Айта берсем, студенттік өмірдің "жыры" таусылмас. Студенттік өмір – адам өміріндегі қымбат кезең. Қоғамға, адамдарға, білімге, мәдениетке көзқарасың қалыптасады, өмірдің ащы-тущысын қатар тартып, азамат болу үшін талай күреске түсу керектігіне көзіңді жеткізеді. "Бұл өмірдің ылданы бар, өрі бар, Уа, достым, анықтап бір көріп ал. Адам болып дүниеге келген соң, босағанда не жының бар, төрін ал" деп Қалыр Мырзалиев өмірді, оның мақсатын дөп басып айтқан ғой. Адамгершілікті, азаматтылықты терең сезіну үшін жан-жақты білімді болу осы қиын жолдағы бірінші басқыш дер едім. Қазіргі шақта көптеген балалар мектепте, институтта оқуларын тастап кетуде. Базар, көше қуалап сауда жасап, күнделікті азын-шоғын тиын тапқанына мәз болып жүр. Бірде 10-класс бітірген балаға, еңді институтқа баратын боларсың дегенімде, өлгі бала "институттан не алам, дипломы барларда істейтін жұмыс жоқ, базарда саудамен айналысып жүр ғой" деп немқұрайлы жауап берді. Жастардың білімнен қашқақтауы соңғы жылдары

етек алып барады. Болашақ жастардікі десек, бұл жағдай зиялы қауымды, ата-аналарды, үкімет басшыларын ойландыру керек шығар.

Денсаулық жағдайыма байланысты, 4-курстың соңғы семестрін және мемлекеттік емтихандарды тапсыруды кейінге қалдыруға тура келді. Ауылға келіп емделе жүріп, Әділет министрлігінің облыстық басқармасында консультант болдым. Басқарма бастығы Қорабай Жакиев деген кең пейілді, дауыс көтеруді білмейтін адам еді. Қызмет бабында айтатын талаптарын әжуа-қалжыңмен жеткізетін. Бірде сол кісінің шақыруымен кабинетіне барсам, онда бидай өнді, орта жастардағы бір алам отыр екен. Маған "мына кісіні танысың ба?" деді. Мен бұрын көрмегенімді айттым. Сонда бастығым жайбарақат түрде маған қарап: "Бұл жігіт Жылыой ауданының судьясы, өзі волюнтерлік, өндірісінде қаралмай жатқан 20 қылымыстық, 180 азаматтық, істері бар. Ата-анасына тимей, басқа сөздерді аямай бұйрықтың жобасын жазып алып кел" деді. Осындай ызғарсыз жай сөздің де ана жігітке үлкен әсер еткеніне куә болдым. Қорекен адамдардың жанын жараламай, астарлы жылы сөздермен жұмыстағы кемшіліктерді сынап отыратын, тілі майда адам еді.

Заң институтының мемлекеттік емтихандарын тапсыру ыңғайы 1995 жылы келді. Менімен бірге Гурьевтен Біләлов Тарен, Жапаров Ғайса, Қайнарбаев Әділгерейлер институт бітірді. Бұлар қазірде Атырауға белгілі ел азаматтары. Әділгерейдің дүниеден кеткеніне бірнеше жылдың жүзі болып қалды. Иманды болғыр, аңқылдаған ашық, досқа жаны таза еді. Такең мен Ғайсекең менен жастары үлкен, ағалықтары бар. Екеуі де институтты қызыл дипломмен бітірді. Мемлекеттік емтихан комиссиясы, әсіресе Ғайсекеңнің білім деңгейін ерекше атағаны жалымда. Институт бітірерде Тарен ағамызды ЦК-ға шақырып, партиялық тапсырма ретінде ауыл шаруашылығының экономикасын көтеру мақсатында колхоз, совхоздарға басшы жұмыстарға баруға керектігін айтыпты. Бұл ретінде Төкеннің институтқа дейін ауыл шаруашылығында әр түрлі жұмыстарда болғаны ескерілген болар. Сонымен Төкен "сельхозник" атанып, совхоз

директорынан облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысына дейін көтеріліп, қажырлы еңбегі, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары бағаланды.

Прокуратура органдарындағы Ғайсекеңнің жемісті еңбектері жөнінде соңғы кезде баспасөз беттерінде тың мақалалар жарық көріп жүр. Оларды мен қайталамай-ақ қояйын. Шынында да Ғайсекең сауатты заңгер, ісіне адал, адамгершілік қасиеттері мол. Жолдастығымыз өз алдына, біздің нағашылы-жандылығыміз бар, реті келгенде өзара әдепті өзін-қалжын да айтып қоямыз. “Сен біздің апайға тартып ауызға ілініп жүрсің ғой” десем, “апаңызды адам еткен біздің әкеміз емес пе” деп қарсы дау айтатын.

1955 жылы 10 қарашада облыстық прокуратураның тергеу бөліміне жұмысқа шақырылдым. Ол кезде облыс прокуроры Ғұбайдолла Лұқпанов еді. Тергеу бөлімінің прокуроры болып тағайындалдым. Бұл лауазым тергеу бөлімінің бастығының жәрдемшісі деген сөз. Бөлім бастығы Әбішев Дәуіт тәжірибесі мол, жұмысқа ұқыпты, тиянақты азамат еді. Прокуратурадағы жұмыстардың қыр-сырына үніліп ол кісіден көп нәрселерді үйрендім. Аппаратта әр жылдары істеген облыс прокурорының орынбасарлары Малияр Молдалиев, Анатолий Парнишев, жауапты қызметкерлер Төреғазы Арынғазиев, Төкен Қуанышев, Еркін Сүлейменов, Сунғат Мұқанғалиев, Сатан Шореев, Жәмит Өтемұратов, Тоқтар Өтелбаев, Уақыт Қасаев, Халит Орақов, Фамшах Құтқожин, Охас Қасанов, тағы басқа көптеген тәжірибелі қызметкерлермен жұмыс бабында көп жылдар бірге болдым. Олардың қай-қайсының да басқаға үлгі боларлықтай жағымды жақтары баршылық еді. Ең бастысы, өз істеріне шын берілген адамдар еді. Осының өзі бізден кейінгі жас мамандарға үлкен мектеп еді. Арамызда жұмыс бабын пайдалануға бейім тұратын, адамдар арасында іріткі салатын, бастықтар алдында жағымпаздық көрсететін екі жүзді оңбағандар да болмай қалған жоқ. Олардың саны жалғыз-жарым болды да, дер кезінде әшкереленіп отырылды.

Заң органдарының қызметкерлеріне, жалпы елдің басым көпшілігіне сыйлы болған Лұқпанов Ғұбайдолла туралы әдейі тоқтауды жөн көрдім.

Ғүбекеннен бұрын ешбір жан Атырау облысында екі конституциялық мерзім, яғни 10 жыл қатарынан облпрокурор болған жоқ. Жалпы республика көлемінде бұндай ұзақ мерзім облыс прокуроры болған адамдар сирек кездесетін. Заң бойынша екі конституциялық мерзім біткен соң басқа жұмысқа ауыстырылатын. Ғүбекең де осы мерзім бітуіне байланысты Қызылордаға облпрокурор болып ауыстырылды, кейін Ақтөбе облысында осындай қызметте болды. Қадрларды тәрбиелеуге, оларға жоғары талап қоя отырып, қамқорлық жасауға аса көңіл бөлуші еді. Осынша ұзақ мерзім қол астында жұмыс жасағанда оның дауыс көтергенін естімедім. Нағыз кейінгіде “басқасын бүлдіріп болдыңдар, енді осыларын қалды” деуші еді. Қызметкерлердің жұмыста жіберген кемшіліктерін, тәртіптеріндегі қателіктерін олардың санасына жеткізе айтып, ұялтуға тырысатын еді. Әкімшілік жолмен жазалауға асықпайтын. Ол кезде прокуратура қызметкерлерінің жұмыстағы мінездемесі көпшілік жағдайда жергілікті партия комитеттерінің хатшыларының пікіріне байланысты еді. Хатшылардың да бәрі бірдей емес қой, соның салдарынан кейбір прокурорлардың жазықсыз жапа шеккен кездері де болды. Ғүбекең оларға ара түсті. Аудан прокурорлары болған Орақов Халит, Шореев Сатан, Нұржанов Қалыр, Борашев Мәди, тағы басқа азаматтар әр кезде әр түрлі өмір тартыстарына тап болып, Ғүбекеннің жылы қабағынан, аялы алақанынан қуат алған еді. Облыс активімен ортақ тіл тауып, олармен қоян-қолтық жұмыс жасауға шебер еді. Бірақ заң қағидаларынан, қызмет бабындағы прокурорға қойылатын талаптардан ауытқымайтын. Қателігін мойындаған адамға кешіріммен қарап, қаталдыққа бармайтын, жүрегі жұмсақ адам еді. Сол жүрек қадірлі ағамыз 60 жасқа толар-толмаста соғуын тоқтатты. Ол кісінің жақсы істерін жалғастырып келе жатқан ұрпақтары да, шәкірттері де баршылық. Өзімді солардың бірімін деп санаймын.

Прокуратураның әрбір жұмыс күні сырт көзге бір сарынды сияқты болғанмен, жіті қарағанда бір-біріне ұқсамайтын әрқилы тіршілік соқпақтары секілді. Бұған облпрокурордың жалпы бақылау

жөніндегі аға жәрдемшісі болған кезімде көзім жетті. Біреулер заңды түсінбей бұзды, біреулер әдейі бұзып, өз мүддесіне бағындырғысы келеді. Нәтижесінде адамдар зарлап шегеді, прокуратураға келіп заңсыздықтардан қорғауды сұрайды. Әсіресе, негізсіз жұмыстан шығару, тиісті еңбек ақысын төлемеу, жалақысы төмен басқа жұмысқа аудара салу, әйелдердің, жасоспірімдердің заңды жеңілдіктерін бермеу т.б. жолсыздықтар өте жиі болатын. Арыз-шағымдардан адамдардың іштей наразылығы мен ызасын, қынжылысы мен көз жасын көріп-сезіп отырған сәтте де жан-дүниен қобалжиды. Бірақ бұл күйзелісінді сыртқа шығаруға немесе іш-

тей толқу үстінде асығыс шешім қабылдауға еркін жоқ. Сабырлылықпен ақиқатты анықтап, тек қана заңға жүгінуің керек. Жапа шек-кендердің және оларға араша тұратын заң қызметкерлерінің осындай жан азабын дәрекі шенеуніктердің бір сәт те болса өздерінің кінәларын ұғыну арқылы сезінбейтіндіктері қатты қынжылтады. Тек қана жалпы халықтың саған жылы көзқарасы, араша көрген адамдардың жүрек жарды фатихасы, олардың жүзіндегі қуаныш сені сәл де болса ауыр ойдан арылтып, қоғамға керектіңді сезінесің. Бұл — өз ісіне шын берілген қызмет адамының бақытты сәттерінің бірі екенінде сөз жоқ.

Аманғали ӘМІРЖАНУЛЫ,
оқетанушы-тарихшы

ПРОКУРАТУРА СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА

Ұлы Отан соғысының отты жылдарында облыс прокуратурасының қызметкерлері соғыс жағдайына сәйкес майдан сыртындағы елде заңдылықтардың қатаң сақталуына ерекше күш салды. Бұл да Ұлы Жеңісті жақындатуға қосылған аса зор үлес болатын. Мұның шындығына облыстық мемлекеттік — мұрағаттың құжаттарын шолғанда айқын көз жеткіземіз.

Заң сақшыларының кейбірі майданда да болды. Солардың бірі — Муса Баймұқановтың ерлігі ерекше айтуға тұрарлық. Прокуратураның байырғы қызметкері М. Баймұқанов отан қорғаушылар сапында көрсеткен ересен ерлігіне орай 1945 жылы “Кеңес Одағының Батыры” атанды. Ол бүкіл Одақ бойынша прокуратура қызметкерлері ішінен осындай құрметті атаққа ие болған бірден-бір азамат болып табылады.

Қай уақытта да ұйымдық шаралардың ерекше рөл атқаратыны айқын. Әсіресе, қиын шақта прокуратура кадрлары тәжірибелі қызметкерлерден іріктеліп алынғанын айтып өткен жөн. Соғыстан төрт ай бұрын республика прокуроры Баранов пен облыстық партия комитетінің хатшысы Бекжановқа жазған хатында облыс прокуроры Тапалов прокуратураның оперативтік құрамының өлі де толық еместігін, облыс прокурорының екі орынбасарының

жоқтығын, ал екі бөлім бастығының аудандарға қызметке жіберіліп отырғандығын хабарлай келе, тез арада тәжірибелі кадрлармен толықтырылмайынша, жалпы жұмысқа едәуір нұқсан келетінін қаперге береді. Сонымен бірге ол кадрларды жаңаша орналастырудың бір нұсқасын да ұсынады. Осыған байланысты және соғыстың басталуына орай прокурорлық кадрлар іріктелінді. Бұған дейін аудандарда Төрәлиев, Мұқтанов сияқты тамаша мамандар жұмыс жасап жатқанды. 1941 жылдың бас шенінде облыста тоғыз аудандық прокурор және он алты учаскелік халық соты жұмыс атқарды. Қыркүйек айында Теніз, Есбол және Бақсай аудандарында үш учаскелік халық соттары жойылып, оларда аудандық прокуратуралар ғана қалдырылды. Новобогат ауданы прокуроры Көптілеуовтің Жылыой аудандық партия комитетінің хатшысы болып кетуіне байланысты, оның орнына қараша айында облыстық прокурордың кадрлар жөніндегі көмекшісі Нұрғұатов жіберілді. Оған дейінгі жеті айдың ішінде осы қызметтерді атқарған халықтық тергеуші Балжігітовтің мінсіз жұмыс жасағандығын облыс прокурорының өзі атап көрсетті. Сонымен қатар Маңғыстау, Теніз аудандарына Хасанов пен Өтегенов прокурор болып тағайындалды.

Атыраулық прокурорлар елдегі заңды бұзушылыққа, әскери міндетті өтеуден жалтарушылыққа, алыпсатарлық пен майдан талабын орындамаушылыққа қарсы ымырасыз күрес жүргізді. Әсіресе, Отан қорғаушылар сапына түруден қашушылыққа қарсы шаралар ерекше назарда болды. 1941 жылы 28 тамызда облыстық партия комитетіне жолданып хабарламалар осыншай бірнеше адамның аттары аталып, бірақ олардың жолы кесілгендігі баяндалды. Бұлардың біреуі аудандық партия комитетінің жауапты қызметкері екен. Әлгі қашқын майданға аттанған пойыздан Сағыз стансасында ұрланып түсіп қалады да, ішімдікке тойып алған күйі мұнай бұрғылау мұнарасынан құлап түсуге өркеттенеді. Мұндағы ойы — жеңіл жарақат алу, сөйтіп майданға жарамсыздық күйге түсу екен. Мұнара күзетшісінің қырағылығымен оның арам ниеті өшкере болып, қатаң жазаланды. (Облыстық мемлекеттік мұрағат, 753-қор, 7-тізбе, 7-байлам, 95-96-беттер).

Соғыс тұсында өршіп кеткен қылмысты істің бірі — алыпсатарлық. 1941 жылдың алғашқы жеті айының ішінде ғана осыған байланысты облыс аумағында 51 іс қаралыпты. Олар сипаты жағынан өркелкі болып келеді: Есбол және Теңіз аудандарында — мал, Гурьев қаласында, Мақат және Жылыой аудандарында — шай мен мата, Маңғыстау мен Шевченко аудандарында мата мен ішінара спирттік ішімдіктер алып-сату белең алған. Прокуратура қызметкерлерінің белсене араласуымен бұл келеңсіздіктерге де тосқауыл қойылды (сонда, 97-бет).

Атырау қаласының прокуратурасы 1942 жылдың 1 қаңтары мен 6 наурызы аралығында қалылық кеңестің атқару комитеті жанындағы өкімшілік комиссиясының жұмысын тексереді. Нәтижесінде осы кезеңде 315 адамның өкімшілік айыпқа тартылғаны анықталынады, олардың төлеген айыпшұлының жалпы құны 7766 сомды құрайды. Кінәлілердің 289-ы 6536 сомды санитарлық жағдайды сақтамағаны, 9-ы 430 сомды өртті болдырмаудың шараларын жасамағандығы, 6-ы малды арнаулы орында сою ережесін бұзғандығы, 6-ы өуе шабуылына қарсы қорғаныс мектебінің сабағына қатыспағаны, 3-үі оқу жасындағы балаларын мектепке жібермегені үшін төлегені.

Сондай-ақ, аталмыш прокуратура осы наурыз айында қала маңындағы “Алғабас”, “Үлкен жол”, “Еркін қала”, “Рақуша”, “Память Ильича” ұжымшарларының көктемгі егіске дайындығы мен жер бөлімінің тапсырмаларын орындау жайын да тыңшылықты тексереді.

Заң сақшылары сол тұстағы өзекті мәселенің бірі — халыққа азық-түліктің берілу жөйін де қатты қадағалап отырды. Осы 1942 жылдың сәуір айында жүргізілген тексерудің барысында қаладағы мұнай құбыры кәсіпорнында, педагогикалық училищеде, Микоян атындағы ұжымшарда және басқаларында нанға берілетін азық-түлік көршішесінің қуоландырылмайтыны және оның весінің аты-жөні көрсетілмейтіндігі анықталынып, тез жөнге салынды.

Атырау облысы майданға жақын орналасқандықтан өлкеде соғыс жағдайына төн шаралар алынып отырылды. Солардың бірі — елді мекендерде дұшпанның ықтимал шабуылдарынан сақтану үшін алдамшы бүркеніштер дайындау. Қала прокуратурасының қызметкерлері 1942 жылы осы жөнінде қалалық гарнизон бойынша берілген бұйрықтың облыс орталығындағы төрт кәсіпорнында орындалуын тексерді. Олардың ішінде нан комбинатының жұмысы жақсы аталып өтті. Комбинатта 5 звенодан тұратын екі қорғаныс тобы болды, оларда 34 адам бар болатын. Ұжымның кәсіпорнында алдамшы бүркеніштермен, сыртқа жарықтың шықпауын қамтамасыз ететін құралдармен тиімді жасандырығанынан онда түнгі уақытта да толық негізде жұмыс жасауға мүмкіндік болды.

Заң сақшыларының осы бір қиынқыстау кезеңде ерекше көңіл бөлген мәселелерінің бірі — майданда соғысушы азаматтардың отбасыларына қамқорлық жасаудың қамтылғанын қадағалау. Облыс прокуратура органдарының қызметкерлері партия және кеңес органдарының тікелей араласуымен мезгіл-мезгіл аталмыш мәселені зерттеп отырды. Солардың бірінің қорытындыларына көз жіберу көңіл қуантады. 1943 жылдың желтоқсанының 1-і мен 1944 жылдың қаңтарының 15-і аралығында әскери қызметшілердің 22532 отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайы зерттелді. Оның қорытындылары бойынша жағдайы

төмен 9395 отбасына материалдық көмек көрсетілді. 1171602 сом жиналды, 3206 пұт азық-түлікпен қамтамасыз етілді, 7880 жұп киім, 2148 жұп аяқ киім берілді. Сондай-ақ, әскери қызметшілердің туыскандарының 2885-і жұмысқа орналастырылды, ал 413 адам көп қолданылатын мамандықтарға баулитын әр түрлі курстарда оқуға қосылды. 2335 отбасының пәтерлері жөнделді немесе жаңасына көшірілді.

Осы айлық Теңіз және Новобогат аудандарында ұйымшылдықпен өткізілді. Оларда 110553 және 60574 сом ақша, 857,6 және 393,5 пұт азық-түлік жиналды, 1816 пұт және 10 тонна балық дайындалды. Новобогаттық отбасылары 26 сауын сиыр алды.

Прокуратура қызметкерлері жағдайы нашар отбасыларының тұрмыстық жағдайының төмендеуіне кінәлі адамдарды жауапқа тартып, ахуалдың оң бағытта түзетілуіне мүмкіндік жасап отырды. Ол кезде ұжымшарлар мезгіл-мезгіл 24-ші нысан бойынша есеп беріп тұратын-ды. Маңғыстау ауданының прокуроры Г. Ермешев Шайыр ауылдық кеңесіне қарасты "Жаңалық" ұжымшарының есебіндегі бір үйлесімсіздікті тауып, оны түзетуді тиісті басшы органдардың алдына қойды, наразылық жазды. Аталмыш ұжымшардың мүшесі, майдандағы жауынгердің зайыбы Қарабаева Қамияның алты бас қойы оның өзінің келісімінсіз ұжымшар малына қосылып жіберіледі.

Бұл ауыл шаруашылығы артелінің жарғысын өрескел бұзу болып табылатын. Мұның заңсыздығын дәлелдеген прокурор Г. Ермешев аталған малды өз иесіне қайтартады және бұл фактінің басқа да шаруашылықтарда етек алуын болдырмау мақсатында аудандық кеңестің атқару комитетінде тиісінше шешім қабыдануына ықпал етті. Сөйтіп, майдангер отбасы әділетті түрде қорғалды.

Соғыс жылдарында аумағында шайқас жүріп жатқан республикалардан, облыстардан Атырау жеріне көшіріліп әкелінген адамдар мен олардың отбасыларына да тиісінше қамқорлық жасалды. Заң сақшылары бұл мәселені де назарда ұстады. 1941 жылдың маусым айынан 1942 жылдың қаңтар айына дейінгі уақытта Атырау қаласына осындай 1202 отбасы көшіп келген-ді. Олардың құра-

мында 3188 адам болды, оның ішінде 1741 әйел, 465 мектеп жасындағы бала бар, аталған уақытта балалардың 273-і ғана мектептегі оқуға тартылды. Алғашқы кезең ішінде 1180 отбасына пәтер берілді, олардың жалпы көлемі 13536 шаршы метр еді. 632 адам жұмысқа орналастырылды. 1942 жылдың қаңтар айында қалалық прокуратураның үш қызметкерінен құралған арнайы бригада осындай 264 отбасында болып, олардың тұрмыстық жағдайымен танысты. Қалалық кеңестің атқару комитеті осы уақытқа дейін 411 адамға 27 мың сом көлемінде материалдық көмек көрсетті. Алайда, көшіп келгендер орналасқан кейбір үйлердің жарамсыздығы (тарлығы, тазалығының төмендігі, жөндеуді қажет ететіні) анықталынды. Бригада мүшелерінің тікелей араласуымен олар мейлінше жайлы үйлерге көшірілді.

Сондай-ақ, заң сақшылары жалпы еңбек заңы талаптарының бұзылмауын үнемі қадағалап отырды. Мысалы, қалалық прокуратура қызметкерлері 1942 жылдың басында қаладағы Петровский атындағы зауыт бойынша екі қызметкерге берілген еңбек жазасының заңға қайшылығын көрсетіп, наразылық берді.

Соғыс тұсында майдан сыртындағы ел үшін өзекті мәселелердің бірі – ұрыс жүріп жатқан немесе оған көршілес аумақтардан көшіріп әкелінген малды шығынсыз бағу болды. Прокуратура органдарының мәліметі бойынша, 1941 жылдың 28 желтоқсанына дейін облысқа 5493 бас мал айдап әкелінді. Олардың 2419-ы Есбол, 435-і Мақат, 2639-ы Жылыой аудандарына жіберілді. Бұған деген талаптың қатты болғаны сонша, Жылыойдағы "Қызыл Жем" ұжымшарының малшылары өлгіндей асыл тұқымды малға қысты күні суды жылытып берді, үйде бақты. Осындай еңбектің нәтижесінде облыс еңбекшілері 1943 жылы аталған малды түгелдей өз иелеріне абыроймен қайтарды. 1942 жылдың аяғында мұндай мал саны 112 мыңға жетіп еді.

Майдан талабына сәйкес Кеңестер Одағы Прокурорының 15 мамыр 1943 жылы шыққан 510-бұйрығымен елде жылқы малының күтімі мен өсірілуіне ерекше назар аудару қатаң тапсырылды. Осыған сәйкес жергілікті прокуратура органдары жүргізген тексеру жұмыстары

облыста бұл істің біршама ретті жүріп жатқанын көрсетті. Мұндағы келеңсіз істердің тек қана Жылыой, Есбол аудандарында орын алғандығы анықталды, олардың да кездейсоқтықтан және иесіздіктен болғандығы көрсетіліп, айыптыларға 6 айға және 1 жарым жылға бас бостандығынан айыру және еріксіз жұмысқа қосу сияқты жазалар берілді. Бұл ретте заң сақшыларының аталмыш істі асыра сілтеуге жібермей, әділетті шешуге тырысканы көрінеді.

1943 жылы облыста ұжымдық және жеке шелек бақша шаруашылығы нашар дамыды, бар болғаны 82 гектар жерге бау-бақша дақылдары отырғызылды. Орташа өнім жоспардағы 7,5 центнердің орнына 6,3 центнер құрады. Осыған байланысты 1944 жылдың 21 наурызында облыстық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің атқару комитеті бірлескен қаулы қабылдап, аталған шаруашылықты жақсартудың шараларын белгіледі, 1944 жылы егіс көлемі кем дегенде 200 гектар болуы қажет деп көрсетілді. Осы қаулы облыстағы құқық қорғау органдарынан көрсетілген міндеттерді мүлтіксіз орындауға келергі келтіретін заңсыздықтарды болдырмауды талап етті. Заң сақшылары бұл жолы да ыждағатты жұмыс істеді.

Соғыстың бел ортасында, 1943 жылдың 29 сәуірінде КСРО Прокуроры № 230-бұйрық шығарды, онда прокуратура органдарынан ұжымшарлар мен кентшарларда, МТС-тарда астықты, дәнді, жанар-жағармай-

ды және басқа өте қат мүліктерді талан-таражға салуға тосқауыл қою талап етілді. Осыған байланысты Бақсай, Жылыой, Мақат, Новобогат, Теңіз, Шевченко аудандары және Гурьев қаласы бойынша 86 іс көтеріліп, 132 адам жауапқа тартылды.

Бүкіл мақсат майдан талабына бағындырылған сол бір жылдарда прокуратура органдарының қызметкерлері көшіріліп өкелінген көшірорындардың материалдары мен құрал-жабдықтарын ұрлаудан, талан-таражға салудан қорғады. Заңгерлер шаруашылықтың қай саласында да ысырап пен иесіздікке жол берілмеуін қалағалады. Бұған қоса майдангерлердің, соғыс мүгедектерінің және қаза тапқан жауынгерлердің отбасы мүшелерінің құқылары қорғалды.

Ел басына күн туған шақта облыс прокуратура органдарының білікті қызметкерлері Б. Тапалов (облыс прокуроры), аудан, қала прокурорлары Малиюков (Гурьев қаласы), Қ. Төрәлиев (Бақсай ауданы), Мәмбетов (Жылыой ауданы), Мұқтанов (Мақат ауданы), Нұрғуатов (Новобогат ауданы), Г. Ермешев (Маңғыстау ауданы), Өтегенов (Теңіз ауданы), Б. Ахметов (Шевченко ауданы) сияқты азаматтар заман талабына сай жігерлі жұмыс ұйымдастырды.

Осылайша, Атырау облысы прокуратурасының қызметкерлері де сонау Ұлы Отан соғысы жылдарында абыройлы еңбек етіп, заңдылықтың қырағы сақшылары бола білді. Мұны заңгерлердің бүгінгі ұрпағы лайықты мақтаныш етеді.

АДАЛДЫҚ – АРДЫҢ ІСІ

Атырау облысының 1966-1972 жылдардағы прокуроры, 3-дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі, заң ғылымының кандидаты Төлеген НӘЗІРОВ пен заңгер-журналист Самат БЕКТЕНҰЛЫНЫҢ сұхбаты

АРДАГЕР ТУРАЛЫ СӨЗ

Төлеген Нәзіров 1928 жылы Батыс Қазақстан облысының Тайпақ ауданы Қалмыков ауылында дүниеге келді. 1951 жылы Алматы мемлекеттік заң институтын үздік бағамен бітіріп, жолдамамен барған Гурьев (қазіргі Атырау) қалалық прокуратурасында халық тергеушісі болып өзінің заңгерлік еңбек жолын бастады. Арада тоғыз ай өткен соң Гурьев

облысы прокурорының кадр жөніндегі аға көмекшісіне КСРО Бас Прокурорының бұйрығымен тағайындалды. 1954-1957 жылдары мұнайлы Мақат ауданының прокуроры, 1957-1961 жылдары Қазақ КСР прокуратурасында республика прокурорының кадр жөніндегі аға көмекшісі, тергеу бөлімінің прокуроры қызметтерін атқарды. 1961 жылы Семей облысы про-

курорының орынбасары болып тағайындалып, келесі жылы Семей облыстық партия комитетінің әкімшілік және сауда-қаржы органдары бөлімінің меңгерушілігі лауазымына жоғарылатылды. 1966 жылдың қыркүйек айынан 1972 жылдың қазан айына дейін Атырау облысының прокуроры болды. 1972-1978 жылдары Қазақ КСР прокуратурасы қылмыстық істердің сотта қаралуына қадағалау бөлімінің бастығы қызметін атқарды. 1978-1983 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік университетінде қылмыстық құқық кафедрасының аға оқытушысы болып, болашақ заңгерлерге ұстаздық етті. 1983 жылдан зейнет демалысына шыққанға дейін Маңғыстау облысы прокурорының мемлекеттік қауіпсіздік жөніндегі аға көмекшісі, республика прокуратурасының басқарма прокуроры қызметтерінде болды. Одан кейін де ол жоғары оқу орындарында ұстаздық етті.

Т.Нәзірвке 1968 жылы 26 шілдеде КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен 3-сыныпты мемлекеттік заң кеңесшісі сынптық шені берілді. Заң ғылымының кандидаты. "Еңбектегі ерлігі үшін" және тағы басқа медальдардың иегері, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған, адал еңбегіне, кәсіби шеберлігіне орай бірнеше рет КСРО Бас прокуроры мен республика прокурорының марапатын иеленді.

— Төлеген аға, республика прокуратурасының құрылғанына 80 жыл толды, ал сіздің өмірдегіңізге қарап отырсам, қырық жылдай прокуратурада жұмыс жасаған екенсіз. Өзіңіз сияқты көне көз қарттарды прокуратураның нағыз шежіресі десе болғандай. Біздің сізбен болатын сұхбатымыз да сол шежіре тарихтан үздік-үздік болса да сыр тарту еді.

— Жөн, қарағым. Талай-талай өмір өткелдерін бастан кешірдік, қазір жас ұлғайды, қатар сиреп барады. Көз көргендер мен үзенгілес болғандардың көбі қазір бұл дүниеде жоқ. Өмірлік жарым, бес баламның анасы Тауқида болса осыдан біраз жыл бұрын ауыр науқастан дүние салды. Шүкір, қартайғанда сүйеніш балаларым бар. Үлкен ұлым Мұрат физика-математика ғылымының докторы, Қанат Бас әскери прокурордың орынбасары-Құқықтық ақпарат және статистика орталығының бастығы, әділет

полковнигі, кіші ұлым Тілек Алматы қалалық ішкі істер басқармасында бөлім бастығы, полиция подполковнигі, қызым Ақмарал — жоғары білімді дәрігер, Гүлбахар технология институтын бітірген. Немерелерім бар, сойтіп балалардың тілегін, ел амандығын тілеп отырмыз.

Келін-балам жұмысқа, балалар сабаққа кетіп, оңаша қалғанда жасы ұлғайған адам ой бағады. Өткен-кеткен еске түседі. Өзің келіп сұхбаттасады дегеннен кейін өмір өткелдері тағы бір көз алдымда тізіле қалды. Бәрі де тура күні кешегідей, бәрі де есте. Оқу бітіріп, Атырауға жолдамамен барғаннан кейін үш жылдай қалалық, облыстық прокуратурада жұмыс істедім. Содан кейін жиырма алты жасымда осы облыстың ежелден мұнаймен аты шыққан Мақат ауданының прокуроры болып тағайындалдым. Жұмыс десе жанып тұрған жас кезіміз, оның үстіне жас кадрға қойылатын қатаң талап арқасында ысылып қалғанмын. Аудандағы қылмысқа талдау жасап қарағанымда жасалған ұрлықтардың ашылмайтынын бірден байқалдым. Аз уақыт ішінде жеті жеке және мемлекеттік объектілерде болған ұрлық ашылып, кінәлілер ұсталды. Жасыратыны жоқ, бұл елді де, әріптестерімді де елең еткізді.

— Сіздердің тәжірибелеріңіз жас тергеушілер үшін қажет екені белгілі. Сондықтан есте қалған қылмысты қалай ашқаныңызды айта кетсеңіз?

— Тергеуде сөз нәрсенің өзі үлкен рөл атқарады емес пе. Мысалы, Доссор көсіпшілігіндегі дүкенге түскен ұрыны қалай ұстағанымды айтайын. Біраз тауарларды жымқырған ұры дүкен ішіне керзі етігі мен шұлғауын қалдырып кетіпті, шамасы жаңа аяқ киімді киіп алса керек. Ауылда қалса оған киіп жүрген етігі керек болар еді, демек ол басқа жаққа жол жүрген деген ой сап ете түсті. Милиция бастығына ауылдан жақында кім кеткенін анықтауға тапсырма бердім. Іле-шала анықталды, көсіпшіліктен В. деген азамат кетіп қалыпты. Тергеу басталып кетті. В-ның өйелін шақырып алып, заттай айғақты сондай заттардың арасына қойып көрсеткенімізде, ол күйеуінің аяқ киімін бірден таныды. Әрі күйеуінің бір жаққа кетіп қалғанын да айтты. Дереву іздестіру жарияланып, арада көп уақыт өтпей қылмыскер ұсталды.

Енді қылмыс болған мекеме терезесінің жақтауынан түскен әк сынығының қылмысты ашуға қалай көмектескенін айтайын. Бірде Мақат поселкесінде ұрлыққа қатысты үш қылмыс жасалды. Біріншісі — курортқа кеткен бір отбасының үйі өртеніп кеткен, екіншісі — дәріханадан тауарлар ұрланған. Бір қарағанда, оның бәрін бір кісі жасады деу қиын, себебі ұрлау әдістері әр түрлі. Жер батпақ болғандықтан дәріханаға түскен ұрының ізі қалып қойыпты. Із поселкешетіндегі орталық электр станциясына алып келді. Осында істейтін ұрлыққа бейім тұратын бір адам барын біліп алғанбыз. Оны тауып алып, тінту жүргізгенімізде оның қалтасынан өкпін сынығы табылды. Қылмыскер дәріхананың терезесін сындырып ішке енгенде оның жақтауындағы әк сылақ қалдықтарымен бірге күртесінің қалтасына түскен. Бірден сараптама жасалды. Жіптің ұшы шыққан соң милиция қызметкерлеріне үйін тінтуді міндеттедім. “Подвалының жарын соғып қараңдар. Дүңгірлесе ештеңе жоқ, ал дүңгірлемесе, онда сол жерде бірдененің болғаны” деп милицияларға түсіндірдім. Алдымен қабырғаға тығылған көсіпшілік бастығының кабинетінен жоғалған заттар табылды. Радиоқабылдағыштың артына тығылған дәріхана халаты да дәріханаға оның түскенінің бір дәлелі еді. Ал өртенген үйдің мүліктері де осында болып шықты.

— 1957 жылы шалғай аудан прокурорлығынан республика прокуратурасына жұмысқа шақырылыпсыз. Ол кезде жастарды бірден көтере қою қиын еді ғой.

— Республика прокурорының орынбасары Оразалин облысымызға кеңеске келгенде ашылған қылмыстар туралы айтқанмын. Ол кісіге менің жұмысым ұнап қалса керек, республика прокуратурасына кадр бөлімінің прокурорлығына қызметке шақырылдым. Мен сол кезде кандидаттық диссертациямды жазуға кіріскен едім. Тұтынушылар кооперациясындағы талан-таражға салуға қатысты 500 қылмыстық істі қарап шықтым. “Саудадағы социалистік мүлікті қорғау” атты кітабым да сол жылдары жарық көрді. Кадрдан тергеу бөліміне жұмысқа ауыстырылуым да ғылыми тақырыбымды тәжірибемен терең ұштастыра жүргізуге көп көмегін тигізді. Мен де өз тұста-

старым секілді жұмысты беріле істедім. Бір күні республика прокуроры Петр Иванович Кудрявцев мені өзіне шақырды. Ол алғыр, турашыл да әділ, оның үстіне шешімді тез қабылдайтын адам болатын. Петр Иванович өзінің тіке сөйлейтін мінезіне басып: “Сен, немене, бір жерде осылай отыра бермекпісің” деп сурақты төтесінен қойды. Сосын менің жауабымды күтпестен “Семей облысы прокурорының орынбасары боласың, көні, дайында! Тап қазір сені облыс прокуроры етіп қоя алмаймын, ал орынбасарлыққа барасың” деді. “Сосын өзіннен кім шығатынын көреміз” деп қосып қойды. Республика прокуроры осылай деп тұрған соң “тәуекел” деп Семейге жол тарттым. Обком бюросында қылмыстық істер туралы мәселе сөз болғанда бұра тартпақшы болғандарға дәлелді тойтарыс бергенім әсер етсе керек, обком өкімшілік және сауда қаржы органдары бөліміне жұмысқа шақырды. Обкомның мұндай ұсынысын естігенде Петр Иванович Кудрявцев бірден қарсы шығып: “Нәзіров бізде облыс прокурорының резервінде тұр, сіздер оны обкомның бөлім меңгерушісі етпекшісіздер, бұлай болмайды” деп айтқан көрінеді. Петр Ивановичке өзім телефон шалып жағдайды түсіндірдім: “Мен мұнда партия мектебінен өтейін, бәрібір сіздерге орамалым ғой” дегенімде мәрт мінезіне басып “Жарайды, барсаң барғаның дұрыс” деп келісімін берді. Семей облысында обкомның аталған бөлімінің меңгерушісі болып 1966 жылға дейін жұмыс істедім. Партия жұмысында жүрсем де Петр Иванович мені ұмытпапты, ол кісі кадрларға үлкен жанашырлықпен қарайтын адам еді. Алдымен Орталық Комитет арқылы Қостанай облысының прокуроры болуға шақырды. Мен отбасымның жағдайына, анамның аурулығына байланысты бара алмайтынымды айттым. Арада біраз уақыт өткен соң Орталық Комитет Петр Ивановичтің ұсынысымен Атырау немесе Шымкент облыстарының біріне облыс прокуроры болып баруды ұсынды. Сонымен Атырау облысы прокуроры болып қызметке кірістім. Қазіргі Маңғыстау облысы ол кезде Атырау облысының құрамында болғандықтан жұмыс ауыр, кадр аз. Сондықтан Бас прокуратураға тағы бір орынбасар, қосымша кадр-

лар сұрап хат жаздым. Ұсынысым қабыл алынды, кейін Маңғыстау облысының прокуроры болған, белгілі заңгер, 3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі Рахметолла Ғұбайдуллин орынбасарым болып келді. Біз ол кезде заңдылықтың сақталуына, тергеу жұмысының сапалы жүруіне көп үлес қостық деп айта аламын.

— Қандай маңызды істер болғаны есіңізде шығар?

— Әрине, есімде. Соның бір-екеуін мысал ретінде айта кетейін. Облыс прокуроры болып жүргенімде бір жылы 39 кісі өлтіру қылмысы ашылды. Республика прокуратурасында болған алқа мәжілісінде “аныр-ау, осыншама ауыр қылмыс қалайша бір жылда ашылды” деп күдіктене сауал қойғандар кездесті. Мен бұл орайда аталған “қылмыстарды ашуда облыс прокуратурасы бар мүмкіндікті жұмылдырғанын” дәлелдеп шықтым. Бұл айтуға ғана оңай, әйтпесе онда прокуратура тергеушілерінің маңдай тері, үйқысыз түндері, өлшеусіз еңбектері жатыр. Әлінде мен мұнайлы Мақат ауданында прокурор болғанымды айттым ғой, мұның өзі кейін мұнай-газ өндіретін Атырау облысында прокурор болғанымда көп көмегін тигізді. “Манғышлакнефть” мұнай-газ бірлестігінде қабат қысымын көтеру үшін жерастына су айдайтын 35 скважинаға су айдаттырмай, май сорғызған факті анықталды. Бірлестік жоспар орындаймыз, сыйақы аламыз деп жүргенде, қабат қысымының төмендеуінен алынуда тиісті мұнай өнімі 7 миллион тоннаға азайып кеткен. Мен бұл мәселені обком алдына қойдым, бұл фактіге байланысты қылмыстық іс көтермейтіндігімізді айта келіп, бірақ жер астына айдалатын салқын су жіберілмей, қабат қысымы төмендеуіне байланысты осыншама зиян келгенін дәлелдедім. Нәтижесінде кінәлі адамдарға обком қатаң шара қолданды.

— Сіз республика прокурорлары болған Петр Иванович Кудрявцев, Өтеген Сейітұлы Сейітов, Ғалым Бәжімұлы Елемесов тәрізді елімізге танымал азаматтармен бірге жұмыс істедіңіз. Олардың қандай қасиеттерін алдымен айтар едіңіз?

— Петр Ивановичтің жас кадрларға қамқорлығы, адамды бағалай білетіндігінің шет жағасын әлінде айтып өттім. Мен кандидаттық диссертация қорғағанда республика прокуроры аттестациялық ко-

миссияның мүшесі ретінде үлкен қолдау көрсетті. Ол туралы менің көзі тірі өріптестерімнің қай-қайсысы да өлі күнге жақсы пікірде, оның есімін ілтипатпен еске алады. Ол тек өріптестері арасында ғана емес, республика басшылығы алдында үлкен беделге ие болатын. Өзі кетерде Димаш Ахметұлына айтып орнына жергілікті кадр Өтеген Сейітұлын ұсынып кеткенін жұрттың бәрі мақтаныш етеді. Петр Иванович Мәскеуге қайта барғанда оған КСРО Бас прокурорының мемлекеттік қауіпсіздік жөніндегі аға көмекшілік жұмысын берген. Димаш Ахметұлы Қонаев Мәскеуге барғанда ол өз жағдайын айтқан көрінеді. Димаш Ахметұлы Леонид Ильич Брежневтен оған дұрыс қызмет беруді сұрап, егер олай болмаған күнде Қазақстанға кері шақыратынын еске салыпты. Содан кейін барып Петр Иванович КСРО Бас прокуратурасының қылмыстық-сот бөлімінің бастығы қызметіне жоғарылатылып, алқа мүшесі болды. Өтеген Сейітұлы өте сабырлы, адал адам еді. Қай мәселені де ақылға салып, байыппен шешетін. Ол кісінің қандай қиын сәтте де біреуге дауыс көтергенін, үрсып-жекiп қыспаққа алғанын көрген емеспiн. Атырауда прокурор болып жүргенiмде бiр барған сапарында “Республика прокуратурасына бөлім бастығы болып кел, сен сияқты адал жігіттер бізге керек” дегені өлі есімде. Сол жолы ол маған “Еңбектегі ерлігі үшін” медалін өңіріме қалаған еді. Адалдық дегеннен шығады маған күйеу балам: “Облыс прокуроры болдым. Бас прокуратурада жауапты қызметте істедім дейсіз, үйіңізде басы артық мүлік жоқ қой” дейді өзiлден. Баю, дүние-мүлік жинау, біреуден бірден алу деген атымен болған жоқ. Менің бар байлығым — балаларым, солар аман болсын. Ал енді Ғалым Бәжімұлы Елемесов туралы мен үнемі жылы пікір білдіремін. Бірге жұмыс істеген үш прокурорым да аптал азаматтар болатын. Олардың өмірі де, ісі де өзгелерге үлгі өнеге. Жалпы алғанда, талай жыл бірге жұмыс істеген тұстастарым, замандастарым мен өріптестерім үшін мақтана аламын. Тұлпардың артқы тұяғы алдығы тұяғынан асып түсуі керек дейді ғой, мен кейінгі жастарға үміт артамын.

— Әңгімеңізге рахмет.

САБАҚ БОЛҒАН СОЗЫЛМАЛЫ ІС

Заңда тергеу жүргізер алдында ескеретін жайлар мен істі жүргізу тәсілдері тектен-тек белгіленбеген. Сонда да іс жүргізу кезінде кейде баршамыз жақсы білетін құдайдың өзі де “сақтансаң, сақтар” деген қағиданы ескермей, нар төуекелге басатынымыз жасырын емес. Тіпті ондай төртін шеңберінде жүретін адамдарды “қорқак, өріп талмаушы”, “жеке басын күйттеуші” деп кінәлайтынымыз тағы бар.

Кейінгі жас толқын өріптестеріме, барша заңгерлерге сабақ болар деген ниетпен өз басымнан өткен бір тергеу барысын естелік ретінде ұсынып отырмын.

1975 жылы Қызылқоға ауданына прокурор болып тағайындалдым. Ол қызметті мен марқұм Салахидден Смағұлов ағамыздан қабылдадым. Қай прокуратурада болмасын түрліше себептермен тергеуі созылмалы бірлі-жарым істер болады. Мұндай істер көбіне жақсылықпен тынбайды. Жақсылықпен тынбайды дегеннің өзі прокурорды қызмет бабымен, партиялық жазалаумен аяқталып жататын.

Ауданға барғаннан кейін көп кешікпей сондай бір іс менің де алдымнан шықты. Ол Сағыз стансасында тұратын аудандық мал дайынау контторының дайындаушысы Төлеуіш Жұмашевтің үстінен қозғалған іс екен. Осыны тергеуді жалғастыруды республикалық прокуратураның жеделхат арқылы берген тапсырмасы бойынша облыс прокуроры маған жүктеді.

Шын мәнінде Төлеуіш Жұмашев төсек тартып жатып қалған сырқат адам екен. Сол себепті де тергеу уақытша тоқтатылған. Істің қайтадан жедел қолға алынуына мал жетпестігін анықтаған тексеруші орындар мен облыстық мал дайындау контторы өкімшілігінің республикалық Бас прокуратураға қайталап шағымдануы себепкер болған. Тексерулер барысында үнемі зайыбын қасына алып отырып жауап алып жүрдім. Осылай жүргенде бір қыс өтіп, келесі жылдың наурыз айы басталды.

Соңғы бір келгенімде:

— Малдан жетпестік шығуына дайындаушылар Достан Қилыбаев, Төжіғали Тасболатов, мал дайындау контторының бастығы Тілек Кенжеғалиев пен бас есепшісі Тұрақбай Нұрадиновтер кінәлі. Өйткені оларда менің алажақ малдарым бар, — деді.

Оның бұл сөзді бір түрлі ренішпен айтқанын байқадым да іле:

— Жатып қалғаннан бері ол кісілермен кездеспедіңіз бе? Бұрын бұл тұрғысында өңгіме болған жоқ қой, — деп сұрадым.

Төлеуіш Жұмашев өңгіменің түйінінде сол кісілермен кездестіруді өтінді. Соған орай аудан орталығынан мал дайындау контторының бастығын, бас есепшісін шақырып, айтылған дайындаушыларды қоса Сағыз стансасындағы Достан Қилыбаевтың үйіне жинадым. Оларға қойған бірінші сұрағым:

— Сіздер Төлеуіш ауырғалы барып па едіңіздер?—болды. Бәрі бір ауыздан бара алмағандықтарын айтты. Бұл маған осының бәрі ол кісі екі жыл төсек тартып ауырып жатқанда бірінің де келіп көңілін сұрамағандығынан туған реніш емес пе екен деген күдік тудырды.

— Қазақтың көрісуі басталған кез ғой. Қонақжайлылық танытып жатса бәрін маған аудара бересіңдер, — деп нұсқау бердім де, келесі күні белгіленген мезгілде Төлеуіштің шарбағына ендік. Төлеуіш шарбағының ішінде жылы киінген, науқас деп айтуға болмайтындай көңілді, бет ажары да жақсы күйде жүр екен.

“Дүниеден өтер алдында науқас адам бой жасайды” дегенді естіп өскен менің бұл кісі сол жағдайда болып жүрмесін деген ой миымнан жүгіріп өтті. Онымен амандық-саулық сұрасқаннан кейін мен өзінің сұрауы бойынша қатысы бар деген адамдарды кездесуге жан-жақтан алып келгенімді айттым.

Төлеуіш өңгімені өзі жалғастырып:

— Өте жақсымын. Кеше кешкісін “Ақтобе қаласынан концерт қоюшылар келіп жатыр” деген соң жолдасыммен бірге клубқа барып едім, бас жағы ән мен күй болды да, аяқ жағы жез тұрбаның даңғыры болып кеткесін қайтып

келдік, — деп үйге кіріп, төрлеуді ұсынды да, Достанды “кідіре тұр” деп алып қалып, бір талай әңгімелесті. Осы аралықта мен Сағыздағы учаскелік аурухананың бас дәрігері Жақсыбай Сәрсеновке телефон соғып шақырдым. Аурухана Жұмашевтің үйінің іргесінде болатын, бас дәрігер тез келді. Онымен ілесе Төлеуіш те кірді. Үйге кіріп отырған соң Төлеуішке тергеудің тәртібін түсіндіріп, Жақсыбайды денсаулығының қандай жағдайда екенін тексерту үшін шақыртқанымды ескерттім. Ол келіскеннен кейін бас дәрігер қан қысымын өлшеп, жауап алуға болатынын қуаттаған анықтама берді. Дәрігердің өзінен де бұған байланысты толығырақ жауап алдым. Содан кейін зайыбын қасына отырғызып, енді жауап алмақшы бола бергенімде, Төлеуіштің өзі алдымды орап:

— Иімі, Сізге көп рахмет! Менің бұларда тышқак лақ та алажағым жоқ. Тек екі жылда бір келіп көрінбеген соң ренжігеннен істеген шарам ғой. Орынсыз мазалағанымға кешірім өтінемін, — демесі бар ма?! Мен көптің алдында оны ыңғайсыз жағдайда қалдырмайын деп.

— Оқасы жоқ, ағасының інісіне базыналығы болады ғой, — деп өзіңге айналдырдым. Одан әрі әңгімені жалғастырудың қажеті болмағандықтан, мен кетуге рұқсат сұрап едім, үй иесі жеңіл шай дайындалып қойғанын хабарлағаннан кейін оның көңіліне келер деп есептеп, келесі бөлмедегі дастархан жанына отырдық.

Шай үстінде де Төлеуіш өзгелерге сөз бермей, өткен-кеткендер жайында, ауданның тәуір азаматтары туралы әңгімелерін айтып, өзіл-қалжыңмен отырды. Шай ішіліп болып, зайыбы дастарханды жинай бергенде Төлеуіш қатты бір жөтелді де отырған күйінде маңдайы жерге жетті. Енді қайта дем ала алмады. Бәріміз жабылып жатқызып, өзімізше көмек көрсеткен болғанымызбен, ештеңе шықпады. Сөйткенше болған жоқ, шақыртумен дәрігер де келіп қалды. Қанша көмек көрсеткенмен нәтиже болмады. Бақсақ, ол кісіге ауырғанда берілетін жәрдем әдісі мүлдем басқаша екен.

Алдында, біз шайға отыра бергенде бір кішкентай бала келіп, әкесіне біздің қызметтік автокөлігімізбен сол үйдің бір қыз баласының теміржол стансасына кетейін

деп жатқанын хабарлады. Төлеуіш қатыңқы дауыспен:

— Қонақтың көлігінде не шаруасы бар, аулақ жүрсін, — деп зекірді. Қыз бала ғой, сәл нәрсеге назары сынар деген оймен мен:

— Шапшаң барып келетін болса барып келе қойсын, жүргізушіге айта ғой, — деп едім, хабаршы бала жүгіріп кетті. Бірақ, ол қыз бала кешігіп келді. Ағайын-туыс, жанашыр адамдардың тосын, аяқ асты оқиғаға байланысты ашуын ақылмен баса бергенде келген әлгі он бір, он екі жас шамасындағы қыз баланы көп болып азар жұбаттық. Сөйтсе, оның қатты ренжуінің басты себебі бар екен. Ол әкесіне дем жетпей қиналған кезде аузынан үріп демін жалғастырып, өмірін науқастанғаннан бері ұзартып, сақтап келеді екен. “Ажал балдан тәтті” дегендей, ажал туралап келгенде науқасқа ешбір себеп, жәрдем араша тұра алмады.

Оқиға болған күннің ертесіне облыс прокурорына болған жайды хабарлағанымда, сөзімді аяғына жеткізбей үзіп:

— Тергеу тәртібін сақтадың ба? — деп бастырмалатты. Мен қолданған шараларымды айтып, жауап қайтарғанымда, ол менің ар жағымда балаша қуанды. Сөйтіп, тергеу тәртібін сақтау арқылы мен де, облыстық, аудандық прокуратуралар да арызқойлардың қаламдарынан сырт қалған едік.

Бұл оқиға болғаннан бері жиырма сегіз жыл өткен екен. Қайталап айтамын, жастарға сабақ болсын деген оймен қайта еске алдым. Егер газет бетінен марқұмның отбасы, тума-туыстары оқып, толқыса үлкен кешірім өтінемін. Мен олардың түсініктері мол адамдар екенін көрдім. Оқиға үстінде ауылдың бір белсенді азаматы:

— Мұны бұлай қалдыруға болмайды, — деп доңайбат көрсеткенде, Төлеуіштің зайыбы:

— Не айтып отырсың. Нақ қасында отырып мен де ажалға араша тұра алмадым. Құдайдың ісі. Босқа сөйлемендер, — деп оны қайтарып тастағаны есімнен кетпейді.

Иә, біздің қиын да күрделі қызметімізде оқта-текте болса да мұндай да кездесіп қалады. Қашан да заң шеңберінен шықпасаң, адал болсаң ұтылмайсың. Өмірлік сабақ болған сол бір созылмалы істің ақыры осыған көз жеткізді.

ҚИЯНАТ ҚҰРСАУЫНАН ҚАЛАЙ ҚҰТҚАРЫЛДЫМ

Сол бір 1986 жылғы қызмет бабындағы қиянат пен қиямшұрыстық аяқ астынан ойға тағы қайта оралды. Егер адал да абзал, парасатты да шарапатты басшы қорған болмағанда оның ақыры не болары беймәлім еді-ау. Республикалық “Зан газетінің” кезекті бір санын парақтап отырғанымда Мәрзия Сейтқазықызының “Жақсыдан шарапат” атты мақаласы бірден назарымды аударды. Себебі, ол республиканың бұрынғы прокуроры, маркум Ғалым Бәжімұлы Елемесовтің жоғары парасаттылығы мен қарапайымдылығы, адамгершілігі мен қамқорлығы жайлы жүрек тебіренісімен еске алу екен. Нағыз азаматқа төн кесек әрекеттер жасаған, артында айшықты іздер қалдырған бірегей тұлға болғандығына мақаланы оқып отырып тағы көз жеткіздім.

Иә, Ғалым Бәжімұлы қиянат құрсауы мойынға түскенде маған да араша түсіп, үлкен басымен қатардағы қызметкер үшін жанын сала қамқорлық жасаған еді ғой. Ол жақсылығы ұмытылар ма, сірә! Сол жылы мен Ембі (қазіргі Жылыой) ауданында прокурор болып қызмет істейтінмін. Прокурор үшін әділдік, адалдық, принципшілдік ең алғы кезектегі қасиеттер болуға тиіс. Басшыларға жалтақтап, айтқанынан шықпасаң сенен прокурор шықпайды. Мен де сондай прокурорлық принцип ұстанамын деп жүріп, аудандық партия комитетінің хатшыларының жел жағынан шығыппын. Сол сәттен бастап тырнақ астынан кір іздеу басталды. Енді келіп оларға облыстық партия комитетінің екінші хатшысы қосылып, соңына шырақ алып түссе, жағдай өзінен-өзі түсінікті емес пе?

Маған тағылған кінәнің нақақтығына көзі жетіп, жанашырлық танытқан сол кездегі облыс прокуроры Иманғали Сейітовке де облыс басшылары тарапынан қырын көзқарас қалыптаса бастады. Бірақ, ол кісі өте орнықты, асығыстыққа бармайтын байсалды басшы еді. “Ақырын күтейік” деп тежегішпей берді. Өйтсе де, бұдан әрі қарайғы кідірістің менің пайдама шешілмейтіндігін сезіп, республика прокуроры Ғалым Бәжімұлының өзіне тікелей шығуға тәуекел еттім.

Шын мәнінде, бағыныштылық тәртіп бойынша прокуратураның ең төменгі

жүйесінің қызметкері келесі сатыны жанап өтіп, жоғарғы прокуратура басшыларына тікелей шығу сатылық тәртіпті (субординация) бұзушылық болып саналады. Сондықтан рұқсат етпеуі мүмкін деп бұл ойымды облыс прокуроры Иманғали Сейітовке айтпай, тура Ғалым Бәжімұлының өзіне телефон шалдым. Телефонды ұстаған хатшысы “қайдан едіңіз, қандай мәселемен соқтыңыз” деген дағдылы сұрақтарды жаудыра бастады. Мен қай жерден екендігімді, аты-жөнімді айттым да, қандай мәселемен сөйлескелі отырғанымды айтарда “кейінге қалдыруға болмайтын іс еді, егер мүмкін болса Ғалым Бәжімұлының өзіне баяндасам...” дегеннен кейін “қазір” деді де аз ғана мезгілден соң қайтып келіп қосатынын ескертті. Телефонның арғы жағынан “тыңдап отырмын” деген биізы үнді естігеннен кейін қобалжуым саябыр тауып, жағдайды қысқаша хабарлап өттім. Тыңдап болғаннан кейін ол “мәселемен аз-мүз хабардармын, облыстық прокуратураға тәртіп беріледі, ертенгі самолетпен жетіп, жағдайды толығырақ баяндарсың” деді.

Келесі күні айтқандай Ғалым Бәжімұлының қабылдауында болдым. Ол менің сөзімді үзбестен, сабырлықпен тыңдап болды да “өзіңе сенімдісің бе?” деп бетіме тіке қарап, сынай сұрақ қойды. Мен прокурорлық лауазымды мақсат тұтпайтынды, бірақ дұрыс жүріп, бұрыс таңбамен кетіп, көптің көз түрткісі болғым келмейтінін айтып, “өзімнің тазалығыма күдігім болса басымды дауға байлап, күштілермен текетіреске түсіп, сіздің алдыңызға келмес едім” деп жауап қаттым да, өзіме нық сенімділігімді білдірдім. “Жарайды, өзіңе сенімді болсаң тексеру шарасы алынады, қайта беруіңе болады” деп жылы шыраймен қоштасты. Іле республикалық прокуратураның жауапты қызметкері Қазыбек Ноғайбаевты жіберіп, жан-жақты тексертіп алды да, нәтижесімен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне шығып болған жойтты баяндады. Алматыдан партиялық комиссия мүшесі Тоқан Қапаевқа ертіп ілкі өзі келген қызметкері Қазыбек Ноғайбаевты қайта жіберді. Екеуі екі апта бойы тексеріп, аудандық партия коми-

тетінің мені қызметтен босатып, партиялық жаза беру туралы шешімін “асығыс шешім” деп бағалап, облыстық партия комитетіне тексеру қорытындысын берді. Сөйтіп, Ғалым Бөжімұлы Елемесовтің қатардағы қызметкерге деген шынайы қамқорлығының арқасында қиянат құрсауынан құтылған едім.

Осыдан кейін мен екі жылдан астам аудан прокуроры болып қызмет атқардым. Ол Теңіз мұнай кенішінің бастап игеріле бастаған, одақтың түкпір-түкпірінен, шет елдерден мекемелер мен адамдардың толассыз ағылып келіп жатқан кезі еді. Жұмыс орасан көп болды. Аудандық прокуратурада не бәрі үш-ақ адам қызмет істейтінбіз. Жұмыс көлемінің шамадан тыс артуы денсаулыққа кері әсерін тигізбей қоймады. Ақыры, прокурорлық қызметтен босатуды сұрап арыз беруге мәжбүр болдым. Дәл осы тұста Ғалым Бөжімұлының өзі бастап қолына алған істі ақырына дейін бақылауда ұстайтындығының, принципшілдігінің куәсі болдым. Бір күні түскі үзіліске шығар алдында үстіне жай азаматтық киім киген, қолтығында қоңыр түсті қорапшасы бар бір жас жігіт кіріп сөлемдескен бойда, қызыл түсті қызметтік құжатын көрсетті де “Балмұқанов сіз боласыз ба?” деп сұрады.

Ол әңгімесін орыс тілінде жалғастырып, ағай, менің келгенімді ешкім білмесін, мен Ғалым Бөжімұлының жеке тапсырмасымен келдім. Ол сіздің арызыңызбен байланысты. Сіз арызды шын денсаулығыңызға байланысты бердіңіз бе, өлде партия органдарының сөнген қолампаны қайта қоздыруы түрткі болды ма?” деп сұрақ қойды. Мен бірден “ол әңгіме

өлдеқашан ұмытылған, егер сенбесеңіз дәрігерлік құжатымды көрсетейін” деп едім, ол “қажеті жоқ” деп сөзін аяқтады да, қоштасып кері қайтып кетті. Мен республикадағы басшымыздың осынша парасаттылығына, аса мүқияттылығына төнті болдым. Келесі күні телефон арқылы Ғалым Бөжімұлына шексіз мол рахметімді жеткіздім.

Өтінішім орындалып, прокурорлық қызметті көкшетаулық Қасымбек Омаров деген сауатты да, салиқалы інімізге тапсырдым. Ол екі-үш жылдай қызмет істеді де, Көкшетау облысы прокурорының орынбасары қызметіне ауысқан еді. Қызмет бабымен іссапарда жүргенде кездейсоқ оқиғадан қаза тапты. Оның отбасына көңіл айта барғанмын. Көкшетау қаласының шығыс бетіндегі 11-12 шақырым жердегі Қасымбек жерленген үлкен қауымда марқұм Ғалым Бөжімұлының да бейіті бар екен. Қатар түзеген қос жайсанның мәңгілік мекендері алдында мұсылмандық ізетімді білдірдім. Мұндана бастаған көңілімді “Жақсының аты өшпегені – өлмегені” деген халық даналығы сөйлітіп, қос арыс рухтарына имандылық тілеп аттандым. Ғалым Бөжімұлындай қазақтың біртуар ұлының, бірегей заңгердің есімін ел жадында мәңгілік қалдыруды жан-жақты ойластыра түссек-ау деген ой да мазалады.

Ғалым Бөжімұлының шалғайдағы мен сияқты қарапайым прокурор тағдырын талкекке бермей, қорғап қалуы және оны жылдар өтсе де ақырына дейін қадағалап, жадында ұстауы – таптырмас қасиет, талайға сабақ боларлық жәйт.

Өтеген МЫРЗАЛИЕВ,
прокуратура ардагері, заң кеңесшісі

ҚИЫН ДА КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢДЕР ЕДІ

Тағдыр бізді ерте шыңдады. Ат жалын жаңа тартып міне бастағанмызда зұлмат жылдардың тауқыметін тартып, тәксіретін көріп өстік. Содан кейін отпен оқтың ортасына кіріп, соғыстың шырғалаң соқпақтарынан өтуімізге тура келді. Заңгерлік жолға түскенге дейінгі сол бір өмір өткелін еске алмай аттап кету күпірлік болар еді.

... Бұл майдан далаларындағы ұрыстың нағыз қызған шағы болатын. 1943 жылғы наурыз айы. Лайсаң кезең. Мен 72-гвардиялық атқыштар дивизиясының 224-гвардиялық полкінің 2-батальонында хатшы болып әскери қызмет атқаратын едім. Бірақ хатшымын деп шіреру қайда, ыңғайына қарай ұрысқа талай араластық. Сондай бір сәт – нағыз сыналар

түс Белгород облысының аумағындағы Шибейкино кентінің маңындағы кант зауыты қасында тулы. Қарсыласымыз бет қаратар емес. Пулеметтен оқ қарша борап тұр. Шабуылға шығуға тиіс біздің жауынгерлердің бас көтерер түрі жоқ. Неміс фашистерінің бекіністері мықты. Ең қолайлы жерге орналасып алған. Бас көтерсең, қорғасын оқ қағып түседі. Бір кезде бұғып жатқан менің аяғымнан біреу тартқылайды. Батальон командирінің байланысшысы екен.

— Мырзалиев, комбат шақырады, — деді дауыстап.

Біскырған оқтың астында бүкпантайлап байланысшы нұсқаған жерге жеттім. Комбаттың қасында менен бұрын барған екі автоматшы жауынгер тұр. Офицер қатал үймен мені өзіне шақырып алды да, үшеуімізге бірдей қарата:

— Жаудың атыс нүктесін айналып өтіп, гранатамен жойыңдар. Мырзалиев басшылық етеді. Жігіттер, алға! — деді.

Тапсырма берілген екен, оны орындауға тиіспіз. Аса қауіпті міндет. Бірақ шегінерге жол жоқ. Ілгері жанұшыра еңбектеп келеміз. Наурыздың жентек қары аяққа түсау. Аққан тер көзге құйылады. Міне, өлермендікпен атқылап тұрған пулеметке де таядық-ау. Таяқ тастам жер. Әйткенмен, сол ара арттағы өткен өмір жолыңнан да ауыр, ұзақ, нағыз қиямет-қайым қашықтық төрізді. Орайлы сәт келгенде алдын ала әзірлеп алған гранатаны пулемет ұясына лақтырып үлгерген едім, ол жалын қапты. Оған жалғас қасымдағылар да жаудың үстінен ажал қаруларын тастады. Бөрі ойдағыдай. Сойтіп, біз берілген жауынгерлік тапсырманы сәтті орындап, батальонның шабуылға шығуына жағдай жасадық.

Біздің Дала майданы әскерлерінің Сталинград шайқасынан кейінгі үрдіс қимылдарының біріне осындай өзіндік үлес қосқанды мақтан тұтамын. Қашқан фашистерді өкшелей отырып, Валуйка қаласын азат еттік.

Менің майдангерлік өмірбаянымда бұдан да басқа сан қилы оқиғалар жетерлік. Барлауға да шықтық, байланысшы фашист офицерін “тіл алу” мақсатында желкелеп те келген күн болды. Курск доғасындағы шайқасқа да қатыстым. Сонда Прохоровка түбінде қарсы шабуыл кезінде ауыр жараландым.

Соғыс жолы оңай жол емес. Талай боздақтардың өмірі қыршындарынан қиылды. Ал мен 1943 жылдың қараша айында мүгедектік алуыма байланысты елге қайттым. 1-дәрежелі “Отан соғысы”, 3-дәрежелі “Даңк” ордендерімен, он екі медальмен марапатталдым.

Майдан даласынан туған жер төсіне келген соң бар өмірімді адал еңбек етуге арнадым. Жеңіс шаттығы баршамызды ерекше жігерлендірді. Бөріміз халық шаруашылығын қалпына келтіру ісіне жұмыла кірістік. Мен негізінен құқық қорғау органдарында қызмет еттім. Әуелі екі жыл Алматыдағы заң мектебінде оқып, 1948 жылдан бастап үш жыл Бақсай (қазіргі Махамбет) ауданында судья болдым. Ал 1951 жылы қаладағы 2-участкенің судьясы болып сайландым. Көбіне ірі көсіпорындар мен оқу орындары бойынша істерді қарадым. 1957-61 жылдары облыстық соттың мүшесі, облыстық халық шаруашылығы басқармасында аға заң кеңесшісі, бөлім бастығы болдым. Осыдан кейінгі жеті жылым прокуратура органдарында қызмет етуге арналды.

Әуелі 1961 жылы Гурьев қаласының прокуроры болып тағайындалдым. Бұл бір қилы кезең еді. Құқық қорғау органдарын қайта құрып, бірін жойып, бірін таратып, сапырылыстырып жатқан түс болатын. Аудан, қалааралық прокуратура құрылған. Мен тағайындалған кезде қалалық прокуратура қайтадан құрылып, алғашқы уақытта ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Қызметке іскер, білікті жігіттер алынды. Тергеуші болып Сұңғат Мұқанғалиев, прокурор көмекшісі болып Абдолла Төлекбаев қызмет істеді. Екеуі де кейін қызмет сатысында жоғарылап кетті. Біз қалада заңдылықтың сақталуына жақсы көңіл бөлдік. Әсіресе, тергеудің сапасын жақсарту, сот, ішкі істер органдарының қаулыларының, жұмыстарының дұрыстығын, азаматтардың заңды құқықтарының бұзылмауын қатаң бақылауда ұстадық. Алпысыншы жылдардағы маңызды жұмыстардың бірі — көзбояушылыққа қарсы күресті күшейту. Көсіпорындар мен мекемелер тексеріліп, көптеген былықтардың, жонсіздіктердің беті ашылды. Мәселен, “Гурьевнефтехимстрой” тресіне қарасты № 3 құрылыс басқармасы сол жылы құрылыс жұмысының көлемін 800 мың сомға жалған

өсіріп, көзбояушылыққа жол берген. Басқарма бастығы Понамаревтің және басқа да лауазым иелерінің үстінен қылмыстық іс қозғалды. Тіпті Понамарев қалалық партия комитетінің бірінші хатшылығы қызметіне ұсынылып қойылған екен. Біздің тексеруіміздің нәтижесін естіп, білген соң обкомның бірінші хатшысы Қ.Егізбаев өз шешімін өзгертіп, Алматымен сөйлесіп, Понамарев жөніндегі ұсынысын қайтып алуға, оны жауапкершілікке тартып, орнынан босатуға мәжбүр болды.

Бұдан кейін облыстық прокуратураның жалпы қадағалау бөлімінде прокурор болып қызмет істедім. Әлі есімде, облыстық тұтынушылар қоғамының дайындау басқармасындағылар Түркіменстаннан ұрғашы түйелер сатып өкеліп, оларды тұтынушылар қажетіне жұмсаудың орнына лауазым иелері қымбат бағаға жеке адамдарға сатып, пайдасын өздері көрген. Одан мемлекетке 400 мың сомның үстінде залал келтірілгені анықталды. Қоғам мүлкін осындай талан-таражға салушылық Қызылқоға, Жылыой аудандарында орын алғаны белгілі болды.

Сондай-ақ, облыстық прокуратураның бас бостандықтарынан айыруға байланысты

сотталғандардың үкімді орындау орындарының қызметтерін қадағалау прокуроры, сот қаулыларының заңдылығын қадағалау бөлімінің бастығы қызметтерінде істеген жылдарымда да өз биігімнен көрінуге тырыстым. Бөлім бастығы болғанда Фамшах Құтқожин, Еркін Сүлейменов үшеуміз бірге, қоян-қолтық қызмет еттік. Олар кәсіби мамандықтарын жетік білетін, тәжірибелі заңгерлер еді. Біздер сот алқаларына үзбестен қатысып, әрбір іске жазба түрде қорытынды жасап, бақылауды қамтамасыз еттік. Соттардың заңсыз шығарған үкімдеріне, ұйғарымдарына наразылықтар келтіріп, қайта қаралуларын қадағаладық.

Айта берсе, бұл бағыттарда жасалынған жұмыстар, біткен шаруалар көп-ақ. Прокуратурадан соң обкомның шешімімен облыстық сот төрағасының орынбасарлығына жіберілдім. Қайда да адал қызмет етуге бар күшімді жұмсадым. Алған мадақтауларым да, алғыстарым да аз емес. “Заң кеңесшісі” дәрежелік шеніне ие болдым. Алда әділет министрлігінің үлкен мерейтойы келеді. Осыған орай естелігімді кеңейтіп ұсынбақпын. Бүгінгі қолдарыңыздағы соның бір парасы ғана. Тек сол күндерде амандықпен қауышайық.

Көрім ТҮРДАҒАЛИЕВ,
Қызылқоға ауданының еңбек ардагері

КЕШПІМ

Бұл 1944 жылғы тамыз айының ішінде болған оқиға еді. Содан бері 60 жылға таяу уақыт өтсе де оның қалай болып қалай қойғаны ұмытылмай, сол күйінде есімде сақталып қалыпты. Ол кезде мен 15 жастағы (1929 жылы туған) түбіт нек бозбала едім. Көзіргі Қызылқоға ауданы 1944 жылғы маусым айының 1-інде құрылып, ауданның әкімшілік орталығы сол өңірдегі Қарабау селосына орналасты. Мен аудан құрылғасын 20 күннен кейін, яғни маусым айының 20-ынан бастап Қызылқоға аудандық прокуратурасында іс жүргізуші (секретарь) болып қызмет жасадым. Ол жерге әрі қағаз көшіруші, әрі тігуші болып 5 жыл жегілдім де, 1949 жылдың наурыз айында басқа салаға ауысып кеттім. Прокурор Әлмұқанов Нағи дейтін кісі еді. Ол

Қызылқоға ауданының алғашқы прокуроры болатын. 1913 жылы туған. Бізге сол кездегі Есбол ауданынан (көзіргі Индер) келді. Сонда Есбол аудандық прокуратурасында тергеуші болып қызмет жасаған екен. Руы — Қылышкестен Шеркеш. Оның ішінде Баба дейтін бұтағы. Аудандық прокуратура мен аудандық халық соты Қарабау селосында лайықты орын болмағандықтан, аудан орталығынан 5 шақырымдай қашықтықта тұратын Молотов атындағы колхоз кеңсесіне орналасқан еді. Ол шикі кірпіштен тұрғызылған үш бөлмелі үй екен. Сол үйдің екі бөлмесіне аудандық прокуратура, бір бөлмесіне аудандық халық соты орналасты. Аудандық прокуратура мен аудандық халық соты ол жерде 1947 жылдың шілде айына дейін отырады.

Қызылқоға ауданының алғашқы прокуроры Әлмұқанов Нағи екендігін жоғарыда айттым. Ал, аудандық халық соты Бөзбаев Өтеу дейтін кісі болды. 1920 жылы туған. Руы – Сақау Шеркеш. Бұған дейін Мақат аудандық халық сотында сот орындаушысы болып қызмет істеген екен. Бізге сол қызметтен келді. Қызылқоға ауданының соты сол кісі болатын. Әлмұқановтың да, Бөзбаевтың да заңгерлік білімдері жоқ. Бірақ, соған қарамастан оның екеуі де тәжірибелі қызметкерлер еді. Олар сол кездегі заңды суша сіміріп, шемішкеше шағатын. Көзір Қызылқоға ауданының бірінші прокуроры болған Әлмұқанов Нағи да, бірінші соты болған Бөзбаев Өтеу де дүниеден жоқ. Екеуі де әлдеқашан о дүниелік болып кетті.

Енді бұл өңгіме не үшін айтылып отыр, соған тоқталып көрейік. 1944 жылғы тамыз айының ішінде Қарабау селосындағы жайма базарда шәй сатып тұрған жерінен Нона Михайловна Гулия, Нина Михайловна Гулия дейтін екі саудагер әйел ұсталыпты. Олар апалы-сіңлілі қыздар екен. Ұлттары – грузин. Ол екеуін жайма базарда қымбат бағамен үнді шайын сатып жүрген жерінен аудандық милиция бөлімінің қызметкерлері қолға түсірген. Бөлімге әкеліп тінту жүргізгенде олардың бойынан 5 кило үнді шайы мен 1500 сом ақша табылыпты. Сол бойда милиция қызметкерлері ақшаны да, шайды да тәркілеп, айғақты заттардың есебіне тіркеген көрінеді. Бұдан кейін шай сатушылардың екеуі де табан астында тұтқынға алыныпты. Сол кездегі заң бойынша 5 кило шай, 500 сом ақшамен ұсталған саудагерлер “халықты тонаушы алыпсатарлар” деп танылып, ірі қылмыскерлердің қатарына жатқызылатын. Саудагерлердің үстінен РСФСР Қылмыстық кодексінің 107-статьясының 2-бөлімімен қылмыстық іс қозғалып, істің тергеуін аудандық милиция бөлімінің аға оперативтік өкілі Қожбанов Базарбай жүргізіп, айыптау қорытындысын аудандық милиция бөлімінің бастығы Декеев Тотай (қазіргі ішкі істер қызметінің ардагері, отставкадағы милиция полковнигі) бекітіпті. Содан кейін олардың қылмыстық істері аудандық прокуратура арқылы, аудандық халық сотына жолданды. Істің айыптау

қорытындысын аудандық прокурор Әлмұқанов сол күйінде өзгеріссіз бекітіп жіберді. Апалы-сіңлілі Гулиялардың қылмыстық істері Қызылқоға аудандық халық сотында – аудандық сот Ө.Бөзбаевтың төрағалық етуімен 1944 жылғы қазан айының ішінде қаралды. Құрамында халық заседателдері болып Молотов атындағы колхоздың мал санитары Күмісбаев Әбу мен колхоздың стахановшы сауыншысы Мұқанова Қамка отырды. Сотта мемлекеттің мүддесін аудандық прокурор Н.Әлмұқанов қорғады. Соттың хатшылық міндетін атқару осы жолдардың авторына жүктелді. Айыпкерлердің мүддесін сотталушылардың шақыруы бойынша Москва қаласынан келген, Москва қалалық адвокаттар алқасының мүшесі Олег Агафонович Нутов қорғады. Оның ұлты еврей екен. Айыпкерлердің ұлты басқа болуына, әрі істің тергеуі орысша жүргізілуіне байланысты тілмаш көмекке келді. Оның міндетін Қызылқоға аудандық халық сотының сол кездегі адвокаты Аманшин Сәлім (белгілі жазушы Берқайыр Аманшиннің әкесі) атқарды. Ол орысшаға да, қазақшаға да жетік кісі болатын. Сот мәжілісі басталғасын адвокат О.А. Нутов соттың құрамына: “Бұл істі, Қазақстанның соты емес, РСФСР-дің соты қарауы керек. Өйткені, сотталушылар РСФСР қылмыстық кодексінің 107-статьясының 2-бөлімімен айыпталып отыр. Қазақстанның өз алдына дербес қылмыстық кодексі жоқ. Сіздер РСФСР-дің қылмыстық кодексіне қосақталып жүрсіздер. Занда қылмыс қай жерде жасалса, кінәлілер сол жерде сотталсын деп көрсетілген. Оны мен де жақсы білемін. Сотталушылардың қылмыс жасаған жері – Қызылқоға ауданы. Оған ешкімнің таласы жоқ. Олай болса іс осы жерде қарала берсін. Бірақ істі РСФСР-дің соты келіп қарасын” деген ұсыныс түсірді. Айтса-айтпаса да ол кезде Қазақстанның өз алдына дербес Қылмыстық кодексі жоқ, РСФСР-дің Қылмыстық кодексін басшылыққа алып жүргені рас еді. Көзір ойлап қарасак, сонымыз дұрыс емес екен. Қумүйіз адвокат соны ілік қылып, біздің намысымызға тиігісі келген сияқты. Оны көзір біліп жүрміз. Бірақ сот О.А.Нутовтың ұсынысын қабылдамай, істі орындарында отырып көзіргі құраммен қарай беру жөнінде

үйғарды. Сотқа О. А. Нутовпен бірге шақырусыз-ақ апалы-сіңлілі Гулиялардың шешесі де келіпті. Ол 1904 жылы туған сымбатты әйел екен. Мамандығы – оқытушы. Ұлты – грузин. Ол соттың құрамына О. А. Нутовтан кейін өтініш жасап, өзіне сөз берілуін сұрады. Соттың құрамы оның өтінішін қанағаттандырып, азаматтық тұрғыдан сөз сөйлеуіне рұқсат етті. Апалы-сіңлілі Гулиялардың шешесі соғыс басталғанға дейін Белоруссияның астанасы – Минск қаласында тұрыпты. Үлкен қызы Нона 1924 жылы, кіші қызы 1925 жылы туған екен. Балаларының бары да, нары да осы екі қыз екен. Күйеуі соғыс басталардан бір ай бұрын жол апатына ұшырап қаза тауыпты. Неміс әскерлері қалаға басып кіргенде қаралы әйел екі қызын ертіп, жалаңаш-жалпы күйде Минскіден қашып шығып, Москва қаласына келіп паналаған көрінеді.

– Москваға келген соң, – деді ол, – үй жоқ, күй жоқ екі қызыммен үшеуіміз вокзалға түнеп, үш ай жүрдік. Табыс жоқ, үйден алып шыққан азын-аулақ ақшамыз таусылды. Содан не бастарыңды ауыртайын, 1941 жылғы қазан айының ішінде ес кетті, жан шықты дегенде СССР ішкі істер халық комиссариатына келіп, кәзіргі ішкі істер халық комиссары өрі И. В. Сталиннің совнарком жөніндегі бірінші орынбасары Лаврентий Павлович Берияның атына өзімді қабылдауын сұрап арыз жазып жібердім де, содан кейін он күн бойы ешқайда кетпей сол үйдің алдында жүрдім де қойдым. Ақырында менің арызым Берияның қолына тисе керек, он бірінші күні дегенде бізді “Берия қабылдайтын болыпты” деген қуанышты хабар естідім. Оны естігенде жүрегім кеудеме сыймай, атша тулап кетті. Екі қыз өлген әкелері тіріліп келгендей қуанды. Сөйтіп біз қазан айының аяқ кезінде Москва қаласындағы бір көшенің тең жартысына жуығын алып жатқан СССР Ішкі істер халық комиссариатының аспанмен таласқан тоғыз қабатты зәулім үйіне келіп, оның тоғызыншы қабатында отырған атышулы нарком Л. П. Берия отырған бөлмеге, бізді сұлулығы адам затына бітпеген өзі жас, өзі көрікті, орысшаға судай қазақ әйелі алып келді. Мен ол әйелді алғаш көргенде адам емес-пері шығар деп ойлап қалдым.

Оның сұлулығы ғажап екен. Өз басым оның сұлулығына таң қалып, есім кетті. Әйелдің сұлулығына әйел қызыққан сон не болсын, арғы жағын айтпай-ақ қояйын... Берия бізді әрі жылы, әрі жеңіл қабылдады. Менің арызымның мән-жайын Берияға жанағы сұлу әйел өрі қысқа, өрі нұсқа етіп баяндап берді. Берия бізден сұрақ сұрап мазалаған жоқ. Ол аз-кем үнсіз отырды да, содан кейін көмекші әйелге: “Мына босқындарға СССР Ішкі істер халық комиссариатының қарамағындағы ведомстволық үйден бір бөлмелі пәтер беріліп, қыздардың шешесі СССР Ішкі істер халық комиссариатының қарамағындағы ведомстволық балабақшаның біріне аула күтушілік, қыздары сол балабақшаға еден жуушылық қызметке орналастырылсын” деп қолма қол төртіп берді. Содан кейін орнынан тұрып менің қасыма келді де:

– Жеңісті күндерде көріскенше, – деп менің қолымды алды. Мен не айтарымды білмей:

– Берия жолдас, сізге көп, көп рахмет, – деп жылап жібердім. Ол:

– Рахметті маған айтпа, совет үкіметіне айт, өйткені сендерге жәрдемдесіп отырған Берия емес, совет үкіметі, – деп сәл-пәл езу тартты. Содан кейін оның айтқандарының бәрін өзім көрген сұлу әйел үш күннің ішінде орындап берді. Бірде-біреуі кейінге қалдырылған жоқ. Біз бір бөлмелі пәтердің кілті қолымызға тигенде, жұмақтың бағына кіргендей қуанып қалдық. Оған қоса өзім де, екі қызым да бір балабақшаға аула күтуші, еден жуушы болып қызметке орналасдық. Күні бүгінге дейін сол бір бөлмелі үйде тұрып жатырмыз. Күн көрісіміз қиын. Үшеуіміздің табысымыз қалай үнемдесек те өрі тамаққа, өрі киімге жетпейді. Оның үстіне екі қызым мынадай жағдайға тап болып отыр. Жығылғанға жұдырық деген осы емес пе? Біздің жағдайымыз осындай. Оны айтып, қақсай бергеннен май шықпас. Бұндай қиындықты тәңірім бізден басқалардың маңдайына жазбасын. Сор маңдай болған екі қыздың тағдыры сіздердің қолдарыңызда, оған не істесендер де өздерің біліңдер. Біз немістерден аман-есен құтылғанда, Қазақстанға келіп бұндай күйге түсеміз деп ойлаған жоқпыз. Немістер кім, Қазақстан кім? Қазақстан

СССР-дың құрамдас бөлігі емес пе? Мен Қазақстанды өз елім, өз жұртым деп есептеп тұрмын. Қазақстан біз үшін тонның ішкі бауымен бірдей. Олай болса, бізге аяушылық танытып, екі қызымды бостандыққа шығарыңыздар, мен оларды өзіммен бірге алып кетейін, — деп жылап жіберді. Сотталушы екі қыздың үлкені Нона Михайловна Гулия:

— Москваның дүкендерінде үнді шайы бос тұрады. Жергілікті тұрғындар оны алып жарытпайды. Біз қазақтардың үнді шайын жақсы көріп, сүйсініп ішетінін москвалықтардың ауызынан естіп, біліп алдық. Соны естігеннен кейін тамақтан ауысқан ақшамызға дүкеннен өз бағасына үнді шайын сатып алып, содан кейін оны қазақтардың арасына әкеліп базар бағасымен сатқанымыз рас. Одан жалтаруға болмайды. Бірақ, оны баю үшін емес, күнкөріс үшін істедік. Соңғы келгенде 20 кило шай әкеліп едік. Оның 15 kilosын саттық та, 5 kilosын сата алмай қолға түсіп қалдық. Біз елінен, жерінен айырылып, босқыншылыққа ұшыраған адамдармыз. Әке-шешелеріміздің тырнақтап жиған дүние-мүліктерінің бәрі Минскіде жаудың қолында қалды. Ол жерден өлмей аман қалғанымызға қуанып, жалаңаш-жалпы қашып шықтық. Біз бір бөлмелі пәтерде тұрамыз. Соның өзінде бізге төсеніш, көрпе-көпшік, ыдыс-аяқ дегендер жетіспейді. Біз оның бәрін өзіміз қызмет жасайтын балабақшадан уақытша тегін пайдаланып отырмыз. Оны бізге тегін пайдаландырып қойған Л.П.Берияның көмекшісі қазақ әйел. Ол кісінің бізге деген жәрдемі ұшан-теңіз. Біздер оны өле-өлгенімізше ұмытпаймыз. Ол қазақтың ұлға бергісіз ақылды қызы. Осындай қыздары бар қазақ қандай бақыты халық. “Қазақта сорлының аты сорға жығылады, сордан шықса орға жығылады” деген керемет сөз бар екен (Аманшин Сәлім қыздың сөзін орысшадан қазақшаға осылай аударды), сол айтқандай біз сордан шығып, орға жығылып отырмыз. Бізге аяушылық жасап бостандыққа жіберіңдер, бұдан былай Қазақстанның жерін аттап баспайық, — деп көз жасына ерік берді. Нонаның сіндісі Нинаның сөзі де осы тақылеттес болды. Мемлекет атынан айыптау сөз сөйлеген аудандық прокурор Н.Әлмұқанов:

— Сотталушылардың жағдайы өте ауыр, оны бәріміз де түсініп отырмыз. Бірақ, РСФСР Қылмыстық кодексінің 107-статьясының 2-бөлімінде айыпталушылар үшін ешқандай жеңілдіктер көзделмеген. Онда сатып алып, қайта сатушыларды 5 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айырып соттау керек деп көрсетілген. Бізге одан шегініп кететін жер жоқ, — делі де сотталушылардың әрқайсысына қатаң режиммен 12 жыл бас еркінен айыру жазасын тағайындауды сұрады. Адвокат О.А.Нугов өте сөзшен адам екен. Оның сөзді қалай болса солай айтпай, жүйесімен айтатындығы көрініп тұрды. Ол сотталушыларды қуаттап ұтымды сөз сөйледі. Сот апалы-сінділі Гулиялардың әрқайсысын күшейтілген режиммен 8 жыл мерзімге бас еріктерінен айырып, бас шараларын бұрынғыша тұтқын астында қалдыруға үкім шығарды. Оны естігенде қыздардың шешесі:

— Бұйткенше, сендердің жау қолында қалып, Минскіде өлгендерің жақсы еді, — деп жылап, соттың кеңсесін басына көтерді. Сол көрініс күні бүгінге дейін менің көз алдымнан кетер емес. Содан кейін апалы-сінділі Гулиялардың қылмыстық істері 1945 жылдың наурыз айына дейін олардың кассациялық шағымдары бойынша әуелі облыстық сотының, содан кейін Қазақ ССР Жоғарғы сотының, ең ақтығында СССР Жоғарғы сотының алқаларында тағы қаралды. Ол қараулардың бәрінде де Қызылқоға аудандық халық сотының үкімі тастай батып, судай сініп, бұрынғы күйінде өзгеріссіз қалдырылып отырды. Бұдан кейін істі 1945 жылғы наурыз айының бас кезінде СССР Жоғарғы Советінің Президиумы сұратып әкетті. Сол жылғы сәуір айының ішінде апалы-сінділі Гулиялардың қылмыстық істері Қызылқоға аудандық халық сотына кері қайтып келді. Келгеннен кейін істі қарағанымызда, СССР Жоғарғы Советінің Президиумы сотталушы Гулияларға заңнан тыс кешірім берген екен. Соны көрдік. Оларға кешірім беру туралы қаулыға СССР Жоғарғы Советі Президиумының сол кездегі төрағасы, Михайл Иванович Калининнің өзі қол қойыпты. Алқа мәжілісіне СССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшелерінен басқа СССР халық комиссарлар советі председателінің

бірінші орынбасары және СССР ішкі істер халық комиссары Берия, СССР юстиция халық комиссары Рычков, СССР прокуроры Горшенин, СССР Жоғарғы сотының председатели Смирнов шақырылған көрінеді. Мәжілісте істің мәнжайы туралы СССР Жоғарғы Советі Президиумының секретары Горкин хабарлама жасап, содан кейін СССР юстиция министрі Рычков, СССР прокуроры Горшенин сөз сөйлепті. Рычков пен Горшенин соттың үкімін өзгертуге негіз жоқ, соттың үкімі дұрыс, сондықтан Қызылқоға аудандық халық сотының үкімін сол күйінде өзгеріссіз қалдыруды сұрапты. Олардан кейін СССР халық комиссарлар советі председателинің бірінші орынбасары және СССР Ішкі істер халық комиссары Берия сөз сөйлеген екен. Ол соттың үкімі дұрыс шығар, оған қарсылығым жоқ. Бірақ, сотталушыларға кешірім берілуі керек деген көрінеді. Мәжілісті М.И.Калининнің өзі қорытындылап, содан кейін қаулы қабылданған екен. Қаулыда “Соттың үкімі сотталушылардың қылмысты әрекетіне сәйкесімді шығарылған. Бұл тұрғыда Қызылқоға аудандық сотының үкімі өзгеріссіз күйінде қалдыруға жатады. Бірақ сотталушылардың ел-жұрты жау қолында қалып, бақытсыздыққа ұшыраған адамдар екендігін, бұған байланысты олардың сауда-саттықты баю үшін емес, күнкөріс үшін амалсыздан жасағандықтарын ескеріп, босқындар – апалы-сіңлілі Гулияларға заңнан тыс кешірім берілсін. Бірақ ол екеуінен айғақты зат ретінде тартып алынған 5 кило шай мен 1500 сом ақша кешірімге ұшыратылмай, мемлекеттің пайдасында қалдырылсын” деп көрсетіліпті. Сөйтіп, 1944 жылдың тамыз айында ұсталып, қамауға алынған апалы-сіңлілі Гулиялар 1945 жылдың сәуір айында СССР Жоғарғы Советі Президиумының кешірімімен бас бостандықтары өздеріне қайтарылып, өрең дегенде еркіндікке шықты. Көзір қалай екенін білмеймін, ол кезде аудандық прокурор арқылы аудандық халық сотына жіберілген әрбір қылмыстық іс бойынша “бақылау ісі” дейтін (наблюдательный производство) қосымша іс жасқалып, ол аудандық прокуратураның хатшысында сақталатын. Оған қылмыстық іс қозғау, айыпкердің айыбын жариялау,

бас бостандықтары туралы қаулы мен айыптау қорытындысы және соттың үкімінің көшірмелері тігіліп отырады. Соған сәйкес апалы-сіңлілі Гулиялардың бақылау ісіне аудандық соттың үкімімен, облыстық, республикалық, одақтық соттардың үйғаруларының көшірмелері және СССР Жоғарғы Советі Президиумының қаулысының көшірмесі де тігілді. Олардың бәрі менің қолыммен атқарылып еді. Кәзір сол қағаздар менің көз алдымда тайға таңба басқандай елестеп тұр. Біз кәзір өткендегінің, оның ішінде И.В.Сталиннің кезінде атқарылған істердің бәрін жоққа шығарып, оған топырақ шашып жүрміз. Оның ішінде СССР-дің сол кездегі заңдары да кетіп жатыр. Бірақ, жетпіс жыл өмір сүрген кенестік дәуір соншалықты сұмырай емес еді ғой. Оның пайдалы жақтары да болды. Олардың қатарына білім, денсаулық, мәдениет, төртіп салаларын жатқызуға болады. Әсіресе СССР-дің сол кездегі қылмысқа қарсы заңы әрі қатал, әрі әділ еді. Оған осы әңгімеде айтылған жойттардың өзі толық дәлел бола алады. Кәзір бізде алысатарларға қарсы осындай күшті заң бар ма? Жоқ. Соны біліп алған саудагерлер мен сумақайлар елді басынып кетті. Оларға өй дер ажа, қой дер қожа жоқ. Өз еріктері өздерінде. Ойларына не келсе, соны істей береді. Бағаның билігі солардың қолында. Оны күн сайын, сағат сайын өсіре береді. Обалы не керек, кенес үкіметі тұсында саудагерлер өйтіп еркінсіген жоқ. Ол кезде саудагерлердің басқан ізі аңдулы болды. Оған да дәлел келтіре кетейін. 1945 жылдың мамыр айында СССР Жоғарғы Советінің Президиумы соғыс бітісімен, сотталған адамдарға кешірім жариялады. Бірақ, ол кешірімге алысатарлықпен айналысқаны үшін РСФСР Қылмыстық кодексінің 107-статьясының 2-бөлімімен сотталған адамдар жатқызылған жоқ. Олар ауыр қылмыс жасаушылардың қатарында кешірімсіз қалдырылды. Бұған қарағанда апалы-сіңлілі Гулиялар соғыс бітпей тұрып заңнан тыс кешірімге ұшырамағанда, олардың қылмыстық істері СССР Жоғарғы Советі Президиумының Ұлы Жеңіске байланысты берген кешіріміне ілікпейді екен. Олардың жанын СССР Жоғарғы Советі Президиумының соғыс бітпей тұрғанда беріп жіберген заңнан тыс

кешірімі сақтап қалыпты. Қазір саудагерлердің өктемдігі күннен күнге белең алып барады. Біз бұдан былай да осы сарынмен жүре берсек, алдағы күніміз не болады? Оған болжам айту қиын. Өткенді білмей бүгін жоқ. Өткен шақ алдыңа жарық түсі-

ріп тұратын бағдаршаммен бірдей. Одан зиян көрмейміз. Сол үшін осы естелікті жазып отырмын. Бұл ойдан шығарылған құранды, сұранды дүние емес. Бұның астарында шындық бар. Одан тағылым алғанымыз дұрыс болатын сияқты.

Әліп ӘБУҰЛЫ,
прокуратура ардагері, заң кеңесшісі

ҚАДАҒАЛАУ ШЕБІНДЕГІ ҚАРЫМДЫ ЖЫЛДАР

Қазір зейнет демалысында болсақ та, төл мерекеміз тұсында біздің де желпініп қалатын “өдетіміз” бар. Оның үстіне биыл тәуелсіз республика прокуратура органдарының құрылғанына 10 жыл толып отырғанда, ерекше толғанысқа беріліп отырғандаймыз ба, қалай?! Міне, осындай әсермен “Өзге емес, өзім айтам өз жайымды” деп Қасым айтқандай, ауқымды естеліктер үрдісін төңіректемей-ақ, атқарып өткен қызмет қалтарыстарына үңіле кеткеннің ерсілігі бола да қоймас деймін.

Мен прокуратура органдарының саласында барлығы 22 жылдай еңбек етіпшім. Мұның 14 жылын Махамбет және Индер аудандарының прокуроры болып өткіздім. Прокурордың тағайындалу мерзімі 5 жыл болса, неге 15 жыл прокурор болып істемегендігім жөнінде сұрақ тууы мүмкін ғой. Мұның себебі — Махамбет ауданының прокуроры болып істегеніме 4 жылдан жаңа аса берген шамада, Индер ауданының прокуроры Қ.Нұржановтың зейнет демалысына шығуына байланысты, маңыздырақ болып саналатын осы ауданға ауыстырылдым. Сонымен қатар өз ауданым Махамбетте таныстық салдарынан қызмет ету қиындығын айтып, жоғарғы басшылардан басқа ауданға ауыстыру мүмкіншілігін қарастыруларын сұрап келгендігім себеп болған еді. Айта кету керек, менің бұл ауданға ауысуыма облыс прокуроры И.Сейітов алып келіп таныстырғанда, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Болат Майдыров тіпті де қарсы еместігін білдірген-ді. Мұның есесіне ізінше кері барып, бұл жағдайды Махамбет аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы А.Оңайбаевқа мәлімдегенде, ол қызмет барысындағы менің тек заң-

дылық үшін деген қиқарлығыма карамастан, кететіндігіме едәуір назаланып қалды.

Тап осындай қарекет одан бұрын бірінші хатшы болып келген Р.Шырдабаевтың да тарапынан болған-ды. Мәселе мынада еді. Неге екенін білмеймін, Равиль ініміз менің басқа жаққа кетуіме де, сол ауданның судьялығын тастауыма да қарсы болды. Ал мен болсам, басқа бір ауданға прокурор болып ауысуды көздегем-ді. Тіпті Мақат ауданына прокурор болып тағайындалуым мәселесі обкомның өкімшілік бөлімінде қарастырылып та қойған еді.

Сөйтіп жүргенде Махамбет ауданының прокуроры С.Тапишевтің қызметтен алынатындығы мәлім болып қалды. Бұл 1976 жылғы қараша айының ортасы болатын. Аудан 17 қарашада өтетін партия конференциясына дайындық үстінде. Осыдан бір күн бұрын соттағы жұмысымда отырғанымда аудандық партия, комсомол комитеттерінің қызметкерлері бірін-бірі өкшелеп жүгіріп жеткен күйлері: “Сізді Мұқашев шақырып жатыр. Қазір ол объектілерді аралап жүр” деді. Мен анда-мұнда жүгіріп, оны тек жаңа ғана пайдалануға берілген аудандық байланыс мекемесі маңынан таптым. Олар Р.Шырдабаев, аудандық атқару комитетінің төрағасы Т.Мусағалиев үшеуі болып жолға қарай бет ала бергенде келіп амандасқанымда, Саламат ағамыз: “Әбуов, сен судья болып қайта сайлануға көнбей жүрген көрінесің ғой” деді. “Сәке, мен прокуратураға ауыссам ба деп едім” деп жауап бергенімде, ол: “Сен осы ауданға прокурор боласың ба?” деді. Мен не айтарымды білмей қалып: “Сіз солай ұйғарсаңыз...” дей салыппын. Ол қолын сермеген күйі: “Өзіңді осы ауданның

прокурорымын деп есептей бер” деді. С.Тапишевтың ауырып, ауруханаға түсуіне байланысты мен ай жарымдай сол ауданның әрі судьясы, әрі “прокуроры” болып қызмет еттім.

Мен 1977 жылғы 15 қаңтарда обком бюросында прокурор болып бекігеніммен, бұл қызметке тағайындалуым туралы бұйрық Москваны айналып, ақпан айының 13-де ғана келді (ол кезде бұйрықты республика прокуроры шығаратын еді де, оны КСРО Бас прокуроры бекітетін болатын).

Міне, менің прокуратураға ауысуымның “шатқаландары” осындай. Енді “менің бұлай істеуіме қандай себептер болды?” дегенге тоқталар болсам, біріншіден, менің мамандығым тергеуші болатын, ал судья, прокурор дегендер тек лауазым ғана. Сонда да прокурор бола тұрып, мен бұл жұмысқа тергеушілік қозқараспен мән бердім және істе тергеумен айналыстым. Ал, бұл қасиеттер судья түгіл көптеген прокурорлардың өздеріне де дарымаған десем, артық айтқандық емес. Екіншіден, менің прокурор болуымды қолдап, қолқа салған басшылар да аз болмады.

Басқасын айтпай-ақ қояйын, сол кезде облыс прокуроры болып қызмет еткен Долда Досболов ағамыздың бұған аса мүдделі болып, обкомға өлденеше рет мәселе қойғанын ескерте кетсем деп едім. Обкомның әкімшілік бөлімінің меңгерушісі Райхан Көшмұқанов маған Дөкеннің “Әбуовтей жігітті қарттар атқаратын судьялық жұмыста ұстап отырғандарың обал емес пе, бізге ауыстырсаңдаршы” дегенін айтқан-ды. Райханмен университетті бірге бітірмесек, мұны жария қылмаған да болар еді. Бірақ осы Райханымның маған өзім бұрын істеген кезімде облыстық сот төрағасының қылмыстық істер жөніндегі орынбасарлығына резервте тұрғанымға қарамастан, осы органға ауысуыма қарсы болғанын түсінбей-ақ қойғанмын. Бұл өкпемді ол Орталық Комитетте сектор меңгерушісі болып жүргенде бетіне айтқанмын-ды. Әлгі прокуратураға ауысуымның үшінші себебіне тоқталар болсам, ол кезде бұл органның лауазымдық артықшылығы былай тұрсын, материалдық жағдайы да тәуір еді. Әзірше еңбекақылары өсе қоймағанмен прокурорлар кемтарлық көріп отыр деуге болмас.

Кемтарлық демекші, бір кезде Республикалық тергеу комитетін құрарда үлкен билік аузынан прокуратураның барлық билікті (іс жолдауын, сотқа қатысуын, сот қозғауын, оны тергеуін, сотқа шешімдеріне наразылық келтіруін) өз қолына алуын көпсінгенін естігенде заңнан хабары бар адам болса, бұлай айтпас еді деп қынжылғанбыз. Сол тергеу комитеті не бітірді, қайда кетті. Бұл бастаманың қателігін мен “Мәңгі майдан” атты кітабыма енген “Қыр ұлының толғанысы” деген өлеңімде қамтыған болатымын. Сондықтан бұл мәселеге қатысты түсінік беріп жатпай-ақ қояйын. Ал бір айтпай кетуге болмайтын жай — істі қай орган тергейтініне қарамастан, оның тағдыры прокурорда екендігі. Түсінікті болу үшін, жабайы тілмен айтсақ, прокуратура өз атынан шешім қабылдаушы орган емес, оны заңға сәйкес басқа органдарға қабылдатушы орган. Демек, тергеу прокуратурадан кетті, енді оның ролі төмендеді деу — заңнан хабары жоқтардың қарекеті ғана.

Онсыз да теориялық мәселелерді сөз етіп кеткен екенмін, енді мына кереғарлықтан аттап өтуім жараспас. Бір білгіштің сыбырлағанынан болар, қылмыскерді қамауға алуға санкция берген прокурордың әрекетінің дұрыс-бұрыстығын судья шешетін етіп қойылды. Бұрынғыдай сот алқалы орган болып шешсе, бір сәрі ғой. Қазір сот бәрін жеке шешпей ме? Сонда ұзақ жыл тәжірибе жинақтаған жасамыс прокурордан жаңа тағайындалған жас жігіттің немесе қызалақ баланың билігі артық болған ғой. Ал жуырда қабылданған Ресейдің Қылмыстық істер жүргізу кодексінде қылмыскерді қамауға алу санкциясын беруді соттың құзырына ауыстырған. Қылмыстық істің болашақта қалай шешілуіне санкция берген судьяның мүдделілігі тұрғысынан қарағанда, бұл да құқық теориясына кереғар тірлік екенін ресейлік білгіштер де ескермеген сынайлы. Дегенмен олар қандай да орган болмасын бөріне де прокуратураның бақылау жасайтындығын ұмытпаса керек. Бұл жағы бізде керісінше болған.

Осы пікірлерімді оқыған адам мені тек прокуратураны ерекше дәріптеп отыр деп ұқпаса екен. Өйткені маған барлық органдардың да жаттығы жоқ. Мен бөріне

қызмет етіп, тәжірибе жинақтаған адаммын. Облыстық ішкі істер басқармасында тергеуші, облыстық, аудандық соттарда судья болып қызмет атқарғанымды айтып отырмын. Қайда да кейбір өріптестерімдей өйтеуір күн өткізіп, қара көрсетіп жүрген кездерім болған жоқ. Практикалық үрдістерімді теориямен ұштастырып, қазақ және орыс тілдерінде сауатты жазу дәрежесіне жеттім. Мұны жыр кітабындағы “Криминалдық баллада” деген өлеңімде де еске ала кеткенмін-ді.

“Сауаттылық” дегеннен шығады, алпысыншы жылдардың басында облыстық ішкі істер басқармасының тергеушісі болып жүрген кезімде бір партия мүшесінің қылмыстық істің тергеуін бітіріп, айыптау қорытындысының көшірмесін сұраулары бойынша қалалық партия комитетінің бөлім бастығына (аты-жөнін ұмыттым) апарып едім, ол оқып шықты да қарауындағы Жұмалиев деген нұсқаушысына апарып тапсыруымды өтінді. Соңғысы оқып шықты да: “Сіз заңгерсіз бе, журналиссіз бе?” деді. Мен осы мамандық бойынша тергеуші болып жүргенімді, журналистика факультетіндегі оқуымды да үшінші курсында жүріп тастап кетуге мәжбүр болғанымды айтқанымда, ол: “Әй, бәсе, ішкі істер басқармасынан өмірімізде мұндай сауатты жазылған қағаз алып отырғанымыз осы ғана” деп сөзін аяқтап жатқанында, жаңағы бөлім басшысы да кіріп келе жатып: “Ия, мен де жаңа сүйсінгенмін” дегені бар.

Мен бұларды мақтан үшін емес, қазіргі буынның оқидері қай салада да “қол көтере алмайтын шокларды беліне қыстырмай” өздерінің шама-қабілеттері келетін іспен ғана айналысып, билік қумаса екен деген тілекпен айтып отырмын. Өкініштісі, бүгіндері өздерінің не істерінен еш хабарсыз қызметкер-сымақтар жетіп артылады-ау. Мұндайда Мұрат абыздың: “Заман азып не қылсын, мұның бәрі адамнан” деген жыр жолдары еске түсе берелі.

Енді мына жайларды айтпай кетуге болмас. Менің аудандардың заң органдарында басшылық жүргізген жылдарым Компартияның өктем билік жүргізу тұсында өтті. Аудандық партия комитеттерінің алты секретарымен жұмыстас болдым. Бұлар Қ.Қуанышбаев, Р.Шырда-

баев, А.Оңайбаев, Б.Майдыров, Ш.Каримов және Б.Таубаев болатын. Бұлардың үшеуі бақилық болды. Оларға сын айту күпірлік болар, ал қалғандары біздерді неге сынамайды екен деп өкпелемес. Ал шынын айтсам, осы тірілердің үшеуі де менің заңдылықты сақтау жақындағы прокурорлық өктем билік жүргізуіме араласқан емес. Осылардың ішінде өсіресе, мені асқан парасаттылығымен тәпті еткен Шайдолла Каримов ініміз болатын. Бұл кісінің менің қызмет барысыма ризашылық білдіріп, шүйіркелесіп отыратынын ұмытпақ емеспін.

Мұндай тіл табысушылық, өрине, атқарып жүрген жұмыс жағдайымызға байланысты да болса керек. Сот орындарында істеген жылдарымның көрсеткіштеріндей прокуратура жүйесінде атқарған қызметімде де тек алдыңғы шептен көрінуден жаңылмаған шығармын. Үнемі бағалы сыйлықтар иеленгенімді айтпағанның өзінде прокурорлық шендерді кезектен тыс тіпті кейде біреуінен асып келесісін алған кездерім болған еді. Мұның бәрі сайып келгенде материалдық жағдайымыздың оналуына, кейіннен зейнетақы мөлшерінің қомақтылануына әсер етпей қалған жоқ. Халқымыздың “енбек түбі — зейнет” дегені осы шығар. Өлгінде прокурорлық өктем билік студі ауызға алған болсам, бұл даңғазалыққа салынып, кеудемсоқтық көрсету емес болатын. Бұл өрекеттер тек заң талаптары негізінде заңдылықты қатаң сақтау мақсатында атқарылуға тиіс шаруалар еді. Ал мұндайда бейтарап қалудың өзі заңды белінен басу болып саналатын. Міне, мен осы қағиданы қатаң ұстауға тырысып бақтым. Мұны ұмытпағандар да болмай қалған жоқ. 1982 жылы бүлдіршіндей жас қызды зорлағаны үшін 8 милиция қызметкерінің үстінен қылмыстық іс қозғалып, олардың 5-уін қамауға алдық. Бұған сол кездегі облыстық ішкі істер басқармасының бастығы Н.Өтегенов ашу шақырып, Москваға дейін арызданды. Міне, осыған байланысты мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне шақырылып, өрекеттерімнің дұрыстығына иландыруыма тура келді. Мен бұл ауданда прокурор болып істеген 10 жылдың ішінде жаңағыларды қосқанда 20 милиция қызметкері қылмыстық жауапкершілікке тартылып, сотталды. Бұлармен қатар

кәсіпорын бастықтары Қ.Серікбаев, М.Елеуов дегендер қызмет бабын пайдаланып, мемлекет мүлкін бас пайдасына жаратқандары үшін сотталғанды. Сондай-ақ әр түрлі заң талаптарын өрескел бұзғандықтары үшін А.Есалиева, Б.Шыныбаев сияқты аудандық соттың бұрынғы судьясы Д.Сабданов және басқалар біздің мәлімдеулеріміз негізінде аудандық партия комитеті тарапынан партиялық жазаға тартылғандарын айта кету керек.

Мен ауданымызда орын алған еңбек туралы, тұрғын үй туралы, өкімшілік құқық бұзушылық және басқа саладағы заң талаптарын орындамаған кәсіпорын, мекеме басшылары мен жеке азаматтардың әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне тоқталып та жатқан жоқпын. Әйтпесе, аудандық прокуратураның бұл салада атқарған жұмыстары бір төбе десем болар. Тағы бір айта кететін жәйт, осы аудандағы мекенжайымды ауыстырмастан прокурор болып тағайындалуымның екінші конституциялық мерзімі аяқталар шамада соттардың азаматтық істер бойынша шығарған шешімдеріне қалағалау жасау жөніндегі облыстық прокурордың аға көмекшісі болып ауыстырылуым туралы. Бұл маған қолайсыздау әсер етті. Қолым-

нан жұмыс келмеген ештеңесі жоқ. Отбасымсыз жүру денсаулығымға әсер етіп, үздіксіз қан қысымым көтеріліп, ауыра бердім. Облыс прокуроры Жармақан Тұяқбаев аяушылық білдіріп: “Бұлай боларыңызды білгенімде Сізді үшінші конституциялық мерзімге қалдыруға болатын еді ғой” деді. Бірақ бұл республика практикасында сирек кездесетін құбылыс болатын. Ал Жәкең депутат болып Алматыға ауысып кеткеннен кейін орнына К.Ахметов прокурор болып тағайындалғанда мен сұранып, осындағы аудан прокурорына көмекші болып оралдым. 1995 жылдың ақпан айында жаңа тағайындалған облыс прокуроры М.Есімов мені облыстық прокуратураның сот қаулыларының заңдылығын қадағалау жөніндегі бөлімінің прокуроры етіп орналастырды. Бірақ қан қысымының осуы тағы да мені ұзақ қалуыма шама бермей, шілденің бірінен бастап прокурорлық санатпен зейнет демалысына шықтым.

Сөз соңында кешегі әріптестерімді және прокуратура ардагерлерін тәуелсіз Қазақстан Республикасы прокуратурасының 10 жылдық мерекесімен құттықтап, жұмыстарына табыс, денсаулықтарына мықтылық тілеймін.

Марат АСҚАРБЕКОВ,
облыс прокурорының орынбасары,
аға заң кеңесшісі

ТЕРГЕУ КӨРІГІНДЕ ШЫҢДАЛҒАНДАР

2001 жылдың маусым айында Бас прокурордың бұйрығымен Атырау облыстық прокурорының орынбасары қызметіне тағайындалып, жұмысқа кірісіп кеттім. Қаланың қазіргі жағдайын, көркейген келбетін көріп таң қалдым да, қуандым да. Атырау биік зәулім ғимараттары бой түзеген, көшелері кеңейтілген, өдемі үйлері көп, тротуарлары таза, жаңа ағыммен өрнектелген өдемі де көркем қалаға айналыпты. Облыстық прокуратура мен қалалық прокуратура кеңсесі де еңселі, архитектуралық ерекшелігі бар ғимарат екен. Кеңсенің іші де қазіргі талапқа сай, қызмет жасауға барлық жағынан қолайлы.

Әсіресе, соңғы үш жылда облыс прокуроры Мұқтар Жорғенбаевтың енгізген компьютерлік сынып, кітапхана, мұражай,

қазақ тілін оқыту бөлмесі қызметкерлерге жақсы жағдайлар тудырған. Тіпті банкомат пен қызметкерлер тамақтанатын дәмхана да ұйымдастырылыпты. Прокуратура қызметкерлері жұмыстарын компьютерлерде орындап, жазу-сызу немесе құжаттарды басқа мекемеге жолдауын тез арада іске асырады. Егеменді еліміздің қазіргі жағдайында прокуратурада қызмет жасап жүрген кейінгі буынға қызыға қарадым да, “шіркін, осы жағдайлар біз тергеуші болып жүрген жас кезімізде неге болмады екен” деп ойладым...

Менің ойыма сонау бір жылдар оралды. 1984 жылы ҚазМУ-дің заң факультетін бітірген Асылбек Жұмаділов, Торғауыт Абсаматов, Еркін Жапаров, Жалғас Қыдыров деген жігіттер және мен сол

кездегі Гурьев облыстық прокуратурасына жолдамамен келдік. Асылбек Мақат ауданына, Еркін Балықшы ауданына, Жалғас Қызылқоға ауданына тергеуші болып кетті де, Торғауыт екеуіміз Гурьев қалалық прокуратурасына тергеуші болып тағайындалдық. Біздің мазасыз күндеріміз басталды. Қалалық прокуратурада үш тергеушіміз, үшіншіміз Асхат Трумов деген жергілікті азамат.

Сол кездерде прокуратура күрделі, шиеленісті, ауыр және аса маңызды қылмыстық істерді тергейтін. Қылмыстық кодекстің салмақты деген баптарын прокуратура тергеушілері жүргізетін. Жауапкершілігі қатал болатын, жіберген кемшіліктер мен заң бұзушылықтар кешірілмейтін, көбінесе нақты іспен тергеуші тікелей қатаң жазаланатын. Алғашқы күндерден ақ алам тағдырына жауапкершілік сезілетін. Қазіргі кездегідей үйрету, оқыту, тәрбиелеу сияқты мәселелер көп бола бермейтін. Сондықтан болар, алғашқы күндерден бастап алдымызды бұрынырақ, тәжірибе жинап қалған қызметкерлерге, соның ішінде қызметі жақсы жүріп жатқан тергеу мамандарынан білмеген жерімізді сұрап, олармен оқиға болған жерге барып, тәлім алып, кейбір тергеу қимылдарына көмектесіп те жіберетінбіз.

Бірақ кабинеттеріміз тар, жиһаздарымыз жұпыны болатын. Құжаттарды механикалық машинкілермен басатынбыз, қате кетсе қағазды жырттып, қайта басамыз немесе алдымен қолмен жазып кейін машинкіге басамыз. Күні-түні қағаз жазудан қол босамайтын. Қазіргідей түрлі-түсті фотосурет жоқ болатын, ал бейнекамера мүлдем қолданылмайтын. Сонда да фотосуреттерді жиі пайдаланатынбыз.

Гурьев ол кезде ең дас қалалардың бірі болатын, оған себеп табиғи-географиялық орны еді және мемлекет тарапынан аса көңіл бөлінбейтін. Қала бұрынғы теңіздің орны болғанынан ба, белшесінен балшыққа батып жататын, өсіресе, көктем мен күзде немесе жаңбыр мен қар жауғанда етіксіз жүру мүмкін емес еді. Жұмысқа етікпен келіп, кеңседе жеңіл туфли киіп алатынбыз. Оқиға болған жерге немесе басқа да тергеу қимылдарын жүргізгенде, қылмысты іздеу бөлімінің қызметкерлерімен бірге балшыққа тізімізге дейін батып жүретінбіз, кешке үйге келгенде киім тазалау — үлкен бір шаруа.

Облыс прокуроры Иманғали Сейітов иман жүзді, жұмсақ адам болғанымен, оның орынбасарлары Владимир Иванович Мельников пен Ғайса Жапаров ағаларымыз заң бұзушылықты кешірмейтін қатал адамдар болды. Бірақ ақыл айтудан жалықпайтын. Облыстық прокуратураның тергеу бөлімінің бастығы Рахымжан Тойжанов ол кезде жастау жігіт болғанымен, тергеуді өте жақсы білетін, өсіресе, жазуға сауатты басшы еді. Ол кісі қылмыстық іс құжаттарының сауатты толтырылуын аса қатаң талап ететін және айыпты тағу қаулысының міндетті түрде жан-жақты қамтылуын жіті қадағалайтын. Облыстық прокуратура мен қалалық прокуратура Пугачев көшесінің бойындағы атам заманғы ескі ғимаратта еді (ертеде бай көпестің үйі болған деседі).

Қала прокуроры Александр Ротенберг жұмысқа жауапкершілікпен қарап, тырысып жұмыс істеп жатқан екеуімізді бағалай біліп, жақсы мінездеме берген болуы керек, көп кешікпей, 1985 жылдың күзінде, облыстық прокуратураға екеуіміз де аға тергеуші болып тағайындалдық. А.Ротенберг күрделі істерді маған көбірек беретін, өзі батылдау, тәуекелге жиі бел байлайтын азамат еді. Прокурорлық қызметте бұл керек қасиет екеніне талай көзім жетті.

Бір ауланың ішінде болған соң тергеушілер бір-бірімен тығыз араласатын. Облыстық прокуратура тергеуші-лерінің ішінде маған ұнайтыны Мұқтар Жоргенбаев болатын. Ол еңбекқор, уақытпен санаспайтын, көбінесе уақытын жұмыста өткізетін. Түннің бір уағына дейін жұмыс жасап отыратын, мен аулаға тыныс алуға шықсам, ол кісінің кабинетінің жарығы жапың тұратын. Мен оған жиі кіріп, жүргізіп жатқан істерім бойынша ақыл-кеңес сұрап алатынмын. Ол кезде облыстық аппарат тергеушілері “шаруашылық” деп аталатын (тергеушілер термині) істерді көп жүргізетінбіз, өсіресе, көп мөлшерде мемлекет мүлкін ұрлау қылмыстарын тергейтінбіз. Осындай іс тергеу барысында қиналып, тығырыққа тірелетін кездер болады, дәл осындай кездерде Мұқан жол таба білетін тергеуші еді. Әріптестерінен көмегін аймайтын, жолдастыққа берік, адам жағдайын түсіне алатын мінезмен ерекшеленетін. Осы қасиеттері Мұқтар Жоргенбаевты облыс прокуроры деңгейіне дейін көтерді.

Бірге оқуды бітіріп келген жігіттер де тергеу жұмысын абыроймен алып кетіп, білікті тергеу мамандарына айналды. Кейіннен Торғауыт Абсаматов Атырау, Алматы облысы прокурорларының бірінші орынбасары қызметіне дейін жоғарылатылды, алайда, ажал оғы алғыр да зерек қызметкерді кемелдеген шағында арамыздан алып кетті.

Тергеуші жігіттердің арасында Асылбек Жұмаділов өзінің адамгершілік қасиетімен ерекшеленетін, бір өзі бір төбе болатын. Қандай мәселе болса да көмектесуге дайын тұратын елгезектігі, әсіресе, топ құрып, үлкен істерді тергеген кезде көзге түсті. Ол жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарайтын, қылмыстық істерді терең зерттеп, сақ жүргізетін талантты тергеуші еді. Ол облыстық прокуратурада тергеуші болып жүргенде екеуіміз көп мөлшерде мемлекет мүлкін ұрлап, талан-таражға салған жемқорлардың үлкен ісін жүргіздік. Жұмысы көп болған соң, облыс прокуроры тергеу тобын құрып, екеуімізге тапсырды. Оны күні-түні шұғылданып, абыроймен аяқтадық. Сол кездегі жұмысымызды, бастан кешкен оқиғаларымызды жылдар өтсе де еске алып жүреміз.

Кейіннен Асылбек Жұмаділов Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының аса маңызды істер жөніндегі тергеушісі бодды және прокуратура саласында басқа да қызметтерде жүрді, қазіргі кезеңде ҚР Бас Әскери прокурорының бірінші орынбасары.

Сол жылдары Кеңес Одағы Бас прокурорының бұйрығымен облыстық прокуратураларда ашылмаған кісі өлтіру, қыз зорлау сияқты адамның жеке басына жасалған ауыр қылмыстарды ашу және сапалы тергеу мақсатында жедел тергеу топтары құрылған болатын. Атырау облыстық прокуратурасында бұндай топ 1985 жылы құрылды да топ жетекшісі болып мен тағайындалдым. Бұл міндетті басқа да дәрежедегі істерді жүргізумен бірге атқардым. Топқа мүше болып прокурор-криминалист Аян Ораков және облыстық ІІБ-ның қылмысты іздестіру бөлімінің екі қызметкері кірді. Аян Ораков осы топта бірнеше жыл беріле қызмет істеп, көп еңбек сіңірді, білімді, сауатты маман еді. Кейіннен Махамбет ауданының прокуроры, Атырау қаласының

прокуроры қызметтерінде болып, зейнеткерлікке шықты.

Құрылған жедел тергеу тобы Атырау облысында өз нәтижесін берді. 1986 жылы барлық дерлік кісі өлтіру қылмысы ашылып, Кеңес Одағы Бас прокуратурасының қорытынды құжатында айтылып, біз Бас прокурордың бұйрығымен марапатталдық.

Мақсатты бағытта жұмыс істейтін жедел тергеу тобының жұмысы қиын да болса қызықты еді. Қылмыс ашуға мамандандырылған бұндай топтың жұмысы нәтижелі болатын, себебі қызметкерлер бір-бірін жұмыс кезінде жақсы түсінетін, әркім өз міндетін тез әрі нақты атқаратын. Және техникалық құрал жабдықтарды әр маман осы бағытта жақсы меңгеретін. Прокуратурадан тергеу алынған соң қазіргі кезде осындай жедел тергеу тобының да керегі болмаған сияқты. Өкінішті-ақ. Менің ойымша қазіргі болып жатқан шытырман оқиғалы қылмыстардың көбісі ашылар еді...

Ауыр қылмыстарды ашу мен оны тергеу кадрларды тәрбиелеуге, прокурорлық жұмысқа немесе басқа да жауапты қызметте білімді, білгір, төзімді болуға баулыды.

Осы жедел тергеу тобына менен кейін Жапаров Еркін, Қошқалиев Хаким, Жарылғасов Әспен, Есжанов Ғани сияқты тергеушілер, қазіргі кезде Атырауға белгілі азаматтар жетекшілік етті. Е.Жапаров – Атырау облыстық сотының судьясы, Х.Қошқалиев – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Ә.Жарылғасов – облыс прокурорының орынбасары, Ғ.Есжанов – облыстық әділет басқармасының бастығы. Сол кездегі Гурьев облысының прокуратурасында, қала, аудандарында тергеуші қызметінде өздерінің еңбегін сіңіріп, жақсы қырымен көрінген Парасат Құтқожа – Атырау облысы прокурорының бірінші орынбасары, Есенжан Досанов – Ақтөбе облысы прокурорының бірінші орынбасары, Әйкен Құмғанбаева – Атырау облыстық прокуратурасының ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бастығы, Роза Қадырғалиева – сот қаулыларының заңдылығын қадағалау бөлімінің бастығы, Жалғас Қыдыров – Атырау қалалық прокуратурасының бөлім прокуроры. Айта берсек, бұл тізімді ұзарту түсуге болады.

1994 жылы Талдықорған облысының прокуроры Бас прокуратураға мені осы облыстың Бөрлітөбе ауданына прокурорлық қызметке тағайындау туралы ұсыныс жіберді. Бас прокуратураның алқа мүшелерінен өтіп, ең соңынан Бас прокурор Жармақан Айтбайұлы Тұяқбаевқа кіретін болды. Менімен бірге Талдықорған облысының басқа екі ауданына тағайындалуға ұсыныс алған тағы екі азамат бар. Екеуі де кезекпен менің алдымда кірді де, қабылдауда ұзақ уақыт болды. Әсіресе менің алдымда кірген Р.Саниязов Бас прокурордың кабинетінен қып-қызыл боп терлеп шықты. Не болды деп сұрап едім, бірнеше сұрақтар берді деді. Мұны көрген мен Бас прокурордың кабинетіне имене кірдім. Жармақан

Айтбайұлы мен жөніндегі ұсынысты қолына алып оқып отыр екен. Қасында отырған кадр бөлімінің бастығы мен туралы баяндап болған тәрізді. Бір кезде Тұяқбаев басын көтеріп, көзілдірігін столға қойды да “Тергеу мектебінен Атыраудың балшығында өтіпсің ғой” деп мойылдай қара өткір көздерімен маған тесіле қарап, біраз отырды. Қазір небір сұрақтарды жаудыратын шығар деп ойлаған менің арқамнан суық тер бүрк ете түсті. Ол кісі орнынан тұрып, маған қолын созып “Қызметіңе жеміс тілеймін, жақсылап жұмыс істе” деді. Кадр бөлімінің бастығы шыға бер дегендей ишарат білдірді. Бас прокурордың қабылдауынан тез арада көңілді шықтым. Жақанның сол сөзін бойыма қуат бергендей көремін...

Еркін ЖАПАРОВ,
облыстық соттың судьясы

Мақала авторы Еркін Мұсаханұлы Жапаров 1962 жылы туған. 1984 жылы ҚазМУ-дың заң факультетін бітіргеннен кейін Атырау облысының прокуратура органдарында – аудандық прокуратураның тергеушісі, облыстық прокуратураның айрықша маңызды істер жөніндегі тергеушісі, Мақат ауданының прокуроры қызметтерінде болған. Бірқатар жылдар Қызылорда облыстық прокуратурасы мен мемлекеттік тергеу комитетінде әр түрлі лауазымдық қызмет атқарған. Әділет майоры. Қазір Атырау облыстық сотының судьясы.

ШЕКЕДЕ ҚАЛҒАН ШӨҢҒЕ

1989 жылғы желтоқсанның 8-іне қараған түні сағат 1-ден өте үйдегі телефон бажылдап қоя берді. Облыстық ішкі істер басқармасының кезекшісі екен. Ол “осы жана Мақат аудандық ІІБ-інің кезекшісі Мақат елді мекенінің орталығында басынан жарақат алған белгісіз адамның мәйіті жатқанын хабарлады, облыс орталығынан келетін оперативті топтың көмегі керек екенін айтты” деді.

1988 жылы тараған аудан 1989 жылдың қараша айында қайтадан құрылған, оңгіме болып отырған кезеңге дейін аудандық құқық қорғау органдары өлі де болса толық қалыптаса қоймаған, өз жұмысына толық көлемде кіріспеген.

Хабарламаны алған соң облыстық прокуратураның жылжымалы криминалистикалық лаборатория-автокөлігімен прокурор-криминалист Аян Орақов, сот-дәрігерлік сарапшы Жамбыл Ақпанов,

облыстық ІІБ қылмысты іздестіру басқармасының айрықша маңызды істері жөнінде аға оперативті өкілі Жанболат Олжабаев облыс орталығынан шығып, 120 шақырым жердегі Мақатқа 1,5 сағат жүріп бардық. Оқиға болған жерде жас шамасы 20-21-дей қазақтың жігіті, оң жақ жамбасымен бүк түсіп жатыр, ұйықтап жатып ашылып қалғанда тоңып қалған адам тәрізді. Шашына ми араласқан қан ұйыған, әудем жерде бір ұшы қанға боялған тақтай жатыр.

Түнгі аяз алам шыдамастай, төңіректе ешқандай із жоқ. Жұмысымызды ең алдыменен оның жеке басын анықтаудан бастадық. Өкінішке орай, ол Мақат поселкесінің тұрғыны болмай шықты, оқиға болған аймақтағы үй тұрғындары ол туралы ештеңе айта алмады.

Сөйтіп жүргенде таңғы сағат 5-тің шамасында аудандық ІІБ-нің кезекші

бөлімшесіне бір азаматша келіп, күйеу баласы түнде үйге келмей қалғанын, бұрын ондай әдеті болмағанын хабарлады. Сурастыра келгенде, ол азаматшаның қызы тұрмысқа екі ай бұрын шыққаны, бірақ күйеу баласы Байұзақов Базарбай қолында тұратыны, Мақат локомотив депосында жұмысшы болып орналасқаны анықталды. 7 желтоқсан күні таңертең үстіне киіп кеткен киімі мен жәбірленушінің үстіндегі киімі біріне бірі дәл келіп тұр. Фотосуретпен салыстырып мәйітті тануға көрсеткен соң, жәбірленуші сол аты аталған Байұзақов екені күмәнсіз болды.

Мәйітті тануға беру психология жағынан ең ауыр тергеу амалы екенін бұл жерде айта кетпеске болмайды. Айғақты затты тануға бергенде кімде-кім болсын ешбір қобалжусыз бұл тергеу амалына қатысуға бармайтыны анық. Пірі адамды (көптеген жағдайда сезікті мен айыпкерлі) тануға бергенде, жәбірленуші немесе қуо тарапынан белгілі бір мөлшерде қорқыныш, өзінің болашағы үшін алаңдаушылық пайда болады.

Мәйітті тануға беру жағдайы мүлдем басқаша. Хабарсыз кеткен адамды іздейтін туысқандары, жақындары аман-есен жүр деген үмітпен іздейді. Қызмет бабына байланысты тергеу оперативтік қызметкерлер мен медицина саласында еңбек етуші адамдардан басқасының кейбіреулері жалпы өлген адамды көрмей жүргендері бар.

Іздеп келуші мәйітханада мұздай тас төсектің үстінде жатқан адамды көргенде санасына үрей ұялап, ол адам өзінің іздеп жүрген жақыны екеніне көзі жеткенде кеудесіндегі өкініштің алды запыранының ақтарыла бастайтынын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Сонымен, жәбірленушінің жеке басы толық анықталды. Ендігі міндет – болған оқиғаның толық мән-жайын, қылмыс жасаған адамды анықтау болды.

8 желтоқсан күні таңертең депо жұмысшыларымен мұқият жұмыс жүргізе отырып, содан бір күн бұрын бірнеше жұмысшымен бірге Байұзақов та сыйақы алғаны, жұмыс аяғы жақындаған уақытта оны үш жігіт “сыйақыңды жумайсың ба, азғантай уақыт карта ойнайық” деп қау жап жүргені де анықталды.

Сол күні кешкісін жұмыстан шыққан соң Байұзақов үш жігітпен бірге үш

шөлмек арақ, бес шөлмек шарап алды. Олар коммуналдық шаруашылық мекемесінің ескі кеңсесіне барып, Байұзақовтың сыйақысын жуып, түннің бір уақытына дейін карта ойнаған. Карта ойнап болған соң екі жігіт өз үйлеріне кетіп қалған да, Байұзақов пен Болат Жұбанов екеуінің үйі бір бағытта болғанына байланысты бірге кеткен.

Бұл мәселе бойынша түсінік берген Жұбанов өзі де, Байұзақов та аман-есен тарап үйлеріне кеткенін, Байұзақовтың өлімі қалай болғанын және оның себебі не екенін білмейтінін айтты.

Байұзақовпен бірге арақ ішкен адамдардың үйлеріне тінту жасап, қыстың күні киетін барлық киімдерін тергеу қажетіне алдық. Жұбановтың күртесінің жеңінде ағаш жаңқасы, аяқ киімінде қанға ұқсас қоңыр түсті дақтар бар екен. Сот-дәрігерлік сараптама қорытындысында Жұбановтың аяқ киімінде Байұзақовтың қаны жұққаны көрсетілді.

Қуәлардың жауабына қарағанда, арақ ішу, карта ойыны барысында ешқандай жанжал-төбелестің болмағанын ескеріп, Жұбановты ұстауға бел будық. Әрине, ұсталған уақытта ол бұрынғы әуеніне басып, үйіне кетіп қалғанын, Байұзақовқа қарсы ешқандай да әрекет жасамағанын, оны кім өлтіргенін білмейтінін тағы айтты. Ал, сот-дәрігерлік сараптама қорытындысын өзіне таныстырған соң Жұбанов қара терге малшынып, барлық шындықты айтып берді.

Карта ойнап шыққан соң, бір бағытта кетіп бара жатқан Жұбанов пен Байұзақов арасында бір тал темекіге бола жанжал оты тұтанып, “қаңғып келген күшік күйеуді жөнге салуды көздеп” Жұбанов төбелес бастамақшы болған. Бірақ, күші басымдау Байұзақов екі ұрып, Жұбановты құлатып тастаған да өз бағытымен кете берген.


“Күшік күйеуді тәрбиелей” алмаған Жұбанов сол жердегі шарбақтың біреуінен тақтайды жұлып алған да, Байұзақовты қуып жетіп оның арқасынан ұрып құлатқан, орнынан тұруға әрекеттенген Байұзақовтың басынан тақтайдың қырымен ұрып, одан кейін тақтайды тастап, жерде жатқан жәбірленушінің басынан тепкілей берген...

Сот-дәрігерлік сараптама қорытындысы бойынша Байұзақовтың өлімі оның бас сүйегі сынып миына зақым келгеннен болған, оның шекесінен алынған шөңге мен Жұбановтың күртесінің жеңіндегі жанқа оқиға болған жерден алынған тақтаймен бір құрамдас болғанын сот-криминалистика сараптамасы анықтап берген.

Сот мәжілісінде Жұбанов жауабын өзгертіп жалтаруға тырысқанымен, дәлелдемелер салмағы басым түсті.

Жұбанов екеуара жанжал барысында қасақана адам өлтіргені үшін кінәлі деп табылып, Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 88-бабының 2-бөлігімен 10 жылға бас бостандығынан айырылды. Сөйтіп қылмысты жазасын тартты.






II тарау

**АРДАҚТАЛАР АДАМДАР
АРАМЫЗДА ЖЕТЕРЛІК**

*(Өнегелі өмір өрімдері мен
замандастар келбеті)*



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ЕҢБЕГІ СІҢГЕН ЗАҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

БИСЕНҚҰЛОВ Бисенбі
(1923 – 1986)

1923 жылы тамыздың 8-і күні Орал облысының Қаратөбе ауданына қарасты Ботақол ауылында дүниеге келген.

Орта мектепті бітіруі Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келген. Ол Кеңес армиясында болып, Воронеж қаласын қорғау кезінде жарақат алып, Свердловск қаласында № 1705 госпитальден емделіп шыққан соң қайтадан ұрыстарға кіріп, Ленинград майданының № 499-минометшілер полкінің құрамында шайқасқан.

1943 жылы майданнан жарақат алып, елге оралған соң Орал облысының Тайпак ауданында есепші болып істеген. Ұлы Отан соғысы жылдарында көрсеткен ерліктері үшін 3-дәрежелі Даңқ орденімен марапатталған.

1952-54 жылдары Әділет министрлігінің Алматы қаласындағы екі жылдық мектебінде оқып білім алған ол Гурьев облыстық прокуратурасында жауапты қызметтерде болған. 1962 жылы ҚазМУ-дың заң факультетін сырттай оқып бітірген. 1957-65 жылдары Қызылқоға ауданының, 1965-69 жылдары Махамбет ауданының, 1969-85 жылдары Ембі ауданының прокуроры болып қызметтер атқарған.

1973 жылы Бисенбі Бисенқұловқа “Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген заң қызметкері” деген құрметті атағы берілген. Ол аудандық кеңестің бірнеше рет депутаты болып сайланған.

1985 жылы дербес зейнеткерлікке шығып, 1986 жылы 63 жасында қайтыс болған.

ШӨРЕЕВ Сатаи Тамқашұлы
(1925 – 1988)

1925 жылғы наурыздың 10-ында Гурьев қаласында дүниеге келген. Алматы заң институтын сырттай оқып бітірген. Өзінің еңбек жолын 1941 жылы Гурьев облыстық прокуратурасында техникалық хатшы ретінде бастаған. 1941-45 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. Елге оралғаннан кейін 1945-49 жылдары Гурьев облысының прокуратура органдарында еңбек жолын жалғастырған. 1949-50 жылдары Новобогат ауданының прокуроры, ал 1950-53 жылдары облыстық прокуратурада прокурор, іздестіру бөлімінің бастығы, 1953-64 жылдары Жылыой ауданының прокуроры қызметтерін атқарған. 1964-70 жылдары аралығында Гурьев қаласының прокуроры, 1970-75 жылдары облыстық прокуратураның бөлім прокуроры, облыс прокурорының аға көмекшісі қызметтерінде болған. 1975 жылдан бастап он жыл бойы Балықшы ауданының прокуроры болып қызмет істеген. 1986 жылы құрметті еңбек демалысына шыққан.

Сатаи Шөреев бірнеше рет аудандық партия комитетінің мүшесі, аудандық кеңестің депутаты болып сайланған. 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен, көптеген медальдармен марапатталған. Ол “Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген заң қызметкері” құрметті атағын алған. Аға заң кеңесшісі.

1988 жылы 63-ке қараған жасында дүниеден озған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН KEЙІН “ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗМЕТКЕРІ” ҚҰРМЕТТІ АТАҒЫ БЕЛГІЛЕНІП, ОНЫҢ КЕУДЕГЕ ТАҒАТЫН БЕЛГІСІ ШЫҒАРЫЛДЫ. СОДАН БЕРГІ КЕЗЕҢ ІШІНДЕ ОСЫ ҚҰРМЕТТІ АТАҚҚА АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНАН МЫНА ЗАҢҒЕРЛЕР ИЕ БОЛДЫ:

ЖӨРГЕНБАЕВ Мұқтар Әкебайұлы – Атырау облысының прокуроры, 3-дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі.

1955 жылы туған, 1981 жылдан бастап Атырау облысының прокуратура органдарында әр түрлі лауазымдық қызметтерде болды. Балықшы ауданының, Атырау қаласының прокуроры, одан кейін Алматы облысындағы Талғар ауданының прокуроры, Алматы облысы прокурорының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. 1999 жылғы наурыз айынан бері Атырау облысының прокуроры. Алматы облысының Райымбек ауданының құрметті азаматы. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 1992 жылғы шілденің 13-індегі 208/6 бұйрығымен “Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкері” атағы берілді.

ҚҰМҒАНБАЕВА Әйкен Шамильханқызы – облыстық прокуратураның ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бастығы, аға заң кеңесшісі.

1952 жылы туған, 1997 жылдан бастап Атырау облысының прокуратура органдарында әр түрлі лауазымдық қызметтерде болды, облыстық прокуратураның тергеу бөлімінің және сот қаулыларының заңдылығын қадағалау бөлімінің бастығы, Балықшы ауданының прокуроры қызметтерін атқарды, 1998 жылдан облыстық прокуратураның ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бастығы. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 1992 жылғы шілденің 13-індегі 208/6 бұйрығымен “Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкері” атағы берілді.

АХМЕТОВ Қабығали Николайұлы – Батыс Қазақстан облыстық әділет басқармасының бастығы, 3-дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі.

1946 жылы туған. Маңғыстау, Атырау облыстарының прокуратура органдарында әр түрлі лауазымдық қызметтерде болды. 1988-90 жылдары Атырау облысы прокурорының бірінші орынбасары, 1990-94 жылдары облыс прокуроры болып қызмет атқарды. Қазір Батыс Қазақстан облыстық әділет басқармасының бастығы. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 1992 жылғы шілденің 13-індегі 208/6 бұйрығымен “Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкері” атағы берілді.

ЖАПАРОВ Ғайса Жапарұлы – прокуратура ардагері, аға заң кеңесшісі.

1928 жылы туған. 1955 жылдан Атырау облысының прокуратура органдарында әр түрлі лауазымдық қызметтерде болды. Мақат, Теңіз және Ембі аудандарының прокуроры, облыс прокурорының орынбасары қызметтерін атқарды. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 1992 жылғы қыркүйектің 28-індегі 302/6 бұйрығымен “Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкері” атағы берілді.

ҚАДЫРҒАЛИЕВА Роза Момышқызы – облыстық прокуратураның қылмыстық істер бойынша сот қаулыларының заңдылығын қадағалау бөлімінің бастығы, аға заң кеңесшісі.

1956 жылы туған. Атырау облысының прокуратура органдарында әр түрлі лауазымдық қызметтер атқарды. Балықшы ауданы прокурорының орынбасары, Атырау табиғат қорғау прокуроры болды. 1995 жылдан бері облыстық прокуратураның сот қаулыларының заңдылығын қадағалау бөлімінің бастығы. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 1992 жылғы қазанның 26-сындағы 356/6 бұйрығымен “Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкері” атағы берілді.

ӘЙТЕНОВА Райхан Қатимқызы – Ақтөбе облысы прокурорының аға көмекшісі, аға заң кеңесшісі.

1949 жылы туған. Атырау және Ақтөбе облыстарының прокуратура органдарында әр түрлі лауазымдық қызметтерде болды. Қазір Ақтөбе облысы прокурорының аға көмекшісі. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 1997 жылғы шілденің 8-індегі 380/6 бұйрығымен “Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкері” атағы берілді.

ДҮЙСЕНБЕКОВА Светлана Сапарқызы – прокуратура ардагері, заң кеңесшісі.

1951 жылы туған. Атырау және Маңғыстау облыстарының прокуратура органдарында әр түрлі лауазымдық қызметтерде істеді. Қазіргі мезгілде зейнеткер, прокуратура ардагері. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 1998 жылғы желтоқсанның 14-індегі 528/6 бұйрығымен “Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкері” атағы берілді.

ЕРҒАЛИЕВ Бақытбек Сабырұлы – Қызылорда табиғат қорғау прокуроры, аға заң кеңесшісі.

1981 жылдан бастап Қызылорда облысының прокуратура органдарында әр түрлі лауазымдық қызметтер атқарды. 1996-99 жылдары Атырау облысының прокуроры, 1999-2001 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысының прокуроры, Оңтүстік Қазақстан аймақаралық табиғат қорғау прокуроры болып қызмет істеді. Қазір Қызылорда табиғат қорғау прокуроры. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 1998 жылғы желтоқсанның 15-індегі 532/6 бұйрығымен “Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкері” атағы берілді.

ҚАСЫМОВ Қабиболла Сәрсенбайұлы – Жылыой ауданының прокуроры, заң кеңесшісі.

1958 жылы туған. 1981 жылдан бері Атырау облысының прокуратура органдарында қызмет істеп келеді. Жылыой ауданының прокуроры, облыстық прокуратураның әлеуметтік-экономикалық салалардағы заңдылықты қадағалау бөлімінің бастығы қызметтерінде болды. Қазіргі мезгілде Жылыой ауданының прокуроры. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2002 жылғы шілденің 4-індегі 1997/6 бұйрығымен “Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкері” атағы берілді.

МҮРСАЛИЕВ Ғизатолла Қыдырұлы – Құрманғазы ауданының прокуроры, заң кеңесшісі.

1949 жылы туған. 1976 жылдан бері прокуратура органдарында қызметте. Махамбет, Исатай, Құрманғазы аудандарының прокуроры болып қызмет істеді. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 1999 жылғы шілденің 5-індегі 200/6 бұйрығымен “Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкері” атағы берілді.

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРОКУРОРЫ

Жәңгір Нұралыханұлына кеңес дәуірінде “қара халықтың қамын жеген Исатай-Махамбеттің қас жауы едің, жердің төуірін шеңділерге беріп, бұқараны алым-салықтан көз аштырмадың, соның бөрі жеке басыңның қамы, атақ-дәрежеңе бола істелген еді” деп қанша пәлені үйіп-төксек те, оның таққа отырған алғашқы күнінен бастап, туған халқына арнап істеген қадау-қадау игі істері де аз емес-ті. Ең алдымен, ол жыл маусымдарына қарамай қысы-жазы шурайлы жайылымға сай мал соңында көшіп жүрген қандастарын отырықшылыққа үйретті (1827 жылы Ішкі Бөкей ордасының орталығы — Орданың ірге тасы қаланды). Туған халқының көзі ашық, көңілі ояу болуын қалап, қазақ топырағында алғаш рет 1841 жылдың 6 желтоқсанында Ордада қандас он баланы еуропалық үлгідегі дәріс беретін мектеп партасына отырғызды, мектеп ашты. Бұл аз дегендей арада 2-3 жыл өткенде Орда балаларының Орынбор, Қазан қалаларымен бірге Түркия, Египет елдерінде оқуына мүмкіндік туғызды. Осы үрдіс кейін өз жалғасын тауып, Орданың біраз баласы жоғарыдағылардан өзге Санкт-Петербург, басқа да қалалардан дәріс алып, жоғары білімді мамандар атанды.

Міне, бұл бастаманы Ордада ілкі қолдағанның бірі, өзі де туған өлкесінде алғашқылардың бірі болып, Орынбор кадет корпусын үздік бітірген Мақаш Бекмұхамбетов үміт күттірген балаларының бәрін оқуға берді. Соның бірі Шафхат еді. Бірақ оның өмір жолы өзгелерге ұқсамайтын өзіндік тағдыр талқысы мен арпалысқа толы. 1903 жылы, яғни әкесі Мақаш дүние салмастан екі жыл бұрын Астрахандағы классикалық гимназияға қабылданады да, арада төрт жыл өткенде қаладағы революциялық үйірмелердің мүшелері — жұмысшылармен бірге үкіметке қарсы митингілерге қатысқаны үшін мектептен шығарылады да, келесі жылы үздік оқушының болашағына деген сеніммен оқуын одан әрі жалғастырады. 1912 жылы аталған гимназияны тәмамлайды.

Жанып тұрған Жәмілжаны мен ағып тұрған Әміржаны Қазанда оқып жүріп қайтыс болса да ағаларының жолын қуған кенже ұл Шафхат, ырымшыл анасы Күлекенің айтқанына қарамай, сол 1912 жылы Қазан университетінің заң факультетіне барып түседі. Бірақ та өу бастан қырдан келген момын ғана дала баласы боп, бұйығы күн кешпеген ол алғашқы күннен студенттік шақтың ыссылы-суығын бірдей татып, университеттің, тіпті қаланың түрлі қоғамдық-саяси өміріндегі оқиғаларға да белсене араласады. Соның бірі Қазан мұсылман студенттерінің “Шығыс клубы” ұйымы еді. Ол Х. Ямашев, Ғ. Тоқай, Ғ. Құлахметов сияқты татар зиялыларының қолдауымен 1907 жылдың 1 желтоқсанында құрылған болатын. Клуб уақыт өте өз жарғысына сай түрлі әдеби, сазды кештер өткізіп, драмалық қойылымдарды сахнаға шығарды. Кейде онда түрлі пікір таластары, қоғам өміріндегі қым-қиғаш жайларды саралаған саяси әңгімелер де өткізіліп, оған студенттермен бірге оқыған-тоқығаны мол зиялы қауым да қатысты. Мұндай басқосулардан күдік алған Қазан жандармериясы әлгіндей студенттер мен оқушылар, гимназистер қатысқан клубты нағыз революция ошағы деп бағалады. Ал заң факультетінде оқитын жастар Әубәкір Иманбаев, Базарбай Мәметов, Шафхат Бекмұхамбетовтер болса осы клубтың ұдайы белсенді қонақтары еді. Осы үшін де ол 1913 жылы үш ай түрмеге жабылып, артынан туған өлкесі Астрахань өңіріне қайтарылады. Бірақ арада бір жыл өткенде жергілікті әкімшілік орындарының тұрғылықты ұлттық кадрлардың тапшылығына орай өтінішін қабыл алған университет басшылығы оның оқуын одан әрі жалғастыруына мүмкіндік жасайды.

Осылайша университет қабырғасында жүргеннің өзінде уақыт тынысына ерекше мән беретін Шафхат оқу орнын 1917 жылдың күзінде үздік бітіреді. Бірақ, кейбір деректерде оның қазақтар өмірінде ұмытылмастай боп есте қалған 1916 жыл оқиғасына да белсене араласқаны

айтылады. Немесе ол осы кезде “Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовтардың басшылығымен майданға алынған қандастары арасында болып, олармен бірге қолдап жұмыс істеді. Түрлі ұйымдық басшылық жұмыстарын жүргізді” делінеді. Бұдан әрі Шафхат Мұхамбетжанұлы туған топырағына оралып, елдегі саяси ахуалға сергектікпен қарап, ондағы ірілі-ұсақты оқиғаларға белсене араласадy. Астрахань мен бөкейлікте өткен жалпы қазақтық, халықтық съездерді өткізушілердің бірі бөдды. Осыдан ба, кейде Ш.Бекмұхамбетовті алашорда қайраткері деп те жүр. Ол 1918 жылдың 13 наурызында Астрахань губерниялық кеңесінің жұмысшы-шаруа қазақ депутаттарының ұйғарымымен бөкейліктегі жер-су ісінің комиссары болып сайланды да артында, яғни сол жылдың 2-5 мамыры аралықтарында өткен губерниялық қазақ делегаттарының облыстық съезінде қаржы комиссиясының құрамына енгізіледі. Осы съезде 2-Теңіз жағалауы округінің жөйкүйінен баяндама жасайды. Ал мамырдың 7-де ол бұрынғы жер-су емес, жер ісі комиссары болып тағайындалады. Осы кезде ол белгілі қоғам қайраткері М.Тұңғашиннің басшылығымен Бөкей ордасында алғашқы қазақ атты өскер полкын ұйымдастырғандардың бірі. Бұл сияқты аз ғана уақытта әлсін-әлі жаңа лауазымдарға ие болу – сөз жоқ содан екі жыл ғана бұрын оқу орнын бітірген Шафхаттың іскерлік қабілетінің күн өткен сайын айқындала бастағанын көрсетеді.

Бұдан әрі ол 1919 жылдың күзінде Бөкей губаткомының мандатымен Орынбордағы төңкеріс комитетіне жіберіліп, қараша айында жер бөлімінің хатшысы, артында Орынбор жұмысшы-шаруа инспекциясының алқа мүшесі, кейін Бөкей губерниялық атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарады. Әйтсе де осы арада айта кетер бір нәрсе – бағзы біреулердің бұра тартуы, болмаса нақты істің дұрыс-бұрысын анық білмегендіктен бе, өйтеуір республикамыздың тұңғыш прокурорын бірде тұңғыш Әділет комиссары болған Ғұбайдолла Әлібеков, кейін істеген Мырзағұл Атаниязов, тіпті еліміздегі алғашқы сот төрағасы Нығмет Нұрмақов еді деп жүр. Ал көзі қарақты, көңілі ояу, өткен кеткенді жақсы білетін жаңдар С.Мұқановтың “Есею жылдары”,

С.Зиманов, С.Доулетова, М.Ысмағұловтың “Казахский отдел народного комитета по делам национальности” (Алматы, 1975 г.) кітаптары мен республика үкіметі шешімдерімен таныс болса Шафхат Мұхамбетжанұлы Бекмұхамбетовтың 1921 жылдың 17 қазанында 2-Бүкілқазақстандық кеңестер съезінде ҚАССР-і заң бөлімінің, яғни Әділет халық комиссары, ал қазақ атқару комитетінің III сессиясы қабылданған “Прокурорлық қадағалау ережесі” бойынша 1922 жылдың 2 тамызынан Әділет халық комиссары бұдан былай Республика прокуроры міндетін қоса атқаратындығына орай оның аталған екі қызметті қатар атқарғанын білсе керек. Тағы бір айтар жай 1920-30 жылдар аралығында Республика Әділет халық комиссариатын басқарған он комиссардың ішіндегі жоғары білімді екі заңгердің бірі Шафхат Бекмұхамбетов болса, екіншісі Варшава университеті заң факультетінің III курсың бітірген Қанай Боранбаев еді. Ендеше аталған саладан арнаулы жоғары білімі бар, оның үстіне өзінің ұйымдастыру, басқару қабілетімен ұдайы көзге түсіп отырған Шафхаттың мамандығы бойынша жауапты жұмысқа, іс басына келуді адам таңқалар, болмаса жұрт мойындамайтындай ерекшелік емес еді.

Соған сай Ш.Бекмұхамбетов аталған қызметтерге асқан күштарлық, жігермен кірісіп, комиссариат құрылымын орнықтырып, қылмыспен күрес, оның жолдары, халық соты аймақтарын құру мен оларға алғашқы нұсқаулар беру, жұмыстардың басталуы, сот реформаларын жүргізу мен алғашқы заңдарды қабылдау, сөйтіп республика бойынша жалпы әділет ісінің қолға алынуына негіз қалады. Былайша айтқанда, бұған дейін республикада негізі жоқ жаңа сала іске кірісіп, дами бастады. Осыған орай жаңа құрылған Әділет халық комиссариатының 1921 жылдың наурыз айында бекітілген Ережесінде оның құрылымы бес бөлімге негізделіп жүргізілуі керек болған. Олар – жергілікті әділет органдарын және сот мекемелерін ұйымдастыратын сот, кеңес – кодификациялық баспа, орталық жазалау (қамау орындарын бақылау), қаржы-шаруашылық, таратушы (шіркеуді мемлекеттен бөлу ісімен шұғылдану) бөлімдері болса, олар-

ды халық комиссары білікті маман ұйымдастырушы ретінде Шафхат Бекмұхамбетов қолға алып, біліктілікпен басқаралды. Бірақ кейінде жергілікті әділет бөлімдерін құру тиімсіз деп табылып, олардың қызметтері аймақтық халық соттарына міндеттелді. Ал комиссариат қызметінің негізі боп кенестік үкіметтің құқықтық ірге тасын қалау, губернияларда сот ісін ұйымдастыру, қылмыспен күрес және жаза белгілеу, әкімшілік органдардың қызметіне құқықтық бағдар беру деп табылды.

Сайып келгенде, Қазақстанда 20-30 жылдар аралығы аса бір қиын кезең болды. Өйткені бұрынғы сүттей ұйып, қаймағы бұзылмай отырған ауыл-аймаққа төңкеріс деген желеумен бықпырт тигендей өзге тірлік келді. Бұл онсыз да 1916 жылғы қазақтан қара жұмысқа жігіт алу деген жалпы атаумен мұрнынан тізіп, азамат атаулыны майданға аттандырған ала-топалаңнан тынышы кеткен адамдарды одан бетер алаңдатты. Жау жағаға жармасқанда ит етектен алатынның кері келіп, осы кезде табиғат жағдайының қолайсыздығынан жер қуанданып, егін шықпай қалды. Бар байлығы мал болып табылатын дала халқының сауындық сиыр, қоліктік аты да қыстан шықпай қырылды. Осындайда бұрынғы жазылмаған заңы, қабылданған кодексі бар тып-тыныш халық ішінде енді теріс пияғалды қимыл, әрекеттер белең алып, ұрлық-қарлық байқала бастады. Яғни, замандағы дүрбелең, ауытқушылық адамдар санасына да әсер етті. Осыдан келіп, құлшы салынбайтын үйлерге ұры түсіп, табындағы жоғалмайтын жылқы, үйірлеген қора-қора мал жоқ болып кетіп отырды. Аштық литықтатып, малы ұрланған және болашағы бұлыңғыр ауыл кеңес үкіметі жарылқайды дегенге бұдан былай күдікпен қарап, кейбірі өзге елдерді бетке алып, көше бастады. Бұл жас республиканың жұмыс күшінен айырылуы — келешегіне деген кесел еді. Әлгі айтқан аштыққа орай сол кезде деректі орындарға түскен мәлімдемелердің бірінде былай деп жазылды: “Төңкерісті, бандалардың тонаушылығын, қорқынышты “жұтты” басынан кешірген Қарқаралы уезінің кейбір болыстары малының 75 пайызынан, кейбір жекелеген шаруашылықтар 100 пайыз, яғни түгел-

дей айырылып қалды. Өмір сүрудің негізгі көзі мал болғандықтан әлгі ауылдарда аштықтан олу уақиғалары жиілей түсуде”. Ал, бұл тек бір уездегі жәй ма еді?! Шындығында, жағдай Қазақстанның бар аймағында да осындай болатын.

Осыған орай ел ішінде алдымен тәртіпті күшейту, соның бір тармағы — мал ұрлығына жол бермеу міндеті қойылды. Өйткені сол кездегі құқық қорғау орындарына түсетін арыз-шағымдардың дені осы тақырыпта болатын. Мысалы, Ақмола уезінің тоғызыншы аймағының халық сотында 1921 жылдың соңғы сегіз айында қаралған 65 қылмыстық істің 44-і осы мәселеге арналса, осының өзі-ақ істің қаншалықты насырға шапқанын байқатпай ма?

Аяғынан әлі қаз тұрып кете қоймаған республикадағы құқық тәртібін жедел түрде қолға алу, заң актілерін қалыптастырып, темірдей тәртіп орнату, алдымен осы саланы басқарып отырған Шафхат Бекмұхамбетовтен аса бір жауапкершілікті, ыждағаттылықты талап етті. Мұны жақсы түсінген жас комиссар ең өуелі комиссариатқа түскен арыз-шағымдарды топтастырып, олардың географиясы мен қылмыс түрлерін анықтады. Осы негізде оның Қазақстан атқару комитетіне жолдаған кезекті бір мәліметінде “Елде мал ұрлығы мен барымта астасып, бір-бірінен ажыратудың мүмкін болмай кеткендігі сонша, жұртшылық заңды құбылыс ретінде қарайды. Бұндай келенсіздіктер, өсіресе, Ақмола, Семей губерниялары мен Торғай уездерінде кең етек алған” деп жазды.

Ал, әлгіндей топтастыру, осы негізде заң актілерін дайындауда қылмысқа сай жаза түрлеріне түсініктемелер жасалынып, олардың топтық, қарақшылық сипаты мен оған қатыстары, яғни тікелей қатысу, біле тұра жасыру, көмек беру түрлері бір-бірінен түбегейлі ажыратылды. Осы негізде қазатком 1921 жылдың 10 қарашасында “Мал ұрлығымен күрес” атты жаңа декретті бекітіп, арада үш күн өткенде губерниялық халық соттары мен трибуналдарға Әділет халық комиссары Шафхат Бекмұхамбетовтің қол қоюымен нұсқау хаттар жолданды. Онда қылмыстық әрекеттердің ауыздықталмай отырғанының басты себептерінің бірі — айыпкерлердің ісі сотқа жетпей құтылып

кетуінде” дей келіп, жауапты орындарға кезек күтгірмес шаралар жүктелді. Атап айтқанда, мал ұрлығына қатысты істерді жедел қарап, кінәлілерді қатаң жазалау, тергеу, яғни істі қарау кезінде мал ұрлығымен қолға түскендерді қамауда ұстау, сот орындарының милиция ісіне бергендерді жазалау керектігі ерекше ескерілді.

Міне, мал ұрлығына қарсы күреске маңыз беріліп, оған қатысты жандарға жоғары жаза белгілеу – істің каншалықты мәнді болғандығынан хабар береді. Соған сай оның оң нәтиже беруі де аса ұзаққа созыла қойған жоқ. Арада екі-үш жыл өткенде аталған қылмыстың беті қайтып, ұрлық тамырына балта шабылды. Бұл бір қарағанда басқа ұлттар табиғатына келе бермейтін, негізінен мал бағып, маң далادا көші-қон күн кешкен түз халқына тән қылмыс болса, оны ауыздықтау жолында әбден маманданған алғашқы оқымысты-заңгер Шафхат Бекмұхамбетов болатын. Ол республика өмірінде бұдан басқа да заң актілерінің дүниеге келуіне негіз қалады. Соның бірі елдегі паракорлыққа қарсы күрес еді.

1921 жылы РСФСР халық комиссариаты кеңесі “Паракорлықпен күрес” декретін қабылдады. Осыған орай Қазақстан Әділет комиссариаты жергілікті губерниялық халық соттары мен ревтрибуналдарға хат жолдап, елде паракорлықпен күресті күшейту және оның алдын алу шараларын белгіледі. Жедел қолға алған жұмыстар нәтижесінде республикада 1922 жылдың алғашқы алты айында жоғары лауазымды 68 қызметкер пара алғаны үшін сотталды. Елдегі “Мемлекеттік қоймаларға ұрлық”, “Қызмет бабын пайдаланған ұрлық”, “Жала жабу” сияқты қылмыстардың беті ашылып, кінәлілер жазалана бастады. Сайып келгенде мұндай заңсыздықтар, яғни қылмыстар елдің бір қоғамдық-саяси жүйеден екінші қоғамдық саяси жүйеге өтуі шағында немесе өтпелі кезеңде қайталанып, белең алатыны дәл күні бүгінде белгілі болып отыр. Осындайда өткеннен сабақ алып, әсіресе кең жайылып бара жатқан мал ұрлығына орай алғашқы білікті заңгеріміз Шафхат Мұхамбетжанұлы тәжірибесін кеңінен пайдалану керек-ау деген де ой келеді.

1922 жылдың басында кезең талабымен республикада жаңа экономикалық

саясатқа орай құқық қорғау органдарын түбегейлі құру, реформалау басталды. Бір қарағанда, бұл жаңа құқықтық мемлекет құруға деген алғашқы талпыныс еді. Осыған орай Бүкілодақтық тотенше комитет жойылып, оның орнына келген мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ) тікелей Ішкі істер комиссариатына бағынышты болды. Сот құрылысына байланысты оң өзгерістер болып, ол халық соты, губерниялық сот, жоғарғы сот деп үш сатыға бөлінді. Прокуратура, адвокатура, төрелік комиссия дегендер құрылып, жаңа қоғамның қылмыстық іс жүргізушілік, қылмыстық, азаматтық кодекстері (25, 26, мамыр, 31 қазан) қабылданып, жарық көрді. Жаңа Конституция жобасын жасау үшін комиссия құрылып, жұмыс істей бастады.

БОАК-тің мамыр айындағы “Прокуратураны құру туралы” қаулысына орай республикада сындарлы жұмыстар қолға алынды. Атап айтқанда, прокуратура бөлімінің орны, атқаратын қызметі мен міндеті белгіленіп, сол жылғы шілденің 17-де өткен Қазақ атқару комитетінің III-сессиясында “Прокуратура туралы” ережелер қабылданды.

“Прокуратура туралы” ережеде “Әділет комиссары Республика прокуроры міндетін қоса атқарады” дей келе, осы құжаттың соңында “1922 жылдың 1 тамызынан бастап Юстиция комиссары Республика прокуроры міндетін атқаруға кіріседі” деп жазады. Ал, прокуратуралық қадағалау бұйрықтары кітабындағы 1 бұйрықта (2 тамыз) “Мен бүгіннен бастап республика прокуроры міндетін атқаруға кірістім. Әділет халық комиссары және Республика прокуроры Ш.Бекмұхамбетов” деп қол қойған. Осының өзі бұған дейін республиканың алғашқы прокуроры кім екенін анықтай алмай, шатасып жүрген кейбір мырзаларға тайға таңба басқандай анық дәлел екені белгілі.

Осы арада тағы бір айта кететін нәрсе сол кездегі күнделікті басшылыққа алатын немесе қолданыстағы заңның РСФСР заңдары еді. Міне, осы тұста аталған заң баптарына қалың мал, күн, мал ұрлығына тиым салу, адам етін жеушілерге аяусыз тойтарыс беру, жазалау жөнінде толықтырулар енгізген де осы Ш.Бекмұхамбетов болатын.

1922 жылдың тамыз айының аяғында, дәлдеп айтсақ, 23-де Ш.Бекмұхамбетов кезекті еңбек демалысын алып, Бөкей ордасындағы туған ауылына кетеді. Кетердің алдында Қазаткомға берген бір айлық есебінде ол өз бұйрығымен Ақмола, Орынбор, Бөкей губернияларына алғашқы прокурорлар етіп Ф.Ковалев, Е.Башилов, А.Галкиндерді бекіткендігін, ал басқа губернияларға қоюға мамандар таба алмай отырғандығын, бірақ губернияларға адвокатура туралы нұсқаулардың берілгендігін айтады. Сайып келгенде, бұл кезде құқықтық мемлекет ретінде аяғынан енді ғана қаз тұрып, Республикалық сот, прокуратуралар құрылса да губерниялық құрылымдар әлі аяқталмаған еді. Сондықтан жана басталған істің артында әлі де жалғастырар жауапты жұмыстар көп болатын. Бұл заңгер ретінде сауатты және жастық жалыны лапылдап тұрған Шафхаттан әлі де тың жігер мен мол қажыр қайрат керек ететін. Бірақ, Ш.Бекмұхамбетов бұл арманына жете алмады. Осы жылдың тамызында кезекті еңбек демалысында жүргенде ол еш себепсіз қызметтен босап қалды. Шөкеңнің өмірі мен қызметі туралы зерттеген ғалым Б.Қабдошев “Бекмұхамбетовтің мінезінің бірбеткейлігі де жоғарыдағыларға ұнамаған-ау. Мысалы, демалысынан келгенше Бекмұхамбетовті Қостанай губерниясының прокуроры етіп тағайындап жібереді. Ол бұл шешімге ашық наразылығын білдіріп, Қостанайға барудан бас тартады. Осы сынды өз міндетін орындаудан “жалтарғаны” үшін ол партия қатарынан шығарылды” деп жазалы.

Мүмкін ол да рас шығар. Бірақ Ш.Бекмұхамбетов бұдан кейін де 1924 жылы қайтадан партия қатарына қабылданып, араға бір жыл салғанда тағы да шығып қалады. Байларды тәркілеу, нөубет зобалаңы басталмай тұрған тып-тыныш кезеңнің өзінде білімі мен жасы сай келіп тұрған жанның қайта-қайта партиядан қуылуы, сөз жоқ, Шафхат ағаның жеке басындағы “кемшілігіне” байланысты екені айдан анық. Ал қызмет жағына келсек, ол отызыншы-қырқыншы жылдары юстиция комиссариатында аса маңызды істер бойынша тергеуші, Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институты мен Қазақ мемлекеттік университетінде заң кеңесшісі, республика Ғылым Академиясының әдебиет институтында кіші ғылы-

ми қызметкер болып еңбек еткен. Шафхат ағаның соңғы жұмыс істеген жері Қазақ мемлекеттік архив мекемесі. Қаны шыққан аксүйектің баласы болса да 1937-50 жылдар нөубетінен аман қалған ол 1958 жылдың көктемінде 66 жасында Алматыда қайтыс болды. Біз Бөкей ордасы өңірінде ұзақ жыл әкімдік қызмет атқарып, ағартушы-этнограф, фольклорист ретінде туған халқы үшін көп еңбек сіңірген айтулы аға Мақаш Бекмұхамбетов жайында деректер жинау кезінде оның балалары туралы өңгімелерге де құлағымызды түріп жүрдік. Біраз жанмен кездестік. Соның бірі марқұм, халқымыздың аяулы ұлы, Қазақстан халық жазушысы Хамит Ерғалиев болатын. Ол “Шіркін, Шафхат ағамыз орысша, қазақша аса сауатты, сонымен қатар өкесіне тартқан зерек, өсіресе көне ауыз әдебиеті үлгілерін жақсы білетін. Ол шын мәніндегі әдебиетші еді. Сөзіміз ауыр болмасын, Сәбеннің “Өмір мектебінің” денін орысшаға аударған Шөкең ғой.

Маған да көмегі аз болған жоқ. “Құрманғазы” атты жаңа дастанымның шыққанын естіп, қояр да қоймай кітапты алып оқыды да, “Әкем ұнатқан ұлы жерлесімнің құрметіне осы дүниенді бір тиынсыз-ақ орысшаға жолма жол аударып берейін” деп аз ғана уақытта уәдесіне жетті. Артынан сол аударма көп өзгеріссіз кітап болып шыққан еді” дегені бар-ды. Шындығында да Шафхат ағамыздың көзін көрген жандардың қайсысы да оның білгір әдебиетші, аудармашы болғандығын мойындайды. Халқымыздың “Ұяда не көрсең – ұшқанда соны ілерсің” дегеніндей, әкесі өмір бойы туған жұртының ауызынан түспесе, Шафхат ағаның өз төлдері – Баязит пен Камил да тіл білімі, кітапхана ісінің мықты мамандары еді. Екеуі де Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыс салған зардаптан ертерек дүние салды. Арттарында ұрпақ қалмады.

Қалай десек те біз бүгін өңгіме еткен Шафхат аға, алдымен, туған еліміздің, мемлекетіміздің 1920 жылдардағы қалыптасуы, құқықтық негізде бой көтеріп, заңды құжаттар негізінде өсіп-өркендеуі жолында күш салды. Солардың көбін өз қолымен жазып, өмірге енгізді, тәжірибеде қолданды, қала берді басшылық жасады. Оны бүгінгі ұрпақ ешуақытта ұмытпауы, мүмкіндігіне қарай ұлықтай білуі керек.

АТЫРАУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ПРОКУРОРЫ

Қалқан Төрешев әділдік үшін күрескен абзал азамат елі

— Өз алдына дербес отау көтергенде облыстың басқару тетіктерін тұңғыш ұстаған басшылардың аты-жөндері белгілі. Солардың алдыңғы сапында аталуға тиісті Атыраудың алғашқы прокуроры кім? Оның есімі неге қағыста қалады?

Талай жерде осы сауал алдымызға кесе колденен тартылды. Шындығында, облысымыздың ілкі прокуроры кім болғаны? Облыстық мемлекеттік мұрағаттан да, облыстық прокуратурадағы шағын мұрағат бөлімінен де оған жауап боларлық мардымды құжаттар табыла қоймады. Сөті түскенде бізге бастанқы деректі өлкемізге аты мәлім қаламгер, байырғы журналист Шөпенгали Дәуенов берді.

— Баршамызға белгілі, Гурьев облысы 1938 жылы құрылды ғой. Сол кездегі облыстың тұңғыш прокуроры Қалқан Төрешев. Ол — кәміл. Өзіміздің Манаштың перзенті. Кейін қызмет бабында жиі араластық. Орнықты, іскер азамат болды. Заңгерлік арнайы білімі жоқ болса да заңды жетік білетін. Балалары осы Атырау қаласында тұрады... — деп ол беймәлім жөйдің басын аша жөнелді.

Иә, Шөкең айтқандай, Қалқан жиырмамыншы ғасыр басталғанда, оның үшінші жылында қазіргі Исатай ауданына қарасты Манаш ауылында туған. Әкесі Мұстафа да, шешесі Бөйдәш те балық кәсіпшілігінде жұмыс істеген шаруа кісілер екен. Қалқан да ата-анасының жолын қуып, 13 жасында жергілікті кәсіпкер Жүнісов Қыдырдың қарамағында балық құрғатушы болып еңбекке араласқан. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де осы кәсібін жалғастырып, әуелі балық кәсіпшілігінде, бұдан соң Астраханьға бағынышты “Аушылар одағында” мердігер аушы болып қызмет атқарған.

Қалқан Мұстафаұлы 1925 жылы тұрмыс жағдайына орай қалаға көшіп келіп, “Лицевой” балық кәсіпшілігіне бұрынғы маманданған саласымен байланысты қызметке орналасқан. Бір жыл өтпей жатып анасы о дүниелік болған. 1923 жылы Гурьевтегі кеңес-партия мектебіне

оқуға қабылданады. Одан әрі білімін көтеруді Орынбор жұмысшылар факультетінде жалғастырады. Елге оралған соң оған 1928 жылы округтік комитеттің қосшы одағында хатшылық, кейін ауыл шаруашылығы жұмысшылары одағының округтік комитеті басқармасының төрағасы міндеттері жүктелген.

Міне, Қалқан Төрешевтың өз қолымен жазылған өмірбаянынан, кадрларды есепке алуға арналған жеке бетшесінен, басқа да қолға түскен құжаттардан оқып, білгеніміз бойынша ол сот-прокурорлық қызметтерге кіріскенге дейін осындай үлкен жолдан өтеді. Өмірдің ыссысы мен суығында шыңдалып, жақсысы мен жаманын ажырататын халге жеткен. Оның білім деңгейін, ой-өрісін, ынта-қабілетін аңғарған округтік партия комитеті 1929 жылғы сәуір айында өз шешімімен Гурьев қаласына халық сотының судьясы етіп тағайындайды. Бір жылдан соң жаңадан құрылған Жаманқала ауданына прокурорлық қызметке жіберіледі. Оған Доссор ауданындағы прокурорлық қызметі жалғасалы. Бұл кадрларды бір орынға тұрақтата бермей, жиі ауыстырып тұратын, саясаты түсініксіз кезең еді. Бір жерге жаңа табан тіреп, төңірегіндегілерді танып үлгермей жатқанда келесі жерге тағы ауыстырылу тіпті қиынға соғатын. Оның үстіне бай мен жарлыны бір-біріне қарсы қойып, айнала аласапыран болып, кімнің-кім екенін айыру машақатқа айналған шақ. Әрі елге аштық кірген түс. Осындай мезгілде аудан прокуроры болу, ақ-қараны айна-қатесіз түстей білу өте жауапкершілікті талап ететін. Басын қатерге тігіп төрелік айту, заңдылықты орнына келтіру үшін ұры-қарылар ұясына кіру, қарақшылармен бетпе-бет келу Қалқан Мұстафаұлына талай рет кезікті.

Қазіргі Қызылқоға ауданы аумағындағы мал шаруашылығы одағынан 1931 жылғы сәуірде “дүние-мүлкі, малы тәркілеуге ұшыраған Өзбек атты бай бастаған, мылтықпен жарақтанған қарақшылар 150 жылқыны жасырын қуып кетті” деген суық хабар түсті. Олардың сонда-

рынан қуып, ұрланған түліктерді кері қайтару Қалқан Төрешев бастаған топқа жүктелінеді. Бұл құрамға комсомол мүшесі Дәулетов, ұста Ахмеди Әдігереев, милиционер Жұмабай Имашев іріктеліп енгізілді. Кетерде басшылық оларға қарулы күш қолдануға болмайтынын қатаң ескертіп жіберді. Демек, қақтығыстан дәнеңе шықпайды. Мұндайда не істеу керек?.. Жылқы ұрлаушыларды мәмілеге шақырып, бейбіт келісіммен көндіруден басқа амал жоқ. Қарақшылар адайдың Бокмаш жетекшілік ететін қарсыласушы негізгі күшіне қосылуға бағыт ұстағанын қуғыншылар тым кеш білді. Бірақ қауіп бұлты тобелеріне үйірілсе де олар “бастары жұмыр пенделер ғой, айтқанымызға көнер” деген алдамшы үміт жетегінде Сағызға қарай ілгері жүрді. Бөрібір тапсырманы орындамай кері қайтса, аупарткомдағылардың оңдырмасын, бөріктерін теріс кигізіп, қаңғыртып жіберетінін ұғынды.

Прокурор бастаған топ дйттеген жерге жеткенде, оларды төрт атты кісі қарсы алады. Ішінде Өзбек те бар еді. Қалқан Төрешев:

— Мал шаруашылығы жылқыларын қайтарсаңыздар болды, кері қайтамыз. Ботен жұмысымыз жоқ, тиіспейміз, — деп жылы сөйлеп, тілдесуге шақырғанша болған жоқ, екі қапталдан сексенге жуық аттылар қаптай келіп, қамап алды. Сөзге келмей, келісімді керексінбеген қарақшылар Қалқан тобын сойыпмен ұрып-жығып, өлдіге санап, жерге көміп кетеді. Тек кеште күн ұясына құлаған сөтте құдай оңдап Қалқан есін еміс-еміс жиып, тырдай жалаңаш, тула-бойы қанжоса, өлімші күйінде тірі аруақтай топырақ астынан шығып, өудем жердегі қоңсы отырған киіз үйге шаққа жетеді. Онда аудан уәкілі, зоотехник Досов және басқа да адамдар көздері атыздай болып қарсылайды. Сол үйден үстіне лыпа боларлық киім тауып киген Қалқан бір стакан ыссы сүт ішкен бойда қайтадан есін жоғалтады. Доссордағы ауруханада екі ай емделгеннен кейін барып оған қасына бірге сапарлас болған жолдастарынан Әдігереев пен Дәулетовтың қаза тапқаны, тек аяғынан жараланған Имашевтің ғана қашып құтылғаны хабарланады.

Осылай о дүниеге барып қайтқан Қалқан Мұстафаұлының аяғына жаңа

мінгені сол екен, оны 1932 жылғы сәуірде Батыс Қазақстан облысының құрылуына байланысты облыстық соттың мүшелігіне, жарты жыл өткенде облыстық сот төрағасының орынбасарлығына жоғарылатады. Алайда, облыстық соттың төрағасы Шейкопляспен қозқарасы келіспей, қарсы келіп қала береді де, облыстық партия комитетінің ұйғарымымен 1934 жылғы қыркүйекте Тайпак ауданының прокурорлығы қызметіне ауыстырылады. Арала екі жыл өтпей жатып, ол Гурьев округі прокурорының көмекшілігіне ауыстырылады. Сол 1936 жылы көмекшілік қызметте жеті ай істегеннен кейін қазан айында республика прокурорының бұйрығымен округ прокурорының орынбасары, келесі жылғы тамызда округ прокуроры болып са-тылап өседі.

1938 жылы Гурьев облысы құрылғанда Қалқан Төрешев облыс прокурорының міндетін атқарушы болып қызметке кіріседі. Осылай бір жылдан астам жүреді де, кейін астанадан облыс прокуроры болып тағайындалғандығы жөнінде бұйрық беріледі. Ол жаңадан отау көтерген облыста заңның сақталуын қадағалау, қылмысқа қарсы күрес, адамдар құқы мен мүдделерін қорғау, қалың бұқараға құқық тәрбиесін беру және басқа шараларды жүзеге асыруда табандылық пен іскерлік, ыждағаттылық пен парасаттылық таныта білді. Қарамағындағы кадрларды адалдыққа, әділдікке баулыды. Өзі арнамысты жоғары қойып, тура жүрді, біреуге бұра тартпады. Оның осы қасиеттері хақында, өткен барыс жылының басында кездескенімізде, ұзақ жылдар өлкеміздің прокуратура органдарында қызмет істеген, жасы 90-ға таялған қарт заңгер Нығмет Мұқанбетов былайша еске алады:

— Мен 1938 жылы Жаманқала ауданына прокурор болып тағайындалдым. Сонда қабылдау кезінде оның “Шырағым, адал бол, ақ бол. Сені қолпаштаушы, үйіне шақырушы көп болады. Оған бара бермегенің дұрыс. Біздің жұмыста адалдық бірінші тұруы керек” дегені өмір бойы есімнен шықпады. Осы әңгімені кейін де бірнеше рет пысықтады. Өзі жібі түзу, қызметте талап қойғыш адам болатын. Кадрларға қамқорлығы мықты еді.

Қарт заңгердің айтқанын құжаттар да үстемелеп айқындай түсті. Ол прокуратура қызметкерлерінің еңбектерін барынша әділ, шынайы бағалай білетін. Мына бір бұйрыққа назар аударалықшы (Гурьев облыстық прокуратура басқармасы бойынша бұйрық (И108-5), 1940 жылғы қараша):

“Облыстық және қалалық прокуратура коллективі Октябрь социалистік революциясының 23 жылдық және Қазақ КСР-інің 20 жылдық мерекесі құрметіндегі социалистік жарыста жұмыс сапасын жақсартып, алға қойған міндеттерін мінсіз атқарудағы жеке үлгісі үшін облыстық прокуратураның тергеу бөлімінің бастығы А.Қасаевқа, оның көмекшісі М.Зайыровка, хатшы А.Бұқашевқа алғыс жариялап, сыйақы төленсін. Гурьев облысы бойынша прокурор Төрешов” делініпті. Сөз жоқ, басшының мұндай көңіл бөлуі, саналы, мінсіз қызметті тасада қалдырмай елеуі қызметкерлердің мерейін өсіреді, жігеріне жігер қосады, ынтасын арттырады. Оны Қалқан Мұстафаұлы жақсы ұғынған.

— Облыс құрылғанда алғаш прокурор болған Қалқан Төрешовті тым тәуір білемін, — дейді Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жастар тәлімгері, облыс басшылық жұмыстарында көп қызмет істеген ардагер ақсақал Шоқан Қаржауов оған риза кейіппен, — Іскер басшы. Біреулер оның прокурорлық қызметін қуғын-сүргін кезеңмен байланыстырып, күмән келтіргісі келеді. Бірақ комиссия шығарылып, архивтік құжаттарды мүқият қарап, тексергенде, ақтығы, кісіге қиянат жасамағандығы дәлелденіп, дербес зейнетақы тағайындалды. Прокурорлық қызметтен кейін де қыруар салада тындырымды қызметімен көзге түскен зиялы кісі.

Қалқан Мұстафаұлы прокурорлық лауазымында үш жылдай істегеннен соң әр түрлі жұмыстарда, атап айтқанда: “Ембімұнайгаз” тресінде кадрлар бөлімінің бастығы, халық депутаттары Теніз аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағасы, Орал-Каспий мемлекеттік балық тресі бастығының орынбасары, облыстық балықшы колхоздар одағы басқармасының төрағасы, облыстық халық шаруашылығы басқармасының бөлім бастығы қызметтерінде болды. Өзі 1959 жылы, ал зайыбы Ақбалым Ғұмарқызы 1992 жылы дүниеден озды.

Қайда қызмет істесе де — Қалқан Мұстафаұлы ортасына сыйлы, іскер ұйымдастырушы, өз ісіне берілген азамат есебінде белгілі болған тұлға. Еңбегі еленіп Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальдармен, грамоталармен марапатталды. Облыстық, аудандық партия комитеттерінің мүшесі, облыстық кеңестің депутаты болып сайланды. Оның өмірін ілгері апарушы артында ұрпағы — ұлдары Леонард, Марат, Мұрат, қызы Софья, Жалғас, Толқын — немерелері бар. Облыстық экология және биоресурстар жөніндегі басқармада зертхана бастығы болып қызмет істейтін қызы Светлана Қалқанқызы таяуда ғана мезгілсіз қайтыс болды. Софьяның жұбайы Хамидолла Өтебаев құқық қорғау органдарында қызмет істеген, қазір зейнеткер, жақында атасының суреттерін тауып әкеліп берді.

Атырау өңіріндегі жағдайдың, жалпы ахуалдың қиын да күрделі, шытырман шақтарында округтің, облыстың басты құқық қорғаушы органына жетекшілік ету Қалқан Төрешов үшін, әрине, оңайға соқпады. Бірақ, ол талап биігінен көрінуге аянбай күш салып, өз міндетін адал атқарған айтулы азамат болған.

Деректі повестің авторы — Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, әдебиетші Айбосын Елеусінов 1940 жылы Атырау облысының Доссор кентінде туған. Мақат аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, аудандық “Мұнайшы” газетінің редакторы, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерінде болған. “Намыс оты” деректі повесі және бірнеше кітаптары шыққан.

ШЫРҒАЛАҢ*

МІНЕЗДЕМЕ

Осы мінездеме облыстық прокуратура жанындағы кәсіподақ ұйымынан Муса Баймұқанов жолдасқа берілді. Ол 1927 жылдан кәсіподақ мүшесі. Прокуратура аппаратындағы өтініштер бөлімінде хатшы, кейіннен аға хатшы болып қызмет істегенде өз міндетін ұқыпты және жауапкершілікпен атқарды. Жақсы да мінсіз жұмысы үшін Ұлы Қазан төңкерісінің 20 жылдығы құрметіне ұжымның жалпы жиналысының шешімі бойынша бағалы сыйлықпен марапатталды. Әкімшілік және кәсіподақ ұйымынан сөгіс алған жоқ.

(Атырау облыстық мұрағатынан)

Бірер күннен бері тапал үйдің қабырғалары биіктеп, еңсесі көтерілгендей, жарлары ығысып, бөлмелері кеңігендей. Күннің нұры да терезеден молырақ түсіп тұрған тәрізді. Басқаларының көңіл-күйі қандай екенінде Баймұқан мен зайыбы Жаңылдың шаруасы жоқ. Баласы мен келіні немерелерімен келгелі мәре-сәре.

Баймұқан бір жандығын сойып, көрші-көлемін шақырып қонақасы берді. Жаңылда ес жоқ. Кіріп-шығып немерелерін қызықтайды. Біресе жаңа пісірген түйе сүтін аузына тосып, енді бірде құрты мен бауырсағын тықпалайды. Арасында немересімен шүйіркелеседі.

— Атың кім сенің?

— Шолпан... Мусаның қызымын...

— Ақылыңнан айналайын. Ал мынау кім?

— Айман. Мен — апасымын.

— Айта қойшы, мен кімін?

— Әжемсің. Папаның мамасысың.

— Айналайын сөзіңнен... Шүлдірлеген тіліңнен.

Сөбі сөзінен елжіреген ана немересін құшып аймалайды, асты-үстіне түсіп

бөйек болады. Келініне де риза. Өгейсінбей өбектеп жүргені.

Мусанын жүзі сынық, үйден көп шықпайды. Көңілінің қошы жоқ, бейжай күйде. Жарытып ештеңе айтпайды. “Осында жұмыс жасаймын, бірге тұрамыз” деген де қойған.

Бұл сөз Баймұқанның көңіліне қонады-ақ. Бірақ баласының ішкі дүниесіндегі өзгеріске түсінбей дел-сал.

Бұрын Муса келгенде жолдас-жоралары ат құрғатпай іздеп, бірі кіріп, бірі шығып сапырылысып жататын. Той-томалақ, сауық кешіне шақырып тыным бермейтін. Келіншегі ата-анадан именіп тартыншақтай бастаса, әлгілер қиылып үлкендерге қолқа салатын. Шешесі құрақ ұшып, бөбегін бауырына басады да, әйшайға қаратпай жастарды қуып шығады. Олар да қол ұстасып жөнөп беретұғын. Бұл жолы олай болмады. Бірен-сараны демесең, көпшілігі іргесін аулақ салған сыңайлы.

Пендешілік-ай. Мәртебең өссе көз алдында көлбендеп, басыңа іс түскенде сырт айналып жүре беретін қасиет бойға сіңіп болды ғой. Муса мұны жақсы түсінеді. Бірақ аңғалдығынан ұрынып қалады. Сол аңғырттықтан жеген таяғы да аз емес. Қайранда қалған шабақтай дәрменсіз болған сәттері жетерлік. Осы жолы да оңбай сүрінді.

Жалғыз өзін омақастырса бір сәрі-ау. Аялап жүрген ағаларына жапқан жала жағылған күйедей болып тұр. Өйткені олар жұмыстың сыры мен қырын үйретіп, шеберлігін шыңдап қана қойған жоқ. Болашағына үлкен үміт артып, ұятқа қалдырмайтынына сенген. Мінсіз қызмет атқарып, тура жолдан таймайтынына күмән келтірмейтін-ді. Енді ақ жолдан тайған, сырғанақ адам есепті...

* “Намыс оты” атты деректі повестен үзінді

Бөрінен де Ғұбайдолла ағасының беделін түсірді. Ол туған әкесінен бетер қамқор болған кісі.

Ескі дәуірді дәріптейтін “Батырлар жырын” насихаттадың, халық жауы Ж.Шаниннің “Арқалық батырын” сахнада сомдадың, — деп Мақаттағы жұмысынан шеттеткеннен кейін Муса Үйшікке келіп, талай кеңсенің есігін қаққан-ды. Қай-қайсысы да оқыған, сауатты маманға зәру-ақ. Ықыласпен қабылдап әңгімелесе бастайды да, тағылған “айдарын” білген соң, сылтаурата жөнеледі. Бірі үәде беріп қойған. Екіншісі жоғарыдан маман шақырған. Келесісі кейінірек жолыққанды қалайды. Әйтеуір көңіл жықпас дәлелдер айтып, шығарып салуға асығады.

Күдері үзілген жігіт аудандық прокуратураның кеңсесіне құр далбасамен кірген-ді. Осы кісіге кезікті. Табиғаты солай ма, көп тықыршымай байыппен сөйлесті. Сабырмен тыңдап, тым қазбамай мән-жәйге қанықты. Муса кезекті “көңіл айтуды” күтіп еді, әңгіме өзгеше шықты.

— Жұмысқа алуға болады, бірақ сенің мүмкіндігіңе сай емес, лауазымы төмен, жалақысы жартымсыз.

Муса өз құлағына өзі сенбеді, анырып қалған жәйі бар.

Алды-артын бажайламастан жабысты.

— Қандай жұмыс болса да алыңыз. Ұятқа қалдырмаймын.

— Хатшылық орын. Берері аз, бірақ сұрары көп. Уақытпен санаспай жүруге, қажет жағдайда басқаларға қол ұшын беруге тура келеді.

— Одан қашпаймын. Сынап көріңіз. Менгеріп кетпесем, жұмыс істеген күндеріме ақы бермей-ақ шығарып жіберіңіз.

— Мені иландырдың. Бастықты да сендіріп көрейік.

Жарылқаушы адам — осы Ғұбайдолла ағасы. Сол шақта қаладағы аудандық прокурордың көмекшісі тұғын. Ал прокурор ат-тонын ала қашыпты. Тек көмекшісінің уәжіне амалсыз тоқталып, уақытша орналастыруға әрең келісімін берген сыңайлы. Онда да бір ай сынақ мерзімге. Сал сыбыс шықса жөнілді табысың. Муса мұның торкінін түсінді. Бөрі — ескіні көкसेп, қазақ батырларын малақтағанының салдары. Ағасы сол бойда бұл жөнінде тіс жарып, тіл қатқан жоқ-ты.

Күдік сейіліп, пікірлес серігіне айналғанда ғана ашылған сыр болатын.

Жұмысты игеріп кету қиынға соқпады. Сонда да өзіне тән жауапкершілігі жеткілікті-тұғын. Келген хатты сұрыптау, оны тікелей бастығы — прокурордың көмекшісінің нұсқауына орай жүйелеу, прокурордың тәртібіне сай орындаушысына табыстау, түрлі мекемелер мен жеке адамдарға жіберілетін хаттардың жүрісі хатшының ыждағатына байланысты. Осы міндеттерді мінсіз атқарып, берілген тапсырманы мүлтіксіз орындасаң төп-төуір жұмыс істейтін қызметкер саналасың.

Көп кешікпей сенімсіздік пердесі серпіліп, Муса мақтауға іліне бастады. Үлгілі қызметі жоғарыға мәлім боп округтік прокуратураның өтініштер бөлімінің хатшылығына тағайындалды. Бірер айдан соң аға хатшылыққа жоғарылатылды.

Облыстық прокурордың көмекшісі боп бекігенде, Мусаны қасына шақыртып, саясына алып жүрген де Ғұбайдолла ағасы. Өзі мінезі жұмсақ болғанмен, қызмет бабында тым қатал. Берілген тапсырманың мүлтіксіз орындалғанын қалайды. Қате жіберсең қайта орындатады. Әуелі төптіштеп түсіндіреді. Кейде ұсақ-түйек нәрсеңің үлкен онық жегізетінін айтып, аңғарымпаздыққа, заң қағидаларына қалтқысыз қарауға үйретеді.

Мусаға ықыласы бөлек. Қосымша жұмыстар берелі. Жоғарының нұсқауларын оқытып, заңдармен таныстырады. Жөнілдеу өтініштерді тексертеді. Тұжырымын тыңдап, дәлелдерін тыңғылықтайды. Заңға сәйкестігін тексереді. Муса үшін алғашында бөрі жаңа, түгелдей бейтаныс болғанмен бара-бара төселіп кетті. Бедел жинап, белсенділер қатарынан көрінді.

Жас жігіттің іскерлігі басшылардың назарын аудармай тұрмады. Әсіресе, облыстық прокурордың орынбасары әрі кәсіподақ ұйымының жетекшісі, кейіннен республика прокурорының орынбасарлығына жоғарылатылған Серікбаев сынды азамат. Ол жас кадрға шүбәсіз сеніп, бауырына тартып, баули бастаған-ды.

Қамқорлық Мусаға қанат бітірді. Ізденіп, ұмтыла түсті. Бұл бағаланбай қалған жоқ. Ұлы Қазан төңкерісінің 20 жылдық мерекесінде облыстағы құқық қорғаушы маркасқалардың қатарында аты



Шафхат БЕКМУХАМБЕТОВ
Қазактын тұңғыш прокуроры



Кенес Одагынын Батыры, Атырау
прокуратурасынын кызметкері болган
Муса БАЙМУҚАНОВ



Боран АЙТМАҒАМБЕТОВ (оң жақта) кызметтес жолдасы БОРТАЕВПЕН бірге



Прокуратура Ұлы Отан соғысы жылдарында.
Қ.ТҮРЕШОВ – сол жақтан, отырған екінші



Облыс прокуратура органдарының мәжілісіне қатысушылар. 1967 жылғы наурыз



Калкан ТӨРЕШОВ
1938-41 ж.



Бәйіт ТАПАЛОВ
1941-48 ж.



Ғубайдолла ЛУҚПАНОВ
1953-63 ж.



Таути НУРҒАЗИНОВ
1963-66 ж.



Толеген НАЗИРОВ
1966-72 ж.



Дода ДОСПОЛОВ
1972-75 ж.



Орынады БОРАНБАЕВ
1975-79 ж.



Иманғали СЕЙІТОВ
1979-88 ж.



Жармақан ТҮҮҚБАЕВ
1988-91 ж.



Қабдығали АХМЕТОВ
1991-94 ж.



Мағдан ЕСІМОВ
1994-96 ж.



Бақытбек ЕРҒАЛИЕВ
1996-99 ж.



Гурьев облыстық прокуратурасының бір топ қызметкерлері. 1968 ж.



Прокуратура ғимараты жанындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған алаңға ардагерлер келді



Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған аялда



Прокуратура органдарының ардагерлері (солдан оңға қарай) Абдолла Төлекбаев, Жаннат Сәбитова, Рысқали Балмұқанов, Ғайса Жапаров және Сәния Шағиева прокуратура ғимаратындағы қысқы бақта



Прокуратура ардагерлері мен прокуратура қызметкерлерінің кездесуінен кейін. 2000 жылғы қаңтар



Ардагер-заңгерлердің қатысуымен жас мамандардан ант қабылдау сәтінен кейін. 2000 жылғы шілде



Елбасы мен қазақ зиялылары Атырауда





ҚР бұрынғы Бас прокуроры, қазіргі ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы
Юрий Александрович ХИТРИН мен Атырау облысының бұрынғы әкімі, қазіргі
ҚР Премьер-министрі Иманғали Нұрғалиұлы ТАСМАҒАМБЕТОВ облыс активі алдында.
1999 жылғы мамыр айы

аталып, костюм киді. Мусаның төбесі көкке екі-ақ елі жетпеді. Сонда да “байшыл” деп жағылған жала жүрегін сыздататын. Ағаларының аялы алақаны жан жарасынан айықтырғандай еді. Олар Мусаны жой орындаушы емес, заңның сақталуын бақылаушы бола алады деп түйді. Ол үшін прокурорлық жұмысқа қоян-қолтық араласып, тәжірибе ұстарту қажет. Сол мақсатпен орталықтағы басшылардың қолдауымен облыстық прокуратураның штат кестесіне үйренуші-тергеуші лауазымын енгізіп, оған аға хатшы Баймұқановты лайықты деп тапты. Тәртіп бойынша кадрдың іскерлігін көрсетуі жеткіліксіз, оның тура жолдан таймайтынына кепілдемесі болуы керекті. Сол кезде Ғұбайдолла ағасы ойланбастан жазып қолына ұстатқан:

КЕПІЛДЕМЕ

Мен, 1902 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Бодан ауылдық кеңесінде туған, Гурьев облысы, Гурьев қаласында облыстық прокурордың көмекшісі болып жасайтын, 1927 жылдан ВКП/б/ мүшесі Ермешев Ғұбайдолла, Муса Баймұқановты прокуратура жұмысында белсенді және адал ниетті қызметкер ретінде білемін. М. Баймұқанов жолдасты құпия жұмысқа ұсынамын және ол саяси жағынан ұстамды болып, бүкіл прокурорлық құпияны сақтай алатынына кепілдік беремін.

/Атырау облыстық мұрағатынан/

Осы сарындас пікірді облыстық прокурордың екінші көмекшісі тайсойғандық Әубекіров Мәреш беріп еді-ау.

Тәжірибе ұстарту кезінде де Муса алғырлық көрсетті.

Сынақтан өтісімен қалалық прокуратураның халық тергеушілігіне тағайындалды. Еш алаңсыз жұмыс жасауға, ағаның сенім-аманатын ақтауға кіріскен. Айналасындағылардың бәрін тілеуін тілеп жүрген дос-жаранға сайды. Көре алмаушылық пен қызғаныш аяқтан шаларын ойлаған жоқ-ты.

Қалыптасқан тәртіпке орай тергеуші өріптестерімен социалистік жарысқа түскен. Қабылдаған міндеттемесінің жүгі ауыр шықты. Бірде бір істі негізсіз қозғап, нақты дәлелсіз қысқартуға жол жоқ. Сотқа жіберілгені сапасыз болып, кейін қайтарылмауы тиіс. Осындай талапты

орындай отырып, айына жеті істі аяқтауға, оның 80 процентін он күн ішінде тапсыруы тиіс. Негізгілерін өз бетімен меңгеріп, қылмыстың алдын алу мақсатымен жұртшылықпен кездесіп тұрмақ. Жергілікті газеттерге мақала жазып, радиодан сөйлеп, құқық бұзушылықпен күреске ат салысады.

Үде үдесінен шығу үшін тыным таппай жүруге тура келді.

Қуәлердің жауаптарын тиісті құжаттардағы деректермен салыстырып, олардың өзара байланыстары мен қайшылықтарын зерделеп, әрі заң тармақтарына сәйкес жүйелеу үшін ұзақ отырып мұршынан шанышылды.

Сараланатын істер әр қилы. Соған байланысты жасалатын түйін де әр алуан. Түйінін таба алмай, тапса да шешу жолын білмей жас тергеуші талай түйыққа тірелді де. Кейде қылмысы айлан анық болмағанмен, бұлтартпай мойындататын дерегі қолға түспей, күәсі ұстапмай сандалтады. Осындай жағдайға дүкенші Сладкованың қылмысын тергеу тұсында душар болғаны рас. Түскен арызда дүкеншінің бір бөшке күнбағыс майының ақшасын иемденіп кеткені көрсетіліпті. Баймұқанов тосын келіп мамандарға есептеулер жасатты. Қоймадан алғаны туралы құжаттармен сатылған тауарлардың саны мен құнын салыстыра тексерді. Бәрі дұрыс.

Айыптау қорытындысын шығару үшін берілетін мезгілде қылмыс ашылмаса іс жабылуы тиіс. Иә, қосымша күн сұрайсың. Осындай күн жақыилады. Күдіктен басқа қолда ештеңе жоқ. Тергеуші не істерге білмей дағдарды. Ақыры айыптауға дәлел болмаған себепті ақталатынын дүкеншіге мәлім қылды. Ертеіне қорытындысын тазалап көшіріп, бекітуге прокурорды күтіп отырған. Телефон шыр етті.

— Дүкенші Сладкова жасырған майын сатып жатыр...

“Арандату үшін шығар”. Муса сол сәтте осылай ойласа да өзі барып анықтауды жөн көрді. Жанашыр жалған айтпапты. Сауданың қызған кезіне дөп келді. Ұрлығының үстінен түскен тергеушіден жалтаруға дүкеншінің айланы болмай қалды. Бәрін мойындады. Түптей келгенде Сладкова ретін тауып майға толы бір бөшкені сенімді жерге түсіріп қойғаны анықталды. Кем өлшеп сатып

қымқырған майдың ақшасын толтырыпты. Босаған ыдыстарды біреу арқылы түгелдеп кейін тапсырған. Жүкті тиіп-түсірушімен сыбайласқан ол, тергеушіден тігісін білдірмей құтылған соң, олжаға шаш етектен батпақ үшін іске кірісіпті.

Жалғыз адамның жасаған қулығының түбіне жету үшін осыншама қиналамын деп Муса ойлаған жоқ-ты. Ал ұйымдасқан қылмысты ойлағаннан да артық қиналып ашты. Новолинейной балық зауытында қаржының жұмсалуды тексергенде Әлішев, Әбілқайыров деген басшылардың мемлекеттік байлықты талан-таражға салып жүз мыңдаған сомды меншіктегені байқалған соң, материал тергеу үшін қалалық прокуратураға жолданыпты. Оны қарап, қызметкерлердің қылмыстық жауапкершілігін көрсету Баймұқановқа жүктелді. Тергеуді ұйымдастыру жойын ол тәжірибелі ағаларымен ақылдасқан. Келелі кеңеске сүйене отырып, беделді комиссия құрды. Төрағалығына ірі маман әрі адал қызметкерді бекіткен-ді. Олар мезгілінен бұрын пайдаланудан шығарылған материалдық құндылықтарды анықтап, жұмсалған деп есептелген негізсіз шығындарды көрсетіп берген-ді. Бұл қылмысқа жауапты адамдардың өрқайсысының қатысы қандай екенін де дәлелдеді.

Бәрі орны-орнына қойылған. Қорытынды анықтамаға қол қойыстарда төраға зым-зия жоқ. Үйіне барса, жұмыста дейді. Бейуақыт мазалағанға абыржып қобалжымайды да. Шикілік сезілді. Демек ол жауапкершіліктен қорқып, қарасын батырған. Енді комиссия төрағасын іздеп шала бүлінді. Зайыбы қайда екенін білмеймін деуден жазбайды.

Тығылудың торкінін түптегенде тағы бір қылмыстың тобесі көрінді. Зауыт басшылары дүниеқоңыздығынан абыройдан айырылыпты. Ұйымдасқан топ ескірген моторлы қайығын зауытқа айырбастапты. Араға пара жүтірген. Содан кейін қоқан-лоқымен негізгі қордағы әр түрлі жабдықтар мен қайықтарды т.б есептен шығартып, иесін өзгерттірген. Қылмысы ашылып, зауыт басшылары сотталса, дүниенің кімге кеткені айтылмай қалмайды. Яғни, ұрыларға тықыр таянды деген сөз. Құтылу үшін комиссия бұрынғы құжаттарды растауы тиіс. Басқаша болса, тірі жүруің екі талай. Жан керек

болса – тығылмай көр. Төраға бас сауғалаған болып шықты.

Ұрының арты қуыс. Халық айтса, қалып айтпайдының кері келгені осы дерсің. Қуыстанған қылмыскердің қылмысты ашуға кейде өзі мұрындық болатынын тергеушінің тіршілігінде Муса талай байқалы.

Құл-қоқыстан құндақталған баланың денесі табылды. Түпшіктырылған күйінде тастап кетіпті. Істі жүргізу Баймұқановқа тапсырылды. Бейкүнә сөбиің өмірін үзген адам бейнесіндегі айуандарды таппай бәрі де өуре-сарсаң. Үміт үзілген тұста Жұбай атты өйелден арыз түсті. Әуелбай деген жана туған баласын өлтіргіпті. Бұндай айуандық өмірде кездеспей тұрмайды. Сондықтан Муса оқиғаны ашырмай жүрген қылмыспен байланысты деп ойламады. Жігіт ұсталды да жауаптала бастады. Ол манайына жолатар емес. Әйелді ешқашан қорған емес, танымайды. Тіпті жеңіл жүріске салынатындай бойдақ та емес. Бала-шағасы бар, отбасының иесі. Талапкермен беттестірейін десе, көрсеткен мекен-жайда Жұбай аттас ешкім жоқ. Оңай есімді көрі қыз тұрады. Көлденең жүрісі байқалмайды. Күдіктену – орынсыз. Оның босанғаны жөнінде дәрігерлік дерек жоқ. Демек домалақ арыз жазылған. Тергеу тығырыққа тірелді.

Муса істі қысқартпаққа *ыңғайланды*. Қарсы уәж болмасына сенімді. Әйтсе де, неге екені белгісіз, қорытынды жазуды ыждағаттамады. Жігітпен өңгімелескісі келді. Ол бағы сөзінен жаңылар емес. Осы қылығы Мусаға сезік туғызды. Ойына прокуратураға шақырудың мән-жайын айтпай жатып, неге сүттен ақ, судан таза болып шыға келді деген сұрақ көлденеңдей берді. Реті түбі сауал қойыларын біліп, жауабын сайлап жүрген қу болмасын. Әрине, күдік өз алдына. Тергеуші шүбәлана алады, бірақ дәлелсіз кіно тағута қақысы жоқ. *Онаша қалғанда тағы ойлаған*. Үйіне барғанда өйелдің қобалжыған кейіпшен қарсы алғаны есіне түсті. Жігіттің аты аталып, түсі түстелген. Әйелдің есімі шатастырылғанмен, мекен-жайы анық. Еңдеше арада байланыс бар. Одан айналасындағылар бейхабар. Кішкентай бала: “Бір ағаның үйден шыққанын көрдім” деген. Ол куәлікке алынбасы хақ. Тергеуші қыздың үйіне бақылау қойды. Сол күні алаяқ торға ілікті.

Жігіт пен қыз көптен ашына екен. Ойнақтап жүргенде қыз жүкті болып қалыпты. Айы-күні толып, босанар күн жақындағанда екеуі зұлымдық келісім жасапты. Бала — аяққа түскен шырмау. Жымын білдірмей құтылған пайдалы. Содан кейін жігіт әйелімен айырылысады да қызға үйленеді.

Беттестірілгенде екеуі бір-біріне дүрсе қоя бермесі бар ма:

— Сен, қарабет, әйел ғып алам деп, баламды өлтірдің!

— Жүзі қара болмасаң кеуденнен жарып шыққан шаранаға қол көтертер ме едің?

— Әуелі қосылып алайық. Бала белде емес пе, үлгереміз деп, бой бермеген сен ғой.

— Үнін өшірген соң алыстағы күл-қоқысқа апарып тастайық деген кім?

“Әйелімді тастап үйленемін” деп ант-су ішкен жігіттің жауыздық жоспарына қыз амалсыз келісіпті. Артынан қарасын көрсетпей кеткен жігітті қорқыту мақсатымен арыз жазылған сыңайлы. Алданған әйел өшкереленбеуді көздеп атын өзгертсе керек.

Бір сұрқия зұлымдық осылай ашылған-ды.

Жас тергеуші істі түптеп тексеріп, әділ жаза кесу үшін қылмыскерлерді сотқа жіберіп отырды. Тауарды артық бағамен сатып, мыңдаған сомды қалтасына басқан жымьсы жылпос, асханаға жіберілген азық-түлікті өңешінен өткізген аспаз, қоймадағы заттарды оңды-солды шашқан шаруашылық меңгерушісі, өлі жан-дарды тізімдеп қазына ақшасын жымқырған көссір, тағысын тағылар. Ондаған вагон балықты шіріткен жампоздардың былығын ашу үшін жиырма күндей Астраханда болып қайтты.

Жұмысының нәтижесіне әріптестері де, басшылары да риза болып сүйсінген. Жедел кенестерде, болмаса жоғарыға берген хабарламада халық тергеушісінің есімі мадақтала бастаған-ды.

Қазақ КСР прокурорының аға көмекшісі Каримов жолдасқа.

М. Баймұқанов 1939 жылдың ішкі істерінен қалалық прокуратураның тергеушісі болып жұмыс жасайды. Облыстық прокуратураның хатшылығынан келген ол осы уақыттың ішінде озаттардың қатарына қосылды. Тіркелген анықтамада көрсетіл-

гендей Баймұқанов тоқсан ішінде 20 айыптау қорытындысын тапсырды. Ал бақсайлық Ыбыраимов пен новобогаттық Балжігітов төрт- бес істен тәмамдады.

*Тергеу бөлімінің бастығы,
Гурьев облысы прокурорының
көмекшісі Хасаев.*

Бұл — 1940 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысымен берілген ақпарат.

Іші тарлар аз ба? Олар қызғаныштан, қызғаныш емес-ау, көре алмаушылықтан көңіліне қара шабады. Өздері оңдырмай жүрсе де өзгенің озғанына қаны қатады. Шаужайдан қақпалап, алға басқан қадамыңды кері кетіруге ұмтылады. Сондайлардың тілегі қабыл боп, дүшпанға таба бола жаздағаны бар. Сауықшылығынан тапқан пайдасы.

Қатар құрбыларының үйіне кезек жиналып көңіл көтеруді әдетке айналдырған-ды. Жексенбі күнгі қыдырыста отырыңқырап қалыпты. Қартаның сиқырына арбалудан емес, себенші Муса. Мадақтау масайратты ма, әлде өнеріне қоша-мет желпіндірді ме тентек суды сілтеңкіреп алды. Өлең-қиссаның тығыны ағытылды. Қайтып келе жатып тамағы кеберсіген соң жолдағы бір үйдің есігін қағып су сұраған. Сол бәле боп жабысты. Әлгі үйдің иесі мал ұрлап сатқаны үшін Баймұқановтың қорытындысы бойынша сотталған екен. Муса кетісімен әйелін милицияға жүгіртіпті. Ол акт жасақтаған. “Мас адам келіп, әйелді зорламақ болған, прокурор Баймұқановтың, көнбесең қаматамын”, — деп қорқытқан.

Акт жалғанған арыз бірден облыстық прокуратураға түсіпті.

Енді тергеуші тергеуге алынып іс қозғалды. Бұлтарар емес. Қызғындау болғаны көміл. Су сұрап ішкені де рас. Басқасы жала. Бірақ қалай ақталмақ? Айғағы — ақтығы, куәсі жоқ. Тек милицияның көрмей акт жасағаны тіпте тиек қана. Әйел есік ашқанда ақсақал отырғанын байқаған. Ондай адам бұл үйде тұрмайтын болып шықты. Масаң кісінің сөзіне кім сенер. Енді қайтпек?! “Суға кеткен тал қармайды”. Көрияны іздеуден бөтен шара жоқ. Табылғанда да үй иелерінің сөзін қуаттамасына кім кепіл. Онда су түбіне кеттім дей бер. Ақ-қарасын айыру үшін жұмыстанатын тергеушінің түрі көрінбейді. Сондықтан нар төуекелге

бел байлап, іздеуге өзі шықты. Абырой болғанда көршісі анық мәлімет берді. Тайсойғаниан келіп тұратын жамағайыны. Шақыртты. Жүздестіргенде ақсақал ардан аттамады. Әділін айтты. Муса қатан ескертумен өрең құтылды. Көп кешікпей прокурор Малюков қақпан құра бастады. Ақиқаты керек, әуеліде екеуі бір-бірін жақсы түсінісетін. Баймұқановтың ісі оңға басып, марапаттала бастағаннан-ақ көз қырына ала бастады. Сыныққа сылтау іздеп, орынды-орынсыз ұрына беретінді шығарды.

Араларынан қара мысықтың өтін кеткенін Муса кешендеу сезді. Онда да бәз қалпымен жүре берер ме еді, қайтер еді, егер Мақаттан жеделхат келмесе. Кіші қызы қатты науқастанып қалулы. Бұрын да бірер собни кенеттен шетінеп, зөрезап болған әке перзентіне жету үшін, екі-үш күн пұрсат сұраған, бастық келіспей қойды. Кезекті демалысына да қалдырмады. “Әр нәрсені сылтауратып, жұмыс жасамайсыңдар” деп сөкті. Тергеушісінің айтқан уәжіне сенбей, өндірісіндегі істерді тексертті. Жабысар ілік таба алмаған соң, іссапарға жіберіп, меселін біржола қайтарып тастады.

Арадағы қыжыл өспесе өшпеді. Кез келген нәрсе үшін кикілжің туатын. Болмашыны бадырайтып, түймедейді түйедей қылып, жоғарыға ғайбаттай беруге машықтанып алды. Бір баяндау хатта Баймұқанов сапаға қарамай санын өсіргеннен мақтау алып жүр деп қаралапты. “Бір айда жиырмаға тарта істі аяқтау мүмкін емес. Рас десек, кейбір қылмысты бірер сағатта ашқан болып шығалды. Бұл – сан қуалаудың салдары”.

Мәссаған безгелдек! Күні-түні сабылып жүріп, сарыла отыратынын үлгі еткені қайда. Ай сайынғы тексерістің қорытындысымен жеңімпаз атанғаны мәлім. Комиссия мүшелері ылғи керсоқыр емес қой.

Ал мына бұйрық ше!

*Гурьев облыстық прокуратурасының басқармасы бойынша бұйрық
1940 жылғы сәуірдің 24 жұлдызы*

Қалалық прокуратураның жас халық тергеушісі ж. Баймұқанов Муса аз уақыттың ішінде өз ісінің техникасын жақсы меңгерді. Жұмыс үстінде еңбекті ұйым-

дастырудың социалистік нышанын пайдалана отырып, тамаша өндірістік көрсеткіштерге қолы жетті. Бұл оны облыс тергеушілерінің арасында бірінші орынға шығарды. Халықаралық I Мамыр мерекесі қарсаңында Баймұқановтың жетістіктерін көрсете келіп бұйырамын:

*Муса Баймұқановқа алыс жариялансын.
Облыс прокурорының
орынбасары Серікбаев.*

“Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ” деген осындайдан қалған-ау. Сірө, жас та жігерлі, қабілетті де алымды қызметкер бәсекелесі бола ма деп қауіптенетін сынайлы.

Бір күні тағы соқтықты. Бұл жолы ашық кетті.

Әдеттегідей куәлерден жауап алып, түсініктемелерін жаздырып отырған. Малюков шақырды. Барса алдыңғы күні өзіне жолыққан өйел келінті. Есік ашық. Дәлізде келушілер жүр. Бұл өй-шайға қарамай дүрсе қоя берді.

– Баймұқанов, прокурордың құқына қол сұғуды қашан доғарасың, осы...

– Түсінбедім.

– Мүләйімсуін. Айтшы көні, келушілерге түсінік беру тергеушінің міндетіне жата ма?

– Әрине, жатпайды.

– Ендеше мына кісіге құжаттарды жасақтаудың мәнісін неге тәптіштеп бердіңіз?

– Өзіңіз пленумда болдыңыз. Орынбасарыңыз бен комекшіңіз сотқа кетті.

Өтінген соң біткенімді айтқаным рас. Сіздерге жүгінген дұрыс екенін ескерткенмін.

– Болмайтын жерге басыңды тықпа. Айдағып жіберермін!

Тұсқайта басыңдан тағы да пәрмен келді. Есікті ашса жауар бұлптай түнерген қалпы. Аузынан ақ ит кіріп, көк ит шықты.

– Сен доракқа кашанғы айтамын?..

– Қай тапсырмаңыз орындалмай жатыр. Асылы, адамның арына тимеген абзал.

– Бақылау өндірісі тігулі тұрсын. Түсіндің бе? Миғұла... Свольши.

Заржақ қылдыңдар, түге... Сендердің кесіріңнен отчет бітпей жатыр.

– Менің қағаздарым тапсырулы.

Прокурор нәпкілердің ортасынан “Тергеуші Баймұқанов” деген жазуы бар

іс қағазын қолына алып парактап көрді. Ұрынатын ештеңе таба алмаған соң, орнына қайта сүңгітті. Іле тақырыпты өзгерте қойып, зіркілдей жөнелді:

— Отчетты жасатасың ба, жоқ па? Неге ай-айға бөліп қоймағаның, Тақта бөрің, бітір жылдам.

Тағылған кінә Мусаның шымбайына қатты батты. Әрі айлық есептемелерді жасап, тиісті орындарға жөнелту тергеушінің міндеті емес-ті. Хатшының төл ісі-тұғын. Басшының көрінеу көзге жөбірлеп тұрғанына ызаланса да сыр бермеуге тырысты.

— Хатшыңыз үлгермей жатқан шығар.

— Сенен үлгермей жатқан кім? — деп сұраған жоқпын. Төртіпті орындауды біт.

— Әркім “өзі илейтін терісінің пұшпағын білсін” деген ғой.

— Көрсетермін пұшпақты. Тақта деген соң жұмысты тақта. Бөлменді жап. Адамдарды айдап шық.

— Мынауыңыз асыра сілтеудің қай жағы? Өзіңіздің шұғыл тапсырмаңызбен отырмын. Хатшыңыздан талап етіңіз.

Муса басшының кабинетінен түңіліп шыққан Бір кеңседе жұмыс жасауға мүмкіндік қалмағанын түсінді. Әйтсе де қысастық қорқаулыққа ұласады деп әсте ойламаған.

Прокурор болса зымияндық айла-шарғысымен шырмай берді.

“Баймұқанов менмен, мадақтаудан дандайсып, мастанып біткен. Берілген тапсырмаға жүрдім-бардым қарайды”.

Облыстық, республикалық прокуратураға осы мазмұндас хаттар жөнелді. Кеңес, партия кеңселері де домалақ арыз, ауызша қаралаудан кенде болған жоқ.

Істің насырға шапқанын ақылшы ағалары мен тілектес әріптестері Мусаға қайта-қайта ескерткен. Бірақ адал адам жаладан жөбір көреді дегенге сенбеді. Күдіктенсе де сескенбеген. Ісіне мығым, жұмысы таза болғасын қапыда қаламын деп қысылмаған-ды. Ежелден келе жатқан ақиқат: “Ақ иіліп, сынбайды”. Сонда да дос-жаранның итермелеуімен жағдайды жоғары басшыларға, қоғамдық ұйымдарға баян қылған. Бірақ өте кеш қимылдады. Залымдар айланып асырып, алдын орап тастаған-ды.

Жаңа тергеуші келгеннен кейін ушыққан кесел жазылмай, дау-дамай өрши түсті. Ол өзі мақтауды ұнататын, жанын-

дағыларды жамандауды жаны сүйетін, бастыққа жағынуға үйір біреу болып шықты. Малоковпен бірден табысты. Іскер де, білгіш те қызметкер саналды.

Тергеуші болса Мусаның жұмыс бөлмесіне жиі келетінді шығарды. Сырласқан боп сыр тартады. Тұрмыстың таршылығына налыған болады. Тарыққан көңілді жұбатар жолын сұрайды. “Бірге қыдырып, көңіл көтерейік”, — деп қолқалай да бастады.

Екеуіне ұйымдасқан қылмысты тергеу тапсырылған-ды. Бірде: “Қылмыстық іс-қағаздағы” кейбір құжаттарды жоқ қылып жіберейік” демесі бар ма?

— Бастық үшеуіміз ғана білетін боламыз. Аз ақы алмайсың.

Муса ат-тонын ала қашты. Әжептәуір ұрысты да. Анау ақыры “ойнап едім” деп кұтылды. Ақкөңіл жігіт бөрің де естен шығарған. Ал, арам ниетті арамза ұрымтал сәтті күтулі-тұғын. Сенбі күні ол сүліктей жабысты. Туған күні құрметіне көңілдес жігіттерінің басын қоспақ. Жұмыстастарынан — жалғыз Муса. Қайта-қайта келіп, қыр соңынан қалмаған соң бара салған-ды. Қояр да қоймай бірер алдырып жіберді. Қолпастан жатыр. Басқалары ұмыт қалып, мұны мақтай береді. Жабысып ән айтқызды. Әріберіден соң қонақтың біреуі қызынқырап қалды. Екіншісі рұқсат сұрады. Муса да демалғанды көңілдері хош көрді.

Іңір қараңғысы. Адам аяғы сиреген. Көшенің шамы жоқ, күңгірт. Асыға басқан Муса бұрыштан жүгіріп шыққан әйелмен соқтығысуға шақ қалды. Әйелдің түрі адам шошырлық. Үсті-басы алқа-салқа. Шашы қобыраған, аяғына бірдеңені іле салыпты. Қатты қорыққан сыңайы бар. Тани кетті. Әлгі жаңа тергеушіге келе беретін келіншек.

— Ойбай, құтқар... Сіз екенсіз ғой, құтқара көріңіз.

— Жайшылық па, не болды?

— Сойқанды салып жатыр. Ендігі жарып тастаған шығар.

— Кім ол, кімді жаралы?

— Ешкім емес, ағам ғой. Удай мас. Арақ бермесен бауыздаймын деп, әкешемнің әнкі-тәнкісін шығаруда. Тез барайық. Арашашы бол, көкешім...

Муса сілтеген үйіне жүгіріп жетті. Жақындай бере әйел тағы зарлады.

– Мінезі қиқар. Сойып тастайды. Бірден нағанынды көрсетіп, пышағын ал, сосын қолында ғой.

Муса есікті жүлкі тартып ашты да нағанын кезенген күйі өктем дауыспен бұйырды:

– Таста пышақты... Шық былай...

Үйдегі кемпір-шал біреуі картоп, біреуі жуа турап стол басында отыр екен.

Пышақтарын тастай-тастай ұшып тұрды.

Сайқал қатынның сасық қулығына шырмалып, сақалды қолдан бергенін түсінген Муса әйелді шапалақпен тартып жіберді де үйден атып шықты.

Дүйсенбіде Малюков кабинетіне шақырды. Жанында тергеуші отыр.

Прокурор алдында жатқан қағазды беріп:

– Оқы – деді.

Әйелден түскен арыз. Оның баяндауынша Муса мүсәпір кемпір-шал мен жесір қатынды арақ ішіп келіп жәбірлеген. Мезгілсіз уақытта терезе қаққан. Бейтаныс адамнан сескеніп, есік ашпаса: “Мен тергеушімін. Есігінді аш, өйтпесе қаматамын” деп қорқытқан. Үйге кіргеннен кейін арақ сұраған. Бермесе ататынын білдіріп, қару көрсеткен. Әйелді ұрып жіберген. Кетіп қалып қайта келген. Келіншекпен оңаша қалуға әрекет жасаған. Әйел атынан жазылған арызға кемпір-шал растап қол қойыпты. Артында олардан жауап алған тергеушінің хаттамасы тіркеліпті.

– Не дейсің? Осыдан кейін органда жұмыс жасауға қақың бар ма?

Прокурор зілденіп сұрақ қойды.

– Жала жабу үшін жазылған. Аққарасын тексеру керек.

– Хаттамамен таныстың. Бәрі анықталған. Өзің айтшы, қай жері қате? Арақ іштің ғой?

– Иә. Әріптесі туған күнінің дастарханында болғанын қыстырып жіберді.

– Әйелдің үйіне бардың ба? – Муса күптап басын изеді.

– Қару кезенгенің рас па? Әйелді ұрғаныңды мойындайсың ба? Сөз жоқ.

Басқа қандай дәлел керек. Қысқасы, Сізді жұмыста қалдыра алмаймын. Жоғарыдағылар да қолдап отыр.

Муса әділетсіздік екенін айтып, ақталғысы келді. Малоковқа көзі түсіп еді.

Анау безеріп қалған екен. Тергеуші болса жымысқылана жымып отыр. Енді ештене өнбесін түсінген Муса: “Ақтың отын ақымақ сөндіре алмайды” деді де шығып кетті.

Біrer күннен кейін бұйрық қолына тиілі.

Гурьев облыстық прокуратурасының басқармасы бойынша

БҮЙРЫҚ № 65

Гурьев қаласы, Қазақ КСР-і, 1941 жылғы 6 мамыр

Гурьев қалалық прокуратурасының тергеушісі Баймұқанов Мусаны атқарып жүрген жұмысында бұдан әрі қалдыру мүмкін болмағандықтан осы күннен прокуратура органдарынан шығарылсын.

§ 2

Гурьев қалалық прокуратурасының тергеушісі болып Өтеев Базарғали тағайындалсын.

*Облыстық прокурор Таналов.
(Атырау облыстық мұрағатынан)*

Мүмкін болмағандықтан... мына заман арамзалардың айласын асыруы мүмкін болатын заманға айналғаны ма, тегі? Жанын жегідей жеген бұл сұраққа Муса жауап алған жоқ-ты.

ЖАҒАЛАСТА

*Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін.
Батыр болсаң, жауыңа найзаң тисін.
Елге пайдаң тимесе,
Батыр болып жауға найзаң тимесе
Елден бөтен үйің күйсін.*

Әйтеке би

Қарақтарым Айман, Шолпан, Зейнеп, әке-шешемізге және басқа ағайын-тумаларға мен Мусадан сағынышты сәлем. Мен де өзiрге есен-саумын.

Майданнан жазылған хаттан

Аспанмен астасқан бұрғылау мұнарасының оң қанатынан шығатын моторлар гүрілі тынық ауаны қақ жарып, жапанды жаңғыртып тұр. Бейне осында дамылсыз еңбек, тынымсыз тіршілік бар деп дабыл қаққандай.

Мұндағылар қарбалас үстінде. Барлық қаракет: тетіктердің қосылуы мен адамның қимылы бұрғышының қол сілтеуімен берген белгісіне бағынған. Жанындағы тежегішті қосып-айырып жұмысты басқарып тұрған Муса. Ол Сағыз көсіпшілігіне келіп бұрғышылыққа орналасқан-ды.

Берілген “Әмір” бойынша ротор көз ілеспес шапшаңдықпен зырыл қағып тұр. Оның тегеуірінді күшімен қозғалған ұңғы жер қыртысын қопарып жатыр. Тізбектей жіберген түтіктер соңынан ілесіп, тұңғыық тереңге сүңгіп барады. Бір құралды аспанға шығарып, бірін жерге түсіріп жоғары-төмен зырлаған жылжымалы блоктар да жұлдызша ағады.

Осылай еңбек қызығына бөленген Муса мұнара жанына келген кәсіпшілік басшыларын байқамады. Төменнен қонырау соғылып жұмыс тоқтағанда ғана аңғарды. Олар төмен түсуге ишарат жасады. Бәрі төтенше жөй болғанын сезгендей тез жиналды. Сөз бастаған директордың дауысы дірілдеп шықты:

– Бауырлар, ел басына күн туды. Соғыс басталды. Неміс фашистері тұтқиылдан шабуыл жасапты. Шекарамыздан баса-көктеп өтіп, біраз жерімізді басып алыпты.

Гитлер мен оның сыбайластарына деген ыза-кек кемерінен асқан. Жігіттердің алды әскери комиссариатта жүр. Майданға аттанбақ. Мұнай өндіру де қан майданнан кем емес. Бұл соғыста жанар-жағар майдың ролі зор.

Бұрғышылар жаумен бетпе-бет айқасқа құлшынды. Тылда қалатын болса, бұрғылауды еселеп арттырамыз деп сөз байласты.

Муса міндетті жұмысын тапсырған бойда Доссорға жану тартты. Келе соғысқа сұранып, еріктілер сапына қосылды. Солардың алдыңғы легімен Гурьевке аттанды.

Мақаттағы отбасымен қоштасуға сұранбады. “Бала-шағам” десе жалтарғанға саятындай көрінді. Өрі жаумен жағаласу ұзаққа созылатынына сенбеген. Тіпті қаперіне кіріп те шықпаған. Немістерді екі-үш айда жайратып, елге оралатынына шүбәсі жоқ-ты.

Қалада да, далада да бір сөз: “Қызыл Армия- жеңімпаз. Сталин дана бастаған, Клим батыр қостаған ерлердің алмайтын қамалы жоқ. Фашистердің күлі көкке ұшады”.

Мусаға бір кезек немістермен айқасуға үлгермейтіндей көрінді. Бажасы сияқты әскери қызметте жүргендер жаудың бетін қайтарып тастайды да абыройға бөленеді. Бұлардікі – күр әбігер.

Осы ойын қалада кездескен журналист танысымен бөліскен-ді. Анау жатты да жабысты. Радиодан сөз сөйлеуге шақырды. Муса бетіне шіркеу болған жөйттан хабарлар еткен. Қаламгер ағайын өрши түсті. “Қанды майдан – ерге сын. Ер азамат екенінді мына ұмтылысыңның өзі айғақтайды. Қайта кімнің кім екенін досың да, дұшпаның да біліп жүрсін” деп қайрады.

Ақылман жолдасының пікіріне Мусаның келіспеске амалы болмады. Көкейкесті ойын айтып берді:

– Ел шетіне жау келіп, ердің ерлігі сыналар сағатта бойында намысы бар азамат шыдар ма? Кеудемді кернеген

намыс “Майданға аттан!” – деп тұр. Оқ пен оттың ортасына түсу – ер жігітке үлкен сын. Бұл ғаламат қантөгіске ердің ері шыдайды.

Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығарға,
Қас түлектен туған қатепті
Қара нар керек біздің бұл іске.
Қабырғасын қаусатып,
Бір-біріндеп сөксе де,
Қабағын шытпас ер керек,
Біздің бүйткен бұл іске,

– деп Махамбет бабамыз атойлаған жоқ па? Ендеше қас түлектей түйіліп, нық ұстасып бірігіп, барлық күш- жігерді майдан үшін, жауды жеңу үшін жұмсайық.

Азаматы жағдайынан отбасы бейхабар еді. Жұмыстан кешеуілдеуін басқаша жорыды. Жұмысшы күші жетіспей, екінші ауысымға қалғанға жорамалдалы. Әрқайсысы өз күйбеңімен жүрген. Кешкісін аптығып жеткен Зейнептің хабары жөй соққандай тиіп, үй-іші ошарылып қалды. Доссордан келген жігіт жездесінің хабарын жеткізген екен. Іле-шала радиодан сөзін естіпті. Бірер күнде соғысқа аттанбақшы.

Үй-іші аяқ астынан өбігерге түсті де қалды. Апы кіріп, күпі шығып, жолаушының жолына қажетті түйіншектерді даярлай берді. Зейнеп болса көйлек-көншектерін жуып, үтіктеп, орамал-сабындарын жұптап әлек. Жаңыл шеше қап түбінде қалған тарыны көрші-өйелге қуыртып алды да ақтасын деп шалына келі мен келсапты ұстатты. Қыста тұзда пісіп, сүрленген өркеш майдың бір білемін пісіріп қойды. Екінші білемін үй жағалап жүріп, кепкен ірімшікке айырбастап әкелді. Жаздай дайындаған түйенің құртына қосып дорбаға салды. Абысын-ағайындары берген сарсу, ежегейлер бөлек түйіншектелді. Құлашасына таба нан мен бауырсақ дайындатты. Әкесі шебер етікшіге тіктіріп алған етігін шығарып, жылқының майымен жылқытып майлады.

Бұлар екі қапшықты компайтқан еді. Муса күткен күні жүрмей қалды. Қызыл вагонмен майданға аттанғандардың ішінде талай таныстар кездесті. Олармен қимай қоштасып, дәмдерін ұсынып жатыр. Қапшықтар ортайып-ақ қалды. Жаңыл шеше ғана тары мен күрт салған дорбасына жолатар емес. Бір сөт Зейнептің көзі күйеуінің әріптесі болған жігітке түсті.

Ол өлгі қысастық қылған тергеуші-тұғын. Әйел қапшығынан таба нан алып ұсынған. Анау көрмегендей кейіп білдіріп, бұрылып жүре берді. “Әй” дегенде қайырылмады. Атын білмейді. Ал сатқындықпен Мусасын аяқтан шалғанын естіген де, білген де жоқ-ты.

Білсе ше?

Ана жүрегі ақ тілеуден айнымас-ты. Ғарасат майданына сапар шеккен жігіттің кім алдынан ақ күн тілемес!

Ертеңіне тағы артынып-тартынып вокзалға қарай шұбырды. Әйтеуір жолығысып қалды. Бәрінен де Жаңыл шешесі айрылар емес.

– Мусажаным. Ақ сүтін беріп, әлділеген анандай бола алдым ба, білмеймін. Бауырымнан шыққан баламнан кем көргенім жоқ.

– О не дегенің, апа! Бөтен мінез көрсеткен жерім болды ма?

– Көңіліңе келмесін, балам. Ажал аузына бара жатқан соң, не айтарымды білмей алжасқаным ғой.

Көз жасы ағыл-тегіл. Муса анасын бауырына басты.

– Апа-ау, осынша егілгеніңіз қалай? Барсақелмеске емес, жауды қайыруға барамын ғой.

– Оқ пен оттың ортасы...

– Уайым жеп, қайғыға беріле бермеңіз. Майданға жеткенше соғыс та бітіп қалар. Жаумен жағаласуға үлгере алмаймын-ау деген қауіп бар?

– Кейуана енді қапшығына жармасты. Атын атап, түсін түстеп жатыр.

– Мынау өзіміздің түйенің сүтінен жасалған күрт, салып ал. Батырлардың жортуыл-жорықтарда, айлап жүріп ат сабылтқан шақтарында, жылқышының қысқы қостарында қорек қылған тағамы бұл.

– Соңша өбігерленгенің не, жауынгерін Қызыл Армия аш-жалаңаш қоймайды.

– Ана сүтінен киелі, ана сүтінен қасиетті ештеңе жоқ дүниеде. Күрт болса мал-ананың сүтінен. Тарықсаң талшық етерсің. Елің есіңе түскенде дәмін алып, еңсеңді көтерерсің. Қолдаушың ана аруағы, оқ қағарың ана сүтінің киесі болар.

– Апажан, аңғал балаңның аңғармай айтқанын көңіліңе ауыр алма. Сенің ақ тілеуің ғой періште болып, мені пәле-жәледен сақтап жүрген.

— Жаратқан алла, жар бола көр. Ананың ақ сүтінің киесі қорған болсын. Ата-баба өруағы қолдасын.

— Әумин!

— Айтқаныңыз келсін.

Муса Жаңыл шешесінің құшағынан өрең босанды.

Әкесіне бұрылған. Қимастық көңілмен, елжіреп тұрған сыңайлытуғын. Лезде қатулана қалды. Ата сезімінің құбылысын тез аңғарған ұл да ширап, тіл қатты:

— Әке, ер Махамбеттің мына сөзі жадыңызда:

Ел шетіне жау келсе,

Азамат ердің баласы.

Намысына шыдай ма?

Бұл бабалардың өсиетіндей боп көкірегімде жатталған сөз.

Ойран болған жерімнің, от-жалынға оранған Отанымның кегін кектеуге аттанбасам, ұл боп неге жаралдым? Батаңызды беріңіз.

Баймұқан қолын жайды:

— Жорытқанда жолың болсын.

Қыдыр ата жолдасың болсын,

Бабамыз Көктаубайдың аруағы жebesін,

Бәтуалы Бөкен бидің рухы демесін,

Талқаны шығыш немістің

Биік қыл баламның мәртебесін!

Жиналған жұрт “Әумин” десіп, беттерін сипады.

Ерлі-зайыптылар оқшаудана берді. Айманы мен Шолпаны оу бастан әкесінің нығына асылып алған-ды.

— Зейнеп, мені ойлап уайымдай берме. Барғанымнан келгенім жылдам болар. Екі қарлығашым, әке-шешем саған аманат.

— Ал мені кімге тапсырдың?

— Сүйіскен жүректердің сағынышы қуат беріп, пәк сезіміміздің шуағы жылытады.

— Ішкі сырларын көздерімен ұғысқан жүректердің айырылысар сәті туды. “Вагонға отырындар, поезд жүреді”, — деген өмір естілді.

— Көріскенше, сүйенішім-тірегім. Хат жазып тұр.

— Қуанышпен, кездескенше...

Орнынан баяу қозғалған отарба бірте-бірте қарқын алып, арқаға қарай жүйіткі жөнелді.

Бәрі де ақырғы жүздесуіміз деп ойламады. Қауышар күннің алыстай беріп, үкілі үміттің үзілерін сезбеді де. Жаумен жағалас қатайып, соғыс ызғары күшейгенде барып күдік кірді.

* * *

Майданнан келген хаттар ғана жанға демеу, көңілге медеу. Әзірге сирек болса да келіп тұр. Бірақ Муса өзі туралы жазуға сараң. Көбіне бұлардың жағдайына орала береді. Тиіп-қашып жазғандарынан кейбір мағлұмат аласың. Бірінде Ленинградты қорғаушылардың қатарында жүргенін жазса, келесі хатында партия мүшелігіне өткенін хабарлайды. “Біз жеңеміз!” деген жігерлі сөзінен таңбайды. Екі рет жараланып майдан даласынан қансырап шыққаны жөнінде де ләммим деген жоқ. “Онсыз да жаралы жүректерді жарақаттамайын” — деген ақ пейілдің айқын көрінісі осы болар.

Шуя қаласынан хат келгенде үйдегілердің зоресі зор түбіне кетті. Жау құрсауындағы Ленинград түбінен емес аты беймәлім қаладан хат келуі тегін емес, деп үрейленген. Әйтеуір дені-қары сау, аман есен жүр екен. Пулеметшілер курсына оқып жатқанын, командир болып шығатынын хабарлапты. Отбасын, сүйікті қыздарын ойлай беретін сыңайлы. Аз да болса демеу болсын деген ниетпен 1400 сом аударғанын, аудандағы әскери комиссариаттан айына 700 сом жәрдемақы алатын етіп аттестат жібергенін баяндапты. Зейнептің хатындағы сағынышты сөздер жүрегін тебіrentсе керек. “Көңілім өте бұзылып кетті. Қалай етейін, амал жоқ. Аз ғана шыда. Амандық болса, соғыс та бітіп қалар” деп жұбату айтқан. Бірге өскен құрбы-құрдастарын атап-атап сұрап, сәлем жолдапты. Елді аңсағанның өсері болар, балық, сүр ет салып жіберуді өтініпті.

Майдангер отбасының тіршілігінде де тың өзгеріс бар. Баршасы ертеден қара кешке дейін күйбендейді де жүреді. Үй қожасы баласы аттанған соң-ақ, малдың қалдық өнімдерін жинап, ұқсататын кеңсеге жұмысқа кірген. Кесімлі жалақы бір кісіге төленеді демесеңіз, осы мекеме үшін тер төгетіндер бұл үйде үшеу: кемпірі, жапырық інген және өзі.

Баймұқан сарала таңнан тұрады да түйесін суарады. Кемпірі түйе сауып, дастарханын дайындағанша, ұсақ-түйек жұмыстарын бітіреді. Шайын ішкен соң, арбаға інгенді жегіп алып, үй аралауға кетеді. Бастығы меңзеген жерлерге барып, керетін алады. Үйде қалған кемпірі бұл уақытта шалының тапсырмасын

орындап жатады. Қатқан теріге су бүркіп жазады, жүні биіктеу теріні қырқады. Жиналған жүнді шөптен тазалайды. Жуып, кептіреді. Түскі, кешкі асты дайындауға міндетті. Қолы босай қалса, шалының өлшеп берген жүнін түтіп, иіреді.

Жапырық інген жеккен арба ертеңгілік және кешкілік мезгілде бала-бақша жанында тұратынды шығарды. Иесі болса, ауылының балаларын, немересі Айманды бас қылып, сол арбаға мінгізіп, не түсіріп жатқаны. Баймұқан бұл қызметін қарбаласта қапылып, әрі қасірет жұтып жүрген жандарға қол ұшын беріп, аз да болса септігімді тигізсем деген ниетпен жасайды.

Зейнепте де тыным жоқ. Күндіз жұмыстан босамайды. Бала-бақшада қызмет істейді. Бұрын тәрбиеленушілер саны әр топта шектеулі, жатар орны мен ішер тамағы мөлшерлі болатын. Ауытқысан жауап беретінсің. Соғыс басталғаннан бері тәртіп өзгерді. Балалар көбірек алынаса ерлегенің. Бірақ тамағын тоқ, төсегін жайлы қылу — міндетің. Баланың мұнтаздай болып, жүріп, шымыр осуіне барлық жағдай тугызылуы шарт. Ел басына түскен ауыртпалықты желеу етіп, өлденені сылтауратсаң, жауға жәрдемдескенің.

Ол өз алдына. Майдандағылардың орнына үй шаруасындағы әйелдер жұмысқа тұрғаннан бері бала саны өсіп кетті. Қарбалас та көбейді. Өндірісте уақытпен санаспайды. Бастаған істі аяқтамай кету заңсыздық болмаса да жөнсіздікке саналады. Балалы әйелдер де жұмыс бітпей қия баспайды. Тәрбиеші де баласын анасына табыстамай аттап шықпайды. Қолындағы дәм-тұзын сөбидің аузына тосып, сарғайып отырғаны. Тығырықтан шығудың жолы да табылды. Әріптестер ақылдаса келіп, кешкі топ ашты. Ол үшін жалақыға үстеме қосу не қосымша қызметкер қажет етілмеді. Тамаққа, жөндеу жұмыстарына бөлінген ақшаның есебінен төленеді. Жөндеу ұжым күшімен ақысыз атқарылады. Бұл Зейнептердің жауды жеңуге қосар үлестері болмақ.

Бала бақшадағы әйелдер әрекеті мұнымен шектелмейді. Қызыл Армияның қару-жарақ қорын жасақтау, жауынгерлерге жылы киім-кешек жинау жөніндегі бастамаларға қызу атсалысты. Жұмыстан кейін үй аралап, үгіт жүргізеді. “Көп түкірсе қол боларын” айтып, қиын-

қыстауда қол ұшын беру адамшылық асыл қасиет екенін түсіндіреді. Қамқорлыққа мүдделі қызыл әскердің үй-ішіне азық-түлік жеткізеді, отын үлестіреді. Отбасы тіршілігі өз алдына. Кемпір-шалдың тауқыметі, бала-шағаның қамы бастан асады.

Зейнептің тіршілігі де басқалармен бірдей. Бір жақсысы Шолпан жеңіл-желпі жұмысқа жарап қалды. Бірер жыл тұрмыс құрған Зейнептен қолқабыс күтпейді. Өзі де мұрнынан шаншылып жүр. Әскерде жүріп от-жалынға түскен күйеуінен де хабар-ошар келмегелі біраз болды.

Бұлар күн-түн демей жүріп, шаршап-шалдыққанына разы-тұғын. Тек қантөгіс қырғынға кеткен азаматы оқтан аман жүрсе болғаны. Майданнан “қара қағаз” келіп, қасірет уын жұтқандар аз ба? Ондайдың беті өрмен. Шүкіршілік ететіні: қайғылы хабар бұл шаңыраққа жеткен жоқ. Әйтсе де көкейден қорқыныш кетпейді. Пошташы әйелді көргенде бойларын үрей билей бастайды. Бүгінде Зейнеп үйіне кеш оралған-ды. Күні бойы тындырған істерін айтып, үй-ішімен шүйіркелесіп отырған. Әуелі құрбысымен үй аралап, жауынгерлерге жылы киім-кешек жинап жүргенде қарт әжесінің қылығына қалай сүйсініп, тебіренгенін өңгімеледі. Жолшыбайғы бір үйге өдейі соқпай кетулі. Өйткені үйде жалғыз қарт әже. Екі немересі майданда. Ұлынан жуырда “қара қағаз” келді. Келінінің науқасы бар еді. Қайғы күрт меңдетіп дүние салған. Жүдеу үйдің жәй-жапсарын білетін бұлар басшылардың ақылымен әжейге қолқа салмай қайта жәрдем ұйымдастырып, қамқорлық жасауды ұйғарған.

Сол әже бұларды қайтар жолда күтіп тұр. Қолтығында қолмен илеп, қынамен бояған теріден тіккен тон мен ескілеу қара байпақ.

— Қарағым, Зейнеп, — дейді ол сәлемін алмай. — Біздің үйді аттап кеткенің қалай? Әлде мынау үйді молаға балайсыңдар ма? Әйтпесе, кеше араларыңда жүрген ағаларыңның аруағын сыйласаң етті?

Әжей үрсып алды. Екеуінің не дерін білмей қиналғанын түсінген кемпір:

— Білем, білем, айналайындар. Бәрің де маған қамқорлық жасамақсындар. Алла жарыққасын. Мен қақпасты кім атар дейсің. Одан да пәшеспен белдескендердің қамын ойлаңдар. Мыналар Табылдыжанның

киімдері. Кім кісе де мендей шешесі бар шығар. Ақ тілеуіміз жебеп, аналар кегін қайтарар ма екен? Алыңдар, балаларым, — деп қолындағыларын ұсынған. Олардың сөзін хат тасушы бөліп жіберді. Жүзінен шаттық байқалады. Демек қуанып өкелген. Келіншек үш бұрышты солдат хатын Зейнепке ұстатты. Муса жіберіпті. Отбасындағылардың жүздері жайдарыланып жүре берді. Әдеттегідей әрқайсысына арнайы сәлем жолдап, қамқор көңілмен жағдайларын сұрапты. Өздерінің жауды өкшелей қуып бара жатқанын жазыпты. Көрісер күн жақын депті де, олеңмен аяқтапты хатын:

Ұлыңның сөлемін ал, ата-анам,
Қарағым, Айман-Шолпан — екі балам,
Айқасып сүм фашиспен жүргенімде,
Сағындық, папа, деген хатыңды алам.
Сұранып қан майданға өзім кеттім,
Келешек сіздер үшін еңбек еттім.
Өкшелей жауды қуып, ізіменен
Күзгынның ұясына келіп жеттім.
Көзімнің қарашығы — екі бала,
Папаң жүр, Отан қорғап, болып пана
Болмай-ақ бір күнгідей қауышармыз,
Тазартсақ жауыз иттен қала-дала.
Тыңдаушылардың көзіне жас іркілген.
Алыстағы азаматтың арман-қиялы көңіл
пернесін басып, көкірегіне үміт сөулесін
күйғандай...

Соғыстың соңғы жылы. Жаудың күйреуіне аз-ақ қалды. Халықтың жай-күйі жадау болғанмен, көңілі көтеріңкі. Жеңіс жылының көктемі де мамыражай шуақты болып, жаралы жандарды жадырата бастаған.

Аллатағаланың мейірім шуағы Баймұқан шаңырағына ерекше тогілгендей еді. Сағынышпен сарғайған жүректер қауышар күн таяу сықылды. Мусаның соңғы хаты оның үстіне көңіл тасытып, мерейін асырып жібереді.

Қарақтарым Айман-Шолпан, Зейнеп-Зейнет, әке-шешелерімізге және басқа ағайын-тумаларға мен — Мусадан сағынышты сәлем. Тұрмыс халдерің жақсы ма? Мен де өзiрге аман-саумын. Госпитальден шығып, 8 наурыз күні өзімнің бұрынғы болған әскери бөліміме қайтадан келдім. Иығымның жарасы тәуір болып жазылды. Бірақ қолымның тамыры ауырады. Қазіргі әскери бөліміміз соғыстан шығып демалып жатыр. Енді соғысқа қашан түсеріміз белгісіз. Бірақ көп кідіріп тұрмаспыз.

Сенің 14 қаңтарда жазған хатың жатыр екен. Соны алып оқып қуанып қалдым. Ал сендерге менен ақша және хат бармағалы көп болды. Госпитальда жатырғанда жаралы болғаным жайлы бір хат жазған едім. Ақшаны жібере алмай қалған — себебім үнемі соғыста және үнемі наступлениеде болғандықтан. Үш айдың ақшасын күні бүгінге дейін берген жоқ. Ертең 11-нен, немесе 12-сінен қалдырмай үш айдың ақшасын аламыз. Қолға тиісімен түгелімен сендерге жіберемін.

Басқа не айтайын. Адрес бұрынғы. Осы бойынша хат жаза беріңдер.

Құдай асылыққа жазбасын, сендерге хабарлап қояйын. Ол мынау: осы жылғы қаңтар айының 23-24-25 және 26 күндері болған соғыстарда істеген еңбегім үшін 9 ақпан күні Кеңестер Одағының Батыры деген атағын беру керек деп тауып, бекітуге материалды Жоғарғы Кеңестің Төрақасына жіберді. Бүгін табандаған бір ай болды. Амандық болса, жақында хабар келіп қалар деп жүрмін. Сендер орталық газеттер “Правда”, “Известия” және “Красная Звезда” газеттерінен Указдарды қарап жүріңдер. Басқа не айтайын. Тез-тез хат жазып тұрыңдар.

Хат жазып бәріңнің бетінен сүйіп қалушы Муса.

1945 жылғы 10 наурыз.

Мусаның қандай құжатқа сүйеніп хат жазғаны бізге бимолім. Дерекке сүйенсек, Батыр атағын беру жөніндегі ұсыныс ержүрек жерлесіміздің взводымен ешбір шығынсыз Одер өзенінен өтіп, жаудан тазартқан деревнясы үшін шайқасып жатқан тұста жіберілгенге ұқсайды. Тілге тиек етіп отырғанымыз Ұлы Жеңістің 20 жылдығы қарсаңында Подольск қаласындағы КСРО Қорғаныс Министрлігінің мұрағатынан сұратып алынған құжат.

Танысалық:

МАРАПАТТАУ ҚАҒАЗЫ

1. *Ата-тегі, өз аты, әкесінің аты:* Баймұқанов Муса Баймұқанұлы.

2. *Әскери дәрежесі:* гвардия кіші лейтенанты.

3. *Қызмет бөлімі:* атқыштар взводының командирі, 538 атқыштар полкі, Қызыл Тулы 120 Гатчиналық атқыштар дивизиясы.

4. *Туған жылы.* 1910 ж.

5. *Ұлты қазақ.*

6. *Партиялылығы: 1942 жылдан БКП/б/ мүшесі.*

7. *Азамат соғысына, басқа да соғыс қимылдарына және Отан соғысына қатысы /қайда, қашан/ :Отан соғысы 1941 жылғы 22 маусым, Ленинград майданы.*

8. *Ұлы Отан соғысында жараланып, контузияға ұшырады ма: екі рет жеңіл жараланған – 1941 жылғы 24 тамыз және 1941 жылғы 13 қыркүйек.*

9. *Қай уақыттан бері Қызыл Армия қатарында: 1941 жылғы 22 маусым.*

10. *Қай жер шақырды: Мақат аудандық Әскери комиссариаты, Қазақ КСР-і.*

11. *Бұрын немен марапатталған /қандай еңбегі үшін/: марапатталған жоқ.*

12. *Марапаттауға ұсынылған адамның отбасының мекен-жайы: Қазақ КСР-і, Гурьев облысы, Мақат поселкесі, 16 ауыл, зайыбы Зейнеп Кәрімқызы Баймұқанова.*

ЖАУЫНГЕРЛІК ЕҢБЕГІНІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Гвардия кіші лейтенанты Баймұқанов ержүрек те батыл, әрі белсенді офицер. Германия жерінде жауды өкшелеп жүргізілген бөлімшенің ұрыс қимылын шебер ұйымдастырды. Жауынгерлерін Одер өзенінің сол жағалауына тапқырлықпен өткізе білді. Жауып тұрған зеңбірек отына қарамастан взвод жұқа мұздың үстімен сол жақ жағалауға ешбір шығынсыз өтіп, жау взводын гранаталармен құртып жіберді. Душпанның станокті пулеметін және үш жемдетін құртқан Мусалар басқа бөлімшелердің Одер өзенінен көп кідіріссіз өтуіне жағдай жасады. Одерфельде елді мекеніне алашқылардың бірі болып шабуыл жасады. Сөйтіп бір үйден кейін екінші үйді жаудан тазарта берді.

Жанталаса қарсыласып, ұдайы қарсы шабуылға шыққан жаудың тегеуірініне төтеп берген взвод деревнядан немістерді ығыстыра берді. Шабуыл кезінде 25 неміс солдаты мен екі неміс офицері жойылды.

Баймұқанов жолдастың өзі 9 немісті алтірді. Ол өміріне төнген қауіпке қарамастан, жауынгерлік тапсырманы ойдағыдай орындады. Моралдық жағынан тұрақты, партия мен социалистік Отанымыздың ісіне шын жүректен берілген.

Одер өзенінен өтудегі және Одерфельде елді мекенін жаудан тазартудағы ерлігі мен қаһармандығы, тапқырлығы үшін Баймұқанов жолдас Кеңес Одағының Батыры атағын беруге лайықты.

Қаһарман жерлесіміздің өшпес ерлігін лайықты бағалап, ол туралы жоғарыдағыдай жарқын жолдарын жазып қалдырған М.Баймұқанов қызмет еткен полктің командирі подполковник Иван Константинович Хармьшев екен. Ол ұсынысқа 1945 жылдың 25 қаңтарында қол қойыпты. Ең жоғарғы мәртебелі атақ беру жөніндегі ұсыныс мынадай сатылардан өтіпті.

Кеңес Одағы Батырының атағын беруге лайықты.

Қызыл Тулы 120-Гатчиналық атқыштар дивизиясының командирі гвардия генерал-майоры Говоров.

1945 жылғы 26 қаңтар.

Кеңес Одағының Батыры атағын беруге лайықты.

117-атқыштар корпусының командирі Кеңес Одағының Батыры, гвардия генерал-майоры В.Трубачев.

1945 жылғы 29 қаңтар.

Армия Әскери Кеңесінің қорытындысы: Кеңес Одағының Батыры атағын беруге лайықты.

21-Армия өскерлерінің қолбасшысы генерал-полковник Гусев.

21-Армия Әскери Кеңесінің мүшесі генерал-лейтенант Мжаванадзе.

1945 жылғы 31 қаңтар.

Бұдан әрі марапаттау қағазына мына сөздер түсіріліпті:

КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1945 жылғы 16 сәуірдегі Жарлығы бойынша Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин ордені және "Алтын жұлдыз" медалі тапсырылды.

Қадірменді оқырман, байқап отырсыз, ең соңғы саты-21-Армияның басшылығы 1945 жылы 31 қаңтарда марапаттауды мақұлдап қол қойған. Ал М.Баймұқанов ұсыныстың жіберілген күнін 9 ақпан етіп көрсетеді. Мәселе, айдың қай жұлдызында құжат жасалғанын анықтауда емес. Әңгіме М.Баймұқанов пен оның жауынгер серіктерінің теңдессіз ерлігі бүкіл құраманың өскерлері арасына тез тарап кеткенін көрсетуде болып отыр. Батыр атағын беру туралы ұсыныстың барлық дәрежедегі бекітулерден әрі шапшаң әрі еш кідіріссіз өтуі сол шайқасқа өскери басшылардың қаншалықты маңыз бергенін дәлелдей түседі. Алты күнде дивизия-корпус-армия сарапшыларынан өтіп, мақұлдаған қолтаңба алу ондай шаруа емес. Демек, Мусаның көрсеткен ерлігі қол-

басшыларды сүйсінткен, әрі ірі жеңіске жол ашқан. Ол – Рейхстагқа қадалған Жеңіс туы еді.

Сондықтан болар, құраманың командирлері мен жауынгерлері М. Баймұқановқа батыр атағын беру жөнінде жарлық шығатынына еш күмәнданбайды. Оны ресми түрде Кеңес Одағы Батыры деп атай бастайды. Взвод шешуші шайқастарға жұмсалып отырылды және жауынгерлік тапсырманың мүлтіксіз орындалатынына шек келтірілмеді.

Муса Баймұқановқа Кеңес Одағының Батыры атағын беру туралы Жарлық 1945 жылғы 16 сәуірде “Правда” газетінде жарияланды. Онымен бірге Одерфельде деревнясы үшін соғыстың бір күнінде 58 немісті, бір аптада 120 фашисті жер жастандырған, жаудың атыс ұясына матросша атылған қостанайлық Сұлтан Баймағанбетов, атыраулық Боран Нысанбаев ерлігін қайталаған, ақтобелік Иманғали Балтабановқа да Батыр атағы беріліпті. Жоғары атақты М. Баймұқановтың полктастары Ж. Бойцов, М. Крутиков, В. Артамонов, З. Красновалар да иеленген.

БАТЫРДЫҢ ТӨЛ СУРЕТІ

Кеңес Одағының Батыры, бұрынғы заңгер Муса Баймұқановтың өмір жолы туралы “Намыс оты” деректі повесін жазу жолында біраз ізденгенмін-ді. Облыстық мұрағаттың қорында сақталған батырдың жеке ісімен, облыстық прокуратураның мұрағатқа тапсырған іс қағаздарымен танысқанмын. КСРО Қорғаныс Министрлігінің Подольск қаласындағы мұрағатына сұранысым бойынша Батырды марапаттау қағазын алып қуанған кездер болды. Бәрінде де Батырдың төл суреті кездесе қоймаған. Белгісіз суретші салған үлкен портретінің фотокошірмесін алғанымызға мәз болып, кезінде Батырдың зайыбы Зейнеп жеңгейдің “Ұқсаңқырамайды” дегенін қаперге ілмей жүре беріппіз. Осы қатемізді Атырау облыстық мұрағатының бұрынғы партиялық құжаттары сақталған ғимаратындағы “Кадрларды есепке алу” қағаздарымен танысқанмызда байқадық.

Қуанышты хабар мұнайлы өңірге тез тарап кетті. Көрі де, жас та бір-бірінен сүйінші сұрайды. Ел намысын жоқтайтын азамат өсіргеніне риза болған жұртшылық Баймұқанға құтты болсын айтуда. Үй-іші де көл-көсір шаттық үстінде.

Өкінішке қарай, бұл отбасына қайғылы хабар да жақындап қалғанды. Хаттан кейін он күн өткен соң Муса ұрыс даласында алған ауыр жаракаттан қаза болған. Ол ошпес ерліктің куәсі қаңтардағы данқты күндерден елу күн өткен соң, Жеңіске елу-ақ күн қалғанда, яғни 1945 жылғы наурыздың 18 жұлдызында өмірмен қоштасты.

Бір кереметі Муса көміл Батыр атанғанын, Жарлық шықпастан бұрын-ақ даңқының шартарапты шарлағанына тірісінде көзі жетті. Тағы да бір ғажабы соңғы шайқаста жаудан мерейі үстем шығып, намысты қолдан бермегеніне сеніп кетті.

Бауыржан Момышұлы:

“Намыс – азаматтың алтын туы” деген.

Міне, Атыраудың ақиық азаматы Муса Баймұқанов туған жерде кестелеген алтын Туын Одер өзенінің жағасына осылай қалды.

Бұл – М. Баймұқановты Гурьев қалалық прокуратурасының халықтық тергеушісі етіп бекіткенде жасақталған құжат екен. Бес парақтан құралған, Батырдың өз қолымен толтырған өмірдерек анкетасы, оны қалалық прокуратураның халықтық тергеушісі етіп бекіту туралы қалалық партия комитеті бюросының 1940 жылғы 14 қаңтардағы шешімі, қалалық партия комитетінің хатшысы Ефимовтың М. Баймұқановқа берген мінездемесі (мәтіндері орысша), жерлесіміздің өз қолымен латын әрпімен қазақ тілінде жазған өмірбаяны және фотосурет.

Сөйтіп 60 жылдан астам қағаз арасында жасырын жатқан Атыраудың қаһарман ұлының бейнесі ұрпақпен қауышты. Облыстық мұрағаттың аға қор сақтаушысы Материя Исламқызы Қаналиева ханымның ықыласпен қызмет көрсетуі арқасында осындай қуанышқа жеттік.

Болашақ үшін өмірін қиған азамат бейнесімен диалдасқан, оқырман қауым, сіздерді батыр рухы қолдасын!

ҒАЖАЙЫП ТҮЛҒА

Прокуратура қызметі туралы кітаптар өте сирек шығып жүр ғой. Сол сиректің бірі Алматының “Өлке” баспасынан бұдан төрт жыл бұрын шыққан “Дәуір дауысы” атты жинақ. Одан басқа мақалалармен қатар Қазақстан Республикасының ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Салық Зимановтың да Атырау прокуратурасындағы қырқыншы жылдардың екінші жартысындағы қызметі, одан кейін республика прокуратурасында жұмыс істеген кезеңі туралы естелігін оқыдық. Ұлы Отан соғысынан оралған запастағы офицер, Бүкілодақтық заң институтының Қазан филиалына сырттай оқуға түскен болашақ заңгер алғашқы еңбек жолын Атырау облыстық прокуратурасының тергеу бөлімінде сынақтан өтуші болып бастап, үш айдан соң аға тергеуші, одан кейін облыс прокурорының тергеу жөніндегі көмекшісі болып қызмет атқарған. Бірден Республика прокурорының назарына ілігіп, астанаға қызметке шақырылған. Қызықты да габратты өмір жолы. Осы жерде сәл шегініс жасау керек болып тұр.

Мен елуінші жылдардың басында Алматыдағы мемлекеттік заң институтында студент болдым. Міне, осы кезден бастап Салық Зимановты көріп, білдім. Ол 1952 жылы біздің институтқа директор болып келді. Әрі “Мемлекет және құқық тарихы” және “КСРО-дағы мемлекет пен құқық тарихы” деген пәндерден дәріс берді. Лекциялары тартымды, тыңдаушысын еліктіріп, жетектеп отыратын. Алдындағы жазып келген қағазына қарамай сөйлейтін.

Сол институтта Гурьев облысынан Т.Білалов, А.Қайнарбаев, Е.Қайыржанов, Т.Бегалиев және мен бес студент оқыдық. Бірақ ешқайсымыз да Салық Зимановтың біздің жерлесіміз екенін білмейтін едік. Ол кісімен біз кездейсоқ танысып, бетпелі отырып, сөйлесудің бірде сәті түсті.

1953 жылдың күз айының бірінде Тәрен Біләлов екеуіміз Дзержинский көшесіндегі офицерлер асханасынан түс

кезінде тамақ ішуге келсек, Сәкен сонда жалғыз өзі отыр екен. Бізді көріп, институттың студенттері екенімізді танып “мында келіндер” деп қасына шақырды. Отырғаннан кейін:

— Қай облыстан келген студентсіңдер? — деп сұрады.

Біз:

— Гурьев облысынанбыз, — деп жауап бергенімізде, жымпып қойып, өзінің де гурьевтік екенін айтқанда, таң қалыстық.

Директорымыз біз үшін ақшасын өзі төлеп, тамақ алып берді. Тамақ үстінде емен-жарқын әңгімелесті. Содан кейін бір күні оның сабағынан емтихан тапсырып болып шығып бара жатқанымда маған ере шығып:

— Мына ақшаны көк базардың қарсысындағы ғалымдар үйі деп аталатын үйдің пәленінші (номерін айтқан еді, ұмыттым. Ғ.Ж.) потеріндегі біздің үйге апарып, жеңгені мен беріп жіберді деп ұсынарсың, — деп жұмсады. Жеңеміз үйінде екен. Беріп жіберген ақшасын қолына ұстатып, рахметін естіп кері қайттым.

Институтта оқып жүргенде күнделікті оқитын лекциясынан өзге ол кісімен осындай екі кездесуім есімде қалыпты. 1955 жылы жоғарғы оқу орнын бітіріп келіп, Гурьев облысының прокуратура органдарында қызмет істеген жылдарымда да Сәкенді бірнеше рет кездестірдім. Ол жылма-жыл біздің облысымызда тұратын анасына келіп, кетіп жүрді. Кейін шешесі қайтыс болды. Келген сайын көбіне, өзінің алғашқы заңгерлік еңбек жолын бастаған Гурьев облыстық прокуратурасына кіріп шығатын. Содан кейін мен Теңіз, Жылыой аудандарында қызмет жасап, қалаға қайта оралғанымда да Сәкенді облыстық прокуратурада әлденеше рет кездестірдім.

1994 жылдың күз айы болуы керек, Сәкенді облыс прокурорының қабылдау бөлмесінде тағы кездестіріп, сәлем бердім. Жүзімді шырамытып тұрғанымен аты-жөнімді ұмытып қалғанын байқадым да:

— Сәке, танымай қалдыңыз ба? — деп сұрадым.

— Иә, көрген адамымсың, бірақ жығатанымай тұрмын, — деді.

Мен заң институтында студент болғанымды айтқанымда ол кісі бірден:

— Институттың көсіподақ комитетіне мүше болдың ғой, — деді күлімсіреп.

Иә, менің институт бітіргеніме де қырық жылдай болыпты. Сол бір кездегі көсіподақ комитетіне мүше болғанымды ұмытпай, есіне түсіріп тұр.

Соңғы жылдары Сәкенді кездестіргенім жоқ. Былтыр ағайымыздың үйіндегі жеңгеміз қайтыс болғанын естідім. Ол кісі де ірі ғалым еді. Химия ғылымдарының докторы Шәрбану Батталова Сәкеннің жан жары болатын. Екеуі де 1921 жылғы, құрдастар. 2001 жылы 80 жасқа толды.

Заңгер-ғалым, академик Салық Зимановтың ғылымға сіңірген еңбегі орасан зор. Заң ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, республикаға еңбегі сіңген ғылым қайраткері, профессор... Сәкеннің атақтары айта берсе осылай созыла береді. Тоқсаныншы жылдарда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Ұлы

Отан соғысына қатысқан запастағы полковник. Алматы заң институтында, ғылым академиясының философия және құқық институтында директор, ғылым академиясының бас ғалым-хатшысы сынды ірі қызметтер атқарған. Қазір Қазақтың академиялық тәуелсіз университетінің ректоры. Мемлекет және құқық тарихы мен теориясы саласындағы ғылыми-зерттеу еңбектері-еліміздің ғылымына қосылған ерекше үлес.

Осы еңбектері лайықты бағаланып ол Президенттің “Бейбітшілік және рухани келісім” сыйлығына, Ұлттық ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды. Екі мәрте 1-дәрежелі Отан соғысы, “Қызыл Жұлдыз” ордендерімен және басқа да орден, медальдармен марапатталған.

Қысқарта айтқанда, бірегей заңгер-ғалым Салық Зимановтың өмір жолы мен ғылыми қызметі кім-кімге де үлгі алуға тұрарлық. Оның алдынан мыңдаған шәкірттер дәріс алып, қазір еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет етіп жүр. Қай-қайсымыз да осынау ғажайып білім иесінің, сирек кездесетін ірі тұлғадан дәріс алып, оған емтихан тапсырғанымызды мақтан тұтамыз.

Самат ИБРАИМ,
заңгер-журналист

АТЫЛЫП КЕТКЕН АУДАН ПРОКУРОРЫ

Осыдан алпыс жыл бұрын болған саяси қуғын-сүргіннің от жалыны құқық қорғау органдарының қызметкерлерін де шарпыды. Қолда бар деректерге сүйенсек, қырық шақты прокурор сол зауалдың құрбанына айналған. Әзірге олардың ішінде бізге белгілісі саусақпен санарлық қана.

1997 жыл Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен “Жалпы ұлттық тағулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы” аталды. Әрі сол жылы Қазақстан республикасы Прокуратурасына 75 жыл толды. Осыған байланысты саяси қуғын-сүргінге ұшыраған прокуратура қызметкерлері туралы деректерді де жинау үстіндеміз. Кезінде жазықсыз жазаланғандардың аруағына тағзым ету бүгінгі ұрпақтың міндеті екені белгілі. Сол 37-інің құрбандарының бірі —

Гурьев (қазіргі Атырау) облысы Теңіз ауданының прокуроры болған Айдар Құлбасов. Атырау облысына барған жолсапарымда атылып кеткен арыс туралы материалдар жинақтадым. Міне, небәрі 107 беттен тұратын № 26-0554 қымыстық істі парақтап отырмын. Айдар Құлбасов кім, осы бір шалғай аудан прокуроры қалайша халық жауы болған деген сауалдарға жауап іздедім. Істі қарай бастағанда оны тұтқынға алу және тінту жөніндегі шекесіне “НКВД” деп жазылған тілдей қағаз — № 14 ордерді көзім бірден шалды. А.Құлбасовты 1938 жылы 23 ақпан күні тұтқындапты. Оның неге қамауға алынғаны сол күні-ақ шыққан қылмыстық істі көтеру жөніндегі қаулыда ашық айтылған. Бұл құжатта оның Маңғыстау ауданы Форт-Александровскіде 1905 жылы туғаны, ұлтшыл ретінде

коммунистік партия қатарынан шығарылғаны, Қазақстанда контрреволюциялық, ұлтшылдық, зиянкестік, әрекет етуші ұйымға қатысқаны белгілі болғаны айтылып келіп, А. Құлбасовты қылмыстық жауапкершілікке тартып, қамауға алынғаны баяндалады.

Жауап хаттамасы 1938 жылы 25 ақпанда толтырылыпты, онда мамандығы сот-прокурор қызметкері делінген, Саратов қаласындағы заң факультетінің бір жылдық курсын бітіргені, Батыс Қазақстан облыстық прокурорының көмекшісі, Теңіз ауданы прокуроры қызметтерін атқарғаны көрсетілген екен. Жанұялық жағдайы туралы да мәлімет бар, әйелі қайтыс болған, анасы Секер мен өзінің үш жасар ұлы Ораз Форт-Александровскіде тұратындығы мәлімделген.

Маңғыстау түбегіндегі кедей балықшының баласы оқу іздеп, Саратовқа барып, заңгерлік мамандық алғасын, өз мамандығымен жұмыс істеп ес жия бастағанда, 1937-інің күзінде қудалана бастайды. Бірақ өкімет прокурорды бірден тұтқындап, соттауға бата алмаса керек. Сол себепті де алдымен оған ұлтшыл деп айып тағып, партиядан шығарады да, қызметінен босатады. Сойтіп ыңғайлы бір сәтті күткені байқалды. Бұл ойымызды Гурьев облыстық партия архивінің 1958 жылы 8 тамызда Гурьев облысы бойынша Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті басқармасының тергеу бөліміне берген мынадай анықтамасындағы фактілер дәлелдей түседі.

Архивная справка

“По записям в документальных материалах партархива значится, что Кулбасов Айдар будучи нарсудьей 1 участка Адаевского округа был исключен из партии решением бюро Мангистауского райоргбюро от 1928 года, как осужденный по ст. 198 УК, затем решением партколлеги ОкрКК и РКИ от 28 мая 1930 года восстановлен в рядах партии.

В октябре 1937 года Кулбасов Айдар снят с должности прокурора Денгизского района и исключен из партии за участие в контрреволюционной группе, националистической группировке в Адае “16”, активное участие в 1933 году в контрреволюционной группировке (Денгизовщина) в то время с врагами народа Балганизо-

вым, Кайдаровым и закрытие от партии свое участие”.

Сонымен А. Құлбасов партиядан шығарылып, жұмыссыз қалады да, Гурьев қаласындағы Біріккен балық аулау тұтынушылар одағына кадр бөлімінің инспекторы болып қызметке орналасады. Бірақ осы кезде оның үстінен құжаттар жиналып жатыр еді, ақыры прокурорлық қызметтен кеткеніне төрт ай болғанда тұтқындалады.

Тергеуші бірінші күні, яғни 1937 жылы 25 ақпанда алған жауабында Айдар Құлбасовқа “нағанды қандай мақсатпен сақтап жүрсіз?” деп сұрақ қояды. Оған берілген жауап нақты әрі дәлелді. “Менде оқ-дәрісімен нағанның болғаны рас, — дейді ол жауабында, — оны Теңіз ауданы прокуроры болып жүргенімде жұмыс бабына орай аудандық НКВД бөлімінен қолхатпен алған едім. 1938 жылы қаңтарда қатты ауырып ауруханаға түстім де, револьверімді қайда қоярымды білмей, танысым — Гурьев облысы прокурорының көмекшісі Ермішов Фабдуллаға тапсырдым. Револьвер қазір сонда сақталған. Мен нағанды заңды түрде сақтадым”.

Қарап тұрсақ, мұндай сауатты жауаптың өзі тергеушіні састырып тастағандай. Айыпты бірден мойындата алмаған жауап алушының дымы құрып, ертең жалғастырамыз дейді. Бірақ та наған туралы сұрақтың астарында үлкен поле жатқаны анық еді. Келесі күні 26 ақпанда жауап алу жалғасады. Жауап алу хаттамасында маржандай тізілген өріптерді өрі өдемі өрілген сөйлемдерді НКВД қабырғасында жазылды деу қиын. Сұрағы да биязы. “Сіз антикестік, ұлтшылдық, іріткі салушылық ұйымның мүшесі ретінде қамауға алындыңыз. Енді дұрыс жауап беріңіз?” деп басталады да, А. Құлбасовтың берген жауабы жалғасады. Кеше ғана тергеушінің өзін састырған айыпкер-заңгер енді “кінәсін” бірден мойындай бастайды: “Мен, Құлбасов Айдар, 1935 жылдың аяқ кезінен бастап Қазақстандағы антикестік, ұлтшылдық, бүлікшілдік, контрреволюциялық ұйымға қатысып, Кеңес өкіметін құлатуды жөне Қазақстанда буржуазиялық-капиталистік қоғамды құруды алдыма мақсат етіп қойғанымды мойындаймын”. Демек НКВД

қызметкерлері бұл күнгі тергеуге дейін уақытты текке жібермесе керек. Сол кезде жергілікті жерде белгілі, беделді адамдарды ұлтшыл-контрреволюцияшыл деп айыптап, көзін жою науқаны жаппай жүргенін осы істен де байқау қиын емес. Мәселен, қойылған сұраққа “берілуге тиісті жауапта” ҚазЦИК-тің бұрынғы төрағасы Ұзақбай Құлымбетов ұлтшыл-контрреволюциялық ұйымның орталықтағы басшысы, ал Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы Ізмұқан Құрамысов аталған облыстағы филиалының жетекшісі болып шыққан. А.Құлбасов обком хатшысының ақылымен ұйымға кірген деген жолдардың жауап алу хаттамасына қалай жазылғанын оқырмандар өзі түсініп отырған шығар.

Арада 24 күн өткенде тергеуші А.Құлбасовтан қайта жауап алады. “Сіз ұлтшыл-контрреволюциялық ұйымның қызметі жөнінде тергеуге қосымша мәліметтер беруге тілек білдіріп едіңіз. Енді соны жалғастырсаңыз” деген мәймонке сұрақ қойылады. Бұл сауалдың қойылуында мін жоқ, екеуара дастархан басындағы достық рәуіштегі әңгіме сияқты. Сұрақ-жауапқа қарағанда тергеушінің негізгі көздеген мақсатының бірі Теңіз аудандық партия комитетінің хатшысы Шилбай Шолақов пен аудан прокуроры Айдар Құлбасов арасындағы “сыбайластықты” білу екені анық байқалады. Тергеуші айыпкерге “сіз Ш.Шолақовтан кеңес өкіметіне қастандық жасау жөнінде тапсырма алдыңыз ғой?” дейді. А.Құлбасов “мен ондай тапсырма алып көрген емеспін” деп мойындамайды. Сонда тергеуші мәселені төтесінен қойып былай дейді: “Сіз өзіңіздің істеген ісіңізді жасырғыңыз келеді, ал Теңіз ауданында прокурор болып жүргеніңізде, Шолақовпен үнемі байланыс жасап, контрреволюциялық шараларды бірігіп атқарғаныңыз тергеуге белгілі. Мұны қалай мойындамас екенсіз?”

Жауап: Мен ондай айыппен мүлдем келіспеймін.

Сұрақ: Сіздің Теңіз ауданында прокурор болып жүргеніңізде жау элементтердің зиянкес әрекеттерін жасырғаныңыз, олардың үстінен көтерілген істерді қысқартқаныңыз, жапқаныңыз немесе тергеуді ұзаққа созығаныңыз тергеуге белгілі екенін есіңізде саламын. Сіз оны мойындайсыз ба?

Жауап: Теңіз ауданында шаруашылық мәселелерге қатысты былығып жатқан істер көп екені рас, бірақ оның бәрін былықтырған менің алдымдағы прокурор. Мен бұл жөнінде облыс прокуроры Төрешовке кезінде баяндап, қаралмай жатқан істердің тізімін берген болатынмын. Мен Теңізде 1937 жылдың 20 тамызынан сол жылдың 7 қазанына дейін ғана істедім.

Қойған қінәсін мойындата алмаған тергеуші “біз өлі бұл мәселеге – сіздің контрреволюциялық әрекетіңізге оралатын боламыз” деп док көрсетеді де, өзіне керекті адамдар жөнінде сұрай бастайды. Сондай-ақ “ұлтшылдық антикөнестік ұйымдар басқа одақтас республикаларда, оның ішінде Түркістан ССР-інде бар ма?” деген сұрақ қояды. А.Құлбасов “Бұл мәселе жөнінде ештеңе білмеймін” деп жауап қайтарады.

Тергеуші наған мәселесіне қайта оралды, айыпкерден “Біреуге қастандық жасауға Балғаниязовтан тапсырма алдыңыз ба?” деп сұрайды. А.Құлбасов ондай тапсырманы ешкімнен алмағанын мәлімдейді. Сонда тергеуші “сіз өтірік айтып отырсыз, өзіңізге ондай топ бары Балғаниязов арқылы белгілі” дей келе, “Настаиваем дать принудительные показания по этому вопросу” деп зекиді. Бірақ А.Құлбасов айтқанынан қайтпай: “Мен ондай әскери террорлық топқа қатысты екенімді мойындамаймын” деп жауап берген. Бұл жерде тергеушінің Балғаниязов деп отырғаны Теңіз аудандық атқару комитетінің төрағасы еді.

А.Құлбасовтың халық жауы екендігіне куә болғандардың бірі аудандық партия комитетінің хатшысы Ш.Шолақовтың ұй сыпырушысы еді. Ол әйел өзінің тергеушіге берген жауабында “Ш.Шолақов, Балғаниязов пен А.Құлбасовтың кеңес өкіметіне қарсы мынадай әңгімелерін тыңдадым” деп деректерді шетінен тізіп айта берген. Оның сөзіне қарағанда, ол ұй сыпырушы емес, тура саясаттан мол хабары бар, аудан басшыларының сырын, пиғылын жетік білетін адам.

Сонымен 1938 жылы 12 қарашада Алматы қаласында КСРО Жоғарғы Соты Әскери алқасының көшпелі сессиясының жабық мәжілісі болып, Құлбасов Айдардың ісі қаралды. Оған РСФСР қылмыстық кодексінің 58-2, 58-7, 58-8 және

58-11 баптары бойынша айыптар тағылды. Мәжіліс хаттамасында сотталушының өз кінәсін мойындамайтыны, алдын-ала тергеуде берген жауаптарынан бас тартатыны жазылған. Сот мәжілісіне куәлардың қатыспағаны да хатталған. Сот алты күннің көрсетулерінен үзінділер оқиды, сотталушы: “Жоқ, жалған. Кеңес өкіметіне қарсы ұйымда болған емеспін. Ешқандай контрреволюциялық қызмет те атқарған емеспін” дейді. Мәжіліс кешкі сағат 19 сағат 45 минутта басталып, 20 сағат 10 минутта аяқталған, демек небәрі 25 минутке созылған. А.Құлбасов тек соңғы сөзінде 1929 жылы “16”-шы деп аталатын ұлтшыл топқа қатысқан, бірақ оның контрреволюциялық ұйым екендігін білмегенін мәлімдейді. Адам тағдыры ойыншыққа айналып, санаулы минутқа созылған сот оны ату жазасына кеседі. Және оны үкімет қаулысы бойынша шұғыл жүзеге асыруды міндеттеген. Іске тігілген ату жөніндегі анықтамала оның сол күні түнде, яғни 1938 жылы 12 қарашада Алматы қаласында атылғаны жазылған.

Қылмыстық істің соңғы жағына тігілген қазақша жазылған арыз бар екен. Енді оның толық тексін келтіре кетелік.

“Облыс прокуроры Ж.Ұлықпановқа Байқұтова (Құлбасова) Болдықтан

АРЫЗ

Мен сізден өтініп сұраймын: менің туған ағам Айдар Құлбасов осы Гурьев облысының Теңіз ауданы прокуроры болып тұрғанда 1938 жылдың қысында ұсталып кетті. Содан бері еш хабар жоқ. Өзі кеткенде қалған семьясынан ешкім де жоқ (шешесі, әйелі, баласы қайтыс болған) енді менен басқа туганы жоқ. Ұмытпасам Құлбасов Айдар 1905 жылы туған. Партия мүшесі еді. Ал сізден өтініп сұрайтыным, Құлбасов Айдардың өлі-тірісін, қайда екенін біліп, мына әдіріске хабарлауыңызды сұраймын: Бақсай ауданы, Бақсай қаракөл қой совхозы, Байқұтова Болдық.

Арыз иесі Б. Байқұтова. 1.04.1958”

Көрдіңіз бе, А.Құлбасовтың жалғыз қарындасы оның өлі не тірі екендігін 1958 жылға дейін білмей келіпті. Мен дереу Болдық апайды іздеуге кірістім. Сұрастырып жүріп Атырау облыстық әкімшілігінде қызмет істейтін қызы Роза

Көбдікқызы Бисенованы таптым. Ол анасының көзі тірі, жасы биыл сексенге келгенін, қазір ауырып ауруханада жатқанын айтты. Жедел ауруханаға тарттық. Жолда Роза Көбдікқызы былай деді:

– 1959 жылы мектепте оқып жүргенмін. Бір күні анам бір хат алып ағыл-тегіл жылады. “Ақталды, ақталды” деп еңірей берді. “Нағашың ақталды, осы күнді ұмытпа” дегені әлі есімде. Әкем Көбдік, анам Болдық 1936-37 жылдары Орал қаласындағы партия мектебінде оқыған, екеуі де жоғары білім алған. Әкем соғыс кезінде Новобогат ауданында аудандық партия комитетінің хатшысы болған, анам мектепте мұғалім еді. Нағашы шешем Секерді әке-шешем Форт-Шевченкодан көшіріп алып, қолдарында бақты. Ол кісі 1951 жылы қайтыс болды. Әжемізді көріп қалдық, кезінде кедейшілік тауқыметін көп көрген адам екен.

Аурухана тосегінде қарт ана – Болдық ана жатыр. Біз өңгімелесе басталық. “Біз келей балықшы жанұясында өстік, үш бала едік, үлкені Айдар болатын. Ол қара торы, ұзын бойлы, сабырлы, өте сауатты еді. Жазықсыз ұсталып кетті ғой” деді де әже үнсіз қалды. Қарт ана артық сөз айтудан әлі сескенетін сияқты. Айдар ұсталғанда өзінің Орал қаласында оқып жүргенін, бірақ қалай ұсталғанын білмейтіндігін айтты. Келесі сұрағымды қоя бергенімде, “Шырағым, сұрақ беріп жатырсың, мұның жақсылық па, жамандық па, білмеймін” деді. Біз жазықсыз жазаланған репрессия құрбандары туралы деректер жинап, олардың жазықсыз екендігін жазатындығымызды айтып жатырмыз. Әжеміз содан кейін сөз жібігендей болды. “Сізге халық жауының қарындасы деп кезінде қысымшылық жасаған жоқ па?” деген сауалымызға: “Ол халық жауы болып ештеңе жасаған жоқ” деп кесіп тастады. Сосын барып “Жоқ маған зияны тиген жоқ” деп қосып қойды. Айдар ағаның суретін сұрағанымда қызы Розаға бұрылып, “Сандығымда Айдар екеуіміздің Орал қаласында түскен суретіміз бар, соны берерсің” деді. Біз қарт анамен қоштасып, ауруынан айғып кетуіне тілектестігімізді білдірдік. Алғысын айтып ана қалды...

37-інің ызғары-ай десеңізші, сол сұрапыл жылдары салынған жара күні бүгінге

дейін жазылмаған. Аурухана тосегінде жатқан Болдық өже көзіндегі мұң, даусындағы ағасына деген сағыныш, қимастық соны дәлелдей түседі. Уақыт қан-

ша емші десеңіз де ақ жаулықты өженің көңіліндегі шерді, көзіндегі жасты кім бөлісе алады дейсің, тас түскен жеріне ауыр деген осы.

СОЛ БІР ЖЫЛДАР КӨҢІЛДЕ САЙРАП ЖАТҚАН

Көнігі мұнайшы, ақ көңіл азамат, іскер басшы ретінде Ислаш Молдағалиев есімі Атырау, Маңғыстау мұнайшылары арасында кеңінен танымал. Өзінен жасы кіші әріптестерінің бәрі ол кісіні ұстаз санайды. Адалдық, адамгершілік, еңбекқорлық, ештеңеден тайынбайтын бағындық тәрізді қасиеттерін жыр қылып айтады. Өзі сонау сұрапыл соғыс жылдары Атырау облысының Еспол аудандық прокуратурасында небәрі он жасында, яғни 1941 жылы еңбек жолын бастап, жеті жыл бойы атшы болып жұмыс істепті. Біздің басылым прокуратура ардагерлері туралы очерктерді жүйелі жариялап келеді. Кейіпкерлеріміз тек прокурорлар ғана емес, оның ішінде кезінде еліміздің прокуратурасының толыққанды жұмыс істеуіне атсалысқан қосалқы сала қызметкерлері де бар. Соның бірі Исекең ақсақалмен кезде-судің сөгі түсті.

... Соғыстан кейінгі жылдары мұнай барлау жұмыстарын жандандыру үшін жастарды қолөнер училищелеріне мобилизациялау туралы Сталиннің бұйрығы шығып, Ислаш Молдағалиев те Доссорда екі жыл оқығаннан кейін бұрғышы мамандығын алады. Содан 1949-1991 жылдары мұнай өнеркәсібі саласында бұрғышы, мастер, цех бастығы болды, сырттай оқып мұнай техникумын бітірді.

“Мен Атыраудың ғана емес Маңғыстаудың мұнайын игеруге көп үлес қосқан адаммын!” Бұл – Ислаш ағаның өз сөзі. Оны мақтанғандық, не өзін өзгелерден жоғары қою деуге өсте болмайды. Шындығы осы. Қыстың ақ боранында, жаздың аптап ыстығында, көктем мен күздің суыра соққан дауылында Маңғыстау түбегіндегі бұрғылау қондырғыларындағы ерен еңбектерін былай қойғанда, оның мына бір ерлігін айтпасқа болмайды.

1957-61 жылдары Исекең Маңғыстау өңіріне алғаш бұрғы қадаған адамдардың бірі екені тағы рас. Бүгінде

жұртшылыққа кеңінен мәлім Бозашы, Жетібай мұнай көзін ашуға белсене ат салысты. 1959 жылы Маңғыстауда қатты қыс болып, бұрғылау қондырғысы үш ай бойы тоқтайды, себебі қар қалың болуына байланысты Таушықтан Форт-Шевченкоға қатынас болмай қалады. Бұрғышылар жұмысқа жаяу барады, машина болса жоқ. Оның үстіне олар көдімігі жерден қазып жасаған жеркепеден тұрған, қыста іші суық, тамақ жеткіліксіз. Жұмысшылардың жағдайы осындай бола тұрса да үкімет пен компартия жоспар орында деп тықсыра береді. Сол жылы Алматыда Батыс Қазақстанның бесжылдық жоспарын бекіту мәселесіне арналған алқалы жиын болады. Исекең ол кезде Маңғыстауда Бозашы, Жетібай участкілерінде терең бұрғылау қондырғыларында бұрғышы болатын. Аталған жиналысқа озат бұрғышы ретінде Исекең де шақырылады. Төралқада СОКП Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі Юрий Владимирович Андроповпен және басқа да басшылармен бірге отырады. Бұрғышы жігіт ұзақ сонар баяндамаларға құлақ түреді, қарап отырса, бәрі керемет тәрізді, жоспар туралы шұбатылған цифрлар... Сценарий бойынша озат бұрғышы ретінде өзі де сөйлеуі керек. Үкімет пен партия атына арналған мадақтау, екпінді сөздермен тастай етіп дайындалып, қолына ұстатылған үш-төрт бет қағазды шиыршықтай берді. Ақыры сөйлейтін кезек бұған да келді. Күн қақты палуан денелі жігіт керзі етікке үйреніп қалған аяғы жеңіл бөтенкеге көңіле алар еместей арсын-гүрсін мінберге көтерілді. Мойындағы қылғындыра таққан галстукті сәл босатып, қолындағы қағазды мінбердің шетіне ысырып қойды да білген орысшасымен сөзін бастай жөнелсін. Алғашқыда оның қимылында, акцентінде, орысшаны бұзып сөйлегеніне залда қыран-топан күлгендер де болды. Оған саатын Исекең бе, әй бір көсілді-ай дейсіз. Бұрғышы сөзін бірден сыннан бастады,

ештеңе жасырған жоқ, баттита айтылған кемшіліктер залдағы күлкіні сап тыйды. “Бұрғышылар жағдайы жаман. Үш ай қыста көлік болмауына байланысты жұмыс тоқтады, бұрғышылар саршұнақ тәрізді жерден қазған жеркепеле тұрады, іші суық өрі сыз, тамақ мезгілінде жеткізілмейді, жоспар болса орындалмайды...” Төралқаға көз қиығын салғанда өзінің әр сөзін Андроповтың ыждағатпен тыңдап қалғанын, ал жергілікті басшы қызметкерлердің көздерімен жер шұқып отырғандарын байқалы. Регламенттен де асып кетті, ешкім қой дей алмады. Гурьев, Маңғыстау мұнайшыларының айтуға ауыз бара бермейтін әлеуметтік-тұрмыстық ахуалдарын, материалдық-техникалық деңгейдің тіпті нашарлығын, бір сөзбен айтқанда, жағдайдың адам төзгісіз екендігін тілі жеткенше түсіндірді. Аянған жоқ, шеншекпенің бар деп ешкімді аяған да жоқ. Кеңес Одағы кезінде үлкен мінберден бұлайша сөйлеу не аңғырттық, не ерлік еді. Бұл Исекеңнің нағыз ерлігі еді. Сол алқалы жиыннан кейін мұнай саласының жергілікті басшыларының біразы жылы орындарымен қоштасты. Маңғыстау, Гурьев мұнайшыларының өмірінде үлкен бетбұрыс басталды. Қалың қарды, құмды, батпақты жерді көктей тіліп өтетін, бұрын көз көрін, құлақ естімеген “Урал”, “ГАЗ-66” тәрізді әскери машиналар келді. Бұрғышылар жеркепелі тастап, шатырлы үйлерге, жылы вагонеткаларға қоныс аударды. Маң дала төсінде барлаушылар мен мұнайшылар поселкелері бой көтерді. Техника, керек-жарактар лек-легімен жеткізіле бастады. Бұрғылау қондырғыларына су жеткізу, ауыз сумен қамту мәселесі оң шешімін тапты. “Батыс Қазақстанда мұнай өнеркәсібінің дамуында Андроповтың еңбегі орасан, кейін өзі СОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы болды ғой. Сол жылдар көңілде әлі сайрап тұр” деп Исекең өткенді еске алады. Біздіңше осы үлес алдымен Ислаш ағаның өзіне қатысты, кім біледі, егер ол сол жолы жиналыста мәселенің ашығын айтпағанда, мұнайшыларға көзқарас пен қамқорлық бұл өңірде бірнеше жылдан кейін қолға алынар ма еді, қайтер еді...

Ислаш Молдағалиев – Жылыой, Маңғыстау, Ақтобе, Қосөзен аралығындағы

мұнай кеніштерінде өзіндік қолтаңба қалдырған адам. “Мен мастер, цех бастығы болып 25 жыл жұмыс істегенімде басқарған ұжымым бесжылдық жоспарды үнемі 3,5-4 жылда орындауға қол жеткізген” деген сөздің астарында қандай еңбек жатқанын байқау қиын болмас. Ол “Құрмет белгісі” ордені мен бірнеше медальдардың иегері, оның ішінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жанқиярлық еңбегі үшін берілген медальді ерекше қастерлейді екен. Сонымен қатар “КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі” атағын да алған. Басқаны былай қойғанда, жүзге тарта грамоталары бар дегенге күй сеніңіз, күй сенбеңіз, шындығы осы.

Жетпісінші жылдардың бас кезінен ұзақ жылдар бойы Исатай ауданында скважиналарды күрделі жөндеу мекемесін басқарып, “Жайық-мұнайгаз” басқармасының табысына мол үлес қосты. Скважиналарды күрделі жөндеу жұмысы өте ауыр учаске. Жүздеген, мыңдаған метр тереңдіктегі тұрбаның басындағы насосты ауыстыру, мұнай көздерін ашу немесе оны цементтеу, забойды жуу тәрізді жөне басқа жер астындағы операцияларды атқару оңай шаруа емес. Қысқасы, жер асты скважина жабдықтарын жөндеушілер мұнайға “шомылып” жүреді. Ілме ауыр кілттер мен тұрбаларды қайыстыра бұрап жатқан жігіттерге Исекеңнің бастық екенмін деп қарап тұрмай, білек сыбана көмектесе кететін сәттері аз кездеспейтін. Үзілісте жөндеушілерге қызықты өңгіме айтып күлкіге де қарық ететіні тағы бар. Біреуге ашуланса қатты айтып, ашуы басылған соң арқасынан қағып, әкесі сияқты еркелетіп жіберетіні тағы бар.

Скважина жер асты жабдықтарын жөндеу үшін алдымен тұрба бойымен лықсып тұрған мұнайды кері тебу үшін скважинаны цемент ертілдісімен тұншықтырады. Сондай бір жөндеу кезінде жер қабатынан тепсінген газ арадас мұнай қатты қысыммен атып кетеді. Ысқырған дыбыстан құлақ тұнады, қапелімде сасып қалған жөндеушілер кері шегінеді. Айналаны көзді ашып-жұмғанша көк тұман басады да кетеді. От алып тұрған техникалардың үшқынынан орталап ете қалса, онда скважина маңы сұмдық жалынға оранбақшы. Санаулы секундтар! Цех бастығы Исекең үстіндегі қарақол жағалы қалың пальтосын шешіп алып фонтанға қарай

жолбарысша атылды. Жер қабатынан қатты қысыммен ысқыра атқылаған мұнай тұманына сүнгіп кетеді де газ аралас сұйық атқылап жатқан тұсты пальтосымен жабуға күш салады. Кездескен кедергіге шамырқанған қатты қысым төніп қалған қалқанды кері серпи жұлқытуда, бірақ Исекеңнің қуатты білегі мен қайратты қолдарына төтеп бере алмағандай сол саябырсыды. Сол кезде естерін жиған жігіттер скважинаға қайта ұмытылып, тиісті тетікті жауып үлгерді. Сол санаулы секундтардың ішінде газ аралас мұнайдың қатты қысымы қалың пальтоны дәл-дүл етіп турап тастаса, ал Исекеңнің екі білегін бірнеше жерден ұстарамен тілгендей қызыл қан етті. Оған мойыңытын Исекең бе, фонтан басылғанына қуанды, өзін жігіттер дереу ауруханаға жеткізді. Сол бір өлім мен өмір белдескен қас қағым сәтті көзімен көрген мұнайшылар бастықтарының ерлігін өлі күнге жыр қылып айтады.

Елде “Исекең айтыпты” деген ұтқыр сөздерді жиі естисіз. Скважиналарды күрделі жөндеу мекемесін басқарып жүргенде бір күні ауатком төрағасы шақырады, жігіттеріңді алып, қайықпен теңізден қамыс шауып, кеңшарларға жемшөп дайындайсындар дейді. Исекең жөңдейтін скважина көп, адам аз деп шынын айтып қарсылық білдіреді. Елге сыйлы, бірсөзді, беделді ауатком төрағасы айтқанынан қайтпайды. Ақыры болмағасын Исекең:

— Біз скважиналарды қаңтарып қойып қайықпен теңізден қамыс шабуға барады екенбіз, ал сонда ауатком төрағасының өзі не бігіреді? — деп қойып қалмай ма. Бұрыннан өзімен нағашылықпен жиенділігі бар ауатком төрағасы не күлерін, не ұрысарын білмей, саусағымен есікті меңзеп “шық” деген көрінеді. Исекеңнің күтіп отырғаны осы екен, есікті тәре жауып шығып жүре беріпті, ал пішен мәселесі сөйтіп аяқсыз қалыпты.

Осы жылы көктемде Атырауға барғанымда маған телефон шалып, хабарласты: “Өзіңмен кездесуім керек, білесің бе мен де прокуратура ардагерімін ғой. Кезінде Ұлы Жеңіс мейрамдарында Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры мен облыс прокуратурасынан құттықтаулар алғанмын...”. Ол өңгімесін өзінің соғыс жылдары прокуратурада атшы болғанынан бастады. Құқық тәртібі туралы айта келіп, өзінің ширек ғасыр бойы аудандағы халық жасақшыла-

ры штабының бастығы болғанын, оның тиімділігін дәлелдей отырып, оны барлық жерде қайта жаңдандыру керек деді. Бір сәт жабырқау тартқан ақсақал былай деп өңгімесін жалғастырды:

— Ұлы Отан соғысы жылдарында он бір жасқа қараған шағымда аудандық прокуратурада атшы болып жұмыс істедім. Әкем Молдағали, атам Бағытжан соғыстан оралмады. Үш атты бағу, арба-шаналарды күтіп ұстау, отын дайындау менің міндетім болды, тәулігіне 16-18 сағат жұмыс істеймін, сонда алатын жалақым 220 сом, ал бір қалаш нанның бағасы 100 сом еді. 1944 жылы ақпан айында прокуратура үшін жылытатын отын дайындап жатқанымда бір көзіме ағаш жаңқасы тиіп, қазіргіше айтқанда, өндірістік жарақат алдым. Кейін сол көзді 1963 жылы Астрахань клиникасында операция жасатып, алдыртып, орынына протез қойдырдым. Көзімдегі протезді жыл сайын Алматыға барып ауыстырып тұруым керек, оған қаражатым жоқ, оның үстіне екінші көзім де ауырады. Өзім де, зайыбым да екінші топтағы еңбек мүгедегіміз, дәрі-дәрмек болса қымбат, зейнетақы күнкөріске өрең жетеді. Сондықтан тиісті орындарға жәрдемақы туралы мәселе қойып жүрмін...

Тағы бір айтайын дегенім, аурулы-сырқаулы зайыбым екеуіміз аудан орталығы Аққыстау поселкесінде тұрамыз. Әйелімнің аурулығы себепті дүниеге келген он бір баланың бәрі де қайтыс болды. Жас ұлғайған шақта ауылдық жерде тұру қиындап барады, облыс орталығынан ішінде барлық жағдайы бар жайлы үй де ала алмай жүрмін. Мұнай саласына бір кісідей еңбегім сінді деп есептеймін. Әлі де қоғамдық жұмыстардан қол үзіп көрген емеспін, “Жайықмұнайгаз” басқармасындағы ардагерлер кеңесінің төрағасымын. Күш-қуатым барда халыққа, жастарға қолымнан келген көмегімді жасасам деймін.

Исекең қызыл сөздің адамы емес. Ол тек шындығын айтады. Қарт мұнайшының өтініш-тілегін бөз қалпында келтіре кетуді жөн санадым, ақсақалдың бұрылып халін сұрар ізбасар-өріптестері жоқ емес шығар?!

... Ислаһ аға сағатына қарады. “Қазір аудандық әскери комиссариатта бір комиссия болатын еді, соның мүшесі едім” деп асыға қоштасты. Сол баяғы ширақ та жігерлі қалпы, жетпісті мойындайтын түрі жоқ.

Болат ҚАБДӨШЕВ,
Алматы энергетика және байланыс
институты әлеуметтік пәндер кафедрасының
аға оқытушысы, тарихшы

Самат ИБРАИМ,
журналист-заңгер

БЕЙМӘЛІМ ТАҒДЫР

немесе

комиссар әрі прокурор болған Боран Айтмағамбетов туралы
тарих нақартары шерткен сыр

1997 жылы Қазақстан прокуратура-сының 75 жылдық мерейтойы қарсаңында осы жолдардың авторлары архив құжаттарымен танысып, 1922 жылы 22 шілдеде елімізде алғаш прокуратура құрылғаннан кейінгі кезде оны әр жылдары басқарған республика прокурорларының аты-жөндерін анықтаған болатын. Сол жолы жылдарға бөлгенде республика прокурорлары туралы мәліметтер мен суреттерін табуға қол жетті.

Бұл ізденістің нәтижесі басылым бетінде жарияланғаны оқырмандарға мәлім. Әрине, онда республика прокуратурасын басқарған адамдардың бәріне қатысты толық мәліметтерді бірден таба қою оңай болмады, сондықтан да алмағайып отызыншы жылдардың ішінде қадағалау органын басқарған Боран Айтмағамбетов, Шамухан Тәукеханов, Жүніс Көрпебаев туралы деректер өте сирек ұшырасты, тіпті кездеспеген еді. Прокуратура тарихын зерттеудегі соңғы жылдардағы ізденістеріміз аталған адамдар туралы толығырақ мәліметтер алуға, прокуратура тарихына тереңірек бойлауға көмектесті.

1930 жылдардың бас кезіндегі ел басына күн туған зобалаң уақытта Қазақстан әділет комиссариаты мен республика прокуратурасын қоса басқарған Боран Айтмағамбетов кім еді, оның өмір жолы мен қызметі қандай, тағдыры не болды, міне, осы сауалдарға бұл мақаламызда жауап іздеуге күш салдық. Алдымен Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатында сақтаулы жеке ісіндегі өз қолымен толтырылған өмірбаяндық құжатына көз жүгіртелік, онда: “Мен, Айтмағамбетов Боран 1901 жылы Орал губерниясы Гурьев уезінің Сарыкөл болысында дүниеге келдім. Менің әкем Айтмағамбет 1912 жылға дейін байларға

жалданып күнелткен батырақ болатын. 1912 жылдан Доссорда бұрғышы болып, сол жерде 1919 жылы қайтыс болды. Мен өзім 1911-1914 жылдары Гурьевте қазақ мектебінде оқыдым. 1914 жылдан 1915 жылға дейін жеке меншіктегі шаруа қожалығында от жағушы, 1916 жылға дейін аула сыпырушы, 1916-1918 жылдары Ембі мұнай өндірісінде майлаушы болып еңбек еттім” (ҚРПА, 141., 1 т., 11554-іс, 9 п.) деп жазыпты. 1930 жылы БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің бюро мүшелігіне өткен кезде жазған өмірбаяны бұл. Өмір тауқыметін көп көрген әкесі Айтмағамбет баласының оқығанын қаласа керек, еңбекке ерте араласқан Боран бұл жазбасында өзінің жұмысшы табының өкілі екендігін тәптіштеп жазған.

1916 жылы қазақ даласын дүбірге бөлеген көтерілістер мен 1917 жылы қос төңкеріс жас Боранның көзқарасының қалыптасуына, саяси оқиғалардың мәнісін түсінуге жетелегені анық. Ол сол кезде орыс тілін меңгерді, саяси оқиғалардың жұмысшы табы өкілі ретінде бел ортасында жүрді. 1927 жылға дейін Доссорда және Мақатта мұнайшы, Еділ-Жайық мемлекеттік балық аулау тресінің жұмысшысы, тіпті Гурьев-Доссор темір-жол құрылысын салуға да қатысады. Тұрмыстың ауыртпалығын көп көрген төзімді Боран жұмысшылар арасында беделге ие болады.

Өндіріс саласында көп жыл еңбек еткен тәжірибелі жұмыскер әрі таптық тегінің жұмысшы болуы оның жоғары қызметке өрлеуіне жол ашады. Соның бір мысалы, 1927 жылы маусымда өткен жұмысшылардың алқалы жиынында Боран Айтмағамбетов Тау-кен жұмысшылар одағының Орталық басқарма төраға-

сының орынбасары болып сайланады. 1929 жылдың наурызында Қазақ кеңестік кәсіподақ мекемесіне бөлім меңгерушісі қызметіне жоғарылатылады. Сол жылдың қыркүйегінде Б.Айтмағамбетов БОКОК (ВЦСПС) жапындағы кәсіподақ қозғалысының Жоғарғы мектебіне оқуға жіберіледі.

Алты айлық оқуды тәмамдап, еліне оралған Б.Айтмағамбетов Қазөлкекомның шешімімен 1930 жылдың сәуірінде өділет комиссары және республика прокуроры болып тағайындалады. Сөйтіп, ол Қазақстан үкіметі мүшесі ретінде заң саласын басқаруды қолына алады. Өзінің алдында осы лауазымда әр жылдары істеген Ш.Бекмұхамедов, М.Атаниязов, Н.Нұрмақов, Ж.Сәдуақасов және тағы басқалар сияқты өмірдің ашы-тұщысын татқан азулы саясаткер өрі қайраткер дәрежесіне әлі көтеріле қоймаған, сондай-ақ мамандығы заңгер де емес Боран Айтмағамбетовтың бірден мұндай жауапты қызметке жоғарылауын таптық тегімен, сол кездегі саясатқа орай “тазалығымен” деп түсінуге болады. Өз қарсыластарын билік басынан 1930 жылға дейін түгелге дейін аластатқан Қазөлкекомның хатшысы Голощекин “топшылықпен бүлінбеген” жаңа кадрларды өз еркінше іріктей бастаған кезі. Мәскеуден оқып келген жұмысшы табынан шыққан Боранның ыңғайлы кандидатура болғандығы сөзсіз.

Б.Айтмағамбетов жаңа қызмет тізінін қолға ұстаған уақыт ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, индустрияландыру, астық-ет дайындау, таптарға қарсы күрес тәрізді шаруашылық өрі саяси науқандардың қызған шағымен түспа-түс келді.

Бірден айта кетелік, прокуратура, сот органдары 1930 жылдары өділдікті қорғайтын функциядан айырылып, партия органдарына тәуелді болып қалды. Байларды төркілеу түсында прокуратура қызметкерлері мұндай іске мүлдем қатыстырылмады. Үкім шығаратын атакты “Үштіктің” құрамына партия хатшысы, атком төрағасы, Бірлескен Мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ) өкілі енгізіліп отырды.

1930 жылдың 1 ақпанында КСРО ОАК-і және РСФСР ХКК-інің “Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру шаралары және кулактарға қар-

сы күрес” деп аталатын қаулысында екі мәселе айырықша қойылды: жалдамалы жұмыс күшін пайдаланатын жеке шаруашылықтардың құқығы көрсетілген заңдардың күшін жою және жаппай ұжымдастыруға көшкен өлкелер мен автономиялық республикалардың үкіметіне кулактарға қарсы күрестің шараларын қолдануға, яғни төркілеп, жер аударуға дейін еркіндік берілді.

Қазақстан үкіметі де осы бағытта бірнеше қаулы-қарарлар қабылдап, малды жасыру, сойып алу, салықтан бас тарту, алыпсатарлықпен айналысу, байлардың жалған колхоз құруы, таптық тегін жасырып сайлауға-сайлануға қатысуы және т.б. әрекеттерге қарсы қолданылатын жаза күшейтілді. Аталған шараларды жүзеге асыру облыс, аудан прокурорларына, халық судьялары мен тергеушілерге тапсырылды. Алайда прокуратура, сот органдарының істі қарау тәртібі мен ОГПУ-дің, “үштік”, “бестік” комиссияларының құзырында алшақтық болатын. Оның соңғылары саяси науқандар түсында төтенше жазалаушы орган ретінде үкімді сол жерде шығарды. Ал прокуратура мен соттарда бұл істер айғақтармен дәлелденуі үшін арнайы тергеу жүргізілетін. Осындай зобалаң уақытта өділет және прокуратура органдарын басқарған Б.Айтмағамбетовке оңайға түспегені анық, оның жеке басын айыптау да қиын. Себебі оның жеке көзқарасын бейнелеген немесе қаралайтындай іс-қылығын көрсететін құжаттарды кездестіре алмадық. Ал ол кезде бір нәрсе анық еді, сол 30-шы жылдары партия нұсқауын орындамау, қарсы шығу дегеніңіз өлімге бас тігумен бірдей болатын. Оған мысал да жеткілікті, айталық, 1932 жылдың 8 қарашасында Молотов пен Сталиннің Қазақстан басшылығына жолдаған нұсқауы бәрін де шошындырғаны мәлім. Астық дайындаудағы “қиыншылықтар” мемлекетті алдауға құрылған дей отырып, онда: “если в кратчайший срок не будет организован в республике действительный перелом в хлебосдаче они (ЦК и СНК) будут вынуждены прибегнуть к мерам репрессии...” (КРПА, 141 к., 1 т., 5235-іс, 139-140 п.) деп бір-ақ кеседі.

1933 жылдың қаңтарында өділет комиссары және республика прокуроры міндеті ажыратылып, республика прокуратурасы

әділет комиссариатының жанында қала берді. Б.Айтмағамбетов өз бұйрығымен қаңтардың 9-ында Республика прокуроры міндетін атқаруды бірінші орынбасары Мырзагүл Атаниязовқа тапсырды. Сот органдарына қарап келген тергеу аппараты енді прокуратура құзырына көшіріліп, алғаш рет прокуратура жеке басшысы бар орган ретінде комиссариат құрамында жұмысын бастайды. Ал кейінгі Қазақстанның дербес прокуратурасы қызметі көрнекті мемлекет қайраткері Сүлеймен Есқараев есімімен байланысты екендігі белгілі.

1933 жылдың шілдесінде Б.Айтмағамбетов әділет комиссары міндетінен босатылып, өзі туып-өскен Гурьев округтік атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалды. Бұл – Боранның қоғам қайраткері ретінде ұйымдастырушылық қабілетінің жарқырай көрінген тұсы. Ол енді бар күш-жігерін Голошекиннің ұрлажық саясатынан аман қалған ауылдардың есін жидыртып, шаруашылықты қалпына келтіруге жұмылдыруға жұмсады. Осы өлкенің бас көтерер зиялы азаматтарымен бірлесіп ел еңсесін көтеруге құлшынды. Қазақстан Орталық Атқару комитетіне, Халком кеңесіне округ басшылары жолдаған құжаттарда Гурьев аймағындағы аштық апатының көлемі, оған қажетті көмектің мөлшері, атқарылған шаралармен қатар нақты орын алған оқиғалар да айтылып отырған. Мысалы, мына бір жеделхат Халком кеңесіне Ұзақбай Құлымбетов атына түскен екен: “Гурьевтен... азық-түлік қиыншылығынан Қарабұғазға, Байрамалыға, Түркіменстанға, Махачкалаға ауа көшушілер күшейе түскені байқалады. 14 тамызда Махачкала бағытындағы параходпен 200-ден астам босқын кетті. Бозашы аймағының 18, 19-ауылдары топ-тобымен далада босып жүр... Мұқтаждарға көмек мәселесін мұнан өрі кеңіктіру – босқыншылықты, одан да ауыр зардаптарды тудырады. Округте ешқандай ресурстар жоқ, көмек те алған емеспіз. Біздің 9-тамыздағы сұранысымызға Сіздерден жауап келмеді, осы мәселені жедел түрде шешуіңізді өтініп сұраймыз. Акботин, Айтмағамбетов” делінген. Өкінішке орай мұндай жергілікті тұрғындарға шын жанашырлық жеріңдік деп бағаланып, бүкпесіз ашық айтылған шындықтар жоғарыда отырған басшылардың кейбірін шошындырса керек. Көп кеңікпей партия комитетінің

1935 жылғы ақпанындағы шешімімен Боран Айтмағамбетов Батыс Қазақстанның Қазталов ауданына 1-хатшылыққа ығыстырылып жіберіледі. Кезінде республика әділет комиссары өрі прокуроры болған елге танымал болып қалған қайраткердің округке, кейін ауданға дейін қызметінің құлдырауы қуғындалудың басы еді.

Иә, отызыншы жылдардағы қазақтың бас көтерер азаматтарын аямай қуғындалған қасіретті белдеуден Боран Айтмағамбетов те сау қала алмады. 1937 жылдың күзінде алғашқылардың бірі болып Б.Айтмағамбетов “халық жауы” деген айыппен тұтқынға алынып, “жапон тыңшысы” болып шыға келді. Батыс Қазақстан облысында қабылданған шешімнің негізінде Орталық партия комитетінің бюросы сол жылғы 25 желтоқсанда өткен мәжілісінде Б.Айтмағамбетовты қызметінен алынғанын растап, оны барлық дәрежесінен айырды. Сойтіп, 1929-1935 жылдары ҚАКСР ОАК-нің мүшелігіне кандидат, 1930-1933 жылдары Қазөлкекомның бюро мүшесі, БОКОК (ВЦСПС) мүшелігіне кандидат, бірнеше мәрте Қазақстандық және Бүкілодақтық съездерге қатынасқан Боран Айтмағамбетов жау атанып, бір жылдай НКВД жендеттерінің қолынан алам төзгісіз қорлық көреді. Ақыры, Қ.Құлымбетов тобында Кеңес өкіметіне қарсы белсенді өрекет жасаған “фашистер шпионы” деген жала жабылып, 1938 жылдың 13 қарашасында РСФСР Жоғарғы Соты алқасының үкімімен ату жазасына кесіледі. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр кешкен Боран Айтмағамбетов үшінші мүшелге толғанда, яғни небәрі 37 жасында нақақтан нақақ құрбан болды. Бұл оның нағыз ел үшін қызмет етер толысқан, көзқарасы қалыптасқан шағы болатын. КГБ-ның архив қоймаларындағы құпия құжаттарға сүйеніп жасалған репрессияға ұшырағандар туралы кітаптан Боранның да аты-жөнін таптық. 1958 жылдың сәуірінде ешбір кінәсі дәлелденбегендіктен оның ақталғанын да оқылық. Алайда жанұясы, туған-туыстары туралы ешбір мәлімет кездеспеді. Қайткенде де биыл туғанына 100 жыл толатын Боран Айтмағамбетов секілді алмағайып заманда қызмет істеп, жазықсыз репрессия құрбаны болған есімі кеңес дәуірінде ескерусіз қалған есімдерді елге таныстыру тарих алдындағы, аруақтар алдындағы парызымыз деп саналдық.

ӨРКЕНДІ ӨМІР ӨЛДІ ДЕУГЕ БОЛА МА?..

Өмір деген ұлы өзен еш пенденің көңіліне қарамастан, өз арнасымен ағары заңды. Әр күнің көзді ашып-жұмғанша тарихқа айналып жатқан асығыс уақытта алды-артынды бажайлауға мұршаң болмайтыны тағы рас. Бірақ, қайткенмен де, төңірегімізден өткен күндердің белгісін, аға ұрпақтың өнегелі істері мен өзиз есімдерін іздеп телмірмесек, ертен бізді де келер ұрпақтың жоқтай қоюы неғайбіл. Облыс прокуратурасы тарихынан өшпес орын алып, небары 44 жасында бұл дүниеден өтіп кеткен Фамшах Жақыпұлы Құтқожаның облыстық прокуратура мұрағатында сарғайып жатқан құжаттарын ақтарып отырып, осындай ойға берілдім.

Бүгінгі Батыс Қазақстан облысының Тайпак ауданында 12-ауыл деп аталатын елді мекен бар. Бұл сонау Кеңес өкіметі құрылған уақыттан бері қарай өмір сүріп келе жатқан ауыл болатын. Бүгінде Тайпак ауданының тарап кеткені белгілі. Ал, ауылдың тағдыры не болғаны белгісіз. Айтайын дегеніміз, 1927 жылдың 10 желтоқсаны күні осы ауылдың қадірлі азаматтарының бірі Құтқожаұлы Жақыптың шаңырағында бір ұл дүниеге келді. “Елде жоқ есімді қойсақ көз тимес” деген ырыммен оның атын әке-шешесі Фамшах деп қойды. Жас бала кішкене күнінен білім құмар болып өсті. Бүгінде қатары сиреп қалған тұстастарының айтуына қарағанда, ол мектепте өте жақсы оқыпты.

Соғыс жалмаған балалық шақ өзге замандастары секілді Фамшахты да ерте есейтті. Соғыс біреулерге қайғы-қасірет әкелсе, біреулерге ырыс болғаны да жасырын емес. Мәселен, ауылдағы соғысқа жарамай қалған ферма басқарушысының ел басына әңгір таяқ ойнатқаны сол кезде бала болса да Фамшахтың жүрегіне жара салғаны сөзсіз. Әділетсіздіктің талайына куә болып, аңқау елге арамза “молда” болған озбырларға тісін қайрап өскен Фамшах бала кезінен-ақ заңсыздық пен қылмысқа жаны қас болып өсті. Ол озбырлар мен әпербақандарды тезге салатын заң қызметкері болуды сол кезде-ақ армандаған еді.

Өз ауылындағы орта мектепті 1945 жылы жақсы бітірген Фамшах сол жылы-ақ Есбол аудандық әскери комиссариаты жанындағы әскери есепке отырғызу үстелінің бастығы болып жұмысқа орналасты. Мектептен соң бірден оқуға кетуді жағдайы көтермеген. Көңілі жарымжан жұрт соғыстың біткеніне қуанғаны болмаса, елдің жай-күйі мен тұрмыс-тіршілігі ол кезде күйсіздеу болатын. Бір жылдай жұмыс жасап, тапқан-таянғанын жамбасқа басқан Фамшах келесі жылы Алматы заң институтына оқуға түсіп, оны 1952 жылы қызыл дипломмен бітіріп шықты. Сол жылы Қазақ КСР Бас прокуратурасы тергеу бөлімінің прокуроры болып тағайындалып, бұл қызметті 1958 жылға дейін атқарды. Айта кету керек, сол елуінші жылдарда Бас прокуратурада Гурьев облысынан барып қызмет атқарған адамдар саусақпен санарлық қана еді. Сол санаулылардың бірі талантты прокурор Фамшах Жақыпұлы болды. Бұдан соң да өрденгейдегі прокуратура органдарында жауапты қызметтер атқарған Фамшах Құтқожа алпысыншы жылдардың ортасында Индер аудандық прокуратурасына тергеуші болып тағайындалды. Осы қызметте ұзақ жылдар істеген ол 1971 жылы 44 жасында Индербор поселкесінде қайтыс болды. “Ер – туған жеріне” демекші, талай жоғары қызметті абыроймен атқарып, сан жүздеген тағдырлардың алғысын алған асыл азамат Алматыдан атақұлдігіне жетуге асыққан екен ғой. Алайда, Фәкеннің өзі өлсе де көзі өлген жоқ. Артында тұяғы қалды. “Әке корген оқ жонар” демекші, жалғыз ұлы Парасат бүгінде оның жолын жалғастырып, прокуратура органдары саласында абыройлы қызмет атқарып келеді. Қазір Атырау облысы прокурорының бірінші орынбасары, аға заң кеңесшісі Фамшахтың заңыбы Ханымжан Кенжебаева апай бүгінде Алматы қаласында тұрады. Қара шаңырақтың отын өшірмей, түнін түтетіп отыр.

– Фамшах өсте де дүние-байлыққа қызыққан адам емес, – дейді ол туралы замандастары, бүгінгі көне көз қариялар. – Ол прокурор болып тұрған кезінде ешқандай үкімет наградасын да алған жоқ.

Оған награданы оның әділдігіне тәпті болған халықтың өзі берді. Бір жағынан награда алуға Фамшахтың өзі тым жас та болды. Қара қылды қақ жарған әділдігі үшін оны ұнатпайтындар да кездесетін. Өмірден тым жас кеткен соң ба, оның өзін есіміне марқұм деген сөзді қосудың өзі аянышты болады да тұрады. Ол небары 44 жасында бұл жалғанынан баз кешігі кетті ғой, бозым-ай!

Арқалағаны алтын болса да, қара басы өмірден елеусіз өткен талантты прокурордың бүгінде көзі тірі тұстастары осылай толғанды. Осы орайда, менің ойыма қазақ әдебиетінің классигі Оралхан Бөкей айт-

қан мына бір қанатты сөз орала берді: “Ұлылық — жалған дүниені жалпағынан басу емес, артына өшпес із қалдырып, арғымаққа мінгендей асығыс зулап өте шығу. Яғни, өз өміріңді оқыс, өрі әдемі аяқтау”. Бәлкім, Фамшах Күтқожаға да осындай ерекше тағдыр бұйырған шығар. Факен де өз өмірін оқыс та, әдемі аяқтапты. Алайда, “Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған” деп Абай айтқандай, артына ел айта жүрер із тастаған, өз жолын жалғастырған ұрпақ қалдырған Фамшахты өлді деуге бола ма? Әрине, жоқ.

Александр РОТЕНБЕРГ,
1985-86 жылдардағы Атырау
қаласының прокуроры

ҰСТАЗ

Әрбір қызмет адамының өмірінде өзінің еңбек жолының бастауында ықпалы тиген, келешегіне пешуші әсері болған, ғұмыр бойы ұмытылмас ұстаздары болады. Мен үшін сондай қадірлі кісі, қалалық прокуратурадағы алғашқы қадымды бастағанда басшым болған ұстазым, сол кездегі қала прокуроры Файнеден Дәулетиярұлы Дәулетияров еді.

Ол бөлек бітімді тұлға болды. Кәсіби деңгейі жоғары, мінезі жайсаң, белесті, дана адам. Үйретері мол, тағылымды басшы.

Файнеден Дәулетиярұлы жас қызметкерлермен жұмыста “еркін жүзу” әдісін таңдады. Бұл не деген сөз? Мәселен, ол қызметті жана бастаған жас тергеушіге қылмыстық істің орташа қиындықтағы түрін тапсыралы да оның сапалы аяқталуын талап етеді. Осылайша тергеудің бастауы игеріледі. Бірақ сырттай қарағанда жұмсақ көрінгенімен, басшы ретінде қырағылығын бір сәт те төмендеткен емес, істі тергеуді ешқашан да назарынан түсіріп көрген емес.

Көптің көзінше жіберген кемшіліктерің мен қателіктерің үшін қатты айтқанмен, сенің дұрыс бағыт-бағдар табуыңа ерінбей көмектеседі де. Қажет кезінде ауызша да, жазбаша да ақыл-кеңестер беріп отырады.

“Дәулетияровтық” бұл әдіс өзінің таң қаларлық нәтижелерін беретін. Тергеудің сапасы мен мерзімі аз ғана күрделі істерде ғана емес, шым-шытырық күрделі істерді тергеуде де жоғары деңгейде болатын еді.

Кейін қала прокуроры болған кезімде Файнеден Дәулетиярұлының көрігінде шыңдаған әдістерді өз қызметімде жиі қолданып отырдым. Жеңіл қызмет деп атауға болмайтын қала прокуроры жұмысын атқару үстінде онымен салыстырып, жиі кеңесуіме тура келді. Өзімнің прокурорлық қызметімде белгілі нәтижеге қол жеткізген шағымда бірінші басшым болған, бұрынғы қала прокуроры Файнеден Дәулетиярұлы Дәулетияровты еске алып, шын жүректен шыққан алғысымды арнаудан таңған емеспін.

Кеңес ТҰРЫШЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

АҒАНЫҢ АҚ ЖОЛЫ

әскери тергеушіден аудан прокурорына дейін

Марқұм қарт әжем Әсия айтып отырушы еді. Соғысқа аттанған біздің үйден Қабдолмәжит, Дүйсенғали, Жұмажаннан

соғыс біткенше еш хабар болған жоқ. Тек қана Қабдолмәжиттен “қара қағаз” келді де, Жұмажан мен Дүйсенғалидың өлі,

тірісін білмей екі көзіміз төрт болып жүргенде, Жұмажаным соғысты Берлиннен аяқтап, сонда жылға жуық арнаулы комендатурада офицерлік қызмет атқарып, ауылға аман-сау келді-ау, өйтеуір. Әкесі Тұрыш үш бірдей ұлынан соғыстан оралған жалғыз Жұмажанына ұлан асыр той жасап жатқанда, прокурор Мұғал кіріп келіп, “Капитан Тұрышев, сдай оружие” демесі бар ма? Мұндайды кім көрген? Үсті-басы қызыл жасыл барқыт, омырауы толы орден Жұмажаным аң-таң? Берлинде болып, спец комендатураның доссорлық офицері үйіне қару алып келді деп, қазақ қарап жүре ме, лақап таратса керек. Соны естіп, Тәжікыздың Мұғалы біздің үйге өз аяғымен келді. Сталиннің сұсты заманы, алғыатар түгіл, артық ауыз ашуға қорқасын. Обалы не керек, Мұғал әділеттің ақ жолын аттамаған, зиялы азамат қой, жүрген жеріне қадірлі, артына сөз ермей, абыройлы болды ғой...

Әжемнің осы сөзі күні бүгінге дейін құлағымда күмбірлеп тұрғандай. Жұмыс бабымен мұрағаттарды ақтарып жүргенде, прокурор Зайыров Мұғалдың жеке ісі деген қалың хаттама көзіме түсті. Бұдан қырық жылға жуық уақыт бұрын айтқан әжемнің өңгімесі есіме еріксіз түсті...

Иә, сол Мұғал ағам. Кішкентай кезімде Әйібімнің құрдасы ғой, деп талай алақанымен маңдайымнан сыйпаған өз ағаның әскери тергеушіден аудан прокурорына дейін өскенін өзі жоқ болса да, өзінің қолымен жазған, сарғайған прокуратура парақтарынан суырптақтап, сыр тартып отырмын.

Зайыров Мұғал 1913 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Ботахан селосында балықшы, кедей-шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі Есқалов Зайыр шала сауатты адам болса да, көзі ашық, көкірегі ояу, адамға алалық жасамайтын, ауылдағы аузы дуалы ақсақалдардың бірі болған. Жастайынан Зайырдың зердесіне қарап өскен ұлы Мұғал да ақиқат деген ақ жолмен жүруге белін бекем буады. 1940 жылға дейін өзі туып-өскен Теңіз ауданында, балық колхоздарында, кеңес органдарында әр түрлі қызметтер атқарады. “Бал ұстаған бармағын жалайды” демекші, балықшылардың аудан шыққан балықтың бір бөлігін жасырып қалатындықтары балаң Мұғалды қатты ма-

заландыратын. Талай рет звено, бригада жетекшілерін өзі заң қызметкерлеріне ұстап берді. Қырағылық, барынша әділетке бой ұру бала Мұғалдың прокуратура органына жұмысқа келуіне себепші болды.

1940 жылдың шілдесінің 2-сінен, облыстық прокуратураның тергеу бөлімі прокурорының көмекшісі болып, жұмысқа орналасады. Кейін осы бөлімнің прокуроры болды. Жұмысқа кіріскен алғашқы күннен бастап-ақ, ол өзіне тапсырылған істі өте мұқият, үлкен жауапкершілікпен атқарып, ұжым мүшелерінің көзіне іскерлігімен түсе бастайды. Бұл пікірге мынадай құжат куә бола алады.

ГУРЬЕВ ОБЛЫСТЫҚ ПРОКУРАТУРАСЫ БАСҚАРМАСЫ БОЙЫНША БҰЙРЫҚ (№ 008 5), 1940 ЖЫЛҒЫ ҚАРАША

Облыстық және қалалық прокуратура коллективі Октябрь социалистік революциясының 23 жылдық және Қазақ ССР-інің 20 жылдық мерекесі құрметіндегі социалистік жарыста жұмыс сапасын жақсартып, алға қойған міндеттерін мінсіз атқарудағы жеке үлесі үшін облыстық прокуратураның тергеу бөлімінің бастығы А.Қасаевқа, оның көмекшісі М.Зайыровка, хатшы А.Букашевқа алғыс жариялап, сыйақы төленсін.

Гурьев облысы бойынша прокурор Тюрешов.

Мұғал Зайыров 1942 жылдың қаңтар айында Ұлы Отан соғысына аттанады. Әскер қатарына қабылданған күннен бастап, жас қазақ жігітінің іскерлігін, орыс тіліне жетік сауаттылығын зерттеп білген бөлімше бастығы оны әскери Қызыл Армия академиясының заңгерлер құрамының білімін жетілдіру курсына оқуға жіберіп, ол оны 1942 және 1943 жылдың мамыр айында үздік бітіріп, әскери тергеуші, әділет лейтенанты деген шен алып, алғы шепте соғысқа кірісіп кетеді. 1942 және 1943 жылдары Қызыл Армия қатарында айрықша тапсырмамен маңызды мәселелерді тергейтін әскери тергеуші ретінде Балдай, Чкалов, Орал, Ижевск әскери гарнизондарының прокуратураларында жұмыс істеп, соғыстың алдыңғы шебіндегі жауынгерлермен бірге болады. Тергеушінің жауынгерлерді Отанға берілгендікке үндейтін жалынды сөзі, үлгі-өнегесі оларға ерекше жігер

беретін, жеңіске құлшындырып, фашизмге деген өшпенділік отын тұтандырып, намысқа қайрайтын. Оның бұл қасиетін соғыс кезінде оған берілген мынадай қызметтік мінездемеден айқын көреміз:

...Балтық әскери майданы № 100 атқыштар корпусының әскери тергеушісі Зайыров Мұғал – Отанына шын берілген патриот, идеологиялық, моральдық сеніміне берік, ұстамды, таза кіршіксіз. № 100 атқыштар корпусында 1943 жылдың қазан айынан 1944 жылдың қаңтар айына дейін әскери тергеуші болып жұмыс істеген жылдары өзін тәртіпті офицер, тапсырылған істі дәл уақытында және сапалы орындайтын, қиын майдан шебінде дұрыс бағыт-бағдар алып, шешім қабылдай алатын нағыз әскери маман ретінде қалыптасты. Жеке құрам – солдат, сержант, офицерлер арасында соғыстан қашу керітартпа пигылды жауынгерлердің қандайына болмасын тойтарыс беріп, корпус, бөлімше басшылығы алдында оларды әшкерлеп тәрбие жүргізіп отырды. Тұтас корпус, әскери прокуратурасы алдында тұрған міндетті шешуге елеулі үлес қосты, офицерлер арасында құрмет пен беделге ие болды.

Калинин облысы, Невельский ауданы, Харино деревнясы маңында болған ауыр шайқастың өтінде болған, 1944 жылдың 13 қаңтарында міндетті қызмет тапсырмасын орындау үстінде М. Зайыров оң аяғынан ауыр жарақаттанып, госпитальға түсті. Корпус прокуратурасына тергеудегі істері мен құпия құжаттарын ауыр жарақатына қарамастан түгел тапсырды.

ӘСКЕРИ ПРОКУРОР, ӘДІЛЕТ МАЙОРЫ МУРАШКИНЦЕВ

Төрт-бес ай госпитальда емделіп шыққаннан соң, қайтадан ұрыс даласына аттанады. Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін Мұқан 1946 жылдың қыркүйегіне дейін Удмурт АССР-інің Ижевск қаласының әскери гарнизонында тергеуші болып қызмет істеп, содан кейін туған жеріне – өзі бұрын қызмет істеген Гурьев қаласындағы прокуратураға жұмысқа келеді. Мұғал Зайыров 1946 жылғы қазанның 23-інде Мақат ауданының прокуроры қызметіне тағайындалады. Соғыста шындалған әскери тергеуші, ауданның азаматтық өміріне белсене араласып кетті. Халық шаруашы-

лығын қалпына келтірудің қиын кезеңдері, мемлекеттік меншікті талан-тараждан көздің қарашығындай сақтау жолындағы прокурорлық қадағалау, қорғау жұмыстарының сан-салалы арналары аудан прокуроры Мұғал Зайыровтың басшылығымен ойдағыдай жүзеге асып жатты. Саяси ұстамды, ауданның партия, кеңес органдары қызметкерлері арасында үлкен беделге ие болып, бірегей іс-қимыл танытудың нәтижесінде құқық қорғау жұмыстары сол жылдары облыста алдыңғылардың қатарында мақтанышпен аталып жүрді.

Тіл-көз бе, ел арасындағы қаңқу сөз бе, әлде бір-бірін көре алмаушылық па, қайдам өйтеуір, Мұқаңа қалыпты жұмыс істеуге кесе көлденең тұратын кедергілер көбейе берді. Зұлмат жылдардың зобалаң ызғары аудан прокуроры Зайыров Мұғалға да тиді. Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының Гурьев облыстық комитеті бюросының 1952 жылғы тамыздың 26-сындағы шешімінде айтылған: “Зайыров Мұғалдың өкесі Ескалов Зайыр өте ірі алыпсатар-саудагер болған балық аулау кемесін ұстаған жалдамалы шаруа, кедейлердің еңбегін пайдаланған, сол үшін 1929 жылы партиядан шыққан, өкесінің інісі Тайыр да ірі кулак болған, колхоздастыру, коллективтендіруден тыс қалған” деп айыптап, әділеттің ақ жолымен он екі жылдан бері жемісті еңбек етіп келе жатқан абзал ағаға да салқынын тигізіп, оны жұмысымен қоштасуға, партиядан шығаруға мәжбүр еткен.

“Ақтың отын ақымақ сөндіре алмайды” демекші, алты жылдай аудан прокуроры болған, содан кейінгі жылдарда аудан экономикасын нығайтуға лайықты үлес қосқан, адамгершілігі мол қайрымды азамат атанған марқұм Зайыров Мұғал есімін Қазақстан Республикасы Прокуратурасының мерейтойы сәтінде іттипатпен еске ала отырып, Мұқанның зайыбы Төжікыз апайды, қызы Менешті және балалары мен немерелерін аталарының кәсіптік мерекесімен құттықтау – біз үшін биік парыз секілді. Қара қылды қақ жарған, әділеттің ақ жібін аттамай, бүкіл саналы өмірін ақиқат жолына арнаған Мұғал ағайға арналған осы естелік-еңбегім ескерткіш болса олінің де, тірінің де аруағы риза болар-ау...

АДАЛДЫҚТЫ ЖАНЫНА СЕРІК ЕТКЕН

Әдетте баспасөз бетінде істеген қызметіне, қоғамдағы орнына қарай немесе тұрмыстық жағдайлармен әркім жайлы жазылып жатуы мүмкін. Сондай-ақ, аудандық газетте де талай жауапты қызмет атқарған адамдар туралы айтылғаны айқын. Ал бірақ осы бір көп сөзге жоқ, байсалды да байыпты, сырын білмегенге жан дүниесі жұмбақ адам туралы алтыстан асқанша ешқандай лебіз білдірілмеген екен. Бұл мүмкін Қабыл Темірәлиев ағамыздың ұзақ жылдар бойы бір орында — прокуратурада істеуіне байланысты болған шығар. Әлде өзінің қандай қызметінде де өзгелер алдында өзін жарқыратып көрсете бермейтін қалтқысыз қарапайымдылығынан ба екен? Қайткенде де бұл күнде құрметті демалыста жүрген Қабыл аға туралы бір үздік сыр шертудің иңғайы келген сияқты.

— Сіз, немене, мені қайта-қайта шақыра бересіз?! Қазір бізде жұмыстың нағыз қызған шағы, ертең күн суытып кетсе жұмысшылар қалай істейді? — деп тергеушінің алдына келген жігіт ағасы менменсіне қарады.

— Оны да түсінемін, аға, — деді прокуратура тергеушісі Қабыл Темірәлиев, — Бірақ Сіз де мені түсінуге тырысыңыз. Іс қозғалғаннан кейін оны тергеп біту уақыты бар. Бәрі дау тумайтындай әділ болуы керек. Көзбе-көз сөйлесіп, тексермей, қалай сотқа жолдай аламын. Оның үстіне қылмыстық жауапкершіліктен қаша алмайтын жағдайдасыз.

— Жолдас тергеуші, не десең о де, мен райком хатшысына айтамын. Маған жұмыс істеу керек. Мен ештеңе жеп қойған жоқпын, — деп ол орнынан ширақ тұрды да шығып жүре берді.

Үлкен кісі болған соң, тергеуші жігіт те жұлқынып шығып, қайта отырғызған жоқ.

Кешікпей-ақ тергеушінің телефоны шылдыр етті. Соғып тұрған ауапарткомның бірінші хатшысы екен. Ол жаңағы үстінен қылмыстық іс қозғалған жігіт ағасының жайында сөйлесіп, әзірше тергеуге алмауды сұрап тұр.

— Болмайды, ағасы, — деді сонда Қабыл бойына ерекше қайрат біткендей, ол кезде партия басшысына қарсы сөйлеу жүрегі түкті ерлерге де жат еді. — Қылмыс жасаған екен, сотта айқындалуы керек. Ақ-қарасын тексеруіміз қажет. Біз заңға ғана бағынатын қызметкерміз, қасыңызда отырса қайтадан бізге келуі тиіс, кешіріңіз.

Мұны естіген хатшы не істерін білмей қалды. Тергеушінің тегеурінді қылығына іштей өкпелеп қалғанымен үндей алмады.

Ақыры осы іс бойынша сот болып, тиісті адамдарға жаза кесілді. Тергеудің таза жүргені белгілі болды. Мұндай жайлар Қабыл ағаның өмірінде қаншама кездесті десеңізші. Алпыс жасқа келгенше 12 жыл тергеуші, ал қалған уақытта прокурордың көмекшісі болып, аса жауапты қызметін адал да абыройлы өткерген Қабыл ағамыздың қашан да халыққа қарар беті ашық. Өйткені ол ешкімге қиянат жасаған жоқ, қара қылды қажарған әділдікті басты бағдар етті. Тергеуші шын мәнінде прокуратураның толарсақтан саз кешіп жүретін қара жұмысшысы сияқты. Ақты ақтағанша, қараны қаралағанша тергеуші жаңықаншама күй кешеді десеңізші. Бірақ қызығы — қашан да сотталып келгендер Қабыл ағаның қолын алып, қате өзінен кеткендігін айтып, тіпті кейіннен дос, жолдас боп сыйласып жүретіндігін қайтерсің. Мұның бәрі әділдік пен адалдықтың арқасы болса керек.

Қабыл аға 1939 жылғы қаңтарда қазіргі Құрманғазы ауданының Өленді кеңшарында балықшының отбасында туған екен. Темірәлі әкесі өзі бес жасқа келгенде қайтыс болады, шешесі Райхан оны “қанаттыға қақтырмай, түмсықтыға шоқыттырмай” аялап өсіреді. Сүйікті анасы баласының қызығын көріп 1986 жылы қайтыс болған еді. Қабыл — баланың кенжесі болатын. Өзінен басқа Фазыл, Мақұл, Серік деген ағалары бірге өскен, өкінішке орай, кейіннен екі ағасы қайтыс

болды. Сондай-ақ Бәтін апасы өмірден озды. Ләтипа апасы бар. Шешелері Райхан он саусағынан өнері тамған кісі еді. Әсіресе, киіз үйдің басқұрлары мен үзкітін бауларын, алашаларды шебер тоқитын, оюлы киіздер басатын. Қиын жылдары сол еңбегін сатып ұл-қызын асыраған. Ал балалары танның атысы, күннің батысы сабақтан босай сала балық аулайтын.

Қабыл аға Ганюшкиндегі Абай орта мектебінде оқыды. 1958 жылы мектепті жақсы бағамен бітіріп, аудандық сотта екі жылдай хатшы болып істеп, бірден-ақ заңдылық пен құқық сақтау саласына бейімделіп кетті. Онда бұрын Мақұл ағасы істеген еді, оның ақыл-кеңесі буыны жаңа қатая бастаған жігітке рухани нәр болды, жетекке тез еріп, азаматтық танытты.

1961 жылы Қазақ Мемлекеттік университетіне оқуға түсті, бірақ оны әр түрлі себептермен бітіре алған жоқ. Бір айта кетер жай — ол тұтас қызмет істеген уақытта кадр туралы бетшені аяқталмаған жоғары оқу орны деген анықтауышпен жазумен өткізді. 1964 жылы Қазақ ССР Бас прокурорының жолдамасымен Қызылқоға аудандық прокуратурасына тергеуші болып орналасты. Ал келесі жылы Индер ауданы Махамбеттен ірге бөліп, өз алдына шаңырақ көтергенде, осында сол қызмет дәрежесімен келді. Ол кезде аудандық прокурор Рахметолла Ғұбайдуллин еді, ол кісімен қызметтес болды.

Ал 1967 жылы ол облыс орталығына ауысып, қалалық прокуратураның тергеушісі болып қызмет істеді. Бірақ үйкүй жоқ жүру жас жігітті мойытып тастады. Ақыры арызымен босанып Индерге қайтып келіп, газ құбыры басқармасына күзет бөлімі бастығы болып орналасты. Осы кәсіпорыннан жайлы үш бөлмелі үй алды. 1966 жылы Ақыл атты бір әдемі қызбен көңіл жарастырып, шаңырақ көтерген болатын. Өмірге Ләззат атты қыз, ал 1975 жылы Қайрат атты ұл келді. Қазір Ляззат санэпидстансаның бас дәрігерінің орынбасары, ал Қайрат өз өкесінің жолын қуды. Жолдасы Ақыл Нығметова ұзақ жылдардан бері аудандық кітапханада абыройлы қызмет атқарып келеді. Ол қазір жас қызметкерлерге өз тәжірибесін жалықпай үйретуден талмайды. Еңбегі лайықты бағаланып, жұртшылық құрметіне бөленіп жүр.

1971 жылы аудандық прокуратураға тергеуші болып орналасты. Сөйтіп ол қызметті табаны күректей он екі жыл атқарды, ал 1982 жылдан зейнеткерлікке шыққаннан кейін де 1977 жылдың 15 мамырына дейін прокурордың көмекшісі болды. Зейнеткерлікке де тиісті жеңілдікпен шықты, құқық сақтау саласында барлығы 29 жыл істеді.

Иә, Қабыл аға осы кезде әділдіктен жазбады, жұмыстас болған прокурорлармен ортақ тіл тапты. Олар да Қабекеннің іскерлігін, принципшілдігін, заң алдында адалдығын ерекше бағалай білді. Ол ауданда прокурор болған Рахметолла Ғұбайдуллин, Қадір Нұржанов, Әліп Әбуов, Жомарт Тегісбаев, Есенжан Досанов, Әміргали Жанаевтардың тұсында тергеуші, көмекші болып, талай адамның тағдырына араласты.

Ауыр қылмыстардың түйінін шешу қаншама адам жанына салмақ түсіреді десеңізші. Мемлекет мүлкін ұрлау, лауазымдық дәрежесін пайдаланып қылмыс жасау, өйел зорлау, төбелес, маскүнемдік сияқты талай істерге батыл араласты, дер кезінде анықтауға барлық күш-қуатын арнады. Бұрын тергеушілер үшін қажетті техникалық құрылғылар болмады, тіпті дыбыс жазу аппараты да жоқ еді. Видеоқұрылғыларды тек шетелдің киноларынан көретін. Көлік те жоқ болды. Оның үстіне құқық сақтау қызметкерлерінің еңбек ақылары да өте төмен еді.

— Жағдай тек еліміз егемендік алған тұста, әсіресе республиканың Бас прокуроры Жармақан Тұяқбаев болған кезде дұрысталған сияқты, — дейді ардагер аға. — Прокуратура қызметкерлерінің еңбекақысы өсті, ұзақ жылғы еңбегіміз, шеніміз үшін төлейтін болды. Кезекті демалысқа шыққанда да жеңілдік бар. Әрине, мұның бәрі құқық сақтау органы қызметкерлерінің алаңсыз қызмет атқаруына жасалған мемлекеттің қамқорлығы екендігі сөзсіз.

Енді Қабыл ағаның ізін баласы Қайрат басып, прокурордың көмекшісі болып қызмет істеп жатыр. Ол Атыраудағы Х.Досмұхамедов атындағы университетті бұдан екі жыл бұрын бітірген болатын. Сонан кейін мектепте сабақ бере жүріп Алматыдағы Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтының заңгерлік факультетіне сырттай түсіп, оны биыл жақсы бітіріп шықты.

— Есіңізде тергеуші қиындығымен қалған істер бар ма? — деп сұрадық Қабыл ағадан.

— Қай-қай қылмыс та немесе іс те жауапкершілікпен тексеріледі ғой. Әсіресе кезіндегі аудандық мәдениет бөлімі, сүт зауыты, комхоз, училище ғимараты, Өрліктегі бір топ жастардың қылмысы ауыр тергелгені есте қалыпты. Сүт зауытында тергелген 40 том іс қағазын облыс орталығынан екі қап етіп әкелгеніміз бар. Бұл іс негізінен, облыс арқылы тергелді ғой, — дейді Қабекең.

Ол ауданда сот судьясы болған Тасболат Қабдиев (марқұм), Дәулет Сабдановтармен түсінесе қызмет атқарғанын ілтипатпен айтады. Қабекеңнің еңбегі лайықты бағаланып облыстық көлемдегі сыйлықтармен марапатталып отырылды.

Қабыл аға құрметті еңбек демалысында болса да прокуратурамен тығыз байланыс жасайды. Әсіресе, жас кадрларға өзінің өмірлік тәжірибесін айтып отырады. Оның осындай ізгілікті қамқорлығын облыс прокуроры Мұқтар Жорген-

баев та игі тілекпен құптаған. “Өз баланды да өзіндей адал да іскер қызметкер етіп шығар” деп арнайы айтқаны бар.

— Қашан да адамды талап қанаттандырады — дейді ол, — Мысалы, кезінде Есенжан Досанов осы прокуратураның шофері еді. Кейіннен Саратовтан оқын келіп прокурор болды. Ал қазір облыс прокурорының бірінші орынбасары.

Иә, I дәрежелі заңгер Қабыл Темірәлиев ағамыз осындай өзіне тән ғұмырымен, кіршіксіз адалдығымен онеге боларлық жан десек қателеспесіміз кәміл. Достық пен жолдастық парызды адамгершілікпен түсінеді, тұрмыста қиындық көргендерге шамасы келгенше көмектесуге тырысады. Мысалы, бірінде Қабдол деген оқытушы жолдасының баласы кісі қолынан қаза тапқанда, оның қайғысына ортақтасып, бар шаруасына жәрдем жасады. Ал мұндай жақсылықтары аз кездеспейді.

Қабекең 60-қа толғанда сұхбаттаса алмағанмен, орайы келіп өңімеге тартқанымыз осы кез болды Жасыңызға жас қосыла берсін, аға!

Төлерегін ЖАҢАБАЙҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағы
сыйлығының иегері

I. АРДАҚТАЛАР АЛДЫҢҒЫ ТОЛҚЫН БАР

ОТЫЗЫНДА ОТАН ҮШІН ОПАТ БОЛҒАН қайран ер Омар Юсупов майданға аттанғанға дейін Атырау прокуратура органдарында қызмет істеген.

Бұдан алпыс жыл бұрын басталған соғыстың салдарынан қалтарыста қалған құпиялар қанша ма? Солардың бірі — отызыншы жылдардың аяғы мен қыркыншы жылдардың басында Атырау прокуратура органдарында қызмет істеген Омар Юсуповке қатысты.

Редакцияға жиырма бірінші ғасырдың табалдырығынан аттағалы тұрғанымызда Махамбет ауданының орталығынан алпыс жастың төңірегіндегі сары өңді, ақ шашты, жайдары жүзді азамат келіп, өзін Орынбасар Омарұлы Юсуповтың деп таныстырды. Қолында Махамбет аудандық “Жайық шұғыласы” газетінің 2000 жылғы сәуірдің 15-індегі саны бар. Оның екінші бетін тұтас алып жатқан “44-тің қырыңы... Жалғыздан жайылған жапы-

рақ” атты мақала мен суреттер Ұлы Отан соғысында қаза тапқан офицер Омар Юсупов пен марқұмның ұрпағы жайлы баяндайды екен. Журналист Бағыт Көшербайұлының осы мақаласында Омар Юсуповтың аудандық прокуратурада қызмет істегені, 1941 жылғы желтоқсанның басында Гурьев облысының прокуроры Б.Тапаловтың қолы қойылып, оған облыстық прокуратураның аға тергеушісі деген куәлік берілгендігі жазылған. Үш айдан кейін Орынбасар өзінің жеке мұрағатынан әкесінің майданнан жолдаған хатының бір парағын, суреттерін әкелді.

Бір жақсысы, Омар Юсуповтың өмір жолы мен қызметі туралы шежіредей сыр шертетін жеке ісі облыстық прокуратураның мұрағатында толық сақталған болып шықты. Онда бір емес, төрт бірдей кадрды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы бар. Сондай-ақ, өз қолымен латын әрпімен жазған өмірбаяны да бірнешеу.

Қазақ ССР-інің Бас прокурорының, облыс прокурорының қызметке тағайындау және әскер қатарына шақырылуына байланысты атқарып жүрген қызметінен босату жөніндегі бұйрықтары, аудандық, облыстық партия комитеттерінің оны Бақсай аудандық прокуратурасына тергеушілікке ұсынған бюро мәжілістерінің хаттамалары және басқа да құжаттар сақталған.

Омар Юсупов 1914 жылы Қызылқоға ауданының № 5 ауылында (кейін Мақат ауданының № 17 ауылына қарады) туып, Тайсойған жиегіндегі Кермақас мектеп-интернатында оқиды. 1931-33 жылдары Доссор кентіндегі қалалық өнеркәсіп училищесінде оқып, бұрғышы мамандығын алады. Содан кейін "Ембі-мұнай" кәсіпшілігінде, Индер борат құрылысы мекемесінде, Таңдай ауылындағы "Гурьев" кеңшарында әр түрлі жұмыстарда болады. 1937 жылғы желтоқсанның 15-інде Бақсай аудандық халық сотына хатшылық қызметке орналасады. Бір жыл жарымға жуық уақыттан соң, оны аудандық халық сотындағы қорғаушылық лауазымға ауыстырады. Сол 1939 жылғы тамыздың 15-і күні Бақсай ауданының прокуроры Н. Мұқанбетов облыс прокуроры К. Төрешевтің атына қатынас қағаз жолдап, Юсупов Омарды аудандық прокуратураға тергеушілік қызметке бекіткен аудандық партия комитеті бюросы мәжілісінің хаттамасын, кадрды есепке алу жөніндегі жеке іс парағын және өмірбаянын жібере отырып, оған толтыру үшін еңбек кітапшасын беруді сұрайды. Аупарткомның бюро мәжілісінің хаттамасында оның жақсы жақтары, партияға кандидат екені (билет № 1661767), жазасының жоқтығы, сотталмағаны көрсетілген. Сонымен қатар, аупарткомның ұсынысы облыстық партия комитетінің тамыздың 19-ындағы бюро мәжілісінде талқыланып, қабылданғаны обкомның хатшысы Опутин қол қойған № 114 хаттамалардан суырмада көрініс береді. Мәжілістің екеуіне де өзі қатынасқан. Міне, содан кейін барып Омар Юсупов республика прокуроры И. Барановтың қазанның 4-індегі № 411 бұйрығымен Бақсай аудандық прокуратурасына халық тергеушісі болып бекітіледі. 1940 жылғы қаңтардың 20-сынан бастап Орал қаласындағы заң қызметкер-

лерін даярлайтын алты айлық курста білімін жетілдіреді.

Әр салада қызмет істеп, ысыған жас жігіт халық тергеушісі қызметінде өзін көрсете білгенге ұқсайды. Оған дәлел — облыс прокуроры Б. Тапаловтың 1941 жылғы қазан айында берген өндірістік мінездемесі. Онда 1940 жылдан КП(б)К мүшесі Юсупов Омардың Бақсай аудандық прокуратурасында халық тергеушісі болып қызмет істеген кездерінде жүргізген 41 ісінің 40-ы тергеліп бітіп, сотқа жолданғаны, сотта қысқартылған, қайта тергеуге қайтарылған істері болмағаны нақты айтылған. Мінездемеде, сондай-ақ, оның өз жұмысын тиянақты атқарып, тапсырылған іске адал қарайтындығы, төртіпті, ұстамды екендігі жазылған. Сол жылы қазанның 1-інен бастап облыс прокурорының № 165 бұйрығымен ол Бақсай аудандық прокуратурасының халық тергеушісі қызметінен босатылып, Гурьев облыстық прокуратурасының аға тергеушісі лауазымына жоғарылатылады. Бірақ О. Юсупов өзінің орысша білмейтіндігін, қалалық жерде, әрі үлкен қызметте істеуге білімінің жетімсіздігін, сондықтан облыстық прокуратурадағы жұмыс өзіне қиынға соғатындығын алға тартып, аудандық көлемдегі қызметте болмаса, бұл лауазымда істегісі келмейтіндігін бүкпесіз ашық айтып, ол орынға бекітпеуін сұрап республика прокурорының атына өтініш жібереді. Әйтсе де, сол кездегі кадр тапшылығының салдары ма, оның тілегі қабылданбайды. Сірә, осыдан кейін ұзақ толғаныстан соң барып, Омар майданға өз еркімен жіберуді сұраған болуы керек деген жорамал туындайды. Ол жөнінде жеке іс парағында ештеңе жоқ. Тек облыс прокуроры Б. Тапаловтың 1941 жылғы желтоқсанның 9-ындағы өз бұйрығымен оны әскер қатарына шақырылуына байланысты облыстық прокуратураның аға тергеушісі қызметінен босатып, жүргізіп жүрген істері мен материалдарын аға тергеуші Перевейносқа тапсыртқан.

Қысқа өмірінің дәл төрт жылын осылайша құқық қорғау органдарында қызмет істеуге арнап барып, ел басына күн туғанда, Отан қорғауға сұранған қайсар азамат Омар Юсупов алғашқыда Ақтөбе қаласында әскери дайындықтан өтеді. Сержант шенін алады. Артында қалған

сүйікті жары Аққонаш пен жалғыз ұлы Орынбасардың қолында Ақтөбеден майданға аттанар алдында 1942 жылғы наурыздың 19-ында жазған хаты сақтаулы. Сағынышқа толы сарғайған хат. Өкінішке орай, ондай үшбу хаттар көп емес еді. Өйткені, от пен оқтың ортасында жанкешті күйде жүрген жауынгердің елге сәлем жолдауға мұршасы бола бермейтін. Омар соғыстың бір тұтам жер үшін қиян-кескі қырыққан, нағыз ушығып тұрған шағында Калинин майданына тап болып, небір кескілескен шайқастарды бастан өткерді. Солардың бірінде көрсеткен жанқиярлық ерлігі үшін “Қызыл Жұлдыз” орденімен марапатталды. Кіші лейтенант шені беріліп, артиллерия взводының командирлігіне тағайындалған Жайық бойының өрені ақтық демі біткенше алдыңғы шепте жүрді. Ауыр жараланып, әскери госпиталь кереуетіне таңылған кезі де болды. Сапқа қайта оралып, жауды өкшелей қуар сәт туғанда үміт оты жанып, елге қайтар күндер жақындай түскендей өсер құшағында жүретін. Оның бәріне сирек те болса келген үш бұрыш хаттарда шертілген жүрек жарды сырлар қуә. Не пайда, Омардың асыл арманы орындалмады, дегені болмады. Неміс фашистерін жан алқымнан қысып, Балтық жағалауына тықсырғанда жау Латвия жеріне табан тіреп бақты. Пампали селосы маңындағы ұрыста 1944 жылғы желтоқсан айының ең соңғы күні, дәл жаңа жылдың алдында қайран ер Омар Юсупов ерлікпен қаза тапты. Сөйтіп, ол санаулы сағаттардан кейін келетін жеңісті жылдың төбесі көрінгенде, оған жете алмады.

Омардың жесірі Аққонаш күйеуінен қалған құжаттардың, хаттар мен суреттердің барлығын қозіндеі көріп, жәдігердей сақтап, 1964 жылы әскер қатарында қызмет етіп жүріп қысқа мерзімді демалысқа келген жарынан қалған

жалғыз жапырағы – баласы Орынбасар Омарұлына тапсырып отырып, әкесінің қабірін іздеп табуды аманаттаған еді. Есті ұл ана өтінішін мүлтіксіз орындап, іздеу салған. Ақырында Салдуский ауданының әскери комиссары, майор С. Руденкодан Аққонаштың атына жіберілген анықтама алады. Анықтамада оның ері, 1914 жылы туған кіші лейтенант Юсупов Омар 1944 жылғы желтоқсанның 31-інде қаза тауып, Латыш ССР-інің Салдуский ауданының “Пампали” жауынгерлік туыскандар зиратында жерленгені хабарланады. Міне, жаңалық! Мұны білген Орынбасар өке мүрдесі жатқан жерді көргенше асығады. Жүрегі алып ұшып жетсе әкесінің аты-жөні мәрмөр құлпытаста қашалып жазулы тұр екен. Оның алдында тұрғандағы тулаған сезімді айтсайшы! Өлгені қайта тіріліп, өшкені қайта жанғандай.

Қияндағы латыш жерінде жатса да қиын-қыстау шақта жауға қарсы шайқасқа баруға өз еркімен сұранған, жеңісті күндерді жақындатуға өзіндік үлесін аянбай қосқан Омар Юсуповтың аты өшпепті. Ескерткіш құлпытастағы жазу соны айғақтайды. Сонымен қатар, есімі “Юстиция Қазақстана” деген кітапқа да енгізілді. Жалғыз тұяқ Орынбасардан екі ұл, бір қыз өрбіді. Серік пен Берік бірі шекарашы, бірі теңізші болып әскери қызметте болып қайтты. Қызы Айгүл тұрмысқа шыққан. Орынбасар мен оның жан серігі Тәнзила екеуі, немерелі, шөберелі, ұзақ жылдар бойы орман шаруашылығында абыройлы еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан аналары, бүгінде өже Аққонаштың көз қуаныштары, көңіл шуақтары.

Отыз жасында Отан үшін опат болған Омар Юсупов ертеңгі ұрпақтың, елдің келешегі жолында өмірін сарп етті. Мұндай өрен азаматты ардақтап, есімін қастерлеу жалғаса беруі қажет-ақ. Солай болуға тиісті заңдылық бұл.

АЙБАРЫ ӘДІЛДІК

Отызыншы жылдардың аяқ шені қымқиғаш қайшылықтарға толы кезең болды. Қазақтың жақсылары мен жайсаңдарын “халық жауы” деген желеумен ұстап, айдап, атып қоздерін құртқан шақ. Бұл дүрбелең Атырау аймағын да айна-

лып өтпеді. Міне, осы тұста Гурьев облысы құрылып, өз алдына шаңырақ көтерді. Жаңадан іргесі қалана бастаған облысты, оның аудандарын ілгері жетектейтін білікті басып кадрлар ауадай қажет болатын. Бірақ зұлмат жылдар

жұмырында кеткен зиялылардың орнын басатындар тым тапшы еді-ау. Әсіресе, заңгерлерге зәрулік күшті. Сол кезде алдыңғы ілекте Орал-Каспий мемлекеттік балық тресісінде кадрлар бөлімінің нұсқаушысы болып қызмет атқарып жүрген Нығмет Мұқамбетов назарға ілікті.

Облыстық партия комитетінің хатшысы Қалдыбай Байменов ойламаған жерден Нығметті өзіне шақыртып алды да, көп бипаздап жатпай:

— Сені Бақсай ауданына прокурор етіп жібергелі отырмыз, — деп төтесінен қойып қалды. Бәрін кесіп, пішіп қойыпты. Өмір жолы, тегі жайлы деректер алдында хаттаулы жатыр. Түп-түқиянына дейін біліп отыр. Күні бұрын зерттелген.

Жігіттің маңдайынан мұздай тер бүркітті. “Прокурор бол дейді. Ол қолымнан келер ме екен, сірә, — деген ой қанын басына тептірді. — Бар бітірген оқуы — Гурьевтегі екінші дәрежелі орыс-қазақ мектебі. Рас, тресте кадр бөлімінде істеген алты жылында сауаттылығымен, айналасындағыларға жұғымдылығымен ауызға іліккені бар. Обком хатшысына шақыртылар алдында біреулер әлденеше қағаздар толтыртып алып, жоқтан өзгені сұрағыштап жүрген. Сондағылары осы қызметке даярлық екен ғой”. Нығмет өзінің заңгерлік білімінің жоқтығын айтқысы келіп оқтала беріп еді, хатшы алдын орап тастады.

— Ең бастысы, жұмысыңа мұқият бол. Өзгесін қызметке кіріскен соң көресің. Білімің де жетіледі. Жақсы, жолың болсын, — деді ол осымен әңгіме бітті деген сыңай танытып.

Бейтаныс сала болса да Нығмет жаңа қызметке бірден құлшына кірісті. Облыстық прокуратураны басқарып отырған Қалқан Төрешевтің, оның орынбасарларының, бөлім бастықтарының кеңестерін тындап, көкейге түйді. Заң жөнінде жазылған кітаптарды, қолда бар басылымдарды оқып, үйренуге тырысты. Сол 1938 жылы Алматы қаласындағы заң қызметкерлерінің білімдерін жетілдіретін екі айлық курста оқу оның прокурорлық қызметтің мәні мен мағынасын, мақсаттары мен міндеттерін тым тәуір ұғынуына жол ашты. Ел ішінде асыра сілтеу салқыны сейілмеген, адамдардың бір-бірлеріне күдікті көзбен қарайтын мезгілі болатын. Сөйте тұрса да заң-

дылықты қалпына келтіру, қадағалау, тергеу істеріне кедергі келтірушілер, қылмысты ашуға көпе-көрнеу тосқауыл қоюшылар табылмай қалмады. Бірде колхоз басқармасының төрағасы Мұстафин дегеннің қоғамдық малды талан-таражға салғаны, саттырып, түскен қаржыны бас пайдасына жаратқаны анықталды. Бірақ, оны қызғыштай қорғап, қанатының астына алушылар жоғарыдан да, төменнен де қылаң бере бастады. Ұтырын, жолын тауып, төтелеп те, жанамалап та айтып, қылмыстық іс қозғамауын сұрағандар шықты. Сонда да аудан прокуроры алған бетінен қайтпады. Ақыры, Нығмет індетте қазып, үлкен қылмыстың бетін ашып тықты. Сот Мұстафиннің ісін бұрмаламай қарап, оны 15 жылға бас бостандығынан айыруға үкім шығарды. Бұдан кейін орынсыз жерге пышақ ұрып, жөнсіз қолқа салушылар сап тиылды. Нығмет адал прокурор атанды. Қызметке кіріскеніне бір жыл толғанда партия мүшелігіне қабылданды.

Бақсай ауданындағы жұмысында шыншылдығымен, табандылығымен, қара қылды қақ жарған әділдігімен белгілі болған Нығмет Мұқамбетов 1943 жылы облыстық прокуратураның сотта қылмыстық істерді қарау заңдылықтарын қадағалау бөлімінің бастығы қызметіне жоғарылатылды. Екі жылдан соң Мәскеудегі Кеңес Одағы прокуратура органдарының басшы қызметкерлерін даярлайтын бір жылдық курсқа жіберілді. Оны бітіргеннен кейін Гурьев қаласының прокуроры болып тағайындалды. Бұл соғыстан кейінгі аса ауыр жылдар, сталиндік темір төртіптің дәуірлеп тұрған уақыты еді. Халықтың түрмыс-күйі төмен, қанша қаталдық үстемдік құрса да ұрлық-қарлық, мемлекет мүлкіне қол сұғушылық жоқ емес болатын. Осының бәрі түптеп келгенде қала прокурорына тіреліп, оның іскерлік қабілетін сынаған кез. Небір күйтырқы қылмыстардың түйіндерін шешуге, оңеркәсіп орындарындағы, мекемелердегі жолсыздықтарды жоюға, заңсыздықтарды тезге салуға Нығмет тиынақты басшылық жасай білді. Тұйықтан шығар жол іздеп, қысылғанда облыстық прокуратураның тергеу бөлімінің бастығы Есжан Жұмағазиевтен, аға тергеуші Дәуіт Әбішевтен ақыл-кеңес сұрап, көмегіне сүйенетін. Ол тұстағы облыс про-

куроры Бәйіш Тапалов қандай көреген адам болды?! Алдына барып, шыққанда марқайып, өрісің кеңейгендей өсерге бөленетінсің. Нығмет ақсақал сол бір жылдар бедерлерін еске алғанда осы адамдардың бейнелерін, парасат, біліктерін шынайы ықыласпен ойға оралтады.

Кеңестік кезеңде қалыптасқан дәстүр бойынша прокурорлар бір орында ұзақ отырмайтын, мекен ауыстырып тұратын. Осыған орай Нығмет Мұқамбетов республика прокурорының 1949 жылғы қарашаның 30-ындағы бұйрығымен басқа облысқа – Талдықорған аймағына жұмысқа жіберілді. Бөрлітөбе ауданында прокурор болған үш жылға жуық мерзімде тағы да іскерлік биігінен көріне білді. Бірақ, зайыбы Қамаштың денсаулығы нашарлап, табиғат өзгерту қажет болды да 1952 жылы туған өңірге сұранды. Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданында үш жыл прокурор болды. Содан кейінгі қызметі Мақат ауданында, Гурьев қаласында қайта жалғасты. 1955 жылы қала прокуратурасының таратылуына байланысты Нығмет өзге салаға қызметке ауыстырылды. Өзі еңбек жолын бастаған Орал-Каспий мемлекеттік балық тресісінде коммуналдық шаруашылықтың директоры, кейін облыстық балық шаруашылығы өндірістік басқармасының кадрлар бөлімінің бастығы болып жұмыс істеді. 1971 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін Маңғыстау түбегіндегі Баутино балық кәсіпшілігінде бұрынғы қызметімен сабақтас салада еңбек етті.

Қайда, қай салада жүрмесін Нығмет өз міндетін абыроймен атқарды. Еңбегі бағаланып, бірнеше медальдармен, грамоталармен марапатталды. Өмірінде адалдықты, әділдікті ар туы етіп ұстады.

Ешкімнен алым дәметпеді. Мемлекеттен ақысын төлемей бұрау ағаш алмады, теріс әрекетке итермелегендерге ермеді. Өзі ешкімге қаралық жасаған жоқ. Тоқсан жасқа таянған шағында сол қасиеттеріне өкінбейді, қайта мақтан тұта сөйлейді. Жылдар іздері өз дегенін істеген, үлкендік жеңе бастаған ақсақал бұрынғыдай еркін жүріп, тұра алмайды. Атырау қаласында төртінші ұлы Әлібек пен келіні Қатираның қолында. Олар үстіне шан жуыптай бағып отыр. Немерелері Гүлнәр, Талғат, Ғалияның атасына деген мейірімдері тіпті өзгеше ыстық.

– Мен, – дейді асықпай, ойланып-толғанып сөйлейтін Нығмет ақсақал өткен жолын еске алып, – 1912 жылы қазіргі Исатай ауданында туғанмын. Әкем Махамбет пен шешем Шайза мені оқытуға орыс-қазақ мектебіне берді. Қызметте де тамаша адамдармен істес болдым. Облыс прокуроры Қалқан Төрешев “Қонақтыққа шақырғанда бара берме. Біздің қызметте адалдық бірінші тұруы керек” деп нығарлаған. Ой-й, жарықтық-ай, тәуір адам еді-ау!

Нығмет ақсақал осыны айтты да көзін бір нүктеге қадап, ұзақ отырып қалды. Ойы әріні шарлап кеткендей... Біраздан соң барып зайыбы Қамаштың жақсылықтарын өңгімеге арқау етті. Ол 1991 жылы дүниеден озған. Екеуі төрт ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Майдан мен Мұрат, Роза Ақтау қаласында, Мұқтар Атырауда тұрады. Әр түрлі мамандық иелері, бөрі де үйлі-баранды. Шүкір, бөрінен немере сүйді.

Жастық дәуренінің кимас кезеңін прокуратура органдарында қызмет етуге арнаған Нығмет Мұқамбетов осындай абзал азамат.

ЗАҢҒАР ПАРАСАТТЫ ЗАҢҒЕР

Еңбек еткен орта өзгеше ыстықсың-ау сен! Бүкіл саналы ғұмырыңның сәнді де мәнді, салиқалы да сарабал кезеңдерін қоян-қолтық бірге өткізген ұжымның жөні тым бөлек – жанға жарасымды, жүрекке жақын. Ғайса Жапарұлы үшін өзі қырық жыл табан аудармастан қызмет істеген прокуратура органдары дәл сондай – өзіне сикырдай тартады да тұрады. Ол қашан да баяғы ақ жарқын қал-

пынан ауытқыған емес. Орта бойлы, ат жақты, қара торы өнді, жылы жүзді келісті кескініне қоңыр дауысы, алыстан “мен мұңдалап” шақыратын ерекше әлемі күлкісі қиюласып, үйлесім тауып жатады. Оның кеңсе дәлізіне кіргенін іште – қызмет орнында отырып-ақ жазбай танысың. Адамдармен амандасуы, жөн сұрасуы әдеттегіден басқа – емен-жарқын, аржайы. Тіл қағыса қалсаң болды,

сөзінен сөз туындатып, іліп өкетеді деген өңгіменің тиегін ағытып, езуінді жиғызбайды, өзі де басын қайқайта рахаттана қарқынға басады.

Прокуратура үйіне келгенде оманда алдынан “ағалап” тұратын өңкей жас заңгерлерді көргенде Ғайсекеңнің көңілі көтеріліп, тау суындай тасыған күй кешетіні бар. Кейде, керісінше, жан дүниесі құлазып, пәс тартатыны бар. Ондай жүрекке дік қалдыратын жәйт – бір кездегі бірге жүріп, бірге тұрған, істес болған әріптестері қатарының соншама сирексіп кеткендігі. Кешегі Ғұбайдолла Лұқпанов, Еркін Сүлейменов, Төкен Қуанышев, Фамшах Құтқожин, Сұңғат Мұқанғалиев, Ғайнеден Даулетияров, Теміржан Сарғожиндер... қайда? Бәрі жұмыр жердің бетінде жоқ. Шіркін, қайқайсысы да аңғал азаматтар еді-ау. Қазір Атырау қаласында ортамызда жүргендері – тек Абдолла Төлекбаев пен Сәния Шағиева ғана. Кездескен сайын шүйіркелесіп, өткен-кеткенді еске алып, бір жасап қалады. Қуанатыны – кейінгі толқынжастардың көктемгі жаңбырдан соңғы жауқазындай қаулап өсіп келе жатқандығы, білікті, зерек буынның іс бастарына келгендігі. Олар сонау армандай болып алыста қалған, қайта оралмас жастық шағыңды жадында қайта жаңғыртады. Елуінші жылдарда өзі де осылар тәрізді қылшылдаған жігіт дәуірінде прокуратура органдарының есігін ашыпты. Шаршау, шалдығу дегенді білмей, қызыға, күлшына еңбек ететін кезі болатын. Сағымдай мұнартып, шалғайда қалған сол кимас кезеңдерін бүгінгі ізбасарларының, өз балаларының өн бойларынан тауып, тұшыну да бір ғанибет екен.

Балалар демекші, Ғайса Жапарұлының жеті баласы да оқыған, тоқыған, өмірден, отбасынан көргендерін, түйгендерін жүзеге асыра білген азаматтар. Жомарты – “Қазақстанкаспийшельф” мемлекеттік компаниясы Атырау филиалының тете президенті, Розасы – облыс әкімі аппаратының жауапты қызметкері, Ғалия мен Софья – құрылыс, мұнай-газ барлау мекемелерінде жоғары оқу орындарындағы алған мамандықтарына сай қызмет істейді. Фаридасы – мұғалім. Олардан кейінгі Талғат пен Салтанат та білімнің сара жолдарын қалап алған өрендер. Бірі – мұнай-газ институтын, бірі – универси-

тет бігірді. Ғайсекең жұбайы Өзипа екеуі бауырларынан өрбіген ұрпақтарының қызығын көріп, құдайға тәуба етеді, солардың амандығын, балалық шақта өздері көрген қиындықтардың қайта балапандарының бастарына түспеуін тілейді.

Иә, Ғайса Жапарұлының бозбала дәурені сұрапыл соғыспен түспа-түс келді. Туған жері Нарын құмында қой бағыш отырған Жапарды 1942 жылы майданға шақырды. Ғайсаның оны Тұщықұдықтағы өскерге жіберетін орынға дейін шығарып салып, қайтарда мінген атын салт жетектеп, көңілі бұзылып қайтқаны күні кешегідей әлі есінде сайрап тұр. Тебіреністі сөт еді-ау ол. Өкесінің ағасы Сақып та ел қорғауға қатар аттанды. Бар ауыртпалық қамыттары анасы Болғанай екеуінің мойындарына киілді. Отбасы тауқыметтерін қайыспай тартуға көндікті. Шүкір, кейін бәрі орнына келіп, ағалы-інілі екі аяулылары да от ортасынан аман-есен оралды. Ерте есейіп, өмірді ерте таныған Ғайса Жәніс туы тігілген қуанышты күндерден соң ара ұзатпай ауылдағы байланыс бөлімшесіне аға агент болып жұмысқа орналасты. Сауатты, пысық жігіт көзге түсіп, екі жылдан кейін Новобогат аудандық халық сотының хатшылығына қызметке алынды. Екі ортада әуелден көңіл қосқан қызы Өзипаға үйленді. Міне, осы тұста өмірлік жолын, гүмыр бақи есерік болар мамандығын тандауға түрткі болған адамға ұшырасты.

Жаздың жаймашуақ күні болатын. Құдай айдап аудандық халық сотының кеңсесіне Есбол өңірінің жігіті Сырым Рақымов келе қалды. Алматы мемлекеттік заң институтында 3-курста оқиды екен. “Сұраса келе қарын бөле шығады” дегендей, екеуі құрдас көрінеді. Мойынына фотоаппарат асынып алыпты. Өзіне жарасып-ақ тұр. Кісі қызығарлықтай сәнді, таза киінген, білетіні жетерліктей студент Ғайсаға қатты ұнады. Екеуі шапшаң тіл табысты. Сырым оқудың жәйін, мәнін, студенттік өмірді өңгімелей келіп:

– Сен бұл жерде неге отырсың? Бұл бір күндік қана жұмыс. Білімсіз өрісің бәрібір тар. Өзің сотта қызмет істейді екенсің. Жақсы заңгер болу үшін саған білім қажет. Сөзді қой да оқуға бар, – деп үгіттемесі бар ма?

Сырымның сөзі ем болғандай Ғайсаның жатса да, тұрса да ойы, арманы астанаға, жоғары оқу орнына баруға біржолата ауды. Ақыры, келер 1951 жылы көздеген мақсатына жетіп, Алматы мемлекеттік заң институтына оқуға түсіп, оны 1955 жылы үздік бітіріп шықты.

Ілкі еңбек жолын Ғайса Мақат ауданы прокурорының көмекшілігінен бастады. Баяғы өзіне оқуға баруға кеңес берген Сырым Рақымов та осы ауданда тергеуші екен. Ғайсаны көріп:

— Жарайсың. Міне, дұрыс болды. Дегеніңе жеткен екенсің, — деп қуанып жатыр.

Тапсырылған істі тиянақты атқаратын, ізденімпаз, өмірден көргені бар, орнықты жас заңгер Ғайса Жапарұлы облыстық прокуратура әкімшілігінің назарына бірден ілігіп, бір жыл өтпей жатып облыстық прокуратураның бөлім прокурорлығына қызметке ауыстырылды. Содан соң облыстық прокуратураның жалпы қадағалау бөлімінің бастығы, Теңіз ауданының прокуроры болып қызмет бабында сатылап өсті. Заңдылықтың сақталуын қадағалау, қылмысқа қарсы күрес, азаматтардың құқылары мен заңды мүдделерін қорғау және басқа да сан салалы жұмыстарда заңгерге тән кіршіксіз тазалықтың, белсенділіктің, еңбек сүйгіштіктің өрсінен табылған Ғайса талай шиеленіскен түйіндерді шешудің, шытырман қылмыстардың күпиялары тұңғыықта жатқан беттерін ашудың бел орталарында жүрді.

Бірде Теңіз ауданының қиырдағы “Сүйіндік” кеңшарында ауылға тән емес тосын оқиға болғаны бар. Шаруашылық басшысы кеңсе қызметкерлерін пішен тасуға көмектесуге үдере көтерген қымқуыт шақта кассир Өтегенов Хамит асығып-үсігіп жүріп, жалақы үшін банктен өкелінген 132 мың сом ақша жатқан сейфті қара басып жабуды ұмытып, ашық қалдырып кете барған. 132 мың сом! Елуінші жылдардың аяғында ол шаруашылық үшін ірі мөлшердегі қаражат еді. Шөп тасудан қаннен-қаперсіз оралған Хамит алдындағы бос сейфты көріп төбе шашы тік тұрады. Масқара! Тергеу, тексеру, іздеу... Ауыл қапылыс күшағында қалады. Аудан прокуроры Ғайса Жапарұлы тергеудің барысын ұдайы бақылауда ұстап отырады. Ақырында бір жыл-

дан астам мезгіл өткенде ауыл маңындағы Шарбақ қауымынан өлдекімнің жер қазып, бір нәрсені үйіне алып келгені анықталады. Бақса, ұры кеңсе тазалықшысы Жаңыл деген әйел болып шыққаны. Міне, қызық! Касса болмесін жуып, ауызы ашық сейфтегі қол-көсір ақшаны көріп есі шыққан ол “алтынды көрсе періште жолдан таядының” кебін күшшпты. Осы қылмыстық істі сотта қарағанда Ғайса мемлекеттік айыптаушы болды. Ұрлаушы — жоқ-жітікті, балалы-шағалы кісі. Ақша да иелеріне қайтарылған. Солай екен деп қылмыскерге аяушылық жасауға тіптен хақысы жоқ екенін, мемлекеттің, бөтеннің мүлкіне қол сұққан екен кім де болса заң алдында жауап беруге тиіс болатындығын айыптаушы қатаң ұстанды. Ол сот алқасынан әйелге істеген қылмысына қарай жазасын беруді сұрады. Солай болды да.

Аумағының қыруар бөлегі Ресей жерімен шектес жатқан, келімді-кетімді “қонақтары” көбірек, шаруашылықтары бірнеше салалы, халқының да, малының да саны өзгелерден едәуір артық, жергілікті тұрғындары тиіп кетсең жоғарғы жаққа шағым жолдауға әуес ауданда алты жыл прокурор болу Ғайса үшін тағы бір өмір мектебінен өткенмен пара-пар болып шықты. Содан кейін жол Жылтой топырағында жалғасты. Онда да Ембі сынды өнеркәсібі өркендеген, мұнайға бай ауданның бас құқық қорғаушысы — прокурор болып жемісті қызмет атқарды. 1969 жылдан бастап облыстық прокуратураның тергеу бөлімінің аға тергеушісі, прокуроры, облыс прокурорының аға көмекшісі қызметтерінде болды да, жетпісінші жылдардың екінші жартысы басталғанда облыстық прокуратураның тергеу бөлімін басқару тегігін қолға ұстайды. Бұл — облыс прокурорлығына Алматыдан Орыналы Боранбаев келген түс. Тәжірибелі, іскер басшы өзімен бірге астанадан үлкен тапсырма ала келіпті. Ол төрт жылдан бері ашылмай, созбаланып келген қылмыстық іс — атакты геолог, Лениндік сыйлықтың лауреаты Нөрен Имашевтің өз үйінде қастандықпен өлтірілуін жеріне жеткізе терген, кінәлілерді табу болатын. Оқиға тым шымшытырық. Алғашқы тергеу барысында Нөрен Имашевтің әйелі Алевтина Еремина күйеуін өзі өлтіргендігін мойын-

даған да, кейін сотта бастапқы жауабынан жалтарып, қылмысты мойындаудан бас тартқан. Дәлелдемелер жетпегендіктен іс қайта тергеуге жіберілген де шешуін таппай орта жолда тұралап қалған. Орыналы Боранбаев келгеннен соң қайта жанданған мезгіл екен. Талдап, пайымдай қарағанда Н.Имашевті өлтіруге өйелден басқа да қатысты адамдар барлығы анық. Сонда олар кімдер? Айқындау, дәлелдеу оңайға соққан жоқ. Облыстық прокуратураның аға тергеушісі Серік Орынтаев, тергеушілер тобы, милиция қызметкерлері бірлесе қимылдап, А.Ереминаның кімдермен қарым-қатынаста болғанын, күйеуімен тату-аразығын анықтауға қол жеткізді. Түптей келгенде, П.Панов, Б.Давыдов пен А.Иванов дегендердің қылмысқа тікелей қатыстары барлықтары өйгіленді. Олардың соңғы екеуі Алевтина Ереминаның тапсырысымен Нөркен Имашевті өлтіргендігі ашылды. Әрине, облыстық прокуратураның тергеу бөлімінің бастығы Ғайса Жапарұлының сол бір мазасыз күндерде уақытпен санаспай бас қатыра, сарсыла ізденуі, тергеудің талапқа сай жүргізілуін қалтқысыз қадағалауы, бұлтартпас куәлар табуға бас-қоз болуы — аса күрделі, атышулы, жылдар өтіп көмескіленген қылмысты түптің-түбінде сәтті ашуға септігін тигізді.

Ғайса Жапарұлының Бақсай өзенінің бойында бір қаныпезердің үш бірдей бөтелкелесін өлтіріп, суға батырып, із жасырып кеткен қанды оқиғаны тексеріп, асудан асып, қанша бұталақтағанымен қылмыскерді қолға түсіруге араласып, тапқырлық көрсеткені де ұмытылмас жәйт. Ол мұндай істің талайын алдынан өткізіпті. Қанша тергеушінің

бұра тартқанын тезге салды десеңізші? 1980 жылдан бастап сегіз жыл облыс прокурорының орынбасары болып, басшылық қызметте жүргенінде де өзі жетекшілік еткен саладағыларды мұқияттылыққа, төртіптілікке баулыды, өзі ақиқаттың ақ жібін аттамады, кішіпейілділігінен, адамгершілік асыл қасиетінен жаңылмады. Соларын кейінгі толқын өздеріне өнеге тұтып келеді. Оны ұстаз санап, алдынан кесе-көлденең өтпей сыйлайды. Қажет кезінде облыстық прокуратураның қызметкерлері ақыл сұрап, ардақты заңгермен кеңесіп тұруды артық санамайды.

Құқық қорғау салаларында жарты ғасырдан астам қызмет етіп, соның қырық жылын тек қана прокуратура органдарына арнаған Ғайса Жапарұлының еңбегі бағаланып, бірнеше медальдармен, Кеңес Одағы Бас прокуратурасының Құрмет грамотасымен, екі рет облыстық атқару комитетінің грамотасымен марапатталды, оған “Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының құрметті қызметкері” мәртебелі атағы берілді. “Аға заң кеңесшісі” дәрежелік шені бар. Теңіз аудандық партия комитетінің мүшесі, аудандық, кенттік кеңестердің депутаты болып сайланды.

Заңгер парасатты еншілеген заңгер, прокуратура ардагері Ғайса Жапарұлы бүгінде 75 жасқа қарай аяқ басты. Бұдан он бес жылға жуық бұрын прокуратура саласынан зейнеткерлікке шыққанмен, еңбектен қол үзбей, мамандығы бойынша қызмет істеп жүр. Қазір облыстық сот-дәрігерлік сараптама бюросында заң кеңесшісі. Халық құрметіне бөленген заңгерден өнеге алып, бай тәжірибесін үйреніп, оны пайдаға асыру қандай ганибет!

МӨРТЕБЕ

Бүгінгі ұрпақ! Ардагер заңгер Сәния Шагиева ханымды білесіз бе?

Алты айлығынан бастап қазақ, орыс ағайындардың арасында тұрып, бой жетсе де өз ана тілін өгейсітпей, қадірлеп өскен Сәния Измайлқызы мектеп бітірген бойда бірден Қазанға тартты. Ойы тарихи отанындағы ауыл шаруашылығы институтына түсіп, агрономдық мамандық

алу еді. Бірақ Татарстанның мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде тергеуші болып қызмет істейтін апасы Софья Мұхамедқызы оны ойынан тез айнытты.

— Шырағым-ау, — деді ол бәкене бойлы, қыпша бел сіндісінің талдырмаш денесін барлай қарап, — Агрономдық қандай қызмет екенін білесің бе, өзің? Ертеңнен қара кешке дейін айдалада

жүруге жаралган жан ғой. Қыз балаға бармайтын мамандық. Тілімді алсаң университетке түс, заңгер бол.

Тумысынан бойына татар қыздарына тән биязылықты жиған Сәния көргені көп апасының айтқанын жерге тастамай, берген ақылын құптап, Еңбек Қызыл Ту орденді В.И.Ульянов-Ленин атындағы Қазан мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсеті. Бұл — 1952 жыл болатын. Сөйтіп, ол кіндігі кесіпген жерде он сегіз жылдан кейін енді білім дариясын кешуді бастады.

Иә, он сегіз жылдан кейін... Неге олай? Сәния 1933 жылғы мамырдың 3-інде Қазанда туды. Анасы Гүлсім Ибрагимқызы Жайық бойының татары еді. Бүйрегі Гурьев қаласында тұратын әкешесіне қарай бұрды да тұрды. Ақыры әкесі Измайл Садриддинұлы Ақчурин келіншегінің тілегін қабыл алып, екеуі құндақтағы алты айлық Сәниямен шалғайдағы Гурьевке тартты. Бұған дейін Қазанның Кремль асханасында меңгеруші болған бесаспап Измайл Садриддинұлына жаңа жерге келген соң қызмет табу қиынға соқпады. Облыстық прокуратурада есепші болды. Арасында Орал қаласында табан ізін тастады. Ал, Сәния болса қаладағы Куйбышев атындағы орта мектепте оқыды.

Университеттің үшінші курсың тамәмдаған Сәния Измайлқызы Гурьевке келіп, практикадан өтті. Үйретері көп Арынғазинов, Тәукелов тәрізді білікті заңгерлерден тәлім алып, тәжірибе жинақтай бастаған аңғарымы мол студент қыз үйіндегі қаржы тапшылығын сезіп, оқуды жұмыс істей жүріп сырттай жалғастыруға бекінді. Отбасындағы жеті баланың үлкені өзі. Басқалары да оқып, жоғары білім алғысы келеді. Осыны ұққан ол облыстық әділет басқармасына консультанттық қызметке кірді. Басқарма бастығы Қорабай Жакиев қамқорлығын аямады, оқуына, еңбек етуіне жағдай жасады. Содан кейін облыстық соттың консультанты болып қызмет атқарды. 1958 жылы университет бітіріп, заңгерлік дипломын алды. Гурьевтің татар жігіті Адгам Ғаббасұлы Шагиевке тұрмысқа шықты. Бір жыл өткенде Резида дүниеге келді. 1961 жылы қалалық прокуратура қайтадан құрылып, жаңадан кадрлар жинастыра бастағанда, қала проку-

роры Өтеген Мырзалиев жоғары білімді жалғыз заңгер қыз Сония Шагиеваны да қызметке шақырды. Ол бір көзбояушылықпен күрестің нағыз дәуірлеп тұрған шағы еді. Екі балалы болып үлгерген Сәния сәбилерін алға тартып, жұмсаған жерден тартынуды білмеді. Талай қымқуыт істердің бел ортасынан табылып жүрді. Қала прокурорының көмекшілігінен кейін адвокаттар алқасында болды. Алайда, оның мұнда көп тұрақтауына мүмкіндік бермеді. Облыс прокуроры Т.Нұрғазинов өзінің сот қаулыларының заңдылығын қадағалау жөніндегі көмекшілігіне шақырды. 1973 жылы Сәния Измайлқызы қала прокурорының орынбасарлығына жоғарылатылды. Облыс прокуроры Долла Досболов:

— Қалалық прокуратураның жұмысын жаңа сатыға көтереді, білігінді, тәжірибенді жас заңгерлерді тәрбиелеуге, оларға көмектесуге жұмсайды деп сізге сенім артып отырмыз, — деді.

Сәния қалалық прокуратурада өзіне тапсырылған қызметті адал атқарып, іттипатқа бөленді. Дегенмен балалы-шағалы өйелге бастықтық жұмыс тым қиын соқты. Ол қоймай сұранып, бұрынғы орнына облыстық прокуратураның сот қаулыларының заңдылығын қадағалау бөліміне қайта барды. Облыс прокурорының азаматтық істер бойынша аға көмекшісі қызметінде жүрсе де, талай қылмыстық істерді тергеуге қатысты, күрделі істерге байланысты сотта мемлекет мүддесін қорғады. Бір айдың ішінде төрт қылмыстық істі аяқтап бітірген уақыттары да болды. Сонда облыс прокуроры өзгелерге үлгі етіп:

— Кордіңіздер ме, Сәния Шагиева сот қаулыларының заңдылығын қадағалау бөлімінде жүріп-ақ, бір айда төрт қылмыстық істі терген бітірді, — деп мақтағаны бар.

Азаматтық істер бойынша талай даулы мәселелердің түйінін заңды түрде дұрыс шешіп, ақ жолдан таймайтын әділ заңгер екенін танытқан Сәния Шагиеваны ең күрмеуі қиын қылмыстық істерді сотта қарағанда да қатысуға жіберетін. Әлі есінде, атышулы мұнай-газ барлаушысы, Лениндік сыйлықтың лауреаты Нәрен Имашевтің өліміне байланысты істі сотта қарарда облыс прокуроры Орналы Боранбаев:

— Күрдас, осы іске сен бар. Күрделі, бірақ мүддемізді сенің қорғап шығатының көміл, — деген еді. Айтқандай-ақ, іс аса күрделі болып, ұзаққа созылды. Жұмбақ өлім. Әйелі Алевтина Еремина жиырма жеті жыл отасқан күйеуі Нәрен Имашевті тапсырыспен өлтірткен. Онай шағылар жаңғақтар емес. Қорғаушының да күштісін өздеріне жақтас етіп алған. Қайта-қайта үзіліп, жалғанған сот процесінде ақыры прокурордың мерейі үстем болды. Бұлтартпас дәлелдер, қорғаушыны тойтарған сұрақтар, нақты ұсыныстар арқылы Сәния Измайлқызы соттың әділ үкім шығаруына ықпалын тигізді. Нәтижесінде тапсырыс беруші де, оны орындаушылар да қатаң жазаланды. Осылайша жылдарға созылған шым-шытырық қылмыстық істің нүктесі қойылды.

Отыз бес жылдай заңгерлік еңбек жолында Сәния Шагиева мұндай талай шытырман істердің ортасында жүрді. Оқу орнының есігін ашпаған адамдарды дипломен жарылқаған. Гурьев политехникумының директоры Қазиевтің, оның әйелі, сауда техникумының басшысы Мусиеваның, солардың сыбайластары — барлығы тоғыз адамның, мемлекет қаржысын ірі мөлшерде қымқырған химия зауытының есепшісі Ротнованың қылмыстық істерін қарағанда, сот процесіне қатысып, ерекше табандылық, біліктілік, принциптілік таныта білді. Өзінің сәби қызын зорлаған әгей әкенің жан түршіктірер айуандық әрекетін талқылағанда жүрегі шыламаған да шақ болды. Тым ұзаққа созылған облыстық сот алқасы мәжілісінің үстінде үйіндегі емізу күтіп шырылдаған баласын ойлап, жаны қуырылған күндер де кезікті.

— Мен, — дейді ардагер заңгер Өтеген Мырзалиев, — қалалық прокуратурада да, облыстық прокуратураның бөлімінде де Сәния Шагиевамен бірге қызмет істедім. Ол білімді заңгер, өз қызметіне ұқыпты,

таза адам, өсек-аяңы жоқ, ешкіммен ұрсысып, керіспейді, үш баласын да өсірді, қызметін де істеді.

Орынды уәж. Өтеген Мырзалыұлы айтқан сол үш баланың үшеуі де бұл күнде үйлі-баранды. Бәрі де жоғары білімді.

Резидасы Уфада, Райфы Набережная Чельныда, Райыс өздерімен көрші, Атырау қаласында тұрады, “Теңізшевройл” біріккен кәсіпорнында қызметте, одан төрт немере сүйді. Резиданың екі, Райфтың бір баласы бар.

Заң кеңесшісі Сәния Шагиеваның жеке мұрағатында неше түрлі мадақтаулардың құжаттары сақталған. КСРО-ның, Қазақстан Республикасының Бас прокурорларының, халық депутаттары облыстық кеңесі атқару комитетінің, облыс прокурорларының құрмет грамоталары, мақтау қағаздары, құттықтаулары, “Еңбек ардагері” медалінің және тағы да басқаларының құжаттары оның қалай абыройлы қызмет істегенін әйгілеп тұрғандай. Солардың біреуі — республика прокуроры Өтеген Сейітов қол қойған құттықтау хатында “Сіз белсенді, адал қызмет етіп, КСРО Бас прокурорының, Қазақ ССР-інің, облыстың прокурорларының бұйрықтарымен талай рет марапатталдыңыз... 18 жыл бойы облыс және қала бастауыш партия ұйымының үздіксіз хатшысы болдыңыз...” деп ризашылық білдіреді.

Прокуратураның абыройы, мәртебесі үшін шынайы күресе білген, әрқашан да әділдік үшін айқасқан, өз позициясын қорғап талай рет жоғарыға наразылықпен шыққан, сот процестерінде Мәскеудің, Алматының азулы адвокаттарына қарсы тұрған, жастардың қамқор тәлімгері болған Сәния Измайлқызы Шагиева қазір жолдасы Адгам Фаббасұлы екеуі балалары мен немерелерінің ортасында бақытты зейнеткерлік ғұмыр кешіп келеді. Өмір ілгері оза бергей, Сәния Измайлқызы!

II. ЕҢБЕГІМЕН ЕРЕКШЕ ЕЛЕНГЕНДЕР

ӨНЕГЕЛІ ӨРІС

Әйкен... Бұл есімді бұдан алты жылдай бұрын "Заң және заман" журналынан оқығанмын. Өзімнің шәкіртім болған талантты журналист, сол журналдың бас редакторы Самат Ибраимов мақаласының тақырыбын өз кейіпкерінің атымен "Әйкен" деп қойыпты да, ең соңына "С.Бектенұлы" деп автор ретінде бүркеншек атын жазыпты. Оның басқы тұсынан Әйкеннің Құмғанбаева деген фамилиясын көргенде бірден есіме түсті, ол облысқа белгілі заңгерлердің бірі. Суреттегі жүзі де таныс. Қайдан көріп едім? Ойыма орала кетті. Осыдан біраз бұрын облыстық телерадиокомпанияға келіп, теледидар арқылы заң тақырыбында салиқалы да салдарлы сөз өргені бар. Сол жолы қызмет бөлмеде кездескенімде жүзі ызғарлы көрінді. Батықшы ауданының прокуроры екен. Өз басым бұған дейін әйел адамдар арасынан облыс аумағында аудан прокуроры лауазымында қызмет істеген заңгерді естіген де, білген де емеспін. Сондықтан болар, оған қызыға назар аудардым. Шаш қою түрі өзгелеу. Маңдай тұсынан кері тартылған сары жолақ бірден жалт қаратады. Үстіндегі заң кеңесшісі (подполковник) шенінің пагоны бар прокурорлық мундирі де жарасып-ақ тұр. Басқа сыртқы келбеті өзге қыз-келіншектермен бірдей секілді. Бұл – алғашқы әсерім.

Кейін 1997 жылдың қараша айынан бастап Әйкен Шәмілханқызымен облыстық прокуратурада бір шаңырақтың астында қатар еңбек етіп келеміз. Байқағаным, оның ең басты қасиеті – жұмысқа шын берілгендігі. Бастаған ісін қашан аяқтағанша тыным таппайды, күйіп-пісіп болады. Өз тапсырмасын орындамағандарды сылап-сипауға жоқ. Оларға бет-жүздеріне қарамай тіке айтып тастайды. Бірақ ілкі көргенімдегідей әлпетіндегі суықтық тұмысынан серігі емес көрінеді. Күлер жерінде рахаттана күледі, қуанар жерінде балаша қуанады. Мейірімі түскенде сезім шуағын төге біледі.

Бақсам, Әйкенге көп қасиет өзінің қос анасынан дарыпты. Ол Алатау бөктеріндегі Талдыбұлақ ауылында туып, өскен. Атына заты сай көрікті мекен. Алматы

облысының Еңбекшіқазақ ауданына қарасты мөлдір бұлағы сынғырлап, сылдырлап ағып жатқан, жасыл желекті, таулы өңір. Әкесі Шәмілхан Әйкеннің бес жасында дүниеден озыпты. Анасы Мәрия Жорқабайқызы кешегі Ұлы Отан соғысының басталғанын қазақ радиосынан халыққа хабарлаушы диктор деседі. Оның шешесі Дүрмек кезінде Дүрмек атын шығарған кісі. Ақ шатырдай болып таптаза киініп жүретін, бір ауылды уысында ұстаған, сойыл көтеріп, сойқанды салуға келгендерді бөтуалы сөзімен тоқтатқан азулы би болған. Әйкен осы нағашы шешесі Дүрмектің қолында жетілді. Қос ана берген тәлім-тәрбие бойына сіңген ол Талдыбұлақта бастауыш сыныптарда оқығанда да, кейін білім алуын Мөлкеев атындағы Есік орта мектебінде одан әрі жалғастырғанда да, сабаққа алғырлығымен, зейінділігімен құрбы-құрдастарының көбінен озық тұрды. Мектеп бітіріп, еңбекке араласуын Есіктегі "Жаңашар" жеміс-жидек зауытынан бастады. Аудандық сотқа хатшы болып орналасқанға дейін, ондағы жұмыс істеген жарты жылдан астамғы мезгіл өміріне өріс ашқандай. Қара жұмыстың көрігін басып, маңдай термен тапқан жемістің дәмін татты. 1970 жылдан бастап дәл екі жыл Еңбекшіқазақ аудандық соты мәжілісінің, содан соң бес жыл Алматы облыстық соты мәжілісінің хатшысы қызметін атқарды. Әрі сол жылдарда еңбек ете жүріп, Қазақ Мемлекеттік университетінің заң факультетінде оқыды. Қызметі мен оқуын ұтырлы ұштастыра білді. Болашақ заңгер талай сот мәжілістерінде шешуі қиын түйіндердің қалай тарқатылғанын көріп, зердеге тоқып үйренді.

Жоғары оқу орнын нықтаса бірге бітірген қос құрбы Мәрия Сейітқазықызы мен Әйкен Шәмілханқызы жолдамамен қиырдағы Каспий теңізінің жағалауындағы қос облысқа, бірі Маңғыстауға, бірі Гурьевке тартты. Өмірлерінде көрмеген, білмеген жерлері. Жастықты қойсайшы, нар төуекелге салып келді. Бірақ жомарт өлке екеуін де жатырқаған жоқ. Гурьев қаласы прокурорының көмекшісі болып

прокуратура органдарындағы қызмет жолының ізашарын жасаған Әйкен Құмғанбаева кең пейілді, ізгі жүректі басшыға тап болды. Қала прокуроры Файнеден Дәулетияров өзінің киім кию үлгісімен, сөйлеу мәнерімен, өте мұқияттылығымен өзгелерге өнеге тастаған жетекші еді. Дауысын көтермей сөйлейтін, кәсіби дәрежесі жоғары Файнеден Дәулетиярұлы жас маманды қамқорлық аясына алды. Келгеніне екі ай болғаннан кейін пәтер алып берді. Әйкен тергеу, тексерген қылмыстық істерді, прокурорлық қадағалау құжаттарын қарағанда, оның өзін қасына алып отырып:

– Көне, ісінді қараймыз, – деп баппен, байыппен жымия күліп қойып, бөрің асықпай оқып, білмесінді, жетпесінді түсіндіріп, құлаққа құйып жіберетін.

Бастапқы кезде Әйкен кәмілетке толмағандар, жасөспірімдер істерін тергеу, қадағалаумен айналысты. Бірде ол қала прокурорына:

– Файнеден Дәулетиярұлы, менің үлесіме ылғи жеңіл іс тиеді. Осы маған да бір кісі өлімі тәрізді ауыр қылмысты тергеуге берінізші, – деп өтініш етті.

Аңғарымы мол басшы Әйкеннің жігерлілігіне, батылдығына және ашықтығына сүйсініп, тілегін орындады. Осыдан бастап, талай күрмеуі қиын қылмыстық істер алдынан шыға бастады. Сексенінші жылдардың дәл бастау тұсында қала прокуратурасына аға тергеуші болып тағайындалды. Бір жылдан астам уақыттан соң облыстық прокуратураның тергеу бөліміне прокурорлық қызметке шақырылды. Ол бөлімнің бастығы Файса Жапаров та ақ жарқын, білігі мол, талап қойғыш адам болып шықты. Қозғалған істі бұзбай тергеуге дағдыландырды.

Әйкен жыл өткен сайын үстемелей тәжірибе жинақтап, кәнігі заңгерлер сапына тұрды. Қандай істі бастаса да жүрегінен өткізіп, шын беріле істеді. Алдынан талай тағдырлар өтті. Талай жәудір көздер өзіне жауаңдай қарады. Алайда, заңның аты – заң. Қылмыс жасаған екен жауап берудері, жазасын алулары тиіс. Тек орынсыз күйіп кетпеулері керек. Әйкен осыған мұқият болуды дағдыға енгізді. Қос анадан бойға сіңіп, бер жағында ұстаздық еткен ағалары ұштаған қасиет – адамгершілік те ұмытылмауы қажет.

Әлі есінде, үш дүкенді бұзып, ұсақ-түйектер ұрлаған, он төрт жастан жаңа ғана асқан Ермағамбетов деген бала, тергеуге шақырып, сөйлесіп отырғанда, кісіге жәудрей қарап, жүректі елжірететін. Өзі сүй-сүйкімді. Қамауда отырған оған Әйкен сөмкесіне самса орап салып, апарып беретін. Қиналып келіп отыратын анасын да қатты айытын. Кейуана баласын ойлап, өбден жүдеп-жадап, қарайып кеткен...

Бір ғажабы, облыстық прокуратура органдарында Әйкен Құмғанбаева қызмет істемеген сала кемде-кем. Барлық сатыдан өткен. Облыс прокурорының ұйымдастыру-бақылау, сондай-ақ, кадрлар, жедел есеп және статистика жөніндегі аға көмекшілері болды, облыстық прокуратураның тергеу, анықтау және жедел іздестіру қызметтерінің заңдылығын қадағалау, сот қаулыларының заңдылығын қадағалау бөлімдерін басқарды. Балықшы ауданының прокуроры тәрізді аса жауапты лауазымдық қызмет атқарды.

Жұмыс болған соң оның үлкен-кішісі жоқ. Әйкен қайда жүрсе де өз ісіне тиянақтылықпен, жауапкершілікпен қарады. Дегенмен, аудан прокуроры болған кезінде өзіне жауапкершіліктің екі есе артылғанын сезінді. Қылмыскерлерді қамауға алуға рұқсат беруге жеке дара шешім алады. Заңсыздықтарды ашуға, жоғары лауазымды, артында тіректері тұрған басшылардың негізсіз қаулы, қарарларын бұзуда жеке дара кесім жасайды. Бір тәуірі, аудан прокуроры ретінде бірде-бір кісіні орынсыз жауапқа тартып, сот алдында тентіретуге жол бермеді. Керісінше, сегіз жасар баланың ернін жұлып, күйдірген, қабырғасын сындырған Тілешев деген әкесымақтың үстінен қылмыстық іс көтеруден бас тартқан аудандық ішкі істер бөлімі қызметкерлерінің, екі жыл бойы жұмысшыларға еңбек демалысын бермей қойған автокөлік кәсіпорны басшысының және басқа да сондай-сондайлардың өрекеттерін прокурорлық қадағалау арқылы уақытты ашып, адам құқын аяқ асты еткендерді жазадан тыс қалдырмады. Сот процесерінде мемлекет мүддесін табанды қорғады.

Ойлап отырса, Әйкен Шәмілханқызы талай тамаша адамдармен, байсалды басшылармен істес болыпты. Орналы Боранбаев, Иманғали Сейітов, Жармақан

Тұяқбаев, Бақытбек Ергалиев, енді міне, Мұқтар Жоргенбаев сынды облыс прокурорларымен қоян-қолтық қызмет атқарды.

— Олардың әрбіреуі бір-бір мектеп, — дейді Әйкен өткен жолын еске алып, — Орналы Боранбайұлы талапты қатты қоя отырып, әдемі әзіл тастайтын. Иманғали Сейітұлы айтарын баппен жеткізетін. Ал Жармақан Айтбайұлы сөзге шебер. Бізге аналық қасиетті ардақ тұтуды, қызмет бабында ұрыссаң да, басқа уақытта қарауындағылармен ізгі ниетпен сөйлесіп, ішке тартып отыруды айтыңқырайтын. Өмірімізде олар үлкен із тастады, тағылым берді.

Биылғы шілдеде Әйкеннің Атырау жеріне аяқ басқанына ширек ғасыр толғалы отыр. Келген кезде шалғайда қалған көкорай шалғынды, жер жаннаты, туған ауылы Талдыбұлағын, өскен мекені Есігін аңсап, сағынатын. Енді туған жерге барса Атырауға жеткенше асығады. Табиғаты тарпан, жері қуаң болса да өбден бауыр басып қалды. Осы Атыраудан қаншама жолдас тапты. Ең бастысы, Құсайын Жұмағұловтай үлкен жүректі, жайсаң жарға кезікті. Ол да заңгер. Ұзақ жылдар облыстық ішкі істер басқармасында қызмет істеп, зейнеткерлікке шық-

ты. Әйкеннің ерте кетіп, кеш келетін жұмысына үлкен түсіністікпен қарайды. Ұлдары Ерлан ата-ана жолын қуып Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дың заң факультетінде оқиды. Әйкен осы Атырауда еңбегімен абыройға бөленді. “Қазақстан Республикасы прокуратурасының күрметті қызметкері” мәртебелі атағына ие болды. Облыс прокуратура органдары қыздары ішіндегі жалғыз аға заң кеңесшісі (полковник) дәрежелі шені бар заңгер. Алған өзге де марапаттары аз емес.

Соңғы төрт жылда Әйкен Шәмілханқызы облыстық прокуратураның ұйымдастыру-бақылау бөлімін басқарып келеді. Былайша айтқанда, штаб жетекшісі. Облыстағы прокуратура органдарының, яғни, қала, аудандар прокуратураларының жұмыстарын үйлестіруші.

— Әйкен Шәмілханқызы іске жан-тәнімен берілген кісі, — дейді облыс прокуроры, 3 дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі Мұқтар Әкебайұлы Жоргенбаев, — Жаксы ұйымдастырушы. Талап қойғыш. Тәртіпін азамы. Үйретері мол. Тәрбиелі ана.

Облыс прокурорының бұдан да басқа айтқан мақтаулары, берген әділ бағалары жетерлік. Абзалы, адал еңбектің, тынымсыз ізденістің өтеуі осындай шынайы баға болса керек.

ЖАНЫНА САЯ БЕРМЕГЕН

Тегінде, үлкен басшының күрмеуі күрделі істің түйінін шешуді жана қызмет орнындағы жұмысын енді бастап, таңдап алған мамандығының қырық қатар құни-яларына өлі үніліп үлгермеген, өзін жас санап, босаң көңілдің жетегінде жүрген балаң заңгерге сенім артып, тапсыруы — етек-жеңін тез жинатып, оны көдімгідей есейтіп жібереді екен. Роза Момышқызы облыс прокуроры Орналы Боранбаевтың қабылдауында болып келіп, қолына басшы ұстатқан шым-шығырық қылмыстық істің сан тарау беттерінің сырларына қанығуды бастағалы осыны бір қыдыру ұғынғандай болды.

Бағамдап қараса, білмейтіні бастан асатын болып шықты. Енді қайтсін?! Мектеп бітіргеніне небәрі төрт-ақ жыл толыпты. Оның үш жылында Қазақ Мемлекеттік университетінің заң факультетінде оқыды. Содан кейін сырттай оқуға

ауысып, Алматыдағы шарикті подшиник зауытында төрт айдай қызмет істеді. Ал 1976 жылғы қыркүйекте қалаған мамандығына қолы жетіп, Атырау қалалық прокуратурасына аға тергеушілікке орналасты. Бар — жоғы он ай жұмыс жасаған Роза Қадырғалиева қайсар да қабілетті, ыждағатты да тындырымды қасиеттерімен, жігерлі таланттарымен назарға ілігіп, облыстық прокуратураның аса маңызды істер жөніндегі тергеушілігіне ауыстырылды. Бұрынғы аяқталмаған бір істі шапшаңдатып бітіріп, оқудың келесі сынағын тапсыруға әзірленемін деп күндіз-түні мұрнынан шанышылып жүргенде, облыс прокуроры мына жасыл-желек өсіруші бастықтың қылмысын ашуды жүктеп отыр. Прокурор тоғыз томнан тұратын істі алдына қойып:

— Роза, айналайын! Мына істі өзіңе сақтап отыр едім. Қалада қарап жатқан

істерінді бітіртпей тез алдыруым да тура осыған байланысты, — деп жай-жапсарды түсіндірді де, “қалай” дегендей оған тесіле қарады.

— Орналы Тілеуліұлы! Маған қарағанда тәжірибелі заңгерлер бар ғой. Әрі оқуға баратыным бар, үлгермей қалмаймын ба? — деп көріп еді. Облыс прокуроры:

— Жоқ, өзін тергеп бітір, — деп қысқа тойтарды.

Роза кабинеттен тоғыз том істі қолтықтап шықты да, бастамақ тергеудің онай шағылатын жаңғақ емес екендігін айқын түсінді. Шынында, солай болды да. Құрылыс жөндеу және көгалдандыру басқармасының бастығы Имашев мекеменің қаржысын оңды-солды жұмсап, білгенін істеп баққан. Облыстық бақылау-тексеру басқармасының тексерушілері 28 мың сом қаржының талан-таражға түскенін табулы. Ол кез үшін бұл аса ірі мөлшердегі ақша болып есептелінетін.

Тергеуші Роза Қадырғалиева жатпайтұрмай танысып, зерттеп, осы мекеменің жұмысын, оның қаржы көздерінің жұмсалатын орындарын, бұлтарыстары мен қалтарыстарын басшысынан, есепшісінен кем білмейтін дәрежеге жетті. Бақса, егілмеген гүлдерге, отырғызылмаған ағаштарға, төселмеген құбырларға, суарылмаған жерлерге жұмсалынбаған қаражат жұмсалынды деп, тер төкпей-ақ, еңбек сіңірмей-ақ, мемлекеттің қалтасынан өз әмияндарына сүнгітіп отырған. Тіпті, трактормен шұқылаған жерді де қолмен қазылды деген құжат толтырып, ақы алған. Бастық өз әйелін қол астында жоспарлау және қамту бөлімінің басшысы етіп ұстап, сыбайластық тамырын тереңге жіберген. Жоғарыда тақта отырғандармен де мықтап ауыз жала-сып алған. Өзі облыстық партия комитетінің мүшесі, ғылым кандидаты, ал зайыбы бұрын Жоғарғы кеңестің депутаты болған. Олар бастапқыда Розаға шекелерінен қарады. Тергеушіні тезге салуға барынша өрекеттенді. Бірақ дегенінен қайтпайтын жас заңгер Имашевты құрыққа түсірді. Мекемедегі жетпестік мөлшері 151 мың сомға дейін жеткенін дәлелдеп берді. Қылмыстық іс қарамағы 21 том, тек айыптау қорытындысының өзі 150 бет болды. Нәтижесінде Имашев 14 жылға бас бостандығынан айырылып тынды. Сөйтп, өлділік үстемдік құрды.

Аса маңызды істер жөніндегі тергеуші болған бес жылында Роза Момышқызына осы тәріздес қаншама шым-шытырық істер кездеспеді десеңізші? Бір жақсысы, соның бәрінде де ол қолға алған істерін сәтті аяқтап, абырой биігінен көрініп отырды. Қызметтен қол үзбей жүріп, жоғары оқу орынын бітіріп, заңды түрде заңгер атанды. Осыған жалғас үш жылын Балықшы ауданы прокурорының міндетін атқаруға жұмсаған Роза осы кезеңде өзінің жастығына қарамай жауапты саланы жеке дара басқара алатындығымен, заңдылықты сақтау, құқық тәртібін нығайту, қылмысқа қарсы күрес және тағы басқа салаларда табандылығымен, принципшілдігімен және өділдігімен көзге түсті. Содан соң ол 1985 жылғы тамыздың аяғында Кеңес Одағы прокуратурасына бағынатын Каспий су бассейнінің Атырау облысы бойынша прокуроры қызметіне жоғарылатылды. Бұл кезде Розаның тым тәуір тәжірибесі бар еді, беделге де кенде емес болатын. Әсіресе, Балықшы ауданында қызмет істеген уақыттарында балық, құс, аң және өзге де жануарлар дүниесіне қанды шеңгелін салушы браконьерлермен қатал әрі аяусыз айқасты. Талай докейлер қармағына түсіп, “жаманатқа” қалған кезі де болмай қалмады. Қызмет бабын пайдаланған құйтырқылықтың небір құқайларын көріп, қасқая қарсы алуына тура келді. Әйтеуір, өзі адал. Сондықтан да құрған қақпандарынан да қынбалы. Кейін Роза Қадырғалиева ауданаралық табиғат қорғау прокуратурасын қолмен құрды. Каспий теңізінің, Жайық, Ойыл, Жем, Сағыз, Қиғаш өзендерінің тазалығын, бағалы балық қорларын, аң, құстарын, өсімдіктерін қорғау, ауаның, жердің мұнай қалдықтарымен, газбен ластануын болдырмау жолында прокурорлық қадағалау міндеттерін ойдағыдай атқарды. Сондықтан болар, жоғарғы органдар оның су, табиғат қорғау прокуратураларын табаны күректей он жыл тапжылмай басқаруына мүмкіндік берді.

Соңғы бес жылда Роза Момышқызы облыстық прокуратураның сот қаулыларының заңдылығын қадағалау бөліміне жетекшілік етіп келеді. Прокуратура органдарының сот саласындағы елшісі тәрізді қызмет. Бірақ оған олардың айтқандарына, шығарған шешімдеріне дү-

рыс болса да, бұрыс болса да бас изей беру тән емес. Сот процестерінде мемлекет мүддесін қорғайды, оның қаулыларының заңдылығын қадағалайды. Роза қашан да кәсіби тұрғыдан аласарып көрмеген заңгер. Қазақ, орыс тілдерінде бірдей еркін көсілетін, тіпті ағылшынша да әп-әсем түсінігі бар ол сотта сөйлегенде шешендігімен танылып жүр. Прокурорлардың сот мәжілісіне қатысуы өсті. Ауыр және аса ауыр қылмыстар қаралғанда, тіпті, қалып көрген жоқ. Кассациялық наразылық тиімділігі, оның қанағаттандырылуы артты. Биылдың өзінде Роза тоғыз күрделі істі қарауға қатысты. С.Шудинов, В.Шаймурзин, С.Төремұратовтардың қылмыстық істерін талқылау барыстарында, Роза Қадырғалиева олардың күнәларының ауыр екендіктерін

қапысыз дәлелдеп шықты. Енді, міне, қаладағы “Ардагер” дүкенінің сатылуына байланысты, жергілікті сот шешіміне риза болмай, Жоғарғы сотқа наразылық жолдап отыр.

Әйтеуір, бір жанына сая берген жан емес. Сол еңбегі лайықты бағасын алып, 1992 жылы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрығымен “Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкері” мәртебелі атағына ие болды. Алып жатқан өзге мадақнамалары, байрақтары да өз алдына бір төбе.

Кешегі талдырмаш, ақ сары қыз Роза Момыпқызы бүгінде елге танымал, халыққа қадірлі, аға заң кеңесшісі дәрежелік шені бар ірі заңгер. Ол жаңа мыңжылдық табалдырығын абыройлы аттап отыр. Жолың бола бергей, Роза!

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЗАҢГЕР

Қашан көрсен де бір қалыпты мінезінен танбайтын, темекісін шыра тартып, жымия күліп қойып сыпайы амандасуынан жазбайтын Николай Михайлович Шильман — жұмысында да салмақты, өз ісіне тиянақты қызметкер. Ол прокуратура органдарындағы қызметін бұдан он бес жыл бұрын облыстық прокуратураның жалпы қадағалау бөлімінен бастады. Алғаш іске қатардағы прокурор болып кіріскен бетте-ақ, оның мазасыз, сан салалы, сұрауы көп, бос белбеулікті көтермейтін қызмет екенін аңғарды. Бірақ Николай сары ауыз балапан емес еді. Көргені де, көкейге түйгені де, құдайға шүкір, баршылық. Еңбек ете бастаған бастапқы он бес жылында талай жұмыстың тұтқасынан ұстап үлгерген, тырнақтап жинаған өмір тәжірибесі бар азамат еді. Үстіне ақ халат киіп, дәрігерлік сапта да болды. Милиция пагонын да тақты. Ең ірі өндіріс орындарында, мемлекеттік органда заң кеңесшісі, заңгер, мемлекеттік арбитр лауазымдарын атқарды.

Бір жақсысы, Николай Михайлович бұған дейін де өндірістің қақ ортасында өсті. Ресейдің Куйбышев қаласында туды деген аты болмаса, ол онда бала болып ойнаған да жоқ, тіпті еңбектеген де жоқ. Төрт-бес айлық сәби шағында анасы Нина Николаевна Шумилина әкесі Михайл Давыдович Шильманды өзінің ту-

ған жері Доссор кәсіпшілігіне тартты. Николай осы Доссорда қазақ балалары арасынан дос, жолдастар тапты. Содан кейін сол кездегі атағы дәуірлеп тұрған мұнай кәсіпшілігі Саркамыста есею кезеңін өткізді. Мұнайшылар отбасында құлаққа мұнай өндіру құпияларын сипіріп, жайылып жүрген түйеше басын бір көтеріп, бір түсіріп, тынбай ырғалатын да тұратын қаптаған мұнай айдау қондырғыларын көзімен көріп, қызығына қанып ер жетті. Мектепті аяқтады да Гурьев медицина училищесіне оқуға түсті. Оны бітіру № 14 санитарлық-эпидемиологиялық станцияда санитарлық дәрігердің көмекшісі болып төп-тоуір қызмет істеуге жеткізді.

Өмір қағып қойған қазық емес. Бір орында қақшынып қалмай, өзгеріп, түрленіп отыруымен мәнді, қызықты. Николай Михайловичтің де өмір жолы өзгерістерге толы. Ол 1973 жылдан бастап төрт жылдан астам ішкі істер органдарында әр түрлі қызметтер атқарды. Солардың ішінде қылмысты іздестіру саласында болуы көп нәрсені үйреткендей, тергеудің, қылмысты ашудың сырларын ұғынуға бойсұнды. Бұл оншақты жылдан кейін прокуратураның жалпы қадағалау бөлімінің есігін ашқанда үлкен пайдасын титізді, қолтықтан демеді.

Гурьев қаласындағы жылу-электр орталығының өскерилендірілген күзетінде бастық, химия зауытының, жабдықтау басқармасының, Батыс Қазақстан мұнай құбырлары басқармасының аға заң кеңесшісі, заң бюросының кеңесшісі, облыстық атқару комитетінің мемлекеттік арбитражының мемлекеттік арбитрі тәрізді қызметтерде болған Николай Михайлович арасында сегіз айдай атышулы БАМ (Байкал-Амур магистралы) құрылысына да өз үлесін қосып келгені бар. Осының бәрі, сайып келгенде, облыстық прокуратурадағы әлеуметтік-экономикалық салалармен байланысты прокурорлық қадағалау шараларын жүргізуде оның өрісін ашуға мүмкіндік жасады.

Сонымен қатар, Николай Шильманның маңдайының бағы бар екен, жолы болып прокуратурада тағылымды төлімгерлерге кезікті. Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық заң институтында сырттай оқып жүргенінде прокуратурада тәжірибелік сабақтарын белгілі заңгер, облыстық прокуратураның ұйымдастыру-бақылау бөлімінің осы күнгі бастығы Әйкен Құмғанбаеваның қол астында өткізді. Иманғали Сейітов, Жармақан Тұяқбаев сынды озық ойлы облыс прокурорларымен, Мұқтар Жоренбаев, Александр Ротенберг, Григорий Тен, Алдаберген Орынбаевтардай үйретері көп заңгерлермен бірге қызмет істеп, үйрену мектебінен өтуі оны өрге сүйреді, жолын ашты. Николай Михайлович екі жылдан кейін бөлімнің аға прокуроры, тағы екі жылды араға салып бөлім бастығы атанды. Мақтауға ілігіп, жұлдызы жарқырай жанған кездер аз болмады. Қайтесін, қызмет барысында оқындыртып, сүрінген тұста болды. Бәріне уақыт күү, бәрі артта қалған жылдардың мұрағаттарында хатталып, сайрап жатыр.

Өткен жиырмамыншы ғасырдың соңғы он жылы ұлан-ғайыр өзгерістермен ерекшеленді. Социалистік құрылысты тірек тұтқан кеңестік жүйенің шаңырағы күйреп, ортасына түсті. Қазақстан өз егемендігіне қол жеткізді. Міне, осы бір қарбаласы мол кезеңде нарықтық қатынастың көшіне ілескен заңгер Николай Шильман прокурорлық қадағалау ісінің басты салаларының басы-қасында жүрді. Оның әуелгі үш жылында облыс прокурорының көмелетке толмағандар ісі,

содан кейін ұлттық қауіпсіздік комитеті, кеден, еңбекпен түзеу мекемелеріндегі заңдылықтың сақталуын қадағалау жөніндегі көмекшісі міндеттерін атқарды. Бір жүйеден екінші жүйеге өту мерзімдерінде бұл салаларда да түсінбестіктер, бұра тартулар болмай қалған жоқ. Заңсыздықтарды кезінде аңғарып, тосқауыл қоя білді, жөн арнаға түсуіне прокурорлық ықпал етті.

Сырттай тон пішкен адам прокуратураның қызметтерін оп-оңай көреді. Тексере салады, бұйыра салады, орындата салады деп ойлайды. Шын мәнінде, прокурорлық қызмет күрделі де ауыр. Онда уақытпен санасу деген болмайды. Кеңсеге ерте келіп, кеш кететін осы прокуратура қызметкері. Кейде түннің бір уағына дейін бір істің түйінін жеріне жеткізе шешкенше, келтірер наразылықты, берер ұсынысты, ұйғарымды әбден көкірек қазанында қайнатып, қанықтырып, қағазға түсіргенше, қызмет орнында тапжылмай отыратын осы прокуратура қызметкері. Николай Михайлович те осылайша еңбектеніп, өзіне сөз келтіргісі келмейтін, берілген тапсырманы, жүктелген міндетті уақытында орындауға тырысатын прокуратура қызметкері. Атырау қаласы прокурорының аға көмекшісі, қалалық прокуратураның әлеуметтік-экономикалық салаларындағы заңдылықтың сақталуын қадағалау бөлімінің бастығы, енді міне, соңғы екі жылға жуық уақытта облыстық прокуратураның мемлекеттік органдардың қызметіндегі заңдылықты қадағалау бөлімінің аға прокуроры қызметтерінде болған, болып келе жатқан уақыттарында да ол сол үрдісті сақтап келеді.

Әлеуметтік-экономикалық салалардағы, мемлекеттік органдардың қызметіндегі заңдылықтың сақталуын қадағалау барысында көсіпкерлер мен шенеуніктер арасындағы тартысты жойттер, шетелдіктердің еліміздің заңына кереғар әрекеттері, контрабандылықпен күрес, тұрғын үй мәселесі, еңбек дауы т.б. кіші заң кеңесшісі Николай Шильман араласпайтын сала кемде-кем. Солардың бәріне жан-жақты білім керек, заңгерлік, көсіби деңгейдегі ұғыныс керек, толымды тәжірибе керек. Бұлар жағынан да ол олқы соқпайды.

Жаны жайсаң заңгер Николай Михайловичтің қызметінің өз арнасымен

өріс алуына зайыбы Нина Михайловна қамқорлықпен қарайды. Өзі де тынымсыз жұмыс — Атырау сумен жабдықтау және дайындау басқармасында лаборант болып қызмет істейді. Нинаның алдынан шайын өзірлеп, дәмді асын жадырай ұсынып отыруы ерін жігерлендіре түседі. Балалардың да бар тауқыметі негізінен әйелінің мойнында болды. Шүкір, қазір бәрі өсті, есейді. Үлкен ұлдары Константин Астрахань қаласында көсіпкер, одан кейінгі Надежда Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің экономика факультетін бітірді, енді ҚазМУУ-дің журналистика факультетін-

де сырттай оқиды. Газеттерде мақалалары шығып жүр. Бүгінде “Эрбизмұнай” АҚ-да менеджер, ал кіші қыздары Татьяна Атырау мұнай және газ институтының 2-курсын тәмамдағалы отыр. Бәрі де азамат.

Міне, Николай Шильман жұмыс үстінде. Алды толы қағаз. Қаладағы ірі мекеменің қаржы жұмсау заңдылығын тексеріп қайтқан. Заңсыз былық-шылық аз емес екен. Білмей істегендері де, біліп істегендері де бар. Өрбіреуін көңіл таразысынан өткізіп, қорытындысын жазып, бөлім бастығы Сәрсенбай Еңсегеновтің алдына ұсынбақшы.

Сәидбек ҒҰБАЙДУЛЛИН,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

ТЕМІРДЕЙ ТЕГЕУРІН ИЕСІ

Қоғам игілігі мен адамдар тыныштығы үшін білімі мен күші-жігерін аямай, парасатты пайыммен ұлы Абай айтқандай “ақырын жүріп, анық басып” келе жатқан азаматтар заң қызметкерлерінің арасында да аз емес. Солардың бірі — Атырау облыстық прокуратурасының сот қаулыларының заңдылығын қадағалау бөлімінің аға прокуроры, бөлім бастығының орынбасары, заң кеңесшісі Бақытжан Жұбанов.

1987 жылдың көктемінде Новобогат (қазіргі Исатай) ауданы қайта құрылғанда, жаңа шаңырақты көтерісуге келген кадрлардың қатарында жасы өлі отызға да тола қоймаған, жас прокурор Бақытжан Жұбанов та болатын. Ол кезде елді қаудыраған қарттар ғана басқарып, жастарға лауазымға ие болу оңай емес еді.

Сондықтан да алғашында Бақытжанға “апырмау, прокурор үшін жастау екен, ыссылай қаппаса боқты” деп секемдене қараушылар да табылып қалатын. Бірақ кешікпей-ақ бұл сезік сені сетіней бастады. Жас прокурордың алдына барушыларды сабырмен тыңдай білетін салқынқандылығы, әр істің мәніне байыптай үнілетін парасаттылығы, ешбір асығыс шешімге бармайтындығы, артық әрекет түгілі, артық сөзге жоқтығы аудан өңіріне аңыздай тарай бастады. Ол кезде

науқандық жұмыстардың бірде-бірі уәкілсіз бітпейтіндей көрінетін, оның қақ ортасында және ең қиын буынына прокурор жіберілетін. Бақытжан қайда жіберілмесін жұмысты дау-дамайсыз, даңғаза-дабырасыз, ешкімді қорқытып, үркітпей-ақ, аудандық кеңселерге сүйремей-ақ жайғастырып келетін. Шаруашылықтың, әсіресе, ауыл шаруашылығының, жай-жапсарын жетік білетіндігі кейбір мамандардың өзін таңдандыратын. Жас жігіттің осындай, жөн-жосықты жете меңгерудің астарында абыздық жатпағанымен, “көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра” деген қазік нақылдың сыры барын біршама адам біле бермейтін. Оның мектеп қабырғасында бүкіл мектеп комсомол ұйымының жетекшісі болғаны, жиырма жасында ауылдық Кеңес атқару комитетінің, Қызылқоға ауданындағы Энгельс атындағы кеңшар комсомол комитетінің хатшысы қызметтерін атқарғаны, сөйтіп, заң қызметіне өмірдің өзегінде, қоғамның қазанында пісіп келгендігі көпшілікке беймәлім еді.

Әншейінде ні жұмсақ, “үстінен түйе өтсе де мыңқ етпейтін” болып көрінген Бақытжан, заң тіліне келгенде, темірдей тегеурін танытатынына кешікпей көпшіліктің көзі жете бастады. Оған мына екі мысалды келтірсек те жететін сияқты.

Аудандық прокуратураның тексеруі нәтижесінде Новобогат ауданындағы іргелі құрылыс мекемесінде көзбояушылықпен мемлекеттің мол қаржысының талан-таражға түскені және оған аудандағы биік лауазым иелерінің де қатысы бары анықталды. Қазіргісін қайдам, ол кезде мұндай істі ақырына дейін аяқтау үшін таудай төуекел де, жасымас жігер де керек болатын. Бөкең бұл істі, небір қокан-лоқы мен құйтырқы қимылдарға қарамастан, аяғына жеткізе білді. Кешікпей ол облыстағы ең ірі аудан — Теніз (қазіргі Құрманғазы) ауданы прокурорлығына жіберіліп, 1986 жылы Атырау қаласы прокуроры болып тағайындалды. Қалалық прокурор болу қажымас қайратты ғана емес, парасатты пайымды да керек ететінін ол алғашқы сөттен-ақ сезе бастады. Өйткені, бұл кезде қайта құру идеясы көп жерде бой көтеріп жатса, біздің облыста ол құйындағып, қайта құру болмағанмен қайта қуу сүреңіне айналған болатын. Мұндайда “өзгенін қолымен от көсеу” қолайлы болатындығы, ал ол үшін ең оңтайлы қару заң орындары есептелінгені сол кездің ахуалын ау-жайлай алатындарға құпия емес. Күнөсізді — күнөлі қыту, жалбарынбағанды — жарға жығу — күштілердің үрдісі. Сол кезде қала прокуроры алдында “жоғарыдағылардың жоралғысын жөн деп

жоңкіле жөнелу” мен “ақиқаттың ақ жібін аттамау” сияқты екі тандау тұрды. Бақытжан соның соңғысынан табылды, өйткені бұл қасиет оның қанына жастайынан-ақ күйылген болатын.

Бақытжан Жұбановтың осындай заң алдындағы да, ар алдындағы да тазалығына туа бітер қанға сіңген қасиет, отбасы өнегесімен қатар, еңбек еткен ортасы тәлімінің төуірін тандай бітуі әсер еткені сөзсіз. Өзі кезінде облыс прокуроры болған О.Боранбаев, И.Сейтовтерді жұмыста тікелей араласқан С.Мұқанғалиев, Ғ.Дәулетияров, Ғ.Жапаров, Т.Сарғожин сияқты ағаларын өркез ыстық ілтипатпен ауызға алып отырады. “Заң қызметкерінің парызы адамдарды қаралау емес — саралау, жазалау емес — күн ілгері тазалау, күнәлімен заң тілімен найымдай сөйлессен — көңілінде заңның бабы қалады, ашумен адуындасан — көңілінде дағы қалады”, — деу оның сүйікті сөзі де, істе ұстанар бағдар шамы да. Бүгін біз оған “бағытыңнан таймай, өнегенді өзгеге де өрістете бер”, — дегіміз келеді.

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН: Очерк кейіпкері Бағытжан Жұбанов кейін зейнеткерлікке шықты. Бірақ мамандығы бойынша қызметін жалғастырып, нарық заманына сай халыққа жеке заңгерлік қызмет көрсететін орын ашты.

Әйкен ҚҰМҒАНБАЕВА,
облыстық прокуратураның
ұйымдастыру-бақылау бөлімінің
бастығы, аға заң кеңесшісі

ЖАҚСЫДАН ШАРАПАТ

“Прокуратура органдарының тарихын, оның іргетасын құраған ағалар мен апаларды құрметтеп, өсіп келе жатқан жас буынға ұрпақтар сабақтастығын, үндестігін жеткізу мақсатында кітап шығарсақ”, — деген облыс прокуроры Мұқтар Жөргенбаевтың бастамасы бәрімізден түсінік тапты. Ол прокурор болып тағайындалғаннан соң, өмір ағымына сай тек жұмысты ұйымдастыруды ғана жаңаша ой елегінен өткізіп қоймай, сонымен қатар қызметкерлердің бойындағы құқықтық сана-сезімді арттырып, прокуратура тарихын құрметтеу, үлкендерден тәлім, өнеге алу мақсатында өркім-

нің адами қасиетін оятатын біршама жұмыстарға мұрындық болды, мұражай, кітапхана, компьютерлік сынып ашылды, Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арналған “Атырау арғымақтары” деген кітап жарық көріп, тұсауы кесілді.

Прокуратураның өз тарихына, өз дәстүріне, тәрбие жұмысына аса мән беретіні ардагерлерімізді де қатты қуантты. Сондықтан да болар біз бұл бастамаға шама келгенше ат салыстық. Мен де өзім қызметтес болған талай ақылшы ағаларым, қатарлас құрбы өріптестерімді, өзіл әңгімелерін, тергелген істерді, “Заң түзелмей, заман түзелмейді” деген нақыл сөз-

ді мұратқа айналдыра, атқарылған жұмыстарды еске түсірдім.

Тергеуші болған кездегі облыс прокурорының орынбасарларын, соның ішінде өз ұстазым болған Олег Иванович Гайдановты ерекше еске аламын. Ол кісі қазір Ресей прокуратурасында қызмет атқарады. Сонымен бірге В.В. Татарчук, Қ.Салықов, В.И. Мельников, А. Борашев, В.Быканов, Ф.Жапаров әр жылдарда осындай лауазымда айтарлықтай жұмыстар атқарды.

Бізбен бірге 1977 жылы Атырау (ол кезде Гурьев) қалалық прокуратурасында тергеушілік қызметтен бастаған Рақымжан Тойжанов өз алдына бір тұлға болды. Прокуратура органдарында ұзақ жылдар тергеуші, аса маңызды істер бойынша тергеуші, облыс прокурорының аға көмекшісі, бөлім бастығы қызметтерін атқарып, 1991 жылы облыс прокурорының орынбасары және бірінші орынбасары дәрежесіне дейін өзінің іскерлігімен, біліктілігімен көтерілген Рақымжан Қуандықұлы 15 жыл бойы қызмет еткен Атырау облыстық прокуратура органдарында айтулы із қалдырды. 1992 жылы Республика Бас прокуратурасының тергеу басқармасының бастығы лауазымына көтерілді.

1977 жылы жұмысты бастаған өрімдей жастар сол кездегі алтын ұямыздың белді буиндары О.Боранбаев, О.И.Гайданов, Ф.Жапаров, Ф.Доулетияров, И.Сейтов, С.Шағиева сияқты ағалар мен апаларға қарап бой түзеді.

Жоғарыда аталған азаматтардың қайсысына болса да:

“Ақыл айтар мезгілде,
Мың жасаған шалдай бол.
Қатал болар мезгілде,
Шатырлаған жайдай бол.
Мейірім түсер мезгілде,
Ағарып атқан таңдай бол” —

деген Б.Момышұлы ағамыздың сөзін арнауға болар еді.

Қатарлас құрбы, әріптес болғандықтан Рақымжан Қуандықұлының тергеу саласында жүріп тергеген істерінің әрдайым сапасы жоғары екендігінің куәсі болатынбыз. Ол небір күрделі істердің түйінін жазды, өзгеге қиянат жасап адасқан жоқ. Тергеу саласында жетекшілік істеп жүргенде (мен ол кезде тергеу бөлімінің бастығымын) бәрімізді жинап

алып, орнықты тапсырма беріп, саликалы ойларын ортаға салып, әрқашан да тергеушілерге “бұл дүниедегі ең үлкен күнә — біреуге қиянат жасап, көз жасына қалу” деп отыратын. Өзі де тергеуші кезінде осы жолдан тайған жоқ.

Гурьев қаласындағы № 10 кәсіптік-техникалық училищенің директоры А.П. деген қалаға белгілі азаматтың мемлекет мүлкін өте көп мөлшерде өзінің және өзгенің пайдасына жұмсаған қылмыстық ісін тергеу оған оңайға соққан жоқ, оның ойелі сол кезде партияға еңбегі сіңген, белді қызметтегі адам болатын, сондықтан іс тергеуіне араласушылар да көп болды. Алайда, Рақымжан Қуандықұлы басқарған тергеу тобы жемқорлардың қылмысын толық түрде дәлелдеп, істі сотқа жолдады. Бұл оның тек бір ғана ісі емес, сол кездегі облыстық прокуратура тергеген мемлекет мүлкін қорғауға бағытталған көптеген маңызды істердің тергеуін өзі жеке басқарған болатын.

Талай ақиқатты анықтауға келгенде түн ұйқысын төрт бөліп, айыпталып отырған адамның да пенде екендігін айқын ұғына отырып, бар өмірден көргенін, түйгенін адам құқығын аяққа баспауға, көңіл түкпірінде күдік қалмайтындай етіп тергеуге бағыттаған Рақымжан Қуандықұлының өмірге өкпесі жоқ деп айтуға болады. Ол қанша ренжисе де ешкімнің арына тиген жоқ. Еңбегінің арқасында лауазымды қызметтердің тұтқасын ұстады. Сол кездерде өзін көп ұстаздарына қарыздармын деп есептейтін. 2002 жылға дейін өз гүмырының мөн-мағынасы, алтын ұясы прокуратура жүйесіндегі жұмысын Алматы қалалық прокуратурасында жалғастырды.

Қазір Рақымжан Қуандықұлы Тойжанов Алматы қаласы ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары. Оның зайыбы үлкен жүректі, бақытты ана Светлана Андамасқызы Қаракузиева да белгілі заңгер, судья. Светлананың жағдайы келе ме, жоқ па қарамай, бір топ болып кешкі асқа кешіге түннің бір уағында келген біздерге жылы жымия қарап:

— Осы сендер еңбек заңын неге сақтамайсыңдар? — деп жататын. Талай түйінді ойлар шешілерде бір-бірімізден ақыл-кеңес сұрап, ақ пен қараны, жамандық пен жақсылықты ажыратуда көп пікірлер ортаға салынатын.

Өз міндеттеріне әрқашан да жауапкершілікпен қарап, әділет жолынан таймаған Рақымжан Қуандықұлының қазіргі ортасында да айтары мол, үйретері көп екеніне көміл сенуге болады.

"Тайды тұлпар еткен бапкер, шөкіртті азамат еткен ұстаз" демекші, оның бір кездегі ізбасарлары қазір биік лауазым

инелері, олар: Ә.Жарылғасов – облыс прокурорының орынбасары, А.Мәженов – облыстық прокуратураның тергеу, анықтау және ЖІҚ-ның заңдылықтарын қалағалау бөлімінің бастығы, Ғ.Есжанов – облыстық әділет басқармасы бастығы, Б.Халықов – аудан прокуроры. "Жақсыдан – шарапат" деген осы емес пе?

БІЗДІҢ ҚЫЗДАР

Өткен күнге көз жүгіртіп қарасам, менің де прокуратура органдарына келгеніме 25 жыл толады екен. Прокуратура табалдырығын аттаған соң, талай асылдың сынығындай ағаларымыздан, апаларымыздан төлім-тәрбие алып, жақсы ортаға тап болғанымға өте қуаныштымын. Енді қарап отырсам өзім де өмірден көргенім, түйгенім, білгенім үйрететін аға буынға қосылыптың. Өкілемізді басып келе жатқан толқынға бір жағынан қызыға, бір жағынан сынай қараймын. Олардың жетістіктерін көргенде едеуір марқайып қаламын.

Соның ішінде мен прокуратура органдарында қызмет істейтін құрбыларым, сінділерімнің ер-азаматтардан кем түспей, қиын мамандықты игеріп, заңдылықты сақтауға үлестерін қосып, өз міндеттерін адал атқарып жүргендерін ерекше мақтаныш тұтамын.

Прокурор. Бұл қызметті атқаруға күш керек, жүрек керек, шыдамдылық керек. Ал әйел адамға тән төзімділік, аналық мейірім прокурорлық қызмет үшін артық емес.

Бүгінгі күні прокуратура органдарында 18 қыз-келіншек прокурорлық қызмет атқарады. Тәжірибе, қажетті іскерлікті бойына жинағандары да, ауыр жұмысты жанадан игеріп көзге түсіп келе жатқандары да бар. Оның үстіне қазақ әйелдері тек кәсіппен өмір сүре алмайды, олардың жеке өмірі, тұрмыс-тіршілігі бар. Қыздарымыз туралы көптеген әдемі өңгімелер жазуға болады, бірақ қысқа мақалада бәрін қамту мүмкін емес қой.

Ләззат. "Үяда не көрсең, үшқанда соны ілерсін" демекші, ол заңгер әкесі Жандолла ағайдың әділдік пен заңдылық жолындағы өмірбаянына қанық болып өсті. Бірден болмаса да заңгер болу арманы орындалып, Ләззаттың еңбекқорлығына, талпынысына, қолынан іс келетіндігіне сенім

білдіргенінің арқасында ол облыстық прокуратураның инспекторлық қызметінен Атырау қаласы прокурорының көмекшісі қызметіне тағайындалды. Ләззат Нұрмағамбетованың бойында басқаны түсінуге тырысатын байсалды қозқарас, тазалық бар. Бала тәрбиелеу, оқыту саласында істеген жылдары оның кәсіби дәрежесін шыңдауға едәуір ықпал еткен. Өмірлегі тірегі – жолдасы Ғабит, ұлы мен қызы.

Гүлнәр. Өз басым оған қарағанда мөлдір бұлаққа қоз салғандай сүйсінемін. Жаны нәзік, жүрегі жақсылыққа қарай бұлқынып тұрғандай, күлімсіреуі де, мұңаюы да табиғи, бойында ешбір жасандылық жоқ. Жоғарғы оқу орнына түскенге дейін Балықшы аудандық сотында сот мәжілісінің хатшысы болып қызмет еткен, қазір Атырау қаласы прокурорының көмекшісі Гүлнәр Өтепова адам тағдырын әділ таразылау оңай еместігін білген, сондықтан мамандық таңдауды талай ой елегінен өткізген.

Тұрсынбай. Жолдамамен қызметке келгенде кекілі көзіне түскен, нұрлы жанары адамға қымсынбай қарайтын, ақжарқын мінезді Тұрсынбайға "отбасылы екенсің, қызметіңе өсері тимей ме" дегенім әлі есімде. Намысшыл, үлкеннің алдынан қия өтпейді, едәуір тәжірибе жинаған. Ол – жар, ол – ана. Атырау қаласы прокурорының аға көмекшісі Тұрсынбай Бурабаева нағыз қылмыскерді де, сүрініп кеткен адамды да әділ жазалап, дұрыс үкім шығаруға ықпалы тиеді деп ойлаймын.

Света, Жанат, Жанар, Клара, Әлия, Салима, Алмагүл...

Әр әулет, әр отбасы қонақ санап, ағалары еркелетіп, інілері қорған болған осындай қазақтың қыздары ең бір қиын мамандықтың тұтқасын ұстап, ер азаматтың қолынан келетін істі атқарып жүр.

Қыздар туралы өз ойымды Моңке би
бабамыздың:

*Анасы жақсы қандай-ды,
Арайлап атқан таңдай-ды.
Әйелі жақсы қандай-ды,
Жарқыран жанған шамдай-ды.
Келіні жақсы қандай-ды,*

Тындырып жанын жайлайды.

*Осылар түгел сай болса,
Көңілің сөйтіп жай болса,
Береке-ырыс, бедел-бақ,
Ізіңнен қуып қалмайды —*

деген сөздерімен қорытындылағым
келеді.

Абат АҚБАЛАШҮЛЫ,
*облыстық “Прокуратура жаршысы”
газетінің тілшісі*

ТАЛАПТЫҒА НҮР ЖАУАР

Жас заңгер Есенбек Біләлов туралы сыр

Сонау Исатай мен Махамбет мекен еткен қасиетті Нарын құмының етегі Ай-бастың шағылында қарына құрық іліп жылқы соңында жүрген Есенбек күндердің күнінде құқық қорғау саласында еңбек етіп, мемлекет мүддесін, адамның құқығы мен бостандығын қорғайтын құзырлы орган — прокуратурада заңгер болып қызмет атқарам деп ол кезде ойлаған жоқ-ты. Табиғатынан ақкөңіл, ешкімді жатырқауды білмейтін, қолынан келсе қайырымды болуды ана сүтімен бойына сіңірген жігерлі жастың жолы жеңіл болып, бәрі де ойламаған жерден оңынан орала кетті.

1969 жылы бұрынғы Новобогат ауданындағы Нарын құмының бір пұшпағында 50 жылдай жылқы баққан, елге сыйлы, ағайынға қадірлі жылқышы Біләлов Жантемір мен Бақыттың шаңырағын қуанышқа бөлей келген жас нәрестеге үш қыз, төрт ұлдан кейінгі кенжеміз қарашаңырақтың иесі болсын деп Есенбек деп азан шақырып атын қойған еді. Айтқандай Есенбек 1986 жылы Аққыстау селосынан орта мектепті бітіріп, Чапаев кеңшарында жылқы бағып отырған әке құрығын қолға алды. Бесіктен белі шыға қолға құрық ұстап, жылқышы болғанына өкінбейді, абыройсыз болған жоқ. Сол кезде жергілікті әкімшіліктің қолдауымен екінші бірінің қолы жете бермейтін “Жигулиді” кезексіз алып мінді. Сөйтіп жүргенде Отан алдындағы борышын өтеуге шақырылды.

Одан кейін... иә, одан кейін Есенбек Біләловтың өмір жолы күрт өзгерді. Ол жылқышылықты тастап, орталықта жү-

мыс жасауға аңсары ауды. 1992 жылға дейін аудан орталығы Аққыстауда әр түрлі мекемелерде жүргізуші болып жұмыс істеді. Бір жыл аудандық тұтынушылар одағында дайындаушы болды. Осыдан соң 1997 жылы Исатай ауданы прокурорының құқықтық статистика және ақпарат жөніндегі аға көмекшілігіне келгенше, облыстық келен басқармасының инспекторы, тергеу комитетінің аудандық бөлімінде қылмысты іздестіру бөлімшесінің жедел өкілі, аудандық ішкі істер бөлімінің аға жедел өкілі қызметтерін абыройлы атқарды. Сол екі арада Қарағанды қаласындағы тұтынушылар кооперациясы институтын сырттай тәмамлады. Прокуратура саласына келгеннен кейін де жұмысы жеміссіз болған жоқ. Тіпті Құрманғазы ауданы прокурорының аға көмекшісі бола жүріп, Исатай аудандық прокуратурасының қылмысты есептеу-тіркеу тәртібін қадағалау жұмысын қоса атқарып жүрді. Оның осындай табыстарға жетуіне, еңбек сүйгіштігінің, қабілеттілігінің арқасы болса, қазіргі Құрманғазы ауданының прокуроры Ф.Мүрсалиев пен Исатай ауданының прокуроры Б.Халықовтың тәлімгер ретінде қосқан үлестері аз емес. Ол туралы жас заңгердің өзі:

— Прокуратура органдарында қызмет істеген кезімде тәжірибе жинақтап, білімді ұштауда Ф.Мүрсалиев пен Б.Халықовтан алған тәлім-тәрбием ұшан-теңіз. Физатолла Қыдырұлынан прокурорлық қадағалауды сапалы жүргізудің, тапсырмалардың уақытында орындалуын, азаматтардың арыз-шағымдарын қарау-

дың тәртібін үйренсем, Балтабай Халықовтан тергеу, анықтау және жедел іздестіру қызметтеріндегі заңдылықтың сақталуының, сот қаулыларының заңдылығын қадағалаудың қыр-сырын меңгердім, — деп ағынан жарылады.

Өткенде қыркүйек айында “Жайықмұнайгаз” өндіру басқармасының қоймасынан 70 қап цемент ұрлаған Атырау қаласының тұрғыны М.Любинді аудандық сот алты айға бас бостандығынан айыруға соттаған. Бірақ, мемлекеттік айыптаушы ретінде сотқа қатысқан Е.Біләлов бұл үкіммен келіспей, кассациялық наразылық білдірді. Нәтижесінде ұры тиісті жазасын үстемелеп алып, бір жылға сотталды. Аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері тарапынан кеткен заңсыз әрекеттерге тосқауыл қоюда да Е.Біләловтың қосқан үлесі айтарлықтай. Мәселен, заңсыз өкімшілік қамауға алынған алты азаматтың үшеуі тікелей Есенбектің араласуымен босатылды. Осы мысалдардың өзін саралап-ақ,

Есенбек Жантемірулының өз ісіне деген ұқыптылығы мен адалдығын сезініп, тәңті боласыз.

Осындай еңбектерімен көзге түскен жас заңгер, басшылар назарынан тыс қалмады. Бұған дейін заңгер мамандығы болмаса да іскерлігімен танылып, облыс прокурорының алғысымен марапатталды. Ол Халықаралық нарық және құқық академиясын заңгер мамандығы бойынша бітірді. Жақында “1 дәрежелі заңгер” дәрежелік шенін алды.

Адал жары Шәмшия да жоғары білімді, екеуі қазір Ардақ, Әйгерім атты екі бүлдіршін тәрбиелеуде.

Иә, “Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын...” деген бар ғой. О баста біздің де мақсатымыз болашағынан үлкен үміт күткізер жас заңгерді халыққа таныстыру еді. Олай болса, ол орындалғандай. Сөз соңында мемлекет пен халықтың мүддесін қорғап, сол жолда абыройлы асулардан аса бер, Есенбек, демекпіз!

Светлана ЖУМАШЕВА,

облыс прокурорының кадрлармен жұмыс жөніндегі аға көмекшісі, кіші заң кеңесшісі

ЖАС ЛЕК — ЖАҢА ЛЕП

Бұдан алтыс жылға жуық бұрын облыста прокуратура органдары құрылғанда бірде-бір жоғары білімді заңгер болмаған екен. Ал бүгінде ше? Бәрі басқаша. Жыл сайын ондаған жастар еліміздің әр түрлі қалаларындағы университеттер мен институттардан түлеп ұшып келіп, аға буын заңгерлердің қатарын толықтырып келеді. Іштерінде өндірістен қол үзбей жүріп, сырттай оқығандар да бар. Қазір Атырау облысының прокуратура органдарында 121 оперативтік қызметкер жұмыс істейтін болса, олардың 60 пайызы жас маман. Тек соңғы бес жылдың ішінде жыл сайын орта есеппен 27 қызметкер жаңадан қабылданды. Бұл деген үлкен күш.

Сөз жоқ, жас лек жаңа леп өкеледі. Олар жаңаша жұмыс істеуге ұмтылады. Дегенмен, оқуды жаңадан бітіргендерге аға буынның көмегі қажет, тәжірибе жинақтау керек. Сол себепті де жас кадр-

ларды тәрбиелеу, іскерлігін шыңдап, біліктілігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізу алға мақсат етіліп қойылады. Көптен қызмет істейтін, сан сынақтан өткен аға буын өкілдері тәлімгерлік жасап, үнемі бағыт-бағдар сілтеп, ақыл-кеңестер беріп отыру бізде берік дәстүрге енгізілген. Соның нәтижесінде жас қанат қатайып, ұжым қатарын білікті кадрлар толықтыра түсті. Көбі өздерінің іскерліктерімен танылып, қабілеттіліктерін көрсетіп, қандай қызметті болса да атқаруға өзін екендіктерін танытып үлгерді.

Біреу мысал. Дархан Сақтағанов өзінің прокурорлық еңбек жолын Жылыой ауданы прокурорының көмекшілігінен бастады. Онда жүргенде өзін тек жақсы жағынан көрсетіп, білімді, ұқыпты, ын-талы қызметкер екенін көрсетті. Сондықтан көп ұзамай ол облыстық прокуратураның тергеу, анықтау және жедел іздестіру қызметтеріндегі заңдылықты

қадағалау бөліміне қызметке ауыстырылды. Қазір Д.Сақтағанов аудан прокуроры резервіне қойылды. Оған бір жағынан соңғы кезде уақытша жүктелген аудан прокурорының міндетін абыроймен атқаруы дәнекер болды.

Өмір адамды шыңдайды, өсіреді, есейтеді. Облыс прокуратура органдарында қызметке келгенге дейін талай жолдан өткен, қарапайым жұмысшы болып, еңбектің көрігінде қайнап, пісіп, жетілген заңгер аз емес. Бір кезде еңбек жолын слесарлықтан бастаған Сайран Көпбаев бүгінде Атырау қаласы прокурорының орынбасары, кіші заң кеңесшісі. Ауыл шаруашылығында қол жұмыс істеп, кейін есейе келе жоғары оқу орнын маңдай терін төгіп жүріп бітірген Рашид Оразалин прокуратура есігін ашқаннан бастап өзін жақсы жағынан көрсетіп келеді. Кіші заң кеңесшісі Рашид Оразалин қазір Атырау қалалық прокуратурасының бөлім бастығы. Ол қоғамдық қызметке де белсене араласады. Өлең шығаратын ақындығы да бар. Прокуратура қызметкерлері арасындағы облыстық байқауда жеңімпаз атанды. Осындай жылы лебіздерді облыстық прокуратураның қылмыстық істердің соттарда қаралу заңдылығын қадағалау бөлімінің аға прокуроры, 1 дәрежелі заңгер Тұрсынбай Бурабаеваның, осы бөлімнің прокуроры, 1 дәрежелі заң-


гер Сәлима Жекейбаеваның, облыс прокурорының аға көмекшісі, кіші заң кеңесшісі Алмагүл Ергазиеваның, Атырау қалалық прокуратурасының бөлім бастығы, 1 дәрежелі заңгер Асылан Досымбаевтың және басқалардың аттарына да айтуға болады.

Жастар – еліміздің ертені. Болашақтарынан үлкен үміт күттіретін жас мамандар қатары көбейіп келе жатқаны бәрімізге қуаныш. Демек, Отан тірегі молая түсті деген сөз. Атырау қалалық прокуратурасының бөлім прокурорлары, 2 дәрежелі заңгер Ләззат Нұрмағанбетова, 3 дәрежелі заңгер Нұрдәулет Сұлтанов, Жылыой ауданы прокурорының аға көмекшісі, 2 дәрежелі заңгер Шымырбай Әбішев, Махамбет, Исатай және Индер аудандары прокурорларының көмекшілері, 2 дәрежелі заңгер Салтанат Рахимова, 3 дәрежелі заңгерлер Руслан Әдиетов, Қайрат Темірәлиев, Атырау табиғат қорғау прокурорының көмекшісі, 3 дәрежелі заңгер Болат Шоқай өздерінің ынтылылықтарымен, ілгері ұмтылыстарымен көзге түсіп келеді.

Мен өзім ортаңғы буынның өкілі ретінде, жаңа толқын – жас кадрларға еңбек майданында сапарларының сәтті болуларын тілегім келеді. Көптің көңілінен шығып, ел мақтанына айналғайсындар!








III тарау

ҚАДАҒАЛАУ ҚАРЫМДАРЫ

(Толғаныстар мен тебіреністер)



ПАРЫЗ БЕН МІНДЕТ

Әлеуметтің өз құжын қорғаудағы басты тірегі заң болып табылатын зайырлы қоғамда прокурорларға жүктелер міндет зор. Бұл міндет барлық деңгейдегі, соның ішінде қалалық прокуратураларға да сөзсіз қатысты. Тарихы тым өріден басталатын Атырау қалалық прокуратурасы қал-қадірінше осы міндеттің үдесінен шығуға ұмтылып келеді.

Бұрынғы Гурьев қаласы аумағында ең алғаш 1932 жылы Гурьев аудандық прокуратурасы құрылған болатын. Арала алты жыл өткенде, яғни, 1938 жылы ол Гурьев қалалық прокуратурасы деген статуска ие болды. Ол кезде қызметкерлер саны тым аз еді. Тіпті, қаламыз өжептөуір үлкейген алпысыншы жылдардың өзінде қалалық прокуратурада бекітілген штат саны небары жетеу болатын. Еліміз талай нәубетті бастан кешкен отызыншы жылдарда заңгерлік білім алу қаншалықты қиын болса да, сол алғашқы жылдардың өзінде-ақ Гурьевте білімді прокурорлар қызмет еткен. Атап айтар болсақ, 1938-49 жылдары С.П. Малюков, Н.Мұханбетов, 1949-52 жылдары қайтадан С.П.Малюков, 1952-55 жылдары Т.Ибраевтар қалалық прокурор қызметін абыроймен атқарды. 1955 жылы қалалық прокуратура таратылып, 1961 жылы қайтадан құрылған кезде Ө.Мырзалиев қала прокуроры болып тағайындалды. Ол екі жылдай жұмыс істеп, облыстық прокуратураға қызметке ауысқан соң, 1963-64 жылдар аралығында аты-жөні өзирге белгісіз орыс азаматы прокурор болып істеген. Ал, 1964-91 жылдар аралығында С.Т.Шореев, Ғ.Д.Дәулетияров, С.М.Мұқанғалиев, А.И.Ротенберг, Б.Жұбанов, Ш.Кемелханов деген азаматтар прокурор болды.

Заманның талай аумалы-төкпелі кезеңдерінде қызмет жасаған аға ұрпақтың бай тәжірибесін бойларына сіңіре бастаған бүгінгі прокурорларға өркеніетке бағыт ұстаған тәуелсіз елдің зайырлы заңдарымен жұмыс істеу бақыты бұйырды. 1991 жылы еліміз тәуелсіздік алды. Бұл – сонау ата-бабамыздан келе жатқан асыл арман еді. Ал енді сол тәуелсіздіктің ал-

ғашқы жылдарынан бергі кезеңде қызмет атқарып келген прокурорларға тоқталар болсақ, олардың қатарында А.И.Нұрғалиевтің, А.Х.Орақовтың, М.Ә.Жорғенбаевтың, П.Ж.Құтқожиннің, Б.Жазбаевтың және күні бүгін қала прокуроры қызметін атқарып отырған осы жолдар авторының есімдерін атауға болады.

Бүгінгі таңда Атырау қалалық прокуратурасында 35 бөлім прокуроры және бес техникалық қызметкер жұмыс істеуде. Мекемеде компьютердің, басқа да техникалық құрал-жабдықтардың жетіспеушілігіне, көптеген кадрлардың өлі де жастығына қарамастан, қалалық прокуратура өзінің алдына қойылған міндеттерді шама-шарқынша орындап келеді. Кадрлардың біліктілігін арттырып отыру мәселесі күн тәртібінен еш түскен емес. Мәселен, бөлім прокурорлары Д.Сұлтанов, А.Саудабаев, Н.Сұлтановтар университет қабырғасынан күні кеше шықса да, өздерінің теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде ойдағыдай жүзеге асыруда. Оларға тәжірибесі мол бөлім прокурорлары Ж.Қылыров, С.Көпбаевтар қол ұшын беріп отыр. Дегенмен, прокуратура кадрларының кәсіби деңгейін өлі де болса көтеру қажет. Мұны қоғам өмірінде өркен жайған өзгерістер талап етуде.

Прокуратура тарихы сөз болғанда мына бір жайды атап өткім келеді: Біз Атырау өңірінен екі Премьер-министрмен қоса Қазақстан Республикасының тұңғыш Бас прокуроры Жармақан Тұяқбаевтың шыққанын мақтан тұтамыз. Оның Атырау облысының прокуроры болған кезінде заңдылықты күшейтуде орасан көп қызмет атқарғанын бүгінгі прокуратура қызметкерлері өлі ұмыта қойған жоқ.

Прокуратура органдарының қоғамға келтірер пайдасын ешкім де жоққа шығара алмайды. Сан түрлі ашылған қылмыстық істер, мемлекет пайдасы үшін өндіріліп алынған қаражаттар мен азаматтардың бұзылған құқықтарының қорғалуы т.б. прокуратура органдарының мемлекетке келтірер орасан пайдасын айқындай түседі. Сондай-ақ, сот

актілерінің заңдылығын қадағалау, жергілікті өкімдердің шешімдері мен қаулыларының және өткізілген тендерлердің заңдылығын тексеру, мемлекет қоржынына салық түсіру де прокурорлардың үнемі назарда ұстап отырған шаруалары. Мысалмен сөйлер болсақ, қалалық прокуратура өткен жылғы тамыздан биылғы тамызға дейінгі мерзімде мемлекеттік органдардың 566 заңсыз актілеріне прокурорлық ықпал ету шараларын алып, мемлекет пайдасына 1 млрд. астам теңге қаржы өндіріп берді. Тәртіптік жауапкершілікке 271, материалдық жауапкершілікке 28, өкімшілік жазаға 111 лауазым иелері тартылды. Басқасын айтпағанда, тек қана “Полипропилен” ЖШС-і мен “Қазақойл-Ембі” ашық акционерлік қоғамынан 334 млн. теңге мемлекет пайдасына өндірілді.

Қалалық прокуратураның ықпалымен “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Заңның талаптарын жүзеге асыруда бірқыдыру жұмыстар атқарылды. Бұл орайда тоғыз қылмыстық іс қозғалып, оның үшеуі сотқа жолданды. Мәселен, Махамбет Өтемісұлы атындағы облыстық драма театрын жөндеуге бөлінген бюджеттік ақшаның жұмсалуды тексергенімізде көптеген заң бұзушылықтар орын алғаны анықталды. Атап айтқанда, театрды жөндеуге бөлінген 25 миллион теңгенің 90 пайызы атқарылмаған, жалған жұмыстар жөнінде құжаттар толтыру арқылы талан-таражға салынған болып шықты. Осы факті бойынша қозғалған қылмыстық іс алдын ала тергеу жүргізу үшін Атырау облыстық қаржы департаментіне жолданды.

Бұдан басқа, сот қаулыларының орындалу заңдылығын қадағалауда бірқатар жұмыстар атқарылды. Прокурорлық қадағалаудың бұл түрінің де маңызы ерекше. Өйткені, азаматтар сот шешімінің шығуын жылдап тосып, одан соң орындалуын айлап күтіп, әрбір сот сатыларының табалдырығын тоздырумен алтын уақыттарын текке өткізетіні өтірік емес. Мұндай фактілерді мыңдап атап өтуге болады. Мысалы, Атырау қалалық прокуратурасының берген ұсынысына сәйкес, сот өкімшілігінің басшысы А.Агелдиев қатаң жауапкершілікке тартылып, қызмет орнына лайық еместігі жария етілді.

Аталған мекеменің жұмысында бұдан да басқа заңсыз фактілердің орын алғаны анықталды. Мәселен, заңды шешімдердің сот орындаушылар тарапынан дер кезінде орындалмай, керісінше, заңсыз сот шешімдерінің тез арада орындалып жататыны бар. Айталық, Атырау қалалық су құбырлары және канализация басқармасының құны 40 млн. астам теңге тұратын оншақты автокөліктері мен біраз қаржысы жеке адамдарға беріліп, мекемеге зор залал келтірген. Ең өкініштісі – осындай үстірт алынған шешімді сот орындаушылары да жедел жүзеге асырған. Осыған орай, заң бұзушылыққа жол берген сот орындаушыларының үстінен үш қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдарын жүргізу үшін Атырау қалалық ішкі істер бөліміне жолданды.

Қалалық прокурордың наразылығымен бірнеше өкімнің шешімдері бұзылды. Мәселен, қала әкімі кезінде бас мекемелердің құқықтарын өрескел бұза отырып, “Тума” ЖШС-не мал сатуға қолайлы жағдай туғызу жөнінде заңсыз шешім алған. Сонымен қатар, тиісті лицензиясыз жұмыс жасап жатқан “Экономика және менеджмент” және “Желтая страница” ЖШС-і деп аталатын екі арнаулы орта білім беретін колледждер анықталды.

Соңғы жылдары қаламызда кейбір қылмыс түрлерінің азайғанын айта кету керек. Бұрыннан-ақ Атырауда кеңінен тарап келген қарақшылық шабуыл жасау және ашықтан-ашық тонау (ҚР Қылмыстық Кодексінің 178-179 баптары) секілді қылмыс түрі 21 пайызға төмендеді, яғни, 390-нан 308-ге дейін азайды. Қылмыстың төмендеуіне прокуратура тарапынан алдын алу жұмыстарының тынымсыз жүргізілуі себеп болғанын атап айтқан жөн. Ал енді қылмыстың осуіне негізгі себеп деп жұмыссыздықты айтуға болады. Өкінішке орай, осынау әлеуметтік дерт біздің мұнайлы өлкемізге де тән болып отыр. Осыған орай, Атырау облыстық прокуратурасында өткізілген үйлестіру кеңесінде жұмыссыздықты азайтудағы заңдардың ықпалы жөнінде келелі ұсыныстар енгізіліп, қабылданды. Бұл орайдағы ең бірінші мәселе – Атырау қаласы аумағында орналасқан шет елдік компанияларға жергілікті жұмысшылардың алынуын заңмен қамтамасыз

ету болып отыр. Айталық, қалалық прокуратураның кезекті тексеруі кезінде “Финтрако-Тепе” және ресейлік “Прикаспийбурнефть Казахстан” мекемелерінде 80 түркиялық және ресейлік жұмысшылардың ешбір рұқсатсыз қызмет атқарғандығы анықталды. Осыған байланысты қалалық прокуратураның алған шараларының нәтижесінде олардың барлығы және “Финтрако-Тепе” компаниясының басшысы Дуру мырза әкімшілік жазаға тартылып, қала аумағынан шығарылды. Екінші мәселе – жергілікті атқару органдарын қатыстыра отырып, “Сенбілік”, “Тазалық” және “Дренаж” секілді шаралар өткізу арқылы жергілікті жұмысшыларды жұмысқа тартып, оларға ішінара жалақы төлеуді шешу дер едім. Үшіншіден, қайыршы, қаңғыбас адамдарды қайта бейімдеумен айналысып отырған облыстық ішкі істер бөліміне қарасты қабылдау мекемесін шаруашылық есепке көшіру қажет. Өйткені, бұл мекемені ұстау мемлекет үшін тиімсіз. Төртіншіден, қылмыстың алдын алу жұмыстары да оған өрі жандандыруды қажет етеді. Бұл орайда бізге басқа мекемелер мен жекелеген азаматтардың қолдауы керек. Әсіресе, тұрғындардың заңды мүлкін қорғау үшін әрбір жергілікті пәтер иелері кооперативтерін қылмысқа қарсы күреске белсене қатыстыруға, оларға қарасты үйлердің терезелеріне темір тор, мықты есік қондыруға жұмылдырған абзал деп ойлаймын. Өйткені, көптеген қылмыс түрлері терезе мен есікті ашып түсу арқылы жасалатыны анықталып отыр. Бұл салада біздің атыраулықтар үшін үлгі тұтар жайлар бар дер едім. Мәселен, Алматы қаласында тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған пәтер иелері кооперативтері бар екені оншалықты жаңалық та емес. Алайда, біздегі көптеген ПИК өкілдері мұндай деңгейге жету үшін көп қаражат қажет, ондай ақша жоқ деген сылтауды алға тартады. Десек те, өткен жылдың өзінде тек қана Атырау қаласында алты кассир немесе бас есепшілер ПИК-тің ақшасын талан-таражға салып, қылмысқа тартылып жатқанын қалай түсіндіруге болар екен? Бесіншіден, “Халықты жұмыспен қамту туралы” Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, мекеме-кәсіпорындарға халықты жұмыспен қамту үшін үлес бө-

лінген. Алайда, бұл норманы міндетті түрде орындау керектігі заңда нақтыланбаған. Олай болса, бұл заңға тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізу қажет.

Жоғарыдағы алты ұсыныстың бәрі де қалалық әкімшілік тарапынан қолдау тапты. Алайда, ол жүзеге асуы үшін әрбір мемлекеттік орган өз үлесін белсенді түрде қосуы қажет деп санаймыз.

Бүгінгі таңда Республика Заңдарын басты қару қылып ұстанған прокуратура өз жұмысын ешкімнің шен-шекпеніне қарамастан адал атқаруда. Айталық, қазіргі уақытта Атырау қалалық сотында қалалық прокуратура қызметкерлерінің қатысуымен облыстық ішкі істер басқармасының үш қызметкеріне қарсы қозғалған қылмыстық іс қаралуда. Олар өз қызмет өкілдіктерін асыра пайдалана отырып, азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіріп, қол жұмсаушылықпен, заңсыз тексерумен айналысқан. Осы тектес қылмыстық істер бойынша қазіргі уақытта тергеу ісі аяқталып, жақын арада сотқа жолданады. Бұл жағдай қала тұрғындары арасында полиция қызметкерлері туралы теріс пікір қалыптастыруы өбден мүмкін. Тіпті, қазірдің өзінде Атырау қаласын “полиция қаласы” деп түсінетіндер бар көрінеді. Құқықтық-демократиялық мемлекеттің полициялары үшін мұндай атаққа қалу ұят-ақ.

Қоғаммен бірге жасасып келе жатқан ауыр қылмыстың бірі – кісі өлтіру. Қалалық прокуратураның араласуымен бірнеше адамды қасақана өлтіруге себеп болған ауыр қылмыстар ашылды. Сондай-ақ сот актілерінің заңдылығын қадағалауда бірқатар жұмыстар атқарылды. Мәселен, жергілікті қалалық соттың 54 үкімі заңсыз деп танылып, прокурордың наразылығымен оларға өзгертулер енгізілді.

Бұдан өзге өрескел заң бұзушылықтар УГ-157/9 мекемесінде, № 9 тергеу абақтысында және азаматтарды уақытша қамауда ұстау камераларында орын алып отырғаны жасырын емес. Тексеру барысында анықталғанындай, аталған мекемелер басшылары тарапынан заң талаптары дұрыс сақталмайды. Мысалы, мекеме әкімшілігі жаза өтеу орнында өздерін төртінші ұстаған азаматтарды мерзімінен бұрын босату жөнінде сотқа ұсыныс енгізбей, керісінше, жазаны өтеу

тәртібін бірнеше рет бұзған адамдарды босатуға әрекет жасаған. Жазасын өтеп жүрген Цыганков, Османов сәл ғана тәртіп бұзғандары үшін бірнеше тәулікке карцерге қамалған. Бұл аз десеніз, сотталғандардың санитарлық жағдайы еш сын көтермейді. Мәншаға түсетін, кір жуатын жерлері өте лас күйде. Олардың барлығы да ешқандай тұрмыс құралдарымен жабдықталмаған. Қоғам тарапынан осындай “қамқорлық” көрген сотталғандардың босап шыққаннан кейін қайталап қылмыс жасамасына кім кепілдік бере алар екен?

Мен алғаш қала прокуроры қызметіне тағайындалғанымда, ең бірінші кезекте тұрғындардың экологиялық қауіпсіздігіне көңіл бөлемін деп уәде еткен болатынмын. Осы уәденің үдесінен шығу мақсатында қалалық прокуратура экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде біршама жұмыстар атқарғанын айтқан жөн. Атап айтқанда, қауіпті өндірістік аумақта тұратын 103 қала тұрғынын қаланың экологиялық жағымды аймағына көшіру туралы талапты орындамаған “Атырау мұнай өңдеу зауыты” ашық акционерлік қоғамы лауазым иелерінің бүгінде жауапкершілігі қаралуда. Санитарлық ережелер бойынша ауаға лас қалдықтардың шығуы көрсетілген мөлшерден асып кеткен жағдайда ол жерде адамдардың тұруына үзілді-кесілді тыйым салынады емес пе?

Аталмыш акционерлік қоғам басқа да өрескел кемшіліктерге жол берген. Олар ауыл шаруашылығы алқаптарына ластанған өндірістік суларды рұқсатсыз жіберіп отырған. Ең сорақылығы сол — олар бұл орайда КСРО ішкі істер халық комиссариатының 1950 жылғы ұсынысын басшылыққа алған. Осыған байланысты табиғат қорғау басқармасына келген залалға орай айып салу жөнінде тапсырма берілді. Тағы бір сорақылығы — ауыл шаруашылығы алқаптарына химиялық зиянды қалдықтар жіберген, мұны ондағы су қорларын қорғауды қамтамасыз етпестен іске асырған. Егер су бақылаусыз ағып жататын болса, оған түрлі зиянды қалдықтар түсіп, қоршаған ортаға айтарлықтай қауіп төндіретінін өздеріңіз жақсы білесіздер. Кез-келген ластанған орта жұқпалы ауру тарату көзіне айналатыны тағы рас. Біздің та-

лабымыз бойынша АМӨЗ өкімшілігі каналдарды қайта жасақтауға келісіп, қазіргі уақытта Атырау қаласының бір институтына каналдарды қайта құру жобасын жасау жөнінде тапсырма берген.

Бүгінгі таңда шешуі қиын экологиялық проблеманың бірі Жайық өзені болып отыр. Прокуратура қызметкерлерімен бірлесіп өзен бойын қатермен аралаған арнайы комиссия Жайық жағасына өсем коттеждер мен шаруашылық нысандарының жаппай ретсіз салынғанын анықтады. Бұл ахуал халықтың санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіріп отыр. Аталған меншік иелері бау-бақшаларын тікелей өзен суымен суаруда. Әжетхана мен жуыну орындары тікелей өзен жағасына салынған. Лас қалдықтар да өзенге лақтырылуда. Ал бұдан онша қашық емес жерде қалалық су тарту стансасы орналасқан. Ол ауыз суды осы өзеннен тікелей алып отыр. Енді бұл сәнді коттедж қожаларына не деуге болады? Олар өз жағдайларын ғана ойлап, халықтың жағалауға серуенге шығатын жолын жауып тастаған. Бұл аз десеніз, Жайықтың жағасы жыл сайын опырылып, қала тұрғындарының өміріне қауіп төндіруде, әрі қаланың бейнесін бұзуда. Бұл проблеманы салынған құрылыстарды бұзу арқылы шешу мүмкін емес. Тек алдағы уақытта мұндай жағдайға жол бермеу шараларын алу қажет. Бір сөзбен айтқанда, Жайық жағасын қайта құруды жедел қолға алмайынша, өзен бойын демалыс орны ретінде пайдалану мүмкіндігінен айрылып қаларымыз сөзсіз. Ал, маған прокурор ретінде Жайықты қорғауды жан-жақты шешу қажет деп ойлаймын. Атап айтқанда, қазір қолданылып жүрген табиғат туралы заңдарға өзгертулер енгізу арқылы кінәлі жақтардан келтірілген залалды толық өндіріп алу, оларға өзенді қорғау және қайта құруға өз үлестерін қосу шараларын алдырумен қатар, атқарушы билік тарапынан пәрменді шаралар алынуын қамтамасыз ету, инвесторлар тауып, қоршаған ортаны қорғауға қаражат бөлдіру қай-қайсысымыз үшін де кезек күттірмейтін міндет деп білемін. Бұл жөнінде біз жақын арада тиісті орындарға өз ұсыныстарымызды жолдамақпыз.

Сондай-ақ біз қазіргі уақытта тарихи-мәдени мұра болып саналатын қаламыздағы “Тұрғын үй қалашығы” ықшам ауданының ерекше табиғатын сақтап қалу мәселесімен айналысып жатырмыз. Бұрынғы қала әкімінің кейбір азаматтарға осы ықшам ауданнан жер беру жөніндегі шешімі Қазақстан Республикасының мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының келісімінсіз берілген. Заң бойынша аталған мекемелермен келісілуі керек еді. Сондықтан мен әкімнің бұл шешіміне наразылық білдірдім. Ал, заңсыз алынған шешімнің салдарларына келер болса, жергілікті билік пен жеке тұрғындардың шектен шыққан жауапсыздығынан тарихи мұра болып есептелетін көптеген жәдігерлер бұзылып, қирап қалған. Дегенмен, олардың кейбіреуін әлі де болса жөндеп, пайдаға асыруға болады деп ойлаймын.

Қала тірлігінде прокурорға қатыссыз сала жоқ. Мәселен, біз бей-берекетсіз жер бөлу және қаланың сәулетін бұзу фактілерін де біліп отырмыз. Жылдар бойы Атырау қаласының бас жоспары жасқалмаған. Сонымен қатар үй салу ережелеріне де елеулі өзгерістер енгізу қажет-ақ. Мысалы, бас жоспар жоқ деген сылтаумен пайдалануға жататын жерлердің шекарасы анықталмаған. Жер берілген кезде кей аумақтардың қала тұрғындары демалуға тиіс скверлер, ойын алаңдары, саябақтар екені ескерілмеген. Олардың қатарына ұзақ жылдар бойы қала тұрғындарының еңбегімен өсірілген орманды алқаптарды қосыңыз. Міне, осындай әсем орындарды кейбір нысық кәсіпкерлер басып қалуда. Ағаштарды күртып, орнына мейрамханалар салуда. Ал, Қазақстан Республикасының “Жер туралы” Заңы бойынша жалпы пайдалануға жататын жерлерге тек уақытша, әрі оңай алынатын нысандар салуға рұқсат етілген. Мәселен, дүңгіршектер, шатырлар т.б.

Осындай фактілерді біздер Атырау облыстық жылжымайтын мүлік жөніндегі комитетінен анықтадық. Оның маңында көп қабатты үйлер құрылысын салу кезінде бюджет қаржысына отырғызылған көпжылдық ағаштар кесіліп тасталған. Бұл жерде облыстық өсімдіктерді қорғау басқармасымен қатар сәулет және

жерге орналастыру органдарының да кінәсі бар деп есептеймін. Әйтпесе К. деген бір азаматтың жарты жыл бойы футбол стадионы жанынан мейрамхана құрылысын бастап, қаладағы бірден-бір спорт алаңының сиқын кетіруін немен түсіндірге болады? Бұған кінәлі лауазым иелерінің мәселесін біз таяу арада қарайтын боламыз.

Жалпы, Атырау жерін қоғалдандыру үшін көп күш-қайрат пен аса мол қаражат керектігін ескере отырып, біз оны айрықша қорғауға тиістіміз. Осы орайда жеке тұрғындардың да бәрі бірдей шын жанашыр емес екенін айта кету керек. Оларға өсіп тұрған ағаштарды бей-берекет кесуді доғарыңыздар дегім келеді.

Тұрғындарға үй салатын жер бөлуде де көптеген заң бұзушылықтар орын алып отыр. Тек жылдың алғашқы тоқсанындағы тексерудің өзінде қала әкімінің жер беру жөніндегі 70 шешімінің заңсыздығы анықталды.

Жұмысымыздың бір парасы кәсіпкерлер құқын қорғауға қатысты болып келеді. Біздің қадағалауымыздың нәтижесінде облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасы жанындағы кәсіпкерлерді тексерумен заңсыз айналысқан мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы таратылды. Және мұндай құрылым республикамыздың барлық аймағында жұмыс істеп келген екен. Сөйтіп, біздің ұсынысымыз бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы олардың барлығын таратуға қол жеткізді. Алайда, күні бүгінге дейін заңсыз құрылыс салатындармен күресетін мемлекеттік инспекция құруға мүмкіндік болмай отыр.

Ендігі жерде жергілікті басқару органдарының алдында тұрған басты міндеттің бірі – Атырау қаласының бас жоспарын Үкіметте бекітуге қол жеткізу, сол арқылы қаладағы құрылыс жоспарын тәртіпке келтіру болып табылады. Әрине, бұл орайда барлық мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіре отырып, жан-жақты ойластырылған бағытта жұмыс жасау керек.

Прокурор – халық қызметшісі, Қазақстан Республикасы Президентінің заңды талантарын орындаушы. Ол халық сайлаған Президентке арқа сүйей отырып, Республика азаматтарының конституци-

ялық құқықтарын қорғауды жүзеге асырады. Бұл орайда, біздің Атырау қалалық прокуратурасы да осы талаптың үдесінен шығып келеді деп нық сеніммен айтуға болады. Бізге әділ заң аясында

жұмыс жасап, адамдардың тыныш тату-тәтті өмір сүрулеріне мүмкіндік жасау міндеті жүктелген. Сондықтан осынау қасиетті парызға әрқашан адал болайық, ағайын.

Қабиболла ҚАСЫМОВ,
*Жылыой ауданының прокуроры,
заң кеңесшісі*

АБЫРОЙФА ЖЕТКІЗЕР ҚЫЗМЕТ

Уақыттан жүйрік не бар? Тәуелсіздік алғанымыз күні кеше сияқты еді, енді сол тәуелсіз елдің прокуратурасының құрылғанына да он жыл болып калыпты. Төл прокуратурамыз аталған мерзім ішінде сарабдал сын жолынан абыроймен өтті. Мұның өзі кішігірім тарих. Онда біздің Жылыой аудандық прокуратурасының да өзіндік орны бары сөзсіз.

Аудан шежіресі мен оның прокуратурасының тарихын бөліп қарауға болмайды. Жылыой ауданы шаңырақ көтерген сонау 1928 жылдан бастап аудандық прокуратура қызмет атқарып келеді. Ал енді прокуратура дегеніміз Республика аумағында заңдардың, Президент жарлықтарының және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің дәлме-дәл, әрі біркелкі орындалуын жоғары қадағалауды жүзеге асыратын орган екені белгілі. Міне, ауданда ең алғаш прокуратура құрылғаннан бергі мезгілде осы қызметті, яғни, аудан прокуроры лауазымын 14 адам атқарған екен.

Ауданның тұңғыш прокуроры Қалман Төрәлиев болатын. Бұл кісіден кейін прокурор қызметін Ақтілеу Шайқомаев, Есқабыл Мәмбетов, Қ.Өтегенов, Мәди Борашов, Сатан Шөреев атқарды. Бұлардың бәрі де бүгінде бақилық болып кетті. Сатан Шөреев кезінде “Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген заңгер” деген құрметті атаққа ие болды. Бұдан кейін аудан прокуроры болған Ғайса Жапаров кейін Атырау облысы прокурорының орынбасары қызметіне дейін көтеріліп, “Прокуратура органдарының Құрметті қызметкері” атағын алды. Қазіргі уақытта зейнет демалысында.

Аудан прокуроры лауазымын ең ұзақ мерзім атқарған Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген заңгер Бисенбі Бисенқұлов еді. Ол

1969 жылдан бастап, табандатқан 16 жыл бойына, партия, кеңес органдарының жоғары партия және прокуратура органдарына жолдаған ұсыныстарына сөйкес, Жылыой ауданында үзбестен прокурор болып қызмет атқарып, 1985 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін дүние салған. Ал 1985-88 жылдары аудан прокуроры қызметін Рысқали Балмұқанов атқарды. Ол бүгінде зейнеткер, осы ауданда тұрады. Бұдан соң прокурорлықтың тізгіні Қасымбек Омаровтың қолына тиді. Ол кісі бұл қызметті 1992 жылға дейін атқарып, өзінің туған жері Көкшетау облысы прокурорының орынбасары қызметіне ауысты. Сол жақта жүріп кенеттен қайтыс болды. Марқұм болған әріптестеріміздің рухына мың тағзым.

Тоқсаныншы жылдар аудан прокуратурасы үшін жаңару кезеңі болды. 1992 жылы тәуелсіз мемлекеттің дербес прокуратурасы құрылды. Әсіресе, қай салада да жүріп жатқан терең реформалар ширегіне жеткен осы кезең прокурорлар үшін оңайға түскен жоқ. Бұл жылдары аудан прокуроры қызметін 1997 жылға дейін осы жолдардың авторы атқарса, одан соң Әбутәліп Мұстафаев атқарды. 1999 жылға дейін прокурор болған ол бүгінде Оңтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасында қызметін абыроймен жалғастыруда. Әбекеңнен кейін аудан прокуроры креслосына Фибрат Еркінұлы Сүлейменов отырды. Ол кісі 2001 жылға дейін аудан прокуроры болып қызмет жасады. Қазіргі мезгілде ол Атырау облыстық сараптама орталығы бастығының міндетін атқарып келеді.

2001 жылдан бастап аудан прокуроры лауазымы қайтадан маған жүктелді. Көп жылдық тәжірибеме сүйене отырып, өзіме артылған міндетті қал-қадірімнің

жеткенінше адал атқарып келемін. Токсаныншы жылдардағы реформалау кезеңіндегі азды-көпті еңбегім үшін “Прокуратура органдарының құрметті қызметкері” атағын алдым.

Әр деңгейдегі прокуратура органдары жас мемлекеттің прокуратурасы ретінде қайта қалыптасқан 1992 жылдың өзінде-ақ Құлсары поселкесінде аудандық прокуратураның жаңа екі қабатты ғимараты салынып, пайдалануға берілді. Ал, 2001 жылы прокуратура ғимараты күрделі жөндеуден өткізіліп, қызметкерлер үшін жұмыстан тыс кезде бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында бильярд залы ашылды. Қызметкерлер өз алдына қызмет бөлмесімен, компьютермен жабдықталып, электронды модем жүйесі орнатылды. Бұдан соң тек алаңсыз жұмыс істеу ғана қалып еді.

Жасалған қамқорлықты дұрыс түсінген прокуратура қызметкерлері аудан көлемінде Қазақстан Республикасы Заңдарының мүлтіксіз орындалуына өз үлесін қосып келеді. Атап айтар болсақ, мемлекеттік органдар қызметінің заңдылығын қадағалау мақсатында 1999 жылы 89 (2000 жылы 93) тексеру жүргізіліп, 205 (2000 жылы 291) заң бұзушылықты жою туралы ұйғарым берілді. Сондай-ақ, 125 (2000 жылы 152) наразылық қанағаттандырылып, 95 (2000 жылы 110) заңдылықтың бұзылуын болдырмау шараларын алу туралы ұсыныс енгізілді. Екі талап арыз (2000 жылы 14) сотқа жолданып, оның біреуі (2000 жылы 13) қанағаттандырылып, 94 (2000 жылы 139) заң талабы түсіндірілді. Сонымен қатар, 87 (2000 жылы 106) адам тәртіптік, 88 адам (2000 жылы 130) өкімшілік, 13 адам (2000 жылы 14) материалдық жауапкершілікке тартылды. Жүргізілген тексеру қорытындысымен сегіз (2000 жылы да сегіз) қылмыстық іс қозғалды.

Бытырғы жұмыс қорытындылары да жаман болған жоқ. Прокуратура арқылы 78 тексеру жүргізіліп, заң бұзушылықты жою жөнінде 291 ұйғарым жасалды. Сонымен бірге 153 наразылық келтірілумен қатар, заң бұзушылықты болдырмау шараларын алу туралы 110 ұсыныс енгізілді. Сотқа жолданған талап арыздар да тиісті шешімін тапты. Сондай-ақ, 106 адам тәртіптік, 130 адам өкімшілік, 14 адам материалдық жауапкершілікке

тартылды. Жүргізілген тексерулер қорытындысында төрт қылмыстық іс қозғалып, оның ішінде екеуі сотқа жолданды. Екі адам сотталды.

Аудандық прокуратураның “Қоршаған ортаны қорғау туралы” Заңның қолданылуына және басқа да мақсатта жүргізілген тексерулер қорытындысы бойынша 18 ұйғарым, 30 наразылық, бес ұсыныс берілді. Сонымен қатар жеті адам тәртіптік, үш адам өкімшілік, бір адам материалдық жауапкершілікке тартылып, екі талап арыз қанағаттандырылды. Бұл арыздар бойынша айыпкерлерден 469.800 теңге өндіріліп алынды. Жалпы, прокурорлық актілердің пәрмені негізінде барлығы 991.520 теңге өндірілді.

Бүгінде қоғамдық жұртшылықты бейжай қалдыра алмайтын бір мәселе – діни ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты сақтау. Бұл орайда да прокуратура қырағылық танытып отырғанын айтқан жөн. Биыл қоғамдық және діни ұйымдар қызметінің заңдылығын қадағалау мақсатында үш рет тексеру жүргізіліп, оның қорытындысы бойынша үш ұйғарым, екі ұсыныс, үш түсіндірме берілді. Үш адам өкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Прокуратура жұмысының бір саласы – Республика Президенті қол қойған жарлықтар мен қаулылардың орындалуын қадағалау. Мәселен, Елбасының “Жекешелендіру туралы” Жарлығының орындалуын тексерген кезде көптеген белді мекемелердің бұл маңызды құжатқа салғырт қарап отырғандары анықталды. Олар жерді бағалау құнын дұрыс есептемеген. Тексеру нәтижесінде “Теңізжол құрылыс” акционерлік қоғамынан 1.000.240 теңге, “Казкомсервис” ЖШС-нен 680.400 теңге, “Казпромстава-Кұлсары” ЖШС-нен 12.600 теңге, “Теңізавтокөлік” ЖШС-нен 69.930 бюджетке төлеу туралы ұйғарымдар жолданып, ол бойынша аталған төлемдер аударылды.

Өкінішке орай, қоғаммен бірге жасасып келе жатқан бір ауыр қылмыс – сыбайлас жемқорлық болып тұр. Сондықтан да “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Қазақстан Республикасы заңының қолданылысын қадағалап отыру ешқашан күн тәртібінен түспейтін міндет. Жылыой аудандық прокуратурасы өткен жылы осы заңның қолданылу

барысына 14 рет тексеру жүргізіп, тиісті орындарға 55 ұйғарым, тоғыз наразылық, 16 ұсыныс, 29 түсінік берді. Бұған қоса 21 адам төртіптік, жеті адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бір мүліктік емес іс жөнінде және сонша азаматтық іс бойынша тексерілген талап арыз 126.359 теңгеге қанағаттандырылып, 40 000 теңге мемлекет пайдасына өндірілді. Екі қылмыстық іс қозғалды.

Құқық қорғау органдарының қызмет барысында бірін-бірі толықтырып отыруы заңды құбылыс. Жылыой аудандық прокуратурасы 1999-2001 жылдар аралығында қылмыстық істер бойынша сот қаулыларының заңдылығын қадағалау жөнінде айтарлықтай жұмыстар атқарды. Атап айтар болсақ, 1999 жылы Жылыой аудандық сотында 290 адамға қатысты 236 қылмыстық іс сот талқылауында қаралды. Ал, 2000 жылы 288 адамға қатысты 232 іс қаралса, 2001 жылы 313 сотталушыға қатысты 250 қылмыстық іс қаралған. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрығына сәйкес, қаралған қылмыстық істерге прокурордың қатысуы жеке айыптау істерді қоспағанда, толықтай қамтамасыз етілді. Аудан прокуроры 1999 жылы 12 адамға қатысты кассациялық наразылық білдірді. Оның сегізі қанағаттандырылып, кассациялық наразылықтардың тиімділігі 66,6 пайызды құрады. Ал, 2000 жылы алты адамға қатысты наразылық білдіріліп, оның бесеуі қанағаттандырылса, 2001 жылы 13 адамға қатысты наразылық білдіріліп, барлығы да қанағаттандырылған. Бір сөзбен айтқанда, 2000-2001 жылдары берілген кассациялық наразылықтардың тиімділігі 65,5 және 100 пайызды құрап отыр.

Өз кезегінде прокурордың сот қаулыларына наразылық білдіріп жататыны болады. Бұл да заңды құбылыс, өрине. Айталық, 1999 жылы прокурор сот қаулыларына бес наразылық білдірген болатын. Олардың екеуі қанағаттандырылды. Яғни, жеке наразылықтардың тиімділігі 40 пайызды құрап еді. Ал, 2000-2001 жылдары прокуратура арқылы сот қаулыларына алты және тоғыз жеке наразылықтар білдіріліп, оның тиісінше төртеуі және тоғызы қанағаттандырылды. Наразылықтардың тиімділігі 66,6 және 100 пайызды құрады.

Бір атап айтар жайт – соттардың ақтау үкімдерін шығаруы төмендеді. 1999 жылы төрт адамға қатысты ақтау үкімі шықса, 2000 жылы сот ешқандай ақтау үкімдерін шығарған жоқ. Ал, 2001 жылы үш сотталушыға қатысты бір ақтау үкімі шығарылды. Бірақ, аудандық прокуратураның наразылығымен аталған үкім бұзылып, айыпкерлер сотталды. Ал, алдын ала тергеу және анықтау органдары қызметінің заңдылығын қадағалау жөнінен 1999-2000 жылдарға қарағанда 2001 жылы көрсеткіштер жоғарылап, қылмыс деңгейі жылдан-жылға төмендеген. Прокуратура қозғаған қылмыстық істердің сотқа жолдануы 1999 жылы 52,8, 2000 жылы 76,5, 2001 жылы 86,7 пайызды құрады. Ал, 2001 жылғы жасырылған қылмыстардың сотқа жолданғандары 100 пайызды құрап отыр.

1999-2000 жылдары қылмыстық істердің сотқа жолдануы тоқтатылған қылмыстық істер бойынша 52,2 және 96,3 пайыз, қысқартылған қылмыстық істер бойынша 41,7 және 85,7 пайыз, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы бұзылған қаулылар бойынша 25-75 пайыз, жасырылған қылмыстық істер бойынша 47,4-83,3 пайызды құраған.

Алдын ала тергеу жұмыстары сапасының артқандығын сотқа жолданған қылмыстық істердің қайта тергеуге жіберілуінің төмендеуінен көреміз. Атап айтқанда, соттар 1999-2000 жылдары қайта тергеуге тиісінше 11 және бес іс жіберген болса, 2001 жылы екі-ақ іс жолдаған. Сонымен қатар, соттар 1999 жылы төрт ақтау үкімін шығарса, 2000-2001 жылдары бірде-бір ақтау үкімі шығарылған жоқ. Бір сөзбен айтқанда, аудандық прокуратура қызметкерлері өз құзырларына жататын міндеттерінің барлығын да қалқадірінше адал да абыройлы атқарып келеді.

Біздің қызметіміз туралы айтқанда әйгілі жерлесіміз, академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың “Әдебиет – ардың ісі” деген аталы сөзі ойға оралады. Мен айтар едім, “прокуратура да ардың ісі” деп. “Бір нақакты күйдіргеннен, он қылмыстың ағартқан артық” дейді халық даналығы. Өзге өріптестер сияқты Жылыой аудандық прокуратурасының қызметкерлері де осы қанатты сөзді қағида қылып ұстана отырып, халыққа адал қызмет ете бермек.

ЗАЙЫРЛЫ ЖОЛ

Қасиетті қара домбырасының шанағына бұлбұл ұялаған күйші бабаның атын иеленіп отырған Құрманғазы ауданы облысымыздың ұлан-ғайыр аумағын алып жатқан, ең үлкен аудандардың бірі. О шеті мен бұ шетіне көз жетпес, қыран қанатын талдырар осынау байтақ өңірдің тарихын ең алғаш Теңіз уезі болып құрылған сонау 1922 жылдан бастауға да болады. Ал, аудан мәртебесіне ие болғаны 1928 жылдан бері қарай. Содан бері де 74 жыл өте шығыпты. Әрине, уысына ғасырларды ұстап тұрған тарих қария үшін қас-қағым сәттей болса да, бұл аудан өмірін табыспен айшықтаған кезең болды. Күні бүгін ауданның жер көлемі 2086,1 мың гектарды құрайды. Бұл былай қарағанда, көршілес Астрахан облысының жартысымен парапар деген сөз. Шығысында ол Исатай ауданымен, оңтүстігі мен батысында Ресей Федерациясымен, солтүстігінде Батыс Қазақстан облысымен шектеседі. Сонау 1993 жылға дейін Теңіз ауданы деп аталған бұл өңірдің халқы бүгінгі таңда 56647 адамды құрап отыр.

Заманалар ағымымен заң саласы да жаңа сапалық дәрежеге көтеріле берері белгілі. Сол заңды қадағалау деп аталатын қасиетті қызметтің бір пұшпағын илеп отырған аудандық прокуратура да аудан тарихымен бірге жасасып келеді. Аудан құрылған кезде ең алғаш прокурор болған азаматтар жөнінде деректер сақталмаған. Оны әлі де іздестіріп жатырмыз. Ал, 30-40 жылдары Ғұмаров, А.Құлбасов, Тапалов, Х.Есболаев, Өтегенов деген прокурорлар қызмет еткен. Одан беріректе аудандық прокуратураны Есқабыл Мәмбетов, Хамит Орақов, Ғайса Жапаров, Қалір Нұржанов, Зөкен Құлшанов, Салахиден Ысмағұлов, Бағытжан Жұбановтар басқарған. 1986 жылдан кейін үш жылдай мен басқардым да, содан соң Қуандық Сақтағанов, Досқали Тасанов, Сұлтан Қаражігітөвтер аудан прокуроры болды. 1999 жылдың ақпан айынан бастап осы қызметке екінші рет келіп отырмын.

Есімдері аудан прокуратурасы тарихымен тығыз байланысты бұрынғы аға ұрпақтың өнегелі істерін бағалап, оларды бүгінгі ұрпаққа үлгі ету — біздің басты парызымыз. Әрине, олар қызмет атқарған XX ғасыр тарихи маңызы да зор және сонымен бірге ауыр кезең болды. Ғасырдың бас кезінде аудан прокуратурасы жаңадан құрылып, буынын енді ғана қатайта бастаған болатын. Басқа да кеңестік құқық қорғау органдары секілді прокуратура да социалистік заңдылықтарды нығайтуға белсене кіріскен еді. Ол заманда прокурорларға жұмыс істеудің қандай қиын болғаны өзінен-өзі түсінікті. Жаппай ұжымдастыру, саяси қуғын-сүргін, сұрапыл соғыс секілді ғасыр қасіреттерін прокуратура органдары да қайыспай көтере білді. Ондай аласапыран кезеңде прокурор болудан өткен қиын жұмыс жоқ болатын. Соғыс өрті өшкен соң да заң мен құқық қорғау органдарын сан салалы жұмыстар, ешкім болжап білмеген өзгерістер тосып тұрды. Сонау халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарынан бастап, тың көтеру, “кемеденген социалистік қоғамның” орлеуі, тоқырауы, қайта құру, Кеңестер Одағының ыдырауы секілді өзгерістерді де прокуратура бастан өткеріп шықты. Мұның бастауында сөз жоқ, кешегі аға ұрпақтың жанкешті еңбегі жатыр. Халық қашан да сыншы ғой. Олардың артында қызметі, мінезі, іс-әрекеті жайлы тағылымды әңгімелер қалған. Мәселен, Есқабыл Мәмбетов пен Хамит Орақовты жұмысқа алғыр, сауатты, бірбеткей, өзін-өзі заң қызметкері ретінде ерекше ұстай білетін, сөзге шебер, заңға қоса аталық ақылды да айта білетін адамдар десе, Зөкен Құлшановты өте қарапайым, қазақшылығы мол деп бағалайды. Осылай кете береді.

Міне, осылайша, уақыт тезінен, тарих таразысынан өткен прокуратура органдары ХХІ ғасырдың табалдырығында, ел тәуелсіздігінің алғаш жемістерін бере бастаған кезеңінде заңдылықтардың қатаң сақталуын, заңдардың қолданылу-



Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Р.ҮСІШБЕКОВ Атырауда



Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі С.ЗИМАНОВ
Атырау облысы прокуратурасында



Сексенінші жылдардағы облыстық прокуратураның қыз-келіншектері: (алдыңғы қатарда – солдан оңға қарай) Айсулу ОМАРОВА, Сара РЫСКҮЛОВА, Сәния ШАГИЕВА, екінші қатарда Әйкен ҚҰМҒАНБАЕВА, Наталья ОЛЕХНОВИЧ, Наталья ЛИ, Нина ШЕРБАКОВА



Облыстық прокуратураның қыздарының бір тобы: Ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бастығы Әйкен ҚҰМҒАНБАЕВА (суретте отырған), облыс прокурорының аға көмекшісі Светлана ЖУМАШЕВА (солдан оңға қарай), бөлімнің аға прокуроры Қанша ІЗМАҒАНБЕТОВА, облыс прокурорының аға көмекшісі Клара САТҮЛҒАНОВА



Ардагерлер облыстық мұражайда (солдан оңға қарай) Евгения КРИКОВА, Бағытжан ЖҮБАНОВ, Әліп ӘБУҰЛЫ, Сәния ШАГИЕВА, Рысқали БАЛМУҚАНОВ және Абдолла ТӨЛЕКБАЕВ



Шевченко қаласының және Махамбет ауданының прокуроры болған
Бісмағұл ТАПИШЕВ



Қызылқоға, Құрманғазы аудандарында
прокурор болған марқұм
Салахиден ЫСМАҒҰЛОВ



Атырау қаласының прокуроры
болған **Ф.ДӘУЛЕТІЯРОВ**



1952-59 ж. Теңіз ауданының прокуроры
болған және басқа да лауазымдық
қызметтерде істеген **Халит ОРАҚОВ**



Облыстың 1979-88 ж. прокуроры Имангали СЕЙІТОВ облыстық
ІБ-нің қызметкерлері арасында



Атырау облысы бойынша құқықтық статистика және
ақпарат орталығы қызметкерлері



Атырау облысы прокурорының
орынбасары, заң кеңесшісі
Әсвенби Жолдасұлы ЖАРЫЛҒАСОВ

Атырау облысы прокурорының
бірінші орынбасары, аға заң кеңесшісі
Парасат Жақыпұлы ҚҰТҚОЖА



Облыстық прокуратураның бір топ қызметкерлері: Облыс прокурорының орынбасары
Марат АСҚАРБЕКОВ (суретте отырған), облыстық прокуратураның тергеу, анықтау және
ЖІҚ-нің заңдылығын қадағалау бөлімінің бастығы Абай МӘЖЕНОВ (солдан оңға қарай),
бөлімнің аға прокуроры Дархан САҚТАҒАНОВ, Атырау қалалық прокуратурасының тергеу,
анықтау және ЖІҚ-нің заңдылығын қадағалау бөлімінің бастығы Аслан ДОСЫМБАЕВ және
облыс прокурорының аға көмекшісі Шамиль Мирзоевич ШИРИНОВ



Облыстық прокуратура (қыз-келіншек) қызметкерлері



Облыстық прокуратураның қаржы-шаруашылық бөлімінің қызметкерлері: (солдан оңға қарай) маман Айсулу ҚАПАНОВА, бас есепші Зәуреш ҚАЗЫБАЕВА, бөлім бастығы Сайдолла СЕЙІТЖАНОВ және маман Алла НУПҚАЛИЕВА



Облыстық прокуратурада өткен наурыз мейрамы





Прокуратура органдарының құрылғанына 10 жыл толуына арналған мерекелік концерттен көріністер және концерттен кейін қысқы бақтағы басқосу



Прокуратура органдарының құрылғанына 10 жыл толуына арналған спорттық жарыстар

ын қадағалауды қал-қадірінше жүзеге асырып келеді. Міне, бүгін осы тәуелсіз Қазақстан прокуратурасының құрылғанына да 10 жыл толып отыр. Осы он жыл беделінде тәуелсіз мемлекетіміздің дамуына әр деңгейдегі прокуратуралардың қосқан үлесі зор. Солардың бірі – Құрманғазы ауданының прокуратурасы.

Аудан прокуратурасының тарихы сөз болғанда, біздің жадымызға еріксіз бір аяулы есім оралады. Ол – Қазақ Республикасының алғашқы прокуроры, әрі әділет комиссары болған, 1922 жылғы 13 шілдеде Орынбор қаласында өткен екінші шақырылған Қазақ Орталық Атқару комитетінің 3-сессиясында қабылданған “Прокурорлық қадағалау туралы” ережені өз қолымен жазған талантты жерлесіміз Шафхат Мұхамеджанұлы Бекмұханбетов еді. Ол сол кезде Қазан университетінің заң факультетін түгескен санаулы ғана білімді прокурорлардың бірі болатын. Шөкең сол Ережені жазған 1922 жылдан бері де зымырап сексен жыл өте шығыпты-ау. Өз ауданымыздан түлеп ұшып, Қазақстан прокуратурасы тарихынан ойып орын алған аяулы тұлғаны мәңгі есте қалдыру мақсатында аудан орталығы Ганюшкино селосынан көше атын беру жөнінде ұсыныс жасағанбыз, бұл мәселе жақында шешімін тапты.

Ал аудандық прокуратураның бүгінгі тыныс-тіршілігіне келер болсақ, ол еліміздің өзге де прокуратура органдарымен бірге Қазақстан прокуратурасының 10 жылдық мерекесін толымды істермен қарсылап отыр. Әрине, демократиялық даму жолын таңдап алған зайырлы мемлекеттің прокуратурасының алдына қойылып отырған талап пен міндет өзгерді. Тарих үшін қас-қағым сәттей ғана көрінетін он жылда заң саласындағы реформаларды батыл жүзеге асыруға қол жеткізілді. Аталған мерзімде прокурорлық қадағалаудың басым бағыттары болып табылатын әлеуметтік және экономикалық саладағы заңдардың қолданылуын қадағалауды осалсытқан жоқпыз. Мемлекеттік органдар, оның ішінде жергілікті өкімдер мен мәслихат қызметіне ерекше көңіл бөлінді. Өйткені заңдылық дегеніміз өсте де ешкімнің атағына, лауазымына қарамастан талап етілуге тиіс. Сондай-ақ сыбайлас жем-

қорлыққа қарсы күрес туралы заңның жүзеге асуы да бір сәтке есімізден шыққан жоқ. Осы заңның аудан көлемінде қолданылуын тексергенде көптеген кемшіліктер ашылды. Мәселен, Еңбекші және Морской селолық округтерінің өкімдері өздерінің шешімдерімен аталған селолардағы орталық базардан түскен қаржыны өкімшілікке жинап, пайдаланып келген. Алайда, аталған заңда атап көрсетілгендей, “мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары басшы қызметкерлерінің өздеріне заңдармен жүктелген міндеттерінен тыс кәсіпкерлікпен айналысуға тыйым салынады”. Міне, осы себепті округтер өкімдерінің заңсыз шешімдерін бұзу жөнінде наразылық келтіріліп, ол орындалды.

Прокуратура жұмысының нақты нәтижелеріне келсек, үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында 34 рет тексеру жүргізіліп, олардың қорытындысында заң бұзушылықты жою туралы 88 ұйғарым берілді. Сонымен қатар 45 іске қатысты наразылық келтіріліп, заңның бұзылуын болдырмау жөнінде 47 ұсыныс енгізілді. Жұртшылық пен әр түрлі істерге қатысты адамдарға 61 рет заң түсіндіріліп, 34 адам тәртіптік, 42 адам өкімшілік, алты адам материалдық жауапкершілікке тартылды. Аудандық сотқа 1922158 теңге көлемінде айыпшұл өндіріп беру жөнінде алты талап арыз жолданып, түгел қанағаттандырылды. Сөйтіп, прокуратура аудан бюджетіне 9276825 теңге қаржы түсуіне ықпал етті.

Дегенмен, аудан прокуратурасы алдында маңызды міндеттер мен шешімін күткен проблемалар тұр. Заң талаптарының бұзылуы толастар емес. Әсіресе, еңбек, жер, қоршаған ортаны қорғау, кәсіпкерлікті қолдау, бюджет жүйесі, салық туралы заңдардың орындалмауы, мемлекеттік органдар мен өкімдер шығарған құқықтық-нормативтік актілердің заңсыздығы көп орын алуда. Мәселен, селолық, поселкелік округ өкімдері тарапынан өз өкілеттіктерін асыра пайдалану, шығарған шешімдерін әділет органдарында тіркемеу фактілері жиі кездеседі.

Сөз реті келгенде айта кету керек, қылмыспен күрес, алдын ала тергеу, анықтау, жедел іздестіру және т.б. қадағалау салаларында көрсеткіштеріміз жақсарып келеді. Өткен жылмен салыстырғанда

биыл қылмыстың екі есе кемуіне, ал, қасақана кісі өлтіру, зорлау, тонау әрекеттерінің бірнеше есе азаюына қол жеткізді. Алайда, қылмыстың кейбір түрлері, атап айтқанда, ұрлық, заңсыз балық аулау, бұзақылық, тағы басқа ауыр қылмыстар тыйылған жоқ. Сол сияқты қылмыстың ашылу дәрежесі әлі де төмен. Бұл ретте аудандық ішкі істер бөлімінің қызметін түбегейлі түзеу қажет. Сондай-ақ сотта қаралған азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша шығарылған сот қаулыларының тұрақтылығы әлі де болса төмен. Прокурор наразылығымен бұзылған, өзгертілген үкімдер, шешімдер мен қаулылар да бар. Дегенмен сот өділдігін жүзеге асыру, оны үнемі қадағалап отыруды одан әрі жақсартып түсу кезек күттірмейтін міндетіміз болып қала бермек.

Соңғы он жылда арыз-шағымдармен жұмыс, азаматтарды жеке қабылдау тәртібі біршама жақсы жолға қойылды. Ар-намысы мен құқығына нұқсан келген әр адамның өтінішіне сергек қарап, мұн-мұқтажын шешуге көмектесеміз. Олар болса, кейін ризашылықтарын білдіріп жатады. Құқықтары мен бостандықтарын, мүдделері мен ар-ождандарын қорғайтын прокуратура барын түсінеді. Кәсіпкерлер жұмысына заңсыз араласушылықты да тыйып қелеміз. Алдыңғы жылы жеке кәсіпкер Ф.Фабдушевтің жекеменшік автотұрағында жолаушыларды көліктен түсіруге және мінгізуге болмайды деп аудандық жол полициясы қызметкерлері өрескел заңсыздыққа жол берген. Тіпті, көліктерді автотұраққа кіргізбей, жүргізушілердің құжаттарын тартып алған. Бұл іске аудандық прокуратура дер кезінде араласып, тиісті шара қолданылды. Біздің тарапымыздан қолдау тапқан кәсіпкер қазір жұмысын алаңсыз жалғастыруда. Міне, осылайша арыз-шағымдарға сергек қарау прокуратураға бедел алып та берді. Бір ғана мысал. Былтыр Құрманғазы мешітінің имамы Әбдірахман Мусаев Пәкістанға екі айлық білім жетілдіру курсына барып келген болатын. Келгеннен соң кеңсеме кіріп, қол басындай кішкене, қарапайым таразыны тарту етті.

— Сіздердің өділдік үшін, заңдылық үшін ойдағыдай күресіп жүргендеріңізді көріп, осы таразыны әдейі әкелдім. Өділдік таразыға түскенде қателік

кетпесін, таразы басы тең болсын, — деп батасын берді. Мен мұны дұрыс түсіндім.

Заңдылықтың сақталуы жолында құқық қорғау органдарының үйлестіру кеңесі бірқалыпты жұмыс істеп келеді. Қылмыспен күрес, оның алдын алу, тағы басқа мәселелер үнемі осы кеңесте талқыланып отырады. Әрине, әлі де ескеретін, шешілмеген жайлар баршылық. Бұл прокуратура органдары алдына соны міндеттер жүктейді.

Ауданымыздың шекарада орналасуы да бізден аса қырағылықты қажет етеді. Атап айтқанда, көші-қон проблемалары, заңсыз келіп-кетушілер, сыртқы экономикалық қызмет саласы, шаруашылықтар өнімдерін шетелге заңсыз өткізу, кеденді айналып өтіп тауар тасу секілді мәселелер алға қарай да үйлестіру кеңесінде талқыланып, тиімді шешім табу керек деп ойлаймын.

Мемлекеттің құқықтық негізін нығайтудағы маңызды істің бірі — заңдарды насихаттау. Бұл орайда аудандық прокуратура қызметкерлері кәсіпорындар мен мекемелерде, депутаттар мен мектеп оқушылары арасында жиі болып, әңгімелер өткізіп, лекциялар оқып, әр түрлі сұрақ-жауап кештеріне қатысып отырады. Мәселен, мен өзім өткен оқу жылында Абай атындағы орта мектептің 7 сынып оқушылары арасында барлығы 33 сағаттық “Баршаға арналған адам құқығы” оқу құралы бойынша аптасына бір реттен факультативтік сабақ өткіздім. Нәтижесі жаман болған жоқ деп ойлаймын. Бір ғажабы, қазіргі балалардың бұрынғы балаларға қарағанда құқықтық жағынан өлдеқайда сауатты екені байқалып тұрады. Әрине, бұл да салыстырмалы түрде алғанда ғана. Сондықтан, насихат, құқықтық сауат ашу жұмыстарын әлі де жандандыра түсу керек.

Прокуратурада қызмет істеу кімкімнен де асқан білімдарлықты, парасаттылықты және батылдықты қажет етеді. Бұл ретте кадрларға көп нәрсе байланысты. Шыны керек, аудандық прокуратураның бүгінгі құрамы осы талап үдесінен шығып келеді. Аудандық прокуратурада жеті жедел қызметкер жұмыс істейді. Олардың екеуі Жаннат Мақашева мен Ақмарал Рахманова — болашақтарынан үлкен үміт күттіретін жас мамандар. Ал Ерболат Уқаев, Қайрат Тәжіғалиев, Ма-

рат Шаждиевтер болса, біраз тәжірибе жинақтаған заңгерлер. Биыл кеңсе менгерушісі Бақыт Баширова мен аудандағы құқықтық статистика және ақпарат орталығының маманы Гүлмира Рахметова Алматы қаласындағы Қазақ гуманитарлық заң университетін сырттай оқып бітірді. Бұларды қосқанда тоғыз жоғары білімді заңгер қызмет етіп келеміз. Өз басым прокуратура органдарында қызмет ете бастағанымға ширек ғасырдан асты. Үш ауданда прокурор болып қызмет істедім. “Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкері” атағына ие болдым. Отбасымда зайыбым Раушан ұстаз, үш перзентімінің екеуі Шынар мен Асылбек менің жолымды қуып, заңгерлік жолға түсті. Олар да болашақта Қазақстан прокуратурасының бір пұшпағын илеп, халыққа қызмет ете береді деп ойлаймын.

Иә, дүние жүзінде саналы тіршілік салтанат құрғалы қаншама өркениет өркен жайғанын тарихтан білеміз. Сол өркениеттердің қай-қайсысының да басты тірегі Заң болған. Ал Заңның осалсымауы ең бірінші кезекте бізге байланысты. Ендеше, біздің ұжымымыз да прокуратура органдарының Қазақстан Республикасы Конституциясында белгіленген міндеттерін, Елбасымыздың қойған талаптарын абыроймен жүзеге асырып, Бас прокурордың және облыс прокурорының бұйрықтары мен нұсқауларын бұлжытпай орындап, заңдылықтың бұзылуын анықтау мен жоюда ешкімнің лауазымына, атақ-дәрежесіне қарамай қызмет ете береді. Ел сеніміне адалдықтың тетігі – зайырлы мемлекетті одан әрі нығайтудың даңғыл жолы осы болмақ.

Балтабай ХАЛЫҚОВ,
*Исатай ауданының прокуроры,
кіші заң кеңесшісі*

ЕЛМЕН БІРГЕ ЖАСАСЫП...

Исатай – кешегі Махамбеттер дүбірлетіп өткен қасиетті Нарын құмының бір пұшпағын иеленіп жатқан іргелі аудан. Қияғына дейін өн салатын, бұйра құмдары мен бура бұлттары көшіп жататын өлкенің қойнауы қазынаға толы екенін жат жұрттар бағзы заманнан-ақ аңғарған. Атап айтқанда, сонау XIX ғасырдың аяғында карт Ембінің жер қойнауынан мұнай көздері алғаш іздестіріле бастаған кезде, ағайынды Нобельдер серіктестігі қазіргі Исатай ауданының Новобогат селолық округінің аумағында жер май барын біліп, оны өндірудің амалын қолға алады. Сөйтіп 1911 жылы Новобогатинское деп белгіленген кен орнынан май шыққан. Орыс қожайындар көп уақыт оздырмай ұңғыларды кобейтіп, сол жерден өндіріс ошақтарын сала бастайды. Мұнай тиелген алғашқы кемелерді Каспий теңізі арқылы жөнелтеді. Алайда, ғасырдың басындағы қазан төңкерісінің дүмпуінен шошыған шегелдіктер кен орындарын тастап кетуге мәжбүр болыпты. Сол уақытта бұл өңірдің көп жері ішкі Бөкей Ордасына қараған кезде орыс кеңестері мен ноғай байлары мекен ет-

кен Новобогатинское поселкесі тікелей Сарайшық станицасының қол астында қалған еді. Ал, кәсіпшілік болса, Орал-Ембі мұнай тресіне қарады. Сондықтан оны сол уақытта ақ гвардияшылардан толық азат ету оңайға түскен жоқ. Бірақ ол көп ұзамай, 1920 жылдың қаңтар айында ақтардан толық тазартылды. Ал 1927 жылғы қараша айында облыстық Кеңестің съезі өткізіліп, онда Новобогат болыстық кеңесі құрылғаны жарияланды. Оның құрамына Бегайдар, Орпа, Қаңбақты, Кетешағыл, Новобогат, Бақсай, Бесарал, Таңқы, Кеңарал, Жалғансай ауылдық кеңестері кірді.

1928 жылғы қыркүйек айында Гурьев округінің құрамында Новобогат ауданы (қазіргі Исатай ауданы) өз алдына тұңғыш рет шаңырақ көтерді. Ауданның орталығы Новобогат селдосы болып белгіленді. Ауданның сол кездегі жер көлемі 12500 шаршы-шақырым болатын. Онда 20 мыңнан астам адам қоныстанды. Төрт түлік мал ұсталды. Алайда, 1933 жылы Гурьев округінің көлемінде жасалған әкімшілік-аумақтық өзгерістерге сәйкес Новобогат ауданы таратылды. Ауданның

ауылдық кеңестері Гурьев округіне және жаңадан құрылған Есбол аудандарына бөлініп берілді.

Осыдан кейін арада бес жыл өткенде, 1938 жылдың ақпан айында Қазақ КСР-інің құрамында Гурьев облысы алғаш отау тігіп, Өкімет тарапынан халық шаруашылығын нығайту, елдің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту шаралары қолға алынды. Бір жылдан соң, яғни, 1939 жылы қазанның 16-сында Республика Жоғарғы Кеңесі Төралқасының жарлығымен Новобогат ауданы қайта құрылды. Оның құрамына Бақсай ауданынан алты, Теңіз ауданынан екі, Есбол ауданынан үш ауылдық кеңес енгізілді. Аудан құрылған кезде осы жергілікті кеңестерде отыз мал шаруашылығы, төрт балық артельдері болды.

Иә, сойтіп, әуелі төңкеріс, одан соң ұжымдастыру жылдарындағы қиыншылықтар мен ел басына төнген түрлі нөубеттен енді ғана көзі ашылып, ел еңсесі сәл де болса көтеріліп келе жатқанда, тұтқиылдан Ұлы Отан соғысы басталды. Ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен бұл жылдарда Новобогат ауданының еңбеккерлері тылдағы ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Олар майданға азық-түлік жіберу, соғыс техникаларын жасақтауға қаражат жинап беруде ұйымшылдық танытты. Жоғары еңбек жетістіктеріне жету жөнінде Қазақстанның барлық колхозшыларына Үндеу тастады. Аудан еңбеккерлері КСРО Қорғаныс комитетінің Қызыл Туын жеңіп алып, оны қолдан шығармай ұстады. Ақыры мәңгілік ескерткішке сақтап қалды.

Соғыстан кейінгі жылдары аудан экономикасы күн санап көтерілумен болды. 1948 жылы мал шаруашылығын өркендетуде жоғары жетістіктерге жеткені үшін сегіз адамға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Аудан тарихынан оның прокуратурасының алатын орны ерекше. Ауданның өз дербес прокуратурасы 1939-57 жылдары құрылып, қалыптасты. Ауылдың көне көз қарияларынан алынған деректер бойынша осы 18 жылдың өн бойында Әбіш Нұрғуатов деген азамат аудан прокуроры лауазымын атқарған көрінеді. Алайда, одан бұрынғы және одан соңғы 1977 жылға дейінгі аралықта жұмыс істеген аудандық прокуратура қызметкер-

лері туралы деректер табылмай отыр. Бұған бір жағынан ауданның жиі таратылуы да себеп болған сынайлы. Таратылу демекші, 1957 жылы ауданның басына тағы да “бұлт” үйірілді. Осы жылы Новобогат ауданы тағы да таратылып, оның жер көлемі Бақсай ауданы құрамына берілді. Мұндағы төрт балықшы артельдері Жайық өзенінің Каспий теңізіне құяр сағасына таяу жерлерге көшіріліп, соның негізінде Балықшы ауданы шаңырақ көтерді.

Арада 20 жыл өткенде бақ жұлдызы қайта жанған аудан 1977 жылы қайтадан, үшінші рет құрылды. Оның орталығы – Аққыстау мұнайшылар поселкесі болып белгіленді. Бұл кезде аудан аумағында мұнай өндірісі пайда болып, темір жол өмірге келген еді. Мал шаруашылығы да жедел дамыған болатын. Осы кезеңде, яғни, 1977 жылғы 16 ақпаннан 1981 жылғы қазан айына дейінгі аралықта Бақытжан Жұбанов деген азамат аудан прокуроры болып қызмет атқарды. Прокуратураның құрамында прокурордан басқа оның көмекшісі және тергеуші лауазымдары болған. Ал 1981 жылғы қазан айынан 1986 жылғы қарашаға дейін аудан прокуроры Қарымсақ Салықов болды. Кейін ол облыс прокурорының орынбасары, облыстық әділет басқармасының бастығы қызметтерін атқарып, Қазақстан Республикасы Жоғары сотында қызмет жасады. 1986 жылдан 1988 жылға дейін прокурор лауазымын Досқали Тасанов иемденді. Кейін ол Құрманғазы ауданының прокуроры, мемлекеттік тергеу комитетінде тергеуші қызметтерінде болып, зейнеткерлікке шықты.

Осылай жалғасып келе жатқан аудан шежіресі мен прокуратура тарихы орта жолдан тағы да шорт үзілуге мәжбүр болды. Сол кездегі биліктің солақай шешім қабылдауы салдарынан 1988 жылы Новобогат ауданы қайта тарап, Махамбет ауданына қосылды. Бірақ екі жылдан кейін аудан қайтадан қалпына келтіріліп, оған бұл жолы Исатай батырдың есімі берілді. 1991 жылы Исатай Тайманұлының туғанына 200 жыл толу мерейтойы республикалық деңгейде тойланып, тойдың ең үлкен шарасы батыр атындағы ауданда өтті.

Тоқсаныншы жылдардың бас кезінен бастап прокуратура тарихы қайта жалғасты.

1990 жылы Қарымсақ Салықов аудан прокуроры қызметіне екінші мәрте келген болатын. Ол кісі осы қызметте 1994 жылға дейін жасады. Ал, 1994-96 жылдары Болат Хамзаұлы Қуантыров, 1996-98 жылдар аралығында Асқар Бадилов, 1998 жылғы сәуір айынан 1999 жылғы ақпанға дейін Физатолла Қыдырұлы Мұрсалиев прокурор қызметін атқарған. 1999 жылғы ақпаннан күні бүгінге дейін бұл қызметті осы жолдардың авторы атқарып келеді.

Аудандық прокуратураның ғимараты Аққыстау селосы, Ынтымақ көшесіндегі № 1 үйде орналасқан. Ол былтыр және биыл прокуратура қызметкерлерінің өз күштерімен күрделі жөндеуден өткізілді. Аудандық прокуратурада үш көмекші, бір кеңсе менгерушісі, бір курьер-тазалықшы, бір жүргізуші штаты бар.

Аудан көлемінде заңдылықтардың сақталуын қадағалауда прокуратураның алатын орны зор. Бұл орайда жұмысымыздың негізгі бағыты азаматтардың конституциялық құқын қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес, атқарушы және өкілетті органдар шешімдерінің заңдылығын қадағалау, сот шешімдерінің заңдылығын қамтамасыз ету, алдын-ала тергеу, анықтама және жедел іздестіру қызметінің заңдылығын қадағалауға не-

гізделген. Атап айтар болсақ, соңғы бес жылда аудандық прокуратураның ықпалымен 72 368 652 теңге мемлекет пайдасына өндіріліп, 234 лауазым иесі әкімшілік, 292 лауазым иесі тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Заң бұзушылықты жою жөнінде 237 ұсыныс, 628 ұйғарым беріліп, олар орындалды. Жалпы, 298 заңсыз шешімдерге наразылық келтірілген болса, оның ішінде атқарушы және өкілетті органдардың шешімдеріне келтірілген наразылықтар 64-ті құрап отыр.

Айта кету керек, соңғы жылдары заңсыз қылмыстық жауапкершілікке тартуға, қылмыстық іс жүргізу барысында азаматтардың конституциялық құқықтарының аяқ асты болуына жол берілмеген. Сотта ақтау үкімімен және ақтау жолымен қылмыстық істердің қысқартылуы кездескен жоқ. Сондай-ақ аудан көлемінде қылмыс деңгейі бірқалыпты болып, қасақана кісі өлтіру және басқа да ауыр қылмыстар орын алмаған. Мұның денінде, әрине, аудан прокуратурасының елеулі үлесі бар.

Заманның аумалы-төкпелі кезеңдерін халықпен бірге көріп, елмен бірге жасасып келе жатқан Исатай ауданының прокуратурасы заңдылық пен өділдіктің үстемдік құруы жолында бұдан былай да бар күш-жігерін аямай, жұмыс істей беретін болады.

Максат МЫРЗАҚҰЛОВ,
*Индер ауданының прокуроры,
кіші заң кеңесшісі*

ӨРКЕНИЕТ ПЕН ЗАҢ – ЕГІЗ ҰҒЫМДАР

Өркениеті дамыған, құқықтық негізмі мықты мемлекеттер құру үшін адамзат баласына жүздеген жылдар қажет болды. Заманның аумалы-төкпелі кезеңдерінде бір кезде қалыптасқан өркениеттер жойылып та кетіп отырды. Басқасын былай қойғанда, кешегі Тәуке ханның Жеті Жарғысы қайда? Ол да тарихтың бір бұралаңында құмға сіңген судай боп жер бетінен өшпеді ме? Бірақ тарихтан өз орнын алды. Енді сол бабалардың бүгінгі ұрпағы өз алдына тәуелсіз ел болып, сол елдің өділ заңдары аясында өмір сүріп, еңбек етіп жатуы да тарихи заңдылық дер едік. Біз тәуелсіздік алған он жыл ішінде біршама іс тындырдық. Мем-

лекет пен бірге оның институттары да қалыптасты. Солардың бірі – прокуратура. Бұл еліміз Конституциясы мен басқа да заңдардың, құқықтық нормативтік актілердің заңды түрде жүзеге асуын қадағалаушы орган екені баршаға белгілі. “Біз ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы” деп басталатын Ата заңымызда мемлекеттік басқару жүйесінің барлық саласы бойынша міндеттер айқын көрсетілген. Прокуратураның құқылары мен міндеттері де осы Конституцияда нақты көрініс тапқан. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі “Еліміздің Негізгі заңы азаматтарымыздың дәулетті де, бақытты өмір сүруін,

олардың тәуелсіз, экономикасы өркендеген мемлекет құру жолындағы әрбір қадамын реттейтін басты құжат болып қала береді” деп атап көрсеткен болатын.

Сөйтіп, осыдан тура он жыл бұрын мемлекеттің заңдық институты ретінде өз мәртебесін алған Қазақстан Республикасының прокуратурасы – Республика аумағында заңдардың, Президент жарлықтарының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуын, сондай-ақ, жедел іздестіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істерді жүргізудің заңдылықтарын жоғары қалағалауды жүзеге асыратын, тікелей Қазақстан Президентіне есеп беріп отыратын мемлекеттік орган. Бұл орайда, әр облыстың, әр ауданның өз прокурорлары қызмет дәрежесіне сәйкес өз басшылығына есеп береді. Прокурорлар ешкімге тәуелді емес, тек қана Республика Заңдарына бағынады және соған сүйеніп қызмет атқарады.

Бір шеті қақпақты қара қазан атанған күйкалы Тайсойған құмымен, екінші шеті Жайықтың Бұқар бетіндегі Қарайдың кең жазира даласымен ұштасып жатқан Индер ауданының да, оның прокуратурасының да өзіндік тарихы бар. Сонау 1933 жылы құрылған Есбол ауданы кейіннен өзгеріске еніп, екі ауданға бөлініп кеткен болатын. Алайда, уақыттың ыңғайымен 1965 жылы Индер ауданы Махамбет ауданынан өз еншісін алып, жеке шаңырақ көтергені тарихтан мәлім.

Ауданның алғашқы прокуроры ұзақ жылдар Атырау және Маңғыстау облыстарында қызмет атқарған, генерал шеніндегі марқұм Рахметолла Ғұбайдуллин еді. Ол біздің ауданымызда бес жыл қызмет етті. Ал 1970 жылдан бастап 1980 жылға дейін аудан прокуратурасының тізгінін Қадір Нұржанов ұстады. Қадекен 1916 жылы Қызылқоға ауданында дүниеге келген азамат болатын. Ол 1938 жылы орта мектепті бітірген соң еңбек жолын Мақат ауданының прокуратурасында хатшылықтан бастады. Кейін Ташкенттегі заң мектебін сырттай оқып бітірді. 1941 жылы Мақат ауданы прокуратурасының тергеушісі болды. Ұлы Отан соғысына қатысып, елімізді қорғауға өз үлесін қосты. 1945 жылы елге аман-есен оралған соң, сол Мақат ауданында тергеушілік

қызметін жалғастырды. Көп ұзамай Қызылқоға ауданының прокуроры болып тағайындалды. Ал 1948 жылы Есбол ауданына прокурорлыққа жіберіліп, елуінші жылдардың орта шеніне дейін сол ауданда қызмет атқарды. Бұдан кейін де осы жауапты лауазымнан қол үзбеген ол жетпісінші жылдарға дейін Мақат, Ембі және Теңіз аудандарында прокурор болды. Қадекене ақыры аудан прокуроры болуды жазған екен, ол зейнет демалысына шығар алдындағы он жылын да Индер ауданы прокурорлығына арнап, осы ауданнан құрметті демалысқа шықты. Оның осындай үлкен еңбегін ескеріп, Индербор поселкесіндегі Шиелі көшесіне Қадір Нұржановтың атын беру жөнінде аудан әкіміне ұсыныс берілді.

Жалпы, Индер ауданының прокуратурасы құтты орын дер едім. Өйткені мұнда келген прокурорлар ұзақ отырады. Қадекеннен кейін аудан прокурорлығына тағайындалған Әліп Әбуов те 1980-90 жылдар аралығында халыққа мінсіз қызмет еткен азамат. Бұл кісі жалпы прокуратура органдарында 20 жылдан астам еңбек еткен. Ал саналы ғұмырының 28 жылын Индер аудандық прокуратурасына жұмсап, 1997 жылдың мамыр айында зейнет демалысына шыққан Қабыл Темірәлиев ағамыздың да орны өз алдына бір бөлек. Сондай-ақ 1990-98 жылдар аралығында аудан прокуроры болған Жомарт Тегісбаев, Әмірғали Жанәев, Есенжан Досановтар да біз үшін өте ыстық. Жомарт пен Әмірғали бүгінде құқық қорғау саласында жұмыс істеп жатса, Есенжан Ақтөбе облысы прокурорының бірінші орынбасары қызметін атқаруда.

Міне, осындай тарихы бар Индер аудандық прокуратурасы заңдылықты сақтауда қырағылық танытып, азаматтардың егемен елде еркін еңбек етіп, өмір сүруіне, лайықты тұрмыс кешуіне сеп болып келеді. Қандай қоғам болмасын, оның өмірінде озық үлгілермен қатар баршаға ортақ заңдарды бұзатын көлеңкелі жағдайлар да кездесетіні рас. Осындай жағдайда заңдылықты сақтауды әділеттендіру прокуратура органдары үшін басты мақсат болып табылады. Бұл мақсат біздің күнделікті жұмысымыздан айқын аңғарылып отыр. Мәселен, 2002 жылдың алғашқы жартысында 42

прокурорлық тексеру жүргізіліп, олардың қорытындысы бойынша 128 ұйғарым, 41 ұсыныс, 95 наразылық беріліп, 28 өкімшілік жаза тағайындалды. Сондай-ақ 53 адам тәртіптік, бір адам материалдық жауапкершілікке тартылды. Екі қылмыстық іс сотқа жолданды. Олардың нәтижесінде айыпкерлерден барлығы 26127048 теңге өндіріліп алынды. Оның ішінде бюджетке 11480998 теңге түсті. Сонымен қатар, “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Қазақстан Республикасы заңының қолданылысын тексеру қорытындысы бойынша төрт ұсыныс, үш ұйғарым енгізіліп, түгелдей қанағаттандырылды. Сегіз адам тәртіптік жауапкершілікке тартылып, екі қылмыстық іс қозғалды. Сөзіміз дәйекті болу үшін кейбір мысалдар келтіре кеткен жөн болар. Атап айтар болсақ, ең зиялы қауым ордасы саналатын аудандық орталық кітапханада мемлекет қаржысын пайдалану заңдылығы бұзылған. Кітапханада 2000 жылы 599, 2001 жылы 594, ал 2002 жылы 544 адам тіркеліп, оларға формуляр ашылған. Кітапхана директоры Б.Ә.Темірболатова мен бөлім меңгерушісі Г.А.Бекмұханова алдын ала сөз байласып, оқырмандар санын 5712 адамға көбейту арқылы кітапхана қызметкерінің штатын көбейткен. Сөйтіп, Қазақстан Республикасы мәдениет министрлігінің 1993 жылғы 11 қазандағы № 6-18/2372/ ережесінің талаптарын бұзып, төрт еңбекақы төлеу дәрежесі орнына үш дәрежемен төленіп, 2001 жылдың он бойында жеті штат бірлігі артық ұсталған. Соның салдарынан 526325 теңге заңсыз төленіп, мемлекет қаржысы ысырап болған. Бұл жөніндегі қылмыстық іс егжей-тегжейлі қаралып, сотқа жолданды.

Шағын кәсіпкерліктің дамуына жөнсіз кедергі жасаушылармен күрес те прокуратураның бір міндетіне жатады. Бұл орайда да заңдылықтың бұзылуы кездесіп отырғанын айтқан жөн. Айталық, үстіміздегі жылдың 25 қаңтары күні аудандық СЭС дәрігері А.Исаев Индербор қалашығының тұрғыны, “Талап” базарының меңгерушісі С.Таутенованың кәсіпкерлік қызметіне тексеру жүргізген. Нәтижесінде кәсіпкердің қызметі “Санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық туралы” заңның талаптарына сай келмейді деп табылып, С.Таутеноваға ҚР

Өкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 323 бабы негізінде айыппұл салынған. Алайда, тексеруші мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлік субъектілері қызметін тексеру, ол бойынша тағайындалған актілерді тіркеу тәртібі туралы ереженің талаптарын өрескел бұзған. Сонымен қатар тексеру қорытындыларын құқықтық статистика және ақпарат орталығына тіркемеген. Сол себепті А.Исаевқа қарсы өкімшілік іс қозғалып, аудандық соттың қаулысымен оған 8230 теңге айыппұл салынды. Тағы бір мысал: Аудандық СЭС-тің үстіміздегі жылғы 23 қаңтардағы № 3 қаулысы бойынша қалашықтағы “Тамаша” шағын мейрамханасының жұмысы онда санитарлық ережелердің сақталмауына байланысты тоқтатылған. Дұрысында бұған тиісті заң бойынша сот тәртібімен ғана тыйым салынуға тиіс болатын. Сондай-ақ Кулагино селосында тұратын жеке кәсіпкер Ж.Шабдаровтың “Мақсат” атты базары санитарлық талаптарға сай келмеуіне байланысты село өкімінің шешімімен жабылған. Алайда, бұл шешімнен де заңсыздықтың ісі шыққан соң, ол прокурордың ықпалымен бұзылды. Өкінішке орай, мұндай жайлар жиі кездеседі.

Заманымыздың аса бір маңызды проблемасы – қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңдар мен заңдылықтардың мүлтіксіз қолданылуына да үлкен назар аударылады. Біздің ауданымызда да бұл заңдылықтарға шекесінен қарайтындар кездесіп отырғанын жасырғым келмейді. Кезекті тексеру барысында “Қоныс” пәтер иелері кооперативінің ауаға зиянды қалдықтарды шекті мөлшерде тастаудың нормативтік жобасын жасамаумен қатар, ластанған заттарды шығаруды аудандық қоршаған ортаны қорғау басқармасының рұқсатынсыз жүзеге асырған. Осыған ұқсас заң бұзушылықтар “Батыр” ЖШС-інде, жеке кәсіпкер М.Қожахметовтің кәсіпорнында, № 5 кәсіптік-техникалық мектепте, аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімінде, “Индер газ” және ИСИ жабдық акционерлік қоғамдарында орын алған. Сондай-ақ облыстық қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарманың мамандары жеке кәсіпкер С.Қайназаровтың жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісім-шартының жобасын экологиялық

сараптан өткізіп, қоршаған ортаға келетін әсерді бағалауды жасақтауға міндеттеген. Алайда, бұған ешқандай мән берілмеген. Жалпы, “Қоршаған ортаны қорғау туралы” Қазақстан Республикасы заңының қолданылуына жүргізілген тексерулер қорытындысы бойынша үш ұйғарым, екі ұсыныс беріліп, орындалды және сегіз адам жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар жер туралы заңдылықтардың орындалуына да үнемі назар аударылып отыр.

Алдын-ала тергеу, анықтама және жедел іздестіру қызметін қадағалау саласы бойынша да атқарылған істер баршылық. Атап айтар болсақ, өткен жылдың алғашқы жартысында аудандық ішкі істер бөлімінде 87 қылмыс оқиғасы тіркеліпті. Ал биыл 75 қылмыс тіркеліп, ол 13,8 пайызға төмендеген. Жалпы қылмыстың ашылу деңгейі 84,8 пайызды құрайды. Бұл аудан көлемінде қылмыстың ашылуы бытырғы деңгейден 1,2 пайызға өскендігін білдіреді. Өткен жылы тиісінше 87,2 пайызды көрсеткен болатын. Есепті мерзім ішінде тіркелген 878 қылмыстың 24-і ауыр қылмысқа жатады. Ал, өткен жылы 29 ауыр қылмыс тіркелген. Яғни, үстіміздегі жылы аудан көлемінде жасалған ауыр қылмыс 12,8 пайызға төмендеп отыр. Тіркелген 24 ауыр қылмыстың 92,9 пайызы ашылса, бытырғы тиісті кезеңде 82,4 пайызы ашылған. Немесе ауыр қылмыстың ашылу деңгейі 10,5 пайызға өскен. Сонымен қатар, өткен жылы нашақорлықпен күрес шаралары барысында бір қылмыстық факті тіркеліп, үстіміздегі жылы да осы көрсеткіш сақталды.

Әрине, бүгінде прокуратура органдары қолға алып жатқан сан-салалы жұмыстарды бүге-шігесіне дейін саралап, талдап шығу мүмкін емес. Аудандық прокуратура қызметкерлері қал-қадірлері жеткенше бұл жұмыстарды атқара беретін болады. Менің осы ауданға прокурор болып тағайындалғанымда да биыл наурызда төрт жыл болды. Осы кезең ішінде мемлекеттің құқықтық негізін нығайтуға барынша өз үлесімді қосуға, күштілерден жапа шегіп, көмек сұрай келген адамдарға әділ қарауға ұмтылып келемін. Сонымен қатар, мемлекет заңдарын бұқара арасында кеңінен насихаттауға да араласып жүрмін. Өзімнің де, қызметкер-

лерімнің де, аудан көлемінде өтіп жататын тұрғындар жиындарынан шет қалған кезіміз жоқ. Кәсіпорындар мен мекемелерде, депутаттар мен қызметкерлер арасында, мектептерде жиі болуға тырысамын. Аудандық “Дендер” газетімен үзбей байланыс жасап отырамын. Осының бәрі, сайып келгенде, заңдылықты жүзеге асыру міндеттерімен ұштасып жатады.

Мен қарамағымдағы әрбір қызметкерден адам тағдырына ерекше сергек қарауды талап етемін. Өйткені қалың бұқара бізге сенеді. Бір жағы сол сенімге қылау түспес үшін, әрбір қызметкерге олардың қозғаған істері жөнінен көп жылдық тәжірибемді пайдаланып көмектесіп отырамын.

Қай қоғамда болса да, адамдар белгілі бір заңдар шеңберінде өмір сүруге тиіс. Ал заңға селкеу түссе, күштінің өлсізге үстемдігі орнауы ғажап емес. Міне, осындай өркениетке жат жабайылыққа прокуратура органдары жол бермеуі керек деп білемін. Сондықтан да біз мемлекет заңдарының мүлтіксіз сақталуына ерекше назар аударып отырамыз. Өйткені Конституция мен басқа да заңдарды қорғайтын бірден-бір орган – прокуратура. Яғни біздің алдымызда тұрған міндеттер ұлан-ғайыр екенін ешқашан естен шығармаймыз.

Елдің әлеуметтік және экономикалық өмірінде нарық заңдары үстемдік құрған өтпелі кезеңде кездесіп отырған қиындықтарды сылтау етіп, кейбір лауазым иелерінің қолдан қиыншылық жасап, азаматтар мен еңбекшілердің заңда белгіленген құқықтарына құлақ аспауы бізді алаңдатады. Сондықтан біз прокуратура жүйесінде өділеттілікті орнықтыруға, адамдардың қоғамдық өмірдегі іс-қимылына сергек қарауға тырысамыз. Әрбір арыздың артында адам тағдыры бар екенін естен шығармаймыз. Мысалмен сөйлер болсақ, өткен жылдың алғашқы жартысында барлығы 30 арыз-шағым түсті. Оның 26-сы жеке адамдардың, төртеуі заңды тұлғалардың үлесіне тиеді. Жеке адамдардан түскен 24 арыз қаралып, екеуі қанағаттандырылды. Бір арыздан бас тартылды және 21 арызға заң талабы түсіндірілді. Ал екі арыз аудандық ішкі істер бөліміне қаралуға жолданды.

Үстіміздегі жылдың алғашқы жартысы да қарбалас істерге толы болды. Есетті мерзімде түскен 54 арыздың 40-ы жеке адамдардан, 14-і заңды тұлғалардан келді. Жеке адамдардан түскен арыздардың 13-і қанағаттандырылды. Төрт арыз ішкі істер бөліміне, соншасы қаржы полициясына қарауға жолданды. Ал жеті арыз қанағаттандырусыз қалдырылды. Қалғандарына заң талаптары бойынша түсінік берілді. Олардың барлығын талдап, жіктеп жатудың аса қажеті бөла қоймас. Ең басты мақсат – азаматтардың егемен елде өздерін-өздері еркін сезінуіне, заң талабы аясында еңбек етіп, өмір сүруіне заңдық тұрғыда мүмкіндік жасау болып табылады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – бізде құқықтық мемлекет қалыптастыру процесі енді ғана күш алып келеді. О баста біздің құқықтық мемлекетті таңдап алғандағы мақсатымыз өзге дамыған елдермен бірге өркениет көшіне ілесу болатын. Ал өркениет пен заң егіз ұғым дер едім мен. Сондықтан да біз үшін құқықтық жүйенің, соның ішінде прокуратураның заңдылықты сақтаудағы ықпалын арттыру маңызды мәселе болып табылады. Олай болса, біздер, прокурорлар, әр күн сайын жұмысымызды уақыт талабына қарай бейімдей отырып, халықтың құқықтық мүддесі жолында күресе беретін боламыз.

Амангелді АБДОЛОВ,
*Қызылқоға ауданының прокуроры,
кіші заң кеңесшісі*

БАРША ЖАҚТАС БОЛАР ІС

Атыраудың терістік беткейіндегі Тайсойған мен Бүйрек құмдарын, Ойыл мен Сағыз өзендерінің бойларын ең жайлап жатқан, төскейлерінде төрт түлік мал өскен, жері кенге бай өңір – Қызылқоға ауданы. Ол – өсу, өркендеу жолына түскен, келешегі зор аймақ. Қазір әлеуметтік-экономикалық салаларында үлкен ілгерілеушіліктер бар.

Аудан соғыс жылдарында, яғни 1944 жылғы сәуір айында өзге аудандардан – Мақат, Тайпак, Ойылдан бөлек енші алып шығып, өз алдына дербес аудан болып отау тіккен. Сол жылы ауданның құқық қорғау органдарымен бірге аудандық прокуратура да шанырақ көтерген. Оның тұңғыш прокуроры Әлмұқанов Нағи. Ол аудан құрылғаннан бастап 1951 жылғы қаңтардың 31-не дейін осы лауазымда болған. Алғашқы кезеңде прокурордың жәрдемшісі болып Нұржанов Қалір, орындаушы хатшы болып Тұрдағалиев Көрім, одан сәл кейіндеу тергеуші болып Қитаров Мұрат, прокурордың көмекшісі болып Бөтпенев Есжан қызмет істеген. Бастапқы кезең, әрине, қиындығы да қарбаласы да мол шақ болғаны ақиқат. Қысылмай-қымтырылмай қызмет істейтін кеңсесі де, құрал-жабдықтары да, көлігі де болмаған. Бірақ прокуратура қызметкерлері өз міндеттерін

дер кезінде жанқиярлықпен, абыроймен атқарған.

Қолдағы деректерге, аудандық мұрағаттан алынған мәліметтерге қарағанда, Н.Әлмұқановтан кейін Ермағамбетов Қараша, Орақов Халит, Нұржанов Қалір, Бисенқұлов Бисенбі, Орынбасаров Мұхамбетияр, Ысмағұлов Салахиден, Балмұқанов Рысқали, Ордеков Атапкел, Құдайбергенов Иманғали, Досанов Есенжан, Қыдыров Жалғас аудан прокурорлары болған. 1999 жылдан бермен қарай осы қызметті мен атқарып келемін.

Елімізде болып жатқан бетбұрыстар мен өзгерістерге байланысты аудандық прокуратура өз жұмысын жаңаша, республика Бас прокуратурасы мен облыстық прокуратураның бұйрықтары мен нұсқауларына, алқа шешімдеріне сай жасақтап, жоспарлы жүргізіп келеді. Соның нәтижесінде прокурорлық қадағалаудың пәрменділігін арттыруға қол жеткізілді. Мемлекет мүддесіне тиісті төлемдер мен алымдар өндіру, сыбайлас жемқорлыққа және лауазымдық қылмысқа қарсы күрес деңгейі, тергеу, анықтама жүргізу сапасы, азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуы және көсіпкерлік қызмет еркіндігі, еңбек қатынастары барысындағы жұмысшы-қызметкерлердің құқықтарының қорғалуы, тағы басқа

бағыттардағы прокурорлық қадағалау деңгейі өсті.

Қай қоғам болмасын алдымен қолданылатын заң талабы – адамдардың құқығын қорғау. Осы орайда аудан прокуратурасында арыз-шағымдармен жұмыс, азаматтарды жеке қабылдау, олардың мұң-мұқтаждарына сергек қарап, талаптарын шешуге көмектесу жолға қойылып келеді. Бүгінде жеке адамдар өздерінің құқылары мен бостандықтарын, мүдделерін прокуратура қорғайтынын түсінеді. Бұл – біз үшін мәртебе. Ауылдарды аралап, халықтың қалың ортасында болып, заңдардың қолданылуын қадағалап, қылмыспен күрес, азаматтардың құқылары мен заңды мүдделерін қорғау және тағы басқалар жөнінде тұрғындармен жүздесіп, пікірлерін білу прокуратура қызметкерлерін көпшілікке жақындастыра түседі. Биыл жыл басында Қарабау, Қаракөл және Тасшағыл ауылдық округтерінде болып, жеке қабылдаулар өткізілді. Қабылдауларда болған ауыл тұрғындарының өтініштері, мұң-мұқтаждары мұқият тыңдалынды. Оған 14 адам келді. Бәріне тиісті кеңестер беріліп, заң талаптары түсіндірілді. Азаматтар М.Сарбөпина, А.Жұмағалиева, Б.Наушабаев, Ж.Жәрдемөв және басқалар сырттай оқу бөлімдеріндегі, су құбырлары үшін бөлінген қаражаттарды жұмсаудағы және өзге де заңсыздықтар хақында баяндады. Олардың бірқатары жөнінде уақыт оздырмай, тез шаралар алынды. Мәселен, Қаракөл ауылдық округіндегі зейнеткер Мария Сарбөпина өткен жылғы тамыздың 7-сінде өзінің өрістен қайтып келе жатқан сиырының бойында электр тоғы бар сымға соғылып өлгенін, бірақ оның құнын өндірудің сөзбұйдаға салынғанын айтып шағымданған еді. Атап айтқанда, сот зардап шегуші пайдасына “Атырау-Жарық” ААҚ-ынан 50500 теңге өндіруге шешім шығарса да бірнеше ай бойы ол орындалмаған. Бұл өтініш қабылдау өткізілгеннен кейін үш күн ішінде орындалып, М.Сарбөпинаға тиісті ақша өндіріліп берілді.

Әлеуметтік-экономикалық салалардағы заңдылықтарды, сыбайлас жемқорлықпен күресті, мемлекеттік органдардың қызметін қадағалау үнемі назардан түскен емес. “Қамқорлық” қазыналық кәсіпорнының Мақат мұнай өнімдері

кәсіпорнынан 34 мың теңге ақша алашағы болған. Бірақ кәсіпорын директоры Қ.Баши мен Б.Махан шаруашылық қызметтерінен пайда болған осы алашақ ақшаның орнына жалған құжаттар жасақтап, оған жалған салыстырмалы кесім жасап, оның жалпы аумағын көбейтіп, 137581 теңге деп көрсетіп, Мұқыр селолық округі есебінен аударылуға тиісті сол ақшаны өз есепшоттарына аударып алған. Сөйтіп екінші бір заңды тұлғаның заңмен қорғалатын құқықтарына елеулі зиян келтірген. Аудан прокуратурасы осыған орай қылмыстық іс қозғады. Ол аудандық сотта қаралып, Б.Махан мен Қ.Башилердің қылмыстық әрекеттері еліміздің “Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы қабылдануының 10 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы” заңының негізінде сот қаулысымен қысқартылды.

Азаматтардың кәсіпкерлік еркіндігін қорғауды прокуратура ұдайы назарда ұстап келеді. № 10 өрт сөндіру бөлімінің инспекторы, ішкі қызмет майоры К.Тойлыбаев Тасшағыл ауылындағы жеке кәсіпкер Ә.Кенебаевтың “Қуаныш” жекеменшік дүкеніндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау талаптарының орындалуын тексерген. Оның нәтижесімен кемшіліктерді қалпына келтіру жөнінде ауызша нұсқау берген. Жеке кәсіпкер инспектордың ескертулеріне орай орын алған кемшіліктерді түзеткен. Бірақ кейін білгеніндей, жеке кәсіпкер кемшіліктері үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 2325 теңге айыппұл төлейтін болып шығады. Әкімшілік іс қозғау материалдарының заңдылығы прокуратура арқылы тексерілгенде, әкімшілік құқық бұзушылықтың болғандығы жөнінде құжаттар кәсіпкердің қатынасуынсыз сырттан және әкімшілік іс жүргізу кодексінің талаптары ерескел бұзыла отырып жасалғаны анықталды. Тексеру қорытындысымен өрт сөндіру бөлімшесінің заңсыз түрде алған әкімшілік жазаға тарту қаулысы прокурордың наразылығымен бұзылып, кәсіпкердің құқығы қалпына келтірілді және заңсыздықтарға жол берген К.Тойлыбаевқа аудан прокурорының ұсынысымен тәртіптік жаза ретінде сөгіс берілді.

Бұл айтылғандар – тексеруші органдардың кәсіпкерлер, не басқа азаматтар

алдындағы беделдерін түсіретін жағымсыз жәйттер. Ең дурысы – қашан да заңдылықты сақтай білу, оның жолынан ауытқымау.

Бір өкініштісі, құқық қорғау органдарына кір келтіретін заң бұзушылық фактілердің аудандық ішкі істер бөлімі қызметкерлері тараптарынан да кездесуі. Былтыр да, биыл да олардың қылмысты есепке алу кезінде хабарламаларды, арыз, шағымдарды уақытында тіркемеу не болмаса дұрыс шешіпеу жағдайлары кездесті. Осындай заңға қайшы әрекеттері үшін аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері Қ.Сақұпов пен Т.Әбиев аудан прокурорының пәрменімен тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Енді бір қуанарлығы, соңғы кездерде бірқатар аумақтарда қылмыс деңгейінің күрт өсуі байқалып отырса, керісінше, біздің ауданда оның алдыңғы жылдармен салыстырғанда төмендеуі байқалады.

Сот қаулыларының заңдылығына прокурорлық қадағалауды арттырып, сотпен қабылданған заңсыз шешімдерді заңда көзделген мерзім ішінде апелляциялық наразылық келтіру арқылы күшін жою, заңсыз шешімді бұза отырып, мемлекетке, заңды тұлғаларға және азаматтарға келтірілген материалдық, моральдық зияндарды, сондай-ақ бұзылған құқықтарды қалпына келтіру арқылы сот өділдігін орнатуға ықпал ету болып табылады.

Биылғы жылғы наурыздың 21-і күні аудандық соттың үкімімен Ойыл аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері, полиция аға лейтенанты Б.Тоқпанов пен полиция лейтенанты Ә.Жұмбергенов ҚР қылмыстық кодексінің 175-бабының 3-тармағымен, 307-бабтың 1-тармағымен көрсетілген қылмысты жасағандары сот тергеуінде дәлелденбегендіктен ақталынған еді. Шын мәнінде, олар өзгелермен бірлесіп, мал ұрлауды ұйымдастырған. Аудандық соттың бұл шешімі аудандық прокуратура талабы бойынша заңсыз деп табылып, облыстық сот жанындағы қылмыстық істер жөніндегі алқасына апелляциялық наразылық енгізілген болатын. Алқа аталған үкімді бұзып, істі қайта қарауға жолдаған еді. Қылмыстық іс Қызылқоға аудандық сотында басқа судьяның қарауымен қайта қаралып, іс бойынша жинақталған дәлелдемелерге дұрыс құқықтық баға берілді. Ақырында сот

үкімімен полиция қызметкерлері Б.Тоқпанов пен Ә.Жұмбергенов төрт жылға бас бостандықтарынан айырылды. Олар сот залынан қамауға алынды. Сонымен бірге, сотта куә ретінде жауапталған Т.Шоқпаров, І.Сисенов және Ш.Берғалиев деген азаматтар алдын ала берген жауаптарынан сот мәжілісінде жалтара, жалған жауап берді. Осы әрекеттері үшін ҚР қылмыстық кодексінің 352-бабымен олардың үстерінен қылмыстық іс қозғау туралы мәселе көтерілді.

Заңсыз сот шешіміне прокурорлық қадағалаудың пәрменділігі, міне, осындай нақты істер бойынша айқындалып, сот өділдігінің орнауына және халықтың сот өділдігіне деген жағымды қозқарастарының қалыптасуына игі өсер етіп отыр.

Жасыратыны жоқ, кейбір өкімдеріміз заң талаптарын дұрыс ұғына білмейді. Сөйтіп, өздері бас болып, заңсыз шешімдердің өмірге келуіне жол береді. Мәселен, ҚР-ның “Нормативтік құқықтық актілердің тіркеу тәртібі туралы” ережесінің сақталуын тексергенде бірқатар заңсыздықтар ашылды. Ауылдық өкімдер өз өкілеттіктерін асыра пайдаланып, шығарған шешімдерді өділет органдарына тіркемеген. Мұндай жағдайлар Қызылқоға, Тасшағыл, Ойыл ауылдық, селолық округтері өкімдері тараптарынан орын алған. Аудандық прокуратура ауыл өкімдерінің бұл әрекеттеріне байланысты өкімшілік іс қозғады. Нәтижесінде әрқайсысына 1650 теңге айыппұл салынды, әрі олар аудан өкімінен сөгіс, ескертулер алды.

Аудандық прокуратура өкімдердің, көсіпорын, мекеме басшыларының заңға қайшы бұйрықтары мен шешімдерінің заңдылықтарын қадағалауда. “Қайнар-мұнайгаз” АҚ-ның өртке қарсы күрес бөлімшесінің қарауыл бастығы Т.Көшәлиев еңбек тәртібін бұзды деген желеумен жұмыстан шығарылған. Тексеріп қарағанда, оны тәртіптік жазаға тартып, жұмыстан шығарғанда Т.Көшәлиевтің жауапкершілігі біржақты қаралған. Еңбек тәртібін бұзу себептері анықталмай тұрып, оны дәлелсіз жұмыстан босатып жіберген. Аудандық прокуратура арқылы алынған шаралар негізінде жұмыстан негізсіз босаған қызметкер өз жұмыс орнына қайта барды.

Әрине, қоғамда кім-кімге де болса заң ортақ, оны орындау – парыз. Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңның қолданылуын қадағалау бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өткен жылдары заң талаптарын бұзушылықтың бірнеше фактілері анықталды. Олардың бәріне де тиісті ұйғарымдар беріліп, наразылықтар келтірілді. Заң бұзушылықтар жойылды. Бұл салада елкімнің лауазымдық қызметіне қарамай, тиісті шаралар қолданылып, талаптар қойылды.

Қызылқоға – облыс орталығынан ең шалғайдағы аудан. Соған қарамастан аудандық прокуратураның материалдық жабдықталуы жаман емес. Прокуратураның өз алдына дербес ғимараты бар. Ол 1991 жылы салынды. Ішкі қызметкерлердің қызмет жасауына қолайлы. Осы шалғайдағы аудан прокуратурасы мәдемік байланыс арқылы жұмыс істеп, қажетті жағдайда интернетке де шыға алады.

Аудандық прокуратура іс тегіні шешетін кадрлармен толық қамтылған. Ұзақ

жылдар бойы аудан прокурорының көмекшісі болып Марат Шаждиев сенімді қызмет атқарды. Ол Құрманғазы аудандық прокуратурасына жұмысқа ауысқаннан кейін, аудан прокурорының көмекшілері болып Сәкен Ғалидуллин мен Медеу Жұмабеков келді. Жас кадрлар ауданның тыныс-тіршілігіне тез араласып, өз міндеттерін абыройлы атқарып келеді. Сондай-ақ жас заңгер, облыс бойынша құқықтық статистика және ақпарат орталығының Қызылқоға ауданы бойынша бас маманы Айбар Алтыбаев пен аудандық прокуратурада көптен бері кеңсе меңгерушісі болып қызмет істейтін Роза Қалиева да өз істерінің шеберлері. Олар қандай да болмасын тапсырмаларды, өздеріне жүктелген қызметтерді сапалы, өрі тынғылықты орындайды.

Аудандық прокуратура өмір талабына сай қызмет істеп, заңдылықтың салтанат құруы үшін күресті бәсеңдетпек емес.

Жәнібек КӨБЕГЕНОВ,
*Махамбет ауданының прокуроры,
кіші заң кеңесшісі.*

ХАЛЫҚ СЕНИМІ МАРҚАЙТАДЫ

Жылыстап өткен жылдар бізді кешегі тәуелсіздіктің төтті дәмін түйген сезінген күндерден де алыстатып барады. Қызмет қарбаласымен жүріп, он жылдың да өте шыққанын байқамаппыз. Осы мерзім ішінде біздің прокуратурамыз да тәуелсіз мемлекетпен бірге жасап, заңды қадағалаудың өркениетті үлгідегі даму сатыларына көтеріліп келеді.

Әрине, прокуратураның жалпы тарихы тек он жылмен шектелмейтіні анық. Қазақстан тәуелсіздік алмастан бұрын да оның бай тәжірибелі прокуратурасы қалыптасып үлгерді. Одан бері сексен жыл өтіп отыр. Аз уақыт емес. Онда кешегі абзал аға-апалардың адал еңбегі мен ащы тері жатыр.

Махамбет аудандық прокуратурасы аудан алғаш шаңырақ көтерген 1938 жылдан бастап жұмыс жасаған болатын. Алайда, сол кезден бастап алпысыншы жылдарға дейін прокурорлық қызмет атқарған ардагерлер туралы деректер қолға түспей отыр. Ал қолда бар деректерге

қарағанда, 1963-65 жылдар аралығында Халит Ораков, 1965-69 жылдары Бисенбі Бисенқұлов, 1969-72 жылдары Райхан Көшмұқанов, 1972-73 жылдары Сағидолла Баконов, 1973-76 жылдар аралығында Ысмағұл Төпішев, 1976-80 жылдары Әліп Әбуов, 1980-81 жылдары Кеңесқали Ахметжанов, 1982-86 жылдар аралығында Физатолла Мүрсалиев, 1986-91 жылдары Қарымсақ Салықов, 1991-92 жылдары Аян Ораков, 1993-96 жылдар аралығында Бақытбек Қалмұратов, 1996-98 жылдары Аманжол Бекенбаев, 1998-2000 жылдары Болат Қуантыровтар аудан прокуроры деген лауазымды қызметті атқарып, аудан көлемінде заңдылықтың салтанат құруына өз үлестерін қосқан болатын.

Күні бүгін ауданда төрт прокуратура ардагерлері тұрып жатыр. Олардың бірі – 1989 жылдан бастап 1996 жылға дейін аудан прокурорының көмекшісі, аудан прокуроры қызметтерін атқарған, кейін Жылыой аудандық прокуратурасынан зейнеткерлікке шыққан прокуратура

органдарының ардагері Бақытбек Қалмұратов. Ол қазір Махамбет селосында тұрады. Отбасында жұбайы, үш баласы және анасы бар. Бақытбек ағамыз қазір де аудандық прокуратураның жас қызметкерлеріне әрдайым ақыл-кеңес беріп, өзінің бай тәжірибесінен ой бөлісіп отырады.

Аудандық прокуратурамен байланысын үзбей, кейінгі жас буын өкілдерімен жиі кездесіп отыратын ардагерлеріміздің бірі — Нәсіп апай Ғаббасова. Ол 1963 жылдан 1995 жылға дейін аудандық прокуратурада кеңсе меңгерушісі қызметін атқарды. Прокуратура саласында үзбестен 33 жыл бойы қызмет еткен ардагер апамыз қазір құрметті еңбек демалысында, жұбайы екеуі ұлы мен келінінің қолында тұрады, немерелері бар.

Сондай-ақ осыдан көп жылдар бұрын прокуратурада хат тасушы-курьер қызметтерін атқарған Орынша Сүйіндікова, Базар Ермақалиева апаларымызды да ұмытқан жоқпыз. Олардың бәрін де ортамызға жиі шақырып тұрамыз. Мәселен, биыл да халықаралық әйелдер күні мен Наурыз мерекелеріне орай прокуратура ардагерлерімен кездесу-сұхбат өткізілді. Сонымен бірге аталған ардагерлеріміздің барлығына да облыс прокурорының ұйытқы болуымен, әрдайым материалдық көмектер көрсету қолға алынып келеді. Мұны өз кезегінде ардагерлеріміз де іттипатпен еске алып отырады.

Сөз жоқ, прокуратура тарихын оның қызметкерлері жасайды. Өткен жылдарға ой жүгірететін болсақ, осы біздің аудандық прокуратурада тергеуші және прокурордың көмекшісі қызметтерін атқарып, кейіннен жоғары лауазымды қызметке кеткен ағалар мен інілер еске түседі. Олар: қазіргі Атырау облысының прокуроры Мұқтар Әкебайұлы Жорғенбаев, бүгінде Ақтөбе облысы прокурорының бірінші орынбасары болып қызмет атқарып жатқан Есенжан Досанов, қазір Оңтүстік Қазақстан облысында аудандық прокурор қызметін атқарып жүрген Ақылбек Ертаев, бүгінгі Атырау облыстық ішкі істер басқармасы тергеу қызметі бастығының орынбасары Есмұқан Қажкенов, қазіргі Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы басқармасының басқарма прокуроры Аманжол Бекенбаев, қазіргі Исатай ауданының про-

куроры Балтабай Халықов, қазіргі Исатай аудандық сотының төрағасы Сағима Жұмалиева, бүгінде Қызылқоға ауданының прокуроры болып қызмет істеп жатқан Амангелді Абдолов, қазіргі Атырау қалалық прокурорының аға көмекшісі Алмас Шеркешбаевтар.

Ал бүгінгі таңда жұмыс жасап жатқан қызметкерлердің арасынан аудан прокурорының аға көмекшісі Салтанат Рахимованы ерекше атап өтуге болады. Ол өзінің үлгілі, әрі белсенді қызметтері үшін бірнеше рет Қазақстан Республикасы Бас прокурорының және облыс прокурорының марапаттауларына ие болды.

Осылайша, аға ұрпақтың жақсы дәстүрлерін бүгінгі өркениет өлшемдерімен ұштастырған прокуратура қызметкерлері аудан аумағында заңдылықтың сақталуын қадағалауда барынша адал жұмыс істеп келеді. Атап айтар болсақ, өткен жылы мемлекеттік органдарда заңдардың қолданылуын қадағалау бағытында 75 тексеру жұмыстары жүргізіліп, заң бұзушылықты жою жөнінде 144 ұйғарым берілді. Сондай-ақ, 96 наразылық келтіріліп, қанағаттандырылды. Тиісті орындарға 43 ұсыныс жолданып, 53 лауазым иесіне заң талаптары түсіндірілді, 65 талап арыз сотқа жолданып, қанағаттандырылды. Прокурорлық қадағалау кесімдері бойынша 46 қызметкер төртіптік, 42 лауазым иесі өкімшілік, 14 адам материалдық жауапкершілікке тартылды. Аталған саладағы тексерулердің нәтижесімен үш қылмыстық іс қозғалып, оның барлығы да айыптау қорытындысы негізінде сотқа жолданды. Екі адамға қатысты істер бойынша айыптау үкімдері шығарылды.

Қазақстан Республикасы заңдарының орындалуын ұдайы тексеріп отыру — прокуратураның басты міндеттерінің бірі. Былтыр аудандық прокуратура “Салық және өзге де бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы” заңның қолданылуын тексерген кезде, салық төлеуге қабілеті бар мекемелердің тиісті төлемдерін мезгілінде аудармай отырғандығы анықталды. Сөйтіп, прокурордың ұйғарымы бойынша “Казтрансойл” жабық акционерлік қоғамы Батыс филиалының 11.358.484 теңге көлеміндегі бюджетке берешағы өтелді. Аудандағы басқа да мекемелердің 11 млн. теңгенің үстіндегі берешақтары

аударылды. Сол сияқты прокурордың ұйғарымымен ауданда орналасқан мекеме-кәсіпорындардан азаматтардың 33.823.000 теңге еңбекақысы және 16.036.719 теңге зейнетақысы мен жәрдемақысы төленген болатын.

Өткен жылы аудандық прокуратура азаматтардан түскен арыздар мен шағымдарға талдау жасап, төмендегідей жағдайларды анықтады. Прокуратураға барлығы 80 арыз-шағым келіп түсіп, оның алтысы оң шешімін тауып, олардың арасынан 26 арыз қанағаттандырылды. Ал 11 арыз қанағаттандырусыз қалдырылып, 23 арыз бойынша түсінік берілді. Сондай-ақ 20 арыз басқа органдарға шешуге жолданып, 68 адам прокурордың жеке қабылдауында болған. Осы орайда атап айтар бір жайт – азаматтардың арыз-шағымдарына байланысты жүргізілген тексерулер нәтижесінде бірқатар заң бұзушылықтардың орын алғандығы. Атап айтқанда, Сарайшық селосының тұрғыны, азаматша Б.Нүкееваның арызы бойынша тексеру жүргізу барысында мына жайттар анықталды. Селодағы № 7 кәсіптік-техникалық мектеп өкімшілігі оған Атырау университетінде сырттай оқуына байланысты сессияда болған мезгілдеріне 10893 теңге еңбекақы төлеген. Кейін мектептің бас есепшісі 2001 жылдың ақпан, наурыз айларында Б.Нүкееваның еңбекақысынан оның келісімінсіз 7446 теңге ақшаны заңсыз ұстаған. Сөйтіп бас есепші С.Тілеумұратованың тарапынан ҚР “Еңбек туралы” заңының 79 бабының талаптары, яғни, жалақыдан ұстап қалудың төртіншісі бұзылған болатын. Сондай-ақ осы Заңның 69 бабында “білім беру ұйымында оқитын қызметкерлерге емтихан тапсыру кезеңінде ақы төленетін немесе төленбейтін қосымша демалыс берілуі мүмкін” делінгенімен, мектеп директоры С.Ғабдуллин № 60, № 110 бұйрықтарында Б.Нүкееваға сессия кезінде демалыс алуына байланысты оған ақы төленетіндігі немесе төленбейтіндігі туралы нақты көрсетпеген. Сөйтіп оның еңбекақысынан заңсыз ақша ұсталуымен қатар, оған жалақысы туралы анықтама беруден бас есепшінің негізсіз бас тартқандығы анықталды. Тексеру нәтижесінде мектеп директорына аталған заң бұзушылықтарды тез арада жою жөнінде ұйғарым жіберілді және ҚР “Еңбек туралы”

заңының талаптарын бұзушылықты болдырмау, кінәлі лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарап, шешу туралы ұсыныс жолданды. Сонымен қатар ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 87 бабында негізделген өкімшілік құқық бұзушылықты жасап, еңбек туралы заңдарды бұзып, Б.Нүкееваның құқықтарына нұқсан келтірген бас есепші С.Тілеумұратоваға қатысты өкімшілік іс жүргізу өндірісі қозғалды. Осы прокурорлық ықпал ету шараларының нәтижесінде бас есепші С.Тілеумұратова төртінші және өкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Аудандық прокуратура жұмысының маңызды бөлігін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес құрайды. “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” заңның қолданылуын қадағалау барысында 11 тексеру жүргізіліп, соның нәтижесінде анықталған заң бұзушылықтар бойынша прокурордың 26 ұйғарымы берілді. Сондай-ақ 11 ұсыныс жолданып, 14 лауазым иелеріне заң талаптары түсіндірілді және аудандық сотқа бір талап-арыз беріліп, қанағаттандырылды. Прокурорлық қадағалау кесімдері негізінде 10 лауазым иелері төртінші, екі мемлекеттік қызметкер өкімшілік және бір лауазымды тұлға материалдық жауапкершілікке тартылды. Ал тексеру қорытындысымен бір қылмыстық іс қозғалып, қазіргі кезде аталған іс сотқа жолданды.

Сот қаулыларының заңдылығын қадағалау бағытында да бірқатар жұмыстар атқарылды. Аталған кезеңде аудандық сот барлығы 167 адамға қатысты 140 іс бойынша үкім шығарған болатын. Аудан прокурорының жеке өзінің 10 іске қатысуы қамтамасыз етілді. Прокурордың кассациялық, апелляциялық наразылықтарымен төрт үкімге өзгерістер енгізілсе, соттың тағы бір үкімі және екі қаулысы бұзылып, аталған істер сол сотқа қайтадан қарауға жіберілді. Ал үш адамға қатысты екі іс бойынша қосымша тергеуге жолдау туралы соттың қаулысы прокурордың жеке наразылығымен бұзылып, іс қайта қарауға жолданып, аталған істер жөніндегі соттың айыптау үкімдері шығарылды. Прокурордың кассациялық, апелляциялық және жеке наразылықтарының қанағаттандырылуы және тиімділігі 100 пайызды құрады.

Ал енді тергеу, анықтама жүргізу және жедел іздестіру шараларының заңдылығын қадағалау бағытындағы жұмыстарға келер болсақ, аудан көлемінде қылмыстық оқиғалардың тіркелуі 2000 жылмен салыстырғанда өсіп кеткен болатын. Оған аудандық ішкі істер бөлімі, балық қорын қорғау инспекциясы және білім беру бөлімі тәрізді мекемелер тарапынан құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде біріккен іс-қимылдың болмауы себеп болып отыр. Тіркелген қылмыстың 40 пайызын заңсыз балық аулау және қылмыстық жолмен табылған мүлікті (мәселен, балықты) сатып алуға қатысты қылмыстар құрайды. Сондықтан кейбір заңдарға, атап айтқанда, ҚР Қылмыстық Кодексінің 183-287 баптарына өзгертулер енгізу керек сияқты. Ол үшін Бас прокуратураға ұсыныспен шығу керек. Яғни, аталған баптарды ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне аударып, қылмыстық жауапкершіліктен гөрі әкімшілік жауапкершіліктің ауқымын кеңейту қажет деп есептейміз.

Биылғы мерекелі жыл да қарбалас істерге толы болды. Жылдың алғашқы жартысының енісіне тиетін прокурорлық қадағалау жұмыстары да ҚР Бас прокурорының салалық бұйрықтары мен облыстық прокуратураның алқа мәжілістері шешімдерінің негізінде жүзеге асырылған болатын. Мемлекеттік органдар қызметінің заңдылығын қадағалау бағытында 44 тексеру жұмыстары жүргізіліп, анықталған заң бұзушылықтар бойынша 100 ұйғарым беріліп, орындалды. Сонымен қатар 72 наразылық келтіріліп, қанағаттандырылды. Отыз екі ұсыныс жолданып, қаралды. Заңды аттаған 35 лауазым иесіне заң талаптары түсіндіріліп, 30 талап-арыз сотқа жолданды. Олар толық қанағаттандырылды.

Прокурорлық қадағалау кесімдері бойынша 35 қызметкер тәртіптік, 28 лауазым иесі әкімшілік, 13 адам материалдық жауапкершілікке тартылса, аталған саладағы тексерулер нәтижесінде үш қылмыстық іс қозғалып, оның екеуі сотқа жолданды. Екі адамға қатысты айыптау үкімдері шығарылды.

Аудандық прокуратура үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында азаматтардан түскен арыздар мен шағымдардың шешілу барысына талдау жасап, төмендегідей мән-жайларды анықтады.

Аталған кезеңде азаматтардан барлығы 34 арыз-шағым түсіп, оның 28-і шешіліп, осылардың ішінен 11 арыз қанағаттандырылып, төрт арыз қанағаттандырусыз қалдырылды. Сонымен бірге 13 арыз бойынша түсінік беріліп, бес арыз басқа органдарға шешуге жолданса, 33 адам прокурордың жеке қабылдауында болды.

Азаматтардың арыз-шағымдары бойынша жүргізілген тексерулер нәтижесінде көптеген заң бұзушылыққа жол берілгендігі анықталды. Атап айтқанда, аудандық санэпидстанса қызметкерлері жеке кәсіпкер М.Толенованың “Гүлжан-ай” атты дәмханасының жұмысын заңсыз тоқтатқан. Санэпидстансаның қаулысына прокурордың наразылығы келтіріліп, ол толықтай сот арқылы қанағаттандырылды. Ал жеке кәсіпкердің құқығына нұқсан келтірген санэпидстансаның бас дәрігері А.Ысқақованың жауапкершілігін шешу туралы аудан прокурорының ұсынысын облыстық СЭС-тің бас дәрігері қарап, нәтижесінде заң бұзушылықты жоюдың шаралары алынды.

Сол сияқты Сарытоғай селосының тұрғыны Қ.Мақанованың арызы бойынша тексеру жүргізген кезде аудандық ішкі істер бөлімінің аға жедел уәкілі А.Қалауовтың оның тұрғын үй жайына заңсыз тінту жүргізгендігі, тергеу жүргізу үшін прокурордың рұқсатын алмағандығы және жүргізілген жұмыстардың нәтижесі туралы аудандық прокуратураға дер кезінде хабарламағандығы анықталды. Осы тексерудің қорытындысымен аудандық ішкі істер бөлімі бастығының атына заң талаптарын бұзған аға жедел уәкіл А.Қалауовтың тәртіптік жауапкершілігін шешу туралы аудан прокурорының қаулысы жолданып, осының нәтижесінде ол қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жазаға тартылды және арыз иесінің конституциялық құқы қалпына келтірілді.

Республика заңдарының ішінде “Көші-кон туралы” заң да ерекше қадағалауды қажет етеді. Өйткені, бұған қатысты проблемалар Махамбет ауданында да кездесіп отыр. Аталмыш заңның қолданылуын аудандық ішкі істер бөлімімен бірлесіп тексерген кезімізде бір топ Өзбекстан азаматтарының ауданға келіп, өздерінің төлқұжаттарын көші-кон полициясына тіркемей жүргендіктері және бұрын тіркелгендері қайта тіркеуден

өткізбегендіктері анықталды. Осыған орай, аудан прокуроры ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 394-бабы бойынша іс қозғап, аудандық соттың қаулысымен олардың әрқайсысына 16460 теңгеден айыппұл салынды. Және барлығы да республика аумағынан шеттетілді.

Биылғы жыл Елбасы Жарлығымен “Денсаулық жылы” деп жарияланғаны белгілі. Мемлекеттік деңгейде маңыз беріліп отырған шараның ауданда жүзеге асуы қалай, оны жүзеге асыру барысында заңсыздықтарға жол беріліп отырған жоқ па деген сұрақтар әркімді толғандырса керек. Осы мақсатта жүргізілген тексерулер кезінде де бірқатар заң бұзушылықтарға жол берілгені анықталған болатын. Ауруханада аудандық денсаулық сақтау бөлімінің келісімімен және бас дәрігердің бекітуімен арнайы преискурант белгіленген. Алайда, ақылы қызметтердің бағасы мен түрлері аурухана ішінде ақпарат немесе жарнама түрінде көрсетілмеген. Бекітілген преискуранттарда да мұндай мәлімет жоқ. Яғни бұл жерде тұтынушылардың құқылары өрескел бұзылған. Сонымен қатар “ақ халатты абзал жаңдар” УЗИ аппаратына түсіру үшін А.Бастовадан 500, А.Жұмабаевтан 328, Р.Ризуановадан 300 теңге алған. Алайда, аталған ақылы қызмет бекітілген преискуранттардың ішіндегі қызмет түрлеріне кірмегендігі белгілі болды. Ал, бұл Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 шілдедегі “Мемлекеттік органдардағы ақылы қызмет көрсету туралы” ережесінің 6-бабының талаптарын бұзу болып табылады. Осы заң бұзушылықтар бойынша аудан прокуроры аурухананың бас дәрігерінің атына ұсыныс енгізіп, аурухананың бас есепшісі Ш.Торбаева мен экономист Г.Саховалар заңсыз ақылы қызмет көрсеткендері үшін материалдық жауапкершілікке тартылды.

Сондай-ақ “Атаулы әлеуметтік көмек туралы” заңның орындалу барысын тексергенде Махамбет селосының тұрғыны Қарлығаш Сапарованың отбасындағы төрт адамға көмек тағайындалып, ал өзіне атаулы әлеуметтік көмек тағайындалмағаны анықталды. Тексеру нәтижесінде оған тиесілі әлеуметтік көмек толықтай төленді.

Аудан әкімі мен аудандық мәслихат шешімдерінің заңдылығын тексеру қорытындылары да бірқатар заңсыздықтардың бетін ашты. Бұған аудандық мәслихат депутаты А.Ахметовтың өкілеттілігінің мерзімінен бұрын заңсыз тоқтатылуы дәлел. Бұл жөнінде де прокурор наразылықтары келтіріліп, заңсыз шешімдер бұзылып, кейіннен заңға сөйкестендірілді.

Прокуратураның күн сайын басты назарда ұстап отырғаны – “Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы” заңның орындалысын қалағалау. Бұл бағытта бес рет тексеру жүргізіліп, анықталған заң бұзушылықтар бойынша 20 ұйғарым беріліп, орындалды. Екі наразылық келтіріліп, қанағаттандырылды. Сонымен қатар, сегіз ұсыныс жолданып, қаралды. Прокурорлық ықпал ету шараларымен екі мемлекеттік қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Он лауазымды тұлғаға заң талаптары түсіндірілді және бір қылмыстық іс қозғалып, сотқа жолданды. Ол бойынша айыптау үкімі де шығарылды. Атап айтқанда, Алмалы селолық округінде жүргізілген тексеру кезінде, осы селоның әкімі Жанипа Ғұбашеваның қызмет бабын өз жеке мүддесіне пайдаланып, аталған селодағы сүт асханасын 1997 жылдың 2 маусымында жасалған алыс-беріс актісі бойынша қабылдап алып, бірақ ол ғимаратты селолық округтің негізгі қорына есепке алмай, 1999-2000 жылдар аралығында жалған актілер жасау арқылы жарамсыз деп анықтап, оның жарты бөлігін бұзғызып, өзінің қазіргі тұрып жатқан үйін кеңейту мақсатында құрылыс материалы ретінде пайдаланған. Сөйтіп, мемлекетке барлығы 105000 теңге залал келтірген. Тексеру қорығындысында әкім Ж.Ғұбашеваның үстінен ҚР Қылмыстық Кодексінің 307-бабының 1 бөлімі және 314-бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Үстіміздегі жылғы 27 ақпанда тергеуші О.Ғабдуллиннің қаулысымен, аудан прокурорының рұқсаты негізінде, Ж.Ғұбашеваның кепіл түріндегі бұлтартпау шарасы қамауға алу түріне өзгертілді. Аталған іс 2002 жылғы 30 сәуірде Махамбет аудандық сотына жолданып, 6 маусымдағы соттың үкімімен ол ҚР Қылмыстық Кодексінің 176-бабы 2 бөлімінің “б”, “в” тармақтары, 307-бабының 1 бөлімі, 308-бабының 1 бөлімі, 311-бабының

4 бөлімінің “а” тармағы және 314-баптарымен айыпты деп танылып, 8 жыл алты айға бас бостандығынан айыруға, жазасын жалпы режимдегі түзеу колониясында өтеуге сотталды. Және оған 82300 теңге көлемінде айыппұл салынды. Сонымен қатар мүлкін тәркілеу және белгілі бір лауазымды қызметті атқару құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыру жөнінде үкім шығарылды.

Сот қаулыларының заңдылығын қадағалау бағытында атқарылған жұмыстарға келетін болсақ, үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында сот арқылы барлығы 116 адамға қатысты 86 қылмыстық іс бойынша үкім шығарылған болатын. Соның ішінде аудан прокурорының жеке өзі тоғыз қылмыстық іске қатысты. Сот қаулыларының заңдылығын қадағалау барысында прокурордың апелляциялық наразылықтарымен жеті адамға қатысты соттың шығарған бес үкіміне өзгертулер енгізілді. Яғни прокурордың апелляциялық наразылықтарының қанағаттандырылуы және тиімділігі 100 пайызды құрап отыр. Мәселен, аудандық соттың 2001 жылғы 26 желтоқсандағы үкімімен ҚР Қылмыстық Кодексінің 104-бабының 2 бөлімі “д” тармағымен айыпталған Қайрат Жолдасов 1 жыл 6 айға бас бостандығынан айрылып, жазасын түзеу колониясының жалпы режимінде өтеуге сотталды. Алайда, аталған үкім заңсыз болғандықтан және сотталушының әрекетінен ҚР Қылмыстық Кодексінің 257-бабының 1 бөлімі негізсіз алынып тасталғандықтан, аудан прокуроры бұл үкімге апелляциялық наразылық келтіріп, облыстық соттың қылмыстық істер жүргізу алқасында аталған наразылық қанағаттандырылды. Осылайша үкімге Қылмыстық Кодекстің 257-бабының 1 бөлімі енгізіліп, оның жазасы бір жыл алты айдан екі жылға ауырлатуға өзгертілді.

Сонымен қатар, аудандық соттың 2002 жылғы 23 қаңтардағы үкімімен ҚР Қылмыстық Кодексінің 175-бабы 2 бөлімінің “а” тармағы негізінде айыпты деп танылған Гүлсім Имашева екі жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға, жазасын түзеу колониясының жалпы режимінде өтеуге сотталған болатын. Бірақ, сотталушы Г.Имашеваға тым ауыр жаза тағайындалғандықтан, әрі жауапкершілігін

жеңілдететін мән-жайлар, яғни, жеті жасар көмелетке толмаған баласы бары ескерілмегендіктен, аталған үкімге 31 қаңтарда апелляциялық наразылық келтірілді. Прокурор наразылығы облыстық соттың алқасында қолдау тауып, үкімге өзгерістер енгізілді. Г.Имашеваға ҚР Қылмыстық Кодексінің 63-бабы негізінде сынақ мерзімімен 2 жылға шартты түрде жеңіл жаза тағайындалды.

Үстіміздегі жылдың бірінші жарты жылдығында аудандық сотта барлығы 84 азаматтық істер бойынша шешімдер шығарылса, осы істердің 77-сіне прокурордың қатысуы қамтамасыз етілді. Сотқа прокурордың қатысуы 91,6 пайызды құраған болатын. Сондай-ақ 509 әкімшілік істер бойынша алынған қаулылардың 432-сіне, яғни, 84,8 пайызына прокурор қатысты.

Тергеу, анықтама жүргізу және жедел іздестіру заңдылығын қадағалау бағытында төмендегідей жұмыстар жүргізілді. Аудан көлемінде қылмыстық оқиғалардың тіркелуі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда төмендегеніне қарамастан, қылмыстың кейбір жекелеген түрлерінің өскені байқалады. Осы тіркелген қылмыстардың негізгі бөлігін балықты заңсыз аулау секілді қылмыстар құрап отыр. Сонымен қатар, өткен жылға қарағанда экономикалық саладағы қылмыстарды анықтау жұмыстары құқық қорғау органдары тарапынан жақсы жүргізілгендігі байқалады. Есепті мерзімде аудандық прокуратура ішкі істер бөлімі қызметкерлерінің өндірісіндегі қылмыстық істер бойынша 59 жазбаша нұсқау берді. Аудан прокуроры арқылы барлығы жеті қылмыстық іс қозғалып, оның төртеуі айыптау қорытындысымен сотқа жолданды. Ал, қылмыстық іс қозғау жөнінде заңсыз алынған 11 қаулының күші аудан прокурорының араласуымен жойылған болатын.

Жалпы, аудан прокурорының ұсыныстары мен тәртіптік іс жүргізу өндірісін қозғау туралы қаулылары негізінде ішкі істер бөлімінің 14 қызметкері жазаға тартылса, оның үшеуі қылмысты есептен жасырғандар болатын.

Үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында барлығы 12 адам қамауға алынып, бір адам Қылмыстық істер жөніндегі Кодекстің 134-бабының талаптарын

бұзғаны үшін ұсталғандықтан бір тәуліктен соң прокурор пәрменімен уақытша ұстау изоляторынан босатылды. Атап айтқанда, биылғы 24 наурызында ҚР Қылмыстық Кодексінің 175 -бабының 1 бөлімімен азамат С.Қадырғалиевтің жеке мүлкін ұрлады деген күдікпен Қ.Иманғалиев аудандық ішкі істер бөлімінің тергеушісі Қ.Сапиевтің хаттамасы негізінде уақытша ұстау изоляторына қамалған. Аталған шешім негізсіз және заңсыз шығарылғандықтан күші жойылып, сезікті ретінде ұсталған азамат Қ.Иманғалиев босатылды.

Біріншіден, ҚР Қылмыстық істер жөніндегі Кодексінің 68 -бабының 3 бөліміне сәйкес, “сезікті ретінде ұсталған сәттен бастап 24 сағаттан кешіктірілмей, өзі таңдаған немесе тағайындалған қорғаушымен алғашқы жауап алуға дейін оңаша және құпия жолығу құқы қамтамасыз етіле отырып, одан жауап алынуға тиіс. Ұсталған сезікті алғашқы жауап алу аяқталғаннан кейін телефон арқылы немесе өзге де тәсілмен дереу өзінің ұсталғандығы және ұсталып отырған жері туралы хабарлауға құқылы”. Ал тергеуші тарапынан заңның осы бөлімінің бұзылуына жол берілген.

Екіншіден, ҚР Қылмыстық істер жөніндегі Кодексінің 134 -бабының 1 бөліміне сәйкес, “жүргізілген ұстау туралы тергеуші хаттамасы жасалған сәттен бастап 12 сағаттың ішінде прокурорға жазбаша хабарлануға тиіс” деген заң талаптары бұзылып, сезіктінің ұсталғандығы туралы хабарлама аудан прокурорына 24 сағаттан соң келіп түскен.

Үшіншіден, сезікті Иманғалиевтің жасаған қылмыстық әрекеті орташа қылмыстар санатына жататындығы және 2002 жылғы 19 ақпанда қабылданған “Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің он

жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы” заңның талаптарына сәйкес ол қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы мүмкін екендігін тергеуші ескермеген. Сөйтіп, 2002 жылғы 25 ақпанда сезікті Қ.Иманғалиев уақытша ұстау изоляторынан аудан прокурорының пәрменімен босатылып, оның бұзылған құқы қалпына келтірілді. Ал заң бұзушылықтарға жол берген тергеуші Қ.Сапиевтің төртінтік жауапкершілігін шешу туралы прокурордың ұсынысы облыстық ішкі істер басқармасына жолданып, қаралды. Және болашақта заң бұзушылыққа жол бермеу шаралары алынды.

Прокуратура қызметінің бір парасын заңдарды насихаттау және түсіндіру бағытындағы жұмыстар құрайды. Бұл мақсатта аудандық прокуратура қызметкерлерінің қатысуымен облыстық теледидардан екі көрсетілім және радиодан екі сұхбат берілді. Облыстық және аудандық баспасөз беттерінде әр түрлі тақырыптағы 13 мақала жарық көрді. Сондай-ақ бірнеше кәсіпорындар мен мекемелерде заңды түсіндіру бағытында 63 рет кездесулер өткізіліп, әңгімелер мен баяндамалар оқылып, тыңдалды.

Айта берсек, атқарылған және алдағы күндерде қолға алынуға тиіс жұмыстар көп. Заңдылық пен әділдіктің салтанат құруы жолындағы тамшыдай болса да қосқан үлесіміздің өзі ел тәуелсіздігін баянды етудің алғашқы табысты қадамдары екенінде дау жоқ. Елді шынайы құқықтық мемлекет дәрежесіне жеткізу мүмкіндігі ең алдымен прокурорлардың қолында дер едім. Бір қуаныштысы – прокуратураның төменгі буындарына да халықтың сенімі артып келеді. Сол сенімнің үдесінен шығу – біздің басты міндетіміз деп білемін.

Назар ҚЫЗЫЛБАЕВ,
Мақат ауданының прокуроры

АДАМ ҚҰҚЫН ҚОРҒАУДАН ҚАСИЕТТІ ЕШТЕҢЕ ЖОҚ

Ел, мемлекет өміріндегі қай кезеңнің болмасын, оның тарихта қалдырар ізі болады. Жалпы, Қазақстан прокуратурасы күрделі де қиын жолдан өтіп, небір қилы заманды басынан кешірсе де, заңдылық-

ты қорғауға өзіндік үлесін қосумен болды. Мемлекеттің қалыптасуы барысында республика органдарының жүйесінде прокуратура қызметі жаңа мазмұнмен толығы түсіп, прокурорлық қадағалау міндеттері

өзгеріп отырды. Прокуратура органдарының алдында тұрған міндеттер кезінде өзгеріске ұшырап отырса да, ол заңдылықты қорғау органы болып қала берді. Өйткені оның заңдылықты нығайту, құқық төртбіні сақтау, мемлекет мүддесін қорғау, азаматтардың құқығы мен бостандықтарын қамтамасыз ету секілді негізгі міндеттері өз қызметінде басты нысана болды. Прокуратура қызметкерлері заңдылықты сақтау үшін, аянбай еңбек етіп, қай кезде де өздерінің алдына қойған міндетті абыроймен атқаруға күш салды.

Өткен жылдарда өз ісіне адат берілген прокурорлардың бірі – Боран Айтмағамбетов болды. Ол Мақат топырағында туып-өскен, еңбек жолын Доссорда масленщик болып бастаған. 1930-33 жылдар аралығында ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің бюрө мүшесі және ҚКСР Әділет Халық комиссары және республика прокуроры, 1933-34 жылдары Гурьев ауаткомының және қоспіншілер Одағы Орал облыстық комитетінің төрағасы болды. 1935-37 жылдары Казталовка аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған. Содан соң көп ұзамай жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырап, 1938 жылы қаза болды. Атып азамат, тамаша қызметкер, жерлесіміз Боран Айтмағамбетовтың есімі халқымыздың жадында әркез сақталмақ.

Біз облыс прокуратурасында еңбек еткен даңқты жерлесіміз, Кеңес Одағының Батыры Муса Баймұқановтың есімін ерекше ілтипатпен еске алып, рухына тағзым етеміз. Ал 1950 жылдары Мақат ауданының прокуроры болған Төлеген Назиров ағамыздың, кейіннен облыс прокуратурасын басқарғанын, Зайыр Мұғал, Қадір Нұржанов, Абдолла Төлекбаев, Еңсеген Әмірханов, Қонысбай Таңбаев, Еркін Жапаров, Әспенби Жарылғасовтардың есімдерін ілтипатпен атаймыз. Сондай-ақ, жиырма жылдай прокуратура саласында еңбек етіп, кейіннен сот жұмысына ауысқан Сәттігүл Бекжанов ағамыз да біз үшін өте ыстық.

Егер, ауданымыздың 1924 жылы құрылғанын ескерсек, аудан прокуратурасының тарихы үлкен, жүрген жолы ұзақ.

Аудан облысымыздың оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Жылыой, Қызылқоға, Махамбет аудандарының

және Атырау қаласының аумағымен шектесіп жатыр. Аудан прокуратурасының тарихы облыс прокуратурасының тарихымен сабақтас. Мұрағат деректеріне көз жіберсек, облыс прокуратурасының тарихы 1932 жылдан басталады. Аудан прокуратурасы облыс прокуратурасының тікелей басшылығымен жұмыс істейді. Біз бүгінде әр жылдары облыс прокуроры болған, аудан прокуратурасының дамуына, кәсіби тұрғыда өсуіне ықпал еткен Б.Талалов, К.Бисембин, Қ.Төрешов, Г.Лұқпанов, Т.Назиров, Т.Нұрғазинов, О.Боранбаев, И.Сейітов, Ж.Тұяқбаев, Қ.Ахметов, М.Есімов және Б.Ерғалиевтерге үлкен ризашылық сезімімізді білдіреміз.

Еліміз егемендік алғаннан кейін прокуратура органдарының алдына қойылған үлкен міндет – ҚР Президентінің “Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы” заң күші бар Жарлығына сәйкес, ең алдымен адамның, азаматтардың құқығы мен бостандығына нұқсан келмеуін қалағалау, заңды тұлға мен мемлекеттің мүддесін қорғау, қабылданған заңдар мен құқықтық нормативтік актілердің Конституция мен қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмеуін жүзеге асыру болып отыр.

Сонымен қатар күнделікті жұмысымызда Республика Бас прокурорының, облыс прокурорының нұсқауларын басшылыққа алып, олардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етеміз. Жергілікті жерде де аудан әкімдігімен, құқық қорғау органдарымен бірлесіп отырып жұмыс істеудің нәтижесінде атқарылып жатқан жоспарлы жұмыстар мол. Атап айтқанда, үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында аудандық прокуратура тарапынан 24 тексеру жүргізіліп, олардың қорытындысы бойынша 126 заң бұзушылық фактісі анықталды.

Жоғарыда аталған заң бұзушылықтарды болдырмау жөнінде 27 ұсыныс енгізіліп, заңның бұзылуын жою туралы 25 ұйғарым берілді. Заңсыз алынған актілерге 23 наразылық келтіріліп, 23 лауазым иелері төртінтік, сегіз адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Прокуратураның күн сайынғы ісі – қылмысты іздестіру, тергеу, анықтау, сотта қарау кезінде азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуын қарап,

қадағалаумен де ұштасып жатады. Азаматтар құқықтарының қорғалуын қадағалау дегеніміз — тек жазықсыздардың жазаланбауын ғана емес, сонымен қатар, жазықтың заңға сәйкес жазасын алуын көздейді. Осыған орай прокуратура анықтаған заңсыздық фактілердің бірдебіреуі де аяқсыз қалмайды.

Сөз реті келгенде айта кетелік, биылғы жылда аудандық прокуратура жанағимаратқа көшті. Қызметкерлердің алаңсыз жұмыс жасауына барлық жағдай туғызылып, қазіргі заманғы техникалық құрал-жабдықтармен (компьютер, принтер, ксерокс, факс т.б.) қамтамасыз етілді.

Әрине, жұмысымызда мүлдем кемшілік жоқ деп айта алмаймыз. Өркеніетті елдерге төн құқықтық жүйе бізде әлі қалыптасып болған жоқ. Біз осындай өтпелі кезең, өліара шақта алдымызда үлкен міндеттер тұрғанын жақсы түсінеміз. Алдағы уақытта да заңға қайшы істерді неғұрлым азайту бағытындағы жұмыстарды жандандырып, халықтың прокуратура органдарына деген сенімі мен үмітін ақтауға бар мүмкіндігімізді сарқа пайдалана береміз дегім келеді. Өйткені біздің елімізде адам құқығынан қасиетті ештеңе жоқ.

Батыр ЖАЗБАЕВ,
*Атырау табиғат қорғау
прокуроры, заң кеңесшісі*

ТАБИҒАТ АНА ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛАДЫ

Бір кезде біз: “Адамға табын, жер енді!” деп ұрандатып едік. Сөйтіп, қасиетіңнен айналайын жер ананың, оның түмса табиғатының алдында күнәға батық. Ол кезде адамдардың ғана емес, табиғаттың да тағдырын орталық шешіп отырды. Оның мысалы ретінде бір ғана Арал қасіретін айтсақ та жеткілікті. Ол аз десеніз, самсаған полигондар орналас-тырылған аймақтарға енді жүз жылда шөп шықпайтын болды. Кеңес үкіметінің темір құрсауы қысып тұрған кезеңде Қазақстанның көркем табиғатын заң жүзінде қорғауға республика тым қауқарсыз еді.

Шүкіршілік, тәуелсіздікпен бірге оның тірегі болып, өмірге Қазақстанның өз заңдары келді. Осы тәуелсіздіктің жемісі ретінде өзге де прокуратура органдары секілді Қазақстанның табиғат қорғау прокуратурасы да шанырақ көтерді. Соның ішінде Атырау облысында да Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының тұтастай бірігуіне және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің “Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы” Заңының қабылдануына байланысты бұрын қызмет атқарып келген су прокуратурасы 1992 жылғы 16 сәуірде республика Бас прокурорының бұйрығымен Атырау облыстық

прокуратурасы құрамында ауданаралық табиғат қорғау прокуратурасы болып қайта құрылды. Оның алғашқы прокуроры болып Роза Момышқызы Қадырғалиева тағайындалды. Бүгінде ол облыстық прокуратураның бөлім бастығы.

Содан бері табиғат қорғау прокуратурасы ұжымында қызмет атқарған К.Сатылғанова (қазір облыс прокурорының аға көмекшісі), Б.Сағиев (бүгінде облыстық прокуратураның бөлім прокуроры), А.Досымбаев (қазір қалалық прокуратураның бөлім бастығы), Е.Б.Мүгенов (қазір қалалық прокуратураның бөлім прокуроры), А.Абдолов (қазір Қызылқоға ауданының прокуроры), А.Сәрсенғалиева (қазір заңгер), Т.Шажимов (қазір адвокат), тергеушілер Б.Олжабаев пен З.Елемесов, кеңсе меңгерушісі А.Есенжановалар кезінде айтарлықтай еңбек сіңірді. Ал сол кезде прокурордың орынбасары болған Д.Төлєндіев 1995 жылы республика Бас прокурорының бұйрығымен ауданаралық табиғат қорғау прокуроры болып тағайындалып, оны 1999 жылға дейін басқарды. Қазір ол табиғат қорғау прокурорының орынбасары болып қызмет істейді.

Сол жылы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрығы негізінде

табиғат қорғау прокуратурасы “Каспий бойы экологиялық прокуратурасы” болып өзгертіліп, аймақтық басқаруға берілді. Оның құрамында Ақтау, Ақтөбе, Орал табиғат қорғау прокуратуралары болды. Аталған экологиялық прокуратураны кезінде М.Нүрдәулетов басқарса, 2000 жылы прокурорлыққа Е.Есеналиев тағайындалды. Бірақ арада аса көп уақыт өтпей жатып, 2001 жылдың орта шенінде Каспий бойы экологиялық прокуратурасы қысқарып, облыстық прокуратура құрамында Атырау табиғат қорғау прокуратурасы қайтадан құрылды.

Иә, уақыттан ұшқыр не бар? Жылыстап қана өте шыққан он жыл беделінде табиғат қорғау прокуратурасы да арнайы маманданған құрылым ретінде қадағалау мен табиғат қорғау заңдылықтарын сақтауда өнжеулі жұмыс атқарғанын айтуымыз керек. Атап айтқанда, заңдылықтың сақталуын жіті қадағалау, азаматтардың заңды мүдделері мен құқын қорғау бағытында тынбай жүргізілген жұмыстар мен батыл іс-әрекеттердің нәтижесінде айыпкерлерден жеке адамдар мен мемлекет мүддесі үшін 2 млрд. теңгеге жуық қаржы өндіріліп алынды. Табиғат қорғау заңдылықтарын сақтау мақсатында жүргізілген тексерулер қорытындысында 1700-дей заң бұзушылық анықталып, 698 ұйғарым, 221 ұсыныс қаралды. Мемлекеттік органдардың шешімдеріне 337 наразылық беріліп, 420 тұлға өкімшілік, 440 тұлға төртіптік, 126-сы материалдық жауапкершілікке тартылса, 19 қылмыс-

тық іс сотқа жолданды. Сондай-ақ, табиғат қорғау прокуратурасы арқылы 15 қылмыстық іс қаралып, 15 адам сотталса, сот қарауына 824 іс жіберілді, 78 жасырын қылмыс есепке алынды.

Жалпы табиғат қорғау прокуратурасының белсенді іс-әрекеттері нәтижесінде экологияға қатысты заңсыздықтар дер кезінде өшкереленуде. Соның бірі облысымыздағы “Ақ інген” деген жерде болған оқиға. Бұл жерде өткен жылы 12-ші бұрғылау қондырғысынан ақау шығып, көп мөлшерде мұнай ағып, қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келген. Осы себепті “Қазақойлбұрғылау” мекемесіне қарасты осы іске кінәлі адамдар жазаланды.

Егер шындығына келер болсақ, Атыраудың табиғаты ғажап. Бір ғана Ақ Жайықтың өзі неге тұрады. Алайда, соңғы жылдары қойнауына қазына тұнған өңірдің мұнай мұхитын игеруге келген онға жуық шетелдік алпауыт компания, бірлестіктер мен фирмалар облыс табиғатына, қоршаған ортаға елеулі зиян да келтіріп жатқаны шындық. Оларға қарсы күресіп жатқан облыс экологтарының, табиғат прокуратурасы қызметкерлерінің жұмыстары бір кітапқа жүк боларлық. Оның үстіне республика прокуратура органдарының мерейтойы үстінде өткен жолымызды саралап, бар-жоқты екішеу қашанғы жақсы дәстүріміз ғой. Сондықтан Атырау табиғат қорғау прокуратурасы алдағы уақытта мұнайлы өңірдің аспаны ашық, ауасы таза, суы молдір бола берсін деген тілек қосады.

Болат ҚУАНТЫРОВ,

Атырау облысы бойынша құқықтық статистика және ақпарат орталығының бастығы, заң кеңесшісі

ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКАНЫҢ КҮРЕ ТАМЫРЫ – ТАЛДАУ, ТАРАЗЫЛАУ

Адамзат баласы білім мен мәдениетке қол жеткізген дәуірден бастап айтылып келе жатқан “Статистикасыз өмір жоқ” деген қағида бар. Расында да, егер статистика болмаса, біздер қалай өмір сүріп, қалай еңбек етіп жатқанымызды білмес едік.

Біздің елімізде көптеген жылдар бойы статистикамен арнаулы мекемелер айна-

лысты. Қазір де айналысып келеді. Кейін әр саланың өз статистикасының қажетті туды. Алды-артына қаратпас асығыс ғасыр, технократиялық сана жетістіктері адамзатты өркениет көшіне сүйреген сайын, оның жұмысын да тым қарбалас қылып жібергені рас. Әсіресе, әр қаламы заңға сүйеніп отыруды, асқан ыждағат-

тылықты талап ететін прокуратура саласында әрбір істеген ісінің есеп-қисабын шығарып, уақыт таразысына салып отыру қажет-ақ. Еліміздің атқарушы билігі де осыны зерделеген болуы керек. 1997 жылдың 22 сәуірінде Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы” Жарлығы шықты. Одан сәл кейін жарық көрген Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрығы да онымен үндесіп жатты. Осы аталған құжаттарға сөйкес, облыстық прокуратура жанынан облыстағы қылмыстық ахуал, құқық қорғау және сот органдарының жұмыс нәтижелері туралы мәліметтер жинақтап, осы бағытта атқарылған түрлі жұмыстарды талдап, таразылап, мемлекеттік құқықтық статистиканың біртұтас жүйесін, статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, нақтылығын қамтамасыз ететін, сондай-ақ, құқықтық статистика саласында заңдардың дұрыс қолданылуына қалағалау жүргізіп отыратын құқықтық статистика және ақпарат орталығы құрылып, жұмыс істей бастады. Мұндағы мақсат — қылмыстық істер жөніндегі мәліметтерді бір жерге жинақтай отырып, қылмыстық әрекеттердің жиі бой көрсететін тұстарын анықтап, оның өрісін тарылтуға жергілікті құқық қорғау органдарының назарын аудару болатын. Сонымен қатар, құқықтық статистика субъектілері болып саналатын құқық қорғау және сот органдарының қызметі туралы түрлі бағытта есептер жүргізіп, олардың нәтижелері туралы топтастырылған және тармақталған мәліметтер жинақтап, директивалық, қадағалаушы органдарды, мүдделі субъектілерді талдау ақпараттарымен қамтамасыз ету де жұмысымыздың бір қыры болып табылады. Құқықтық статистика және ақпарат орталығына сондай-ақ, есеп-тіркеу және есеп жасақтауда кездесетін тәртіп бұзу фактілерін анықтап, оны жоюға бағытталған шаралар алу, құқықтық статистика объектілері мәліметтері мен ведомствоаралық ақпаратты жалпы методологиялық негізде жинақтап, сұрыптауда олардың өзара байланыстылығын қамтамасыз ету, криминалдық есеп жүргізу, яғни, қылмыс жасаған адамдардың есебін алу, танылмай қалған өліктер, саусақ іздерінің есебі туралы

мәліметтерді жинақтау, шаруашылық субъектілерінің қызметін тексеру жөніндегі актілердің есебін жүргізу міндеттері жүктелген.

Жалпы, “Мемлекеттік статистика туралы” Заңға сөйкес, статистика органдары өз міндеттерін бақылау функциялары арқылы жүзеге асырады және олардың қызметтері статистика саласының бірыңғай басқарылу принципіне негізделген. Сондықтан құқықтық статистика органдарының ұйымдастыру құрылымы мен жұмыстарын осы принципке сөйкестендіру мақсатында ҚР Бас прокурорының 2001 жылғы 6 наурыздағы бұйрығымен облыстардағы құқықтық статистика және ақпарат орталықтары облыс прокурорларының бағынысынан шығарылып, тікелей ҚР Бас прокуроры жағындағы құқықтық статистика және ақпарат орталығына бағынатын болды және қызмет атқару функцияларына біршама өзгерістер енгізілді. Ал біздің облысымыз бойынша құқықтық статистика және ақпарат орталығының үлесіне тиіп отырған құқықтық статистика субъектілерінің қызметін статистикалық тұрғыдан бақылау, талдап-сараптау жұмыстары ҚР Бас прокурорының 2001 жылғы 6 наурыздағы, кейін 2001 жылғы 4 желтоқсандағы бұйрықтары және осы мәселелер бойынша Бас прокурордың, сондай-ақ, ҚР Бас прокуратурасы жағындағы құқықтық статистика және ақпарат орталығы бастығының салалық бұйрықтары негізінде жүргізіліп келеді.

Орталықтың мемлекеттік құқықтық статистиканы толық, дұрыс және жеткілікті түрде жүзеге асыру, осы саладағы заңдардың қолданылуын бақылау жөніндегі жұмыстарындағы басты бағыттар мыналар болып табылады:

— статистика субъектілерінің есептер жасақтаудағы өз міндеттеріне деген жауапкершілігін арттыру;

— статистика саласындағы заңдылықтардың сақталуын бақылау барысында орын алып жататын заң бұзушылық фактілерін анықтап, оның түпкі себептеріне терең талдау жасай отырып, келеңсіз құбылыстардың канат жаюына тосқауыл қою жөнінде шаралар алу.

Атап айтар бір жайт, құқықтық статистика және ақпарат орталығы өзі жұмыс жасай бастаған уақыттың бедерінде

өзінің құқықтық нормативтік базасын жаңғыртты. Мәселен, есеп берудің 40-қа жуық үлгісі жүзеге асырылып, алғашқы есепке алу құжаттары дайындалды. Құқықтық саладағы статистика қызметінің маңызын мынадан да көруге болады: Айталық, қоғам дамуын тежейтін ең қатерлі кесел – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес статистикалық және ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етілді деп айтуға толық негіз бар. Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық фактілеріне есеп жүргізудің алты түрі қаралып, мұндай қылмыстардың субъектілері туралы мәліметтердің арнайы банкісі құрылды. Орталықта есірткі және басқа да жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы алынып жатқан шаралар туралы ақпарат жинақталып, талдану арқылы қылмыстың бұл түріне қарсы күрестің жағдайына сапалы сипаттама беру қолға алынғанын айта кеткен артық болмас. Сонымен қатар облыстың барлық аудандарында электронды байланыс жүйесі орнатылып, есептерді модеммен жеткізу жүйелі жолға қойылды.

Қай салада да іс тегігін кадрлар шешеді ғой. Біздің орталықта бұрын құқық қорғау органдарында жұмыс істеп, ысылған, тәжірибелі мамандар қызмет істейді. Олар бүгінде құқық қорғау және сот органдарының қызметі туралы алғашқы есеп жүргізу мен есеп берудің барлық формаларын жасақтаумен қатар, қылмыстық ахуалды түзетуге арналған шаралар жөнінде нақты ұсыныстар беріп, қылмыстық қудалау органдарының қылмыспен күрес жағдайына бақылау және талдау жасай отырып, есептік тіркеу тәртібінің жағдайына, статистикалық мәліметтердің нақтылығына, статистикалық заң талаптарының сақталуына тексерулер жүргізіп отыр. Сондай-ақ құқық қорғау және сот органдарының жұмыс нәтижелері туралы мәліметтер жинақтап, өңдеп, берілген есептерді бір жүйеге келтіру арқылы облыс аумағындағы қылмыскерліктің ахуалына, қылмыс пен оның кейбір түрлерінің көбею немесе азаю бағытын толық және дәл көрсетіп, құқық қорғау, іс жүргізу, қадағалау және әділқазылық жасау қызметінің жағдайына сапалы түрде сипаттама беру де қолға алынған. Жалпы, облыс көлемінде орын алған түрлі қылмыстық істерді алғашқы кезеңнен ба-

стап тіркеп, қатаң қадағалап, бұл төңіректегі сан салаты жұмыстарды бір орталыққа жинақтау құқық қорғау органдары тарапынан жіберілген бірсыпыра кемшіліктердің бетін ашып қана қойған жоқ, заң қызметкерлерінің қолдарын ұзартып, жұмыстарын ширата түсуге ықпалын тигізді.

Орталықтың маңызды буындарының бірі – дактилоскопиялық тіркеу есебін жүргізу саласы. Бұл салада да жетістіктер жоқ емес. Соңғы екі жылда орталық қызметкерлері ішкі істер органдарының материалдары бойынша саусақ іздерін өңдеуден өткізу арқылы 18 қылмыстық оқиғалардың ашылуына ықпал жасады. Күні бүгін Атырау облысы бойынша статистика орталығының картотекалық қорында қылмыс жасаған 90 000-ға жуық адам жөнінде мәлімет бар. Қылмыс жасаған адамдардың саусақ іздері бойынша жылына орта есеппен 6000 есеп-тіркеу материалдары өңделіп, құқық қорғау және ҚҚК органдарына 20400 мәлімет және адамдардың сотталған-сотталмағаны, жазасын өтеп жатқан жері, босатылу негізі мен мерзімі жөнінде 8700-дей анықтама беріледі.

Орталықта өткен жылдан бастап өкімшілік құқық бұзушылыққа жол берген адамдардың бірыңғай есебін жүргізу қолға алынды. Бүгінде орталық сот органдары арқылы өкімшілік жауапқа тартылған 10 000-ға жуық адам жөнінде мәліметке ие болып отыр.

Осы орайда, қарапайым оқырманға түсінікті болу үшін ескерте кетейік, прокуратура, сот, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, кеден, салық органдары, төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктер құқықтық статистиканың субъектілері болып табылады.

Үстіміздегі жылдан бастап орталық қызметкерлері есептерді бір жүйеге келтіру, қылмыскерлік, қылмысқа қарсы күрес, құқық қорғау, іс жүргізу, қадағалау және әділқазылық жасау қызметі мен сот үкімдерінің, шешімдерінің орындалуы жөніндегі статистикалық есептердің тұтастығын, нақтылығын және толықтығын қамтамасыз етіп, оны тұрақтандыру мақсатында есептер жасақтаудың бірыңғай карточкалық жүйесіне толығымен көшкенін айта кеткім келеді.

Орталықтың бүгінгі жетістіктерін айта келіп, өткеннің өнегесін ұмытуға болмайды. Облыстағы құқықтық статистика және ақпарат орталығының еңсесін тіктеуіне ұжымның алғашқы басшысы Амангелді Оңайбайұлы Көшекөв зор еңбек сіңірді. Сондай-ақ құқықтық статистика саласындағы жұмысты жүйелі ұйымдастырып, мемлекеттік құқықтық статистиканы толық, дұрыс және жеткілікті мөлшерде жүзеге асыруға елеулі үлес қосқан орталық бастығының бұрынғы орынбасары Аманжол Сағынғалиұлы Бекенбаев туралы да жылы лебіз білдіргім келеді. Алғашқы еңбек жолдарын осы құқықтық статистика және ақпарат орталығында бастаған жас мамандарымыздың бүгінде аудан, облыс, республика көлеміндегі құқық қорғау органдарында өз қызметтерін абыроймен атқарып жатқанын мақтанышпен айта аламын.

Қазір орталық аппаратында 16 жедел қызметкер, 8 маман, сонымен қатар, қалалық, аудандық прокуратуралардағы құқықтық статистика жөніндегі 10 маман өз жұмыстарын абыроймен атқаруда. Орталықта өз істерін терең меңгерген, білікті, әрі білгендерін жастарға үйретіп, оларға бағыт беруден танбайтын И.Момбаев, Ф.Байназаров, А.Балапан, Ә.Кәмеденова

секілді сақа қызметкерлермен қатар, болашағынан мол үміт күттірер Д.Елеусінова, А.Теміртасова, А.Буденова, А.Дәулетшов және Г.Досанова сияқты жас мамандар қызмет істейді. Облыс прокуроры М.Ә.Жөргенбаевтың, облыс прокурорының бұрынғы бірінші орынбасары Е.К.Досановтың тікелей қолдауымен былтыр ғана бой көтерген, қазіргі заман талабына сай келетін орталық ғимаратында жұмыс істеуге толық жағдай жасалған деуге болады. Орталық компьютерлік-техникалық жабдықтармен толық қамтамасыз етілді. Барлық аудандарда электронды байланыс жүйесі орнатылып, есептерді модеммен жеткізу жүйелі жолға қойылған.

Қорыта айтқанда, статистиканың басты өлшемі болып табылатын есептерді мүмкіндігінше бір жүйеге келтіру, елдегі қылмыс ахуалына, қылмыстық қудалау органдары мен соттың қылмыстық процестің белгілі бір кезеңіндегі қызметіне, азаматтық және шаруашылық дауларын шешу барысындағы прокурорлық қадағалау мен әділ қазылық жасаудың жайына заңды жүйелілік орнатуда орталық қызметкерлерінің атқарып отырған қызметтері ұшан-теңіз. Ал ертеңгі жұмысымыз бұдан да күрделі болмақ.

Әйкеп ҚҰМҒАНБАЕВА,

облыстық прокуратураның ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бастығы, аға заң кеңесшісі

ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ АРҚЫЛЫ

Облыстық прокуратурада мамандармен жұмысты ұйымдастыру ойдағыдай жолға қойылған. Прокурорлық қадағалауды тиімді ұйымдастыру мақсатында, қызметтік және еңбек тәртібін нығайтуға арналған бірнеше өкімдер мен бұйрықтар қабылданды. Алқа, жедел мәжіліс өткізу, төменгі прокурорларға бақылау тапсырмаларын жолдау тәртіптері белгіленіп, соның нәтижесінде алқа жоспары уақытылы орындалып, төменгі прокурорларға жоспарлы тапсырмаларды жіберудің саны азайды.

Сонымен қатар ұйымдастыру жұмысының жақсаруына Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасынан түскен ұйымдастыру және ұсыныс ретінде

жіберілген үлгілі тәжірибені енгізу, жұмыстың жаңа түрлері мен әдістерін үйренуге және жеке жауапкершіліктерін көтеруге тәрбиелеу жөніндегі құжаттарды пайдалану өз өсерін тигізді.

Төменгі прокурорлардың ұйымдастыру жұмысын жақсарту мақсатында, облыстық прокуратура қызметкерлерімен 3-5 күндік тәжірибелік көмектер көрсетіліп, жас мамандармен бірге тексерулер жүргізіліп, прокурорлық ықпал ету шаралары дайындалды.

Облыс прокурорының өткен жылғы қазанның 15-індегі өкімімен ай сайын барлық қызметкерлермен жасаған жұмысы жөнінде жеке есептік кесте жасқалып, облыстық прокуратураның

ұйымдастыру-бақылау бөліміне тапсырылып келеді. Аталған кестені талдау әрбір қызметкердің жұмыс уақытын қаншалықты ұтымды пайдаланатынын және жеке қосқан үлесін анықтауға мүмкіндік береді. Әрбір қызметкердің жеке қосқан үлесі сынақтан (аттестациядан) өту кезінде есептеледі. Еңбекке қатысуды есептеудің бұл тәсілі әрбір қызметкердің жауапкершілігін, жұмысының көлемін және жеке үлесін жоғарылатуға ұмтылуына ықпалын тигізеді.

Қызметкерлердің кәсіптік деңгейі мен дәрежесін көтеру мақсатында Атырау қаласы, Жылыой және Құрманғазы аудандарының прокуратураларында оқу орталықтары құрылып, әр тоқсан сайын қала, аудан прокурорлары және олардың көмекшілерімен оқу-семинар өткізіліп келеді.

Оқу тақырыбының рефераттары алдын-ала аттестациялық комиссиямен бекітіледі. Семинардың бірінші күні тақырып бойынша дәріс оқылып, екінші күні (қылмыстық, азаматтық істер бойынша прокурорлық ықпал ету шаралары дайындалады) тәжірибелік сабақ өткізіледі. Осыған орай, сотта мемлекеттік айыпты қолдау, қылмыстық істі тергеу барысында заңдылықты қамтамасыз ету, азаматтардың шағымдарын шешу, тексеру әдістері туралы оқу-семинарлар өткізілді. Осындай семинарларды өткізіп, тәжірибелік көмек көрсету өзінің оң нәтижесін беріп, төменгі прокуратуралардың жұмыстарының жақсаруына ықпалын тигізді. Мысалы, қылмыстық істер бойынша апелляциялық наразылық келтірудің тиімділігі 1999 жылы 80 пайыздан 2002 жылы 93 пайызға жоғарылады, ал сотпен қылмыстық істі қайта тергеуге жолдау екі есеге төмендеді.

Облыстық прокуратурада жұмыс жасауға барлық жағдайлар жасалған. Барлық қала, аудан прокуратуралары компьютерлік техникамен, факспен жабдықталған және модемдік байланыс орнатылған. 2001 жылдан бастап статистикалық есепті тапсыру электронды пошта арқылы жүзеге асырылып келеді. Бұл уақыттың ұтымды пайдаланылуына және жедел ақпараттар алуға өз септігін тигізіп отыр.

ҚР Бас прокурорының 1999 жылғы наурыздың 19-ындағы “Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының іс

өндірістерін мемлекеттік тілге көшіру кестесін бекіту туралы” бұйрығын орындау мақсатында 1999 жылы облыс прокурорының бұйрығымен мемлекеттік тілді оқыту бағдарламасы енгізілген компьютерлік класс ашылды және тілді толық, терең меңгеру үшін оқушыларға 800-ге тарта қазақ әдебиеттері жинақталған кітапханада оқып, үйренуге мүмкіншіліктер жасалынды. 2000 жылы Бас прокуратурада бұл бағыттағы облыстық прокуратураның жұмысы қанағаттанарлық деп танылды.

Жедел шешімдер алу мақсатында және облыс орталығынан көптеген аудандардың шалғай орналасуына орай облыс прокурорымен сол аудандарға барып, азаматтардың шағымдары бойынша қабылдау кең тәжірибе ретінде қолданылып келеді. Бұл арыз-шағымдардың сол жерлерде сөзбұйдалыққа салынбай шешілуіне ықпал етіп отыр. Аудандарда азаматтарды қабылдау алдын-ала тұрғындарға ақпарат құралдары арқылы хабарланады.

ҚР Бас прокурорының өткен жылғы наурыздың 27-сіндегі “Прокуратура органдарының кадрлармен қызметінің негізгі бағыттары туралы” бұйрығының талабына сай облыстық прокуратурада мамандарды қызметке қабылдарда, орналастыруда және тәрбиелеуде нақты жұмыстар жүргізіліп отыр. Соның ішінде, мамандардың жұмысына деген адалдығына, олардың тәрбиесі мен іскерлік біліктілік деңгейінің көтерілуіне ерекше мән беріледі. Прокуратура органына жұмысқа қабылдау облыс прокурорымен бекітілген бағдарламаға сәйкес, олардың моральдық-адамгершілік дәрежесіне, кәсіптік дайындық деңгейіне және денсаулығына байланысты жүргізіледі. Белгіленген тәртіпке орай, барлық үміткерлер резервтік тізімге енгізіліп, облыстық прокуратураның бөлімдеріне, қалалық, аудандық прокуратураларға сынақтан өтуге жіберіледі. Кейбіреулері маман ретінде жұмысқа қабылданады. Олардың қызметіне жақсы деген баға берілген жағдайда үміткердің құжаттары облыс прокурорына ұсынылып, оны жұмысқа қабылдау туралы мәселе қойылады. 2000-2001 жылдары жұмысқа 34 қызметкер қабылданды, оның 26-сы мемлекеттік жоғары оқу орындарын бітірген жас мамандар.

Аталған тәжірибенің үлгілі нәтижесі ретінде кейбір жас мамандарға облыстық сот органдары тарапынан мемлекеттік айыпты қолдау барысында кәсіптік деңгейлерінің жақсы екендігі жөнінде жазбаша хаттардың келгені дәлел бола алады.

Жанадан қабылданған қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында, әрбіреуіне төлімгер белгіленіп, сынақтан өтудің жеке жоспары бекітілген, оның орындалуы жедел кеңесте және аттестациялық комиссияның отырысында үнемі қаралып келеді.

Жас мамандардың міндетті түрде облыстық прокуратурада он күндік сынақтан өту тәжірибесі жолға қойылған, оның нәтижесі бойынша бөлім басшылары өз пікірлерін білдіреді, осындай төлімгерліктен мамандар резервіне қойылған үміткерлер де өтеді.

Басшылық қызметке резервке қойылған қызметкерлердің іскерлік дәрежесін көтеру үшін, басқару дағдысын үйренуге, жоғары лауазымның міндеттерін білуге мүмкіншіліктер жасалған, атап айтсақ, оларды кешенді тексеру бригадасының құрамына, іскерлік деңгейін көтеруге арналған оқу семинарларда сойлеуге, резервке қойылған қызметі бойынша сол лауазым міндетін уақытша атқару жүктеліп отырады.

Облыстық прокуратура қызметкерлерді аттестациядан өткізуге ерекше көңіл аударалы. Биылдан бастап тестілік сынақтау бағдарламасы енгізілді. Бұл сынақтанушының құқықтық білімінің қаншалықты жоғары екендігін анықтауға көмектеседі. Осы жылы аттестациялық комиссия мүшелеріне әрқайсысының жетекшілік ететін аймағы белгіленіп, қызметтік міндеттері бөлініп берілді. Комиссия мүшелері өздері жетекшілік ететін аймақ бойынша сынақтан өтуші қызметкердің іскерлік және жеке деңгейі жөнінде алдын-ала анықтама жасақтап, мінездеме береді, ол сынақтан өткізуші комиссияның оң шешім қабылдауына өз әсерін тигізеді.

Ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру, қызметкерлердің құқықтық санасы мен жауапкершілігін көтеріп, өздері таңдаған мамандыққа және отан сүйіштігі сезімге тәрбиелеу мақсатында 1999 жылы облыс прокуратура органының тарихы жөнінде мұражай ашылды. Қызметкерлерді тәрбиелеу мақсатында прокуратура органының ардагерлерімен үнемі кездесулер, ашық есік күндері өткізіледі. Жастарды ұлттық дәстүрге тәрбиелеуге, олардың дамуына өсер ету үшін облыстық прокуратураның “Прокуратура жаршысы” газетінде ат спортына және ұлттық салт-дәстүрге арналған “Артымақ” деген бет ашылған.

Облыстық прокуратура өз қызметкерлерінің мерейтойларына, еңбегіне ерекше көңіл бөледі. Бұл жас қызметкерлердің прокуратура дәстүрін сыйлауға және өз кәсібіне деген құрмет сенімінің жоғарылауына өсер етеді. Прокуратура органының ардагерлері барлық мерейтойларда, мерекелерде шақырылып, оларға көмек көрсетіледі. Олар ҚР Бас прокурорымен кездесуді ризашылықпен қабылдады.

Облыстық прокуратура үш жылдан астам уақыт бойы облысымыздағы алты жасқа дейінгі тастанды “Балалар үйіне” көмек көрсетіп келеді. Қызметкерлердің жеке табысы есебінен мүтелек балаларға арналған орындықтар, телевизорлар алып беріліп, бір күндік еңбек ақыларын аудару дәстүрі енгізілді.

Облыстық прокуратура ғалым-заңгерлермен де байланысты үзбейді. Ұжым академиктер С.Зиманов және Р.Сабекеновтермен кездесулер, олардың қатынасуларымен семинарлар өткізді.

Прокуратура қызметкерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына да үлкен көңіл аударылады. 1999-2001 жылдар аралығында 23 прокуратура қызметкеріне қызметтік пәтерлер берілді.

Бөлім ұйымдастыру-бақылау жұмыстарын одан әрі жетілдіріп, прокурорлық қалағалауды тиімді жүргізудің пәрменді шараларын алуды ұтырлы жалғастырады.

ҚР Бас Прокурорының “Прокуратура органдарының заңдылық пен құқық тәртібін нығайту, сондай-ақ, прокурорлық қадағалаудың тиімділігін арттыру бағытындағы міндеттері туралы” № 113 бұйрығын орындау мақсатында, бағынышты прокурорлар қызметіне басшылық жасауды жетілдіру, Бас Прокуратураның жүктеген міндеттері мен тапсырмаларының іс жүзінде орындалуын күнделікті бақылап отыру, сонымен қатар жұмысты ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістерін енгізу жөнінде тұрақты шаралар жүзеге асып келеді.

Жоспарлы шараларды орындау мен оның орындалысын бақылау жөніндегі прокуратура органдарының қызметіне жасалған талдау көрсеткендей, бақылау тапсырмалары немесе тексеру әдістері тиісті орынға дер кезінде жолданбайды. Аналитикалық және статистикалық ақпараттарды жинақтау мәселесіне жете көңіл бөлінбеген. Осының салдарынан қажетті корреспонденциялардың электронды пошта бойынша алынған сәтінен бастап орындаушыға түскенге дейінгі мерзімі созылып кеткен (2-3 күнге).

Осы талдаудың негізінде жұмысты ұйымдастырудың жаңа әдістерін енгізу мақсатында облыс прокурорының 2002 жылғы 20 желтоқсандағы № 6 бұйрығына сәйкес ұйымдастыру-бақылау бөлімі бастығының жетекшілігімен аналитикалық жұмыстар кабинеті құрылды. Оның жұмыс принципі ең бірінші кезекте заңдылықтың ахуалын сипаттайтын статистикалық мәліметтер мен ақпараттық материалдардың терең анализімен қамтамасыз ету, заңдылықты қадағалау, заңдылықтың бұзылуы жөнінде нақты дабылдар қағу, бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс т.б. болып табылады. Мұның бәрі перспективалық және тоқсандық жоспарлы шараларды орындауда үлкен база болумен қатар, ҚР Бас Прокуратурасына бақылау жұмыстары жөнінде сапалы ақпарат дайындауға қызмет етіп, салалық бұйрықтарға сәйкес қызметтің тиімді бағыттарында тексеру қорытындыларының жетілуіне қол жеткізер еді.

Жоғары орындаушылық тәртіпті қамтамасыз етуге қол жеткізу үшін тапсырма мен тексеру әдістемелерін төменгі

деңгейдегі прокурорларға дер кезінде жолдап, хабарлама талап етудің бақылау мерзімін белгілеу керек.

Осыған байланысты облыстық прокуратурада құрамына модемдік байланыс енгізілген корпоративті жүйе орнатылды. Ондағы модемдік байланыс арқылы қалалық, аудандық және арнаулы прокуратуралармен еркін ақпарат алмасып отырмыз. Сонымен қатар, ұйымдастыру-бақылау бөлімінде локальды жүйе жұмыс істейді. Оған ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бастығы, 4 аналитик-прокурорлар және электронды пошта бойынша корреспонденция алуды және жолдауды қамтамасыз ететін бөлімнің маманы қосылған.

Пошта қызметі арқылы алынған корреспонденцияны тез арада ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бастығы қарап, ұсынылған Нұсқаушаға сәйкес бақылау мерзімін белгілейді және оның шұғыл түрде электронды пошта арқылы барлық қала, аудан прокурорларына, сондай-ақ, аналитик-прокурорға берілуін қамтамасыз етеді.

Орындаудың әдістері, тәсілдері және жолдары жөніндегі басқару шешімін тапсырмаларды немесе жоспарларды алуды бақылап отырған орынбасардың келісімі бойынша бөлім бастықтары шешеді.

Прокурор-аналитиктер мен қалалық, аудандық және арнаулы прокурорлар бақылау жұмыстары бойынша қажетті материалдарды күнделікті жинақтауды қамтамасыз етеді. Аналитиктер, сондай-ақ, жағымды мысалдардан тұратын мәліметтер базасын құрастырады.

Жұмысты ұйымдастырудың жаңа өлісі жоспарлы шараларды алғашқы күннен-ақ сапалы орындауды қамтамасыз етеді. Өйткені Нұсқаушаға сәйкес жоспарлар төменгі прокуратураларға қол қойылған сәтінен бастап 2 тәуліктен қалмай жолдануға, әдістемелік көмек 3 тәуліктен қалмай, ал, перспективалық жоспарлар 15 күннен қалмай жолдануға тиіс.

Аналитикалық топтың жұмысын ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бастығы бақылайды. Ал ақпараттың сапасына бөлім бастықтары жауап береді.

Аналитикалық топ жұмысының тиімділігі мынада: қадағалаушы бөлімдердің прокурорларын техникалық қызметтер-

ден босатады, қағазбастылықты азайтады, бақылау жұмысының жүзеге асу процесін елеулі түрде жеңілдетеді, дайындалған ақпараттың сапасын қамтамасыз етеді, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібінің ахуалына жедел баға бер

руге мүмкіндік тугызады, қаржыны үнемдеуге қол жеткізеді. Бір сөзбен айтқанда, жұмысты ұйымдастырудың жаңа әдістерін енгізу мен олардың орындалысын бақылауда аналитикалық және ақпараттық қызметтің берері мол.

Сәрсенбай ЕҢСЕГЕНОВ,
*облыстық прокуратураның мемлекеттік
органдар қызметінің заңдылығын
қадағалау бөлімінің бастығы*

ЗАҢ БІЛМЕГЕННІҢ ЖОЛЫ – БУРАЛАҢ

Адамзат баласы өркениетке қадам басқан сайын оның құқы мен бостандығының құны арта түседі. Сан ғасырлар бойына жеке адам, ұлт немесе мемлекет болсын, өзінің құқы, заңды мүддесі аяққа тапталмауы үшін күрескен. Тарихпен бірге жасасып келе жатқан немесе шаңырақ көтергеніне көп болмаған мемлекеттердің қай-қайсысы үшін де адамнан құнды ештеңе болмауға тиіс. Прокуратура органдарының өмірге келуі де осы қажеттілікпен тығыз байланысты болса керек.

Прокуратура органдарының алдына қойылған негізгі міндет – Республика аумағында заңдардың, Президент Жарлықтарының және өзге де құқықтық нормативтік актілердің заңды түрде қолданылуын жоғары қадағалауды жүзеге асыра отырып, заңдылықтың кез-келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар алу болып табылады. Бұл саладағы қадағалауды ұйымдастыру облыстық прокуратураның мемлекеттік органдар қызметінің заңдылығын қадағалау бөліміне жүктелген. Аталмыш бөлім осы бағыттағы жұмыстарды заңды және талапқа сай жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында қала мен аудандар прокурорларына, табиғат қорғау прокуратурасына тәжірибелік-әдістемелік көмектер көрсетіп отырады. Сондай-ақ мемлекеттік органдар қызметінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыратын прокурордың көмекшілерін (бөлім прокурорларын) облыстық аппараттан тәжірибелік сынақтан өткізіп, атқарған істері қанағаттандырмайтын прокурорлардың жұмысына ай сайын талдау жасап, бағыт-бағдар беріп отыру да назардан тыс қалмайды.

Прокуратурамен бірге өмірге келген бөлімнің де алғашқы он жылда табысты жұмыс жасағанын айта кету керек. Аталған мерзімде осы бөлімде қызмет атқарған прокурорлар бүгінде әр түрлі деңгейдегі басшылық қызметке жоғарылады. Мәселен, бұрынғы бөлім бастықтарының арасынан Е.Досанов қазір Ақтөбе облысы прокурорының бірінші орынбасары болып қызмет істейді. Ал А.Мұстафаев болса Оңтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасы басқарма бастығының орынбасары, Х.Дауешов ҚР Бас прокуратурасы қызметкері, Х.Қасымов Жылыой ауданының прокуроры, А.Жарылғасов Атырау облысы прокурорының орынбасары болып өз қызметтерін абыроймен атқарып келеді. Осы бөлімнің прокуроры болған С.Жұмашева қазіргі кезде облыс прокурорының кадр жөніндегі аға көмекшісі, А.Абдолов Қызылқоға ауданының прокуроры, С.Көкбаев Атырау қалалық прокуратурасының бөлім бастығы болып қызмет жасауда.

Бөлімнің бұрынғы қызметкерлері салған ізбен, олар қалыптастырған үлгімен жемісті жұмыс жасап келе жатқан бүгінгі бөлім прокурорлары ҚР Бас прокурорының салалық бұйрықтарына сәйкес мемлекеттік органдарда заңның қолданылуын үнемі тексеріп, азаматтар мен заңды тұлғалардан түскен шағымдарды қарап, заңдылықтың бұзылуын жою шараларын алып отыр. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында бөлім қызметкерлерінің тексеруі нәтижесінде заңға қайшы келетін сегіз шешімге берілген наразылықтар қанағаттандырылды, заңның бұзылуын жою туралы көптеген ұсыныстар қаралып, шаралар алынды. Тексеру қорытындысында

үш қылмыстық іс қозғалып, оның бірі сотқа жолданды. Бір адам сотталып, бір іс рақымшылық заңына сәйкес қысқартылды. Ал бір қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізілуде. Сотқа берілген алты талап арыздың екеуі қанағаттандырылып, мемлекет пайдасына 9 млн. 613 мың 893 теңге өндірілді. Қалғандары қаралу үстінде.

Бүгінгі күннің бір өзекті мәселесі — қоғамдағы тұрақтылықты, халықтар бірлігі мен достығын сақтау. Бұл мемлекетіміз экономикасы өрлеуінің, аяға қойған әлеуметтік, саяси реформалардың толық жүзеге асуының кепілі болмақ. Алайда, кейбір қоғамдық бірлестіктер өкілдері мен тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан елдегі оң өзгерістерді жоққа шығару, мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдарының, соның ішінде Президенттің беделіне нұқсан келтіріп, негізсіз кінә тағу секілді жағымсыз құбылыстар орын алып отыратыны өкінішті. Дегенмен облыстық прокуратура мұндай әрекеттерге заңды тұрғыда баға бере отырып, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып Елбасының беделіне нұқсан келтіру фактісі бойынша екі қылмыстық іс қозғалды. Атап айтқанда, Исатай аудандық мәслихатының депутаты, Қазақстанның Республикалық халық партиясының мүшесі С.Қапизов жөніндегі қылмыстық іс сотқа жолданды. Ал “Ақ Жайық” газетінің тілшісі О.Мартынюк өз қателігін мойындап, рақымшылық заңына сәйкес, оған қатысты қылмыстық іс тергеу барысында қысқартылды.

Болім прокурорлары “Бұқаралық ақпарат құралдары туралы” заңды бұзу фактілері бойынша тек қылмыстық іс қозғап қана қоймай, заңды бұзғандарды басқа да заңмен белгіленген жауапкершілікке тарту шараларын алып отыр. Айталық, мемлекеттік тілдегі телехабарлар бағдарламасын тарату уақытын бұзғаны үшін “Адал-ТВ” ЖШС-нің директоры Л.Шалманова прокурордың қаулысымен және қалалық соттың шешімімен “Қазақстан Республикасының өкімшілік құқық бұзушылық туралы” Кодексінің 342-бабының 2 бөліміне сәйкес өкімшілік жазаға тартылды. Сондай-ақ “Алтын ғасыр”, “Вечерний Атырау” газеттерінің редакторлары Қ.Смадияров пен С.Қапизов, прокурордың тексеруіне кедергі

келтіргені үшін “Ақ Жайық” газетінің бас редакторы С.Қайырханов та өкімшілік жазадан тыс қалмады.

Мемлекеттің қаржылық мүддесін қорғау бағытында да жоспарлы жұмыстар жүргізіліп келеді. Мәселен, бюджеттік қаржының мақсатсыз жұмсалыуына байланысты “Казстройбытсервис” серіктестігінен 3 млн. 450 мың 889 теңге, “Каспийстрой” ЖШС-нен 48 млн. 26 мың теңге өндіру жөнінде сотқа талап арыздар берілді. Қазір ол сотта қаралуда.

Қоршаған орта проблемалары да прокурорлар назарынан тыс қалып отырған жоқ. Бөлім прокурорлары қоршаған ортаны қорғау заңдылығын бұзып, өндіріс қалдықтарын (әсіресе, күкіртті) рұқсатсыз жинағаны және жер қойнауына лас суды жібергені үшін, “Теңізшевройл” ЖШС-нен мемлекет пайдасына 10 млрд. теңгенің үстінде қаржы өндіріп алу туралы сотқа талап-арыз жолдалды. Соттың мұны қарап заңды шешім аларына сенеміз.

Ал облыстық өкпе ауруына қарсы төрт шипажайлық мектеп-интернатты жөндеуге және Атырау қаласындағы ат спорты кешенінің құрылысына бөлінген 15 млн. теңгеден астам қаржыны ысырап ету фактісі бойынша қозғалған қылмыстық іс қаржы полициясына жолданды.

Жұмысымыздың бір парасы кәсіпкерлердің құқы мен бостандығын қорғауға қатысты. Бұл орайда біздің бөлім кәсіпкерлік қызмет бостандығын реттейтін заңдардың қолданылуына тексеру жүргізіп, тиісті прокурорлық қадағалау актілерін алып, заңның бұзылуына тосқауыл қойып келеді. Атап айтар болсақ, облыс өкімінің жекелеген шаруашылық субъектілеріне артықшылық беретін үш шешіміне екі наразылық келтірілді. Оның ішінен бір наразылық қаралып, өкімнің заңға қайшы келетін екі шешімінің күші жойылды. Ал бір наразылық қаралу үстінде. Сондай-ақ Атырау қаласы өкіміне де кәсіпкерлердің құқын шектейтін бірнеше шешімдерін заңға сәйкестендіру жөнінде ұсыныс беріліп, ол орындалды. Сол сияқты облыстық салық комитеті төрағасының кәсіпкерлерді өкімшілік жазаға тарту жөніндегі екі заңсыз қаулысына наразылық келтіріліп, олардың күші жойылды. Ал Атырау қаласы өкімінің орынбасары Н.Шамшатовқа, облыстық жер ресурстарын басқару комитетінің

торағасы А.Жмыховқа заңның бұзылуын жою туралы берілген ұйғарымдар нәтижесінде жеке кәсіпкерлер Б.Шығанақов пен Л.Досымованың құқылары қалпына келтірілді. Сондай-ақ “Валют транзит Золото” ЖШС-нің Атырау қаласындағы дүкенін тексеру кезінде заң талаптарын бұзғаны үшін, прокурордың ұсынысы негізінде, қаржы полициясының қызметкерлері К.Ажимқұлов, К.Хасанов, кәсіпкерлік субъектілерін негізсіз әкімшілік жауапкершілікке тартқаны үшін, кеден басқармасының инспекторлары А.Нажимов пен Р.Уәлиев тәртіптік жазаға тартылды.

Шаруашылық субъектілерін тексеруді тіркеу тәртібін бұзғаны үшін, облыстық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі басқарманың инспекторы Л.Нырковаға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу қаулысы шығарылып, ол сот арқылы жазасын алды.

“Атырау облыстық сәулет қала құрылысы қызметін лицензиялаудың мемлекеттік орталығы” деп аталатын мемлекеттік еншілес кәсіпорын “Лицензиялау туралы” заңның талабын бұзып, шаруашылық жүргізуші субъектілерден жыл сайын құрылыс жүргізуге қатысты лицензияны қайта тіркету арқылы ақы төлетіп, 9 млн. теңгеден астам заңсыз табыс тапқан. Облыстық прокуратураның талап арызына сәйкес бұл қаржы мемлекет пайдасына өндіріліп алынды.

Тек облысымызда ғана емес, еліміз көлемінде жойылып отырған бір індет – сыбайлас жемқорлық екені белгілі. Сондықтан бөлім прокурорлары “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” заңның мемлекеттік органдарда қолданылуын жоспарлы түрде қадағалауда. Есеггі мерзім ішінде бұл салада заңның бұзылуын жою туралы жеті ұсыныс қаралып, шаралар алынды. Сонымен бірге 17 мемлекеттік қызметшілер тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Ал облыстық қаржы басқармасының бас маманы Б.Құлмәжитова мен облыстық қаржы бақылау комитетінің бас тексеруші-ревизоры Д.Құтжанов жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу қаулысы шығарылып, оларға сот арқылы әкімшілік жаза қолданылды.

Облыстық прокуратура азаматтардың еңбек құқықтарының сақталуын да үнемі

басты назарда ұстап келеді. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында прокурорлық қадағалау актілерінің негізінде 14 млн. 248 мың теңгеден астам еңбек ақы иелеріне өндіріліп берілді. Еңбек заңдылықтарын бұзып, жалақыны мерзімінде бермеген “Завод Полипропилен” ЖШС-нің директоры Х.Сатқаев пен “Прикаспийбурнефть-Казахстан” серіктестігінің директоры Г.Қаң әкімшілік жазаға тартылды.

Бөлім прокурорлары мемлекеттік органдар мен мекемелерде заңдарды насихаттап, түсіндіру, бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде республикалық, облыстық теледидарда құқықтық насихат жұмыстарын жүргізу жұмыстарына белсене ат салысып отырғанын айтқым келеді. Аталған мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында 15 мақала жарияланып, көпшілік алдында 16 лекция оқылды.

Бүгінде бөлімде екі аға прокурорлар Н.М.Шильман, Б.Еңсегенов, бөлім прокурорлары А.Бозбанова, А.Жоланов және А.Андасовтар жұмыс істеуде. Облыстық прокуратура басшылығы бөлімге тәжірибелі қызметкерлерді тағайындай отырып, олардың сабақтастығын қамтамасыз етіп келеді. Бұрын облыстық, Атырау қалалық прокуратурасының жалпы қадағалау бөлімінің бастығы болған, прокуратура органдарында 18 жыл жұмыс істеген Н.Шильманның, сол сияқты мемлекеттік тергеу комитетінің Атырау қалалық бөлімінде тергеуші, кейін қалалық прокуратураның бөлім бастығы қызметін атқарған Б.Еңсегеновтың тәжірибелері жас мамандарға үлгі боларлықтай. Ұрпақтар сабақтастығы деген осы.

Қашан да әділдік туын ұстап келе жатқан прокуратураның, оның жалынды да, алғыр қызметкерлерінің адалдық жолынан таймасына сенім мол. ХХІ ғасыр ізгілік ғасыры болмақ. Ал прокуратура болса, жер бетіне ізгілік пен әділдіктің дөнін себуші. Өркениет ғасырында заң білмегендер немесе білгісі келмегендер өкініштен бармағын тістеп, зар илеп қалмақ. Адамзаттан ұшан-теңіз білім мен қайтпас қажыр-қайратты талап ететін асығыс та асау ғасырдың көшіне ілесу үшін заңды білуіміз және сыйлауымыз қажет. Бұл ретте прокуратура сізге көмек қолын созбақ.

Мен осы сәтті пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы прокуратурасының 10 жылдық мерейтойына орай барша әріп-

тестерімді кәсіби мерекелерімен құттықтап, жауапты жұмыстарында жетістіктерге жете берулеріне тілектестік білдіргім келеді.

Абай МӘЖЕНОВ,
*облыстық прокуратураның тергеу,
анықтама және ЖТҚ-інің заңдылығын
қадағалау бөлімінің бастығы, заң кеңесшісі*

ЗАҢСЫЗДЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ ҮШІН

Ел болғаннан кейін оның басшысы және негізгі заңы мен басқа да сол елді басқару жұмысын үйлестіру, азаматтарының алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз ету үшін заңдылықтары болуы шарт.

Біздің қазақ елін ерте замандардан бері хан басқарып, заңдылықтары Жеті жарғы заңымен реттеліп, билікті тек билер мен ақсақалдар жүргізген, елін батырлары қорғаған. Ал қазіргі кезде елімізді басқару жүйесі негізінен алғанда сол баяғы заманға бір табан жақын болғанымен жаңарып, талай сатылардан өтіп, жетіліп, азаматтардың құқыларының сақталуына көп көңіл бөліне түскен. Егемендігімізді алған 10 жылда өзіміздің ата заңымыз – Конституциямызды қабылдап, онда елімізді басқару жүйесін анықтап, құқықтық, зайырлы мемлекет болуымызға қол жеткіздік.

Қазақстан Республикасы Конституциямен белгіленгендей, прокуратура органдарына Республика аумағындағы заңдардың, Президент Жарлықтарының және өзге де құқықтық нормативтік актілердің заңды түрде қолданылуын жоғарғы қадағалауды жүзеге асыра отырып, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою міндеті жүктелген. Осы міндеттерді атқарып, жоғарғы прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокуратура органдары негізгі үш сала бойынша жұмыс жасайды. Сол салалардың бірі өзім басқарып отырған тергеу, анықтау және жедел іздестіру қызметтерінің заңдылығын қадағалау бөлімінің атқаратын қызметі мен оны атқарған, атқарып келе жатқан азаматтар тұрғысынан сөз қозғасак, облыс прокуратурасының егемендік алғаннан бергі он жылдағы елеулі жұмысында бөлімнің де өзіндік үлесі бар екендігі айқын байқалады.

Қашан да бөлімдегі қызмет адамдар арқылы, олардың іскерлігі, біліктілігі нәтижесінде жүзеге асады. Осы бөлімде қызмет етіп, қазіргі уақытта прокурорлық қадағалаудың әр саласында әлі де болса өз үлестерін қосып келе жатқан, ал кейбірі зейнеткерлік демалысына шығып, ұрпақ тәбиесімен айналысып, өздерінен кейінгі толқынға өз тәжірибелерін үйретуден жалықпайтын аға буын өкілдері жайлы қолдан келсе үлкен хикаят жазар едім.

Олар – бұдан ширек ғасыр бұрын өз қызметін прокуратура органдарында тергеушіліктен бастаған, 1981-85 жылдары осы бөлім прокуроры, 1991-94 жылдары бөлімді басқарған, қазіргі уақытта облыстық прокуратураның ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бастығы Әйкен Құмғанбаева, 1989 жылы тергеуші болып өз қызметін бастаған, 1995 жылдың қараша айынан 1999 жылдың ақпан айына дейін бөлім прокуроры болған, қазіргі уақытта Құрманғазы ауданының прокуроры Балтабай Халықов. Осы бөлімде қызмет атқарғандар – Құрманғазы ауданының прокуроры болған Сұлтан Қаражігітов пен Махамбет ауданының прокуроры болған Аманжол Бекенбаев. Бүгінде екеуі де Республикалық Бас прокуратурада қызмет атқарып жүр.

Индер ауданының прокуроры Мақсат Мырзақұлов, Махамбет ауданының прокуроры Жәнібек Кобегенов, облыс прокурорының аға көмекшісі Ержан Салықов және сан жылдар осы бөлімде қызмет атқарып зейнеткерлікке шыққан Бақытжан Жұбановтар да біздің бөлімнің көрігінде шыңдалғандар.

Әрине, өз мамандығының қыр-сырын толық меңгерген, еліне еңбегі сіңген, білімі мен кәсіби шеберлігі жоғары, кейінгі шәкірттері, біздер, құрмет тұтатын абзал

азаматтар бұрында да болған, қазір де баршылық.

Осындай абзал ағалардың ішінде қазіргі прокуратура органдары қызметкерлерінің көпшілігінің ұстазы, көпшіліктің қадірмендісіне айналған Жұбанов Бақытжан ағамыздың орны бөлек.

1977 жылы Новобогат ауданы (Исатай) қайтадан құрылғанда жасы ол кезде отызға толмаған жас заңгер Бақытжан Жұбановтың прокурор болып тағайындалуы оның іскерлік қабілеті мен қызмет ахуалына байланысты болса керек. Ол Ленинград қаласындағы прокуратура және ішкі істер министрлігі тергеу қызметкерлерінің білімін жетілдіру институтын бітіріп келгеннен кейін, ауданның, облыстың басшыларымен бірге нақандық жұмыстарға жиі-жиі жіберіліп отырған. Сонда Бақытжан ағамыз прокурор ретінде мәселенің мәнісін терең талдап, әділ шешім қабылдауымен қатар, негізгі бағыты ауыл шаруашылығы болып келетін ауданның шаруашылық жұмыстарын кез-келген осы саланың мамандарынан кем білмейтіндігін көрсетіп отырған. Бұның сыры Бөкейнің ауылдан шығып, кеңшарда комсомол ұйымын басқарып, ауыл шаруашылығымен тығыз байланыста болуынан болса керек.

Бақытжан ағамыз 1982-86 жылдары Құрманғазы ауданының прокуроры, 1986-88 жылдары Атырау қаласының прокуроры қызметтерінде болып, кейін облыстық прокуратураның тергеу, анықтау және ЖІҚ-нің заңдылығын қадағалау бөлімінде қызмет атқарып, құрметті зейнеткерлікке шыққан. Осы кездерде оның қарауында қызмет атқарған өріптес інісі Балтабай Бөкей жөнінде “Қарамағында қызмет жасаған кезде, прокуратура органдарының беделін жоғары ұстауы, халықпен қарым-қатынаста өзара тіл табыса білуі мен үшін үлкен сабақ болып, осы кезеңде прокурорлық қадағалау жүргізуде әдістемелік құралдай болды” деп толғанады.

Бақытжан ағамыз қазір зейнеткерлікте болғанымен, әлі де болса заңгерлік қызметін тастамай, жеке заңгерлік мекеме ашып, халыққа қызмет көрсетуде. Ол кісінің қолынан тәлім-тәрбие алған жастар қазіргі кезде прокуратура органдарының белді-белді қызметтерін атқарып жүр.

Қылмыстық іс жүргізуде азаматтардың Конституциямен берілген құқылары мен бостандықтарының сақталуын, ұйымдасқан қылмыс пен жемқорлыққа, нашакорлыққа қарсы күресте заңдылықтың сақталуын қадағалау, құқық қорғау органдарының қызметтерін ұйымдастыру бөлімінің маңызды міндеттері болып саналады.

Соңғы он жылда бөліммен тергеу, анықтау және ЖІҚ-ін қадағалау бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Оның бәрін тізбелеп жатудың мәні болмас. Тек биылғы жылғы нәтижелеріне көз жіберсек көп жәйт анықталады.

Мәселен, үстіміздегі жылдың алғашқы алты айында ғана осы сала бойынша 106 қылмыстық іс қозғалып, оның 76-сы сотқа қарау үшін жолданды. Қылмыстық қудалау органдарының қылмыстық іс қозғау жөніндегі 176 қаулысы бұзылса, қылмыстық істі заңсыз тоқтатқан 117 қаулы бұзылды, оның 92-сі сотқа қарау үшін жолданды. Сондай-ақ қылмыстық істі қысқарту туралы 36 қаулы бұзылып, оның 23-і сотқа жолданды.

Прокурорлық қадағалау шараларының нәтижесінде соңғы екі жылда алдын-ала тергеу кезінде азаматтарға күш қолданып, заңсыз тергеу әрекеттерін жасағаны үшін, құқық қорғау органдарының 16 офицері сотталды, оның ішінде Индер, Исатай аудандық ішкі істер бөлімдерінің бастықтарының орынбасарлары әрқайсысы бес жылдан бас бостандығынан айырылды. Облыс прокурорының ұсынысы негізінде құқық қорғау органдарының 476 қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 132 қызметкер қылмысты жасырғаны үшін жазаланды.

Бөлім прокурорларымен тек қана заңдылықтың сақталуы қадағаланып қана қоймай, заңдарды халыққа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттау, мекеме, ұйымдарда лекция-өңгімелер өткізу дәстүрге айналды.

Мемлекетіміз құқықтық мемлекет болғаннан кейін, осы мемлекеттің әрбір азаматының заңды біліп жүргені жөн. Сонда ғана әрбір азамат құқықтарының бұзылуына тосқауыл қойып, бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге өздері әрекет ете алады. Бұл орайда Сіздерге прокуратура органдары көмекке келетіндігін әрдайым есте ұстағандарыңыз абзал.

ТУРА БИДЕ ТУҒАН ЖОҚ

Тәуелсіз, өрі құқықтық мемлекет құру қазақтың көптен бергі арманы еді. Өткен он жылда біз осы арманға қол жеткіздік. Құқықтық мемлекеттің заңдық негіздерін қалауда еліміздің прокуратура органдарының да қосқан үлесі мол.

Бүгінгі таңда республика прокуратура органдарының алдына қойылып отырған негізгі мақсат – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, әділдік пен заңдылықты қамтамасыз ету екені белгілі. Оны қамтамасыз ету үшін керекті басты нәрсе – сот әділдігі. Қылмыстық істерді қараған кезде қара қылды қақ жаратындай әділ шешім алу халықтың соттарға деген сенімін сақтайды. Міне, тап осы сәтте ақиқатты анықтауға ат салысатын мемлекеттік орган прокуратура болып табылады. “Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ” деп атамыз қазақ айтпақшы, сот талқылауы кезінде тура бидің рөлін әділ сот пен арлы прокурор ғана атқара алады.

Сот әділдігін іске асыру мүддесі прокурорлық қадағалаудың тұжырымдамасында бекітілген қағида. Сотта мемлекеттің мүддесін білдіретін бірден-бір орган прокуратура екендігі еліміз Конституциясында да анық атап көрсетілген. Соттың құқықтық реформаны жүзеге асырудағы алғашқы адымдарынан бастап, прокуратураның әділ қазылық ролі мен орны елеулі түрде өзгерді. Егер бұрын қылмыстық істі сотта қарағанда прокурор мемлекеттік айыптаушы ретінде айыпталушының жазалануын көздесе, енді қазір мемлекет мүддесін білдіреді. Яғни ол заңдардың және басқа да құқықтық-нормативтік актілердің мүлтіксіз орындалуына жоғары қадағалау жүргізе отырып, азаматтардың мүдделерінің заң талаптарына сай қорғалуын қамтамасыз етеді. Бір сөзбен айтқанда, прокурор кез келген қылмыстық іс бойынша үкімнің заңды да, негізді шығарылуына ықпалын тигізуге міндетті.

Осындай сот қаулыларының заңдылығын қадағалау бөлімінде сонау соғыстан

кейінгі жылдарда қызмет етіп, қажымас қайрат пен терен біліктілік танытқан, ұзақ жылдар бойы облыс прокурорының көмекшісі қызметтерін атқарған Дәуіт Әбішев, Тоқтар Өтелбаев, Ғайнеден Дәулетияров, Сұнғат Мұханғалиев, Теміржан Сарғожин, Ғайса Жапаров ағаларымыз бен Күнжан Ғұбашева, Гүлсабира Әбішева, Әсия Әуезбаева апаларымыздың еңбегін айтпасқа болмайды. Аға буынның өнегелі істерін жалғастырып, адал еңбегімен көзге түсіп жүрген прокуратура қызметкерлері күні бүгін де жеткілікті. Олардың тынымсыз еңбегі мен ізденісі арқасында, облыстық прокуратураның қылмыстық істердің заңдылығын қадағалаудағы қызметі жоғары бағаланып, 2001 жылдың қорытындысымен республика бойынша бірінші орынға ие болды. Алдыңғы жылы да бұл саладағы прокурорлық қадағалау деңгейінің көрсеткіштері жоғары болған болатын.

Құқық қорғау органдары арасындағы байланыс, әсіресе, сот пен прокуратураның әділдік таразысын өлшеуі кезінде анық көрініс табады. Өткен жылы облыс соттарымен арадағы басты сот талқылауында 2574 адамға қатысты 2124 қылмыстық іс қаралған. Оның ішінде 2124 адам жөнінде 1736 қылмыстық іс бойынша үкім шығарылған. Ал алдыңғы жылы тиісінше 2504 адам жөнінде 2150 қылмыстық іс қаралып, оның ішінде 2085 адамға қатысты 1736 қылмыстық іс бойынша үкім шығарылды. Аталған істердің барлығына прокурорлардың толық қатысуы соттардың негізді және заңды үкім шығаруына, әділ жаза тағайындауына ықпал еткен. Сотқа қатысушы прокурорлар сот мәжілісінде белсенділік танытып, ҚР Бас прокурорының “Қылмыстық істердің соттарда қаралу заңдылығына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы” 2001 жылғы 23 ақпандағы № 24 бұйрығына сәйкес тараптардың бәсекелестік принципін ұстанып, өбден зерттелген қажетті дәлелдемелерді келтіре отырып, дұрыс заңға негізделген қоры-

тынды берген. Және прокурорлар мемлекеттік айыпты қолдау кезінде өз көзқарастарын дербес анықтап отырған. Мемлекеттік айыптаушының айыптан бас тарту жағдайлары болмаған. Осылайша прокурорлық қадағалау тиімділігі мен сапасы жылдан-жылға өсіп, өз нәтижесін беріп келеді. Осы орайда тағы бір атап айтар жайт, прокурорлар өз пікірлерінде табандап тұрып алып, негізсіз сот қаулыларына наразылықтар беріп, заңсыз сот қаулыларының бұзылуына және өзгертілуіне қол жеткізген.

Облыстық соттың қылмыстық істерді қарау алқасында прокурорлардың 96 кассациялық (апелляциялық) наразылығы қаралып, олардың 92-сі қанағаттандырылған (алдыңғы жылы бұл көрсеткіш тиісінше 73/66 болды). Кассациялық және апелляциялық наразылықтың қанағаттандырылуы 2001 жылы 96,6 пайызды, тиімділігі 90,5 пайызды құрады (2000 жылы 90,4, 1999 жылы 88,3 пайыз, тиімділігі 2000 жылы 89, 1999 жылы 80 пайыз). Ал жеке наразылықтың қанағаттандырылуы 89,6, 2000 жылы 87 пайызды құраған болатын.

Облыстық соттың тораққасына қадағалау ретінде берілген 34 наразылықтың 33-і, 2000 жылы 15 наразылық толықтай қанағаттандырылған. Қадағалау ретіндегі наразылықтар тиімділігі 100 пайызды құрады. Былтыр тоғыз қылмыстық іс бойынша 13 адамды ақтау жөнінде үкім шығарылып, оның ішінде үш адам жөніндегі ақтау үкімі заңды деп танылған. Қалғаны прокурорлардың кассациялық (апелляциялық) наразылықтарымен бұзылып, қайта қарау кезінде қылмысына қарай тиісті жазаларын алды.

Ал енді 2000 жылдың да көрсеткіштерін айта кетер болсақ, бұл жылы облыстық соттарда барлығы 10 қылмыстық іс негізінде (оның екеуі көлік прокуратурасына қатысты) 13 адамға ақтау үкімдері шығарылып, оның ішінде 10 адам жөніндегі жеті қылмыстық іс бойынша шығарылған ақтау үкімдері прокурордың кассациялық наразылықтарымен бұзылып, сотқа қайта қарауға жолданып, сотталды. Және екі адам жөніндегі қылмыстық істер (В.Капранов пен К.Сүлейменовке қатысты) қылмыс құрамы болмауына байланысты өндірістен қысқартылды.

Азаматтардың конституциялық құқықын бұзып, заңсыз қылмыстық іс қозғап, сотқа жолдауға қорытынды беру және сотта айыпты негізсіз қолдау прокурорға абырой өпермесе керек. Прокуратураның мұндай ағаттыққа жол берген қызметкерлерінің жауапкершілігін көтеру жөнінде ұсыныс жасаумен қатар, егер қылмыстық істерді сот мәжілісінде қарау тәртібі ҚР қылмыстық істер жөніндегі кодексінің талаптарына сәйкес жүргізілмесе немесе соттар тарапынан кей істердің қаралуы ұзаққа созылып, сөзбұйдалыққа салынған жағдайлар бола қалса, принциптілік танытып, өз позициясында аяғына дейін тұру, сөйтіп, заңсыз үкім алынуына жол бермеу нағыз прокурорға тән қасиет. Бір мысал: Атырау қалалық сотында Қазақ КСР ҚК-нің 88-бабы 2 бөлімімен айыпталған Т.Рыспаевтың қылмыстық ісі бойынша судьялар Т.Аянов (26.03.1998 жыл), Ж.Жұмалиева (23.11.2000 жыл), Г.Нүржігітова (11.03.2001 жыл), Т.Мұқатанов (09.07.2001 жыл) оның іс-әрекетінде қылмыстың белгісі жоқ деген негіздермен ақтау үкімін шығарған. Соттардың бұл үкімдері негізсіз, өрі заңсыз болуына байланысты, Атырау қаласы прокурорының кассациялық наразылықтарымен және облыстық соттың қылмыстық істерді қарау жөніндегі алқасының қаулыларымен аталған үкімдер төрт рет бұзылған. Соның салдарынан істердің қаралу мерзімі төрт жылдан астам уақытқа созылды.

Атырау қалалық сотының 2001 жылғы 16 қарашадағы үкімімен Т.Рыспаев КСРО ҚК-нің 89-бабымен айыпты деп танылып, ҚР қылмыстық істер жөніндегі Кодексінің 69-бабы негізінде ол қылмыстық жауапкершіліктен босатылған. Алайда, қала прокурорының апелляциялық наразылығымен соттың Т.Рыспаевты қылмыстық жауапкершіліктен босату жөніндегі қаулысы облыстық соттың 2001 жылғы 25 желтоқсандағы апелляциялық алқасының қаулысымен негізсіз деп танылып, бұзылды. Қазіргі кезде Т.Рыспаев Қылмыстық Кодекстің 63-бабына сәйкес бір жыл мерзімге шартты жазаға сотталды. Сол сияқты, ҚР қылмыстық істер Кодексінің 120-бабы 2 бөлімінің "а" тармағымен айыпталған И.Барқымбаевтың қылмыстық ісі Мақат аудандық сотында екі жыл бойы қаралған. Сот

қылмыстық іс бойынша жинақталған дәлелдемелерге заңды баға берместен, жөбірленушінің жауабына күмән келтіріп, сотталушының өрекетінде қылмыстың құрамы жоқ деген негізбен заңсыз ақтаған. Қысқасы, облыс прокурорының ұсынысымен және ҚР Бас прокурорының наразылығы нәтижесінде ҚР Жоғарғы соты аудандық және облыстық соттардың үкімдері мен қаулыларын бұзып, іс қайта қарауға жіберілді. Істі қайта қарау барысында И.Барқымбаев Мақат аудандық сотының 2001 жылғы 23 шілдедегі үкімімен ақталған. Әкім аудан прокурорының апелляциялық наразылығымен 2001 жылғы 18 қыркүйекте өткен облыстық сот алқасында бұзылып, Атырау қалалық сотына қайта қарауға үшінші рет жолданған. ҚР ҚК-нің 120-бабы 2 бөлімінің “а” тармағымен айыпты деп танылған И.Барқымбаев Атырау қалалық сотының 2001 жылғы 2 қарашалағы үкімімен 6 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылды.

Осы және басқа да істер бойынша айыпкерлерді қылмыстық жауапкершіліктен заңсыз босатып, сот әділдігін жүзеге асыруда жіберген қателіктері үшін Атырау қалалық сотының судьялары Ж.Жұмалиеваны, Г.Нұржігітованы, Т.Мұхатановты және Мақат ауданының судьясы М.Ерғазиевті тәртіптік жауапкершілікке тарту үшін, ҚР Жоғарғы Сотына ұсыныстар енгізу жөнінде облыстық прокуратураның ҚР Бас прокуратурасына жолдаған ұсынысы қанағаттандырылды.

Облыстық прокуратура прокурорлық қадағалаудың тиімділігін көтеру мақсатында жоспарлы түрде ұйымдастыру және тәсілдемелік шараларды жүзеге асырып отыр. Атап айтқанда, қызметкерлердің кәсіби шеберлік деңгейін көтеру мақсатында 2000 жылы облыс соттарының қатысуымен “Қылмыстық істердің соттарда қаралу кезіндегі мемлекеттік айыптаушының ролі” деген тақырыпта оқу-әдістемелік семинар өткізіліп, әдістемелік ұсыныс, нұсқаулар ретінде ақпараттық бюллетендер жолданып, 2001 жылы екі рет қала, аудан прокурорлары, олардың көмекшілері және жаңадан қабылданған жас мамандардың қатысуымен “Қылмыстық іс бойынша басты сот талқылауына мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысатын прокурордың дайындығы және сот тергеуі кезінде прокурордың дәлелдемелерді зерттеу жолдары”, “Қылмыстық істер бойынша шығарылған сот қаулыларына апелляциялық тәртіпте наразылық келтіру тәсілдері” деген тақырыптарда оқу-тәсілдемелік семинар-кеңес, тәжірибелік сабақтар өткізіліп, әдістемелік құралдар даярланып, үлгі ретінде берілді. Бұл прокурорларға үлкен көмек болмақ.

Қысқасы, прокурор — адам тағдырының оташысы (хирургі). “Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ” деген мақаллы басты қағида ретінде ұстана отырып, әділдік таразысын тең ұстаушы. Осынау қасиетті ұғым бізге әркез күш беріп тұруға тиіс.

Рашид СӘРСЕКЕНОВ,
облыстық прокуратураның азаматтық, әкімшілік істер жөніндегі сот актізері мен атқарушылық өндірісінің заңдылығын қадағалау бөлімінің бастығы, кіші заң кеңесшісі

ӘДІЛДІК ПЕН ІЗГІ НИЕТ ТУЫН ҰСТАП...

Конституциялық деңгейде Қазақстанда адам, оның өмірі, құқылары мен еркіндіктері ең басты құндылық болып табылады. Қазіргі уақытта, республикамызда азаматтық, әкімшілік істерге және атқарушылық өндірісінің орындалуына көп көңіл аударылуда. Оның себебі, бұл саладағы жұмыстардың заңдылығын қадағалау, қазіргі таңда, прокуратура

органдарының қадағалау қызметінің ең басты бағыттары болып табылады. Азаматтық, әкімшілік істердің сотта жүргізілуіне, сонымен қатар атқару өндірісінің орындалу заңдылығына прокурорлық қадағалау Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына сәйкес азаматтардың, мемлекеттің және заңды тұлғалардың Конституция мен басқа заңдар

қорғайтын құқықтарын, бостандықтарын және мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуі, азаматтық заңнаманың негізгі басы – сот оділдiгiн жүзеге асырудың қағидаларын бұлжытпай сақталуы.

Осы саладағы прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру Атырау облыстық прокуратурасындағы азаматтық, өкiмшiлiк iстер жөнiндегi сот актiлерi мен атқарушылық өндiрiсiнiң заңдылығын қадағалау бөлiмiне жүктелген. Өз бағытындағы жұмысты жандандырып, оны заңмен белгiленген талапқа сай жүргізудi қамтамасыз ету мақсатында аталған бөлiм облыстық сотпен, қала және аудан прокурорларымен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

Құқық қорғау органдары арасындағы тiкелей байланыс облыс соттары мен прокуратураның азаматтық iстердi қарау барысында айқын көрiнедi. Сот мәжiлiсiне қатысушы прокурорлар белсендiлiк танытып, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының азаматтық iстер бойынша сот актiлерiнiң заңдылығына прокурорлық қадағалау туралы талаптарын негiзге алып жан-жақты, толық зерттелген дәлелдемелерге сүйене отырып, заңдармен негiздеп дұрыс қорытынды берген.

Өткен, яғни 2001 жылы облыс соттарымен 5885 азаматтық iс қаралған. Мiндеттi санаттағы 2315 iстерге прокурорлардың қатысуы қамтамасыз етiлiп, олар бойынша негiздi әрi заңды шешiм қабылдануына iске қатысушы прокурорлар өз iқпалын тигiзген. Iс бойынша қабылданған сот актiлерi кассациялық (апелляциялық) мерзiм iшiнде тексерiлiп, заңсыз сот шешiмдерiне наразылық келтiрiлiп, олардың бұзылып, өзгертуiне қол жеткiзген.

Атырау облыстық сотының азаматтық iстер жөнiндегi сот алқасында прокурорлардың 42 кассациялық (апелляциялық) наразылықтары қаралып, олардың 34-i (80,9 пайыз) қанағаттандырылған. Облыстық соттың қадағалау алқасына берiлген 15 наразылықтың бәрi де қанағаттандырылып, 100 пайыз құраған.

Өткен жылы соттармен 11618 өкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы iстер қаралып, олардың 4764-не (41 пайыз) прокурорлар қатысып, iстi қарау барысында прокурорлар Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының өкiмшiлiк iстер

бойынша сот актiлерiнiң заңдылығына прокурорлық қадағалау туралы талаптарын негiзге алған. Кассациялық (апелляциялық) мерзiм iшiнде келтiрiлген 17 наразылықтың және қадағалау тәртiбiмен келтiрiлген төрт наразылықтың бәрi де қанағаттандырылған.

Атқарушы өндiрiстердiң заңдылығын қадағалау бағытында 2001 жылы 201 тексеру жұмыстары жүргiзiлiп, қорытындысымен 270 заң бұзушылықты жою туралы ұйғарым енгiзiлiп, оның 249 ұйғарымы жыл аяғына дейiн орындалса, сот орындаушылардың заңсыз қабылданған төрт қаулысы прокуратураның келтiрген наразылығы нәтижесiнде бұзылып, қалпына келтiрiлдi. Заң бұзушылықтың себептерiн жою туралы 34 ұсыныс енгiзiлiп, оның 30-ы қаралып, заң бұзушылықты жою бағытында сот өкiмшiлiгiмен тиiстi шаралар алынып, өрескел заң бұзушылыққа жол берген 16 лауазым иелерi, оның iшiнде тоғыз сот орындаушысы тәртiптiк, төрт лауазым иелерi өкiмшiлiк жауапкершiлiкке тартылды. Сот шешiмiн орындаудан жалтарған бiр борышкердiң үстiнен ҚР ҚК-нiң 362-бабымен қылмыстық iс қозғалып, сот үкiмiмен қылмыстық жауапкершiлiкке тартылды.

Прокурорлық қадағалау нәтижесiнде, орындаусыз жатқан сот шешiмдерi орындалып, мемлекет пайдасына 10 миллионның үстiнде қаражат өндiрiлдi, 34 заңды түсiндiру тұрғысында прокурорлық актiлер келтiрiлдi. Сондықтан да Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы мен облыстық прокуратурасының азаматтық, өкiмшiлiк iстер жөнiндегi сот актiлерi мен атқарушылық өндiрiсiнiң заңдылығын қадағалау бөлiмiнде күнi-түнi еңбек етiп, уақытпен санаспай тер төккен қызметкерлердiң жұмысының сапасы мен көрсеткiштерi жоғары бағаланып, 2001 жылдың қорытындысымен республика бойынша үшiншi орынға шыққан.

Аталған бөлiмде бұрын көптеген жылдар бойы жұмыс жасаған ағаларымыз бен апаларымыздың салған iзгi жолдарымен жүрiп, өнегелi iстерiн жалғастырып, осы бөлiмнiң дәстүрi мен салтын сақтап, жемiстi еңбек жасап келе жатқан қызметкерлер жеткiлiктi. Олар Қазақстан Республикасы Бас прокурорының салалық бұйрықтарына сәйкес, сонымен

қатар өздерінің терең біліктілігінің және тынымсыз еңбектері мен ізденістерінің арқасында облыстық прокуратураның осы саласындағы прокурорлық қадағалау жұмыстарының көрсеткіштерін жоғарылатуда. Қазірдің өзінде, бөлім прокурорлары өткен жылдың көрсеткіштерін төмендетпей, одан әрі жоғарылатып, жұмыстың сапасын көтеруде тынымсыз еңбек етіп отырғандығын айтқым келеді. Атап айтсақ, бөлімде төменгі тұрған прокуратура қызметкерлері тәжірибелік сынақтан өткізіліп, оларға көмек көрсету назардан тыс қалмаған. Бұл саладағы жұмыстар бойынша бөлім қызметкерлерімен азаматтық, өкімшілік және атқару өндірісі бойынша түскен азаматтар мен заңды тұлғалардың көптеген арыз-шағымдары қаралып, шешілуде. Өз салаларының бастапқы бағыттары бойынша ай сайын жасалған жұмыстарға талдаулар, шолулар жасакталып, олардың қорытындысын қала, аудан прокурорларына жолдау қолға алынған.

Атырау облыстық сотының бірінші, апелляциялық және қадағалау сатыларындағы азаматтық, өкімшілік істерге қатысу бөліммен қамтамасыз етілуде. Азаматтық, өкімшілік істер бойынша қабылданған сот актілерін қадағалау тәжірибесін жоғарылату негізінде, бөліммен бірнеше дәрістемелік құралдар жасакталды. Апелляция және қадағалау алқаларында қаралған азаматтық, өкімшілік істер бойынша жіберілетін сот қателіктеріне әр ай сайын талдаулар жасалып, олардың қорытындысымен қала, аудан прокуратураларына ақпараттық хаттар жолдануда.

Сонымен қатар бөлім прокурорлары мекемелерде заңдарды насихаттап, түсіндіру, бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде облыстық радиотеледидарда насихат жұмыстарын жүргізуге белсене атсалысып, мақалалар жариялап, лекция оқуда. Осы саладағы ең басты бағыттар – азаматтық және өкімшілік істер бойынша сот актілерінің және атқару өндірісінің орындалу заңдылықтарын қадағалау болып табылады.

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының азаматтық істер бойынша сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалау туралы талаптары бойынша міндетті санаттағы азаматтық істерге

прокурорлардың қатысуын, бұл санаттағы істер бойынша қабылданған сот актілеріне қадағалау күшейтілуі қамтамасыз етілуі белгіленіп, азаматтардың, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мәселелері ескертілген.

Бөлімнің бұл саласындағы жұмыстарды қадағалау, Қарағанды мемлекеттік университетінің түлегі, I дәрежелі заңгер Сағиев Бауыржанға жүктелген. Сағиев өз қызметін 1995 жылы Ауданаралық табиғат қорғау прокурорының көмекшісінен бастап, одан соң Атырау қалалық прокурорының көмекшісі, кейін Каспий аймақтық табиғат қорғау прокурорының аға көмекшісі болып қызметтер атқарған. 2001 жылдан бастап облыс прокуратурасының бөлім прокуроры қызметіне тағайындалған. Осы мерзім ішінде Сағиев өзіне жүктелген міндеттеріне тиянақты қарап, іскерлігі мен білімділігін таныта білді.

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының атқару өндірісінің заңдылығын прокурорлық қадағалау туралы салалық бұйрығымен атқару өндірісінің басымды бағыттары ретінде атқару өндірісі процесінде азаматтардың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің конституциялық құқылары мен мүдделерінің сақталуын, лауазымды адамдар мен атқару өндірісі органдарының аталған заңнаманы біркелкі қолдануын, сотта лауазымды адамдар мен атқару өндірісі органдарының әрекетін (әрекетсіздігін) даулау туралы сот актілерінің орындалу сатысында болған сот қаулыларының, соның ішінде банкрот деп таныған ұйымдардың конкурстық өндірісінің заңдылығын қадағалау бекітілген.

Аталған саладағы жұмыстарды жандандыруға Қазақстан мемлекеттік университетін төмөндаған, облыс прокурорының аға көмекшісі, кіші заң кеңесшісі Ерғазиева Алмагүл атсалысуда. Ол өзінің осы саладағы алғашқы қызметін 1993 жылы Атырау қалалық прокурорының көмекшісінен бастаған. 1996 жылдан бастап осы бөлімнің аға прокуроры, 2001 жылдан облыс прокурорының аға көмекшісі болып еңбек етуде. Тәжірибесі мол, іске жан-тәнімен берілген қызметкер, талап қойғыш және үйретері мол қызметкер.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалау туралы салалық бұйрығымен әкімшілік істер бойынша қабылданған сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалау жүзеге асырылады. Әкімшілік істер бойынша қабылданған сот актілерінің заңдылығын қадағалау бөлімінің прокуроры, кіші заң кеңесшісі Төлегенов Мырзаханмен жүзеге асырылуда. 1990 жылы Свердловск заң институтынан тәлім-тәрбие алып, біліммен сусындаған Төлегенов өз қызмет саласын Атырау қалалық прокурорының көмекшісі, одан соң прокурордың аға көмекшісі қызметтерін атқарып, кейін әр түрлі құқық қорғау

органдарында еңбек еткен. 2001 жылдан бастап осы бөлімге бөлім прокуроры болып тағайындалған. Құқық қорғау саласында жинақтаған мол тәжірибесін бүгінгі күнде атқарып жатқан саласындағы қызметінде орын алған заң бұзушылықты жою бағытында кең көлемде пайдалануда.

Бөлім қызметкерлері Б.Сағиевтің, А.Ерғазиеваның және М.Төлегеновтің көп жылдар бойы жинақталған тәжірибесі жас мамандарға үлгі болады деп айта аламын. Олардың адалдығына, жігерлілігіне сүйсінушілер көп-ақ.

Әділдік пен ізгі ниеттің туын ұстап, заңсыздықтың жойылуына белсене атсалыса беру – біздің азаматтық, заңгерлік борышымыз.



IV тарау

ӘР КҮН ҚАЙНАҒАН ІСКЕ ТОЛЫ

(Хатталар жаңалықтар, ұмытылмас сәттер)

РЕСПУБЛИКА БАС ПРОКУРОРЫ Р.Т.ТҮСІПБЕКОВТИҢ АТЫРАУДА БОЛУЫ

Келелі бас қосу

Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау, заңдылықтың өз дәрежесінде сақталуын қамтамасыз ету — прокуратура органдарының алдына қойылған басты міндеттер. Соған байланысты Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Рашид Төлеутайұлы Түсіпбеков құқық қорғау органдарының, соның ішінде прокуратураға берілген тапсырмаларды іске асыру және жергілікті жерлерде заңдылықтың сақталуын бақылау мақсатында бірнеше облыстарда қызмет бабындағы іс сапармен болды.

2001 жылдың маусым айында Бас прокурор Атырау облысына келді.

Аэропортта құрметті мейманды облыс әкімі Серікбек Жүсіпбекұлы Дәукеев, облыс прокуроры Мұқтар Әкебайұлы Жөргенбаев және басқа да ресми адамдар қарсы алды. Республика Бас прокурорымен Атырау облысында болғанда Бас прокуратура хатшылығының бастығы Қайрат Зияұлы Жүсіпов, Бас прокуратураның кадрлар басқармасының бастығы Сәрсенбай Әбдіқапарұлы Мұқаметжанов, Батыс аймақтық көлік прокуроры Рахметолла Сайфоллаұлы Хайруллин болды.

Сол күні республика Бас прокуроры облыстық прокуратураның мәжіліс залында Атырау облысы прокуратура органдары қызметкерлерімен кездесіп, республикадағы бүгінгі ахуал, құқық қорғау органдарының, соның ішінде прокуратураның жұмыстары жөнінде кеңінен пікірлесті.

Кездесуде облыс прокуроры Мұқтар Әкебайұлы Жөргенбаев есеп беріп, облыстық прокуратураның бүгінгі атқарып жатырған жұмыстары жайлы жан-жақты өңгімеледі.

Сондай-ақ, Атырау қаласының прокуроры Батыр Жазбаев, Құрманғазы, Жылыой аудандарының прокурорлары Физатолла Мүрсалиев, Хабиболла Қасымов, Батыс аймақтық көлік прокуроры Рахметолла Хайруллин өздері басшылық

ететін салалардағы жұмыстардың барыстары туралы есеп берді.

Республика Бас прокуроры Р.Т.Түсіпбеков сөйлеген өз сөзінде заңдылықты сақтау, прокурорлық қадағалаудың тиімділігін арттыру, қылмыспен, нашақорлықпен күресті күшейту және басқа мәселелер жөнінде кең толғамды пікірлерін ортаға салды. Атырау облысы прокуратура органдарының соңғы кездегі жұмыстарына талдау жасалды. Жетістіктер тасасындағы кемшіліктерді өткір сынға алды. Әсіресе, Атырау қаласы прокуратурасының жұмыстарындағы олқылықтар баса айтылды.

Бұдан кейін прокуратураның құрылған күніне орай жемісті жұмыстарымен танылған қызметкерлерді марапаттау шаралары өткізілді.

Бас прокурордың бұйрығымен облыстық прокуратураның ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бастығы Әйкен Шамильханқызы Құмғанбаеваға “Аға заң кеңесшісі” дәрежелік шені беріліп, оның пагоны мен бұйрығы Бас прокурордың өз қолымен салтанатты жағдайда табыс етілді. Сондай-ақ облыстық прокуратураның тергеу, анықтау және жедел іздестіру қызметіндегі заңдылықты қадағалау бөлімінің бастығы Абай Анасулы Мәженовке алғыс хат, Жылыой ауданы прокурорының көмекшісі Сапар Тұрсынбековке алғыс жарияланып, бағалы сыйлық тапсырылды.

Рашид Төлеутайұлының қатысуымен өткен тағы бір игі шар — жас заңгер-мамандардан ант қабылдау рәсімі болды. Атырау қаласы прокурорының көмекшілері Ф.Дабысов, А.Андасов, Исатай ауданы прокурорының көмекшісі Р.Әдиетов, Құрманғазы ауданы прокурорының көмекшісі Р.Салкеновтер еліміздің экономикасының сауығуы, құқықтық мемлекет болып қалыптасуы, азаматтардың құқылары мен бостандықтарын қорғау жолында адал да абыройлы қызмет ететіндіктеріне ресми түрде ант берді.

Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, 3 дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі Рашид Төлеутайұлы Түсіпбековтің Атырау облысына келген сапарындағы жұмыстарының ең бастыларының бірі — жергілікті тұрғындарды жеке қабылдау болды. Бұның өзі жергілікті органдардан көкейтесті мәселелері шешілмей, жоғарғы органдарға барып шағымдануға қолдары жетпей жүрген қарапайым халықтың көктен іздегендері жерден табылғандай еді. Соның айғағындай “Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Түсіпбеков Рашид Төлеутайұлы осы жылғы маусым айының 30 күні сағат 10.00-нан 13.00-ге дейін облыс тұрғындарын жеке қабылдайды” деген хабарландырулар күні бұрын берілгеннен кейін, облыстық прокуратураға белгіленген мерзім ішінде келіп, қабылдауға алдын ала жазылуға келуші азаматтар аз болмады.

Бас прокурордың қабылдауына кірген азаматтар Ш.Дөненбаев пен С.Клиясов Алматы қаласында ұзақ мерзімнен бері шешімін таппай жатқан арыздарының қаралуына ықпал етуін сұрады. Ал зейнеткер Т.Есетов баласының қайтыс болуына байланысты жәрдемақы ала алмай жүргенін айтып, шағымданды. О.Құмаров деген азамат баласының әскер қатарында қызметте зәбір көріп жүргенін тілге тиек етіп, әскери бөлімше офицерінің үстінен арыз айтты. Рашид Төлеутайұлы сол жерде олардың шағымдарына байланысты мәселелерді тексеріп, тиісті шешім қабылдап, қорытындысын өзіне хабарлауды тапсырды. Жалпы прокурорлық қабылдауға барлығы 102 адам жазылып, тіркелді. Мүмкіндікке қарай, олардың біразы Бас прокурордың алдына барып, мұң-мұқтаждарын қысылмай-қымтырылмай еркін баяндауға мүмкіндік алды. Олардың шағымдары тексеріліп, тиісті шешімдер алыну үстінде. Қабылдау басталғанда алдын ала жазылған адамдармен бірге бұрын қабылдауға жазылмаған адамдар тобы да жиналды.

Егер қабылдауға келген азаматтардың жеке мәселелерін саралап көрсек, сот шешімдерінің орындалмағаны, сот ше-

шімдерімен келіспейтіндігі, тергеу мәселелері, тұрғын үй проблемалары, еңбек заңдылығының бұзылғандығы және зейнетақы, жәрдемақы төлеу, жергілікті әкімдердің, құқық қорғау, бақылау органдары қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері туралы болып келеді.

Дегенмен, пайымдап қарағанда, республика Бас прокурорының қабылдауында болған азаматтардың шағым-арыздарының, ұсыныс-тілектерінің өздері сан қилы. Мазмұны, мәні әр бөлек.

Сонымен азаматтарды арыз-шағымдары бойынша жеке қабылдау аяқталды. Оның қорытындысы қандай?

Иә, өмірде неше түрлі оқиғалар болып жатады. Қай-қай істің де түбіне терең үніліп, әділ шешім алу құқық қорғау органдарының бірден-бір міндеті болып табылады. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтегі шенеуніктердің халықтың хал-ахуалын жақсарту, оларға қолдан келсе көмектесіп, қолдау көрсетуі басты борыштарының бірі. Сөйте тұра, кейде әділетсіздіктерге, азаматтардың құқықтарын аяқ асты етуге жол берілетіндіктері қынжылтады. Қалай болғанда да арыз артында адам тағдыры тұр. Ал оған сергек көзқараспен қарау кім-кімнің де адами парызы болса керек. Бас прокурор әрбір арыз иесінің арызына үлкен мән бере қарап, тиісті шешім қабылдау үшін нұсқау берді, кейбір арыздар Бас прокуратураның қарауына алынды.

Ал Бас прокурормен көзбе-көз сөйлесуге қолдары жетпегендердің шағым-арыздары да заң талаптарына сай тексеріліп, жауап берілетін болады. Ол жөнінде халық алдына шыққан Бас прокуратура хатшылығының бастығы Қ.З.Жүсіпов әрбір арыз иесінің қолдарынан арыздарын алып, кейбіріне сол арада түсінік беріп, едәуір уақыт жүздесті. Барлық қабылдауға кіре алмаған азаматтардың арыздары тізімді түрде бақылауға алынып, әрбір арыз соңында адам тағдыры тұрғандықтан, заңды мерзімде шешу облыс прокуратурасына жүктелді. Прокурорлық шара алу қорытындылары бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұртшылыққа хабарланып отырылады.

Азаматтарды қабылдау аяқталғаннан кейін республика Бас прокуроры Рашид Төлеутайұлы, өз өтініштеріне орай, Атырау облысы прокуратура органдарының бір топ ардагерлерін қабылдады.

Облыс прокуроры Мұқтар Әкебайұлы Жөргенбаев республика Бас прокурорының Атырау облысына сапарының мәнісі туралы айтып берді. Ардагерлермен танысқаннан кейін Рашид Төлеутайұлы Түсіпбеков оларды қазіргі жұмыс бағыттары туралы, облысқа келген сапарында облыс прокуратурасының қызметіне жақсы баға бергенін мәлімдеп, ардагерлерге ағалық ақыл-кеңестері үшін алғыс айтып, алдағы келе жатқан прокуратура қызметкерлерінің күні мерекесімен құттықтады. Республика Бас прокуроры ардагерлер – Файса Жапаров пен

Жеңіс Тайшұнақовқа өзінің арнайы алғыс хаттарын табыс етті.

Ардагерлер атынан сөз алған Файса Жапаров, Жанат Сәбитова республика Бас прокурорына жылы жүзді қабылдауы үшін үлкен рахмет айтты. Сонымен қатар, олар Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан прокуратура қызметкері, Кеңес Одағының Батыры Муса Баймұқановқа прокуратура жанындағы алаңда ескерткіш орнату, прокуратура ардагерлерінің зейнетақысын ішкі істер органдары ардагерлерінің зейнетақысымен теңестіру, прокуратура ардагерлер кеңесін құру мәселелерін көтерді.

Прокуратура ардагері, ақын Әліп Әбуұлы өзінің жақында баспадан шыққан “Мәңгі майдан” атты жыр жинағын Рашид Төлеутайұлына ескерткіш сыйлық ретінде табыс етті.

Темірхан РАМАЗАНҰЛЫ,
“Прокуратура жаршысы” газетінің тілшісі

ОБЛЫС ПРОКУРОРЫНЫҢ ҚАБЫЛДАУЫ

Облыстық теледидар мен облыстық газеттер беттерінде “Қазақстан Республикасы Президентінің “Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесін жетілдіру шаралары туралы” Жарлығын жүзеге асыру мақсатында облыс прокуроры М.Ә.Жөргенбаев және оның орынбасарлары қараша айының 17-28 күндері аралығында, күн сайын (жексенбіден басқа) сағат 10.00-нан 20.00-ге, сенбі күні сағат 15.00-ке дейін облыс тұрғындарын қылмысқа қарсы күрес және конституциялық құқықтарын қорғау (еңбек, тұрғын үй, әлеуметтік мәселелер туралы заңдар) мәселелері бойынша азаматтарды жеке қабылдайды” деген хабарландырулар күні бұрын берілгеннен бастап, облыстық прокуратураға қабылдауға алдын ала жазылуға келуші азаматтар көбейді. Ат арғын аудандардан келгендер бірден, алдын ала жазылусыз-ақ қабылданатын тәртіп енгізілді.

Өткен аптаның жұма күні, яғни қабылдаудың бірінші күні облыс прокуроры Мұқтар Әкебайұлы Жөргенбаевтың қабылдауына алғашқы болып қала тұрғыны Бақташева Ұлғаным кірді.

Ол баласы Н.Кадировтың көмелетке толмаған, он үш жастағы қыздың куә болуымен сотқа тартылғанын, тергеу барысында тергеушілер тарапынан баласын ұрып-соғып, күштеп мойындатқанын, заңдылықтың бұзылғандығын айтып шағымданды. Осыған орай облыс прокуроры қалалық прокуратураға бірден тапсырма беріп, қылмыстық істі қайта алып, ақ-қарасын анықтауды, облыстық прокуратураның сот қаулыларының заңдылығын және жазаның орындалуын қадағалау басқармасына сот шешімінің заңдылығын қадағалауды міндеттеді. Қазір бұл іс бойынша тиісті адамдармен сөйлесу, түсініктемелер алу, шаралар қолдану шұғыл қолға алынды.

Міне, осы азаматша Ұ.Бақташева көтерген ұқсас жәйттермен шағымданып, қабылдауға келушілер қатары бастапқы күні де, одан кейінгі күндері де аз болған жоқ. Мәселен, Жылыой ауданындағы № 3 мектептің мұғалімі Білбаева Айша ағасының өліміне себепкер адамды таба алмай, тергеуді ат үсті жүргізіп, аудандық ішкі істер бөлімінің тергеушілері дәрменсіздік қорсеткенін, оларға деген

сенімнің жоғалғандығын ашына баянда-са, Қызылқоға ауданындағы Мұқыр ауылынан келген ақсақал Сәрсенғалиев Жолдас биылғы ақпан айында соғымға сойғалы отырған жылқысының жоғалуына байланысты ішкі істер бөліміне барып арызданғаннан кейін, күдікті деп бұрын сотталған Өмірғалиевті ұстап, ақыры соттап жібергенін, өзін тергеу ба-рысында шақырмағанын, өзінің ол кісі ұрлады дегенге сенбей өзінше іздестіру жүргізіп, ақыры жылқысының ізін тап-қанын, оған заттай айғағының бар екенін, бірақ, осы жөнінде учаскелік инспекторға айтқанда арызын тіркемей, толқекке түсіргенін айтып берді. А.Білөлова мен Ж.Сәрсенғалиевтердің шағымдарына орай Жылыой, Қызылқоға аудандарының про-курорлары Ғ.Сүлейменов пен А.Абдоло-вқа сол бойда телефон арқылы қылмыс-тық істер бойынша шұғыл шаралар алу жөнінде жедел тапсырмалар берілді. Дам-бы ауылының тұрғыны Мүрсәлиев Ха-бифолла биылғы қазанның 28-і күні көршілес Құрманғазы ауылында баласын біреулердің өлтіріп кеткенін, бірақ тер-геу баырысына риза еместігін ашына жет-кізді. Олай дейтіні – баласы азапталып, қорлықпен өлтірілген. Айыпкер анықтал-ғанмен, оның үстінен ҚР Қылмыстық кодексінің 103-бабы бойынша іс қозға-лып отырған көрінеді. Облыс прокуро-ры бұл істі мұқият тергеп, оны тиісті бапқа қайта дәрежеліуді шешуге облыс-тық прокуратураның тергеу, анықтау және жедел іздестіру қызметтеріндегі заңды-лықты қадағалау бөліміне тапсырды.

Пайымдап қарағанда, облыс прокуро-рының қабылдауында болған азаматтар-дың шағым-арыздарының, ұсыныс-тілектерінің өздері сан қилы. Мазмұн, мәні әр бөлек.

Иә, өмірде неше түрлі оқиғалар бо-лып жатады. Қай-қай істің де түбіне терең үніліп, өділ шешім алу құқық қор-ғау органдарының бірден-бір міндегі бо-лып табылады. Сөйте тұра, кейде өділ-етсіздікке, азаматтардың құқықтарын аяқ асты етуге жол берілетіндіктері қын-жылтады.

Атырау қаласының тұрғындары Мұса-ғалиев Әжібай, Мұқымбаев Клара, Би-макова Салтанат үшеуі бірігіп келіп, тұрғын үй дауын алға тартты. Ашып айтса, Б.Құлманов атындағы көшедегі

104 пәтерлік жаңадан салынған үйден пәтер сатып алу үшін жарна төлегенмен, оның қожасы “Олжабаев” ЖШС басшы-лары “енді бұл пәтерді сатпаймыз” деп шыққан. Ал бұл тұрғындар жартылай бітіп тұрған пәтерлердің есік, терезелерін өздері салған. Мұның төңірегіндегі дау-ды шешуді қала прокурорының бірінші орынбасары Ә.Ыбыраевқа тапсыра оты-рып облыс прокуроры:

– Серіктестік басшыларының бұл күйтыркылығы кесірінен азаматтар бос-қа сандалуға тиіс емес. Оны шешіп, он күн ішінде маған баяндаңдар, – деді.

Балықшы кентіндегі А.Құнанбаев атындағы көшенің 30-үйінің тұрғындары атынан келген Байзақова Майсура 1998 жылы “Атыраугаинвест” мекеме-сімен келісім-шартқа отырғандықтары-мен, бірақ үй орталық газ құбырына қосылды деген желеумен газ берілмей қалғанын, 70 пәтерлік үйдің тұрғындарының әрбіреуі 3000 теңгеден ақша жи-нап бергендіктерін, арада екі жыл өткен соң ақшаны кері қайтарғанын, сөйтіп осыған дейін ақшаны айналымға салып қойғанын айтты. Сонымен қатар ол “Мұратжан” жеке пәтер иелерінің кооперативінің нашар жұмыс жасайтын-дықтарын, жылу, су жоқ екенін, 1 мил-лион теңгеге жөндеу жүргізілді деп өтірік ақпар беріп, тұрғындардың келісімінсіз кесімге қол қойғанын қосымша тағы ха-барлады. Келесі күні осы А.Құнанбаев атындағы көшенің 19-үйінен тағы бір тұрғын Дорюгина Любовь қабылдауға келіп, үйде жылу жоқтығын, оған “Жа-рық” ПИК-інің басшылары көңіл бөлмей отырғанын, тіпті жөндеу жұмыстарына тұрғындардың әрбіреуінен 4000 теңгеден ақша сұрап, көпе-көрінеу заңсыздыққа барып отырғандарын баян етті.

Тұрғын үй дауы, коммуналдық қызметтің төмендігі, тұрғындар құқын аяқ асты ету төңірегіндегі мәселелерді келушілер өте көп қозғады. Тұрғындар Бекесова Ақжан, Нұржұмаев Қабдолла, Төлеу Мамай, Алабергеннов Сембай, Си-сенов Қайрат, Томарлыдан Өтепқалиев Абат және басқалар тұрғын үй беру кезегінің бұзылатынын, жеке пәтер иелері кооперативтерінің өзім білемдік-терін айтып, орынды мәселелер көтерді.

Еліміздің Ата Заңында соттар шешімде-рінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының

республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болатыны атап көрсетілген. Алайда сот шешімдерінің орындалмай азаматтарды өуре-сарсаңға салатындардың аз емес екендіктері облыс прокурорына қабылдауға келушілер шағымдарынан айқын көрініс берді. Мәселен, “Шельф” акционерлік қоғамының бұрынғы қызметкері Сатаева Нүргүл сот шешіміне орай алатын ақшасын қоғам президенті Ж.Көкішевтің төлемей қасарысып отырғанын айтса, ал қаладағы М.Төлебаев көшесінің бойындағы “Шельф” АҚ-ның балансында болған жатақхананың тұрғындары кейін “Руслан”, “Айна” фирмаларының бір-біріне сатып, ақырында ішіндегі тұрғындарды үй-күйсіз бастырып жібергенін айтып, шағымданды. Сот тұрғындар сөзін сойлегенмен, “Руслан” сот шешімін орындар емес. Қала тұрғындары Есқалиев Серікбай, Николашкина Валентина, Махамбет ауданындағы Алмалы селосының тұрғыны Жаспеннова Бакиза да сот шешімдерінің орындалмағандықтарына, сот орындаушыларының дәрменсіз әрекеттеріне өкпелі.

Жекешелендіру процесінің басталғанына көп болса да, бұл айналадағы даудамай, түсінбестік өлі толас табар емес. “Бестал” шаруа қожалығы төрағасының орынбасары Кененбаев Әпсаттар бұдан бес жыл бұрын 300 мың теңге несие алған. Бірақ ол қайтаруға асықпай отыр. Қалалық прокуратура оны кері қайтару жөнінде заңды талап қойып отыр. Бөріне кінәлі өздері, шаруашылықтарын дамытпаған. Қабылдауға келген Ә.Кененбаевқа облыс прокуроры осы жайды егжей-тегжейлі түсіндіріп берді. Сондай-ақ Махамбет ауданынан келген шаруа қожалығының төрағасы Құспанов Бақтығали өзі заңдылықты білмей, жерінің белгілі бөлігінен босқа айырылғанын, оның қазіргі иесі Латиф Бакытовтың сөзінде тұрмағанын қынжыла алға тартты. “Талап”, “Крамдс” банктері тарату компаниясының төрайымдары Сариева Күләм, Мәдиева Айман мекемелерден бюджетке түсуге тиісті қыруар қаржыны қайтара алмай жүргендіктерін, “Наука” пәтер иелері кооперативінің төрайымы Мария Сисенғалиева, қасында Николашкина Валентина бар, тұрғындардың кооператив талаптарына бағынбай, дөнайбат жасайтындықтарын баян етсе, тұрғындар

Ержанов Өтеғали, Аманиязов Алдаберген, Соловьев Владимир, Нысанбеков Қаржаубай, “Каспиймұнайавтоматика” мекемесінің бұрынғы қызметкері Халиев Әзілдолла, күйеуінің еңбек дауын қуып келген мұғалім Ревкова Наталья және басқалар “Қамқор” АҚ, “Доссормұнайгаз”, “Атыраугазинвест” және өзге де кәсіпорындар мен фирмаларда, қоғамдарда еңбек заңдылықтарының бұзылатындықтарына, зейнеткер Шайхиев Сатыбалды халықты әлеуметтік қамту мекемесінің зейнетақысын негізсіз төмендеткеніне разы еместіктерін айтып, көмек сұрай келіпті.

Облыс прокуроры қабылдауға келген азаматтар көтерген мәселелер, заңсыздықтар бойынша сол жерде тиісті прокуратуралардың бөлімдердің басшыларына тапсырмалар беріп, күнін көрсете отырып, қысқа мерзімде шешуді міндеттеді, кейбір мәселелер жөнінде тиісті орындармен өзі тікелей сойлесіп, заңды болса шаруаларын сол бойда бітіріп жіберді.

Қазір облыс, қала, аудандар прокуратураларында осыған орай жұмыс ауқымдары молайды. Прокурор қабылдауы жүріп жатқан күндер ішінде қаншама заңсыздықтардың беті ашылып, қаншама азаматтардың заңды мүдделері қорғалды десеніңші. Облыс прокуроры халықпен жүздесудің, бүгінгі ахуалды білудің ең тиімді, ең ұтырлы жолын таңдап отырғаны жұртты риза етуде.

Өкінішке орай, кейде қабылдауға прокуратураға қатысты емес ұсақ-түйекпен келушілер де бар. Солай екен деп олардың тауы қайтарылып жатырған жоқ. Облыс прокурорының өзі, болмаса бөлім басшылары тиісті кеңес, түсініктер беріп жіберіп отыр.

Қабылдау белгіленген мерзімге дейін жүрді.

* * *

Сонымен он күнге созылған азаматтарды арыз-шағымдары бойынша жеке қабылдау аяқталды. Оның қорытындысы қандай? Алдымен айтарымыз, жалпы прокурорлық қабылдауға барлығы 115 адам жазылып, тіркелді. Олардың бөріне де ұсыныстары мен ой-пікірлерін, мүң-мүқтаждарын қысылмай-қымтырылмай еркін баяндауға толықтай мүмкіндіктер жасалды.

Облыстық прокуратураның ұйымдастыру-бақылау бөлімінің аға прокуроры Қанипа Ізмағанбетова қабылдаудың өз дәрежесінде ұйымдастырылуына, есеп карточкаларын тіркеу, бақылауға қойылған жеке мәселелер бойынша құзырлы органдардан анықтама жинақтау, қажетті құжаттардың уақытында түсуін қамтамасыз ету сияқты қат-қабат жұмыстардың мүқият орындалуына барынша ықпал еткенін атап өткеніміз орынды. Егер азаматтарды өкімшілік аумақтары бойынша жіктесек, қабылдауға келген 115 адамның 89-ы Атырау қаласынан, 26-сы аудан тұрғындары. Исатай мен Жылыой аудандарынан алты-сегіз, Махамбет пен Мақаттан үш-төрт, қалған аудандардан екі-екіден адамдар келіпті. Егер қабылдауға кірген азаматтардың жеке мәселелері бойынша саралап көрсек, сот шешімдерінің орындалмағаны туралы – 20, сот шешімдерімен келіспейтіндігі туралы – 12, тергеу мәселелері – 19, тұрғын үй проблемалары – 16, еңбек заңдылығының бұзылғандығы – 12 және зейнетақы, жәрдемақы төлеу, жергілікті өкімдердің заңсыз өрекеті сияқты басқа да мәселелер жөнінде 16 адам арыз-шағымдарын айтқан.

Прокурорлық қабылдаудың бір ұтымдылығы сонда ақиқат іздеген адамдардың айдап, жылдап шешілмеген түйінді

мәселелерінің бірқатарын облыс прокуроры шұғыл түрде шешіп бере алғандығы. Мұқтар Әкебайұлы қабылдау барысында аппараттағы бөлім бастықтарын әлсіз-әлі шақырып, қала және аудан прокурорларымен тікелей байланысқа шығып отырды. Соның нәтижесінде бірқатар арыз-шағымдар тез арада шешімін тапты. Мысалы, қаладағы № 28 негізгі мектептің директоры Қазбек Қуатовты қалалық білім беру бөлімі оның келісімін алмастан № 19 орта мектептің гимназия сыныптары бойынша директордың орынбасары етіп тағайындаған. ҚР "Еңбек туралы" Заңына қайшы келетін қалалық білім бөлімі бастығының 7.11.2000 жылғы 447-ші бұйрығына облыстық прокуратура наразылық жолдап, қарашаның 27-сінде Қ.Қуатов бұрынғы қызметіне қайтадан орналасты. Қабылдауға келген Индер ауданының тұрғыны Токмурзина Мәрина бұрын "Ақ Жайық" мемлекеттік кәсіпорнында жұмыс істеп, кейін қайтыс болған күйеуі М.Қорғанбаевтың еңбекке жарамсыздығы туралы бетше бойынша оның төлемақысын ала алмай жүргендігі туралы шағымданған болатын. Облыс прокурорының араласуымен аталған кәсіпорыннан желтоқсанда мүлік арқылы есептесуге ұйғарым енгізіліп, қаржысы қайтарылды.

Абат СӨРСЕНҒАЛИЕВ

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАҢДАРЫНА АРНАЛҒАН АЛАҢ АШЫЛДЫ

Қазақ халқының маңдайына біккен біртуар ұлы тұлғалары мен заңғар зиялыларының бір тобы кешегі қызыл империяның солақай саясатының құрығына ілігіп, жазықсыз жала-ның құрбаны болғаны тарихымыздан белгілі. Кейін олар ақталып, бүгінгі ұрпақтары олардың ел үшін істеген ұлы істерін ұлытылап, аруақтарына тағзым етуде.

Қазақстанның тәуелсіздік алғанына 10 жыл толу мерекесі кім-кімнің де есінде қаларлық елеулі оқиға болды. Оның жолы деңгейде мерекеленуіне Атырау облыстық прокуратурасының да қосқан үлесі қомақты. Солардың бірі де бірегейі — дүбірлі мереке қарсаңына ашылған саяси қуғын-сүргін құрбаңдарына арналып ашылған алаңды жасақтауда қалдырған

қолтаңба. Әсіресе, алаңға орын белгілеп, оның Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында кешікпей ашылуына ерекше атсалысқан облыс прокуроры Мұқтар Әкебайұлы Жоренбаевтың еңбегін атап өткен орынды.

Мұсылмандардың қасиетті айы оразаның соңғы күні алаңды ашу салтанатында облыс өкімі Серікбек Жүсіпбекұлы Дәукеев жиналған жұртшылықты айт, Тәуелсіздік мейрамдарымен құттықтап, ашылу үстіндегі алаңның өмірден алар орны, ұрпаққа берер тағылымы зор екенін айтып, бір минут үнсіз тұрып, аруақтарға тағзым етті. Одан кейін сөз алған облыс прокурорының бірінші орынбасары Сапарбек Айтуұлы Нүрпейісов ойын былайша сабақтады:

— Өткенімізді түгендеп, таразылап, одан өнеге өрнектеу, келешекке табыстау, қайғылы қателіктен сабақ алып, дағдаларымыз бен дараларымызды ұлықтасак, кешегіміз бен бүгінгіміз, ертеңіміз оңтайлы сабақтасып жатса дейміз.

Осыдан 63 жыл бұрын болған саяси қуғын-сүргіннің от-жалыны атыраулықтарды да шарпыды. Ол ел басына төнген зұлмат еді. Жазықсыздан жазықсыз қаншама адам, елдің бетке ұстар қаймақтары, зиялы қауым атылды. Қаншамасы қиянға айдалып, азап пен мазақты бастан кешті. Қолдағы толық емес деректерге қарағанда, жаппай қуғын-сүргіндерге ұшыраған адамдардың үстінен біздің облыста 2249 кісіні қамтитын 1594 іс көтерілген екен. Осы қайғылы кезеңде прокуратура органдары НКВД-ға ықпалды қадағалаудан шеттетілді, сот жүйесі екеулік, үшеуліктің құзырына көшті. Бұл бүкіл қазақ жерін шарпыған зауал болды.

Шөкөрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов, Сөкен Сейфуллин, Лияс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Тұрар Рысқұлов, Жанша Досмұхамедов және басқа да жүздеген мемлекет және қоғам қайраткерлері жазықсыз атылды. Сол дүрмектің құрбандарының бірі болған атыраулық — өз жерлесіміз, ғалым, дәрігер Халел Досмұхамедов еді. Бірнеше ғылым саласын меңгерген біртуар тұлға өзінің кемел шағында оққа байланды.

Саяси қуғын дауылы біздің прокуратура қызметкерлерін де қамтыды. Қырық шақты прокурор сол зауалдың құрбанына айналған. Сол 37-інің құрбандарының бірі — Гурьев (қазіргі Атырау) облысы Құрманғазы (бұрынғы Теңіз) ауданының прокуроры болған Айдар Құлбасов.

Әрине, қуғын-сүргін құрбанына айналған атыраулықтардың ішінде елді өркендетуге, мәдениетімізді, тұрмысымызды ілгері бастыруға мол үлес қосып жүрген өрісі кең, ойы зерек тұлғалар, әсіресе, мұғалімдер, мұнайшылар көп еді. Олардың орны көпке дейін үңірейіп тұрды. Тарихи шындықты, өділдікті көксіп, елін еңселі ету үшін, қуғын-сүргіннің барлық құрбандарын ақтау, оларға келтірілген моральдық және материалдық залалдарды өтеу мақсатымен Қазақстан Республикасының Президенті

Н.Ә.Назарбаев 1993 жылғы желтоқсанның 30-ында “Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы” заңға қол қойды. Сонымен қатар Елбасы өз Жарлығымен 1997 жылды “Жалпыұлттық ынтымақтастық пен қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы” деп жариялады емес пе?

Прокуратура органдарына жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі тұрақты қызмет жүктелді. Жергілікті атқару, басқа да құқық қорғау органдарымен өзара түсіністікте қызмет жасап, азаматтардың ардақты есімдерін қалпына келтіру бағытында қыруар жұмыстар атқарылды. 1993 жылдан бері 11265 адам ақталды. Оның ішінде Атырауға өзге шет өңірлерден жер аударылған 6993 адам бар.

Облыстық прокуратура басшылығы жекелеген ұлттардан тұратын қоғамдық ұйымдардың жетекшілерімен, ұлт өкілдерімен кездесулер өткізді. Кездесулерде қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау, оларға берілетін жеңілдіктер жөнінде түсініктер, сұрақтарына жауаптар берілді. Орын алған кемшіліктер жолға қойылып, заңдылық қалпына келтірілді.

Жазықсыз жазаланғандардың аруақтарына тағзым ету бүгінгі ұрпақтың міндеті. Соның бір айқын көрінісі Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы мерекесі табалдырығын аттап тұрып Атыраудың көрнекті жерлерінің бірінен саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған алаң ашу — үлкен ғанибетті іс. Бұл сол бір зұлмат жылдарды үнемі еске алатын, өткеннен сабақ алып, келешекке ой тастайтын орын болмақшы. Болашақта бұл жер жас құқық қорғаушылардың ант қабылдайтын, мерекелік жиындар өткізетін қасиетті орны болғалы тұр.

Салтанатта сонымен қатар, саяси қуғын-сүргін құрбандарының қазақстандық ассоциациясы Атырау облыстық қоғамдық филиалының директоры Ж.Бердиев, неміс ұлттық-мәдени орталығының жетекшісі А.Думлер игілікті іске өз ризашылықтарын білдірді. Салтанат соңында қала жұртшылығымен бірге прокуратура органдары қызметкерлері де аруақтарға тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды.

Бас жоспар орталығы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мамандарының жобалауымен қолға алынған бұл жұмысты мердігер мекемелер “Стройтехмон-

таж” ЖШС-і мен “Бекқайыр” концерні Әлия Молдағұлова мен Бактыгерей Құлманов көшелерінің қиылысындағы жалпы аумағы 4200 шаршы метрлік осы алаңды мерзімінде салып бітірді.

Иә, “олі риза болмай тірі байымай-ты” дегендей, бұл келер ұрпақ үшін үлкен ғанибет. Әсіресе, күннен күнге жасанып келе жатқан қала көркіне көрік қосқан алаңның келбеті ерекше.

- Кугын-сүргін жылдарында 3085 адам әр түрлі мерзімге бас бостандықтарынан айырылды.
- 731 адамға ату жазасы кесілді.
- 246 адам Сібірге жер аударылды.
- 53 мұғалім, 83 дін өкілдері сотталып, 2 прокурор (Гурьев қаласы мен Теніз ауданынан) атылып кетті.
- 1993 жылдан бері Атырау облысы бойынша 11265 адам ақталды.
- Оның ішінде 6993-і (татар, корей, болгар ұлттары, Кавказ халықтары өкілдері) жер аударылғандар.

Серік ШОҚАТАЕВ,
Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры
Хатшылығы ұйымдастыру-бақылау
басқармасының бастығы, аға заң кеңесшісі

ЗАҢДЫЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ ЖАҒЫМДЫ ТӘЖІРИБЕ

Қазақстан Республикасы Бас прокуроры Хатшылығының ұйымдастыру-бақылау жөніндегі басқармасы орталық аппараты басқа да құрылымдық бөлімшелерімен бірлесе отырып, облыстық, қалалық, аудандық және арнайы мамандандырылған прокуратуралардың өз жұмыстарын қалай ұйымдастырып отырғанына тексеру жүргізді.

Мұндай шаралардың мақсаты – Бас прокуратураның директивті құжаттары талаптарының жергілікті жерде іс жүзіне асу жайын тексеру, сондай-ақ табылған кемшіліктерді жоюдың шарасын алу болатын. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай тексерулердің нәтижесі оқашан да теріс бола бермейді. Жұмысы бағалауға тұратын, тіпті республикамыздағы өзге де прокуратураларға тәжірибе етіп таратуға болатын прокуратуралар баршылық. Біздің бұл мақаламызда осы туралы сөз болмақ.

Үстіміздегі жылдың наурыз айында Бас прокуратураның бригадасы Атырау облыстық прокуратурасының қызметіне кешенді түрде тексеру жүргізді. Осы тексерудің қорытындылары көрсеткендей, облыс прокуратурасының қызметі заңдылықты нығайту және қылмыспен күрестегі көкейтесті проблемаларды ше-

шумен ұштастырылған. Тиімді бағыттарды таңдау, прокурорлық қалағалаудың ықпалын арттыру жөніндегі ұйымдастыру және тәжірибелік шараларды әзірлеуде қалыптасқан ахуалмен қатар Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрықтары мен нұсқаулары негіз етіліп алынған.

Аймақта қалыптасқан ауыр экологиялық жағдайды ескере отырып, Атырау облыстық прокуратурасының қызметіндегі маңызды бағыттың бірі табиғат қорғау заңдылықтарын қалағалау болып табылған. Бұл бағытты кешенді түрдегі прокурорлық қадағалаумен қамтамасыз ете отырып, облыстық прокуратура облыстың экологиялық төлқұжатын жасаған. Онда экологиялық мәліметтер барлық жағынан: табиғат қорғау саласы, табиғат пайдаланушылардың қоршаған ортаға әсері, табиғат байлықтары, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі т.б. қырларынан көрсетілген. Аталмыш төлқұжатқа қоршаған ортаны қорғау жөніндегі барлық заң актілері, өзге де нормативтік актілер, осы мәселелер жөніндегі ҚР Бас Прокурорының бұйрықтары мен нұсқаулары, сондай-ақ, прокурорлық тексерулердің өдістемелері енгізілген. Осы саладағы ұйымдастыру жұмыстары негіз етіп

алынған мұндай экологиялық толқу-жатар облыстың барлық қалалық және аудандық прокуратураларында жасақталды.

Жұмысты ұйымдастырудың тиімді формалары мен әдістерін игерудегі шығармашылық ізденіс белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Айталық, 2001 жылы Атырау облысының прокуратура органдары арқылы тиісті заңдылықтарға нұқсан келтірген мекемелерге 120 ұйғарым, 26 ұсыныс берді. Прокурордың 33 наразылығы қанағаттандырылды. Прокурорлық ықпал ету арқылы 162 адам түрлі жауапкершілікке тартылды. Олардың 83-і әкімшілік, 85-і тәртіптік жауапкершілікке тартылып отыр. Прокуратура қызметкерлерінен құрылған үш жұмысшы тобы мен бақылау-қадағалау органдары қызметкерлері бірлесе отырып, “Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы” заңның қолданылысын тексерген бір ғана тексеруімен мемлекеттік бюджет қоржынына 348 миллион теңге түсті. 128 прокурорлық ықпал ету актісі енгізілді. Түрлі жауапкершілікке 83 адам тартылды. Теңіз кенішінде тау болып үйіліп жатқан күкіртті сақтау жөнінде прокуратура көтерген мәселеге орай, Республика Үкіметі “Қоршаған ортаға зиянды қалдықтар тастауға рұқсат алу ережесін” бекітті. Сонымен қатар экологиялық қылмыстарға байланысты бірқатар қылмыстық істер де қозғалды (ҚР Қылмыстық Кодексінің 277-бабы бойынша). Бұрын облыстың тергеу ісі тәжірибесінде мұндай болмаған.

Тексеру қорытындыларымен қатар 2000-2001 жылдардың көрсеткіштерінен белгілі болғандай, облыс прокуратурасының қылмыстық процесте азаматтардың конституциялық құқын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыста елеулі түрде белсенді өрекет еткені байқалады. Егер 1998-99 жылдары ІІМ органдары қызметкерлері тарапынан азаматтардың конституциялық құқын бұзу жөніндегі тек қана бір іс сотқа жолданған болса, 2000 жылы мұндай істердің 13-і сотқа жолданып, өзінің тиісті шешімін алды. 2001 жылы осы сипаттағы сегіз іс қозғалды. Олардың алтауына облыстық прокуратура аппараты қызметкерлері мұрындық болды.

Бір жақсысы, мұндай санаттағы қылмыстық істер арнайы тізімге алынып,

ерекше бақылауда ұсталынып отырады. Егер осы істердің өндірісіне қатысты бір қажеттіліктер туындап жатса, онда ол облыс прокурорының немесе оның орынбасарының жанындағы жедел кеңестерде талқыға түседі. 2001 жылдың қорытындысы бойынша қылмысты істердің қозғалуы көбейді. Оларды сотқа жолдаудың тиімділігі де 44,8 пайыздан 94,3 пайызға артты (тергеу және жауап алу органдарының заңсыз қаулылары бұзылған соң). Тағы бір атап айтар жайт, прокуратура органдары қозғаған істердің бірде-бірі өндірісте қысқартуға ұшырамай, толық шешімін тапқан.

Прокуратура қызметкерлері ұйымдастыру-кадр саясатын жүзеге асыруда да елеулі жұмыстарды қолға алуда. Облыс прокурорының 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 6/60 өкімі бойынша іскерлік біліктілік пен кәсіби шеберлікті көтеру мақсатында Атырау қаласы мен Жылыой және Құрманғазы аудандары прокуратуралары базаларында 3 оқу орталығы құрылды. Бұларда тоқсан сайын қадағалаудың барлық салалары бойынша екі күндік тәжірибелік семинарлар өткізу дағдыға айналған. Оған қалалық, аудандық және арнайы мамандандырылған прокурорлар мен олардың көмекшілері қатысады. Жергілікті жерлерге барып семинарлар өткізу, тәжірибелік көмек беру төменгі деңгейдегі прокуратуралардың жұмысына оң ықпалын тигізді. Қылмыстық істер бойынша сот қаулыларына апелляциялық (кассациялық) наразылық келтіру тиімділігі 1999 жылы 80 пайыздан асса, 2001 жылы 90,2 пайызға жетті. Ал соттар тарапынан істің қосымша тергеуге жолдануы 82-ден 46-ға кеміді. Яғни, екі есеге жуық қысқарды.

Облыс прокуратурасы басшылығының қамқор көзқарасы нәтижесінде прокурорлардың алаңсыз жұмыс істеуіне барлық жағдай туғызылды. Бүкіл құрылымдық бөлімшелер компьютерлік техникалармен, факспен жабдықталған. Аудандық прокуратуралар модем байланысы жүйесін пайдаланып отыр. 2001 жылдан бері олар есептерін электронды почта арқылы тапсырып келеді. Бұл уақытты үнемдеуге, жедел ақпарат алмасуға және алда тұрған міндеттерді шешуге мүмкіндік берді.

Жедел қызметкерлердің атқарып отырған ауқымды істеріне баға беру атап өтуге тұрарлық.

Облыс прокурорының 2001 жылғы 15 қазандағы № 33/20 өкіміне сәйкес, барлық құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері ай сайын, бөлім бастықтары мен қалалық, аудандық және арнайы мамандандырылған прокурорлар токсан сайын жүргізген жұмыстары жөніндегі жеке статистикалық таблицаны толтырады. Бұл таблица ұйымдастыру-бақылау бөліміне тапсырылады. Осы таблицаны талдау арқылы қызметкерлердің жұмыс уақытын қалай тиімді пайдаланатынын, олардың әр жұмыс күніне қосқан үлесінің қаншалықты екенін, оларға жүктелген жүктеменің мөлшерін аңғаруға болады. Қызметкерлердің жеке үлесі оларды аттестациядан өткізу кезінде ескеріледі. Еңбекке қатысты есепке алудың мұндай тәртібі жүктеменің әділ бөлінуін, әр қызметкердің жауапкершілігінің артуын қамтамасыз етеді. Қызметкердің жұмысқа қосар өз үлесін молайтуға ұмтылдырады.

ҚР Бас прокурорының "Прокуратура органдарында іс-қағаздарын жүргізуді кезең-кезеңдер бойынша мемлекеттік тілге көшірудің кестесін бекіту туралы" 1999 жылғы 19 наурыздағы № 22 бұйрығын орындау мақсатында облыс прокуроры 1999 жылғы 20 қыркүйекте № 184 бұйрығын шығарды. Ол бойынша мемлекеттік тілді оқыту бағдарламасы енгізілген компьютер сыныбы жасақталды. Қазақ тілін толық, әрі терең үйретуде прокуратурада жасақталған кітапхананың да көмегі мол. Онда 800-ге жуық қазақ тіліндегі көркем әдеби кітаптар бар.

Кадрлердің діл тазалығына, олардың тәрбиесі мен іскерлік біліктілігін көтеруге көп көңіл бөлініп отыр. Жалпы, прокуратура органдарына қызметке алған кезде үміткерлердің моральдық-адамгершілік қырларына, кәсіби дайындығы мен денсаулық жағдайына баса мән беріледі. Белгіленген тәртіп бойынша, барлық үміткерлер резерв тізіміне алынады. Содан соң тәжірибеден өту үшін облыс, қала, аудан прокуратураларының бөлімдеріне жіберіледі. Ал кейбірі маман ретінде жұмысқа қабылданады.

Дәрігерлік комиссия мен арнайы тереудің қорытындылары бойынша, сондай-ақ тәжірибе өткізуші жетекшілер мен облыс прокуроры бұйрығымен құрылған конкурстық комиссиялардың жағымды кепілдемелері негізінде үміткермен

әңгімелесу өткізіледі. Конкурстық комиссия кепілдемесімен үміткерге қатысты материалдар оны жұмысқа алу мәселесін шешу үшін облыс прокурорына жолданады. Осы негізде 2000-2001 жылдары 34 қызметкер жұмысқа алынды. Олардың 26-сы мемлекеттік жоғары оқу орындарын бітірген жас мамандар.

Аталған тәжірибенің тағы да бір көңіл тоғайтар жағы – Атырау облысы прокуратурасының қызметкерлері тарапынан бірде-бір құқық бұзу фактісінің болмауы дер едік. Ал жекелеген жас мамандарға қатысты соттар тарапынан жақсы пікірлер келуде. Олардың мемлекеттік айыптау ісіндегі ұстамды позициялары өзге өріптестерін тәтті қылып отыр. Желел құрам қызметкерлерін аттестациядан өткізу мәселесіне үлкен назар аударылуда. 2001 жылдан бастап мұнда бағдарламалық тестілеу әдісі енгізілді. Бұл аттестациядан өтушінің құқықтық білімімен қатар шығармашылық потенциалын анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ прокуратура органдарында ұрпақтар сабақтастығын сақтау, қызметкерлердің құқықтық білімі мен жауапкершілігін арттыру, оларды патриотизм мен таңдаған мамандығына берілгендік рухында тәрбиелеу мақсатында 1999 жылы прокуратурада облыс прокуратура органдарының тарихына арналған мұражай ашылды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай облыстық прокуратурада саяси құғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш алғеясы ашылды. Болашақта осы жерде жас қызметкерлерден ант қабылдау ойластырылуда. Қызметкерлерді адамгершілік тұрғыда тәрбиелеу мақсатында олардың прокуратура ардагерлерімен кездесуі, ашық есік күндері өткізілуде. Жастарды ұлттық дәстүрде тәрбиелеу, олардың бойында қазақы рухты оятуға облыстық прокуратура құрылтайшылық етіп отырған "Прокуратура жаршысы" қоғамдық құқық қорғау газетінің "Арғымақ" ат спорты және салт-дәстүр беті үлкен тәрбиелік рөл атқарып келеді.

Менің байқауымша, Атырау облыстық прокуратурасының...прокурорлық қадағалаудың сапасы мен тиімділігін көтеру, сол мақсатта тың әдістерді іздестіру тұрғысындағы ұнамды тәжірибелерін,

сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрығы мен нұсқауларын орындауда қол жеткізген нәтижелерін еліміздің өзге прокуратура

органдарына үлгі етіп ұсынуға әбден болады және олар заңдылық пен құқық тәртібінің нығайту жолында тың күш-жігер қосады деп білемін.

(“Заң және заман” журналының 2002 жылғы № 5 санынан ықшамдалып аударылды)

Тұрсынбай БУРАБАЕВА,
*Атырау қалалық прокурорының
аға көмекшісі, 1-дәрежелі заңгер*

ПРОКУРОР ДЕПУТАТТЫ ҚОРҒАДЫ

Өткен жылғы сәуірдің 26-сы, мамырдың 17-сі мен 31-і күндергі сандарында “Ақ Жайық” газеті қалалық мәслихаттың депутаты К.Әубекеровтың “Миллиондар қайда кетіп жатыр?” деген мақаласын жариялады. Онда өткен жылы қалалықтар қалалық су құбырлары және канализация жүйесіне тұтастай алғанда 19,1 миллион теңгені артығымен төлегені, дұрысында бұл қаражатты тарифке салғандықтары айтылған. Атырау су құбырлары және канализация басқармасы миллиондарды үндеместен қалталарына басып алып, берген уәделерін орындамай, ешкім ештеңе білмейді ғой деген оймен жұмған ауыздарын ашпай отырған. Бәрін білсе де монополияға қарсы комитет те жұмған аузын ашпайды.

Бірақ мәселенің беті ашылған кезде Атырау су құбырлары және канализация басқармасы өз кезегінде сотқа талап арызбен шығып, К.Әубекеров пен “Ақ Жайық” газеті редакциясы газетке дұдомал мәліметтер бергені үшін көпшілік алдында кешірім сұрауды және моралдық залал келтіргенін өтеу үшін 1027320 теңге төлеуді талап етті. Бұл азаматтық іс сотта екі рет қаралды. Екінші ретте Атырау қаласының № 2 сотының судьясы А.Калимұқашева су құбырлары және канализация басқармасының талабын ішінара қанағаттандыруды қолдады. Сөйтіп № 2 қалалық соттың өткен жылғы қарашаның 13-індегі шешімі бойынша жауапкер К.Әубекеров мақаладағы су құбырлары және канализация басқармасының арын, қадір-қасиетін даттаған және іс беделін түсірген мәліметтерін жоққа шығарып, “Ақ Жайық” газеті арқылы көпшілік алдында кешірім сұрауы, сондай-ақ,

жауапкерден талапкердің пайдасына 10000 теңге моралдық залал өндірілуі тиіс болды.

Алайда қала прокуроры соттың шешімімен келіспеді. Оны негізсіз деп тауып, апелляциялық наразылық келтірді. Өйткені су құбырлары және канализация басқармасы жауапкер “Миллиондар қайда кетіп жатыр?” деген мақалада келтірілген мәліметтер арқылы өздерінің арын, қадір-қасиетін даттайды дегенмен, ол мәліметтердің шындыққа жанаспайтындығына дәлелдер келтіре алмады.

Халық тариф бойынша ішіне су өлшегіш құралдарын қондыру шығыны кіретін сумен жабдықтаған қызметтері үшін тиісті төлемдерін төлей тұрса да 2000-2001 жылдар ішінде ол құралдар қондырылған емес.

Су құбырлары және канализация басқармасы табиғи монополист болып табылады. Демек Қазақстан Республикасының “Табиғи монополиялар туралы” заңының 7-бабының 9-тармағына сәйкес, республиканың табиғи монополияларды реттеу және босекелестікті қорғау жөніндегі агенттіктің “Коммуналдық қызметті есептеу құралдарын қаржыландыру жолдары туралы” 1999 жылғы қыркүйектің 27-сіндегі бұйрығы бойынша есептеу құралдарын қондыру қызмет көрсетушінің міндеті болып табылады, ол құралдарды қондыруды қаржыландыру табиғи монополияның жеке және несие қаржылары есебінен жүргізіледі.

Талапкер су өлшегіштер мердігер “Олимп” ЖШС-інің кінәсінен қондырылмағанын дәлел етіп алға тартады. Ол серіктестік келісім шарт бойынша су өлшегіш жүйелері мен құралдарын монтаждау

жұмысын өткен жылы қаңтардың 1-іне дейін жүргізуі міндетті болатын. Су құбырлары және канализация басқармасы “Олимп” ЖШС-імен су есептегіш қондыруға ғана келісім шарт жасаумен шектелді. Алайда оны бұзушыға келісім міндеттемесін орындау бойынша тарап жағына, қазіргі жағдайда “Олимп” ЖШС-і тарапына қандай да болмасын шара қабылдамаған.

Келісім шарт бойынша мердігер міндеттемесін орындамаса да су құбырлары және канализация басқармасының өкімшілігі, атап айтқанда С.Сәдуақасов, қалалық мәслихаттың сессиясында 176 су өлшейтін есептегішті қондыру туралы есеп берді. Шын мәнінде бұл істелінуге тиістінің “кішкене ғана бөлшегі” еді.

Сонымен қатар су құбырлары және канализация басқармасына тұғынушы-

лардан су өлшейтін есептегіштерді қондыруға түскен ақша басқа мақсатқа жұмсалған. Оны талапкер де жоққа шығара алмады.

Міне, осындай жағдайларға байланысты “Ақ Жайық” газетінде жарияланған “Миллиондар қайда кетіп жатыр?” деген мақаладағы айтылғандар шындықпен біте қайнасады. Сондықтан облыстық соттың азаматтық істер бойынша алқасының былтырғы желтоқсанның 19-ындағы қаулысымен прокурордың наразылығы қанағаттандырылды және су құбырлары және канализация басқармасының өздерінің ары мен қадір-қасиетін, іс беделін қорғау және моральдық залал өндіру туралы К.Әубекеровке қойған талабы аяқсыз қалдырылды.

Сөйтіп, прокурор тұрғындардың мүдделерін қорғау жолында тәуекелге барған депутатты қолдай бізді.

Қаһина ІЗМАҒАМБЕТОВА,
облыстық прокуратураның ұйымдастыру-бақылау бөлімінің аға прокуроры, кіші заң кеңесшісі

АРЫЗ-ШАҒЫМДАРҒА – ШЫНАЙЫ ЫҚЫЛАС

Адам еріккеннен арызданбайды. Біреуден жөбір көрсе, болмаса түрлі себептермен моральдық, материалдық зиян шексе, құқы аяқ асты болғанда ғана заң орындарына жүгінеді. Ал үміт артып, маңдай тіреп келген заң орындары кеуден кері итергендей арызын уақытылы шешпей өуре сарсаңға салса, онда олардың көңіліне қаяу түсіп, мемлекетіміздің заңдарына деген сенімсіз көзқарас қалыптаспай ма?..

Міне, осы бағыттағы келенсіздіктердің орын алмауын, азаматтардың құқықтарына нұқсан келмеуін облыстық прокуратура үнемі қадағалап келеді. Облыстық прокуратура ғимаратының кіреберісіне Қазақстан Республикасы Президентінің “Азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы” Жарлығы мен ҚР Бас прокурорының “Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында азаматтардың өтініштерін қарау және шешу туралы” нұсқауы, ҚР Бас прокуроры мен оның орынбасарларының және облыстық прокуратура басшыларының қабылдау мерзімдері екі тілде (қазақ және орыс)

жазылған тақталар ілінген. Азаматтардың шағымдарын қарау тәртібі жөнінде прокуратура қызметкерлеріне сабақтар өткізіліп, олардан сынақтар алынды. Ол өз нәтижесін беріп, шағымданған азаматтарды жеке қабылдау жұмысы жолға қойылды. Мәселен, өткен жылы прокурорлардың жеке қабылдауында 673 азамат болған. Олардың барлығына да тиісті шаралар алынып, жоғарыда аталған Жарлық пен нұсқау талаптарына сай белгіленген мерзімде шешілді. Ал шешілуі прокуратура құзырына жатпайтын арыздар белгіленген тәртіп бойынша, яғни бес күн ішінде несіне хабарланып, тиісті орындарға жолданды. Былтыр осы тектес 413 арыз басқа ведомстволарға жолданса, 330 арыз аудандық прокуратура-ларда қаралып, шешілді. Дей тұрғанмен, бес саусақ бірдей болмайтынындай, прокуратура қызметкерлерінің арасында арыз-шағымдарға салғырт қарап, үстірт шешетіндер де кездеседі. Мысалы, Ш.Күдішан деген азамат Л.Юдинаның материалдық және моральдық залал өндіру жөніндегі талап арызы бойынша

Атырау қалалық сотының шығарған шешімімен келіспейтіндігін айтып, ҚР Бас прокурорының қабылдауында болды. Бұған дейін оның арызы облыстық прокуратуралдан қанағаттандырылмаған болатын. Тексеру нәтижесінде аталған сот қаулысына наразылық келтіріліп, Ш.Құлшанның арызы ішінара қанағаттандырылды. Арызды қарауда кемшілік жіберген қызметкерлерге шара қолданылды.

Негізінен прокуратура органдарына азаматтар заңды мүдделеріне нұқсан келуіне және құқықтарының бұзылуына байланысты арызданады. Атап айтқанда, тергеу, анықтау органдары қызметіндегі заңдылықтардың сақталмауы, негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тарту, негізсіз ұстау, тергеудің сөзбұйдалыққа салынуы туралы арызданады. Мысалы, быттыр қазан айында “Бипэк-авто” фирмасының сатушысы азамат С.Куртиев өзінің үстінен қалалық ҚҚБ қызметкерлері ҚР ҚК-нің 176-бабымен негізсіз қылмыстық іс қозғағаны туралы арызданды. Арыз бойынша тексеру нәтижесінде оның әрекетінде бөтеннің мүлкін иемденіп алу белгілері анықталмағандықтан, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы заңсыз деп танылып, С.Куртиевтің арызы қанағаттандырылды.

Сондай-ақ әлеуметтік-экономика саласындағы заңдылықты қадағалау мәселесі бойынша өткен жылы 316 арыз қаралды. Тексеру кезінде анықталған заңсыздықтар бойынша 26 наразылық, 23 ұсыныс, 97 ұйғарым, 9 тәртіптік және 11 әкімшілік өндіріс, 1 қылмыстық іс қозғалып, 5 талап-арыз сотқа жолданды. Мәселен, Индер аудандық прокуратурасымен Б.Дүйсенғалиевтың аудандық санитарлық эпидемиологиялық станциясының бас дәрігері С.Қыдыровтың заңсыз әрекеттері жөніндегі арызы тексерілді. Нәтижесінде оның аталған көсіпкердің қызметіне тыйым салып, құқығына заңсыз араласқаны және тексеру қаулысын тиісті органға тіркетпегені анықталып, ол бойынша наразылық келтіріліп, арыз қанағаттандырылды.

Ал Исатай ауданының бір топ тұрғындары Н.Гибатуллин, Р.Иманғазиев және

басқаларының “ТанСервис” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен еңбек ақыларын өндіру жөніндегі арыздары бойынша тексеру нәтижесінде мекеме басшысы екі ай бойына, сондай-ақ осы ауданның тағы бір топ тұрғындарына “Нарынқұм” БК-ы еңбек ақыларын төлемей, Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабымен көзделген еңбек ақы алу құқығына нұқсан келтірген. Бұл фактілер бойынша мекеме басшыларына ұйғарым беріліп, орындалып, арыздары қанағаттандырылды.

Азаматтардың өтініштерін қарап, шешу жариялы түрде ұйымдастырылған. Бұқаралық ақпарат құралдарында заңдарды қолдану тәртіптері түсіндіріледі. Мұндай жарияланымдар облыстық “Прокуратура жаршысы” газетінде жиі басылады. Бұл басылым оқырмандар көңілінен шығып, қазіргі кезде тиражы бастапқы 2000 данадан 3400-ге дейін өскен.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының алқа шешімдерін орындау мақсатында облыстың прокуратура органдарында түскен арыз-шағымдармен жұмыс жағдайы ұдайы талданып, нәтижелерінде оны ұйымдастырудың нақты шаралары алынды. Ұйымдастыру-бақылау бөлімі аса көңіл аударып, тоқсан сайын құрылымдық бөлімшелерде азаматтардың өтініштерінің қаралып, шешілуіне тексеру жүргізіп, анықтамалар жасады. Мұндай тексерулер бес рет, атап айтқанда, облыстық прокуратураның құрылымдық бөлімдерінде, Атырау қаласы мен Құрманғазы, Исатай, Махамбет аудандары прокуратураларында жүргізілді. Нәтижелері жетекші орынбасарлардың жанындағы шұғыл мәжілістерде қаралып, ондағы айтылған кемшіліктерді болдырмау шаралары жасалды.

Азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылғандығы жөнінде арыз-шағымдар өткен жылдың қаңтар айында алқа мәжілісінде арнайы қаралды. Жалпы азаматтардың арыз-шағымдарымен жұмыс тәртібі жеті рет шұғыл мәжілістерде қаралған. Бұлардың шешімімен 12 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

ЗАҢ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕЙТІН ОБЛЫСТЫҚ БАСЫЛЫМ “Прокуратура жаршысы” газетінің қанаты қатайып келеді

Құқық қорғау органдарының, солардың ішінде прокуратураның күнделікті өмір ағымдары, тыныс-тіршіліктері сан қилы-қызықты да күрделі. Бірақ оның бәрі қалың қауымның құлақтарына жетіп, көздеріне көріне бермейді. Міне, осы бір олқы жатқан тұсты толтыру, бұқарамен қоян-қолтық, жариялылық жағдайында қызмет ету мақсатымен, осыдан алты жыл бұрын Атырау облыстық прокуратурасы өз газетін ашуға ұйғарым жасады. Оған “Прокуратура жаршысы” деген атау беріп, өздері құрылтайшылық етті.

Әрине, газет үшін алты жыл үлкен кезең емес. Әйтсе де, ол өзіндік қалыптасу жолынан өткен, бағыт-бағдарын айқындап, бет-бедерін белгілеген шақ бола білді. Көтеретін мәселелері көбейіп, мазмұны бірте-бірте қоюланып келеді. Ілкіде шалғайдағы Құрманғазы аудандық баспаханасында алғашқы өрпі басталып теріліп, 2000 данамен оқырмандарына жасқана жол тартқан газет бүгінде облыстық прокуратурадағы редакцияның өз компьютерімен теріліп, беттеліп, Атырау қаласындағы “Ақ Жайық” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында түрлі-түсті бояулармен әдемі безендіріліп, басылып, айына екі рет шығатын, 4300-дей таралымы бар басылымға айналды.

рор пайымдауы”, “Ортақ қызмет өрісі” және тағы басқа да айдарлармен берілген мақалаларда прокуратура органдарының қат-қабат қызметтері көрініс тапты.

Соңғы үш жылдан бергі мерзімде газет бетінен “Сыбайлас жемқорлыққа – тегеурінді тосқауыл” атты айдар жиі көрініс берсе, биылдан бастап оны өзгертіп “Жемқорлық – жегі құрт, індетіп, көзін құрт” деп беріп келеміз. Онда Қазақстан Республикасының “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” заңының қолданылуы, бұл жолдағы нақты істер, прокурорлық қадағалаулар нәтижелері тілге тиек етіліп жүр. Газетте “Бөлім бастықтарының мінбері”, “Аудан прокурорлары сөз алады” айдарларымен Құрманғазы, Жылыой, Махамбет, Исатай, Қызылқоға аудандарының прокурорлары Ф. Мүрсәлиев, Х. Қасымов, Ж. Көбегенов, Б. Халықов, А. Абдолов, облыстық прокуратураның бөлім бастықтары Ә. Құмғанбаева, С. Еңсегенов, Р. Қадырғалиева бірнеше реттен сөз алды.

“Заң қолданылуымен құнды” – басылымымыздың басты айдарының бірі. Бұл айдармен заңның нақты қолданылысы, кемшіліктер, проблемалар беріліп тұрады. Соңғы жылдарда тіл тағдырына қатысты “Тіл мәселесі – “Прокуратура жаршысының” тұрақты бақылауында”,

- “Прокуратура жаршысының” алғашқы нөмірі 1996 жылғы мамырдың 1-інде 2000 дана таралыммен жарық көрді.
- 1999 жылдың ортасында 2327 дана болды.
- 2001 жылдың қаңтарында оқырмандар саны 3013-ке жетті.
- 2002 жылдың екінші жартысында таралым 4237 данаға өсті.
- 2003 жылы 5000 данадан асқалы отыр.

Облыстық қоғамдық құқық қорғау газеті болғандықтан, ол өңіріміздегі заңдылықтың сақталуы, қылмыспен күрес, адамдар мен азаматтардың заңды мүдделерін қорғау және тағы басқа мәселелерді ұдайы назарда ұстап отырады. “Қадағалау қарымдары”, “Азаматтық істің арқауы”, “Қылмыскерге құрық”, “Ақиқат – ар айнасы”, “Табиғат – туған аяқ”, “Өтінішке сергек көзқараспен”, “Проку-

“Ана тілің – туғырың” атты айдарлар ашылды. Бұрын заңгер-жазушы С. Ұзақбаевтың облыстық әкімшіліктегі тілге деген немқұрайлылықты ашына бейндеген “Жылдарсың ба, күлерсің бе?” деген сыни пікірі билік басындағыларға қозғау салған еді. Ал, “Атырау” қазақ шаһары емес пе еді?” (авторлары Т. Жаңабайұлы, А. Ақбалашұлы) атты мақалада қаладағы тіл туралы заңдылықты аяққа таптаушылықты жан-жақты ашып көрсетті.

Облыстың қала, аудандарының құқық қорғау органдарының, облыстық кеден, әділет басқармаларының бүгінгі тыныстірішілігін баяндайтын арнайы номерлер шығарылды.

Өткен-кеткен және бүгінгі ардагерлерімізді ардақтаудың, олардың тұлғаларын, ізгі істерін кейінгі толқынға үлгі етіп ұсынудың тәрбиелік мән-маңызы айырықша. Сондықтан прокуратура ардагерлері Ғ.Жапаров, Ө.Мырзалиев, Н.Мұқамбетов, Р.Ғұбайдоллаұлы, Р.Балмұқанов, Б.Жұбановтардың, сондай-ақ марқұмдар қазақтың тұңғыш прокуроры Ш.Бекмұхамедов, облыс прокуратурасы құрылғанда алғашқы басшылық еткен Қ.Төрешов, Қазақстанның әділет халық комиссары әрі прокуроры болған Б.Айтмағамбетов, Атырау прокуратурасының қызметкері, Кеңес Одағының Батыры М.Баймұқанов және басқалардың өмір жолдарын, өрнекті іздерін “Ардақталар алдыңғы толқын бар”, “Прокуратура күнпарақтары сыр шертеді” атты айдарлармен көрсетіп, баршаға өйгілеу, өз қолдарымен жазылған естеліктерін жариялау тұрақты дәстүрге енді. Сонымен бірге бүгін қатарымызда бірге еңбек

етіп жүрген танымал заңгерлердің табысты істерін қалай көрсетеміз? Осы сауалға жауапты “Келбет” деген айдар ашу арқылы таптық.

Бірыңғай тақырыптармен оқырмандарымызды зеріктіріп алмайық деген ниетпен шырғалаң оқиғалы шығармаларды, заңгерлерге қатысты қысқа өңгімелерді, өзіл-қалжыңдарды, тапқырлық сөздерді жариялау ұмыт қалдырылмайтын болды. Өлкемізден шыққан Қаратау, Атағозы, Құлжабай, Алдар, Тұрмағанбет, Есет, Тұманшы, Бөдене билер туралы танымдық мақалалар “Тура биде туған жоқ” деген айдармен беріліп тұрды.

Редакцияның жанында ақылдастар алқасы бар. Оған бұрынғы және қазіргі облыс прокурорлары Б.Ерғалиев пен М.Жоргенбаев жетекшілік етіп, басылымның қанатының қатаюына игі ықпал етті. Алға қарай құрылтайшымыз – облыстық прокуратурамен бірлесе отырып, газеттің тақырып шеңберін кеңейту, мән-мазмұнын арттыру, байыту көзделіп отыр.

Газет – өмір айнасы. Демек уақыт талабымен үндесіп, төңірегімізді айналағыдай көріп отыру, баршаға оны жедел жеткізіп отыру міндетіміз.

Светлана ЖУМАШЕВА,
*облыс прокурорының кадр жөніндегі
аға көмекшісі, кіші заң кеңесшісі*

ІС ЖҮРГІЗУ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ

Тіл мәселесі десе көкірегі ояу, көзі ашық қазақ азаматының жүрегі сыздамауы мүмкін емес. Кешегі кеңестік сынаржақ саясаттың салдарынан ондаған жылдар бойы қағажу көріп келген ана тіліміздің бүгінгі тағдыры баршамыз үшін сын болса керек. Соңғы он жыл ішінде мемлекеттік мәртебе алып, заңдық негізі қаланған қазақ тілінің өзекті мәселелері прокуратура органдарының да күнделікті қызметімен тығыз байланысты болып отыр. Атап айтқанда, облыстық прокуратура органдары “Қазақстан Республикасындағы тіл туралы” заң мен Қазақстан Республикасы Бас прокурорының “Прокуратура органдарында іс жүргізу жұмысын мемлекеттік тілге сатылы түрде көшіру туралы” 1999 жылғы наурыздың 19-ындағы бұйрығын жүзеге асыру бағытында жұмыстанып келеді.

Ең алғашқы кезекте прокуратура органдарындағы іс жүргізуді мемлекеттік тілде жүргізу қолға алынды. Сонау 1999 жылы алдымен аудандық, содан соң көп ұзамай қалалық және облыстық прокуратураларда іс жүргізу мемлекеттік тілге көшірілді. Мәселен, күні бүгін барлық іс қағаздары, алқа мәжілістері мен жедел жиналыстар тек қана мемлекеттік тілде откізілуде. Сондай-ақ “Қазақстан Республикасындағы тіл туралы” заңның 12-бабын жүзеге асыру жөнінде 2001-2002 жылдарға арналған іс-шаралардың жоспары жасақталып, осы жоспарға сәйкес прокуратура органдары қызметкерлері арасында қазақ тілін оқыту сабақтары жүргізіліп келеді. Облыстық прокуратураның кеңсесінде жасақталған компьютер сыныбында мемлекеттік тілді жетік үйренуге және компьютерлік техниканы

менгеруге арналған сабақтарды үзбей өткізу дәстүрге айналған. Бұл сабақтарға негізінен облыстық және қалалық прокуратура қызметкерлері қатысады. Оларға жоғары білімді тіл маманы арнайы бағдарлама бойынша дәріс беруде. Компьютерлерге прокурорлық қадағалау актілерінің мемлекеттік тілдегі үлгілері салынған.

Жалпы, тіл мәселесіне байланысты қолға алынған барлық шаралардың нәтижесін білу мақсатында, бытыр прокуратура органдары қызметкерлерінің мемлекеттік тілді игеру деңгейін анықтау үшін, бекітілген жоспарға сай олардан бес турдан тұратын емтихан қабылданып, байқау өткізілді. Оқуға қатысушылардың прокурорлық құжаттарды мемлекеттік тілде жазып үйренумен қатар, Қазақстан тарихы, мәдениеті мен өнері туралы да қосымша мәліметтер алуға жағдайлары бар.

Тағы бір атаусыз қалдыруға болмайтын маңызды жаңалық – облыстық прокуратура үйінен қазақ жазушыларының шығармаларынан жинақталған кітапхананың ашылуы. Бұл да қазақ тілін үйренушілерге нақты көмек беру мақсатында ұйымдастырылып отырған игі шара деуге әбден болады. Кітапхана 800-ден астам қазақ тіліндегі көркем әдебиетпен және мемлекеттік тілде шығатын газет-журналдармен толықтырылған.

Сонымен қатар мемлекеттік тіл туралы заңның орындалуын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттау ісіне де көңіл аударылып келеді. Облыстық, қалалық және аудандық прокуратура органдарының қызметкерлері жергілікті

баспасөз бен облыстық теледидарда мемлекеттік тілде сөйлеп, мақалаларын жиі жариялап тұрады. Бұл ретте облыстық прокуратура жанынан ашылып, 1996 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан “Прокуратура жаршысы” газетінің жұмысын атап айтуға болады. Газет жалпы мәселелермен бірге “Тіл туралы” заңның орындалуына да тиісінше көңіл бөледі. Оның “Тіл мәселесі – “Прокуратура жаршысының” тұрақты бақылауында” деген тұрақты айдары да бар. Сонымен бірге, “Прокуратура жаршысы” газетінде 1999 жылдың қазанынан бері “Арғымақ” деп аталатын арнаулы ат спорты және ұлттық салт-дәстүр беті шығарылып келеді. Онда “Атыраудың әйгілі аттары”, “Фибрат”, “Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар”, “Зерде”, “Өнеге” сияқты айдарлар аясында қазақтың халықтық дәстүрлері, оның бүгінгі ұрпақтар тарапынан қастерленуі және одан өрі дамытылуы қақында материалдар жиі беріліп отырады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілге көшу жұмыстары өрі қарай жалғасын табуда. Атап айтқанда, бұл бағытта бағдарлама жасақталып, ол бойынша облыстық прокуратураның ғимаратында “Ана тілің – тұғырың” атты қабырғалық көрме дайындалып, құқық қорғау органдары мен облыстық, қалалық және аудандық прокуратуралар арасында “Мемлекеттік тіл – мерейім”, “Атыраудың атактылары” (елдің атақты билері, ақындары, онші-жыршылары) атты байқаулар өткізу көзделіп отыр.

Демек, мемлекеттік тілге көшу – ортақ мерейіміз.

Бақтылы ҚОШАНОВА,
облыстық прокуратураның кеңсе меңгерушісі, кіші дәрежелі заңгер

КЕҢСЕДЕН БАСТАУ АЛЫП...

Күн сайын прокуратура кеңсесіне (канцелярияға) қаншама қатынас қағаздар, бұйрықтар, өкімдер, азаматтардың өтініштері, қылмыстық және азаматтық істер бойынша құжаттар жиынтығы және тағы басқалар түсіп жатады десеңізші?! Соның бәрін тіркеп, саралап, тиісті жерлеріне жіберіп отыру керек. Бұл – былай қарағанда, көзге көп еленбейтін,

ал дұрыс атқармасаң прокуратураның барлық жұмыстарына кедергі келтіретін жұмыс. Шындығы осы. Көптеген құжаттар тігіліп, олардың және қадағалау өндірістерінің нөмерлері көрсетіліп, өңделіп отырады. Мұрағатқа сақтауға жолданады.

Мен өзімнің еңбек жолымды 1976 жылы қарашаның 3-і күні кеңсе инспекторы

болып бастадым. Осы қызметте шыңдап, баулыған алғашқы ұстазым Евдокия Михайловна Крикова болатын. Ол кісі облыстық прокуратураның кеңсе жұмысында 1953 жылғы қарашаның 16-сынан 1991 жылғы ақпанның 28-іне дейін істеді. Өзі ісін жетік білетін, аса мұқият, тындырымды адам. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін сүйікті қызметін қалалық прокуратурада жалғастырды.

Аудандық прокуратураларда да кеңсе жұмысының білгірлері баршылық. Әсіресе, кеңсе меңгерушілері Махамбет аудандық прокуратурасынан Нәсіп Фабасова, Қызылқоғадан Маруся Сәрсенғалиеваның жақсы жұмыстарын атап өткен ләзім. Сонымен қатар, облыстық прокуратураның кеңсе қызметкерлерінің құрамында болған Бақыт Қуанова, Ғалия Сүндетова, Күлөнда Досмағанбетова өздеріне жүктелген міндеттерді абыройлы атқарды.

Қазір Құрманғазы, Қызылқоға, Махамбет аудандық прокуратураларының кеңсе меңгерушілері Бақыт Баширова, Роза Қалиева, Күлөнда Қыстаубаева, Атырау қалалық прокуратурасының кеңсе

меңгерушісі Гүлвира Дәулетқалиева және облыстық прокуратура кеңсесінің мамыны Гүлжамал Айдаралиева және басқалар алдыңғы апаларының істерін ойдағыдай жалғастырып келеді.

1991 жылы ақпан айында облыстық прокуратураның кеңсе меңгерушісі болып тағайындалғаннан кейін, прокуратураның мұрағатын (архивын) реттеу үшін, сол кездегі облыс прокуроры Қабдығали Николайұлы Ахметовке мұрағат инспекторы етіп Валентина Федоровна Сейітжанованы тағайындау туралы ұсыныс енгізген едім. Бастық менің ұсынысыма келіскен еді. Біз қателеспеген екенбіз. Содан бері Валентина Федоровна өзінің еңбекқорлығы, ұқыптылығы арқасында мұрағатты облыстағы алдыңғы қатарлы мұрағаттар қатарына шығарды. Тіпті облыстың мұрағат басқармасы облыстағы мекемелерге жанадан тағайындалған мұрағат қызметкерлерін біздің мұрағатты көріп, үлгі, өнеге алуға жіберіп отыратын болды. Оны біз мақтаныш тұтамыз.

Мақсатымыз – қашан да абырой биігінен көріне беру.

Сәуле НЫҒМЕТОВА,

“Прокуратура жаршысы” газетінің қызметкері

ӨЗ МҰРАЖАЙЫМЫЗ БАР

Соңғы жылдары облыстық прокуратура өміріне енген елеулі жаңалықтардың бірі – мұражайының ашылуы еді. Оның ашылуына Қазақстан Республикасы Президентінің “1999 жылды Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы деп жариялау туралы” 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Жарлығы түрткі болғанды. Осы құжат негізінде мұражайға арнайы куәлік берілді.

Мұражайды ашудағы мақсат прокуратура органдарының тарихын, шежіресін сақтау болатын. Бұл мақсат орындалған сияқты. Өйткені мұражайға кірген адам еріксіз үлкен әсерге бөленеді. Мұндағы бір бұрыштың, суреттер мен жәдігерлердің өзіндік шертер сырлары бар. Мәселен, бір бұрышқа Қазақстан прокуратурасының Құрметті қызметкерлері атағын алған прокуратура қызметкерлерінің фотосуреттері ілінген. Енді бір қырыңызға

бұрылсаңыз Кеңестер Одағының Батыры, прокуратура ардагері Муса Баймұқановтың мүсініне көзіңіз түседі. Оның маңынан батырдың өмір жолынан, қызметінен сыр шертетін жәдігерлер орын алған. Сонау ерте заманда, Тәуке ханның Жеті жарғысы қазіргі Конституцияның міндетін атқарып тұрған кезде, сол дәуірдің өділ қазылары болған Төле, Қазбек, Әйтеке билердің суреттері мен ұлағатты сөздері де осында. Облыс прокурорларының кім болғанын да қабырғадағы суреттерден білуге болады. Бір бұрыштан орын алған прокуратура қызметкерлерінің бұрынғы киім үлгісі де ерекше көз тартады. Сондай-ақ өзінің алғашқы еңбек жолын Атырау прокуратурасында бастаған ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, заңгер, профессор Салық Зимановтың, облыстың прокуратура органдарында ұзақ жылдар

бойы өздерінің қызметтік борыштарын адал атқарған, қазір ортамызда жоқ Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген заңгерлер Бисенбі Бисенқұлов, Сатан Шореевтердің және Қазақстан Республикасының алғашқы Бас прокуроры болған, бүгінде Парламент Мәжілісінің төрағасы Жармақан Тұяқбайдың, ардагерлердің, бүгінгі аға буын заңгерлердің өмір жолынан сыр шертетін бейне суреттер,

күжаттар, заң тақырыбындағы еңбектері ілініпті. Сонымен қатар, жарық көре бастағаннан бергі алты жыл ішінде прокуратура өмірінің айнасына айналып үлгерген “Прокуратура жаршысы” газетінің тігінділері де мұражай төрінен орын алыпты.

Қысқасы, мұражайдың шертер шежіресі мол. Прокуратура тарихына арналған дербес мұражайдың болуы біздің ортақ мақтанышымыз десек те артық емес.

ПРОКУРАТУРАДА – ДӘРІГЕРЛІК БӨЛМЕ

Заң және құқық қорғау саласында жұмыс істеу оңай емес. Ол терең білім, қажымас жігермен қатар, мықты денсаулықты да қажет етеді. Бұл – жартылай әскери қызмет. Кез-келген әскери қызметтің өз емдеу орны (мәселен, госпиталь, санитарлық бөлім, т.б.) бар. Ендеше, күн-түн демей қарбалас қызметтің соңында жүретін прокуратура қызметкерлерінің де өз дәрігерлері болуы қажет-ақ. Жақында осы қажеттілік өтелді.

Облыс прокуроры Мұқтар Жоргенбаев таяу күндері ғана ҚР Бас Прокурорының 2001 жылғы 27 наурыздағы “Прокуратура органдарының кадрлармен жұмыс бағытындағы негізгі басымдықтары туралы” № 48 бұйрығын басшылыққа ала отырып, “Дәрігерлік бөлме және прокуратура органдарының қызметкерлеріне дәрігерлік көмек көрсету туралы” Ережені бекітті. Прокуратура қызметкерлерінің денсаулықтарын нығайту мақсатында жасакталған бұл Ереже аталмыш сала қызметкерлеріне дәрігерлік көмек көрсету тәртібін реттейді. Осы Ережеге сай облыстық прокуратура ғимаратында ашылған дәрігерлік бөлменің қызметкерлері өз жұмыстарын ҚР Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен бұйрықтарға және өздері бағынатын мекеме басшысының нұсқаулары мен өкімдеріне сәйкес жүргізеді. Мұнда облыстық прокуратура аппаратының, Атырау қалалық прокуратурасының және облыстық құқықтық статистика және ақпарат орталығының қызметкерлері тегін қаралатын болады.

Біз дәрігерлік бөлмеге кіргенімізде дәрігер-терапевт Айна Темірташева мен медбике Эльмира Халиуллина емделушілерді қабылдап жатты.

– Біздің мақсатымыз – прокуратура қызметкерлерінің денсаулықтарын мұқият қадағалап, олардың дәрігерлік көмекті қызмет істей жүріп алуына жағдай туғызу, – дейді Айна Кұмарқызы. – Дәрігерлік бөлме ашылғалы 15 адам келіп қаралды. Оларға арнайы медициналық карта жасакталып, тиісті емдерін алып жатыр. Прокурорлар аптасына екі рет дәрігердің қабылдауында бола алады. Облыс прокуроры алаңсыз жұмыс жасауымыз үшін барлық жағдайды туғызып отыр. Алдағы уақытта дәрігерлік препараттармен, массаж кабинетімен жабдық-тамақ. Ал егер прокуратура қызметкері жұмыстан тыс уақытта ауыра қалса облыстық ІІБ жанындағы дәрігерлік қызмет орнына хабарласып, үйлеріне дәрігер шақыртып, еңбекке уақытша жарамсыздық бетшесін аштыруға және бұл жөнінде облыстық прокуратураның кадр бөліміне хабарлауға тиіс.

Дәрігерлік бөлме қызметкерлері ай сайын прокуратураның, құқықтық статистика және ақпарат орталығының басшыларына қызметкерлердің денсаулықтары туралы ақпарат беріп, инфекциялық және паразиттік аурулар анықталған жағдайда дереу медицина қызметінің санитарлық-эпидемиологиялық стансасына хабарлауға міндетті көрінеді. Егер қызметкерлерді жұмыстан қол үздірмей емдеу мүмкін болмаған жағдайда олар ішкі істер басқармасының госпиталінде немесе облыстық, қалалық емдеу мекемелерінде ем алады. Алғашқы медициналық жедел көмек кезінде дәрігерлік көмекпен тегін қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ дәрігерлік бөлме жанында жұмыс жасап тұрған сауна да прокуратура ғимаратындағы сауықтыру кешенінің құрамына

кіріп отыр. Мұның бәрі ауыр да, жауапты жұмысты арқалап жүрген прокуратура қызметкерлері үшін жасалған орынды қамқорлық екені сөзсіз.

Біз де өз тарапымыздан дәрігерлік бөлме қызметкерлеріне еңбектеріңіздің жемісін көріп, заң қызметкерлерінің алғысына бөлене беріңіздер демекпіз.

Гауһар СЕРІКОВА,
облыстық прокуратураның қызметкері

ҚОЛ БОСТА КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ОҚИМЫЗ

Кітап — жан азығы. Оны ешқандай телдидар да, бейнетаспа да алмастыра алмайды. Өркениет ғасырының қаншама таңдай қақтырар жаңалықтары өмірге келіп жатса да, кітап өзінің рөлін жоғалтқан жоқ. Қайта адам баласы айқай-шу мен даңғазадан жалығып, зиялыланған сайын кітапқа деген сұраныс арта түсетін секілді.

Өл-ауқатының түзеле бастағаны пшығар, соңғы бірер жылда адамдар кітап іздей бастады. Әсіресе, кешегі елуінші-сексенінші жылдар аралығындағы классикалық туындыларды қайталап бір оқуға жұрттың ықыласы ауып отыр. Осы орайда, сөз жоқ, оларға кітапханалар көмекке келмек.

Біздің облыстық прокуратураның кітапханасы 1999 жылы “Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы” жылына орай ашылған болатын. Кітапхананы ашудағы мақсат — прокуратура қызметкерлеріне рухани тұрғыда көмектесу. Олардың білімдерін өз беттерінше жетілдіруіне, қызмет барысында қажет болатын материалдар мен көмекші құралдарды еркін пайдалануларына мүмкіндік беру. Салалық кітапхана екендігіне қарамастан 800-ден астам көркем әдебиетпен толықтырылған. Мұнда күні кеше ғана кеңес халқының бірнеше буын ұрпақтары қолдарынан тастамай жүріп оқыған Сәкен Сейфуллиннің, Ғабиден Мұстафиннің, Ілияс Есенберлиннің, Жұбан Молдағалиевтің, Абай Құнанбаевтың, Ғабит Мүсіреповтың, Ыбырай Алтынсариннің,

олардың ізін басушы Фариза Оңғарсынованың, Олжас Сүлейменовтың, Зейнолла Қабдоловтың, Әлжаппар Әбішевтің, Шерхан Мұртазаның, Тұманбай Молдағалиевтің, Қадыр Мырзалиевтің, тағы басқа да қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалары жинақталған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР қылмыстық кодексі, қылмыстық іс жүргізу кодексі, қылмыстық атқару кодексі, заңгерлерге арналған сөздіктер, оқулықтар кітапхана сөрелерінен орын алған. Кітапхана жанында арнаулы оқу бөлмесі жұмыс жасайды. Сондай-ақ кітапханада мемлекеттік тілді үйренуге арналған оқу құралдары, заң мен құқық саласына қатысты кітаптар, газет-журналдар жинақталып, тіл үйренушілердің оларды еркін пайдалануына көңіл бөлінген. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге көңіл бөлінгеніне прокуратура ардагерлері де риза екендіктерінің куәсі ретінде, ардагер Рысқали Балмұқанов кітапханада өзінің жеке кітаптарын сыйға тартты. Кітапхана алдында тұрған міндеттің бірі — заң тақырыбына арналған кітаптарды одан әрі молайта түсу.

Алдағы уақытта прокуратура қызметкерлерінің сұранысын ескере отырып, кітапхана қорын бұдан әрі де толықтыра түсуді, оған прокуратура қызметкерлерінің өздерін де тартуды, сойтіп кітапты олардың жан серігіне айналдыруды көздеп отырмыз.

Валентина СЕЙІТЖАНОВА,
облыстық прокуратураның мұрағатшысы

МҰРАҒАТ — ТҮНҒАН ТАРИХ

Біз әдетте жылыстап өткен әр күннің тарихты құрап жатқанына мән бермейміз. Ал, егер, әрқайсысымыз жасаған ісімізді хаттап, сақтап қояр болсақ, ол сөз жоқ

күндердің күнінде тарихи құнды дерекке айналар еді. Олай болса, әрбір мекеменің қызметкерімен қатар жеке азаматтар үшін де өзінің дербес мұрағатын

жасақтаудың маңызы зор. Мұрағат – өткен уақыттың үнсіз куәсі.

Соңғы жылдары мемлекет тарапынан мұрағат ісіне көп көңіл бөліне бастады. Соның ішінде салалық мұрағаттарға да назар аударылуда. Бұл орайда, әсіресе, заң мен құқық саласына қатысты құжаттарды сақтаудың маңызы зор екені белгілі. Осындай қажеттілікке орай құрылған облыстық прокуратура мұрағаты сонау 1938 жылдан бері мұлтсіз жұмыс жасап келеді. Бұған баса маңыз берілгендіктен де болуы керек, біздің облыстық прокуратураның мұрағаттық қоры жақсарды. Бүгінде мұнда 753 – қор сақтаулы. Оның ішінде 8000-ға тарта папка бар. Материалдық базасы да жаман емес екенін айта өту керек. Мұрағат іші кең де, жарық, салқындатқышпен және басқа да керекті құралдармен жабдықталған. Бір сөзбен айтқанда, алаңсыз жұмыс жасауға толық мүмкіндік бар. Мұрағатта облыстық прокуратура саласында қажырлы еңбек еткен, заң қалау ісінде өшпес із, үлгі, өнеге қалдырған прокурорлардың өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар сақталған. Сарғайған қағаздар арасынан кешегі есімдері елге аңыз болған Қ.Төрешов, С.Тапалов, К.Бисенбин, Г.Лукпанов, А.Нұрғазин, Г.Назир, Д.Досполов, О.Боранбаев, И.Сейітов, Ж.Тұяқбаев, Қ.Ахметов, М.Есімов, Б.Ерғалиев, кезінде Атырау прокуратура органдарында халық тергеушісі болып қызмет істеген Кеңес Одағының Батыры, заңгер М.Баймұқанов және басқалар туралы құнды деректерді табуға болады. Бұлар сонау қыркыншы жылдардың бас кезінен бастап, тоқсаныншы жылдардың аяғына дейінгі кезеңде жұмыс істеген прокурорлар еді. Одан бергі кезеңде облыс прокуроры қызметін М.Жөргенбаев атқарып отырғаны белгілі.

Рас, мұрағат ісі сырт көзге байқалмайтын бейнеті көп жұмыс. Мәселен, 1938 жылғы мұрағаттық құжаттар газеттің қағазына жазылған екен. Кейбірін қара қараңдашымен жазған. Көзге әрең көрінеді. Оның үстіне барлығы да әбден мүжіліп, сарғайған. Оларды сақтап қалу үшін көз майынды тауысып отырып, кейбір тұстарын жаңа қағазға көшіруге тура келеді. Ал, оқуға жарайтын, бірақ жыртыла бастаған құжаттарды жалықпай отырып, желімдеумен айналысамыз. Материалдар

ды өңдеп, жаңалау, жылдың әр тоқсанына бөліп, жоспар жасақтау секілді қымбат жұмыстар көп-ақ. Тек өз ісіне шын берілген адамдар ғана мұрағат жұмысын төзімділікпен, тіпті, асқан көнбістікпен атқара алады.

Бүгінде мұрағат материалдарына қарап отырып, сонау қыркыншы, елуінші жылдары қағаздың сондай қат болғанын байқауға болады. Біздің жұмысымызды көбейтіп отырған да осы кезеңдерге қатысты материалдарды бүгіндеу болып отыр. Бұларды жазбаларға зиян келтірмей отырып желімдеу керек. Өйткені ол тұтас тарих қой.

Бір сөзбен айтқанда, мұрағаттық қорды сақтаудың маңызы зор. Егер бұл қор мемлекеттік сақтауға жататын болса, онда ол құжаттар болашақ ұрпақтың игілігіне айналмақ. Бүгінде көптеген нәрселер адамның жалынан шығып кетті. Бірақ ондаған жылдардың қырқасында қалған тарихи оқиғалар қағазда сақталып қалды. Біз мұрағат құжаттарына неғұрлым жанашырлықпен қарасак, тарихи құндылықтарды соғұрлым жақсы сақтап қалған болар едік. Бүгінде облыс прокурорлары арқылы заңға қарама-қайшы актілерге келтіріліп жатқан әрбір наразылықтар, басқа да құжаттар мен түрлі анықтама, үйғарымдар кешегі және бүгінгі болған жайдан шын дерек береді. Сондықтан оларды сақтау, тіпті, міндет дер едім. Тек қана қатаң есеп пен тиісті есеп беру мұрағат құжаттарын сақтаудың кепілі болмақ. Бұл орайда бақылау карточкалары мен есеп журналын жүргізу мұрағаттан уақытша алынған іс қағаздарының жоғалтауына кепілдік бермек.

Қазір заман өзгерді. Адамзат баласы жаппай өркениет әлеміне аяқ басты. Компьютерлендірілмеген сала қалмады. Бұл ахуал мұрағат қызметкерлері үшін де өздерінің білімін жетілдіруді қажет етіп отыр. Әрине, ешкім іштен біліп тумайды. Өзім бұл орайда білікті прокурорлар Әйкен Құмғанбаева, Бактылы Қошанова секілді өз істеріне шын берілген жандармен қызметтес болғанымды мақтан етемін. Сондай-ақ облыс прокуроры және оның орынбасарлары да мұрағат жұмысын әркез назарда ұстап, оған қамқорлық жасап отырады. Мен өзіме сеніп тапсырылған осынау тарихи маңызы зор жұмысты адал атқарып, әріптестер сенімін ақтаймын деп ойлаймын.

КІТАПТАР БЕТТЕРІНДЕ – ПРОКУРАТУРА ӨМІРІ

Соңғы жылдары Атырау облысы заңгерлерінің өмір жолдары жайлы, өзіміз қоян-қолтық араласып жүрген прокурорлық қызметтің сан қырын ашып көрсететін кітаптардың жарық көруі арта бастады. Олардың танымдық, тәрбиелік мөндері зор. Қызыға оқысың. Алматының “Өлке” баспасынан жарық көрген “Дәуір дауысы” (құрастырған Нүри Мүфтах, Самат Ибраим) атты кітапта өзге мақалалар мен очерктер қатарында атыраулық заңгерлер – Кеңес Одағының Батыры Муса Баймұқанов, ардагер Ғайса Жапаров, отызыншы жылдарғы қуғын-сүргін құрбаны болған Құрманғазы (бұрынғы Теңіз) ауданының прокуроры Айдар Құлбасов және басқалар туралы материалдардың енуі бізді қуанышқа бөледі. Оған жалғас жергілікті “Ақ Жайық” баспасынан мақаттық әдебиетші, журналист Айбосын Елеусіновтің 1936-41 жылдары Атырау прокуратура органдарында қызмет істеген Кеңес Одағының Батыры Муса Баймұқановтың өмір жолы мен ерліктерін айшықтаған деректі повесі “Намыс оты” деген атпен жеке кітап болып шықты.

Атырау, Маңғыстау прокуратура органдарының ардагері, 3 дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі Рахметолла Ғұбайдоллаұлы “Әділет жолы” атты кітап жазды. Онда да прокуратура қызметкерлері туралы талай сырлар шертіледі, естеліктер айтылады. Ал жазушы, журналист Болат Онғарбайдың “Мемлекеттік заң кеңесшісі – Боранбаев” атты кітабында біздің облыс прокуратурасына 1975-79 жылдары жетекшілік еткен Орналы Боранбаевтың өмір жолы мен қызметтері жан-жақты және қызықты баяндалады.

Енді, міне, облыстық “Прокуратура жаршысы” қоғамдық құқық қорғау газетіндегі ай сайын тұрақты шығып тұратын “Арғымақ” деген ат спорты және салт-дәстүр бетінде жарияланған материалдар негізінде құрастырылған “Атырау арғымақтары” (құрастырушы Төлеген Жанабайұлы) атты көлемді кітап қолымызға тағы тиіп отыр.

Бұлардан басқа да бірнеше кітапта Атырау прокуратура органдарының қызметі, тыныс-тіршілігі хақында жеке-жеке материалдар жарық көрді.


Кітаптар – ағалардың және кейінгі толқынның өткен жолдарын ертеңге жеткізетін шежіре, аса құнды жолгерлер.

Жан ТӨЛЕ

КӨПЕС ҮЙІНЕН – СӘУЛЕТТІ ҒИМАРАТҚА!

Облыстық прокуратураның құрылғаннан бергі өз тарихы, өз шежіресі бар. Соның бірі – оның мекен-жайының тарихы. Ол бірден қазіргі Бақтыгерей Құлманов көшесінің 48-үйіндегі төрт қабатты, екі қанатты әдемі, сәулетті қонысқа ие болған жоқ. Әуелі ұзақ жылдар бойы Пугачев көшесіндегі орыс көпесінің үйін кеңсе етті. 1987 жылы облыстық прокуратура кеңсесінің оң қанаты салынып бітті. Облыстық прокуратура жаңа орынға көшкеннен кейін, оны бірте-бірте кеңейтуді көздеді. Табан тоздырып жүріп екінші қанатын салуға рұхсат алынды, қаржы, құрылыс материалдары іздестірілді. Ақыры ол да салынып бітіп, сәнді, кең қоныстың кешені пайда болды. Ескі мекенде қалған қалалық прокуратура, Балықшыдағы ауданаралық табиғат қорғау прокуратура-


сы көшіріліп әкелінді. Қазір прокуратура ғимараты ішінде кеңседен басқа мәжіліс залы, ойын-сауық өтетін аспанға бой созған хош иісі жасыл желегі, ортасында су бұрқағы бар қысқы бақ, кітапхана, компьютерлік сынып, сауна, дәмхана, мұрағат және мұражай бөлмелері бар. Облыс прокуратурасы үйінің көрікті де еңселі болып салынуына облыстық прокуратураның басшылығымен қатар, оның қаржы-шаруашылық бөлімінің бастығы Сайдолла Сейітжанов үлкен еңбек сіңіргенін атап өткен ләзім. Облыстық прокуратура жанынан Атырау облысы бойынша құқықтық статистика және ақпарат орталығына тағы сәнді кеңсе салынды. Ал табиғат қорғау прокуратурасының кеңсесі қаланың Балықшы бөлігіндегі екі қатарлы дербес үйде орналасқан.



V тарау

ҚОЛ БОСТА ШАБЫТҚА МІНІП...

(Өлең-өрнектер, әңгіме-хикаялар)



1934 жылы Атырау облысының Махамбет ауданында туған. 1961 жылы ҚазМУ-дың заң және журналистика факультеттерін бітірген. Ұзақ жылдар Махамбет, Индер аудандарында прокурорлық қызмет атқарды. Әділет подполковнигі, заң кеңесшісі. Олдері мерзімдік баспасөздерде көптен жарияланып келеді. "Мәңгі майдан" атты жыр жинағы бар.

ПРОКУРОР ЖАЗБАЛАРЫНАН

немесе криминальдық баллада

Болғандай өңімдегім түс үнемі,
Есіме жиі мұны түсіреді.
Тергеткен бұл қылмыстық істі маған
Ауданға жаңа келген тұсым еді.

Кімде-кім өділетті қаласа шын,
Деп жүріп менен табар арашасын,
Қайда да тап боп олақ тергеушілер,
Ағарып сала берген қара шашым.

Ал осы "бос орында" көлбегендер
Жатқандай іс тындырып көрмегенге.
Жіберген тағайындап бұл жерде де
Біреуі тағы шықты көлденендеп.

Зөренді көргеннен-ақ ұшырарлық.
Мас мүсін тіл қатар ма тұшынарлық,
Бір сөтке бойын еркін билесені,
Ісін де қайтып келген ұсынарлық!

"Іс үшін қайтып келген ұрысты" ... деп,
Дүңк етіп қалды мүлдем бүрісті де.
Тергелген маған дейін шала-шарпы
Алдым тың өндіріске бұл істі де.

Мұндайда прокурордың өкімдігі
Жайы бар аспайтуғын өтімдіге,
Тергейтін ісін өзі болғандықтан,
Оған төн тергеушінің өкілдігі.

Жай да жоқ, "бірер сағат жырышпым" дер,
Сарылып күндер жүріп, жүріп түндер...
Ал мынау сол дүрмекте тер төккізер
Ісі-тін қыз зорлаған жігіттің бір.

Ол, міне, тұтқиылдан келе төніп,
Құбылтып аждаһадай кенет өңін,

Оқыста жас аруды шалып түсті,
Шұбалтқан ала тудай кең етегін...

Тергеудің батқан тұста "қызығына"
Дегені: "Тап болдым төн құзырына,
Жүрмегей дерт дарытып өн бойыма
Кектенген зонталақтың қызы мына!"

Сезікті бұны нәпсі құмары деп,
Артқанмен бір басына кінәні көп,
Жүгіну сарапшыға – заң талабы,
Тұрғанда іс бойынша күмән үдеп...

Мінекей, жайып салған зор-ақ шынын
Уәжі мынау сынды сарапшының:
"Бойын тек бұдан кейін дерт жайлаған,
Әу баста бұл "жорыққа" жарап шығып"...

...Сүрінткен кең етегі шұбатылып,
Астына түскен қыздың сұлатылып
Білсек-ті жиіркеніште қынабынан
Еркекке у бөлініп шығатынын!!!

Уайым қып, іс соңынан "жіп ермекті!",
Тұрғанда қалай шешіп жібермек деп,
Сот оның осы жолы "шанын қағып",
Асырды жылдар кесіп жүгірмекті!"...

Бұл істе қайыр тілеп өксігенге,
Зардабын құшпас дер ек ешкім енді!
Тағдыры не болғанын сол жігіттің
Араға жылдар салып естігем-ді,

Деп, – "оны талмауратар құса басып,
Бір тылсым бейжайлыққа құшақ ашып,
Ақыры көзін жұмды, таптырмай у,
Қайтарар қыз зөрінің күшоласын...".

АҒАҒА СЫР

(Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген
заңгері У.Т.Турымовқа)

Әр күннің дүрмегінен сыр ұқтырған,
Антенна дерсің құдды сырық – тұлғам.
Жинаған бәрімізді мерейтойы
Ағаның жетпіс жасқа шығып тұрған.

Еш қылау түспей тұрып үніңізге,
Ұқпаңыз асқан асу мініміз деп,
Ол рас, шыққан жоқсыз елуге де
Бергенде қастан орын ініңізге.

Бақ жанып, бұла көңіл өскендейін,
Демей-ақ барған сайын төске өрлейік.
Елгезек әріптестер алды болып,
Ешқашан қалған жоқпыз көштен кейін.

Кенеттен шабандаса сәл ініңіз,
Жігерін шар-қайрақтай жаныдыңыз.
Бас алмай іс ақтарып, жанып жүрсек,
Бұл берген Сіздің ізгі тәліміңіз.

Көрдік қой талай қылмыс “ғажаптарын”,
Сан томды қыс ақтарып, жаз ақтарып.
Бірақ Сіз сезбедіңіз заңмен қоса
Бұл менде жыр толқытар азап барын.

Жанған бақ мейлі қанша қыспақтасын,
Білгенмін қай туғыр да ұстатпасын.

Түбіне тартып өмір тұңғығы,
Жүргенде қос кемеңіз ұстап басын.

Ол аздай, мансапқорлар есіргені
Өзінен өзганыңды кешірмеді,
Дарыған бұл да Сізден қасиет пе,
Сонда да кетсек асып көш ілгері...

Паш етіп, ұлтымызға тән гүрыпты,
Даусыңыз талай залда жаңғырықты.
Жасқа да, жасамысқа үлгі болар
Мерейін өсірдіңіз заңдылықтың.

Шағында балаң жастық жоқ арыны
Бір атақ сендік көміл соғарына.
Сіңірген ел алдында еңбегіңіз
Қалған жоқ ескерілмей жоғарыда.

Өткеннен, міне, бүгін сараң із ғап,
Елендей берген жоқсыз сан аңызға.
Толымды салауаттық – бойыңызда,
Қонымды біліктілік – санаңызда...

Дедім де көңіл шіркін босамасын,
Егілте жазған жоқпын осы арасын...
Жасаныз ұзақ тұмыр, қажымаңыз,
Мына той құтты болсын, қосағасы!

НАРЫҚ ЖОЛЫ

Қай ілімнің нұсқасын пайдаланып,
Көшті бастай жөнелген қай даналық.
Ізгіліктің ақ жолын түмшалаған,
Мына заман барады қайда маңып?

Түсірмесе “тамұққа” ешкім айдап,
Жалбарындық несіне “кеш, құдайлап”,
Жалғандыққа имандай ұйып қалар
Біз-ақ ессіз болғанда, есті қайда?!

Өрістеуге хал болмай күш табарлық,
Болмысыңа мүлдем жат іске барлық:
“Қоғамға заң еркіңе бағынбайды”, –
Деп соқтық та, оны оңай “істеп алдық”.

Жөнін ұқпай тап болған жеңілістің,
Қай жүйенің санадық шебін үстем? –
Шабуылдан баз кешкен әскердейін
Үміттен күй мынау шегіністен.

Әр іс бастар алдында жобаң ашық
Болмаған соң, сыйдың хақ жоламасы.
“Өзгерткенмен” қоғамды, білсек етті
Ол емесін нарықтың жол анасы.

Жанкешті бір қиянға астың-дағы,
Қай тұйыққа тіреліп басты ұрғаның?
Ел еңсесін котертпей парықсыздық,
Содан мөңгүрт тірліктің асқынғаны.

Сала берген өзгеріп түсің мүлде,
Алғандаймыз қажытып мүсінді де...
Осылардың себебін іздейміз деп,
Жауып қойған жайың бар ісінді де.

Осы болар дамуды тұралатқан,
Ілгерлеуге зар етіп бір-ақ аттам.
Қонақжайлық күй қапты ағайыннан,
Ашық қабақ байқалмай жұрағаттан.

Қылығымен адамға-адам қайшы,
Қай тірлігі дұрыс деп алаңдайсың.
Қалаң көрген тауқымет мынау болса,
Бұдан аман қалды дер далаң қайсы!

Қулар шықты мол табыс ығын ала,
Жарлы жүнжіп, бай шықты ыңырана –
Бірақ елді жайлаған қырсыздыққа
Қалай көнер, барып жұрт ымыраға?!

Көнбес оның кірмесі, алаңшы да,
Бұл зауалға бас ұрған алас ұра...
Шығарар тек алдамшы тығырықтан
Кері жол жоқ, жоқ оның арасы да.

Сөйтіп бастар жол біреу, жоқ арасы,
Күш біріксе, барша жұрт “жораласып”...
Үмсіндірған алда тұр ашық өлем,
Сау саясат – нарықтың жол анасы!

СОТ ЗАЛЫНАН КӨРІНІС

Сот залы. Халық сөл тынған,
Мәжіліс дереу басталды.
Құдды бір аумай салтыңнан,
Сыр тарта келсең астарлы.

“Баскесер” жұртқа бөгеннен,
Қарайды көзбен сүзгілеп.
Қылмыскер оны дегенмен,
Жары бар күткен үздігіп.

Сайма-сай соттың құрамы,
Орнығып төрде тізілді.
Сол куә келді сұранып,
Кірмеген бұрын тізімге.

Бірақ тек істің тағдыры,
Тұрған ба оның сөзінде?
Сүрлеу жоқ мұнда дағдылы,
Берілмес ерік сезімге...

Мән-жайға мүлдем қаныққан,
Прокурор ақтау жағында...
Ол жайлы бүгін халық та,
Пікірде қалған жағымды...

...Қорғаушы сүп-сүр түсімен,
Айтуға бір сөз оқталды.
Бір адам топтың ішінен:
“Әпкетек қайсың?!” -деп қалды...

СЫРЫМ ТУРАЛЫ СӨЗ

Қалайша берер едік біздер есеп,
Жоғалтқан жоғымызды іздемесек.
Қаншама асыл мұра тапқандаймыз,
Ақтарып тарих бетін тізбелесек.

Хан өткен, батыр өткен, көсем де өткен,
Соншалық сол тізбеден шешен де өткен.
Ел болып егескенде бірде жеңіп,
Ұтылып сан ұрыста есем кеткен.

Шығарған сондай сөтті тұстар атын,
Батыр, би ел билігін ұстанатын.
Қалайша дәріптемес бұл тірлікті
Өзі де әділдікке күштар ақын.

Білікті болмасам да бұл саладан,
Тарихын “өңдегенді” пір санамам.
Жасырып келді солар бар шындықты
Фасырлар қойнауында түмшаланған.

Десек те сол сабаздар бақты күндеп,
Бүгінде құлақ түрлік ақтық үнге:
Сырымның нұр бейнесі санамызда,
Жатар ма алтын кездік қап түбінде.

Құмартып шешендікке бала жастан,
Ширығып ел дауына араласқан,
От ауыз, орақ тілді ел таныған,
Небір би беделіне қарамастан.

Бұл билік ойлап көрсем небірде мен,
Елшілік құзырынан жеңіл демен.
Сөз ұқпас ақымақтан жеңілсе де,
Данадан өсте Сырым жеңілмеген.

Тілдесе қанша шешен Сырым-дүрмен,
Жақсының жақсы ғана сырын білген.
Батасы Малайсары қабыл болып,
Он төртте Мөнке биді ол сүріндірген.

Шешендік қай ұлтқа сай десең ғылым,
Бұл – дарын қазаққа төн, шешендігім.
Сырт елдік арадағы қақтығыста
Асырған елші Сырым көсемдігім.

Бұл билік ел басқару тұстарында,
Қоздырды бостандықтың күштарын да.
Отарлау саясаты ақ патшаның,
Қазақты жан-алқымнан қысқанында.

Егілтіп халық зары сол шақтағы,
Батырдың көзінен жас моншақтады.
Шайқалтты хан ордасын тұғырымен –
Отарлау езгісінің қолшоқпарын.

Теңдігін елдің ойлап қасіретті,
Қаншама жауыз қанын шашып өтті,
Аластап Нұралыны, Есімханның
Ел мұңын ойламаған басы кетті.

Таптырмай дамылдауға бір тұрағы,
Тал бойы, сай-сүйегі сырқырады.
Түскенде мал талауға, жан қамауға,
Ел үшін құлын даусы шырқырады.

Тігуге жеңіс туын қам жасалып,
Жиырма жыл ойрандалды хан жасағы.
Таптады ерттеулі аттың табанымен,
Жайықтың оң қанатын қан жоса қып.

Салумен ұлт төніне жара-белгі,
Басып күш кете барды талап елді.

Жалғасқан ғасырларға отаршылдық,
Тепкісі өкінішпен қала берді.

Содан да ел ызасы басылмады,
Қараны ханның үдеп басынғаны.
Осыдан Исатай мен Махамбеттің
“Халқым” деп белге қылыш асынғаны...

Азынап күншығыстан жел сокқанда,
Қайнады халық кегі қансоқтамда,
Осылай азаттықтың нөпір күші,
Ұласты біздің ұлы Желтоқсанға.

Зіл батпан империя үстемдігі
Ауғанда мәңгі солай үстен бүгін,
Тіріліп өлгеніміз, өткен жанып,
Кез келді сезінбейтін күш кемдігін...

Сыр тартсақ тарихтан өкшемелі,
Халқымның жатыр сонда кек-шемені.
Ал бүгін азаттықтың туын тіксек,
Сырымның осы ғой дәл көксегені.

Аманжол БЕКЕНБАЕВ,
ақын-заңгер

1958 жылы Атырау облысының Мақат ауданында туған. ҚазМУУ-дың заң факультетін бітірген. Атырау облысының прокуратура органдарында әр түрлі лауазымдық қызметтер атқарды. Махамбет ауданының прокуроры, облыс бойынша құқықтық статистика және ақпарат орталығы бастығының орынбасары болды. Қазір ҚР Бас прокуратурасында қызмет істейді. Өрімді өлеңдері оқырмандарымен жиі қауышып тұрады.

ӨЛЕҢМЕН ӨРІП ЗАМАНА КЕЛБЕТІН

Сермей-тұғын семсер тапшы дәл бүгін,
Кімге керек туралығың дәлдігін?!
Алаяқтар жалпағынан басып жүр,
Құлқын үшін кесіп тастап ар жібін,
Лақтырып айдалаға нар жүгін.

Түлкілерге күштілер де бағынды,
Тоқтаға алмай айласы көп ағынды.
Бөрі күннің қағидасы осы ма –
Бөлтіріктер мүжгілейді жаныңды,
Мықтыларың быт-шыт етсе сағыңды.

Маңдай терсіз баз біреулер бай бүгін,
Көрсетеді көлденеңдеп байлығын.
Өкініш сол – қартайғанда қарттарым

Ала алмаса тиесілі шайлығын,
Айды айға жалғамаса шайлығың.

Неге ақылды ақымақтан жеңілді,
Тентек күліп, жуас үнсіз егілді?
Әлсіз солып, әлді сонша семірді,
Ессіз билеп, естілерің тебілді,
Тоқтағам деп тойымсыздау жебірді.

Корсоқырда кеуде қағар паң қылық
Тоятсыздар талай ма әлі қан қылып?
Заманақыр келмесе де қинайды –
Айналады арбап жатқан сан былық,
Жауап бер деп тұрып қалған ЖАНҒЫРЫҚ,
Көмек бер деп тұнып қалған ЖАНҒЫРЫҚ!!!

Жоқшылықты көріп әбден ес білген,
Тоқшылықты тоқыраудан таппалық.
“Кемелденген қоғамбыз” деп есірген,
Ұрандарды туырлықтай таптадық.

Әділдіктің ара жігін айырган,
Қайран ойлар түмшаланды қиынға.
Ер жігерін қақпақылдап қайырган,
Күндер өткен... қажеті жоқ тыйым да.

Шырмаулы сөз көмекейді кептірген,
Шөл даладай құлазығың келмейді.
Үстемдігін ақылдыға жектірген,
Топастарды тарих өзі тергейді.

Тілекшің болып жүремің десең,
Күйімді өркез білер ең...
Бойымда – боран, жүрегімде – сең
Жәйім бар менің жүдеген.

Қыран-ой ұшып зеңгірлі көкке
Жетем деп қанша талпындым.
Қиямет күннің сеңгірін өпкен
Тұла бой – бүгін салқын тым.

Жылытар жанды шарқ ұра іздеп,
Айнала тұман...
Таппадым,
Бәрі де қызық қиқулы күз деп
Алданып міне жатқаным.

Қалыпсың-ау селдіреп, абат бағым,
Қара ағашты, көк орай, қарақтарым.
Араға да қаншама жылдарды сап,
Босағанды мен бүгін тағы аттадым.

Сайрағанда бұлбұлың тасып та алдың,
Енді міне бөрінен қашық қалдың.
Мекені едің саянда кездесетін
Бір-біріне ынтызар ғашықтардың.

Көлбеңдеді алдымнан киік-күнім,
Көрінгендей бейнесі сүйіктімнің.

Сағындық қой саздарыңды шертіңдер,
Ең даланың тыныштығын серпіңдер.
Әуезіңе әуенімді қосайын,
Жыл құстары, мені бірге ертіңдер.

Билік аңсау бір байланған бағың ба,
Сылдыр шешім нәр бермеді далаға.
Кабинетте көсемсіңбей, тағыннан,
Түс те төмен тірлігіңді бағала.

Бозамықтау болашақтың белесін,
Базарын да, бағдарын да ұғындыр.
Сансыз жиын, есеп сөздің егесін
Тыйып тастап іспен айтар күнің бұл.

Үміт керек төзім қалса бітуге,
Жол бермей-ақ бірін-бірі түтуге.
Арыныңмен жасампаздық жасағын,
Мына өңір бір сілкініс күтуде.

Ақиқат – азап, тегістей тиме –
Бағыңды қолдан төккенің.
Тағдырда долы келіспей кейде
Қиын да болды өткелім.

Бұл күннің күйін түсіну қиын
Батырды батыр етпеген.
Дөңгелеп дүние, айналды миым,
Онсыз да қулық жетпеген.

Құлазы көңіл желпініп шапсын,
Арғымақ ұсын ордайым.
Жолыңды бөгер жел тынып қалсын,
Соғылмай тасқа маңдайың.

БАҚ ІШІНДЕГІ ӨЛЕҢ

Таба алмадым, өттең-ай, қайың қайда,
Шарпыған ба сені де күйік бүгін?

Көзайымда өңі жоқ сиқың мынау,
Шүйгініңді жайлаған қозы,бузау.
Қай пенденің қолында қалдың бүгін,
Көк кербезім, сыңсыған, қиқулым-ау?!

Бөлшегі едің дүниенің бас иетін,
Қадірсіз боп қалдың ба, қасиеттім?
Жанайқайың жаңғырып, көрсете бер –
Табиғаттың түншыққан қасіретін,
Беу, менің қасиеттім!

ЖЫЛ ҚҰСЫ

Сап түзейін қатарыңнан қалыспай,
Жеткізіңдер мен бармаған алысқа-ай.
Көктемдерім, кездесейік сендермен,
Қоңыр күзде жүрмейікші табыспай.

Айналайын сүйір, толқын тізбектен,
Жыр жебесін кеңістіктен іздеткен.
Жыр құсы боп қонындаршы кеудеме,
Жыл құстары, былтыр көшіп күз кеткен.

Жеткізейін айтылмаған назымды,
Төгілтіңдер төңірекке сазыңды.
Бірғағыңмен тұңғыштары – көктемнің,
Бір жүректің бір өлеңі жазылды.

КИИК ҒҰМЫР

Боз жусан, бозша дала, боз бұйырғын
Мекені, күн көрісі көп үйірдің,
Шөптің түбі – суаты шөлікесе,
Жүреді қуатымен шөп-шүйгіннің.

Елсіз жер, селкем селеу, адыраспан
Ессіз жел, кейде тыныш, ашық аспан.
Күркіресе табиғат жай түсіріп,
Дүркірепап киелім адыр асқан.

Жоңкілген көкжиекте пырақтарым,
Қай жерді бекем буып тұрақтадың?
Жайылып жүрсе дағы секем көңіл,
Тігеді дүбір шыкса құлақтарын.

Өміріне өзі емей қорғаныш кім,
Киелім-ай, қаншама торға түстің,
Киелім-ай, қаншама құтылам деп,
Жаныңды шырқыратып құстай ұштың?

Алаңы жоқ лақтар қастарыңда,
Сайраның сап далала, таста, құмда.
Кенеттен қауіпті кез жақындады,
Достарың ба адамдар, қастарың ба?

Атылды кара мылтық ажал сеуіп,
Ышқына зымырадың таңдай кеуіп.
Артыңнан үрейлі үн қалыспады,
Қай жаққа бұрылсаң да таял теуіп.

Атады дәлдеп сені өудем жерден,
Қызықтап үстемдігін оған берген.
Тірліктің татар дәмі таусылды ма,
Құладың шыға келе бір тың белден.

Құладың – құрбанысың озбыр күштің,
Еркем-ай, елжіреген торға түстің.
Жалған-ай, естисің бе киик жүрек
Дүрсілдетті даланы, дөңнің үстің.

Бұлқынды бойындағы бұла күшін,
Қапылыста жан-дөрмен тұрармысың.
Жазығы жоқ ақжелең жануарым,
Мейірімсізден мейірім сұрармысың!

Жаныңды алар қорғасын атылмады,
Бөлкім, жаным, ішерің сарқылмады...
Бірақ, бірақ, пышағын жалаңдатып,
Мейірімсіз қос тұлға жақындады.

Жанайқайын жаңғырып ұшады ма,
Тағдырыңның түскесін тұзағына?
Тұяғыңды соңғы рет серіптің де,
Кете бардың мәңгілік құшағына.

Қызыл қанға боялған орның мынау,
Сенің соңғы іздерің, торғылым-ау?
Қорғаны жоқ перзентің қарап тұрды,
Әділетсіз дүниенің сорын мынау.
Күштілердің көрсеткен қорын мынау.

БАССЫН ЖАНЫМ БІР МЕЗЕТ СЫЗДАҒАНЫН

Безгеддектей безіндірді күні-түн
Жауабы жоқ сан сұрақ.
Түлкі болып бұлаңдаған үмітің
Қақпан құшты қансырап.

Торға түссең тынығуға мұрша жоқ,
Қорқау алдан ұлиды.
Зауал күн де зуылдатар бұршақ оқ,
Мерген етіп қылиды.

Қара ниет жексұрын да ақ па екен,
Білмегенің – біткенің.
Түтілмеген тірлігің бір бақ па екен,
Қайда кетті күткенің?

Иран баққа алас ұрған ұмтылыс,
Сүрінгенің – сонгенің...

Қауқарсызға мына айнала тым-тырыс,
Дүние сен де кем бе едің?!

Жаны жара табиғат та тепсініп,
Құбылады сан түрге.
Тар болды ма айдай өлем, кеншілік –
Шырқырайды жан-түрмең.

Сонар-уақыт, беймағұлым желісің,
Түмшалай ма тығырық?!
Қонар бақыт қандай екен келісің,
Тек тұрмашы тығылып.

Отыр, міне, мың сауалдар кескілеп,
Ғұмырынның парағың.
Жан-жағыңды оңды-солды тепкілеп,
Өмір көші барады...

Тесіле неге қарадым,
Өзгеше сенде ой бар ма?
Сезімді сілкіп, қарағым,
Бекерге батпа ойларға.

Көзіңмен қозғап өткенді,
Санама салып қайтесің.
Кеңісті кезіп кеткен-ді
Аяулы бейне, жалқы есім.

Төттілеу дауа – түнгі леп,
Басты ма бойды шарпыған.

Наркын мынау нарықтың ұлып тұрған,
Өткінші деп жұбатар ұлық мырзаң.
Өміріңнің бағасы өрши түсті,
Қайда барсаң бір ақша құнықтырған.

Тиын болып пақырдың өлшемдері,
Аш өзекке дауа емес, дерт емгені.
Көше кезіп су сатты балдырғаным,
Күн көрістің күйкі ісін көрсең тегі.

Еңбек ет деп талапшың тебінеді,
Көзге түссең “қарақшың” емінеді.

Өкініш-қамшы тілгілеп
Жосты ма сосын артыңнан.

Бәрі де қалсын үлбіреп,
Мая-мұң мейлі басылмай.
Жаусын да күндер күркіреп,
Жаңбыры көздің жасындай.

Тағдыр сол... солай кетейік,
Сағыныш болып өткен күн.
Кездескен сайын өтейік,
Шуағын тілеп көктемнің.

Тарпаң-тірлік ортада сілікпе боп,
Қорқасоктай моңіреп шегінеді.

Дөңгеленіп кір-қожа капиталы,
Саудагерің көзіңді ақитады.
Жеткізе ме жайнаған жағалауға,
Нарық деген кемеңің капитаны.

Қыршаңқылау күніммен егесемін,
Барсың ба сен құлшыңған, келешегім?
Ертегі боп ертеңім қаласың ба,
Ал, бүгінім, сен неткен елес елің!..

Рашид ОРАЗАЛИН,

*Атырау қалалық прокуратурасының
қылмыстық істер бойынша сот
қаулыларының заңдылығын қадағалау
бөлімінің бастығы, кіші заң кеңесшісі*

*1966 жылы Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы Мақаш ауылында туған.
1991 жылы ҚазМУУ-нің заң факультетін бітіргеннен кейін, облыстың қалалық, об-
лыстық прокуратураларында аға тергеуші, бөлім прокуроры болып қызметтер атқар-
ған. Құрманғазы ауданы прокурорының орынбасары болды. Соңғы кезде Атырау қала-
лық прокуратурасының бөлім бастығы, Кіші заң кеңесшісі.*

ЖЕЛБІРЕДІ КӨК БАЙРАҚ ТӨБЕСІНДЕ

Егемендік асыл сөз мәртебелі!
Көңілді көкке биік көтереді!
Желбіреген көк байрақ төбесінде,
Бақытты, аруакты қазақ елі!

Егемендік келген жоқ оңайлықпен,
Бұл күнге жеттік біздер көп күреспен.
Тәуелсіз ел болам деп желтоқсанда,
Қазақтың ұл-қыздары қанын төккен.

Қанын төгіп, аямай жанын беріп,
Жүреміз деп қашанғы біреуге еріп.

Ақ ниетпен алаңға шыққандарды,
Жазалады шет жұрттық Колбин келіп.

Жазықсыз қуғындалды қайран жастар,
Емес ед ол жастарың елге қастар.
Қайрат пен Ләззатты мерт қып тынды,
Нағыз ер солар еді елді бастар.

Жаңа жыр жаңа жолдан басталады,
Тарихтағы жазылған хат қалады.
Ел үшін жанын қиған батырлардың,
Есімдері жүректе сақталады.

Желтоқсан жақсылыққа күшак керген,
Жарқырап күндей болып жарық берген.
Желтоқсан қасиетті ай еді ол,
Еліме егемендік алып келген.

Тәуелсіздік әкелген сен, Желтоқсан!
Еңсені тік көтерген сен, Желтоқсан!
Қазақстан халқы үшін сен әрдайым,
Ардақтысың, сыйлысын сен, Желтоқсан!

ЗАҢҒЕРЛЕРДІҢ ХАЛЫҚҚА ЖАЗҒАН ХАТЫ

“Прокуратура жаршысы” – газет аты,
Заңгерлердің халыққа жазған хаты.
Қамқор бол жаңа шыққан бұл газетке,
Заң сүйер Атыраудың азаматы.

Әділдікті аңсаған ата-бабам,
Шындықты өтірікпен шатамаған.
Заң бар жерде қылмыстың өрісі тар,
Қиянат көрмеу керек ешбір адам.

Шындықты жырлау оның бас талабы,
Заңдылық тек шындықтан басталады.
Қара қылды қақ жарған турашыл бол,
Әсер етпес ешкімнің қас қабағы.

Жаңа заң, жаңа заман дәуірлеген,
Кім жек көрер мақтауды тәуір деген.
Өмірде жақсылықты жырлайтұғын,
Халықтың серігі бол, қамын жеген.

Ғайса ЖАПАРОВ,
прокуратура ардагері, аға заң кеңесшісі

1928 жылы Атырау облысындағы Исатай (бұрынғы Новобогат) ауданының Нарын кұмында туган. 1955 жылы Алматы мемлекеттік заң институтын бітірген. Атырау облысының прокуратура органдарында әр түрлі лауазымдық қызметтер атқарды. Мақат, Теңіз, Ембі аудандарының прокуроры, облыс прокурорының орынбасары болды. “Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкері” құрметті атағына, “Аға заң кеңесшісі” дәрежелік шеніне ие. Қазір-зейнеткер. Өткен өмір жолынан естелік этюдтар жазып тұрады.

ҚЫЗМЕТ БАБЫНДА НЕ КЕЗДЕСПЕЙДІ

(мәтлек хикаялар)

“Сот кеңесі қашан сауда базасына көшті”

Қайда қызмет істесең де өзіңе дос, жолдас тауып, сырласа бітпеге не жетсін! Гурьев облыстық прокуратурасында жұмыста болған жылдарымда, мен өзіммен күрдас немесе қатар жүрген жігіттермен әңгіме-дүкен кұрысып, араласып тұрдым. Солардың бірі – облыстық прокуратураның соттарда қылмыстық істердің қаралу заңдылығын қадағалау бөлімінде қызмет істеген марқұм Еркін Сүлейменов. Ол бірде өз өмірінен қызықты сырлар шертті.

– 1954 жылдың жаз айында, – деп бастады ол әңгімесін, – облыстық прокуратураның жалпы қадағалау бөлімінің прокуроры Төреғазы Арынғазиев екеуміз облыстық тұтынушылар қоғамының сауда базасына ботинка түсіпті дегенді естіп бардық. Бұл жұмыс күні еді. Түс қайт-

қан, сағаттың тілі 14-ті көрсеткен шақ. Ол кезде дүниенің көзі аз, әсіресе, аяқ киім қат. Асығып жүргенде, құдай ұрып, сауда базасына баратындықтарымызды жұмыс орнына ескертпей кетіппіз...

Одан әрі оқиға былай өрбиді. Екеуі базаға барса оның бастығы тұтынушылар одағына жиналысқа кетіп қалыпты. Амал жоқ, кешкі сағат 17.00-ге дейін күтеді де, бастық келген соң шаруаларын бітіріп, жұмыс аяғы болған соң, екеуі кеңсеге сол күні бармауға келіседі.

Төреғазының тұратын жері колхоз базарының түбіндегі Орал көшесінің № 4 үйі. Прокуратура кеңесі колхоз базарына жақын Пугачев көшесінде орналасқан. Демек Арынғазиев үйіне бара жатқанда прокуратураның қасынан өтеді. “Оған прокуратура басшыларының біреуі кездесіп қалуы мүмкін” деп ойлап Еркін Төреғазыға:

– Бүгін кеңсеге барма, ал біреулер көріп қалып мені сұрап жатса “көрген

жопын” дерсің, жауабын ертең өзім беремін, “сотта болдым” деп айтармын, — деп ескертеді. Ол:

— Жарайды, — деп келіседі де, бірақ артынан уәдесінде тұрмайды. Стол үстінде қағаздарының ашық қалғаны есіне түсіп, кеңсеге соқса, алдынан облыс прокуроры, марқұм Ғұбайдолла Лұқпанов кездесіп:

— Қайда жүрсің, түс қайта жұмыста болмадың ғой, Сүлейменовті көрген жоқсың ба? — деп қыспаққа алады.

Сонда Төреғазы Еркін екеуінің сауда базасына барып, ботинка алғандарын, Еркіннің жұмыс аяғы тақалған соң, үйіне кеткендігін, оның “мені көрген жоқпын” дерсің, “ертең жауабын өзім беремін, сотта болдым” деп айтармын дегеніне дейін, басқа да жүріс-тұрыстарын қалдырмай бәрін айтады.

Ертеңіне Ғұбайдолла Лұқпанов қызметке ерте келіп, Еркінді Төреғазыға кездестірмей кеше, жұмыс кезінде, түс қайта қайда болғанын сұрағанда Еркін:

— Сотта болдым, — деп келісілген уәде бойынша жауап береді. Ғүбекең асықпай:

— Сонда соттың кеңсесі қашан сауда базасына көшіп барып еді? — деген ғой.

— Ғүбекеңнен өлгі сөзді естігенде ұялғаннан жерге кіріп кететін тесік таппай өліп, тірілдім, — деп Еркін өңгімесін жалғастырды, — Барлық жағдайды ол кісіге Төреғазының бастан-аяқ баяндағанын ұқтым.

Бұл Еркін Сүлейменовтің айтқаны еді, кейін осыған ұқсас тағы бір қызықты жәйтті естідім.

“Кім білер дейсің”

Әріптесіміз Төреғазы Арынғазиевтің достық, жолдастық өзара қарым-қатынастағы құпияны сақтай алмайтындығын судья Е.Әмірханов та шек-сілесі қата күліп өңгімелеп берген еді.

Е.Әмірханов Мақат ауданында судья болып қызмет істеп жүргенде Төреғазы сол ауданның прокурорының көмекшісі болыпты. Екеуі бірде Мақат кентінде тұратын Е.Әмірхановтың жақын ағасының қылмыстық ісін сот мәжілісінде қарауға барады. Туысы судья болған соң жеңгесі еркін келіп, жылап-сықтап:

— Ағаңды бүгін тұтқыннан босатып, үйге жібер, кімдерін жуып берейін, —

деп бір түнге босатып алып кетеді. Біраздан соң ол қайтып келіп:

— Бір лақты сойып тастадым, қасыңдағы жолдасың екеуің, ағаңмен бірге болындар деп, жік-жапар болады. Ағасы мен жеңгесінің көңілін қимаған Е.Әмірханов Төреғазымен ақылдасады. Ол болса:

— Кім білер дейсің, барайық, — деп келісім береді.

Екеуі түнде шақырған үйде болады да, ертеңіне қылмыстық істі қарап, бұзақылық жасағаны үшін жазықтыға үш жыл мерзім бас бостандығынан айыру жазасын тағайындайды. Қызметке оралған соң аудан прокуроры М.Зайыров Төреғазыдан барған іссапарының нәтижесін сұрайды. Ол болған жәйттердің бәрін баяндап, тіпті судья Е.Әмірханов екеуінің сотталушының үйінде қонақ болғандықтарына, лақтың басын өзі ұстағанына дейін қалдырмай айтады. Прокурор оған олай жасауға болмайтындығын, қызмет этикасына жатпайтын өрескел қылық екенін ескертіп, ұрсып-ұрсып жібереді де, екінші күні судья Е.Әмірхановпен кездесіп өзіл-шынын араластыра:

— Сендер Мақатқа іс қарауға бардыңдар ма, әлде қонақ болуға бардыңдар ма? — депті ғой.

Е.Әмірханов ұялғаннан тілі байланып, отырып қалады. Болған жәйтті “кім білер дейсің, барайық” деп алып, өзара құпияны сақтамай Төреғазының айтып қойғанын түсінеді.

Қызарған бет

Шын мәнінде, Т.Арынғазиевтің бұл қылықтарын түсіну қиын. Бірақ ол осыларды қасақана жасамайтын тәртізді. Олай дейтін себебім, бірде Төреғазы қызметке арақ ішіп келеді. Облыс прокуроры Ғұбайдолла Лұқпанов оған:

— Бүгін неге бетің қызарып кеткен, — депті. Сонда Төреғазы ой-шәй жоқ:

— Ғүбеке, қайдан біліп қойдыңыз, “коньяк білінбейді” деген соң қызметтес жолдастармен 200 грамм ғана ішіп қойып едім, — деп ешкім қыспаламай-ақ мойындай салыпты.

Ғүбекең оның бетіне таңдана қарап: — Сөзің құрысын, кет, үйіне бар! — деп қолын бір сілтепті.

Осыған қарағанда Төреғазы аузына сөз тұрмайтын, естіген-көргендерін жұртқа

айтып жүруді қызық көретін, сыр бүге білмейтін кісі болуы керек деп ойлаймын. Әйтпесе, ол өзіне-өзі қастық жасамайды ғой.

Иә, қызмет бабында не кездеспейді. Абзалы, дос-жаранды құпияны сақтай білетіндерден таңдаған жөн-ау.

Финият ЖУМАШЕВ,
зейнеткер, запастағы полиция полковнигі

1926 жылы Индер ауданының Өрлік кентінде туған. Ұзақ жылдар бойы облыстық ішкі істер басқармасында бөлім бастығы болып қызмет істеді. Полиция полковнигі. Ол өзінің қызметімен қоса еліміздің Батыс өңіріндегі рулар шежіресін, атақты адамдар туралы деректер жинақтаумен айналысып келеді. Бірнеше кітаптың авторы. Қазір — зейнеткер. Осы кітапқа Финият аға жадында ұстаған прокуратура қызметкерінің өміріне байланысты өзін өңгіме жазылып алынып, енгізіліп отыр.

ҮЙРЕКПЕН СӘЛЕМДЕСУ

Облыста Қалқан Төрешевтен кейін 1941-48 жылдары прокурор болған Бөйіш Хасанұлы Тапалов кейін Гурьевтен Алматы облысы прокурорлығына қызметке ауысты. Бір жылдан соң кезекті еңбек демалысын алып, отбасымен туған жеріне келді. Алыстан қыдырып келген сыйлы адамды қаладағы ағайындары бірінен кейін бірі қолға тигізбей шақырып қонақ етеді. Кезек бір күні туған бажасы, сол кездегі жалғыз базардың (қазіргі ескі базар) қожасы Кенжеғали Қожахметовке тиеді ғой. Ру жағынан алғанда Бөйіш — Есентемір де, ал Кенжеғали — Беріштің Есенғұлы. Екеуінің әйелдері Беріштің Құлкешінің Етжемесінен, атақты Жоламан бидің немерелері. Жастары да қатар, өзін-қалжыңдары жарасқан бажалар.

Қаладағы Красноармейская көшесінде тұратын Кенжекең Бөйішпен бірге үйіне елдің бетке ұстар қадірлі азаматтарын да шақырады. Ішінде облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Құбаш Медеубаев, осы комитеттің жауапты хатшысы Ыбырай Оразалин, қалалық сауда мекемесінің бастығы Жүмекеш Пұсырманов, Төлеген Иманов және өзге де қонақтар болулы.

Кенжеғали алдын-ала әйелі Шәукен апайға:

— Қонақтар түгел келіп болып, шай дастарханына отырған соң сыртқы есікті қағарсың, — деп ескертіп қояды.

Айтқандай, барлығы дастархан басына жайғасып болғанда тық-тық етіліп, есік қағылады. Аяқ жақта отырған Кенжекең елпең етіп, тұра жүгіріп, есікті ашып, біреумен сөйлескен болады да қайтып келіп:

— Бөйеке, бір Есентемір сізге сәлемдесемін деп келіп тұр, — деп есікті меңзейді. Сонда Бөйіш:

— Кірсін, кірсін, — дейді емес пе?

Осыны күткен Кенжекең үлкен тарелкеге салынған, сорайған мойыны бар үйректі алып жетіп, Бөйішке қарай:

— Ассалаумағалұйкум, — деп ұсыныпты.

Үйректің денесіне бір жіңішке ағаш түйреп, оған қағаз қыстырып қойған екен. Отырған қонақтардың бірі Ыбырай Оразалин, сірә, өзара келісіп қойған болар, қағазды шапшаң жұлып алып, дауыстап оқи жөнеледі. Онда былай деп жазылыпты:

Ассалаумағалұйкум, Бөйіш аға,

Жүргенде бұл аймақта болдың пана.

Сұлтанов Айтқалидан қорлық көріп,

Сол үшін ұшып келдім мұным шаға.

Отырсам көлге келіп қондырмайды,

Пөлеге Жекен сынды қалдым жөне.

Ар жағым торы ала қаз, қоңыр үйрек,

Мен саған отырғам жоқ жауып жала.

Сорайған мынау мойын, екі борбай,

Нанбасаң пышақпенен кесіп қара.

Қонақтар қаркылдай күлісіп, мөз-мөйрам болады. Бөйіш болса жымиып қойып, тарелкені өзіне қарай тартып алып:

Уағалайкуммәссәләм, үйрегім-ай,

Сен мені талай жерге сүйредің-ай!

Беріштер үйрек жайын қайдан білсін,

Беліңнен таяқпенен түйреуін-ай, — деп табанда жауап қайтарып, пышақпен кесіп жей бастапты. Орынды өзілге, қаспен көздің арасындағы ұтқыр жауапқа отырғандар бек риза болып, көңілдері көтеріліп, өңгіме тиегі ағытылып, өрі қарай қызу жалғасып кетіпті.

Бұл әзілдің төркіні ел аузында жүрген үйрек(мамыр) қуған Есентемір деген аңызбен, Мұрат төрізді ақындар өлеңдерінде айтылғандармен байланысты.

Кенжеғалидың бұл өлеңіндегі Айтқали Сұлтанов сол кезде Қызылқоға аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған адам. Ал “Отырсам көлге келіп қондырмайды, Пәлеге Же-

кен сынды қалдым және” дегендегі екінші кейіпкері Есентемір руының Қожамбет атасынан тараған ұрпақтың бірі, құс атып, аңшылықпен айналысқан Жекен атты кісі. Оның балалары қазір Атырауда тұрады.

Осы әзіл өлең елге шапшаң тарап, елу жылдан астам уақыт өтсе де, жұрт жадынан шығар емес.

Жазып алған Жан ТӨЛЕ

Төлеген ЖАҢАБАЙҰЛЫ,
қаламгер

Қаламгер туралы өмірдеректер және оның суреті кітаптың аяғында осы кітапты құрастырушы ретінде бөлек берілді.

ТЫҒЫРЫҚ

Елең-алаңда бозторғай шырыл қаққанда төсектен тұрғалы көңіл түндігін дамыссыз желілетіп, жүрегін сан ойнақшытып, тыншу таптырмаған қыдырма ойдың түбі ақыры Қасенді бір сиқырлы шешімнің шалғайына мықтап жармастырып тынды. Күн сәске түске иек артуға таянған тұста ол отты өріске жеткеннен бері қаннен-қаперсіз басын жерден алмаған торы дөненнің шылбырын жинап, шайтан қуғандай асығыс-үсігіс ауыздығын салды. Ерге тақым тигізген бойда еңдей жайылып жүрген қойын ауылға қарай қайырып, бөрі тигендей жеделдете айдады. Шілденің ми қайнатқан аптап ыстығынан құтылып, күзгі жанға жайлы қоңыр салқын түскелі күнде ертемен өргізіліп, әбден ымырт қараңғылығы төңіректі түмшалағанша қыркүйектің кіре берісінде аптаға жуық жауған ақ жауынға ілесе келген нұрлы шуақтан соң қаулап шыққан желбір көкпен қарын тойғыза жеп, қанағаттарын қапысыз алып үйренген кексе саулықтар, мына беймезгіл мазалап, дүрліктірудің түпкі сырын ұға алмағандай иелеріне үрке қарайды. Оған жожа жігіттің қапелімде еңсе көтермейтін жыны бұл жолы кәдімгідей мықтап құрысты. Білгі аяқтарын маңғаздана басып, отардың соңын бермейтін бірекі керенаудың жұмыр жондарында сегіз өрме қамшыны ойқастата ойнатып алды.

Ауыл сыртындағы жатаған қырқадан асып, ілгері күлай бергенде қойдың алдына шығып, сөл-пөл байырқатты да,

Қасен үйді бетке алып, жортаққа басты. Кішкенеден кейін тебініп, торы дөнненің бауырын жазғызды. Ат тұяғының өдеттегіден өзге дүсірі құлағына шалынған Балжан тысқа сүріне-қабына шығып, әлінде ғана малын алдына салып, Бүйрек құмына қарай байсалды қалпында аттанған баласының жөпшелдем жүрісіне таңданыс білдіріп, аңырып тұрды да есін жиып, алдынан аптыға шықты.

— Жайшылық па, қарғам-ау?! Отарың қайда? Айырылып қалғаннан саусың ба? Неге асығыссың өзің? — деп қас қағым сөтте көкейге кептелген сұрақтарды үсті-үстіне үйіп-төгіп жатыр. Бірақ Қасен анасының топырлаған сауалдарына жауап қатуға ынта танытпады. Жүзінде жымыс бар. Жайбарақат. Абдырап асып-саусушылықтың түк нышаны жоқ. Әйтеуір тыныштық болса болғаны. Балжанның жүрегі орынына түскендей. “Құлыным көлденеңнен аман болғай-дағы” деп күбірлеп, күрсініп қойды. Күйеуінен қалған, бірінің бірі ізін басып өсіп келе жатқан қос тұяқты ел қатарына қосамын деп тоғыз жылдан бері жарғақ құлағы жастыққа тиген емес. Үлкені орта мектепті бітірген бойла әлдекімдердің балаларына ұқсап “оқуға барамын, қала жаққа жұмысқа тұрамын” деп текке ақша шапшай, ауылдағы жылы орнын суытпай өз алдына бір отар қой алып бақты. Әке жолымен жүрді. “Орнында бар оңалар” деген осы болар, сірә?! Баласының ілгері басқан қадамын, таудай талабын көріп

Балжан желегін желбіретіп, уыздай қосылған қосағы қайта тіріліп, оралғандай қуанды. Қасеннің шопан таяғын ілкі ұстаған жылғы аяқ алысы әкесі Асқар тәрізді намысты қолдан бермейтін жігіт екенін аңғартып үлгерді. Көштен озбады, көптен қалмады. Орта қолды малшылардың көтерілген биігіне бұ да иек артты. Ал биылғы қол жеткен нәтиже алқалы жиындарда атын көтеріңкі атап, ісін мадақ ететін дәрежеге жеткізді. Өткен жылғы күйек алуға жүнінің түгі жылтырап, құйрығы жер сыза түскен қойлары қолдан ұрықтандырудан шапшаң өтіп, көктемде әрбір төрт саулығының біреуі егізден қозы берді. Төл алу тұсында көнігі қойшылардың кейпін ұстады. Күнді түнге, түнді күнге ұластырып, мігір көрмеу айдалаға босқа кетпей, көрінген төлдің қаракөл елтірісі үшін сойылуға іріктелгенінен өзгесі бастары бүгін отарға қосылды. Шаруашылықтың суырылып алға озған маңдайалды шопаны Аманжол Сейдахметовті өкшелеп, көрсеткіштері жөнінен екінші сатыға орнықты. Шүкір, шүкір! Енді ғой келін түсіріп, үйлі-баранды болса, немере сүйгізсе төрт құбыламның түгелденгені, өшкенімнің қайта жанып, өлгенімнің қайта тірілгені. Балжан осы күнге жеткізген жаратқан иеге іштей рахметін жаудырып, ұлына жылы шыраймен жанар тастады.

Қасен торы дөненнің жүгенін үй сыртындағы ағаш қазыққа іле салды да:

— Мама, мен орталыққа барып келуім керек болып тұр, шаруам бар. Серік қайда? Қойды ауылдан ұзатпай баға тұрсын, — деп іргеліктен киіз үйдің ішін көзбен түгел тінтіп шықты.

— Айналайын-ау, аяқ астынан не болып қалды саған? Көкжиекке көзіңді салшы, күннің бұлыңғыр тартып тұрғанын сезесің бе? Ауа райының бұзылатын сынайы бар. Сол орталыққа бүгін бармай-ақ қойсаң қайтеді, қарғам?..

Балжанның түнере түскен аспанға қарап, жалына-жалбарына айтқан сөзін құлаққа ілген бала болмады. Күпініп, киімдерін іздеп өуре. Балжан алақтап сасуға айналды. Қалай айтса да көнер, алған бетінен қайтар Қасен жоқ. Жарықтығым-ау, бұған не болғаны? Бұрын мұндайы жоқ еді ғой?! Ең болмаса күн ашық-жарық болса бір сөрі.

Қасен атына жазда Ойыл жақтан сатып әкелген су жаңа ақан ерді салды. Қыдырғанда біркіер бешпет, шалбарын киіп, ақ көйлегіне қара галстугін тақты. Ана үрейлене түсті. Құдды, аумаған әкесі!

— Менің бүгін орталыққа баруым керек, мама. Әйтпесе, ертең Серік оқуға кетіп қалып, қолым байланып қалады. Екеуіңіз ептеп қойды ауыл маңына айналдыра тұрыңыздар. Серік қайда өзі?.. — деп Қасен тәңіректі шола қарағыштады.

— Бар, бар... Серік сайға бузауларды суаруға кетті... Балжанның езуіне күлкі үйірді. Ұлына таяап барып, иығына қолын салды. Маңызды бір шаруа айтқалы тұрғандай оның көзіне көзін қадады.

— Мама, не дегелі тұрғаныңды білемін, — Қасен қипақтап, күлім қақты. Мойылдай қара шашын сілкі бір жағына қайырды. — Келін... Көкейіңіздегіңізді дәл таптым ба?

— Иә, иә! Дұрыс айтасың, келін керек, құлыным, келін! Әлгі қырдың киігіндей қаптап жүрген бірге оқыған қыздарың бар еді ғой. Бірін әкеліп үйге кіргізсейші, құрымағырлардың! Бүкіл Теректі, Жамансай, Бүйрек өңірін түгел шақырып, әл-қуатым барда дүбірлетіп бір той жасайын. Өзіңнің де аяғың түсалып, орталыққа ала құйын шабысың тыйылар еді-ау.

Етек-жеңі далиған жалпақ жайлаудың төрін екеуі жаңғырықтыра күлді. Ой, рахат-ай! Балжан баласына ұтырын тауып, айта алмай жүргенін көмейінен лак еткізе бір жеткізіп, көңілін бірлегендей. Анасының жүзі жайдары сөтін келісті пайдаланған Қасен үйден шапшаң сытылып шығып, атына тақым салды да шаруашылық орталығын бағытқа ұстап шаба жөнелді. Содан Жеткізген құдығына жеткенше жануардың тізгінін тартқан жоқ. Үйірім-үйірім шағылды қақ жарып өтіп, Орлықөлге бұрмасыз бастайтын айдау жолға түскенде барып, торы дөненге қамшы басуын баяулатып, сар желісті қойып, бүлкілге салдырды. Аты терге бөккен, дігірлеп басын шұлғып, нысқырынуын үдетті. Күнбатыстан терістікке қарай ауған қошқыл қара бұлт бірте-бірте қоюланып, жоғары қарай ентелей өршіп барады. Жел де өуелгі қалпынан өзгеріп, өзге мінез танытып, екіленіп, күшейіп алған. Жолдың екі қапталындағы шағыр, бидайық, ижен, құланқұйрық,

ақ селеу сияқты бойшаң шөптер теңіше толқынданып, ала-түлей тулап жатыр. Жол аңғарынан құм суырылды. Күйін ба, дауыл ма, долы күш келіп Қасеннің бөркін ұшырып әкетуге шақ қалды. Құдай оңдап, қолымен ұстап үлгерді. Жігіттің жүрегі өрекіпді, үрей кірді. “Ойпырым-ай, маманның айтқан болжамы келейін деп тұр ма, қалай? Аттың басын кері бұрсам ба екен”. Құмның қалың қойнауына енгенде Қасен торы дөненнің текірегін аяңға аударып, өзіне өзі сұрақ қоюын жиілетті. Бірақ алға жетелейтін күштің күдіреті басым. Арқа алаңдауға ерік берер емес. Мойылдай қара қос бұрымы тірсегін қаққан, жайнаңдаған бота көзді, маржан тісті, жазық маңдайлы, ақ билегін мойнына еркелей асатын кәусар қылықты Қапиясы көз алдында көлбең қақты. Бүгін бармаса өкпелетіп алатындай пұшайман күй кешті. Шоқ-шоқ шилер мен ұйысқан жыңғылдар да Қасенге “ауылыңа қайт” деген сықылды бастарын өршелене шайқайды. Жоқ, Қапияға өткен жолы кездескенімде “тағы да Серік демалысқа ауылға барғанда келіп кетемін” деп уәде бергенмін. Ол бағытын өзгертпей атын тағы жанықтырды. Иесі қос өкпеден өкшелей тепкілеп, жанын сыққан соң қайтсін, жарықтық, құстай ұшып-ақ келеді. Бүйрат құмдар бұлқынып артта қалып жатыр. Міне, Жиес шағылы. Алда Орлықол таяу. Қазір сүйіктісімен құшақ қауыштырады. Алып-ұшқан көңіл қамал бұзардай екпінді. Бетке жаңбыр тамшысы тиді. Желдің жойқын қуаты өзін шайқалақтатты. “Маман мен Серік қойдан айырыла қоймас”. Қасен өзін-өзі іштей жұбатты.

Кіші бесінде көк жүзін сұр бұлт тегіс торлады. Теректі, Жамансай жақтың аспаны қап-қара болып тұтасып алған. Қарауға ауыр. Еңсені езіп, түнеріп-ақ тұр, шіркін!

Орталыққа түмсық тірегенде былғары бүрку нөсер жауынға ұласты. Құдай сақтасын-дағы. Сері жігіт жаратқанға жалбарынды.

Қасен ауыл шетіндегі жиеншар Жылғабайдікіне түсті. Малмаңдай су болған киімін дәлізде сілкіп-сілкіп алып, үйге кірсе төргі бөлмеден гүрілдескен дауысты құлағы шалып, іркіліп тұрып қалды. Керісіп жатқаннан сау ма өздері, үндері

тым өктем-ақ. Аңысын андап тыңдап көріп еді, жайшылық сияқты. Ала қағаздың айналасындағы өжектесу. Қасен есіктен сығалаған. Құдай басқа бермесін. Темекінің көк түтіні қолқаны қапты. Қалың тұманнан бетер – мұнар. Қайта далаға шықты. Жаңбырдан қашып жаппа астын паналап, ойнап жатқан балалардың ересегін сүк саусағымен өзіне шақырды.

– Жылғабайдың тентегісің ғой, өзің? Есімің, есімің... сірә Ұзаққали болар, – деп Қасен баланы бауырына тарта қолын қысып амандасты. Ол маңдай шашын сипап, желкесіне қолын жүгіртті. Қысылып тұрған сыңайлы.

– Сізді танымын,аға! Асқар нағашымның үлкені Қасенсіз, – деді өлгі Ұзаққали батылданып.

– Жігіт екенсің өзін, – Қасен оның арқасынан қақты. – Қазір мен саған бір қағаз жазып берейін. Соны біреуге апарып, беріп келші.

– Қапияға апарайын ба? Үйі қашық емес, жаурай қоймаспын.

– Иә, Қапияға... Оның Қапия екенін қайдан білесің, қу бала?!

– Неге білмеймін, біз білеміз, – деп Ұзаққали жымың-жымың етеді. Жаппа астында отырған басқа балалар да жырық-жырық күліп, ауыздарын басты.

– Сен білгіш екенсің, балгер екенсің. Онда тез қағаз-қаламынды өкел!

Бала үйге кірді де сұрағанды көзді ашып-жұмғанша тауып өкелді. “Қапиям! Мен келдім. Кешке клубтан кездесейік. Қасенің”. Қысқа жазылған қағазды бүктеп Ұзаққалиға ұстатты да өзі үйге кірді. Ойы – шай ішіп, бойын жылытып алу. Мұның кіргенін қапелімде ешкім аңғара қоймады. Назарлары картаға біржола ауып кеткен. Төменде отырған Жылғабайдың қасында мойынны қылқиып жартылық ақ арақ, тізіліп қырлы стакандар тұр. Төртегі аю денелі, жалпақ бет сары мен етек жақтағы инелікше ілмиген жылмың қараның езулерінде түтіні будақтаған темекі. Жылғабайдың көзі ортадағы ақшаны жеп барады.

– Сәлем, ағайындар! Өздеріңді сау-тамтықтарыңды қалдырмай тонап кетсе де сезетін емессіңдер ғой, түге!, – деп Қасен отырғандарды әзілге шақырғысы келіп еді, оған мойын бұра қойған адам болмады. Еріндерін жыбырлатып, сәлемдескен

түр байқатысты. Бар ықыластары қолдарындағы картада. Тек Жылғабай ғана:

— Жақсы келдің, бес қол шолақ болып оқсатып отыр еді, кел, кіріс, — деп ығысып, есік жақ іргесінен орын ыңғайлады. Төрдегі екеу көзінің астымен сүзіле қарап, жақтырмай қалды. Сірә, қолы шығып, жолы болып отырғандар солар болса керек. Қалғандары бір кісідей құптасып, қозғалақтап “мында отыр”, “мында отырға” салып жатыр. Жүздері жүдеу. Қабақтары түюлі. Сірә, бұлар-ұтылғандар.

— Мен көп ойнай алмаспын, әлгі.., кетегін едім, — деді Қасен аузына сөз түспей.

— Несі бар, кеткенше ойна, кетем десен кім ұстайды, кетесің, — деп автодүкен менгерушісі Сағын отыратын жерді нұсқады.

— Жас бала ғой, зорлама! Жолыңан қалдырма! — деп төрдегі екеуінің бірі бөйек бола қалды.

— Сөзді қой, отыр! Күн әлі ерте. Киноға дейін бес-алты жол ойнап тастайсың, көніңді сал да кіріс! — деп Жылғабай жеңінен тартқылап отырғызды.

Ойынға кіріскен бойда Қасеннің қолына түз, кароль, ханша үшеуі қатар келді — гарба! Орталағы ақша соламайымен оның көрпесінің астына сүңгіді. Келесі жолы Қырағы “екісін” айтып еді, Қасен “бірмен” жеңіп алды. Үшінші жасағанда қолы жердегі көннің жартысына тағы ілікті. Қисайып жатырғандар тіксінгендей болды. Тікейіп отырды.

— Суық қол қоймайды енді, — деді Айдар танауын тыржитып. Көзінің асты бүлк-бүлк етті. Жанары шатынап кеткен.

— Бекер кіргіздік, — деді Қырағы бетінен қызылы шыға ашуданып.

— Жылғабай жүз грамнан күйып жібер, мына бала топалаңымызды шығарды ғой, — деп Айдар сыздана бөтелкеге қарай иек қакты. Алға келген арақты қолы шығып мәз-мәйрам отырған Қасен де өзгелерге ілесе қағып салды. Кішкенедең соң үйдің іші аударылып-төңкеріліп, басы айналғандай болды. Кідірмей келген екінші қырлы стакандағыны оңешке асырғаннан кейін барып жағдайы оналғандай ма, қалай? Қолына бұрынғыша түз, кароль қосақтала келуін тоқтатпады. Ұтыс көбейіп, астындағы

көрпе қомпайып, көтерілді. Әп-сөтте ымырт үйірілді. Күткен шайы да келді-ау, әйтеуір.

— Айналайын-ау, сен қашан келдің? — деп Жылғабайдың бөйбішесі Айғаным бас салып Қасенді маңдайынан сүйді де, бетін шымшылап, — Ойбай-ау, қазанға арнаулы сыбағанды салатын едім ғой, келгенінді білмей қалғанымды қарашы, марту басып...

— Рахмет, апа! Бір-екі шынаяқ шай ішемін де қазір кетемін, асығыспын. Келесі келгенде жайланып отырармын.

Отырғандар Қасеннің Айғанымға қарата айтқан бұл сөзін жақтырмай, беттерін тыржита тыңдады. Бөрінің салы суға кеткендей қабақтары қарс жабулы. Қырағы тым ашулы, көзі аларып, ұясынан шығып бара жатқандай.

— Шырағым, қайда барғың келіп отыр, — деп қолындағы шай кесесін дастархан ортасына шиыра лақтырды. — Ұтып алып қашпақсың ба, сонда? Ондай келемежіңе көнбеспіз. Кеткішін...

Оны Сағын басын бөгелек тиген жылқыдай шүлгі қошғады:

— Қасенжан, енді тырп етпейсің! Ойыңды бастаған екенсің, аяқтайсың! Сен көбелек емессің ғой ұшып-қонған...

— Ағайындар-ау, бір тығыз шаруам бар еді, өте тығыз, — деді Қасен жалыншты үнмен. Көмек сұрағандай Жылғабайға бұрылды. Ол езу тартып:

— Мен не істеймін. Ұтып алып тайып тұру ер жігітке жараспайды, — деп алақанын жайды. Қасен оның құлағына сыбырлап, мән-жайды түсіндіріп көріп еді, бірақ ол кекеткендей қуақылана қарқарқ күлді. Дастархан басындағыларға түгел естірте:

— Қыз!.. Мөссаған безгелдек! Қызға баратын көрінеді мына жаман нағашы-сымағым, — деп әулекіленді. Тілі бұралып, ауыз қуысында былғак-сылғак етіп ойнап жүр. Оған бәрі үдере қосылып, бөлмені бастарына көтере дуылдасты.

— Әй, бала! Қыз қайда қашар дейсің, бүгін реті келмейді екен, ертең тағы күн бар, — деп Айдар тауып айттым дегендей масаттанып, кеудесін керді. Манағыдан бері әңгімеге сылбыр, сыпайы араласып, бұйығы отырған Қойтан қозғалақтап:

— Жігіттер, қаршадай балаға жабылып, о не қылғандарың? Бөріміз де бозбала болып көрдік емес пе, осы?! Жіберіндер, —

деп бөту айтқан болып еді. Оның сөзін көперге алған пенде болмады. Жан ұшырған ала топалаң айқаста жеңіліп, қашқалақтай бастаған итгі жабыла қуып талайтын ауыл тобеттеріндей қайта өзіне дүрсе қоя берісті.

— Есебің түзу болған соң кергисің келіп... Жан барда ол жігітті жібере қой-маспыз, сірә!

— Сен Қойтан, балаға жел беруінді доғар! Қыз-мызын бүгін қоя тұрады.

— Кімнің қызы еді, ертең Қойтанды құдалыққа жіберейік.

Қызып алған төртеу еліріп, дес берер емес. Айғаным отырғандардың жүз құбылған жанарларына жауаң-жауаң қарап, сықылықтап күле береді. Төрелік айтар түрі жоқ. Шай шала-шарпы ішідді. Дастархан жиналып болар-болмастан-ақ бір шетін қайырып тастап, тағы да қауымдасып отыра-отыра қалысты. Қасеннің шақшадай басы қатып, дал болды. “Не істеуім керек? Қапия күтіп қалды-ау. Мыналар айтқанға қонбес, түге. Шыға жөнелсем бе? Кілең жасы үлкен кісілер. Ұят! Ертең беттерін қалай көремін. Әлде ұтқанымды орталарына тастап кетсем бе екен. Итше ырылдасып, бөлісе алмай жағаласып жатсын!” деп ойлап көрді. Бірақ өз ойынан өзі жылдам айныды. Әмиянға түскен ақшаны қайта шығару қандай қиын! Карта ойнауға кіріскелі ішкен арақ бойын жайлап, бусатып, буынын босатып бара жатқанын сезді. Еркі кете бастады. “Жақсы, Қапияға ертең жағдайды түсіндіріп айтармын, ақылды еді ғой, ұғынар” деп қолды бір сілтеді де манағы орнына барып қайта жайғасты. Тағы да ала қағазға үңілу, өйтсе де шайға дейінгі шалқыған дәурен көзден бұлбұл ұшты. Қолына бедерлі, сырлы карталар жоламайтын болып кетті. Есесіне араны ашылып, арақты бас-көзге қарамай сілтенкіреп жіберді. Жиені Жылғабайдың дүниені нәсіне шығармайтын сараң қолы ашылып, мырза болып кеткен бе, құйып бере береді. Қасенде қайт жоқ, қылғыта береді. Түн ортасы ауа қалтадағы ақша сарқылды да ойыннан шығып, басын босағаға бере отырған орнында сылқ ете түсті.

— Әлін білмеген — әлек. Көтере алмайтыны бар осыған арақ ішу неменесіне керек екен, пақырдың шошқаға ұқсап, тоңқайып жатысын, — деп Жылғабай нағашысының аяғын көтеріп, төмен қарай сілкіп тастады.

— Сол арақты соған еселеп құйған өзің емес пе? — деп Қойтан дүнк етті.

— Енді қайтейін? Жасыратын несі бар, қойына төрт-бес жандығымды қосып қойғанмын, малымды жоғалтпай, жөндеп бақсын деп жатқаным ғой. Әйтпесе, далаға шаша алмай жүрген арағым жоқ, — деп Жылғабай қызараң қақты.

Карта бастарын айналдырған бесеу сол отырғаннан таңға дейін тапжылмай отырып, жер төтеледі. Тек терезеден жарық сәуле білінген шақта өзара керілдесіп, шаққа тарасты. Ал Қасен түндегі құлаған жерінен біреудің жұлқылағанынан барып өрең оянды. Күн талма түс. Басы мең-зең. Миына сона кіріп кеткен бе дерсің. Ызың-ызың етіп, шағып барады.

— Маскүнемнің ойында дөнеңе жоқ, жатысын тырышп, сендей сүмелекке сеніп мал беріп жүрген біз миғұла!

Бөлімше басқарушысы Ақжан зірк-зірк етеді. Бет-аузы түтігіп, кейігеннен бе, шаршағаннан ба түрі өзгеріп, ақ құба жүзі күреңгітіп, сығыр көзі шарасынан шыға бақырайып кеткен.

— Не болып қалды, аға? — деп Қасен еріне керіліп, есінеі қарсы сұрақ берді.

— Сенен адам шығашы деп жүрген мен — доңыз! — Ақжан кіжініп, қалш-қалш дірілдеп, қатты кейіді. — “Не болып қалды” дейді ойбай-ау! Өртенді! Өртенген емей немене қойынды түгел қасқыр қырып кетті. Төрінен көрі жақын шешенді, тырнақтай інінді өлтірдің...

— Не дейді?

Қасен отырған жерінен атып тұрды. Киімін қолына іле-міле далаға жүгіре шықты. Аты кешегі байлаған жерінде нығынан су кетіп, сүмірейіп тұр. Абдырағаны соншалық, торы дөненнің тізгінін қазықтан шешестен үзеңгіге аяқ салды. Тізгінді Ұзаққали өперді.

Айғаным басын қасынып:

— Біздің қойларымыз түгел болсын, нағашы... — деп безектеп тұр. Сөзінің аяғы желге жұтылды. Ақжан қолын шошандатып, әлденелерді айтып жатыр, айтып жатыр... Бірақ құлағы тас бітеліп қалған ба, түк естімеді. Терістікке қарай құйғыта жөнелді. Жолшыбай көз алдына нөсер жаңбыр астында қалған үстібасы су-су, жаурай далада құлаған анасы мен інісі елестеді. Енді бір мезетте бұған тыжырына қараған Қапия жүзі қылаң берді. Астындағы барын сала шауып келе

жатқан атын бүйірден тепкілеп, екі қапталдан қамшымен жостырып, енгіктіріп-ақ келеді. Оның да шабысы кешегіден бөсең. Түнімен жауын астында, ызғырық суықта турып болдырғандықтан ба төрт аяғы ілгері баспай, кері кетіп келе жатқандай, адымы ашылмайтындай. Көз жетер жерге тұяқ іліктіргенде ауыл маңындағы машиналарды, қаптаған қарақұраны көріп, жігіттің жүрегі суылдады, жаны алқымына тығылып, маңдайынан суық тер шұбырды. “Ақжанның айтқаны бекерге айналмады-ау!” Қасен ауылға таялғанда қасқыр құйрықтарын оя тартып, мойындарын бұрап, тамақтап кеткен, он бойлары қанға бөккен үш-төрт саулықты көрді. Әріректе теңкиіп-теңкиіп тағы оншақтысы жатыр. Сұмдық-ай! Шаруашылық басшысы Бақыт Айтқалиев, бас мал дәрігері Құсан Байдербесовтер келіпті. Қастарында бөгде тағы бір кісі жүр. Есіне түсті, өткенде орталықтағы жиналысқа қатысып, сөз сөйлеген аудан прокуроры Қалиолла Енбаевтың өзі. Бөриден жарақат алған елу шақты қой торда иірулі тұр. Отар қыр жиегінде шашырай жайылып жатыр. Ерсілі-қарсылы зыр жүгіріп жүрген топтың ішінен Балжан мен Серік көзіне оттай басылды. Әйтеуір, тірі... тірі! Баласын көргенде ана еніреп жіберді. Серіктің де жанарына жас тығылған, мөлт-мөлт етеді.

— Інішек! — деді бастық сабырлы қалып сақтаған болып, солай етсе де, ренжігендегі әдетінше оң жақ беті жыбырлады. — Не істегенді көріп тұрсын ғой өзін. Бұдан басқа қырықтан астам өлі мал далада жатыр, масқара! Масқара!

Бақыт үстемелеп бөтен ештеңе айтпады. Манағы Ақжан секілді жерден алып, жерге салып сөкпеді. Машинасына мінді де Қасенді оқты көзімен бір атты.

Прокурор:

— Шырағым, түсі игі жігіт екенсің. Өкініштісі, үлкен жолсыздық жасапсың. Үстіңнен қылмыстық іс қозғалуы керек. Мен қызмет бабымен шаруашылық аралап жүрген адаммын. Тергеуші жіберіледі, — деді де машинаға отыруға ынғайланды.

Қасен төбесінен біреу жуан жұдырықпен ұрғандай сілейіп, тұрып қалды. Қол-аяғы дір-дір етеді. Әлі құрыды. Ауылдағы қыбырлаған жанның бөрі өзіне лагнет айтып, жек көре қарап тұрғандай мүсәпір халде қалды.

Сол күні-ақ Ақжан Қасеннің отарын басқа біреуге санап берді. Тергеуші, милиция капитаны Жақсылық Омаров келіп бір сұрағанын тоқсан қайтара тәптіштей сұрағыштап жүріп, прокурор айтқандай-ақ, үстінен қылмыстық іс көтерді. Айыптау хаттамасында оның қоғам малын бағусыз тастап, қылдырып кеткендігі, зейнеткерлікке шыққан аурулы анасы мен қаршадай інісінің өкпек желді жаңбырда отарды ықтырмаға тұрғыза алмай айырылып қалғандығы, қойға қасқыр шауып, шаруашылыққа қыруар зиян келтірігендігі, оған тікелей аға шопан Қасен Бақтияровтың кінәлі екендігі егжей-текжейлі көрсетілді. Тергеуші ақ-қараны өжептәуір безбендеді. Ақыр аяғында айыпкерге сот мәжілісінде екі жыл бас бостандығынан айыру жазасын беру туралы үкім шығарылды. Сот шешімін естігенде Қасеннің ішкі әлемі астан-кестен қопарылғандай болып, есінен тана отыра кетті. “Ана үмітінен шыға алмадым-ау. Серікжанға обал болды ғой. Сол бір сөтсіз кештен бері Қапиядан да хабар жоқ. Нағыз ала аяқтың өзі екен демесіне кім кепіл. Мен оралғанша күйеуге шығып кететін болар. Бәлкім... бөрінен бұрын анамды айтсайшы... Осыдан аман қайтсам...” Оның алай-дүлей ойын сот төрағасының:

— Сот ұйғарымына он күн ішінде шағым беруге немесе наразылық білдіруге құқ беріледі, — деген қатал үні бұзып жіберді. Бөлме іші қапырық болып кеткендей ме, демі тарылып, тұншығып кетті. Екі аяқта әл жоқ. Қасен төрағаға қарап басын изеді. Онысын өзі сезбеді де. Сот мәжілісіне басынан аяғына дейін қатысып, ең артқы орындықта есенгіреп қалған Қапияның екі бетін жас жуып, ебіл-дебілі шығып отыр еді...

1955 жылы Атырау облысының Исатай ауданындағы Айбас ауылында туған. Қаз-МҰУ-дың журналистика және Қонаев атындағы гуманитарлық университеттің заң факультеттерін бітірген. Облыстық "Атырау", республикалық "Жас алаш" және "Халық кеңесі" газеттерінде тілші, меншікті тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары болып қызметтер істеді. Қазір ҚР Бас прокуратурасының редакциялық баспа бөлімінің меңгерушісі, республикалық "Заң және заман" журналының бас редакторы, кіші заң кеңесшісі. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері.

АТАТОРЫ

(Әңгіме)

Құттығай батыр ұйқысынан шошып оялды. Түсінде қалмақтар Ататоры тұлпарымен қоса екі-үш үйір жылқыны айдап кетіпті. Торы атының шұрқырай кісінегені құлағында әлі тұр. Кезекті жорықтан оралғасын тыңайсын деп жылқыларға қосқанына да көп болмаған еді. Батыр қылышына қол созды, бірақ әлі түн екені есіне түсіп орнына қоя салды. Ұйқысы шайдай ашылып, таңға дейін көзі ілінбей қойды. Киіз үйдің есігін серпе ашып сыртқа шықса айналаға жарық түсіп қалыпты. Төңірек жым-жырт. Тап екеуі келіскендей ауыл ортасындағы отаудан ағасы Айбас та шықты, ағалы-інілі бір-біріне қарсы жүрді. Сәлем берген інісіне жасы ашысты алқымдап қалған Айбас:

— Ерте тұрыпсың ғой, жай ма? — деді.

— Ақа, жылқыға жау тиген сияқты, түс көрдім. Ататорыдан айырылдым-ау деймін.

— Түс — түлкінің боғы деген... — Түнеріп тұрған інісіне қарап сөзін тағы жалғады. — Қалмаққа талай есеміз де кетті, талай қарымта да қайтты. Бұлар көрші тұрғанда қазаққа тыныштық жоқ.

Құттығай қарулы жасақты атқа қондырып, жылқышы қосын барлап қайтуды тапсырды. Бесін кезінде сарбаздар қайта оралды, терге малшынған аттары әбден болдырған, өздерінің ұнжырғасы түсіпкі. Олар Ататорысы бар жылқы қосына барғанда қанға бөгіп жатқан жылқышыларды көреді, ондағы жылқыларды жау айдап кетіпті. Жасақ Жайық өзеніне дейін ізге түсіп қуады, кезінде Асанқайғы салдырды деген Дендер тауы түсындағы суасты тас көпірі Таскешуден қалмақтар жылқыны өткізіп арғы бетке шығып үлгерген.

Бұл кезде жылқыларды жосыпта қуған қалмақтар Нарын құмының ішіне еніп, Асанқайғы қаздырған Жүнкұдыққа келіп қалған кезі болатын. Қойдың жабағы жүнімен шегенделген құдықты бұрын

көрмегендері таңғалысып бастарын шайқалды, білетіндері тарихын айтты. Оның көу-сар суынан шөлін әбден қандырған олар алдымен аттарын, сосын жылқыларды суара бастады. Жалы күдірейген есік пен төрдей бояуы қанық торы ат болса астауға жоламай, жалтарып шетке шыға берді. Қауқылдасқан қалмақтардың көзі сонда, ішінде қырықтың қыркасына шыққан басшылары "Бұл қазақ батыры Құттығайдың торы аты, — деді. — Танып тұр, танымай ше, осы тұлпарға мінген батыр талай қалмақтарды баудай түсірді емес пе. Айқас кезінде иесінің тақымының әр қимылын жазбай танитын жарықтық қарсы келген атты омыраулата жапырып жіберетінін бұл талай көрген-ді. Сүйсініп тұр, бірақ қашып кетпес пе екен деп секемденді. Тап сол ойын білгендей, екі жас қалмақ ұстайық па дегендей қолдарына бұғалық алды. Бұл оларға қой демеді. Мысық табандап арқанды қолының басынан шынтағына дейін доңгеленте кигізіп алғандар тұлпарға жақындай түсті. Қыл арқан атқан оқтай ыс етіп ауада керіле қалды, торы ат жал берді, арқан құмды осып түсті. Ататоры алдыңғы екі аяғын көтерген күйі арқырай кісінеп көкке шапшылды, төгілген жалы теңіздің жағаладағы тасқа ұрған көкшүлән толқынындай шашырай жоталанып жайыла қалды, мына көрініске таң болған қалмақтар есін жиямын дегенше жердің шаңы бүрк етіп, бұғалыққа түспеген ат келген ізмен Жайық өзеніне қарай заулай жөнелді. Дерев атқа қонған қуғыншылар аңдағайшап шапты. Тұлпар оларға ілдірмей кетер ме еді, қайтер еді, тап алынан ақсап қалған біраз жылқыны айдап келе жатқан қалмақтар шыға келді емес пе. Қиқулатқан шеңбер тарыла түсті, қуғыншылар айқаймен қашқан атты бағытын өзгерте отырып, қалың құмға бұрды, сусылдақ шағыл тұлпар туяғына тұтылды, әрең дегенде оны қамап, бұғалық-тап алды.

Қалмақтардың шошак қоңыр киіз үйлеріне жақындағанда жылқы иірілді.

Олжалы өрі аман-есен келген сарбаздарына бөрі разы. Қалмақ қолбасы қазақ батырының тұлпарын көруге әдейілеп келді. Қасында ерлерше киінген он алты жастағы қызы бар. Көзі от шашып оскырына үркектеп тұрған атқа қолбасы ұзақ қарады, жалына қол да созбады. “Әке, мен мініп қарайыншы осы атқа” деген қызына жайменен басын шайқады.

Тиме дегені.

— Бұл атқа тақым саламын деп ешкім өуре болмасын. Әзір ешкімге бас бере қоймас, пай-пай, анау құшақ жетпейтін қаз мойынды көрмейсің бе? Құттығай батырға мұндай қанатынан айырылған оңай соқпайды. Бұл бірінен бірі аумайтын қос тұлпарының сақасы. Көзден таса етпей, шідерлеп ұстандар, — деген қалмақтың өскер басы бұрылып кетті.

Осыдан біраз бұрын Шыңғырлау өзенінің бойында болған қанды шайқас есіне түскенде қалмақ қолбасының қабағы қатулана түсті. Екі жақ күші тең түсіп, өскерлері қырыла бергенді тоқтату үшін ұрыстың бір тәсілі жекпе-жек ұсынылды. Осы торы атқа мінген ірі денелі, аққұба қазақ батыры Құттығай тұлпарымен ойқастап ортаға шығып еді. Сол кезде қазақтардың “Ағатай!”, “Ағатай!” деп жер жарған дауыстары даланы жаңғыртқан. Бұл қазақтың ішінде Беріш руының ұраны екенін қалмақтар жақсы білетін. Осы ұранды айтқанда қарсыластарының ерекше әурақтанып кететіндерін де талай мәрте көрген. Қалмақ жақтан ортаға Көбек батыр шықты. Бұл қазақтың осал жау еместігін білген елуді еңсерген батыры өзгелеріне сенбегендей жекпе-жекке өзін барамын деді. Найзаласқан кезде осы торы аттын керемет күштілігі мен иесі тәрізді айлакер екендігін көрген-ді. Иесіне төніп қалған қатерді сезіп дер кезінде жалт бергенде Көбек батырдың найзасы талай мәрте ауа қармап қалды. Қазақ батыры көз ілеспес жылдамдықпен атын шырқ үйіріп келіп ақ найзасы жалт еткенде Көбек атынан аударылып кете барған... Сол жорықтан кейін Құттығай батыр әйелі ұл туғанда оның есімін ержүрек қарсыласы күрметіне Көбек деп қойғанын қалмақ қолбасы білмейтін. Білетіні алда әлі талай шайқастардың күтіп тұрғаны еді. Ал талай шайқастарға қатысқан қазақтың торы аты арқырап кісінеуде, оншақты қандастары оны байлап-матап өуре.

Алғашқы кездері аяғына қыл өре салынған Ататоры от-суға мойын бұрмай, басын шығысқа беріп күні ұзақ бір

орында тұрды да қойды. Құлағын қайшылап алып кокжиекке көз тігеді. Қарайған көрінсе тап иесі келе жатқандай арқырай кісінеп, шідерімен ілгері ырғиды. Мұндайда өзін бағушысы алдын кес-кестей қояды. Амалы құрыған ат басын жерге салады, көдімгідей мұнаяды. Ататоры күн санап ари бастады. Бұрынғыдай елендей бермейтін болды, оны қалмақтар еті үйрене бастады деп жорыды. Қолбасының қызы Марха оған сұлы өкеліп, оны алақанына салып ұсынды. Торы ат біраз оскырынып, басын алып қашып иілмей қойды. Жалына қол созбақшы болған, одан жалт берді. Әкесіне айтып еді бұл жағдайды, ол “қызым, жытқыдан есті жануар жоқ, ол иесінің берген сұлысына үйренген, жат қолынан алмайды” деді. Бірақ ерке Марха Ататорыны айналсоқтап шықпай қойды. Екеуі бір-біріне бой үйрете бастады. Осы қыз өзіне жақындағанда тұлпар бір жылдықты сезініп, енді оған оскырынбайтын болды. Бірақ сұлысына қарамады. Бірде Марха қияқтың сүйіріктерін қолтығына қысып алып келді. Құттығай атын баптап еркелеткенде тап осындай қияқтың сүйіріктерін беретін. Ататоры оқыранды, жалы күдірейіп өзіне жайменен жақындаған қызға қарап тұр. Ақ сүйірікті алдымен иіскеледі, танауына ғажап таныс иіс келді, иесі тап қасында тұрғандай сезінді. Тек бөтен дауыс шықпаса екен, тым-тырыс. Иесі бір қолымен сүйірік беріп тұрып, екінші қолымен кекілін, жалын сипайтын. Ататоры ернімен бір сүйірікті алды, екіншісін тарта бастады, кекіліне жұмсақ қол тигендей болды, иесінің қарулы жалпақ алақаны емес, ол басын жұлып алды. Үркектеген күйі кері секірді. Бірақ жаңағы жұмсақ алақан өзіне жамандық ойламайтындай. Сүйірікті көлденең ұстап жақындаған қызға сәл басын шалқайтқанымен орнынан қозғалмады. Сөйтіп Марха мен Ататорының достығы басталды. Қалмақ қызы таң ерте ақ шағыл етегіндегі тұтасқан қалың қияқтың сүйірігін жұлады да Ататорыға күстай ұшады. Қазақ батырының тұлпары құлағын қайшылап оны оқырана қарсы алады. Марха сүйірік беріп тұрып оның жалынан, кекілінен сипайтын болды. Әкесінен рұхсат сұрап оресін алдырып, құдыққа жетектеп барып суарып, серуендетіп жүрді. Күндер жылжып өте берді. Марха қанша жалынса да әкесі Ататорыға мінуіне рұхсат бермеді, тек ұзын өре салуға ғана келісті. Бір күні қалмақ ауылы абыр-сабыр болды, найза

ұстаған қаруларын тағынған адамдар қаптап кетті, ат тұяғынан ауылдың маңы шаңға оранды. Ататоры олардың кезекті жорыққа дайындалып жатқандарын білді. Құлағын қайшылап, қайта-қайта кісінеді. Өзін бұрын-соңды көрмеген адамдар аттарымен келіп қамап алып біраз қарады, бір-біріне бірдеңелер айтып, қарқылдап күлісті, мүсініне қарап бастарын қайта-қайта шайқады. Біреуі аттан түсіп өзіне жақындай бергенде бұл кісінеген күйі оған қарғыды. Жаңағы адам кері ытқып кетті. Тағы да қарқылдаған күлкі. Осы арада ақбоз атымен Марха жетіп, әлгілерге қатты сөздер айтты, сосын олар жайына кетті. Көздері ойнақшып, денесі дір-дір етіп, тыпыршып тұрған арғымақтың жалынан сипап ашуын басты.

— Сен осында қаласың, біз жорыққа аттанып барамыз. Сені мінуге ешкімнің төуекелі жетпейді, оның үстіне өкем ешкімге рұқсат та бермейді. Мен келгенше аман бол! Жарай ма, амандық болса мен оралам, мүмкін сенің иең Құттығай батырды көріп қалармын, — деп Марха оның жалынан сипады. Қасына келген адамға қолын құдық шағылға қарай сілтелеп өлденені тапсырып жатты. Сосын ақбоз атына мініп, киіз үйге сүйеулі тұрған найзасын іліп алып топтың артынан шаба жөнелді. Ататоры шұрқырай кісінеді. Шідерімен секіріп артынан ілесекші болды. Марха атының басын бұрып, бір орында шырқ айналған күйі қайта шаба жөнелді. Әрі-беріден соң қалың қолдың артында қою шаң қалып, өздері көрінбей кетті. Олардың өзі келген жерге қарай кеткенін Ататоры білді. Білді де дегбірі кетті, қашан көкжиектегі шаң сейілгенше арқырап кісінеумен болды. Қасынан бір елі қалмайтын адамнан қалай құтылудың жолын іздеді. Түн қараңғылығы түсіп, жұрт ұйқыға кеткен кезде Ататоры шығысты бетке алып өресімен жайменен қозғала бастады. Содан таң бозарып атқанша жүре берді, жүре берді. Күн арқан бойы көтеріліп қалды. Шідер қиған аяғы ауыра бастады, ақсағанына қарамастан өремен секіре түсті. Бір кезде артынан ат тұяғының дүбірі естілді. Қараса екі-үш салт аттылы өзінің ізімен жосылтып келеді. Бұл жанталаса ілгері ұмтылды, аяғын шідер қиғанын елемеді. Дүбір жақындаған сайын Ататоры бар күшін салды. Бірінші болып жеткені оны қамшымен сауырынан осып өтті. Екінші қамшы маңдайына тиді, көзінің оты жарқ ете түсті. Басына қыл нокта салынды, оны жетекте-

ген күйі ауылға қайта алып келді. Енді оған қайшы өре салынды, сөл жүрудің өзі мұң болды. Торы ат қайтадан аза бастады. Марха бардағыдай күй енді жоқ. Бір күні екі қалмақ аттанған жақтарынан шауып келді, өздерінде өң-түс жоқ. Ауыл адамдары тағы да абыр-сабырға түсті, киіз үй жығылып, түйе қомданды. Ататоры сезді, бұлар қашып көшпекші, демек иесі бастаған әскерлер жеңіске жетуде. Көш Нарын құмының төріне қарай жөнкіле көшті. Өткенде аяғын әбден шідер қажаған Ататоры жетекте ақсаңдай басып келеді. Көш күнімен, түнімен талай шақырымдарды артқа тастады. Өзі туып-өскен атажұртың бұрынғыдан да алыстай түскенін сезді, қайта-қайта кісінеді, бірақ оған мән берген ешкім жоқ, мынау сары дала да мылқау, көш те мылқау. Бұл 1738 жылдың жазы болатын. Қазақтар мен қалмақтардың тарихта қалған ұлы шайқастарының бірі жүріп жатқан кезі. Қазақтардың Жайық бойын, Нарын өңірін қалмақтардан тазартуға белсеніп шыққан сөті. Ұрыстарда қолдары ойсырай жеңілген қалмақтардың Еділ бойына қарай ығыса көшкені тап осы түс. 1729 жылы Аңырақай шайқасына Кіші жүз қолын Тайлақ батыр бастап барғанда оған қатысқан Құттығай осы Ататорымен ұрысқа шыққан-ды. Бұл тұлпардың бесті кезі еді. Тұяғымен талай сайын дала төсін жосылтқан өзінің енді қолға түсіп көш соңына жетекте ілби басып келе жатқаны мынау. Көш тоқтады, шошак киіз үйлер қайтадан тігілді. Көп ұзамай жорыққа кеткен қалмақ қолдары келді, бұрынғыдай емес қатары селдіреп қалыпты. Араларынан Марха да, оның өкесі де көрінбеді. Ататоры өзін аялайтын қызды іздеп қайта-қайта кісінеді. Бірақ оған мән берген ешкім болмады.

...Қазақтар мен қалмақтар шайқасының қызған тұсы болатын. Есік пен төрдей торы атқа мінген ірі денелі аққұба қазақ батырының алмас қылышын жарқылдатып қалмақтарды баудай түсіріп бара жатқанын Марханың көзі шалып қалды. Әуелгіде батырдың астындағы атын өздері қолға түсірген Ататоры ма деп қалды. Найзагер қыз ақбоз атын тебініп қазақ батырының ту сыртын қорғап келе жатқан жігітті найзамен іліп түсіп, торы аттылығы жанұшыра ұмтылды. Қолтықтың астынан найза бойлатамын дегенінше болған жоқ, қазақ батырының астындағы ат қауіпті сезгендей шалт бұрылмасы бар ма, сілтеген найза

батырдың кара санына барып қадалды. Марха найзаны суырып алып қайта ұмтылғанда қарсыласының қылышы жарқ ете түсті де қолындағы найза мен басындағы дулығасы бірдей жерге ұшып түсті. Өзіне танырқай қараған қазақ ол иығына төгілген шашын бір қолымен жинап, қылышына жармасам дегенше кеуде тұсына бұғалықты сарт еткізді. Қыл арқанның ұшын батыр қолынан бір қазақ сарбазы көзді ашып жұмғанша іліп әкетті, ал торы аттылы қылышын жарқылдатып ілгері оза берді. Осы кезде бұлқытқан Марханы байлап жатқан жат жігітке "Бұл мыңбасы Құттығайдың өзінің еншісі, ие бол!" деген тағы бір қазақ қасынан өте берді, қалмақ қызы кейін білді, бұл Құттығайдың құрдасы әрі немере ағайыны Шұбар батыр еді. Марха өзі найза жұмсаған торы аттылы қазақтың Құттығай екенін біліп ту сыртынан тағы қаралы, жараланғанына қарамастан ұрыс салып барады, "нағыз ер екенсің" деп ойлады іштей қалмақ қызы.

Осы шайқаста қалмақтар жеңілді, қазақтар олардың көп үйін шауып алды, қырық қызын қолға түсірді. Құттығай бастаған қол ауылына оралды. Жолда ат шалдырған кезде Марха өзінің батырмен сөйлескісі келетіндігін білдірді. Құттығай қалмақ аруының сұлулығына ғана емес соғыс кезіндегі батырлығына сүйсінді, қалмақ қолбасының қызы екенін білді, сосын:

— Иә, не тілегің бар? — деді.

— Мына қырық ару ертең ауылдарына барған соң әркімге бөлініп беріледі, бізде де солай. Сен мені өзін аласың, басқа ешкімге тимеймін, егер тілегімді орындамасаң, өзіме өзім қол жұмсаймын, — деп өжет қыз бірден қайсарлығын танытты. Құттығай мына қыздың батылдығын кара деп ойлағанша болған жоқ, Шұбар құрдасы киіп кетіп:

— Екі әйеліңнен жеті ұлың бар, Құттығай. Өзіңді қалап тұр екен, тартынба, несі бар, тағы ұл тумып береді, — деп сөзін біржағы қалжыңға бұрды.

Қалмақ қолбасының өмірі ешкім бетіне келмеген ерке қызы Мархаға Құттығай ауылға келгесін бөлек отау тікті. Басқа қалмақ қыздары қазақтардың өдет-ғұрпына, тұрмысына бірден көндігіп кеткенде Марха өзін ерекше ұстады. Ол ештеңе істемей, қол қусырып отырды да қойды, елін ойлады, ешнәрсеге зауқы да соқпады. Бұл қылығын біреу ұнатты, біреу жақтырмады. Күндер жылжып өте берді. Ол жорық-

тарда жүрген күндерін аңсады, ақ найзаны қолденең ұстап, қылыш тағынып, атойлап ұрысқа түсетін сәттерді көз алдынан өткізумен болды. Қазір бәрі көрген түстей, ерлермен бірдей жүретін ол енді торға түскен торғайдай күй кешіп, әйел тірлікке мүлдем көндіге алар емес. Бірде күйеуіне мынадай ұсыныс жасады: "Сіздерде, қазақтарда қарудың түрі де, сапасы да онша емес. Егер рұқсат болса, мен қару соғуды ұйымдастырайын" деді. Құттығай келіншегінің бұл ұсынысына қуана келісті, біріншіден, ішқұса болып отырған қосағының көңілі көтерілсін деп ойлады, екіншіден, қаруларының өзге жұрттан кем түсіп жататын тұстары бар екені шынылық. Марха алдымен темір қорығатын пеш, ұсталарды жинады, қару соғудың қалмақ әдістерін үйретті, қарудың түрі мен өсемдік жағына мән берді, қамшылардың түр-түрін оғу үлгілерін көрсетті. Марха қару соғу кезінде жадырап, жайнап кететін. Осындай көңілді сәтіннің бірінде Құттығайға еркелей былай деді:

— Менің бір тілегім бар, орындаймын деп уәденіңді беріңіз. Мен жүктімін, ұл тусам атын Тасболат деп өзім қоямын. Ойткені, тастан пеш салып, болаттан қару соққан кездерде бойыма біткен еді. Ол ұлың тасболат десе Тасболат болады. Құттығай уәдесін берді. Марха айтқандай ұл туды, атын Тасболат қойды. Одан кейін тағы бір ұл дүниеге келіп, оған Құлшан деген есім берілді. Құттығай қолға түсірген қырық қалмақ қызының бірін ағасы Айбасқа алып берген болатын, одан екі ұл туды, оның аттарын Тайсойған, Тайқара деп қойды.

Тасболат туғасын барып Марха Құттығайға бір сыр ашты. "Ататорынды кезінде біздің ауылға олжалаған жылқылармен бірге алып келген" деген сөзін естігенде Құттығай орнынан атып тұрды.

— Апыр-ай, Мархажан, не деп тұрсың?! Рас па? Сойып тастап, не қорлаған жоқ па?

Марха осыншама сұрақты тыңдап алды да күйеуіне қарап жымнып, әңгімесін басталы:

— Біз жорыққа аттанғанша оған ешкім тиген де жоқ, мінген де жоқ. Әкем тіпті маған да рұқсат етпеді. Ешкімді қасына жолатпаған тұлпарың мені ғана жақсы көретін, қияқтың сүйірігін беретімін.

— Мен оған сүйірік беріп үйреткенмін. Сендердің ауылдарыңды шабуға барғанымызда көшіп кеткен екен, шамасы өкен алдын ала хабар бергізген ғой.

— Солай. Қалмақ қолы жеңіле бастағанда-ақ өкем әрі қарай қашып көшіндер деп хабар бергізген. Бірақ қай жер екенін білмеймін, өйтеуір Еділ жақ. Ататорының сол көшпен бірге кеткені анық. Марха мұнайып, қарақат көздерінен жас парлай жөнелді, бұл ата-анасына, туған-туысына, еліне деген сағыныш еді. Иығы селкілдеген күйі басын жастыққа қойып жыласын кеп... Құттығай оны жұбатуға батпады, жыласын, шерін тарқатын дегендей, сыртқа шығып кетті. Одан кейін Ататоры туралы да, Марханың үй-іші туралы да өңгіме қозғалған жоқ. Бірақ осы бір өңгіме-сыр ерлі-зайыптыларды бұрынғыдан да жақындастырып, бір-біріне деген сезімдерін тереңдете түсті.

Кезекті бір жорыққа аттанарда әрі шешен, әрі би Айбас ағасы Құттығайға:

— Қарағым, осы жолы сақ болғайсың, бір алаға тапсырдым, — деп бапасын берді. Інісі күліп: “Ой, Ақа, қорықпай-ақ қойыңыз, ажал жетсе не шара, ел үшін, жер үшін атқа қонатын тағы бір сын сағат келіп тұр” деп ауылмен қошпаса бастады. Міне, аналарының қасында тоғыз ұлы тұр: Қазанғап, Көрпе, Елші, Көбек, Кешу, Хасаболат, Байболат, Тасболат, Құлшан. Әйелдерінің ішінде Марха ғана көзіне жас алған жоқ, қайта ат тұяқтарының дүбірін қанын қыздырғандай қара көздерінен от шашып тұрды.

Қазақтар бұл соғыста да жеңгенімен Құттығай батыр иығынан жараланып оралды. Қылыш тиген жер қанша ем жасаса да бітпей қойды. Бір күні бір жылқышы келіп Шыңғырлау бойындағы бір төбе басында Ататорының өлігін көргенін айтып келді. Ауырып жатқан батыр төсектен басын жұлып алды:

— Не дейсің? — деп ақырып жіберді. Жылқышы қайта айтты, ал оның қателесуі мүмкін емес. Сырқаты жанына батса да Құттығай атын алдырып, жаңағы жігітке бастатып жолға шықты. Үйден бірге бармақшы болып жүгіре шыққан Мархаға “бармай-ақ қой, ат арыса тулақ деген, сен көріп қайтесің. Ататоры өзін көргендей болып көкейінде қалсын” деді. Бұл өмірден гөрі мұңға келетін өтініш еді. Марха тоқтап қалды. Жорыққа шығарда ақбоз атпен кетіп бара жатып Ататорыға қайта бір қарап қошпасақаны елес болып өте шықты. Құлағында оның шұрқырай кісінеген дауысы.

Шыңғырлау өзені бойындағы биік төбе басында басын шығысқа беріп жатқан өзінің Ататорысын бірден таныды. Әбден арыған, жүдеген, аяқтарын тұсау, шідер қиып, сақиналанып терісі ғана қалған, тұяқтары тілімденіп кеткен. Еті өлі бұзылмапты, соған қарағанда өткен түнде келіп осы жерге құлаған тәрізді. Атато-

рының өзінен айырылған төрт жыл ішінде қанша азап көргенін, қанша бейнетпен туған жеріне жеткенін ойлаған батыр “Ататорым-ай, текті жануарым-ай, арғымағым-ай, қалай жеттің екен бұл жерге!?” дей берді. Сосын тізерлеп отырып, тұлпарының селдіреп қалған кекілі мен жальнан сипады. Жасанып жауға тиерде тұлпарының шалқақ ұстайтын басы, ойнақшыған көзі, жер тарпыған тұяғы мен үй жығардай екінің есіне оралды, кіку мен дүбірді естігенде құлағын қайшылап бір орында тұра алмайтын, қайран жануар! Батыр орнынан тұрып қасындағы адамдарға бұрылды:

— Ататорыны осы таудың басына көмеміз. Бұдан былай бұл жер “Торыатбасы” деп аталсын, — деді. Құттығай батырдың түнерген жүзіне қарауға батпаған жігіттер үнсіз бастарын шұлғыды.

Құттығай батырдың жарасы күн санап асқынып, халі нашарлай бастады. Ағасы Айбасты шақыртты. Ол жағдайды түсінді. Інісі сөз бастады.

— Ақа, мен енді бұл фәнилік емеспін. Көрер жарығым, татар дәмім таусылып барады. Ел үшін, жер үшін саналы өмірім ат үстінде өтті, талай шайқастарға қатыстым, қол да бастадым. Жауға кеткен кекті қайтаруға үлесімді қостым. Артымда тоғыз ұлым қалып барады, бас-көз болғайсыз. Ертең-ақ бәрі де жетіліп, бір қауым ел болар. Небәрі қырық бір жастамын, ойға алғаным көп еді... Саржала, Шұбар батырларға хабар беріндер, бірге өсіп, жауға бірге тиген құрдастарым ғой менің. Шұбардың тентектеу екенін білесіз, оған естірткенде сақ боларсыздар, ашумен, күйікпен біреуді жазым етіп жүрмесін, баратын адам менің тұлпарыммен барсын, сонда өзі түсінеді. Мені Ататорымның қасына Торыатбасы тауына жерленіздер...

Айбас қарт жұбату сөз айта алмады. Айтайын деп-ақ еді, онысы көлгірсу сияқты бірдене болатынын түсінді. Сол күні батыр көз жұмды.

Шұбар батыр бір жаманатты сезгендей сол күні үйде тынышып отыра алмады. Ойыл өзенінің жоғары жағында қоныс тепкен ауылына қарай көсілте шапқан аттылыны көрді, тұяғының дүбіріне қарап “Мына келе жатқан Құттығайдың тұлпары, денесі бусанса оны тоқтату қиын, арқан керіндер!” деп айқай салды. Ауыл абыр-сабыр. Арқан керілді, ат үстінде құрдасы емес, басқа ағайын адам. Бір сұмдықты Шұбар сезді. Ақ көңіл, ер мінезді Шұбар Құттығай ауылына жедел жетіп “Тоғыз ұлы бар Құттығай өлуге мүмкін емес, ол бізді сынайын деп жатыр” деп үш күн бойы жерлеуге рұқсат

бермей қойды. Ол ол ма, Құттығайдың мың жарым жылқысын оның құрбандығына шаламын деп әлек салды. Өзінің жандай құрдасы, жауға аттанған жорықтарда бір-біріне сүйеу болған, бір-бірін талай ажалдан алып қалған өрі ағайыны Құттығай қайтыс болғанда, Шұбар батыр жанын қоярға жер таппай аласұрды. Тек Беріштің Жайық руының елағасы Айбас пен Беріштің Себек бөлімінің батыры Саржала ғана зорға дегенде ақылға шақырды. Торыатбасы тауының үсті қазақ батырының қазасына күңірелді.

Марха Құттығай қайтыс болған соң үш жастағы Тасболат пен бір жастағы Құлшанды жиі айналып-толғанатын болды, күтушіні жіберіп, балаларын қасына алып жататын. Қара жамылған әйелдің мұнысын абысыңдары “қайтсін енді байғұс” деп көздеріне жас алып қостады. Марха кейде түнімен көз ілмей шығатын, есінен күйеуі мен Ататоры кетпей қойды. Сол жолы тұлпарының өлігін көріп келген батыр тіс жарып ештеңе айтпаған, артынан қайын інілерінен аттың сирақтарын тұсау, шілер өбден кесіп тастағанын, адам аяғандай арып-ашығанын білгенде, Марха өкесінің де соғыста қаза болғанын бір-ақ сезді. Ол тірі болса, қызы сүйрік беріп асыраған торы атқа шаң тигізбес еді ғой. Елі есіне түскен жас келіншек ағыл-тегіл жылады. Кішкентай Тасболаты “апа, неге жылайсың?” деп мойнына асылғанда есін жиды. Есін жиды да ойланды, егер өз еліме қашсам қалай болады, онда мына екі ұлды қайтем, бұларды көзім қиып қалай тастап кетемін. Ертең күйеуімнің жылы өткесін қазақтың өменгерлік салтымен өзін біреуге қосады. Сонда қайтемін, жағдайға қонемін бе, әлде қонбеймін бе? Екіұдай пікір тайталасты да қалды, біреуі сен осында қаласың, балаларыңның қасында өлсең де, тірілсең де боласың дейді, екіншісі, жок, еліңе, туған-туыстарыңа баруың керек, мал екең Ататоры да еліне арып-ашып жетіп жығылды емес пе, немене, соғұрлы жоқсың ба дейді. Екі ұлын бауырына басқан келіншек жиі ойланатынды шығарды. Айлар жылыстап өте берді. Қашып кету оның ойында бар деп ешкім де ойлаған жоқ. Тек Құттығайдың бәйбішесі ғана Марханың көзінде қайғымен қатар бірнәрсеге алаңдаушылық барын сезді. Секем алды, ойткені, екі ұлына деген мейірімі бұрынғыдан күшейе түскен еді. Батырдың жылы жақындады, Марха батыл шешімге келді, осы ауылда Айбас қайнағасы бар кезде қалайда Құттығайдың торы атына мініп қашу керек. Ол кісі сабырлы, жұртты ақылға шақырып, өзін қудыра қоймас деп ойлады. Сандыққа қару-жарақты да

жинай бастады. Қазақтарға қолға түскенде киіп келген сауыттын да қамдап қойды. Ас беріліп, ел жайбарақат үйқыға кете бергенде ол дереу жолға жиналды. Тап-тұйнақтай болып, сауыттын киіп, қаруларын асынып алды. Пысылдап ұйықтап жатқан екі ұлын қайта-қайта бауырына басты, мейірі қанар емес, көзінен жас парлаған күйі кезек-кезек ұлдарын сүйе берді. Сүйген сайын жас сәбилердің демі бойын балқытып, өлі құрып барады. Киіз үйдің ортасында состиып ұзақ тұрды. Аяғы ітері басылар емес. Жабықтан қарады, айнала тасқаранғы, бөрі үйқыда. Ол далаға қалай атып шыққанын өзі де білмей қалды. Қайтадан жүгіріп үйге кірді. Шам сәулесімен балбырап ұйықтап жатқан екі ұлының қасына тағы құлай кетті. Есін жиды, ұлдарын тағы құшырлана сүйді де, орнынан ытқып тұрған бойымен торы ат жаққа беттеді. Күңдіз тығып кеткен жерінен қалмақ ерді атқа салып, шап айылын мықтап тартты да, тасырлатып шаба жөнелді. Көзінен парлаған жастан ештеңені көрер емес. Сауырына қамшы батқан торы ат заулап келеді. Ат тұяғының дүбірінен жұрт шошып оялды. “Марха кетті!” деген дауыстар естілді. Айбас қарт сыртқа шықты. Бір жігіттер аттарына жүгіріп барады. Түн тыныштығында Айбастың “Токтандар!” деген өмірлі дауысы саңқ ете түсті. “Тасболат, Құлшан аман ба, соны қараңдар!” Балалар ұйықтап жатыр дегенде жүрегі орнына түскен ол ауылдың ақсақалдар мен қарасақалдарын жинап алып былай деді: “Осында кеше келгенімде Құттығай үйіндегі үлкен келін маған бір сырдың ұшығын аңғартып еді. Осылай боларын білгенмін. Марха келінді қумай-ақ қойыңдар, Құттығайдың тұлпары – Ататорының тұяғына ат жете алмайды, жетсеңдер де бөрібір Марха ешқайсына әйел болмайды. Тасболат пен Құлшанның аманлығына шүкір деңдер” деді. Аға ақылынан ешкім аса алмады, бөрі осы тоқтамға келді. Артынан қуғыншы жоғын білген Марха атбасын сәл тартып, сәл қиыстау орналасқан “Торыатбасына” бұрылды. Түнде қарауытып көрінген тау қасына келіп атбасын тартты. “Батыр, мені кешір, еліме кетіп барамын. Балаларың тумаларыңның арасында қалды, енді оларды көрмеспін. Ататорың екеуіне әдейілеп атбасын бұрдым. Кешіре көріңдер, басқа амалым жоқ” деген ол атты тебініп шаба жөнелді. Түн қараңғылығы салт аттыны да, тұяғының дүбірін де жұтып қойып, айналаға қайтадан меніреу тыныштық орнай қалды. Тек қарауытқан “Торыатбасы” тауының сұлбасы ғана тарихтың бір сәтіне кәу болып қала берді.

КЕШЕДЕН – БҮГІНГЕ, БҮГІННЕН – БОЛАШАҚҚА

(Түйін)

Міне, Атырау прокуратурасының жүріп өткен жолдары мен өмір өткелдері, жақсылары мен жайсандары көз алдымыздан өтті. Арттағы іздер қандай айшықты?! Аға ұрпақтың бітірген шаруалары, тыңдырған істері қандай көп?! Талай-талай романдар мен дастандарға, хикаяттар мен өңгімелерге желі болуға тұрарлық-ақ. Кеше мен бүгіннің арасындағы сабақтастық қандай жарасымды?! Бірақ облыс прокуратура органдарының бүкіл тарихы мін-мүлтіксіз жасалды деуге ауыз бармайды. Қанша жұмыстансақ та табылмаған деректер, анық-қанығына жетпей, аттарын кіргізе алмаған қызметкерлер жоқ емес. Оны басын ашып, қайталап тағы айтқан артықтық етпес дейміз.

Кітаптың аты әйгілеп тұрғандай, заңға адалдықпен қызмет ету, қара қылды қақ жарып, әлеуметке әділеттілік көрсету – прокуратура органдарының, оларда еңбек ететін әрбір заңгердің азаматтық борышы. Қазақ “Ағадан – ақыл, ініден – ізет” деген аталы сөзді тегін айтпаған. Бүгінгі буын алдыңғы толқын – ағалар мен апалардың өнегелі істері мен үлгілі қасиеттерін өздеріне мұра тұта отырып, жалғастырулары, ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығын ұтырлы ұштастырып, сақтаулары парыз.

Халыққа қызмет етуден асқан – ардақты міндет жоқ. Еліміздің Ата Заңының 1-бабында “Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқылары мен бостандықтары” деп тайға таңба басқандай етіп нақтыланғандай, халықтың бары мен жоғына, қуанышы мен мұңына байыптылықпен қарау абырой өпереді, дегенге жеткізеді. Осыны көңілге тоқып, жете ұғыну, баршамыздың міндетіміз.

Қолдарыңыздағы еңбекте аға ұрпақтың, қазіргі толқынның қалай қызмет еткендері, қандай қиыншылықтар мен қуаныштарды бастарынан өткергендері,

жатаған, тар, сыз кеңседен бүгінгі қос қанатты, төрт қабатты сәулетті ғимаратта отырып жұмыс істеуге қалай қол жеткізгендері, өркенді өзгерістер біршама тәуір баян етілген. Бұл күнде қызмет істеймін деген прокуратура қызметкеріне барлық жағдай жасалған. Әрбір бөлмеде бір-бір компьютер. Қажет кезінде модемдік байланыс жүйесіне, интернетке шыға алады. Ғажайып жетістік, керемет қамқорлық емес пе? Соған орай қайтарымымен, табандылықпен, ыждағаттылықпен және ұқыптылықпен еңбек етуге жету – өмір талабы. Білімді өрендердің оған санасы әбден жетеді.

Өздеріңіз жүздескен “Заңға – қызмет, әлеуметке – әділет” атты кітаптың мазмұны мен идеясы бүгінгі және болашақ ұрпақты қайда, неге мегзейді.

Біріншіден, өткен тарихты, бабалар мен аға-апалар жүрген жолдарды, ел бірлігі мен ұрпақтар сабақтастығын қастерлеуге шақырады.

Екіншіден, ар мен абыройды жоғары ұстап, “Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ” дегендей, заңдылық үшін бел шешпей күресіп, әділ билік жасап, адал қызмет істеуге үндейді.

Үшіншіден, “Өмір өтер, жас өсер” деген нақыл сөз бар емес пе? Бөрімізге өзімізге сенімді ізбасарлар даярлап, тәрбиелеуді, жаңа леп өкелетін жас лекті қанаттандыруды одан өрі жүйелендіре түсуді тілек етеді.

Осылардың бәрін түйіндей келе, Отанымыз – Қазақстанның айбынын асыру, байлығын молайту, елін, жерін көркейту жолында қолдан келгеннің бәрін жасауға жетелейді.

Кітап арқалаған жүк, мегзеген жол осындай орамды ойлармен қабыстырса, жүректерге жігер беріп, келер шаққа сенімді қадам басуға ұмтылдырса – көздеген мақсатқа жеткеніміз.

Кешеден бүгінге, бүгіннен ертеңге жалғасқан өмір көші түзу болғай, ағайын!

Атырау облыстық прокуратурасы ұжымының атынан:
облыс прокуроры, 3-дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі
Мүктар ЖӨРГЕНБАЕВ



**КІТАПТЫ ҚҰРАСТЫРУШЫ
ТӨЛЕГЕН ЖАҢБАЙҰЛЫ ЖАҢАБАЙ**

1944 жылы Атырау облысының Қызылқоға ауданындағы Ойыл ауылдық округіне қарасты Балабейіт ауылында туған. 1966 жылы Атырау мемлекеттік педагогика институтының филология факультетін бітірген соң, аудандық “Қызылқоға”, облыстық “Атырау” газеттерінде әр түрлі лауазымдық қызметтерде болды. 1991 жылдан бастап облыстық телерадиокомпанияда бас редактор, төрағаның орынбасары болып қызмет істеді. 1997 жылдан бері облыстық “Прокуратура жаршысы” газетінің бас редакторы. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. Төрт дүркін облыстық ақындар айтысының жүлдегері атанған. “Малды ауылдың өрендері”, “Шалдығып жеткен шындық”, “Зілдей сөзді Зімбіл” атты кітаптары шыққан. “Ығылман”, “Атырау арғымақтары” тәрізді бірнеше кітапты құрастырушы. Ондаған жинақтарға шығармалары енген.

М А З М У Н Ы

Күрәстїруші. Өткеннің өрнекті ідері (<i>Оқырмандардың есіне</i>).....	3
ТҮСІПБЕКОВ Рашид. Тәуелсіздіктің негізі – тарихты түгендеу.....	6
ЖӨРГЕНБАЕВ Мұқтар. Асқаралы асу.....	7
Атырау облысының жаңа прокуроры – Рақымбек Мамырбаев.....	12
Облыс прокуратурасының тарихынан.....	13
Атырау облысының прокурорлары.....	14

I тарау. КҮНДЕРДЕ ӨТКЕН БЕЛГІ КОП

(Естеліктер мен ойға оралғандар)

ЗИМАНОВ Салық. Прокуратурадағы қызметім.....	16
ҒҮБАЙДОЛЛАУЛЫ Рахметолла. Әділет жолы.....	19
ӘМІРЖАНҰЛЫ Аманғали. Прокуратура соғыс жылдарында.....	25
НӘЗІРОВ Тәлегенмен сұхбат. Алалдық – ардың ісі.....	28
БАЛМҰҚАНОВ Рысқали. Сабак болған созылмалы іс.....	32
Қиянат күрәсуының қалай құтқарылдым.....	34
МЫРЗАЛИЕВ Онеген. Қиын да күрделі кезеңдер еді.....	35
ТҮРДАҒАЛИЕВ Кәрім. Кешірім.....	37
ӘБУУЛЫ Әйн. Қадағалау шебіндегі қарымды жылдар.....	42
АСҚАРБЕКОВ Марат. Тергеу көрігінде шындалғандар.....	45
ЖАПАРОВ Еркін. Шекеде қалған шөңге.....	48

II тарау. АРДАҚТАЛАР АДАМДАР АРАМЫЗДА ЖЕТЕРЛІК

(Онегелі өмір өрімдері мен замандастар келбеті)

Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген заң қызметкерлері.....	52
Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкерлері.....	53
ӘЛІМҒЕРЕЕВ Өтенберген. Қазақтың тұңғыш прокуроры.....	55
ЖАҢАБАЙҰЛЫ Тәлеген. Атыраудың алғашқы прокуроры.....	60
ЕЛЕУСІНОВ Айбосын. Шырғалаң (<i>повестен үзінді</i>).....	63
Жағаласта.....	71
Батырдың төл суреті.....	77
ЖАПАРОВ Файса. Ғажайып тұлға.....	78
ИБРАИМ Самат. Атылып кеткен аудан прокуроры.....	79
Сол бір жылдар көңілде сайрап жатқан.....	83
ҚАБДОШЕВ Болат, ИБРАИМ Самат. Беймәлім тағдыр.....	86
НАУРЫЗӘЛІ Тарас. Оркенді өмір өлді деуге бола ма?.....	89
РОТЕНБЕРГ Александр. Устаз.....	90
ТУРЫШЕВ Кеңес. Ағаның ақ жолы.....	90
БАЗАРБАЕВ Сансызбай. Алалдықты жанына серік еткен.....	93
ЖАҢАБАЙҰЛЫ Тәлеген. I. Ардақтар алдыңғы толқын бар.....	95
Отызында Отан үшін опат болған.....	97
Айбары әділдік.....	97
Заңғар парасатты заңгер.....	99
Мәртебе.....	102
II. Еңбегімен ерекше елгендер.....	105
Онегелі өріс.....	105
Жанына сая бермеген.....	107
Жаны жайсаң заңгер.....	109
ҒҮБАЙДУЛЛИН Сәидбек. Темірдей тегеурін иесі.....	111
ҚҰМҒАНБАЕВА Әйкен. Жақсылан шарапат.....	112
Біздің қыздар.....	114
АҚБАЛАШҰЛЫ Абат. Талаптыға нұр жауар.....	115
ЖУМАШЕВА Светлана. Жас лек – жаңа леп.....	116

III тарау. ҚАДАҒАЛАУ ҚАРЫМДАРЫ

(Толғаныстар мен төбіреліктер)

ЕРКЕБАЛАНОВ Абай. Парыз бен міндет.....	120
ҚАСЫМОВ Қабіболла. Абыройға жеткізер қызмет.....	125
МҮРСАЛИЕВ Ғизатолла. Зайырлы жол.....	128
ХАЛЫҚОВ Балтабай. Елмен бірге жасасып.....	131
МЫРЗАҚҰЛОВ Мақсат. Оркениет пен заң – егіз ұғымдар.....	133
АБДОЛОВ Амангелді. Барша жақтас болар іс.....	137
КОБЕГЕНОВ Жәнібек. Халық сенімі марқайтады.....	140
ҚЫЗЫЛБАЕВ Назар. Адам құқын қорғаудан қасиетті ештеңе жоқ.....	146
ЖАЗБАЕВ Батыр. Табиғат ана заңмен қорғалады.....	148
ҚУАНТЫРОВ Болат. Құқықтық статистиканың күре тамыры – талдау, таразылау.....	149
ҚҰМҒАНБАЕВА Әйкен. Ұйымдастыруды жетілдіру арқылы.....	152

Оң тосіл	155
<i>ЕҢСЕГЕНОВ Сәрсенбай. Заң білмегеннің жолы – бұралаң</i>	156
<i>МӘЖЕНОВ Абай. Заңсыздыққа жол бермеу үшін</i>	159
<i>ҚАДЫРФАЛИЕВА Роза. Тура биде туған жоқ</i>	161
<i>СӨРСЕКЕНОВ Рашид. Әділдік пен ізгі ниет туын ұстап</i>	163

IV тарау. ӘР КҮН ҚАЙНАҒАН ІСКЕ ТОЛЫ

(Хатталар жаңалықтар, ұмытылмас сәттер)

<i>ЖАҢАБАЙҰЛЫ Төлеген, АҚБАЛАШҰЛЫ Абат. Республика Бас прокуроры Р.Т.Түсіпбековтің Атырауда болуы</i>	168
<i>РАМАЗАНҰЛЫ Темірхан. Облыс прокурорының қабылдауы</i>	170
<i>СӨРСЕНФАЛИЕВ Абат. Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған алаң ашылды</i>	173
<i>ШОКАТАЕВ Серік. Заңдылықты нығайтудағы жағымды тәжірибе</i>	175
<i>БУРАБАЕВА Тұрсынбай. Прокурор депутатты қорғады</i>	178
<i>ІЗМАҒАМБЕТОВА Қанипа. Арыз-шағымдарға – шынайы ықылас</i>	179
<i>ЖАҢАБАЙҰЛЫ Төлеген. Заң тілінде сөйлейтін облыстық басылым</i>	181
<i>ЖҰМАШЕВА Светлана. Іс жүргізу – мемлекеттік тілде</i>	182
<i>ҚОШАНОВА Бақтылы. Кеңседен бастау алып</i>	183
<i>НЫҒМЕТОВА Соуле. Оз мұражайымыз бар</i>	184
<i>Прокуратурада – дәрігерлік бөлме</i>	185
<i>СЕРІКОВА Тауһар. Қол боста көркем шығарма оқимыз</i>	186
<i>СЕЙІТЖАНОВА Валентина. Мұрағат – тұлған тарих</i>	186
<i>САҒИЕВ Бауыржан. Кітаптар беттерінде – прокуратура өмірі</i>	188
<i>ЖАН Тәле. Көпес үйінен – сәулетті ғимаратқа!</i>	188

V тарау. ҚОЛ БОСТА ШАБЫТҚА МІНІП...

(Әлең-өріктер, әңгіме-хикаялар)

<i>ӘБУҰЛЫ Әліп. Прокурор жазбаларынан</i>	190
<i>БЕКЕНБАЕВ Аманжол. Әлеңмен өріп замана келбетін</i>	193
<i>ОРАЗАЛИН Рашид. Желбіреді көк байрақ</i>	196
<i>ЖАҒАРОВ Ғайса. Қызмет бабында не кездеспейді</i>	197
<i>ЖҰМАШЕВ Ғипият. Үйрекпен сәлемдесу</i>	199
<i>ЖАҢАБАЙҰЛЫ Төлеген. Тығырық (Әңгіме)</i>	200
<i>ИБРАИМ Самат. Ататоры (Әңгіме)</i>	206
<i>ЖӨРГЕНБАЕВ Мұқтар. Кешеден – бүгінге, бүгіннен – болашаққа (Түйін)</i>	212

ЗАҢҒА – ҚҰРМЕТ, ӘЛЕУМЕТКЕ – ӘДІЛЕТ

(Атырау облысы прокуратурасының өткен тарихы мен бүгіні)

Құрастырушы Төлеген ЖАҢАБАЙҰЛЫ

Редакторы Әлсейіт АҚПАҢБЕТҰЛЫ
 Суретшісі Нағым НҰРМҰХАНБЕТОВ
 Техникалық редакторы Саят АҚЫЛОВ
 Суреттерді түсірген Ғабдолла СМАҒҰЛ
 Компьютерде терген Соуле НЫҒМЕТОВА

ИБ № 205

Теріңге 13.03.2003 жіберілді. Басуға 07.04.2003 қол қойылды. Пішімі 70x108^{3/16}. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 14,5. Есетті баспа табағы 13,5. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 337.

480091, Алматы қ., Главпочтамт, а/ж 355, "Арыс" баспасы.
 тел./факс: 916 628, 916 692
 E-mail: aris@nursat.kz

Тапсырушының диапозитивтерінен
 Қазақстан Республикасы "Атамұра" корпорациясының Полиграфия комбинатында басылды.
 480002, Алматы қ., М.Мақатиев к., 41-үй.

Ардақты Алаш азаматтары!



Бұл кітапты сатып алып, "АРЫС" қорының ісі оңға басуына үлес қосқан Сізге мың да бір рахмет!

Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін "АРЫС" қоры жазықсыз жазаланып, аттары аталмай, көпшілік жадынан оше бастаған біртүрлі азаматтарымыздың мұрасын жинап, еңбектерін жарыққа шығарады; ескерткіш, мүсіндерін жасап, музейлерін жабдықтайды; арыстарымыздың өмірі мен творчествосын насихаттаушыларға жәрдем беріп, мерейтойларын өткізуге атсалысады; ардақтыларынан ажырап қалған шаңырақтарға қайырымдылық көрсетеді...

Қор жаанындағы "АРЫС" баспасы Сіздің түрлі мәдени тапсырыстарыңызды тез әрі сапалы орындап береді.

Бірлесіп жұмыс істеп, демеуші болам деушілерге:

*е/ш 001700102 (теңге) 30070492 (валюта)
Алматы қаласындағы ААҚ "Казкоммерцбанк"
МФО 190501724 РНН 600400010767
"Арыс" қорына*

*тел./факс: 8(3272) 916 628, 916 692
E-mail: aris@nursat.kz*